

12016
3065к

Тұрсын Жұртбай

БЕҮНЕТ
СУСЫНЫ

Тұрсын ЖҰРТБАЙ

БЕЙНЕТ СУСЫНЫ...

толғау-эссе


ХАНТƏQIP
баспасы

Алматы
2016

ӘОЖ 070
КБЖ 76.01
Ж 82

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және
мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді*

Рецензенттер:

С.Қирабаев, ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының
докторы, профессор.

С.Қасқабасов, ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының
докторы, профессор.

Т.Омарбеков, тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Ғылыми редакторы – тарих ғылымдарының докторы Д.Махат.

Қолжазбаны компьютерге теріп, баспаға дайындаған – Қ.Қамзина.

Ж 82 ЖҰРТБАЙ Тұрсын.

БЕЙНЕТ СУСЫНЫ...: толғау-эссе/Тұрсын

Жұртбай. – Алматы, «Хантәңірі» баспасы, 2016. – 380 б.

ISBN 879-101-02-0398-0

Жазушы Тұрсын Жұртбайдың «Бейнет сусыны» атты толғау-эссесінде шығармашылық психологиясы атты аса құпия да сырлы әлемнің жұмбақ та сиқырлы әлемі туралы сыр шертеді. Сол құбылыстарды суреткерлердің өмірі арқылы тәмсіл етеді.

ӘОЖ 070
КБЖ 76.01

ISBN 879-101-02-0398-0

© Жұртбай Т., 2016
© «Хантәңірі» баспасы, 2016

БІРІНШІ БӨЛІМ:

БЕЙНЕТ СУСЫНЫ

(Жүйке септігі)

Бірінші тарау **АТАУ: «КІМ?» – ШАБЫТ,** **«КІНӘМШІЛ КЕЛІНШЕК» НЕМЕСЕ** **«КӨҢІЛ ҚОШЫ»**

Әр істің бір бастауы, бастапқы себебі, қозғаушы күші болады. Жазу өнеріндегі жүйке талшықтарын шүйкелейтін сондай суыртпақтың ой-ұйытқысы – шабыт. Ол ұлы жебеуші күш. Онсыз істің сәті мен мәті түспейді. Онсыз кез келген жазушы қолына қалам алмайды. Ендеше, шығармашылық психологиясына қатысты тәпсірді сол Шабыттың өзінен бастағанымыз ләзім.

Ал осы шабыт дегеніміздің өзі – түсініксіз тылсым ұғымның бірі. Оны «бар» деп те, «жоқ» деп те үзілді-кесілді кесіп айтуға келмейді. Абай да оны «оянып ой өлкесі», «жарасып өңкей келісім» деп дәріптеп, «ақылдың гүлденуіне» теңеген. Егерде тұла бойың иіп, «ой сәулесі ашылып», көңілдің «көк ала бұлты сөгілмесе», ойдың жинақталуы да, дамуы да, қорытылуы да мүмкін емес. Сондықтан «шабытсыз» жазылған шығарма – көңілсіз махаббаттан туған бала сияқты. Бейне бір әкеліктен бас тарта алмағанымен де ет жүрегіңді елжіретпейтін, көңілің түспеген нәресте іспетті өгейсіп тұрады.

Шабытсыз туған шығармаға автордың өзі де ісіне бермейді. Ал «шабытты» күтіп отыра берсе, төрт кітаптан тұратын Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігі», Ромен Ролланның «Жан Кристофы», Томас Маннның «Буденброкки», Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» аяқталмай қалар еді.

Демек, «шабыт» дегеніңіз «кінәмшіл келіншек» сияқты шығармашылық иесінің сенімсіздеу серігі. Ал әдемі келіншектің бапшыл келетіні белгілі. Сондықтан да, «Бап шаба ма, бақ шаба ма» деген сұраққа өнер иелерінің өздері де әр қилы жауап береді. Оның үстіне «шабыт» деген сиқырлы сылқым келіншектің құшағына бір ілінсеңіз, елітіп, адастырып әкететіні тағы бар. Мысалы...

Шиллер шабытты «Неожиданности души» – «көңілдің күтпеген сыйы» деп бағалапты.

Сол бір «шабыт» деген ұғымды Флобер бұзып, жүйелі жұмыс істеу машығын әдетке айналдырды. Флобердің: «Все вдохновение состоит в том, чтобы ежедневно в один и тот час садиться за работу» – «Шабыт атаулының барлығы – күн сайын белгілі бір сәтте жұмысқа кірісуден тұрады» деген сөзі өзінен кейінгі жазушылардың барлығының күн тәртібіне айналды, яғни, жазу – кәдімгі кәсіби жұмыс, күнінді көрудің амалы, қаражат көзі ретінде қаралды.

«Шабыттың» мойнына «еңбек торысы» ретінде «қамыт кигізіп», әбден діңкесін шығарған жазушы – Бальзак. Ол: «Шабыт дегеніміздің тоқсан тоғыз пайызы еңбектен тұрады, одан басқа түк те емес» – деп «қылықты әрі кінәмшіл келіншектің» көңілін қалдырған. Мүмкін, сол еңбектің нәтижесінде дүниеге келген, «Бальзактің келіншектерінің жасы» атанып кеткен отыз үш пен қырық үш жастың арасындағы «сылқым да кербез бикештердің», яғни, өзінің қиялындағы кейіпкер келіншектердің қылығы – қолдан жасалған не «үмітсіз шайтанның кебіндегі» «кесірлі кербездерден» көрі сүйкімді әрі тиімді, нәтижелі әрі қаражат көзі ретінде жан мен тән құштарлығын оятқан болар. Өзі «әрі өмірлік көңілдесі, әрі қайырымды әпкесі, әрі мейірімді шешесі» ретінде мойындаған «Дала гүліндегі» Дэдлей сылқымның бейнесін сомдау үстіндегі «шабытты шағын» өмір бақи ұмыта алмауына қарағанда, бұл уәжді де жоққа шығара алмайсың.

Алайда Абай айтқандай «ой өлкесінің» ұйықтап, не ояу жүретін сәттері айтулы адамдардың өмір тәжірибесінде жиі кездескен. Тіпті шабыт пен шығармашылыққа түк қатысы жоқ «сезімнен ада мамандық иелерінің» де, яғни, «есеп қуған» есепшілердің де жүйкесін иітетін көрінеді. Мәселенки, француздың ұлы математигі Анри Пуанкаре бір есепті 10 ай зерттеп, шығара алмайды. Ұзақ жылдан соң аяқастынан «ой өлкесі гүлденіп», «ақылдың көзі ашылып» әлгі есептің амалы есіне түсіпті. Сонда, тура сол сәтте Пуанкаренің шабыты ұстап кеткен бе, әлде, шайтан құлағына сыбырлаған ба. Екеуінің де жөні келмейді. Ендеше бұл қандай құпия?

Қазақ арасында халықаралық деңгейде танылған, отызға жетпей ғылым докторы, академик атанған математик Асқар Жұмаділдаев бойын күй кернеп, өлең буа бастаса бітті, өзінің киналып жүрген есебін шығара қояды екен. Қазақтың XX ғасырдағы жас перені атанған Асқар Жұмаділдаевтің қиын есептердің шешуін таба алмаған сәттерде қолына домбыра алып, өлең жазып, шабыт шақырып, бусанып отырғанынында келген қисапты есептің қисынын табуын, оның «ой өлкесін» ашқан поэзияның математика әлеміне ұлы жаңалық әкелуіне себепші болуын қалай түсінуге болады. Өлеңнің құдіреті ме, киесі ме? Киесі шығар. Мүмкін оның түйсік түкпірінде, арғы озандар заманында қобыз тартқан абыз бабасының рухы кеп жебеген шығар. Қалай дегенмен де, шығармашылықтың бір құпиясы сонда жатыр.

Ал Альберт Эйнштейн өзінің «салыстырмалы теориясының авторы – скрипка» екенін мойындаған.

Демек, шабыттың көзі – қуатты көркем қиял, сол қуатты көркем қиял – өмірдің өзінен ыстық әрі сұлу «кінәмшіл келіншектен» – көркем әлемнен тоятын табады. Сөйтіп, суреткердің «ой өлкесі гүлденген» шақтағы ұлы құштарлығы, оны отыз үш пен қырық үштің арасындағы «қырыпсал кербездердің» қулығы бойламаған құпияларды ашуға жетелейді екен. Ықылым заманда өмір сүрген, шабыттың жалынан ұстаған шешен Декарт дегдар өзінің кезекті дәрісінен соң есінен ауыса жаздайтындай күй кешкен. «Әнді айтсаң да – жаныңды жеп айтасың» – деген сол, эне.

Нағыз шабыттың «жыны бұған» кезде, сау адамды Мәжнүн еткен зәңгі Ләйлә құсап, жүйкені шүйкелеп, адамды шалыққа да ұшыратып, ұшынған тамағына қайтып тәбеті шаппайтын адам сияқты, шығармашылықтан мүлдем жеріндіріп, не ессіз күйге түсіріп, «енді беттемейтіндей» етіп ұшындырып та жібереді екен. Мысалы, поляктың ұлы ақыны Адам Мицкевичтің ақындық ғұмыры үш-төрт-ақ жылға созылыпты. Шабыты ұстап шабынған дер шағында ол өзінің атақты «Пан Тадеуш» балладасын ақ таңертеңнен кешке дейін алаңдағы жиналған жұрттың алдында тұрып суырып салып шығарған, яғни, флейтамен қосылып бір күн «импровизация» жасаған. Дастан аяқталатын кезде түрі өзгеріп, шашы ағарып, талып түскен. Содан еске ұстау қабілеті нашарлаған. Бұдан кейін шабыты қайтып оралмаған.

Мицкевичтің қалған өмірі саясатпен өтті. Ал қазақ ақындары таңды таңға ұрып айтысады. Сонда олардың жаны не деген сірі десеңші!

Мысалы, Ташкент қаласындағы Салар өзенінің жағасындағы пәтерде бірге тұрған Мұхтар Әуезовтің куәлік бере айтуына қарағанда, Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» дастанын бір тәулікте жазыпты. Бұл дастан Мағжанның да «ақындық өмірінің» соңғы нүктесін қойды. Өйткені, «Токсанның тобыры» ақындық шабыттың жебеуімен туған жоқ, қалайда қара жер басып тірі жүрудің амалын қарастырудан туған «махаббатсыз жаратылған» жатбауыр, шикіөкпе.

Ал Мұхтар Әуезовтің өзі 1927 жылдың қыркүйегі мен 1928 жылдың ақпан айының аралығында шығармашылық өмірінің ең талмауытты туындыларын – «Қараш-Қараш оқиғасы» хикаятын, «Қилы заман» тарихи романын, «Хан Кене» пьесасын жазған. Мұндай алапат шабыттың ұйытқысы не? Отызында бауырына басқан үшінші қосағының бал айының өтеуі ме, жоқ, басынан өткен жастық кешуінің салдарына өкінген уыт па? Әйтеуір, кең дүниедегі тар заманның қыспағына тура келген тұста «ұстаған шабыты» қайтып оралмаған. Әрине, «Абай жолының» әуені – орайы басқа әңгіме, әуені өзге ырғақ. Ол ұлы ой иірімнің ағысынан туған толғағы тосын құбылысты дүние.

Адам Мицкевич пен Мағжан Жұмабаевтің, Мұхтар Әуезовтің бұл арадағы шабытты шақтарының «шалығы», яғни, себепкері біреу. Ол – сол сәттегі булығып тұрған ұлт азаттық идеясы. «Ессіз» беріле суреттеулерінің себептері де сонда. Өйткені, үшеуі де өздерінің ертенгі тірлігіне сенбеген, сол идеясы үшін құрбан боп кету қаупі төніп тұрған. Шындығында да, көп ұзамай үшеуі де тұтқындалды. Қудаланды ғұмыр кешті.

Ал шартты түрде алғанда тыныш заманда ғұмыр кешіп, шабытты тәрік ете қалам тербеген Стендальдің жүйелі жұмысқа үйренгені сондай, «Пармь тұрғындарын» 2-ақ айда бітірген. Ол: «Я не начинал писать до 1806 года, пока не почувствовал в себе гениальности» – « Мен қашан өзімнің данышпандығыма көзім жеткенше, яғни, 1806 жылға дейін жазуды бастағамын жоқ» депті. Жастықтың желігінен сақтанған. Ал поэзияға бұл талап қойылмаса керек-ті. Кексе

тартқан сайын шабыт та шау тартып, қалам да «ақылды» сағалайды. Стендальдің шабытқа онша мойынсынбауының себебі сонда жатуы да мүмкін.

Ал енді осы «шабыт» дегеніміздің өзі күй талғай ма, жоқ па? Егер «кінәмшіл келіншекке» ұқсайтыны анық болса, бабы оңайшылықпен келе қоймаса керек еді. Күйт қаласа керек-ті. Ондай болса, онда Жан Мореастың өзінің негізгі шығармаларын көшедегі шамның түбінде жазғанын оның қай мінезіне жатқызамыз. «Құлақ күйінің» тосындығы ма, әлде, жағдайсыздығы ма, жоқ, жүйкесінде кәдік бар ма? Қазақтың майталман әңгіме шебері Бейімбетте де сондай «оқыс әдет» болған. Ол өзінің әңгімелерін көшеде, бекетте, жолда, вокзалда, тіпті, ай жарығымен де жаза береді екен. Бірақ, екеуінің де «шабыт» деген «сиқырлы келіншектің» құшағынан сытылып шықпағаны тағы да анық. Өйткені шығармалары шынайы тебіреніске құрылған. Тек күй талғамаған. Бұл да бір шығармашылық психологияның құпия тылсымының бірі шығар, сірә.

Керісінше, шабыттың көңіл-күйге түк қатысы жоқ дейтіндер де бар. Бәдәуи мәнерлі Бодлер: «Вдохновение зависит от регулярной и питательной пищи» – «Шабыт дегеніміз тұрақты және нәрлі тағамға тікелей тәуелді» – депті. Бұл қалжың емес. Нәрсіз өмір – мәнсіз. Нәр сызбаған суреткер қағазды да сыза алмайды. Әлгі «кінәмшіл келіншегіңіздің» өзі құшағыңызға енуін енгенімен, емеқсiте алмайды. Шабыт, Абай айтқандай, «қуатты ойдан бас құрайды». Миға ол қуатты асқазан береді. Қазақтың «оның ақылы – тамағында» дегенінде бір шындық бар. Қу құлқынды қаншама тәжікелегенімізбен ол да қажетті ағза.

Қазақ жазушыларының арасында табандап жазуға кіріскен кезде міндетті түрде түскі асында бір табақ ет жеп барып, қайтадан жазуға отыратын аса көрнекті тұлғалар болған. Феодализм дәуірінде «етпен ауызданған» Сәбит Мұқановты алдыға тарпай-ақ қоялық, бірақ солардың қатарында социализмнің «нормасымен» есейген қалам иелері де бар. Ендеше, Бодлер мен Сәбенді сөгудің еш реті, айып-шамы жоқ. «Ас – адамның арқауы» деп қазақ тегін айтпаған. Оған француздардың да кет әрі емес екендігі соған дәлел.

Ал «бар келісімі жарасқан», «шабыт» атты сылқымның құшағында балқыған «мәжнүн суреткерлер» өздерінің қалай

көзі байланып, «шындықты өткізу үшін ішіне өтірікті қалай қосып жібергенін» (Қадыр) байқамай қалғандарын мынадай мысалдардан байқауға болады.

Наполеонды көп жазушы ақбоз атпен суреттеген. Фредерик те солай бейнелеген. Әйгілі император ақбоз аттан қашқан (мінбеген). Қазақта ақбоз аттың, бақырауық түйенің құны – жарты. Себебі, ақбоз атты түнде жау алыстан көреді –деп есептеген. Ал майданда ақбоз атқа мінген қолбасшы бірден білініп, басына қатер төнеді, яғни, өзін өзі әшкерелейді. Қанша ержүрек болса да, ешқандай сардар өзінің әскер ордасын қатерге ұшыратпайды. Демек, Наполеон да ұрыс кезінде ақбоз атқа мінбеген. Бұл, кәдімгі көркем әсірелеуден туған әсер.

Мұндай жаңсақтық барлық шығармашылық иесіне тән. Мысалы, Пушкин арыстанның ұрғашысын «жалы күдірейген» деп суреттейді. Негізінде, ұрғашы арыстанда жал болмайды. Мұны байқаған Абай оны еркек арыстан ретінде аударған.

Америка ақындары ХХ ғасырға дейін бұлбұл мен бозторғайды жырлаған. Сөйтсе, ол құс Америкада жоқ екен. Ақындар ағылшын поэзиясының ықпалымен кеткен. ХХ ғасырдың басында ғана бұл шындық анықталып, ақындардың жыры енді қараторғайға ғана арналатын болыпты. Қызық па? Қызық.

Несиелі ақын Несіпбек те: «Аққудың көз жасындай көлге тамған» деп жырлайды. Әнді естігеннің бәрі тамсанады. Әдемі-ақ. Бірақ аққудың көзінен жас шықпайды. Бұл табиғи шындық. Егерде аққудың көзінен жас шығатын болса, онда аспанда көзі жасаурап ұзақ ұша алмас еді. Алайда көркем шындық үшін жарасып-ақ тұр. Елдің барлығы сол жалған теңеуді шындықтан бетер ұнатып қабылдайды. Шығармашылықтың бір тылсымы осында. Оны асқақтатып тұрған шығармашылық шабыттың әсері. Ақын не жазушы өзінің шабыт қуатымен оқырманды баурап, «өтірігіне» сендірген. Артық кетсе – мін, орнында тұрса – құп жарасады.

Демек, көркем өтіріктің өзінде де өлшем бар. Тек алтын ғана өзге металмен тотықпайды. Бұл «тәсіл» поэзияға ғана жарасымды болса керек. Прозада ондай «ессіз» шабыт – мін ретінде қабылданады. Өйткені қара сөзді оқырман асықпай, ойланып оқиды. Жалпы, суреткер атаулының жазу кезінде

бір сиқырдың арбауына түсетіні анық, бірақ соның өзінде де еңбексіз еш нәрсе өнбейді. Сұлуды тамсанумен сүйсіндіре алмайсың, оған да еп пен еңбек керек.

Шабыт та сондай кірпияз мінезді құбылыс. Ондай көңіл-күйді қазақта Абайдан асырып түбіне жеткізе суреттеген дегдар аз. Осы үрдістің үлгісі ретінде Абайдың сол өлеңін толық келтірумен шолақ шолуымды тиянақтаймын. Сонымен, Бальзак «отыз үш пен қырық үштің арасындағы қылықты келіншек» ретінде бағалаған «шабыт» атты «кінәмшіл сылқымның» қалаулы азабы мен ыстық құшағына Абай дана қалай кірген, яғни, қалай сезінген екен, соған назар салыңыз:

Адамның кейбір кездері,
Көңілде алаң басылса.
Тәңірінің берген өнері,
Көк бұлттан ашылса.
Сылдырап өңкей келісім,
Тас бұлақтың суындай.
Кірлеген жүрек өзі үшін,
Тұра алмас әсте жуынбай.
Тәңірінің күні жарқырап,
Ұйқыдан көңіл ашар көз.
Қуатты ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз.
Сонда ақын белін буынып,
Алды-артына қаранар.
Дүние кірін жуынып,
Көрініп (кәрленіп, қаһарланып) ойға сөз салар.
Қыранша қарап қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан, зұлымға,
Шиыршық атар, толғанар.
Әділет пен ақылға,
Сыналып көрген, білгенін.
Білдірер алыс, жақынға,
Солардың сөйле дегенін.
Ызалы жүрек, долы қол,

Улы сия, ащы тіл.
Не жазып кетсе – жайы сол,
Жек көрсең де өзің біл.

Демек, Абайдың бұл суреттеуіне қарағанда «шабыт» дегеніміздің өзі кәдімгі көңіл қошы, қарабайыр арабилатып айтқанда «адамның мүжәзі» сияқты. «Адамның ...көңілдегі алаңы басылған», «кейбір кездерінде» құштарлықтың қошы келіп, ағзалық мүжәзің құшырланып, «тәңірінің берген өнері, көк бұлттың арасынан ашылса», «кірлеген жүрек өзі үшін жуа алмай тұра алмайтындай» күйге ұшыраған шақта – түйсіктің түкпіріндегі түнек санаға сәуле түсіп, «ұйқыдан көзін ашпақ».

Міне, осындай «тас бұлақтың суындай сылдыраған толық келісім» жүректі қытықтап, сезім арқылы «қуатты ойдан бас құраған» соң барып – «сөз», қасиетті «сөз еркелене шығады» екен. Бұл жай «ерке сөз емес», «дүние кірін жуып» тазарту үшін «мұң мен зарды қозғаған», «надан мен зұлымға» «қаһарланып, кәрленіп, қыранша шүйілген, тек «әділет пен ақылға» ғана жүгінген қайырлы да қасиетті шақ. «Әділет пен ақылдың» дегенін «ызалы жүрек, долы қолдың» күшімен «ұлы сия, ащы тіл» арқылы қағазға түсіреді.

Сондай шапағатты шақта хатқа түскен сөзді қайтып өзгертпек емес. Өйткені «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ». Айшықты мезет сәтінде дүниеге келген, ессіз таза махаббаттан туған туындыны қайыра өзгертуге жаратқаннан басқаның қолы батпақ емес. Ал пенде атаулы не айтса да «өзі біледі». Сөз де, сөз иесі де нәби, яғни, «өлең, сөздің патшасы». Шабытты шығарма сонысымен де киелі.

Шабынған шабыт иесін бұдан артық дәл суреттеу, түсіндіру, сірә, біздің қолдан келе қоймас.

Біздің қазіргі «заманның ырқына күйлеп», шығармашылық психолгия, жазушы психологиясы, шығармашылық шеберлік, жазушы лабораториясы дегенді жатсынып, нарратология, нарратив, нарратор-баяндаушы деп бұлдыратып жүрген тегі белгісіз пәніміздің түп төркіні – осы шабыттан, шабыттың тоқсан толғауынан, алпыс екі тамырынан, қырық буынынан, саналы-санасыз түйсік тебіренісінен, шабынған шақтағы көзіңе қос көрінуден

(раздвоенин личности), қос жарылудан (екіойлылықтан), ойсоқтылықтан, жүйкенің шүйкеленуінен, аян қабылдаудан, кие мен мыстан араласа жаратылған, соған орай «бейнет сусынын ішем деп, аласұраған асау жүректің алқынуынан» (Абай), яғни, әр қилы әдеби тәсілдер мен түрлерді қолдануынан – бастау алатын түйсік ілімі.

Онсыз да тылсымы мен құпиясы көп, түсіндіріп беруге келмейтін, ықылымнан бері дүние ғалымдары түсіндіріп бере алмай келе жатқан жан құпиясын одан бетер түсініксіздендірудің мақсаты бізге де түсініксіз. Өзі түсінбейтін құбылысты түсіндіріп беруге ұмтылған сараместік – тек шығармашылық психологиясынан бейхабар дүмбілездердің ғана бопсасы болса керек. Бірақ, білім бәсекесі көнге қойылды. Енді ойын шартына бағынудан басқа амал жоқ.

Осы жолдар да екі кештің ортасында, ойда жоқ жерден басталып кетті. Неге? Қай нарратор түсіндіріп береді? Қырық жыл бойы қатрада қаттаулы жатқан істің сәт сағаты неге екі кештің ортасында келе қалды. Қай нарратр – «баяндаушы» желкемізден қарап тұрып, жазуға мәжбүр етті?

Менің ойымша бұл шығармашылық психологиясының, жазушы психологиясының, суреткер шеберханасының, жалпы адамның түйсігі мен жүйке талшықтарының шүйкеленуіне, көңіл қошына, мүжәзіне байланысты шетін мәселе. Яғни, біздің де көңіл қошымыз, мүжәзіміз енді ғана үйлесім тауып, тақырыптың «көзі ашылып», зар күйіне түскен тәрізді.

Әттең, жастау кезде қолға алғанда, әлгі қылықты келіншектер көңіл көгінде емес, көз алдымызда тұрар ма еді, кім білсін. Ал мына жолдар – қалам ұстаған көп жылдардағы тәжірибеге сүйенген, әбден тақыстанған сөз иесінің «ақылға ғана жүгінген» құрғақ тәпсірі ғана болып шыққаны өкінішті. Амал қанша. Бұл да «кірлеген жүректің өзі үшін жуынғаны» шығар.

Иә, «шабыт» дегеніміз, сол дана Абай айтқан «бейнет сусыны» болса керек-ті. Не сусының қанбайды, не жирене алмайсың. Түңіліп қойып іше бересің, іше бересің. Одан басқа жұбаныш – еш жұбаныш әкелмейді. Грибоедовтың «ақылдың азабы» дегені де осыған саяды.

Оған қырық бес жыл бойы татқан жазудың кермек дәмі,

бейнет ырыздығы толық дәлел. Соған да шүкіршілік.

Дарвин: «Талант – это сочетание всех способностей» – «Талант дегеніміз – барлық қабілет атаулының тоғысуы» – депті.

Демек, тебірене, таңдана, қиялдай білу де сол қабілеттің бірі шығар.

Біз суреткерге септігін тигізетін атау септігінің: кім? – деген сұрағына «Шабыт» деп жауап бердік. Ал енді сол: «Сені мұншама асқақтатып қуаттандырған кім?» – дегізген шабытты шамырқана шарықтататын Не?

2.«НЕ?» – ЖҰМЫС: ОҢТАЙ МЕН ОРАЙ

Әрине, жұмыс, мейнаты – кәдімгі қара жұмыстан батпан есе ауыр, «ақыл азабын» тартқызатын жұмыс.

Орайы келіп, оңтайына ілінген іс қана дйттеген жеріне жетіп, барқадам табады. Қазақ мұны «ұқсаттыру» дейді. Ал «Сабақты ине – сәтімен» дегеннің де саятын жері сол.

Алайда, қашан орайы келіп, оңтайыңа ілініп, сәті түсіп, шабытың шалқығанда қолыма қалам аламын – деген суреткер ешқашанда мақсатына жетпейді. Шабытын шақырып, шалықтай берсе, түбінде шалдығып барып, шалыққа ұшырап тынатыны анық. Мұндай әсіре күйден арыла алмай, сау мен аурудың арасында делбелік күй кешіп, қаншама талант өмірден өтті десеңші. Олардың дені ғұмырын жындыханада, не мәйітханада аяқтады. Біразын көзімізбен көрдік. Ал ілгері жұрттарда олардың сауынан сандырақтап өмір сүргендерінің саны көп боп келеді.

Ілкі ғасырда шығармашылық түрлерінің саны молайып, баспагер, сыншы, тәржімәші, тілші, қоюшы-сценарист, редактор, шолушы, әр саладағы суреткерлерге демеуші, көмекші, дерек жинаушы, жарнамашы сияқты кәсіби мамандықтың саны молайып, іштегі булығын сыртқа шығарудың амалын тапты. Олар шетінен сауатты және шығарманың талмауытты жерін дәл табатын, суреткерді етекбастылықтан құтқаратын нағыз жанашырлар. Сонымен қатар өзіне бұйырмаған таланттың желінін қақтап сауып алатын атжалмандар да бар.

Әдебиет саласында алғаш рет «қолбала ұстаған» жазушы

әйгілі Дюма. Оның «Граф Монте Кристо», «Үш мушкетер» атты атышулы романдарының алғашқы қарабайыр нұсқалары можантопай ауыл дәбірінің қолынан шыққан. Кеңестік кезеңде ондай мүмкіндікті Константин Симонов пайдаланса керек. Қазақ жазушыларының арасынан «қолбалаға» жарыған ешкім жоқ. Әркім өзінің киген қамытын өзі сүйретіп келеді. Шетелдік жазармандардың бұл орайда арнайы жасақ ұстап, әдебиетті ақшаның көзіне қалай айналдырғаны қақында атышулы «Леонардо да Винчидің таңбасы», «Періште мен ібіліс», «Құпиясы ашылған ныспылар», «Сан камалы» атты жинақтай есептегенде жүз миллион данадан артық таралған романдардың авторы Дэн Браун туралы «әдеби шикізат» тарауында арнайы тоқталамыз.

Жоғары деңгейдегі талғам мен жазу мәнерін игерген әлгі атжалмандардың басты кінәрәті – алдыңғы тараушада айтылған «бейнет сусыны» мен «ақылдың азабына» төзіп бере алмағандығында сияқты. Тәп-тәуір бастап, тастап кеткендер де солардың қатарын толтыратыны өкінішті. Ғұсман Жандыбай ақынның бәйге аттардың даңқы туралы: «Біреуінен біреуінің артылатын жоқ түгі, Болғандығы алғашқының сәл биіктеу шоқтығы» – деп дәп басып айтқанындай, тұяқты – тұяқ жібермейді. Бірақ талант иесінің пешенесіне жазылған «итшілік жанкештілік» пен азапқа төзу де оңай емес. Оған қилы-қилы себептер мен салдарлар, «Сұм тағдыр шырмауықтай шырмап алған» – деп Ақан сері айтқандай, шырмауықтай шырматылған күйкі тіршіліктің кам-қаракеті де тұсау. «Жетім қозы – тас бауыр, түңілер де отығар» демекші, шығармашылықтың азабына да «мың өліп, мың тіріле» білетін жансебіл жан ғана шыдас береді.

Мұндай қиямет-қайымдық қинаудан және шабыттың жалған шалығынан құтқаратын дауа, әлгі Флобер айтқан, «тұрақты жұмыс». Қадыр ақынның: «Тамаша – тамаша емес бірақ құрбым, Бір мезгіл кетпен, күрек ұстамасан» – деп айтқанындай, қанша талантты болсаң да, қаншама шабыт құшағында жүрсең де, бір мезгіл және жанкешті күйде еңбек етпесең, сенің талантың – талант емес, ет пен терінің арасындағы желік қана болып қала береді.

Өмірін желкөбік күйде текке өткізген таланттар өзге ұлттарда да, қазақ ішінде де аз болмаған. Оған мысал жетіп артылады. Олардың біразын өзіміз де көрдік, қазір де бар,

ертең де кездеседі. Күй таңдаған бәйге ұзаққа бармайды. Ал «азап қамытын» еркімен киген жанкештілердің жұмыс істеу тәсілдері де әр қилы болған. Оның басты себебі, әр істің, әр таланттың өз оңтайы мен орайы болады.

Әрине, төрт құбылаң сай болғанға не жетсін. Алайда «жын қонған» өнер иелерінің басым көпшілігі Марк Твен айтқан «бақытсыз балалықты» басынан кешкендер болып келеді. Мұның басты себебі, оларға өмірдің азабынан көрі өнердің азабы жеңіл көрінгендігінен емес, керісінше тұла бойын, ақыл-санасын, сезім-жүйкесін дуалап алған азапты сыртқа шығарудың, «бейнет сусынының» уытын қайтарудың жалғыз мүмкіндігі болуында шығар. Сол ықтай жүріп кешкен өмірді әдетке айналдырып алған кейбір мінез-қылықтары, оның шығармашылық жұмысына да татын қалдырса керекті. Әр суреткердің жұмыс тәртібінен өзі кешкен ғұмырдың, тәрбиесінің, ортасының табы танылады.

Мәселен, адамды ойлаған ойы үшін жазаға тартқан еуропалық орта ғасырдығы инквизиция – діни ғазуат дәуірінде өмір сүрген атақты Италия ақыны Петрарка өзінің Лаура аруға арнаған сонеттерін елді мекеннен аулақта, ат үстінде серуендеп жүріп шығарған. Түн ортасында оянып, шам жақпастан әлгі шығарған сонеттерін қараңғыда асығыс-үсігіс жазып қояды екен. Көңіл көзі байланған, ойы шырмалған, үрей билеген адамның жазуы қайсы бір дұрыс түсті дейсің. Жазуын – жазғанымен де, ертеңінде өзінің жазғанын өзі әрең танитын көрінеді. «Шабыт», яғни, Лаура сияқты «кінәмшәл сұлулар» не істеткізбейді, тіпті, жүрегің мен миыңның түкпірін тіміскелеген «әулие әкейлерден» де шіміріктірмеген. Сөйтіп, Италияның «гүлдену дәуірінің гүлтәжі» атанған Петрарка сейілге шыға жүріп өлең жазуды, дәлірек айтсақ, өлең шығаруды еркінен тыс «жұмыс дағдысы» етіп алыпты.

«Ауру қалса да әдет қалмайды». Оған әр заманда өмір сүріп, өзінің тосындау, өрескелдеу көрінетін ғадеттенген әдетімен шығармалар жазып, адамзат руханиятының тарихында қалған не бір ұлылардың «жұмыс дағдысы» дәлел. Мысалы, Шиллер аяғын суық суға малып, Бальзак – тасқа жалаңаяқ отырып, Пруст – иіссу (духи) иіскеп, Руссо – басын күнге қыздырып, Мильтон – аяғын көтеріп отырып жазған (Себебі, басқа қан мол құйылып, оның айналымын

күшейтеді, сөйтіп ми жұмысын жақсартады екен. Бұл медициналық тұрғыдан дәлелдеген).

Гете – ит жетектеген, көзілдірік таққан, усарымсақ жеген адамды жек көрген. Усарымсақтың иісін сезген соң көпке дейін қалам ұстамайды екен. Ал театрға ит жетектеп келушілер пайда болғанда (герцог), жазу қабілетінен айырылып қалудан сескеніп, директорияны тастаған.

Бальзак – түнде, Вальттер Скотт – таңсәріде жазған.

Виктор Гюго жазу столынан тұрмас үшін шашының, сақалының жартысын алып, не бояп тастайтын болыпты.

Метерлиник – таңертеңнен түске дейін түк жазбаса да жазу столында отырады екен.

Француздың атақты жазушысы Анатоль Франс жазар алдында алдына 1 графин шарап қойып қойып, соны ұрттап отырып жазады екен.

Өнер атулының барлық түрін меңгерген Ромен Роллан жазуға отырардың алдында жарты сағаттай рояльда ойнайды екен. Сөйтіп, сезім талшықтарын босатып барып жазуға алаңсыз кірісетін көрінеді. Демі біте бастағанда тағы да рояльға отырады екен.

Марсель Пруст есік-терезені жауып, тесігіне тығын тығып қояды екен.

Заманы мен қазақ әдебиетіне деген ықыласы бізге жақын жазушылардың ішінде Илья Сельвинский барлық шығармаларын жылы су толтырылған астаудың (ваннаның) ішінде отырып жазыпты. Шығармашылық демалысқа барғанда, тіпті, Ұлы Отан соғысы жылдары қоныс ауыстырған кезінде де «астауын» сүйрете жүріпті.

Қазақ жазушыларының арасында мұндай өрескел қылықтар байқалмайды. Тек Мұхтар Әуезов өзінің шығармаларын ауызекі хатқа түсірердің (диктовка жасардың) алдында жарты сағаттай ән, күй тыңдайды екен. Жұмыс ережесін радиодан берілетін концерт бағдарламасына орайластыра белгілейді екен.

Ғабит Мүсірепов жазуға отырардың алдында қорабымен тұрған су жаңа қарындаштарды ұштайды екен. Егерде қарындаштың біреуінің ұшы сынып қалса, не көңіліндегідей әдемі ұшталмаса, әрі қарай жазуға ұмтылмай, сол сәтте орнынан тұрып кетеді екен.

Ал олардың ізін басқан Дүкенбай Досжан барлық шығармаларын жерге етпеттеп жатып алып, жастықты кеудесімен бауырына басып отырып жазған. Мұны – аталғандардың барлығы да өздерінің «жұмыс дағдысы» ретінде көзі тірісінде көпке жария етті.

Әгәрәки, усарымсақтың иісі мұңкіп тұрса, ит жетектегендер жоғалмаса, есік-терезе тығындалмаса, сақал-шаш бояйтын бояу табылмаса, радиодан дер кезінде жақсы ән берілмесе, қарындаштың бәрі морт болып шықса, төсеніш не жастық жайсыз болса, онда сол күні мұндай кірпияз мінездің иелері жазуға отырмас па еді, қайтер еді.

Ғабит Мүсірепов бөлмесін тәрік етіп, серуенге шығады екен, жазатайым алдынан өзіне ұнамайтын адам кезіге қалса, сол күні міндетті түрде, ал кейде екі-үш күн жазу столына жақындамайды екен. Мұхтар Әуезов: «Осылар өстиді. Бұларда тәртіп жоқ. Тыңдаушыны сыйламайды» – деп күңкілдеп біраз жүріп, диктовкасын бастап кеткенін өзі де аңғармай қалатын көрінеді. Дүкенбай Досжанның мұндай жағдайда өзін қалай ұстайтынын сұрамаппыз. Мәтқапылық деген сол.

Ал енді осы айтылғандар қызық па, шыжық па, кім білсін, оны біз білмейміз, бірақ әр жазушы өзінің «көңіл қошын» келтіретін «оңтайлы орайды» әр қалай табатыны анық.

Сонымен, иттің қарасы өшті, усарымсаққа тиым салынды, шарап әкелінді, пианино айналды, тесік біткен бітелді, астауға жылы су толды, ән айтылды, қарындаш ұшталды, жастық жайлы болды. «Көңілдің қошы» келді, жұмыстың «оңтайы орайласты», «ойдың көзі ашылды». Әлгі «отыз үш пен қырық үштің» арасындағы «кінәмшіл келіншектермен» қытықсыз майдан басталып кетсе керекті. Нағыз тоят тұсы осы. Енді «дағдылы машыққа» үйренген қалам еш алаңсыз ақ қағаздың бетінде ойқастай жөнелуі тиіс қой.

Жоқ, мүлдем олай емес екен. Әлдебір қара мыс (черная магия) иығыңнан басып, бойыңды буып, сірестіріп тастайтын көрінеді.

Мысалы, «шабытты» жоққа шығарған Флобердің өзі бірде 3 күн қатарынан 4 сағаттан отырып, түк жаза алмаған

соң, ақыры ызаға булығып жылап қоя беріпті. Содан түн ішінде оқиға есіне түскенде қуанғаны сондай, сасқалақтап көз жасын сүртетін орамалды эзер іздеп тауыпты. Мұндай мысал әр суреткердің өмір тәжірибесінен табылады.

Өзгенің өміріндегі сәтсіздіктерді тізбелемейін, өз басыма жүгінсем де, ондай мысал жеткілікті. Мәселенки, «Бұзылған бесік!..» атты эссенің шикізатын дайындап қойғаннан соң екі жыл бойы жиған-тергеніміз жазу столының үстінде жатты. Жазуға арналған ақ қағаз сарғайып кеткеннен кейін барып, қорлана отырып жиыстырып тастадық. Он жылдан кейін тағы да «жайма» жайылды. Ол жолы жарты жыл жатты. Ақыры арада тағы да он жыл өткен соң «жаймамызды» жаймай-ақ, аяқастынан кірісіп кеттік.

Әрине, алғашқы ойлаған терең сүйіспеншіліктен ада болған, екінші жолы терең толғаныстан айырылған, сұлбасы ғана қалған құрғақ талдау болып шықты. Қалайда қағазға түсірмесе болмайтын еді. Өйткені «Хан Кененің» тағдырын аяқсыз қалдыру азаматтық парызымызға мін еді. Дерегінің өзі жұртқа қат мағлұматтардың қатарына жататын.

«Күнделігіме» жүгінсем, Абылайдан бастап сыйынбаған әулием жоқ екен. Ешқайсысы қолтықтан демемепті. Орайы келді, ыңғайы табылды, тура осы жазбалар сияқты күтпеген жерден басталып кетті. Ал бастаған нәрседен нәтиже шығармай аяқсыз тастау әдетімде жоқ еді. Сол «машықты әдет» жеңді және өзінің алғаш кіндігі байланған Алматы қаласындағы пәтерде жазылды.

Осы жолдар да сол Алматыдағы үйде оқыстан басталып кетті. Ал неге былай болғанын әлі де түсіндіріп бере алмаймын.

Екінші тарау

ІЛІК: «КІМНІҢ?» – КЕРЕКСІЗГЕ КЕТКЕН КЕРЕКТІ УАҚЫТЫН ЖҰМСАҒАН ТАЛАНТТЫҢ...

Қош, сонымен, орайсыз орайда шығарма басталып кетті. Енді, темірдей төзімді талап ететін, дүниедегі қызықтың бәрін тәркі етуді қалайтын осынау бір азапты жанкешуді Кімнің қалай басынан кешкеніне көшейік.

Герберт Спенсер күніне тура 2 сағат (дәл ме дәл) жұмыс істеген. Межелі минут біткенде орынынан тұрған. Кей кездері сөйлемі аяқталмай қалады екен.

Лейбниц «Еркектерді» жазғанда 3 күн, 3 түн ұйықтамапты.

Метерлинк таңсәріде тұрып күн сайын 3 сағат жазумен айналысқан. Бұл оның өмір заңына айналған «жұмыс машығы» екен. Егер ештеңе жазылмаса, онда өзін-өзі жазалап, 3 сағат бойы орынынан қозғалмай қояды екен.

Эйел қаламгер Жорж Санд түнгі 11-ге дейін жазуды тәртіпке айналдырыпты. Сағат кешкі 10. 30-да кезекті романы бітсе, сағат 11-ге дейін жаңа романын бастап жібереді екен. Өзі де жанкешті жазушы атанған Альфред де Мюссе қатаң тәртіп ұстанған көңілжықпасы Жорж Сандтың сол әдетіне шыдамай, еріксіз сырдаң тартқан, яғни, көңілдесінің күн тәртібіне көндіге алмаған.

Бодлер – апиынның күшімен «көңіл қошын» келтіріпті.

Жұмыстан ғана жан құштарлығын қандырған драматург Лопе де Вега 2 000 (!) пьеса жазған! Ал әр пьесасын екі жыл жазған деген де дерек бар. Сонда ол қанша жасаған? Біздің білуімізше, соншама ұзақ та жасамаған. Ендеше осы арада бір кілтипан бар. Мүмкін, әлемге танымал туындыларын екі жыл жазса – жазған шығар, ал қалғандары сарай театрының күнделікті ермегіне татитын қатардағы дүниелер болса керек.

Көркем шығарманың идеясына қатыссыз талант даралығын таныту үшін жазушының өзіне өзі қоятын шеберлік пен көркемдік ерекшелікке қатысты «китұрқы да қырсық» талаптары болады. «Өзіндік қана» мақсаты бар сондай «кәсіби қырсықтар» кейде шығарманың жеке басына тиесілі азаптан асып түсіп, негізгі мәтіннен көрі көп уақыт алатын болған.

Флобер «Иродиаданы» жазғанда бір тауды (екі сөзден тұратын) суреттеу үшін ориентолог досына хат жолдап, жауап келгенше жұмысын тоқтатып қойыпты.

Сөзбен – сөздің, сөйлеммен – сөйлемнің арасына үтір, нүкте қоймау Аполлинерден басталды. Оған себепші болған кәдімгі корректорлар екен. Оның өз өлеңдеріне қойған тыныс белгілерін корректорлар мен редакторлар ұнатпаған. Соған намыстанған Аполлинер ешқандай еміле

белгісін қоймаған. Бұл «қырсық», заманынан асып туған «авангардтық» ретінде бағаланып, кейінгілерге «үлгі» (мода) болған. Әдебиеттегі «авангардизм» деген бағыт осылай қалыптасқан. Аполлинердің поэзиясын түсініп оқу үшін «француз тілін білу аздық ететіні» де сондықтан.

Джеймс Джойс «Поминок по Финнечану» – «Финнечануды еске алу» (немес жоқтау) романын тек қана бұрын ешкім қолданбаған «выражениемен» – «оралыммен» жазған. Сондықтан да «Финнечануды» оқу ағылшындардың өзіне қиын соққан. Оған қарсы қандай уәж айтарсың. Жазушылық шеберлігін көрсеткісі келгендіктен емес, қарабайыр, ауызекі, үйреншікті тіркестермен роман жазуға тақыстанып алған қаламдастарына қыр көрсету үшін әдейі солай жазған. Ал атағын шығарған «Улисс» романын ерінбеген адамның өзі бір жылда әзер оқып бітіреді. Қайран уақыт! Алайда өкінуге тиісті осы «түсініксіздік» әдебиетте «ой ағымы» деген бағытты қалыптастырып, көркем ойға төңкеріс әкелді. «Еңбегі жанды» деген сол, әне.

Француз жазушысы Жорж Перек, француз тілінде ең көп қолданатын «е» деген әріпсіз роман жазып шыққан. Бұл француз тілінің бейнелеу мүмкіндігі мен сөз байлығын байқату ма, әлде, «шаловство» – «ерке қырсық» па?

Қазақ әдебиетіндегі мұндай мінез Жүсіпбек Аймауытовты үлгі тұтқан Ғабит Мүсіреповтен ғана шан береді. Ол дегдар: «Мен әдебиетке қадам басып, қалам тартқаннан бері етістікке соғыс жариялаумен келемін. Бірақ бір де бір рет жеңіске жеткемін жоқ» – деп жиі айтатын. Расында да, Ғабеннің шығармаларында «еді, болды, қылды, жасады, етті» деген етістіктер анда-шанда бір кездеседі. Айтуға оңай. Бірақ сол етістікті қолданбас үшін сөз тіркестерін, сөйлемді қаншама рет қайта құруға тура келді десеңші. Ал ол да уақытты «жейтін» жебірдің бірі, бірі емес, нағыз өзі.

Керексізге кеткен керексіз уақыт сияқты көрінгенімен, бұл «қырсықтың» астарында ұлы талант қуаты мен қаламгерлік қарсылық, сөзге, ана тіліне деген ұлы махаббат жатыр.

2. «НЕНІҢ?» – ОМАРТАНЫҢ

Суреткер өзінің кәсіби мақсатын анықтаған соң жинақтаған шикізатын игеруге кіріседі. Шикізатсыз, яғни, шикізатты игеруге жұмсалған дайындықсыз, яғни, шындық пен көркем шындықтың салыстырмалы буданынсыз – шабыт та, көңіл қошы да, жұмыс дағдысы да, «қырсықтың тарқауы» да еш дәрмен көрсете алмайды. Мұның барлығы бұйдалы бураның құр шабынуы ғана болып қалады.

Бұл – шығармашылық жолды таңдаған суреткер үшін ең жауапты, ең күрмеулі, ең іш пыстырарлық көңілсіз кезең. Өйткені дауылға қарсы арпалыса ұшуды аңсаған көк еркесі – сұңқар сияқты, кез келген өнер иесі, біздің тәпсіріміз бойынша жазушы қаламының ұшына қаны мен жаны үйірілген шапағатты да, киелі шақты өмір бойы аңсаумен өтеді. Ал соған жеткізетін алғышарттарға менсініңкіремей, «етекбасты тіршілік» есебінде, көңілсіздеу қарайды. Бірақ та сол бір аяулы сәтті елестете жүріп, «түңіліп барып отығып», өшіп барып тұтанып, жанын жұбатады.

Қарабайыр өмірлік шындықты қанатты көркем шындықтың деңгейіне көтеру, ал содан кейін сол «аспандап алған асқақ қанатты» (Несіпбек), яғни, көркем шындықты екі аяқты пенденің пәкәнасына дейін төмендету үрдісі – азаптың ішіндегі азабы. Сайып келгенде суреткердің талантын безбенге салатын тұс, шығарманың сәтті-сәтсіз болатынын анықтайтын таразы, осы шикізатты көркем қиял арқылы саралау кезеңі, дәлірек айтсақ, жазуға дайындық мерзімі болып табылады.

Бұл – омартаға бал жинаған араның тіршілігімен парпар ұзақ та қысқа мерзім. Ұзақтығы – жылдың тоғыз-он айы күздегі омартаны құндақтаудың, қыстың қытымырынан аман-есен құтылудың, көктемнің қызыл суынан сақтанудың қам-қаракетіне кетеді. Содан кейін гүлдің шоғырын, оның ішінде шырыны тазасын тауып, ызыңдай жүріп ырысын жияды. «Тістеп сүйетін» сақтық алаңы тағы бар. Сонда, қалған екі, әрі кетсе үш ай ғана уақыт тікелей бал жиюға кетеді. Балдың сапасы – алдыңғы тоғыз-он айдың ішіндегі дайындыққа (біздің тәпсіріміз бойынша өмірлік шындықты зерттеуге), қалған екі-үш ай гүлдің шырынын таза бал етіп шығаруға (біздің тәпсіріміз бойынша, өмірлік шындықты

көркем шындыққа айналдыруға) тікелей байланысты. Сондықтан да, дайындық мерзімі, жоғарыда айтқанымыздай, ең талмауытты әрі деректі жинауы қанша күнге, айға, жылға созылары белгісіз беймерзім.

Мысалы, ойлаған шығармасының оқиғасына араласатын кейіпкерлердің (бастысының да, қосымшасының да) межелі санын, олардың жеке мінездері мен іс-қимылын, оқиғаға кірігетін өкпе тұстары мен шығып кететін кезін анықтау, міндетін белгілеу, былайша айтқанда жалпы қаңқасын (фабуласын) құру да оңай жұмыс емес.

Бальзактың «Адам комедиясында» 5 мың адам бар. Ал Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында 5 200-ден астам кейіпкердің аты кездеседі. Шығармашылықтың азабын былай қойғанда, осыншама адамның атын есте ұстап тұрудың өзіне қаншама жүйке талшығы керек және олар «тыныш жатпайды», өзара күйісіп-сүйісіп, сыбырласып-қыбырласып, айтысып-тартысып, қосылып-ажырасып, өліп-тіріліп жатады. Яғни, дайындық барысы қанша уақытқа, қайталап айтамыз, қанша күнге, айға, жылға созылғанша, ол оқиғалар шығармашылық иесінің түйсігінің түкпірінде ызындайды да тұрады.

Ал олардың кейіпкерлік тұлғасы мен оқиғаға араласы анықталып, соған орай қимыл мен «тіл біте» бастаған кезде, яғни, шығарма қаңқадан ажырап, желіге (композицияға) көшкен кездегі жүйкенің қалай шүйкеленетінін елестетудің өзі бір азап.

Сондай ми машақатынан құтылу үшін суреткер не түрлі амал, айла, тәсіл қолданады. Мысалы, орыстың ұлы жазушысы, түпкі тегі түркі Иван Сергеевич Тургенев әр шығармасына жеке дәптер ашып, әр кейіпкерінің өмірбаянын, көзқарасын, түр-түсін, киетін киімін, сөйлеу мәнерін, соған орай сөздік қорын, мінезін, өскен ортасын қағазға түсіріп, олардың атынан күнделік жазып отырыпты.

Әрине, мұның барлығы, шығарма кейіпкерлері бейнесінің бірін-бір қайталамай, даралана сомдалуы үшін жасалған дайындық шарасы. Ол «Әкелер мен балалар» романындағы қоғамға өші кеткен Базаровтың жан ашуының себебін түсіну үшін Базаровтың «Күнделігін» пайдаланыпты. Дұрыс-ақ, бірақ... Ол «Күнделікті» кім жазды дейсіз бе? Иван Сергеевичтің дәл өзі жазған. Жазу барысында Базаровтың,

яғни, Базаровтың атынан өзі жазған «Күнделікті» қайталап оқып, ондағы ой-пікірлерді бірде – алғап, бірде – сынап, өзінің авторлық пікірін қосып пайланған.

Атақты француз жазушысы Эмиль Золя да кейіпкерлеріне арнап жеке күнделік ұстаған. Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы күнделіктер қалай дүниеге келді, ол жағы бізге мәлімсіз.

Өмірде ізім-қайым ізі жоқ елес адамдардың атынан жеке күнделік ашып, оны өмірлік шындық ретінде көрсету үшін өзі жазып, уақытын кетіргенше бірден неге туындының бойына тоғыта салмады. Оны өзінен басқа кім біліп жатыр. Әлде, сол жасанды шындықтың өмір шындығы екендігіне өзінің көзін өзі жеткізіп, соған өзінсендіру үшін бе? Ол да мүмкін.

Мүмкін емес, солай. Өзінің жазғанының шындық екеніне өзі сенбесе, шығармашылық жұмыс мағынасынан айырылады. Бұл, әлгі өзінің баласының өзінікі екенін біліп тұрып, жатбауыр тартатын кінәмшіл әке сияқты кірпияз қылық.

Мұндай сенімсіздіктің соңы жеке трагедияға әкеліп соғуы да ғайбыл. Өздерінің жазғанынан жасандылықты аңғарған Джек Лондонның, Фиц Скоттсжеральдтің, Эрнст Хэмингуейдің, Германн Гессенің, Рюнеско Акутагаваның, Ясунар Кавабатаның, Сергей Есениннің, оның өлімін қоштамаған Владимир Маяковскийдің, Маяковскийдің өз еркімен өмірден кетуін мінеген Александр Фадеевтің, біз «шекпенінен шыққан» Бердібек Соқпақбаевтың сондай тосын шешім қабылдауы, шығарманың дайындығы мен дүниеге келуінің арасында қиямет-қайымдық катарсистердің жүріп жататынын қасым етеді.

Ал тікелей санаға түсетін салмағы тұрғысынан алғанда, мазасыз емес, араның ызыңына ұқсаған мазандау кезең бұл. Мазасының аздығы – қабырғаң сөгіліп, шөгел шүйілген күй кешпейсің. Өмірдің әр көрінісін, соның шындығын дәлелдейтін деректерді тірнектеп теріп, көркем қиялдың талшығын үзік-үзік жалғап, бір желінің бойына моншақтап тізе жүресің. Тірнектеген «төлің» қашан қосақты көгенге айналғанша ол үрдіс үзілмейді. Күндіз – күлкіне, түнде – ұйқыңа тыныштық бермейді, Абай айтқандай ұзатқан «ойың жұртқа ұлып қайта береді». Бұл кезеңнің мазандау келетіні де сондықтан.

Тікелей жеміс бермейтін бұл науқанның өмір бойы аяқталмауы да мүмкін. Ондай мысалдар бірдеп емес, жүздеп саналады, тіпті, әлемде қанша суреткер өмір сүрсе, соншама туынды тумай қалды деп сеніммен айтуға болады. Арыға бармай орыс әдебиетіне жүгінсек те жүгіміз жеңілдемейді.

Мәселенки, Николай Васильевич Гоголь Ресей самодержавиесінің жағымсыз өмірін әшкерелеу ниетімен өмірлік құбылыстарды «Өлі жандар» романының шикізаты ретінде өмір бойы тірнектеп жиған. Екінші кітабында жағымсыз кейіпкерлерді жағымды бейнеге айналдыруға ұмтылған. Роман сәтті аяқталған. Бірақ өзінің ғұмыр бойы тірнектеген «қарабайыр өмір шындығының» пайдаланылмай қалғанына өкінген және кейіпкерлерінің әлгі құбылуына (жағымсыздан жағымдыға) сенбеген жазушы толық аяқталып, сыннан өткен романын пештің көмейіне тыға салған. Сөйтіп, «Өлі жандар» да, оның дайындық шикізаттары да дйттеген жеріне жетпей қалған.

Лев Толстой қуат-күші бойында булығып тұрған шағында «Декабристер» атты роман жазу үшін пәленбай жыл дайындалып, архив ақтарып, жеке құжаттарды қарастырып, өмірлік деректер жиған. Бұл дегдар да күнделікке жүгінген. Ақыр-соңы не болды дейсіз ғой? «Декабристер» атты роман жазылмай қалған. Жазу барысында көркем қиял еркіне қоймай жетектеп, «Соғыс және бейбітшілікке» алып келген. Ізденіс пен дайындық шарасы текке кеткен жоқ, бірақ декабристер туралы пәленбай жыл жинаған түгендей том деректер, шығарманың қаңқасы мен желісіне байланған кейіпкерлердің күнделік беттері мен мінездемелері, қысқартып айтқанда, есіл еңбек еш кетті.

Мұндай мүттәйімдіктен Мұхтар Әуезов те құр алақан қалмаған. Отызыншы жылдардың басында түрмеден шыққан соң алаш зиялыларының өміріне арналған «Тұман айығарда» атты романға деректер жинастырып жүргенін анда-санда айтып қалып жүрген. Оның бірінші тарауы жазыла бастап, тоқтап қалды. Тірнектеген өмірлік деректер сананың ашылмайтын түйсік түкпіріне жасырылды. Оған кім кінәлі? Заманы ма. Әрине. Алаш қайраткерлерін кейіпкер етсе, Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» сияқты, көбесіне ши жүгірте әшкерелеуге тиіс еді. Романның жап-

жақсы басталып келе жатып мазмұндама, жоба деңгейінде үзіліп қалуына басқадай себеп табу неғайбыл.

Дегенмен де, аяқталмай қалған романның бір желісін «Абай жолы» роман-эпопеясының төртінші кітабындағы Әлихан Бөкейхановтың прототипі – Әзімханның бейнесіне пайдаланғаны шындық. Жағымсыз кейіпкер болғанымен де, эпопеяда оны – Әзімханды жақтайтын Сарымолда, Тәкежан, Шұбар сияқты «кәнігі, туа жағымсыз жаратылған» ой оппозиционерлері бар. Ал жеке романда ондай қамқоршыны табу қиынға соғар еді. Мүмкін де емес. Сондықтан да екі оттың арасында қалатынын біліп, дайындығының тиянақты-тиянақсыздығына қарамастан, роман жазуды тоқтатқан. Алайда сол идея тыныштық бермесе керек, кейін «Тартыс», «Алма бағында» атты пьесаларында алаш зиялылары қылаң берді. Ал «Дос – Бедел дос» атты соңғы пьесасында қиял жүзіндегі шындық арқылы тағдырлы туынды сомдауға ұмтылды. Әрине, шындықтың өзі шырматылып жатқанда, шынай шығарма қайдан тусын. Авторына ішкі сырын ашпаған күйінде тартпада қалды.

Илья Сельвинский: «Власть одного писателя над другим – это самое тяжкое, что может выпасть на долю литературы» – «Бір жазушының екінші бір жазушыға жасаған өктемдігі – әдебиеттің басына төнген ең ауыр қауіптің бірі» – деген екен. Мұндай өктемдіктен Мұхтар Әуезов өлерінен екі-үш жыл бұрын ғана арылды. Әлгі: «Уа, тар заман, адымымды аштырмай, шырмап алатындай не жазып едім мен саған» – деп Абайдың атын жамылып отырып шағынатыны сондықтан.

Сондай өктемдікті өле-өлгенше көріп кеткен Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» мен «Қатерлі өткелдің» және «Қатерлі өткел» мен «Айқастың» арасын жалғайтын (алғашқысы Әлихан мен Ахаңның, соңғысы Ермахан Бекмахановтың өміріне арналған) романдарының шикізаттары игерілмей қалды.

Біздің де жиырма жастан бастап қырық жыл бойы жинақтаған, тек қана Ресейдің 64 мұрағаттары мен мұражайларының, кітапханаларының қорынан тірнектеп терілген шикізаттарымыздың бума-бума күйінде шаң қауып жатқанын ішіміз аши отырып еске саламыз.

Бұл өзі «тірі күйік» нәрсе екен. Кейде соның барлығын

көзге – күйік, санаға – салмақ қылмай, өртеп жібергің келеді. Амалың қайсы. Әзірше, соншама деректі жиғанша тағы бір адамның өмірі зая кетпесін, бірде болмаса – бірде, біреу болмаса – біреу кәдесіне жаратар деген есек дәмемен әзірше аман сақтап келеміз.

Үмітсіз шайтанның ісі, әрине. Шайтан заманда шайтанға дәме артпасаң тағы болмайды.

Үшінші тарау

БАРЫС: «КІМГЕ?» – «ҒОМО ПОЭТИКУСКЕ»

Қойшы, сонымен «көмекші құралдардың» бәрі іске қосылды деп есептейік. Яғни, ой (замысел) мен жоба қабысты. Гүлдің шырыны омартаға жиналды. Енді соны қорыту, былайша айтқанда, гүлдің шырынын балға айналдыру ғана қалды. Дәрекі тенеумен жеткізсек, кәуап жасайтын сұрпы ет таңдалып, сірке суына салынды. Кәуаптың ендігі сапасы, яғни, дәмі мен жұмсақтығы еттің сірке суын қалай сіңіргеніне байланысты.

Сол сияқты жазушы да көркем шындықтың азу тісін сындыратын құжаттар мен күнделіктердегі қасаң өмірлік шындықты үгітіп, иін қандырып, бабына келтіре баптауы тиіс. Бұл жердегі қорытылмаған шикізаттар – көркем әлемнің қас жауы.

Туындының тұтастай туырылып түсуі үшін шикізаттар қалдықсыз ұнтақталуы керек. Таланттың шеберлігі осы бір сәттегі «қайтарған ой күйісіне», шығармашылық қуатына, көркем қиялының құдіретіне байланысты шешіледі. Ертеңгі мәңгілік даңқтың, не мәңгі арылмайтын дақпырттың басы бұл.

Гетенің: «Подлинный художник, диктующий законы искусству, стремится к художественной правде, тот же, который подозревает об этих законах и следует только слепому влечению, стремиться к натуральности; первый возносит искусство на его вершину, второй – низводит на самую низшую степень» – «Өнердің заңына бағынатын шынайы суреткер көркем шындыққа ұмтылады, ал, кім де кім мұндай заңдылықтарға күдікпен қарап, соқыр сенімнің

соңынан кетсе, қарабайырлыққа ұмтылса, онда – алғашқысы өнерді шыңға шығарады, ал екіншісі – оны шыңыраудың ең түбіне тастайды» – деп дауасын айтқан шығымды, не шығымсыз шақ.

Ендігі таңдау сізде. Бірақ қай қаламгердің шыңға шырқағысы келмейді дейсің. Гәп – қарабайыр, жер бауырлап қалған өмірлік шындыққа қанат бітіріп, өтірікті – шындай, шынды – өтірікке бергісіз етіп «қиыннан қиыстыра» білуде. Әрине, ондай олжа тұмасы тұтас таланттың ғана елшісіне тиесілі. Қалғанын айтқызбай-ақ өздеріңіз түсіне беріңіздер.

Сонымен, шығарманың алғашқы тамшы қаны осы сәтте ұйыйды. Енді оған жан беріп, бейне бітіріп, сезім демін салып, іс-қимылға жетелеу керек. Бүгінгінің тілімен айтқанда, әрқайсысына жұмыс тауып беруге тиіссің. Мұны, көне әдеби терминде «Һомо поэтикус» деп атайды.

Ал «Һомо поэтикус» дегеніміз – поэтикалық адам, яғни, сөзбен жан біткен жан, бүгінгі тілге аударсақ кейіпкер болып шығады. Мұнда адамның келбеті, іс-қимылы ғана бейнелі баяндалып қоймайды, сонымен қатар оның ішкі ағзаларының табиғи қабілеттері, яғни, көз, құлақ, ерін, жүрек, қол, ішек-қарын, аталық пен аналық без, бөксе, балтыр, табан, тағы да басқа ашық аталып, аталмайтын мүшелер бар болмысымен суреттеліп, іске қосылады. Болмысты бұл ағзалар психологиялық тұрғыдан қалай қабылдайды, соны толық жеткіземін деп Джеймс Джойс өзінің атышулы «Улисс» романын жазған.

Сөзбен суреттеліп, қалам үшімен жан біткен жандардың әр демін суреткер етене сезіп отыруы тиіс. Онсыз құр сұлдерді суреттеген болып шығады. Мысалы, әлем драматургиясына төңкеріс жасаған атақты норвег драматургі Генрих Ибсен пьеса жазу үстінде өзінің кейіпкерімен астасып кеткені сондай, ол күнделігіне: «Сегодня у меня побывало Нора. На ней было голубое платье. Она вошла в комнату и положила мне руку на плечо...» – «Бүгін маған Нора келді. Үстінде көгілдір түсті көйлегі бар екен. Ол бөлмеге кірді де менің иығыма қолын салды» – деп жазған. Нора – кейіпкері. Демек, Ибсен өзінің кейіпкерін тірі адам ретінде сезінген. Қандай творчестволық кірігу. Тіпті келіншектің ыстық демін де сезініп отыр. Езіле астасып, егіле табысу, қытықсыз араласу осындай-ақ болар.

Жаңа әр суреткер өзінің жасанды жандарына, яғни, кейіпкерлеріне жұмыс тауып беру керек – дедік қой. Бұл арада жазушы еңбек биржасының міндетін атқарады. Кімнің қандай қабілеті мен мамандығы бар, кім не нәрсеге бейім, соның барлығын есте ұстауы шарт. Әрекеті ауысқан кейіпкерден сом бейне шықпайды. Қаламгердің сақтанатын тұсы осы және әр адам өз бейнесіне сай орынын табуға тиісті түйткілді мәселе бұл. Оқиғаның басында етікші боп баяндалған кейіпкер соңында ұста болып шыға келген жайлар өте жиі кездескен. Әсіресе, қазақ жазушыларының біразы зардап шеккен, ақырында еңбекші тап бар кәсіпті игере алады – деп сылтаурата құтылған суреткерлер болған.

Ал буржуазиялық және капиталистік қоғам мұны кешірмейді. Сондықтан да суреткерлер «кәсіп бөлісуге» өте сақ қараған. Мысалы, Генрих Ибсеннің жай тіршіліктегі мамандығы аптекарь, яғни, дәріханада істеген. Сондықтан дәрі салатын толып жатқан ұсақ қобдишаларының болғаны таңдандырмаса керек-ті. Ол жазатын шығармасында қанша кейіпкер болса, сонша қобдиша дайындаған. Әр қобдишаның сыртына кейіпкердің атын жазған. Содан кейін әр кейіпкердің жеке басына қатысты деректер мен диалогтерді, соған лайықты сөздер мен терминдерді, кәсіби ісін жазып, қобдишаға тастай берген. Қобди толып, шикізат толық жинақталып біткенде (ойша жобалағанда) жазуға отырған. Міне, «кейіпкерлер биржасын» Ибсен осылай ашқан.

Гюстав Флобер роман жазбас бұрын тиянақты түрде жоспар жасаған, жұмыс барысында содан ауытқымауға тырысқан. Яғни, оқиғаның басталуы, дамуы, шарықтау шегі, көркемдік шешімі алдын ала белгіленіп қояды. Мұндай «есепті қисын» жазу мәнері мен стильдік тұрғыдан әлемдегі ең үздік шығарма ретінде мойындалған Флобердің «Бавари ханымының» өзінен де аңғарылады.

Ал Джозеф Конрад өзінің кейбір романдарын кейіпкердің ең соңғы демі үзілген жерден, яғни, өлімінен бастап жазып, оның туған күніне қарай шегіндіре жазған. Қазақ әдебиетінде мұндай тәсілді біз өзіміздің шикі кезімізде жазылған «Жербесік» атты роман-новелламызда» қолданыппыз. Әрине, өзге де үлгі бар, бірақ, еске түсіріп, назарды басқа жаққа аударып, елпілдеп тұрған есімізді адастырғымыз келмеді.

2.«НЕГЕ?» – СӨЗГЕ

Әрине, мұның барлығына мүмкіндік беретін күдірет – Сөз. Әр суреткердің, әр тақырыптың, әр туындының, әр кейіпкердің тек өзіне ғана сыбағалы сөзі болады. Анатолий Франстың: «Ласкайте фразу» – «сөзді аяландар» деп жар салуында сондай бір сырлы астар бар.

Сондықтан да суреткер біткеннің бәрі үшін ең ауыр әрі жауапты, әрі айшықты мезет – алғашқы сөздің қағаз бетіне түскен сәті. Бұл, жазушы үшін өмір сүрудің ыңғайын таңдағанмен бірдей. Өйткені, енді сен қашан шығармаң аяқталғанша сол ырғақпен, сол көңіл-күймен, сол көзқараспен, сол әлеммен өмір сүресің.

Сондықтан да өзіңе не рақат, не азап сыйлайтын жолды таңдауыңа тура келеді.

Сапарың сәтті аяқталуы үшін жолға алған азығың жете ме, дайындығың қалай, яғни таңдаған әлеміңді тарықпай суреттеп беретін сөздік қорың мол ма? Шығарманың шикізаты – күнде-күнде қайталап ысытып іше беретін кеспе көже емес. Әр сөзің, әр сөйлемің, әр абзацтың әсер беріп, ілгері қарай ынтызарыңды арттыра жетелеуі тиіс. Әйтпесе, «кінәмшіл келіншектер» кешірмейді, тез жалығып, теріс қарап кетуі ғажап емес. Ал одан айырылу – жазушы үшін өліммен тең.

Гете осынау бір зауал шақтағы жауапкершілік өткелі туралы: «Я вновь ощущаю интерес к миру, испытываю свою способность наблюдать, проверяю, насколько велики мои знания и сведения, достаточно ли ясна и светло мое зрение, много ли я могу схватить при беглообзоре и споспособны ли изгладиться морщины, врезавшиеся в мою душу» – «Мен осынау сәтте мына дүниеге ынтызарымның қайта ашылғанын тағы бір рет сезінемін, өзімнің қадағалау қабілетімді сынаймын, менің білімім мен мағлұматтарымның қаншалықты жеткілікті екенін тексеремін, менің көзқарасым соншалықты анық әрі қанық па, атүсті жеделдете шолып шыққан кезде қаншалықты құбылысты қамти аламын, менің жанымды оскылаған жаралардың тыртығын жазуға қабілетті ме, соның барлығын көңіл көрігінен өткіземін» деп жазыпты.

Бұл – жалғыз Гетенің ғана емес, қалам ұстаған мұқым қаламгердің рух кедені.

Сөздік қордың негізгілерін, соның ішінде келесі сөзді шақыратын, не нақты бір құбылысты, ситуацияны, оқиғаның мінезін, сөйлемнің ішкі ырғағын, кейіпкердің көңіл ауанын білдіретін нысаналы сөздер мен ұғымдарды қатирасына, не дайындық дәптеріне түсірмеген, жарты мың сөз тіркесін жадында ұстамаған жазушыны сыйлау қиын. Ондай сөзге жарлы, сөйлемге орашолақ, ұғымдары можантопай жазушысымақтардың дүмбілез дүниелері бірден жүрегінді кілкітеді.

Флобер «Мадам Бавариды» жазғанда ғана емес, бүкіл шығармашылғында бір сөзді екінші рет сол мәнерде ешқашан қайталамаған, кейіпкерлер бейнесін сомдағанда да сол талапты ұстанған. Оның: «Мне еще осталось написать десять страниц, а между тем запас моих тем уже исчерпан» – «Менің әлі он бет жазуым керек, соған қарамастан менің тақырыбымның сөздік қоры таусылды» – деп аландауы соны танытады.

Бұл сөздерді ол күнделігіне жетіскеннен жазған жоқ. Жазушының жанайқайы дегеннің нақ өзі осы. Флобер жазу столында күніне 3-4 сағаттан тапжылмай отырып жазғанның өзінде 1 романды 5-6 жылда бітірген. Ибсен әр драманы 2 жыл жазған. Бальзак та, Толстой да, Достоевский де, Тургенев те, Дж.Лондон да, қазақта Ғабит Мүсірепов те бастан кешкен бейуақ бұл.

Сондай машақатты жақсы білетін бір әдебиетші Гогольге: «Жақсы сөзді қайдан аласың?»,- дегенде: «Из дыма пишу и сжигаю, что писал. И пишу снова» – «Түтіннен аламын, әуелгі жазғанымды өртеймін де қайта жазамын, ол жазғанымды тағы да өртеймін. Содан кейін барып жазуға отырамын» – деп бейнелі түрде жауап беріпті.

«Өлі жандарды» өртеп жіберуінде осындай бір гәп жатса керек-ті.

Гербер Спенсер: «В основе всех правил, определяющих выбор и употребление слов, мы находим то же главное требование: сбережение внимания... Довести ум легчайшим путем до желаемого понятия есть во многих случаях единственная и во всех случаях главная цель» (Философия слога) – «Сөзді таңдау мен қолданудың шегін белгілейтін

барлық ережелердің негізіндегі басты талап – (сөзді) үнемдеуге назар аудару болуы тиіс деп есептейміз... Ойынды диттеген ұғымыңа жылдам жеткізетін жеткізетін ең жалғыз жол біреу ғана және барлық жағдайдағы басты мақсат та сол болмақ» – дейді сөздік қор туралы.

Ал сөз қисынының теоретиктерінің бірі А.Веселовский: «Достоинство стиля состоит именно в том, чтобы доставить возможно меньшем количеств слов» – «Стильдің ерекшелігі дегеніміздің өзі де, (ойынды) мүмкіндігінің барынша аз сөзбен жеткізу болып табылады» – депті.

Қазақта сөзге «сараңдық жасаған» жазушы Ғабит Мүсірепов қана. Мұндай жанкештілікке тәуекел еткен өзге қаламгер есімізде сақталмапты. Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов қойын дәптер ұстаған. «Жазушының жан серігі – қойын дәптер» деген кәсіби тұрақты сөз тіркесі содан туса керек-ті. Сол қойын дәптерге кейіпкерлерінің іс-қимылы мен портретін, қажетті бұйымдық заттар мен тұрмыстық, кәсіптік атауларды түсіріп, оның шығармада пайдаланылуы мүмкін тұстарын ескерте отырған.

Абайдың «Жол азығым мол емес» – дендегі «азығы» осы мағыналы сөз.

Виктор Гюго артына жиыны миллион сөз қалдырған №1 жазушы – деп есептеледі.

Марсель Пруст түн ішінде және немістер Парижді бомбалап жатқанда «без строгости» – «қатал қарамай, жұмсарта шешпей» «мәтіннің мағынасы бойынша аударылды) деген бір сөздің италянша аталуын білу үшін қаланың екінші шетіндегі досы Рамон Фернандеске барған. Міне, тілге жауапкершілік деп осыны айт.

Қазақта сөздік қоры ең бай жазушы – Мұхтар Әуезов. «Абай жолының» сөздік қоры шамамен жиырма мыңға жуық. Ал бүкіл шығармаларындағы қолданылған сөз санын есептесе, Виктор Гюгомен иық тірестіріп қалатынына сенім кәміл.

Күнделік пен қойын дәптер ұстамағанымен де (әңгімелерінің өзі қойын дәптердегі жазудың міндетін атқарған) Бейімбет Майлин жазу барысында тура сол арада кейіпкері айтуға тиісті сөзді есіне түсіре алмаса, қазақтың ауызекі сөзін барынша еркін меңгерген және не көңілденген,

не ашуланған кезінде неше түрлі қою мазмұнды сирек сөздерді бұрқырата жөнелетін бәйбішесінен сұрайды екен. Ол үйде болмаса қашан келгенше күтіп отырады екен. Кейде өзіне қажетті сөзді табу үшін Күлекенді әдейі күлдіріп, не қасақана ашуландырады екен. Кейде күйеуінің мұндай «тәсілін аңғармаған» Күлжамал жеңгей, қызып кетіп, екпінін эзер баса алмай қалған жайлардың болғанын өзінің естелігінде жасырмай жазған.

Сөз – өте қауіпті құрал. Ол – асыл ұстара сияқты, байқамасаң арандап қаласың. Сондықтан да «Орынын таппаған сөз жетім» дейді қазақ. Дұрыс және мағыналы сөз. Жазушы үшін тіпті де қымбат ұғым.

Өйткені, бірінші сөз, бірінші сөйлем, бірінші абзац – бүкіл шығарманың көркемдік болмысын шешіп береді. Кейін қаншама бұлқынсаң да алғашқы сораптан, алғашқы екпіннен, алғашқы ырғақтан, алғашқы мәнерден сытылып шыға алмайсың. Ол алғашқы ерінің тиген ерін сияқты көңіліңнің қошыңды жаңылыстырмайды, түйсіктің түкпірінен ынтықтыра мәпелеп, ырқына көндіреді де отырады, яғни, шығарманың көркем әлемінің пердесін ашып, суреттелуге тиісті оқиғаның босағасынан аттатады.

Мұндай сиқырлы әлемге кіретін есік бар да, шығатын есік жоқ. Алғашқы қарқыныңмен оқиғаның желісіне еріп бүлкектейсің де отырасың. Малтығуың да мүмкін. Азап та шегесің. Сөз іздеп сарылып, сөйлемнің құрылымын өзгерткің келіп неше түрлі қитұрқы құбылтуларға барасың. Сөз бен сөйлем суреттеген оқиғана, кейіпкерлеріңнің қас-қабағына, көңіл-күйіне, тіршілік қаракетіне, қоршаған ортасына, тап болған жағдайға сай келмейтіндей көрінуі мүмкін.

Былайша айтқанда, жаңа да болса жараспай тұрған киім сияқты әлгі сөз бен сөйлем жалпы шығарманың тұла бойына қонбай тұруы да ғажап емес. Бәрін де, кейіпкерлердің түртүсі мен іс-әрекетін де, оқиғаны да, оқиға өтетін жерді де, оқиғаның даму желісін де, оқиғаның көркемдік шешімін де өзгертуіңе болады. Тек алғашқы сөздің, алғашқы сөйлемнің, алғашқы абзацтың екпінін өзгерте алмайсың. Одан көрі шығарманы жазбай тастағаның әлдеқалай оңтайлы. Мысалы, Қайрош:

«Зытып келеді, зытып келеді. Артына қарай-қарай зытады... Зытып келе жатқаны – қашып келеді, артына қарай беретіні – қорқып келеді».

Енді Қайрошқа да, оны жазып отырған Ғаби Мүсіреповке де тоқтау жоқ. Сол «зытқаннан зытып отырып» қалаға келеді, онда байыз таппай жарты Еуропаны жайлаған ғарасат майданына аттанады, тіпті роман аяқталғанда да Қайрош Қарағандыға «зытып» бара жатады.

Кейіпкердің де, автордың да «орынында аялдауға» қақысы жоқ. Шығарманың заңдылығы солай. Өйткені алғашқы сөз «зытудан» басталып тұр. Сол бірауыз сөз бүкіл шығарманың желісіне екпін беріп тұр. Одан баяулатса – жазушыға мін, баяуласа – кейіпкерге сын. Себебі туындының бірінші сөзі іс-қимылға, екінші сөзі де іс-қимылға, бүкіл бірінші сөйлем іс-қимылға құрылған. Екеуі де сол екпінінен жазбауы тиіс. Бұл дегеніңіз, бүкіл шығарма – қимылға құрылды деген сөз.

Ал мына: «Күз аспаны күңгірт, бұлыңғыр. Ауада дымқыл сыз бар. Таң салқыны қазір күздің суық желіне айналған» – деген сөйлемнен кейін «зытып келеді, зытып келеді» – деп «зытқыта» жаза алмайсыз.

Бұл сөйлем іс-қимылға емес, ойға құрылған. Енді Мұхтар Әуезов өзінің күдіретті қаламын қанша зорлағанымен де «зытып келеді, зытып келеді» деп жаздыра алмайды. Керісінше, Ғабит Мүсірепов те қарындашы қанша үшкір ұшталғанымен де «зытып» келе жақтан Қайрошты тоқтатып алып, «күз аспаны күңгірт, бұлыңғыр. Ауада дымқыл сыз бар. Таң салқыны қазір күздің суық желіне айналған» дей алмайды.

Өйткені шығарманың екпіні сол арада үзіледі. Ал Мұхтар Әуезов ойлы Абайға астындағы атын борбайлата камшылатып, «зытқыта» жөнелмейді.

Өйткені, Альбер Камю өзінің өмірбаяндық «Долы пенде» атты эссесіне: «Да, быт может, грусть былых несчастий и есть счастье» – «Иә, бақыт дегеніміз, мүмкін, өтіп кеткен бақытсыздықтардың көңілге қалдырған қоңыр мұңы шығар» – деп мінездеме бергеніндей, «Абай жолы» да қазақтың басынан көшіп кеткен, қайтып оралмайтын көшпелі әлемімен қоштасқанын бейнелейтін «қоңыр мұңға» құрылған шығарма.

Міне, бірінші сөздің, бірінші сөйлемнің, бірінші абзақтың «неғылайынсыз қатал» күдіреті осындай. Екі сөйлем – екіұдай әлем.

«Қысқалық – таланттың қарындасы» деген ұстынды ұстанған, онсыз да қысқа жазатын әңгімеші Антон Павлович Чехов жазған әңгімелерінің алғашқы абзацын сызып тастайды екен. Ендеше, біздің әлгі «бірінші сөз, бірінші сөйлем, бірінші абзац бәрін шешеді» – дегеніміз жаңсақ қисын ба?

Кімбілсін. Суреткер дегеніміздің өзі, көркем шығарманың заңдылығынан басқа еш заңдылыққа бағынбайтын «қырсық мінездің» иесі емес пе.

Стендальдің: «Легче описать одежду и медный ошейник какогонибудь средневекового раба, чем движения человеческого сердца» – «Адам жүрегінің дірілін жеткізуден көрі, орта ғасырлық әлдебір құлдың киімі мен мойнындағы қарғысын суреттеу әлдеқайда оңай» – деуінің себебі де сонда.

Көркем шығармадағы әр сөз – көңіл қылын басатын бір-бір перне. Дәп баспасаң – жаңыласың. Чехов содан сақтанған болуы мүмкін.

Төртінші тарау

ТАБЫС : «КІМДІ?» – НЕГЕ ҚҰМАРТТЫ?

Осыдан барып, сол сөз бен сөйлемді құру тәсілі мәселесі келіп туындайды. Алғашқы сөйлемінің өзін жай құрмалас емес, күрделі құрмалас сөйлеммен лекіте бастайтын, ойлау жүйесі күрделі суреткерлер шоғыры бар.

Әлемдік үрдіске жүгінбей-ақ қоялық. Ал қазақта бұл тәсілді иін қандырып қолданғандар Мұхтар Әуезов пен Әбіш Кекілбаев, Оралхан Бөкей. Асқар Сүлейменовтің де күрделі құрмаласқа құштарлығы басым болатын. Тіпті ол қолданған үйір-үйір үйірлі құрмаластардың жігін ашудың өзі қиынға соғатын.

Ал жай сөйлеммен-ақ ындыныңды суырып алып, ықыласыңды өзіне аударып, суырыла жөнелетін жазушылардың екінші бір легі және мол. Қазақ қаламгерлерінің арасындағы Жүсіпбек Аймауытов, Ғабит Мүсірепов, Тәкен Әлімқұлов, Сайын Мұратбеков, Мұхтар Мағауин солардың алдыңғы қатарына жатады.

Ал мұндай қолтаңбалары ашық байқалмайтын, не тұрақты «көңілашар» мәнерді машық етпеген қаламгерлер қатары да жетіп артылады. Көзі қарақты, көңіл көзі ашық оқырмандар, алғашқы сөйлемді оқып жібергеннен-ақ, ол қай жазушының шығармасы екенін бірден сезе қояды. Мысалы, мынау кімнің шығармасы:

«Балконға шыққанында Атыраудың бетіне алтын жол салып, жарықтық күн де көтеріле берген. Сол теңіз үстіндегі алтын жолмен асықпай аяндап, жетім ботасын жетектеген Ақбота кетіп бара жатты... Жетім бота жетелеген қыз, эне, су бетімен шашбауы сылдырап, үкісі желбіреп кетіп барады... Мәңгілік сапарға жаяу кетіп барады».

Сөзсіз таныдыңыз, Иә, Оралхан. Оралханның «Ақботасы». Ал мынау жолдар кімге тиесілі:

«Ат тұяғынан құм сауырын ойып түскен дөңгелек шұңқыр лезде қайта толады. Алдындағы оқ бойы озық өңшең құла ат мінген күзет сарбаздарынан тау-тау шағылдың беткейіне де шашырап қалып жатқан көп із көзді ашып-жұмғанша-ақ ғайып болады».

Бұл Әбіш Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры» романындағы ең қарапайым алғашқы сөйлемдерінің бірі.

Алғашқы үзіктен сентименталді-романтизмнің, соңғысынан қазымырланған натурализмнің сарыны еседі. Оралхан сілтей салды емеуірінмен алып-ұшып баяндайды. Мұнда жалғыз қыз бен бота бар. Ал Әбіштің бір сөйлемінде бір елдің жұрттан көшкеніндей қою бояу бар. Аттың тұяғы, құм, құмдағы ойық, оқ бойы озған ат, тағы да құла ат, күзетші, сарбаздар, тау-тау шағыл, шашыраған шағыл, тағы да із, із ғайып болады.

Екі жазушының да өз оқырманы бар. Осы екі үзікті қарапайымдатып: «Жетім бота жетектеген қыз су бетінде кетіп бара жатты» немесе «Сарбаз мінген құла аттың құмға батқан тұяғының ізі лезде ғайып болды» – деп жазса қайтер еді. Жоқ, мүлдем болмайды. Бұл – жазушының көркем әлемі. Оны өзгерту – жазушының жанын кеудесінен суырып алғанмен бірдей. Жазушының өзі тандаған сөз алынса – шығарма өледі. Өйткені оның бүкіл жанжүйесі осы мәйекке ұйыған. Ол – рух мәйегі, рух уызы.

«Абай жолының» кейбір тарауларын жай құрмалас сөйлеммен аударған Николай Ановқа Мұхтар Әуезов:

«Мен шолтаң қаққан, тақ-тұқ еткен шолақ сөйлемдерді жек көремін. Менің стилім – Тургеневтің стилі емес, күрделі сөйлемдерге құрылған Бальзактің стилі. Ол менің көркем ойлау жүйем. Шолтаңдатпай аудар», – деп қатты налып хат жазыпты.

Ал Ғабит Мүсірепов: «Ащы ішекше шұбатылған сөйлем мен етістік менің жауым. Мен оларды қабылдай алмаймын» – деген.

Қайсысын қолдайсыз? Екі данышпан да өзінше дұрыс. Өйткені олардың жаны – әр сөздің, әр сөйлемнің ұшында тұрады.

Ал кім кімге жанын қиып бергендей. Тек шын талант қана өзінің туындысына жанын үзіп бере алады. Абайдың әлгі:

«Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл,
Не жазып кетсе жайы – сол,
Жек көрсең де өзің біл» –
дегеніндегі тәуекелі – осы тәуекел.

Яғни, «жан қимақ бар да, жандығыңды, тағы да яғни дейік, шығарманды қимақ жоқ. Шығармасын қорғап, өлімге бас тіккендер қаншама.

Есте сақталар, сақталмас заманда, миләдиден пәленбай ғасыр бұрын қытай императорлары сол уақытқа дейінгі хатқа түскен қолжазбаның бәрін өртетіп тынған. Тіпті, императорлар мен патриархтар талмуд, інжіл, забур тарапындағы құпиялар ашылып қалмас үшін «даналық мәйегі» атанған Александрия кітапханасын күлге айналдырған.

Әрине, кейін оның жаласын исламға жапты. Алайда Клеопатра мен Птоломейдің сіріңкенің шиін ұстаған саусақтарының ізін ешкім өшіре алмады. Оның үстіне жаңа дәуірдің қарсаңы мен алғашқы ғасырында мүсiмдік ойлау жүйесі әлі Алланың ғайып бесігінде тербеліп жатқан болатын.

Еуропалық христиандық инквизиция тұсында кітап пен қоса автордың өзі де отқа оранып кетті. Байрон мен

Пушкиннің жеке өмірін былай қойып, ойлаған ойына бақылау қойылды.

Мұндай қысымның құрсауына Гете маркасқа: «Чем более замкнутом становится образ жизни, скованной гражданским устройством, чем меньше страсти управляют миром, тем больше поэзия утрачивает то, что до сих пор являлось ее предметом...» – «Азаматтық құрылымның қысымынан өмір сүруің тұйықталып, дүние қызығын игеруге деген құштарлығың неғұрлым кеміген сайын, поэзия соғұрлым соған дейінгі басты ауаны болып келген киесінен айырылады» – деп баға берген.

Кітап атаулыны қорлаудың неше түрлі зәлім амалдарын тапқан кеңестік кесір идеология кезеңін Әуезов « тар заман» деп атаған.

«Бақытсыз Жамал», «Оян, қазақ», «Қорқыт», «Ақбілек», «Қилы заман» жөргегінде тұншықтырылды. «Абай жолының» әр жолын – тасқа басатын хатшы келіншектен бастап КПСС Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Суловқа дейін бақылап отырды. «Кеңестік өмірдің жыршысы» Сәбит Мұқановтың өзін «Жанымды қисам – қияйын, қаламымды қолымнан алма» дегізген, жазалау саясатының қысымына шыдамаған Мұхтарды «Қаракөз», «Еңлік Кебек», «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман», «Хан Кене» сияқты тағдырлы шығармаларынан бас тартқызып: «Абай» романын жазып қалу үшін тәуекел тілейтін көп қиындықтан бас тарттым», – деген сылтауды айтқызған да сол «кер заман».

Ождан азаттығы үшін заман тұншықтырған кейіпкері Фаустың жанын шайтанға айырбастатқан Гете «тар заманның» тылсымына қарсы күрес жолын ұсынады. Ол бұл туралы: «Недостаток характера у отдельных теоретиков и писателей – вот главный источник зла в нашей литературе» – «Кейбір әдебиет теоретиктері мен жазушылардың бойындағы мінездің жетіспеушілігі – біздің әдебиетіміздегі дұшпандық пиғылдың басты көзі болып табылады» – депті.

Жалпы, мінезсіз суреткер – суреткер емес. Кәдімгі көп жалпақ шешейдің бірі. Ал мінезін заман ыркы билеген суреткерді бақытты суреткер деп айтуға болмайды.

Өзінің заманы туралы Антуан де Сент-Экзюпери өлерінен аз ғана бұрын жазған «Еленаның қуғындалуы» атты

эссесінде: «Я ненавижу свою эпоху... Но эта эпоха – наша, и мы не сможем дальше жить, ненавидия самих себя», – «Мен өзім өмір сүрген заманымды жек көремін... Бірақ, бұл дәуір – біздің дәуіріміз, сондықтан да бұдан әрі біз өзімізді өзіміз жек көре отырып өмір сүре алмаймыз» – депті.

Демек отаны үшін отқа түсіп, жүйкесі жұқарғанша аспанда дұшпанымен шайқасқан Экзюперидің өзі «өз қоғамына жеккөрінішті» атанғаны ғой. Мұның басты себебі...

Билік иесі мен кесірлі қоғам үшін ең қауіпті адам – жазушы.

Өйткені оның жанкештілікпен жазылған әр сөзінде, әр сөйлемінде, әр абзацында «Ызалы жүрек, долы қол, Улы сия, ащы тіл, жазып кеткен» қоғамның ащы шындығы бар. Суреткер біткен «ақыл мен әділетке» жүгініп, «Дүние кірін жуынып, Көрініп (кәрленіп, қаһарланып) ойға сөз салады. Қыранша қарап қырымға, Мұң мен зарды қолға алады. Кектеніп надан, зұлымға, Шиыршық атып, толғанады» (Абай).

Соған мүмкіндік берген киелі Сөзін қорғайды. Тәуекелге барады. Түрмеге жабылады, сотталады, атылады.

Бұл көңіл-күйді Альбер Камю өзінің өлерде жазған «Долы пенде» («Бунтующий человек») атты эссесінде: «Лучше умереть стоя, чем жить на коленях»; «Я встаю, следовательно, мы существуем» – «Тізерлеп өмір сүргенше, тік тұрып өлген жақсы», «Мен бұлқынамын, демек, мен тірімін» – деп жеткізген.

Сондықтан да, олардың артында жанын бір беріп, бір қайтарып алып отырып жазған сөз бен сөйлемнен, абзацтан құралған шығармасы қалды.

Демек, жазушының «Айтқан сөзі – атылған оқ».

2.«НЕНІ?» – КӨЗДЕЙДІ?

Енді сол «атқан» оқ айдалаға лағып кетпей, адаспай, көңілің көздеген қарақшыға дәл тию үшін де әуелі нысананы анықтап алуы тиіс. Содан кейін барып белгіленген белгілі бір сара жолға түсу қажет. «Соқыр, мылқау танымас тірі жанның» кебін кешіп, шабытқа шабынып, бес қаруыңды – өмірлік шындықты, сөздік қорды, сөз бен сөйлемнің

ырғағын, «жұмыстың оңтайлы машығын» – сайлап алған соң бір соқпаққа түсіп, көркем әлемге сапарға аттануың тиіс.

Бұл – ұзақ, «соқтықпалы, соқпақсыз», «соқыр» сапар. Өйткені бейішке бергісіз көркем тылсымның ішінде сен жалғызсың.

Бұл – «бейнет сусынын» зейнет сусынына айналдырғысы келген жалғыздың жанталасы. «Жазушының жан серігі» – қойын дәптер де мұндайда көмекке келмейді. Ол бағана өзің табалдырығын аттаған көркем кеңістіктің босағасында қалған:

«Бүгін не жазатынымды білмеймін. Алдын ала жоспар құрмаймын. Жазу столына отырып, қалам ұстаған кезде ойыма не оралады, соны сүйкектете беремін. Көркем әлемнің бір пердесінен кейін бір пердесі ашыла береді және бір жазғанымды қайта түзетпеймін», – деген данышпандар да жеткілікті.

Мысалы, Вольфганг Гете, Виктор Гюго, Чарльз Диккенс, Жорж Санд, Александр Дюма, Михаил Шолохов, Шыңғыс Айтматов, Юрий Бондарев, қазақтан Жүсіпбек Аймауытов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Ілияс Есенберлин, Сәкен сері, Оралхан Бөкей сондай ұстанымды діттеген. Генрих Ибсен, Лев Толстой, Иван Тургенев, Александр Куприн, Мұхтар Әуезов, Әзілхан Нұршайықов, Мұхтар Мағауин сияқты қаламгерлер қойын дәптер ұстап, күнделік толтырып, кейпкерлердің жеке өмірбаяны мен сөздік қорын жасауды шабыттың тоятын қайтаратын, «етекбастылыққа» ұрындыратын іш пыстырарлық басы артық іс деп санаған.

Солайы – солай да шығар. Бірақ бұл шындыққа еш жанаспайды. «Ессіз шабыттың» буына шалқып, балқып, көркем кеңістіктің ішінде шарықтай самғауы мүмкін, алайда, көркем шығармашылықтың психологиясы «есіргенді», «еліткенді» ұнатқанымен де, «ессіздікті» сүймейді.

Өйткені көркем шындықтың өзінің қатал, «неғылайынсыз» заңдылығы бар. Сен сол көркем шындыққа сөзсіз бағынасың. Әйтпесе, әлгі «кінәмшіл келіншек» табан астында ажырасуды талап етеді. Егер оған тастабандап көнбесең, онда сенің өзіңді талақ етеді. Өйткені, сенің өзің можантопай шындықтың қойынынан сүйретіліп шыға алмай, оны сатып жіберіп тұрсың.

Ал ұрғашы арыстанның қызғанышындай қызғаныштан тірі қалуың қиын.

Көркем шығарма, әсіресе сан сарынды ырғақ пен ой ағысына, сансыз кейіпкерлердің тағдыр мен көзқарас тоғыстарына, не қайшылықтарына құрылған күрделі туындылар –өзінің қаңқасы (фабула) мен композициялық құрылымын, сюжет желісінің нобайын міндетті түрде алдын ала белгілеуді талап етеді. Олар, Абай айтқандай, «қуатты ойдың күшімен бас құрайды». Көркем ой неғұрлым нақтыланып, қуат жиып, күш алса – шығармашылық үрдіс те соғұрлым нәтижелі болмақ.

Демек, адассаңда – «көркем кеңістік» атты әдемі де әдепті әлемнің әдебін бұзбай әдемі адасуың керек. Жоғарыдағы «ессіз шығармашылық үрдісті» аңсарына айналдырғандар шындықты емес, сол сәттегі өздерінің шығармашылық «көңіл қошын» ғана жеткізген. Әйтпесе, олардың барлығы да жоғарыда аталған сыпаттарды басынан кешкен. Тіпті, «жан серіктеріне» сүйенген қаламгерлерден көрі, олар әлдеқайда киналысқа, тіпті, күйзеліс пен дағдарысқа ұшырауы мүмкін.

Ал «белгіленген нобайдан» шықпай, кейіпкерлерінің еркін тым тежеп, бір сызықтың бойына қақпайлап әкеле берсең де, пәлеге қаласың. Орыстың: «Борзеть то борзей, но не хами» – «Есірсең – есір, бірақ басынба» – деген мәтелі тура осы араға дәп келеді.

Себебі, көркем шындықтың қалауы – қалау, одан бас тарта алмайсың. Жазушы санасының қос жарылатын тұсы да осы мезет, айрықтың қосылатын құйғаны да осы атырау.

Жазушы бұл тұста: «Бүгін мені Наташа тастап кетті. Жоламай қойды. Бір жол жазғамын жоқ» (Пушкин) – деп мұңайып, не «Бүгін маған Нора келді. Үстінде көгілдір түсті көйлегі бар екен. Ол бөлмеге кірді де менің иығыма қолын салды» (Ибсен) – деп қуанып, не «Софья, мына Наташаға (Ростоваға) айтшы, Пьер Безуховқа күйеуге шығайын деп жатыр. Шықпасын. Ол кәдімгі токмейіл мешан ғой» (Толстой) – деп налуы, «Пәлі Абай өлейін деп жатыр ғой. Қалай өлтіреміз» (Әуезов) – деп торығуы мүмкін.

Суреткердің өз әлемі – кейіпкерлер әлемімен астасып кетіп, шын дүниемен өзі қолдан жасаған дүниенің парқын ажарата алмай, жазушының: «Человек видел во сне бабочку, и, проснувшись, он задумался о том, он ли видел во сне

бабочку, или, может быть, бабочка увидела во сне его» – «Адамның түсіне көбелек кірді, ол ояна салып: ұйықтап жатып көбелекті мен түсімде көрдім бе, әлде, көбелек ұйықтап жатқан мені көрді ме» (В.Шкловский) – деп сансырап, алмағайып күй кешетін мұндай сәттері де жиі ұшырасады.

Қазақтың арыстан жалды ақыны Қалижан Бекхожин Сағдидың «Жеті аруын» Қырымдағы демалыс үйінде ұзақ жатып аударып бітіргенде, Алматыдағы бала-шағасына: «Жеті сайқалдың да шаруасын бітірдім. Енді демаламын» – деп жеделхат жіберіпті.

Сөйтіп, сөз бәсекесіне шақырған жеті ару – жеті сайқалға айналып шыға келген.

Міне, «ессіз» үрдіс те, суық қисын мен нобайға құрылған «сара жол» да жазушы мен оның кейіпкерлерінің арасына осындай дүрдараздық тудыруы мүмкін.

Әрине, Пушкин мен Толстой, Әуезов сияқты көркем қиялдың киелі иелерін мойындатқан көркем шындыққа сен де еріксіз бағынасың.

2.«НЕНІ?» – НЫСАНАҒА АЛАДЫ

Өйткені, әлемдегі шындықтардың ішіндегі ең абсолютті шындық – көркем шындық. Ал оны тұтастырып, өмірдің шытырман қайшылықтары мен тартыстарын қамшының өріміндей бір салаға жымдастыратын нысана – көркем идея !

Көркем идея – суреткердің жеке басының жан қалауынан туған аңсар. Өткенге, бүгінге, ертеңге, тарихқа, тарихи оқиғаға, тарихи тұлғаға, жеке адамға, табиғат құбылысына көзқарасы. Сол көзқарасын көркем ойдың күшімен қалайда жария жеткізуге ұмтылған құлшынысы. Жазбаса – ындыны басылмайтын ынтасы. Белгісіз алыс кеңістіктегі рух ұстыны.Тілге, әуенге, суретке ауысқан ділі. Көркем идея ешқандай нақты қисынның аясына сыймайды және оның барлық ауқымды әрі ғайып құсы сияқты бейнесіз мағынасын түсіндіріп те бере алмайсың. Суреткер атаулының санасын баураған осынау таңғажайып аңсарды «мақсат пен міндет» деген қарабайыр ұғыммен түсіндіруге болады.

«Кто к тайнам жизни рвется мыслью каждой, то в своей душе находит их родник» – «Кім де кім, «санаменен

сарғайып» (Абай) өмірдің құпиясын білуге құлшынса, онда ол өзінің рухынан оның (идеяның –Т.Ж.) бастауын сөзсіз табады» (Гете).

Сонымен, көркем идея дегеніміз – көркем көзқарас. Суреткер өзінің көзқарасын көркем дәйектеуге ұмтылады. Сол аңсарына орай алдына мақсат қойып, оны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін міндеттерді белгілейді. Біз осы уақытқа дейін тәпсірлеп келген шығармашылық кілтпандардың барлығы сол мақсат жолына бағынады және қызмет көрсетеді.

Мысалы «Толстой, начиная «Войну и мир», определяет отношение разных людей к Наполеону» (В.Шкловский) – «Толстой, «Соғыс және бейбітшілікті» жазу арқылы әр қилы адамдардың Наполеонға деген көзқарасын анықтайды».

Тура осы пікірді М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясына қарата да еш күдіксіз, сеніммен айтуға болады. Айырмашылығы, көркем тартыс үшін шартты түрде алынған жағымсыз бейнелерден басқа «Абай жолындағы» 5250-ден астам кейіпкердің барлығы да тек Абайдың ғана көзқарасына ықтайды, тек Абайға ғана кеп жүгінеді. Неге?

Қалың-қалың алдыңғы үш кітаптағы «соғыс пен бейбітшілік» туралы көркем талдау жетпегендей, Толстой өзінің Наполеонға деген көзқарасын төртінші кітапта тұтастай тәпсірлеп шығады. Өйткені, жазушының көркем идеясының өзі осы «тарихи көркем талдау» болатын.

Ал Әуезов оған мүлдем қарама-қайшы бағытты ұстанды. Суреткер өзінің көркем нысанасын: Абайдың өмірі мен өлеңін көшпенділер әлемімен өрімдей бейнелеп, дана Абайды және Абай арқылы қазақ елін дүниеге таныту. Сол мақсатқа жету барысында тарихи шығармаға тән барлық көркемдеу әдіс-тәсілдерін пайдалау. Сөйтіп, Абайды – адамзаттың Абай ретінде бейнелеп шығару – деп түсіндірді.

Бұл идеяның толық және сәтті орындалуына жиырма жыл уақыт кетті, яғни, бір адамның өмірі жұмсалды. Төрт томдық шығарманың басынан аяғына дейін оқып шығып, Абайға ессіз ғашық боласыз. Бойында секем алатын иненің жасуындай мін болсайшы. Әлгі: «Өзім де өрге шауып, төске өрледім, Қазақта қара сөзге дес бермедім», – дейтін өр мінезі айналып-толғанған мейрім мен қайырымға айналып кеткен. Оқыған сайын егілесің.

Мұның себебі неде?

XX ғасырдағы орыстың ұлы ойшыл сыншысы, әдебиеттанудың атақты теоретигі, Виктор Шкловскийдің көркем идея мен көркем әлемге – шығармашылыққа қатысты айтқанындай: «Слова само не плачет и даже не всегда ориентирует» – «Иә, сөз – тектен текке жылатпайды, тіпті, кейде есіңнен де адастырып жібереді».

Сол көркем идеяның аңсарынан туған көркем әлем – суреткердің еркін қиялымен өмірге келген тәуелсіз кеңістік. Оған нәр беретін екі үлкен күретамыр бар. Ол – өмірлік шындық пен көркем шындық.

Өмірлік шындық – кәдімгі қарапайым, қарабайыр, күнделікті етекбасты шындық. Ол суреткер үшін шикізат қана. Сол шикізаттан қандай түйін түйемін десе де суреткердің өз еркі. Өйткені, ендігі шындық суреткердің идеясына бағынған жасанды, яғни, туынды шындық. Жазушы, суреткер, шығарма, туынды, өнер (искусство – жасанды) деген ұғымның өзі содан туған.

Юрий Тыняновтың: «Өмірлік деректер аяқталған жерден көркем шығарма басталады» – деуі де сондықтан.

Өзін-өзі сыйлайтын және өнер атаулының заңынан хабары бар суреткер ешқашанда өмірлік шындықты өнеріне өзек етпейді. Дүниедегі жалғыз шындықты сол қалпында хатқа түсірдім, тек қана шындықтың өзін жаздым не жазуға ұмтыламын деген адам – суреткер емес. Егер ол ниетінен қасарыса айнымайтын болса, онда ол адам дереу өнер әлемінен кетуі керек. Өйткені ол суреткер емес, өмірдің можантопай көшірмешісі ғана. Шын суреткер өмірдің мың шындығын тиірменге салып уатып, «ой қуатының» күшімен ұнтақтап, шабыттың демімен аптап, жалғыз-ақ шындық, көркем шындық жасап шығарады. Және сол жасанды, туынды шындықтың өмірлік шындық екеніне күдіксіз сендіруі тиіс.

Мен өзімнің шәкіттеріме дәріс өткенде сәл желпіне: «Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» тарихи роман-эпопеясында өмірлік бір шындық жоқ. Сенбесеңіз романның кез-келген бетінен кез-келген оқиғаны маған оқып беріңіз. Мен, қара басып қалмаса, сол оқиғаның өмірлік шындық емес екенін дәлелдеп беремін. Ал, керісінше, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» шығармасында көркем шындықсыз бір сөйлем

жоқ. Бәрі де шындық. Нанбасаңдар кез келген беттегі кез-келген сөйлемді оқып беріңіз, есімнен жаңылып қалмасам, табан астында дәлелдеп беремін», – деймін, «тарихи роман-эпопея» мен «Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» шығармасы» дегенді тілімнің астына маржан етіп жасыра отырып.

Әрине, Абай – Наполеон емес, Наполеон – Абай емес. Ақынның гуманист болуы заңды. Дегенмен де, Мұхтар Әуезов өзінің көркем идеясын жүзеге асыру үшін Құнанбай, Тәкежан, Оразбай сияқты жағымсыз кейіпкерлердің өзін Абай бейнесін биіктен-биікке көтеретін баспалдақ ретінде пайдаланған. Ал өмірде өзі екі рет жер аударған Базаралымен кимас дос еткен. Тіпті Абайға қатысы жоқ тарихи оқиғаларды «қатысты етіп», «қақтығыстырады».

Қысқарта айтқанда, тарихи көркем шығармада сақталуға тиісті жеті шарттан басқа барлық мүмкіндікті пайдаланған. Қарсы шыққандарға да, қабылдамағандарға да уәжі дайын.

Мінсіз Абай бейнесін сомдау – Мұхтар Әуезовтің көркем идеясы. Ал көркем идея – тәуелсіз, Абайша айтқанда, «тәңірінің берген сыйы». Тәңірдің берген сыйына ешкім олжа сала алмайды.

Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» эпопеясының көркемдік ерекшеліктері туралы В.Шкловскийдің:

«Жазсаң – көңіл шерің тарқайды» – «Слова освобождает душу от тесноты»,

«Проза – оқиғаның себебін қайталап анықтайды. Сөйтіп ол тарихтың орынын ауыстырады» – «Проза возвращает причину события. Она перестраивает историю»;

«Тарих – адамзаттың жадын жаңғыртады» – «История обновляет память человечества»;

«Өнер – бейнелі ойлау жүйесі» – «Искусство – это мышления образами»;

«Поэзия дегеніміз – ойлаудың ерекше тәсілі, соның ішінде образбен ойлау» – «Поэзия есть особый способ мышления, а именно, мышления образами»;

«Қарасөзбен жазылып, өлең ретінде қабылданатын, керісінше, өлеңмен жазылып, қара сөз ретінде қабылданатын шығармалар болады» – «Вещ может быть: 1. Создана как прозаическая и воспринята как поэтическая. 2. Создано как поэтическая и воспринята как прозаическая» – деген пікірлерін М.Әуезовтің «Абай жолына» қарата да пайдалануға болады.

Өз сөзін өзінің атынан пайдаланғанымыз үшін, эвакуация кезінде Алматыға келіп, кейін еліне қайтқан соң: «Ұмытпаспын. Ұмытылмайтын күндер өткіздім. Рахмет, Мұқа!» – деп М.Әуезовке алғау жеделхатын жолдаған В.Шкловскийдің аруағы біздің бұл еркіндігімізге қарсы уәж білдіре қоймас.

Бұған қосарымыз, «Абай жолы» «Қарасөзбен жазылып, өлең ретінде қабылданған» шығарма. Суреткердің ұстанған мақсаты мен көркем көзқарасы, яғни, көркем идеясы да осы болатын.

Себебі: «Поэтикалық образ дегеніміз – барынша әсерлендіріп жеткізудің бір амалы ғана»– «Образ поэтический – это один из способов созданий наибольшего впечатления» (В.Шкловский).

Міне, мұны әдебиет қисынында – «көркем шындық» деп атайды.

Көркем шындық – суреткердің суреткері ғана қол жеткізетін шындық. Тіпті, талғамы қалыпты қарапайым оқырманның өзі шығармадағы өмірлік шындыққа емес, көркем шындыққа сенеді. Кеңес тұсындағы кеңсешіл кемел жазушы А.Чаковскийдің біз қатысқан бір кездесуінде: «Өз уақтысында СССР мемлекеттік сыйлығын алған «Бізде қазір таң атты» – «У нас уже утро» атты романындағы Весальшаков деген кейіпкер шалдың оқиғасы өмірден алынып еді. Сюжет 20-30 жылдардағы мұхиттағы оқиғаны баяндайды. Шал өмірінің соңында ұлының қолына келіп тұрады. Сыншылар соны өтірікке санап, сынап, ақыры сенбеді. Романдағы жалғыз шындық сол еді» – дегені қатірамызға жазылып қалыпты.

Демек, Чаковский өмірлік шындықты көркем шындық деңгейіне жеткізе алмаған. Көркем қиялы шарықтап ұшпай, жер бауырлап қалған. Дайын шындық тұрғанда, «ой қуатын» артық жұмағысы келмеген. «Шығармашылық қуатты үнемдеу заңы да барлық мойындалған заң атаулыға тән ережеге бағынады» – «Закон экономии творческих сил также принадлежит к группе всеми признанных законов» (В.Шкловский). Демек, кеңестік кермиық жазушы Александр Чаковский де көркем шығарманың заңына бағынуға тиісті еді. Бірақ, соған қарамастан «сыбағасымен» қоса сыйлығын да алып тынды. Бұл оның «диірмен» тартуға жарап қалған

кезі еді. Сыйлығы қалтасында қалды, ал шығарманың сол беті аты өшті.

«Қасаң өмірлік шындықтың беломыртқасын опырып, уатып, көңіл тиірменінен қайта өткізуді» шығармашылық басты мақсаты еткен Гете дегдар бастаған дүние әдебиетінің тәмсілдерін ескере отырып, бұл арада өзімізге етене өмірді бейнелеген Мұхтар Әуезовтің көркем тәпсіріне жүгінеміз. Өйткені Мұхтар Әуезовтің көркем шындықты игеру тәжірибесі әлемдік әдебиеттегі сирек құбылыс. Өмірлік шындық пен көркемдік шындықтың арақатынасын салыстыра талдасаңыз, шындығында да, жазушының «қиыннан қиыстырған» көркем ой қуатына таңғаласыз. Эпопеяға шіміркендіре желі тартқан негізгі оқиғалар мен сюжеттің бір де біреуі өмірлік шындыққа сай келмейді.

Мысалы: Қодар – Қамқа қасіреті өмірде болған оқиға және оны Абайдың көруі мүмкін емес. Өйткені оқиға ол тумай тұрған кезде өтіп кеткен. «Мұсақұл соғысында» ара ағайындыққа жүруі де неғайбыл. Себебі ол қақтығыс 1845-1846 жылдары, Абай жөргекте жатқанда орын алған. Бөжейдің асын көруі мүмкін, алайда асты басқарып, атағын шығарған емес. Бөжей Абайдың бес жасында, 1850 жылы дүниеден қайтқан. Құнанбай аға сұлтан болып тұрғанда Қарқаралыға ере барып, Ділдәні алып қайтпайды. Құнанбай 1849-1851 жылдардың арасында, оның өзінде де алты ай ғана пәрменді аға сұлтан болған. Қалған уақытын Омбыда «мырзақамақта» өткізген. Тәкежанның жылқысын барымталаған Базаралыны Абай қорғамақ түгілі қостамаған. Себебі, Базаралыны ұрлығы үшін итжеккенге айдатқан Абайдың өзі.

Сонда өзі романның қай желісі өмірлік шындыққа саяды? Бұл кемшілік пе? Жоқ. Өмірлік шындықты көркем идеясына «қызмет көрсеттіруі» үшін «қуатты ойдан бас құраған» көркем шындық және абсолютті шындық. Осы «қиыннан қиыстырған» көркем шындығы бәрінен қымбат.

Адамды сендіреді, шіміркендіреді, ойландырады. Суреткер тарихи шығармада қиянат жасауға болмайтын өмірлік шындықтың жеті қатаң талабын орындаса: кейіпкер өмір сүрген қоғамдық формацияны сақтаса (Абайды социализмде өмір сүргізуге болмайды), кейіпкердің туған-өлген жыл аралығын (1845-1904) өзгертпесе, ұстанған дінін

(мұсылман) ауыстырмаса, өмір сүрген ортасының табиғи жағырапиялық ерекшелігін нақты бейнелесе (Шыңғыстауда пальма мен кактус өспейді), жеке дене сыпатына өзгеріс енгізбесе (Абай соқыр не ақсақ емес), заңды некесін көрсетсе (үш әйел алған), сол замандағы өркениет жетістігін ғана пайдаланса (Абайды ұшаққа отырғызуға, көңкеге мінгізуге болмайды, ол кезде бұлар жоқ) – жетіп жатыр. Суреткерге бұдан басқа тыйым салынбайды.

Осы талаптарды сендіре суреттегені сондай, «Абай жолы» роман-эпопеясы «қазақ тұрмысының көркем энциклопедиясы» (Қ.Сәтбаев) атанды. Тарихи шындықты көркем шындыққа сіңіре білгені сондай, миләдиден бұрынға төртінші ғасырда скифтердің көсемі Атей патша Александр Македонскийдің – Ескендір Зұлқарнайынның әкесі Филипп патшаға қолданған соғыс тәсілін Құнанбайға «Мұсақұл соғысында» қолдандырады. Қыр астынан қалың түйені қарсыластарына қарай шаңдата жауып жібереді.

Көшпелілер қоғамынан орын алған тарихи шындық болғандықтан да ешкімнің оған дау айтуға қақысы жоқ. Суреткер – шығарма – кейіпкер уақыты – тарихи уақытпен жігі білінбей жымдасқан. Сондықтан да көне заманды зерттеген тарихшылардың өздері оны дерек көзі ретінде пайдаланды. Мысалы, шамамен YI-X ғасырда өмір сүрген хазар империясының тарихын зерттеген М.И.Артамонов:

«Оның (Ибн Фадланның, X ғасырдағы араб саяхатшысы – Т.Ж.) жазбаларындағы көріністерді, Мұхтар Әуезов «Абай» атты тамаша шығармасында суреттеген қазақтардың тұрмысымен салыстырсақ, мынаны – X және XIX ғасырда өмір сүрген көшпелілердің тұрмысындағы ұқсастықтардың соншама көп екенін байқау онша қиын емес, олардың өмір сүрген қоғамы өте аз өзгеріске ұшырапты, «Абайдағы» жарқын бейнелерді негізге ала отырып, біздің отанымыздың ұлы даласында осыдан мың жыл бұрын өмір сүрген көшпенділерді нақты көз алдымызға елестете аламыз», – деп жазды.

Толстойдың суреткерлік психологиясын дйттеген тағы да сол В.Шкловский тілмәр айтқандай, шығармада: «Кездейсоқ ұқсастықтың болуы мүмкін емес, ұқсастықтың өзі сюжет құрылымының ерекше заңдылықтарымен ғана түсіндіріледі» – «Случайное совпадения не возможны.

Совпадения объясняются только существованием особых законов сюжетосложения».

Міне, бұл – шындыққа бергісіз көркем шындықтың күдіреті.

Сол қолдан жасалған шындықты өзің өмір сүрген замандастарыңның мүддесімен байланыстыра білсең ғана парызың мен міндетіңді орындағаның.

Гете: «Өз заманыңмен бірге өмір сүр, бірақ оның жасанды төлі болма: өз замандастарың неге мұқтаж болса, соған қызмет ет, ал олар мақтаған нәрсеге жолама» – «Живи со своими веком, но не будь его творением: служи своим современникам, но тем, в чем они нуждается, а не тем, что они хвалят» – деп ақыл айтады.

Өйткені өзіңнің көркем идеяңды замандастарыңа әсерлі жеткізе алсаң ғана, шындығың белгілі бір мәнге ие болады. Өзіңнің кім екеніңді, не айтқың келгенін замандастарың міндетті түрде мойындауы тиіс. Онсыз дйттеген мақсатыңа жете алмағаның, қойылған міндетті орындамағаның.

Гете көркем идеяның мақсат пен міндетке айналуын: «Өзіңді-өзің қалай тануға болады! Жасамспаздықпен емес, тек шешуші әрекетпен. Әуелі өзіңнің парызыңды өтеуге ұмтылып көрші – сол сәтте-ақ өзіңді-өзің тани бастайсың. Ал, сенің парыз дегеніңнің мағынасы не өзі? Ол бүгінгі күннің талабы» – «Как можно самого себя познать! Отнюд не созерцанием, а только действием. Попробуй исполнить свой долг – и тот час себе познаешь. Но что, в сущности, твой долг? Требования дня» – деп түсіндіреді.

Шындығында да өз дәуіріңмен үндестік таппаған туынды – жетім туынды.

Сонымен, суреткер психологиясымен тікелей астасып жатқан көркем идея, көркем әлем, өмірлік шындық, көркем шындық, суреткерлік парыз туралы тереңдетілген талдауларды теориялық еңбектердің еншісіне қалдыра отырып¹, енді суреткерден қисынды машық-мантықты (логиканы) қажет ететін сюжет құрылымын қиыстырудың қамына қатысты шытырманды ойдың шырғалаңына көшеміз.

¹ Егерде бұл мәселеге ықыласыңыз ауып, тереңдете білгіңіз келсе, онда осы автордың «Бесігінді түзе!..», «Бесігінді ая!..», «Бесігінді аяла!..», «Бейуак», «Бұзылған бесік!..», «Бесігінді ұмытпа!..» атты әфсаналарымен танысып шыққаныңыз абзал – Т.Ж.

Төртінші тарау

ТАБЫС 1.«КІМДІ?» – КӨГЕНДЕЙМІЗ?

Әрине, кейіркерлерді.

Өйткені, жоғарыда аталған жүйкені шүйкелейтін кам-қаракеттің барлығы да сюжет атты арналы дарияның жағасына шоғырланып, суат сәтін – шығармаға кіретін кезегін күтіп тұрады.

Ұмытылып кеткен қазақы ұғыммен айтсақ, көгеннің моншағын шешіп, енесінің бауырындағы емшекті емін-еркін сорпылдата соруға құмартып, жамыратуға жіберуін асыға күткен қозы сияқты мазасыз тізіліп тұрады. Қайсысын бұрын ағытады, қайсысын кейінге қақпайлап қалады, қайсысын енесіне, яғни, шығарманың желісіне зорлап телиді, ол тек суреткердің еркіне байланысты шаруа. Көгеннен ажыратылмай, жағада кезегін күтіп мүлдем ұмыт қалатын, яғни, шығармадан тыс қалатын оқиғалар мен кейіпкерлер де болады.

Мысалы, Гете соншама кірпияздықпен дайындалған «Вертердің» өліміне қатысты соңғы көріністерден мүлдем бас тартқан. Егер ол көріністі жазса, өзі де сондай құмығумен өлетіндей сезінген.

Әуеліде әйелдің зинақорлығын әшкерелеу үшін дайындаған «Сылқым келіншек» атты роман жазбақ болған Лев Толстойдың «көгенделген кейіпкерлерінің» барлығының моншағы ағытылмай қалған. Себебі, шығарма сюжеті өзіне бағынбай, көркем шындыққа қиянат жасай алмаған суреткер, Анна Каренинаны ақтап шыққан. Қосаққа тосыннан мүлдем басқа кейіпкерлер қосылған.

Абайдың көзқарасының қалыптасуына тікелей ықпал жасап, кітапқа ынтызарын аударып, Омбыдан батыс, орыс жазушыларының шығармаларын әкеп беріп, көркем ойға тәрбиелеген Айғыз шешесінен туған ағасы Халиолланы екінші, үшінші кітаптың сюжетіне араластыру үшін Мұхтар Әуезов оның өмірі туралы мағлұматтарды былай қойып, мұрағат деректерін де қарастырған. Шығарманың жазылу барысында Халиолла мүлдем ысырылып, Абайдың «көзін ашқан Михаэлис» болып шыға келді. Ал әскери корнет Халиолла Өскенбаевтің жеке бас трагедиясын ойдан құрастырылған образ Дәрменге телиді.

Ғабит Мүсірепов «Қазақ батыры» атты алғашқы романын «Қазақ солдаты» деп өңдеп жазған тұсында кейіпкерлерінің бестен бірін «жұмыстан шығарып жіберді», яғни, қысқартып тастаған.

Шығармашылық үрдіске кәсіподақтың құқы жүрмейді. Оның құқы – суреткердің өзі сайлап алған президенті – көркем идея мен көркем шындықта. Сюжет сол президенттің бұйрығын орындаушы, ал сюжеттің құрылымы мен желісі мантикқа – логикаға бағынады.

Мінезді ұлы суреткерлердің дені: «Сюжет деген – менің өзім, менің қуатты қиялым» (Гете, Гюго, Байрон, Пушкин, Толстой, Достоевский, Абай, Мағжан, Мұқағали) – деп кеуде қағатыны да сондықтан.

Себебі, бұл суреткерлердің шығармаларының дені жеке бастарының өмірлік әсерінің көркем көрінісі болып келеді: Лермонтов жазып, Абай аударып жеткізгеніндей:

Нені сүйді, дүниеде неден күйді,

Қазысы оның – ары мен бір-ақ құдай.

Тіпті, ілгері жетелеген құпия құштарлықтың себебін олар іздеп те жатпайтын сияқты. Өйткені олардың тұла бойының өзі тұнған көркем болмыс. Өмірдің өзін көркем әсерге айналдырып жіберген. Енді сол әсерін жүйелеп беру ғана қалады.

«Мен қашанда өзім басымнан кешіргенді ғана бейнеледім, ауаны қармап жоқтан бар жасау ешқашанда маған тән мінез болған емес, мен қашанда: өмір менен көрі данышпан – деп есептедім» – «Я всегда изображал пережитое; извлкать из воздуха никогда не было мне свойственно, я всегда считал, что жизнь более гениально, чем я...» – деп Гете данышпан айтқандай, Мұхтар Әуезов те тек өз басынан кешкен тарихи дәуірді суреттеді.

Әрине, Гете – рухын шайтанға сатқан Фаустың, Достоевский – кемпірдің басын балтамен қағып түсіретін Карамазовтың, Әуезов – Қодар-Қамқа қасіреттерін басынан кешірген жоқ. Бірақ көркем әлемді сюжетке түсіру сәтінде барынша сезінді. Сол сюжеттің барынша қисынды қиысуына байланысты шығарманың көркемдік шындығы ашылады.

2... және «НЕНІ?» МӘТІП ЕТЕМІЗ

Сол көркемдік шындықты ашу үшін құрылған сюжеттің өзі қыртыс-қыртыс, қат-қабат, қатпар-қатпар болып келеді. Оны қатпарлауға мәжбүр ететін тағы да сол көркем шындық. Ол талапты орындамаса көркем идея көмескі тартады. Көркем идеяның көмескі тартуы – шығарманы шала тудырғанмен бірдей. Ал шала шақа үшін санаңның сарасын шайқап, дүниені астан-кестен төңкеру – зая кеткен өмірмен тең.

Шығармашылық психологияның негізгі мәтібін жүйеге түсірген Ян Парандовский арғы-бергі замандағы көркем шығармаға арқау болған мұқым сюжеттердің желісін көгендегі моншаққа тізгендей етіп санаған кезінде, барлық сюжеттің саны 35-тен аспайтынын анықтап шыққан. Гоций мен Жерар де Нерсаль сол 35 мәтібтің 24-26 мәтібін, 7 түрлі өлім ситуациясын өздерінің драматургиялық туындыларына пайдаланған екен. Сахна өнері – арандатуды (интриганы) қалайды, сондықтан да пьесалар да себепті, себепсіз интригаларға құрылатыны заңды.

Еуропа әдебиетіне тән жоғарыдағы 35 мәтіпке тек қазақ өміріне тән 2 сюжеттік тартысты қосып, мәтіптің санын 37-ге жеткізуге болады. Ол – рулық тартыс пен жесір дауы (әмеңгерлік). Бұл екі мәтіпке де Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясы толық жауап береді. Мұндағы оқиғалар, яғни, оқиғаның басталуы, дамуы, шиыршық атуы, шешімі, екі қазыққа қазықбау шалынып тартылған бір ғана жіптің – желінің бойымен дамиды. Қосымша көріністерге алаңдатпайды. Бәрі де түсіңкті әрі қарапайым.

Мұны жалаң сюжет, жалқы сюжет, жетім сюжет деп те атауға болады.

Әдетте шытырман, қызықты хикаяларға құрылған туындылар бір ғана желінің арқауымен дамиды. Адамзаттың көркем ойлау жүйесіне өзгеріс әкелген Сервантестің «Дон Кихотынан» бастап, экзотикалық тақырып ретінде беті көлегейленген, ал астарында отарлаушы империя азаматтарының барлық қиыншылықты жеңе алады, өйткені олардың нәсілі ерекше жаратылған – деген сұғанақ идеяны желеулеткен «Робинзон Крузо», «Сүлеймен патшаның кеніші», «Могиканның соңғы тұяғы», «Момақан америкалық»,

«Афанасий Никитиннің үш қиян теңіздің (Индияның) ар жағына саяхаты», «Дерсу Узала», «Санниковтің жері», «Өмір тамыры», «Қара араб», «Қарабұғаз», «Ашық кітап», «Алитет тауға бет алды» сияқты хикаттар «бір ішек» сюжетпен жазылды. Әрине, көркемдік деңгейі аса жоғары туындыларға да бұл желі таңсық емес.

Дегенмен де, ойлы шығарма тудырғысы келген суреткер «қосымша сюжетке» жүгінбей тұра алмайды. Бұл кейіпкердің өткенді еске алуына, екінші бір оқиғаның бүйірден кеп қосылуына, өмір қақтығыстарын жарыса баяндауға мүмкіндік береді.

Бұл кез келген талантты шығарманың бойына көкбауырша жабыса жарасатын желі. «Қылмыс пен жаза», «Нақұрыс», «Жан Кристоф», «Тынық Дон», сияқты «көп дауысты полифониялық» көлемді шығармаларды, әсіресе, тарихи туындыларға тән «қосарлы сюжет» те қажет. Бұл – суреткерге өткенді, бүгінді ертеңмен жалғастыруға септігін тигізетін суыртпақтың бір ұшығы.

Ал «Соғыс және бейбітшілік» және «Абай жолы» сияқты күрделі көркем кеңістікті қамтитын эпопеяларда әлгі үш сюжетті адамның ойы арқылы байланыстырып, жаңа бір оқиғаның желісінен хабар беретін «үстеме сюжет» те көркем баяндау тәсіліне айналды. Мысалы, «Абай жолындағы» Қодар-Қамқа оқиғасы тұсында осы төрт сюжет қат-қатымен қатпарлана баяндалады. Бірінші желі – авторлық баяндау мәтіні, екінші желі – Құнанбай мен Барақ арасындағы интрига, үшінші желі – Сүйіндік пен майысқақ Қаратай қатысқан билер келесі, төртінші желі – Жорға Жұмабай мен Қодар арасындағы қақтығыс баяндалатын желі. Осы төрт сюжет бір демде, бір отырыста, бір кейіпкердің ойымен беріледі. Мұның барлығы өмірдің алғашқы кермек дәмін татқалы тұрған жас Абайды шіміркендіруден туған әдеби амал.

Әлгі нарратор, нарратология, жасырын баяндаушы деп әспеттеп, түсіндіре алмай жүрген қисынымыз осы. Егер суреткер болмаса, онда жаңағы «жасырын барлаушы», яғни, «атау кересі жоқ баяндаушы» қайдан пайда болды, қанша сиқырлы құдіретке ие болса да, сөз атаулыға өздігінен сана мен түйсік, тіл мен дауыс, ырғақ пен әуен, қимыл мен әрекет бітпейді. Оны саналы түрде дауыстап сөйлегендей дыбыс беріп, сарынды әсерге қалдырып, қимылын көз алдына

елестетіп тұрған суреткердің көркем әлемі және жазушы, яғни, баяндаушы-нарратор қолданып отырған «үстеме сюжет».

Мұндай қатпарлы сюжеттерді некен-саяқ таланттар ғана өзінің көркем кеңістігі мен көркем уақытына кіргізе алады.

3.«ҚАЙДА?»

Көркем кеңістікті құрайтын жүйке жүйелері – бірінші, көркем уақыт, екінші суреттеліп отырған замандағы қоғам, үшінші, сол қоғамда өмір сүрген адам психологиясы. Осы үш қисынның тоғысынан барып тарихи көркем ой туындайды. Өйткені: «Тарихи көркем тұжырымның барлық саласы: тексттің жазылу тарихынан бастап – өмірлік шындыққа дейінгі, әдебиет тарихы мен жалпы тарихтан бастап – сол мәселенің өзінің шешімді тарихына дейінгі тарихи ой жүйесі – біздің іліміміздің жұлын-жүйкесі, оның дәлелінің тамыры және әдебиеттану ұстынының тәуелсіз сұңғаты» (Д.Лихачев) болып табылады.

Көркем кеңістік – нақты тарихи уақыт, суреткер уақыты және көркем уақыт деп жіктеледі және олардың арасын «дәлсіздік пен белгісіздік» (өмірлік және көркем шындық) тылсымына толтырады. Сырттай қарағанда кеңістік пен уақыт ұғымының жігі ажырамағандай көрінгенімен, бұл өте күрделі, дүниетаным мәселесіне тікелей қатысты мәселе².

М.Әуезовтің көркем кеңістігі – көшпенділер әлемі. Ал оның көркем жобасы (Д.Лихачевте – образ) – «Абай жолы» роман-эпопеясы. Көркем кеңістіктің елесі, ойлау жүйесі, бейнесі (образы), сарыны суреткердің жадынан, түйсік болмысынан, сана сәулесінен оянған.

Көркем кеңістік – кәдімгі уақытқа тәуелсіз. Сондықтан да абсолютті шындыққа жақын. Көркем уақытты бір сөзбен, бір сөйлеммен алмастыруға не белгілі бір мезетке тоқтатып қоюға да, екі дүниені жарыстыра салыстыруға да суреткердің еркі бар.

Мұхтар Әуезовтің таңдаған уақыты – «тарихи мүмкіндіктердің ауысқан кезеңі», «қазақ халқының жүз жылдық тіршілігі». Қаншама ұлы талант иесі болса да, енді

² Терендетіп білгіңіз келсе. «Бесігінді аяла!..», «Құнанбай» – атты зерттеуге көз қырын салыңыз.

осынау өзі тандап алған уақыт шеңберінен шығуға қақысы жоқ.

Міне, осы арадан бастап тарихи дәлел мен тарихи тұлға толықтай жазушының еркіне көшеді. Роман-эпопеяның ұлы сүйегін ұстап тұрған негізгі арқау да осы көркем уақыт.

Енді көркем шығарманың көркем уақытына сай сол уақыттың жетекші тұлғасы анықталуы тиіс. Кемеліне келген, ырғақ-екпін алған, ішкі рухы қуатты тұлғаланған қаһармандар тіпті автордың өзіне жөн көрсетіп, оған бағынбай, бәсекеге түседі. Мысалы «Соғыс және бейбітшіліктегі» сері князь Андрей Болконский Толстойдың еркіне көнбей, Бародино майданында жаралы күйінде Наташаға көрінгісі келмей, ажалды тандап алған. Соның нәтижесінде «Декабристер» атты романын жазудан еріксіз бас тартқан. Өйткені Болконский образын Сенат алаңына әскер бастап шығаратын жетекші тұлға ретінде дайындап келе жатқан екен. Болконскийді өлтірмеу – суреткердің құзырында. Бірақ дана Толстой көркем шындықтың заңына бағынған.

Ал «Абай» романындағы Заман мен Уақыттың кілтін Мүсірепов дәл тауып берген. Ол пікір мынау: «Қайтқанда», «Қат-қабатта», «Шытырманда», «Бел-белесте», «Өрде», «Қияда» деген әрбір бөлімнің аттары. Осыны біріне-бірін жалғап, бір саты етсең, қат-қабат, шытырмандар арқылы бел-белеске, өрге, қияға шығып келе жатқан Абайды көресің. Бұл үздіксіз өсіп келе жатқан Абайдың жолы. Сонымен бірге бұл Құнанбайдың да баспалдақтары. Осы сатыларды төмен қаратып қойып, аяғынан басына қарай оқысаң, бұл жоғарыдан ылдилап келе жатқан Құнанбайдың жолы. Үшінші, бұл Құнанбай тобының да, Абай тобының да жолы». Әрине, бұл тарихи заман мен көркем уақыттың жолы.

Міне, осыдан кейін барып уақыттық, замандық шындықтарды іріктеу, орын алмастыру, ойдан қосу, қиыстыру басталады. Алексей Толстой айтқан: «Қиялдың өзі кейде шындықтан да шынайы боп шығады, Иә, нақты шындықтың өзінен де басым тұрады, көбінесе жалаң деректің өзі сенімсіздік тудырады, өйткені – деректі жазбаның өзі – бір ғана көріністің куәсі, ол фотобейне сияқты – адамның қасқағым сәттегі бір ғана бет әлпетін білдіреді, ал оның түр-

түсінің, бет-бейнесінің құбылуын тұтастай қамти алмайды. Өнердің міндеті (портрет жасаудың да) характер, типтік тұлға жасау» деген уәждің жүзеге асатын кезі осы.

Осыдан келіп тарихи уақыт пен көркем уақыттың сәйкессіздігі, яғни, тарихи шындық пен көркем шындықтың арақатынасындағы қарама-қайшылық келіп туындайды.

Бұл туралы академик Д.Лихачев: «Көркем образды сомдау барысында қолданылған жаңсақтықтар оқырманның не көрерменнің сол образдың көркем әсерін өзінше толықтыра қабылдауы үшін аса маңызды. Көркем шығармадағы әрбір «жаңсақ деректер» терең зерттеуді қажет етеді. Әрбір суреткердің әр дәуірге қатысты қолданған жаңсақтықтарының көкейкестілігі мен сыйымды мөлшері дәл анықталуы тиіс. Өнердің құрылымы мен құнының бағасы сол зерттеудің нәтижесіне байланысты» – дейді.

Көркем уақыттың иесі – суреткер: Содан бастап суреткер «ісі адамзаттың ортақ мүддесін зерттейтін сиқырлы әлемнің кілтін қолына алады. Көркем талдаудың тұжырымы тосын әрі ойлағаныңнан да терең тұңғыыққа тартады» (В.Шкловский).

Бесінші тарау

ЖАТЫС: КІЛТИПАН «КІМДЕ?»

Бұл өзі жатыс септігіне кеп жантайғанымен де, суреткер мен шығарманың арасын іліктіретін, қазақша айтқанда, жеңгетайлық жасайтын нағыз «іліктің» міндеті. Себебі, көркем кеңістікке жетелейтін сюжеттің тууына себеп немесе ілік керек? Ол шырғалаң – «іліктен», яғни, себептен немесе себепсіз себептен басталуы да мүмкін. Себебі, шығармашылық ой қашанда тосын келеді. Болмашы ұсақ әсерден романға айналып кетуі мүмкін.

Әлемде қанша шығарма дүниеге келсе, сонша себеп бар. Ой ілігі кімде? Сол себепті тудырушы да ма, жоқ, қараптан-қарап жүріп іліктен – шатыс, ебептен – себеп іздеушіде ме? Әлгі: көбелекті түсімде мен көрдім бе, жоқ, көбелек ұйықтап жатқан мені көрді ме – дейтіннің кері осы тұс.

Мысалы: кермиық пен кербездер, сұлулар мен сылқымдар сылаң қаққан сауық кеші – балл өтіп жатыр.

Әйелге өтімді ақсүйек (Толстой) пен қарасүйек (Пушкин) қырыпсалдар да сонда. Бірақ сондағылардың бір де біреуінің қиығы Толстой мен Пушкиннің көз отына жетпейді. Ол екеуі сылаңкерлерді көзден жай өткізіп жүрген жоқ, жанарымен жанарын жұтып, көйлегін шешіндіріп, келіншектердің кеудесін жарып жіберіп, жандүниесіне сұғын қадап жүр.

Кенет ... екеуінің де сұғы мына керімсалдардың арасынан еріп кетейін деп үлбіреп тұрған, ұяң, перінің өзіне қимайтын жас бүлдіршін аруға түсті. Сол арада екеуінің де санасы астан-кестен аударылып, ұмытылмас әлгі бейне ұмытылып, ойды – ой, елесті – елес, қиялды – қиял жетелей жөнелді. Енді олардың саналары ілгеріде біз айтқан «ой азабының» бәрін басынан кешіп, «Евгений Онегиндегі» – Татьянаға, «Соғыс және бейбітшіліктегі» – Наташа Ростоваға махаббаттың азабы мен сазайын тартқызбай тынып таппайды. Әр жылдары, өзге бір би кештерінде көрген күнәсіз бикештердің екеуін де өздеріне лайықты сүйгендеріне қоспай, кәртамыстарға қызылдатып барып, өкіндіріп тынады.

Мұның мәтібі неде? Мәтібі: қиялдан туған көркем шындықтың шылауын кәдімгі етекбасты өмірдің батпағына батырып алып, содан кейін тіршіліктің шылапшынына шылап, кірін езіп-тазарту, яғни, «өтірік шындықты» өмірлік шындықтың өзіндей шынайы көрсету. Сыншылар «жасанды кейіпкер», «жасанды оқиға», «оқиға сендірмейді», «өмірге жанасымы аз» деп сын таққанда, олар бүкіл шығарманың «жасанды шындықтан» тұратынын білмейді емес, біледі. Бірақ, көркемдік шындықтың, яғни, жасанды шындықтың бойынан өмірлік шындық үйлесімін тауып тұр ма, жоқ па, соны айтады.

Өтірік екенін біліп тұрып – сенгің келетін, шындық екенін біліп тұрып – сенгің келмейтін шындық болады. Көркем шығарма да сондай әсер тудырады. Мысалы, В.Ключевский: «Разница между Толстым и Мопассаном: второй потерял ум, не подозревая его в себе: первый вечно искал своего ума и не мог найти его» – «Толстой мен Мопассанның арасындағы айырмашылық мынау: екіншісі (Мопассан– Т.Ж.) – өзінің ақылының бар екеніне еш күмәнданбастан есінен адасты, ал біріншісі (Толстой – Т.Ж.) үнемі өзінің миындағы ақылын іздумен өтті, бірақ таба алмады» – дегенде екі дегдардың жеке басын айтып отырған жоқ, олардың шығармаларының табиғатын айтып отыр.

Толстойдың барлық кейіпкерлері (Анна, Нина, Наташа, Безухов, Болконский, Қажымұрат) үнемі ақыл мен ожданнның азабын тартып, әлдебір мәңгілік мағынаны іздеумен жанталасып жүреді. Ал Мопассанның кейіпкерлері еш алаңсыз шешім қабылдап, іс-қимылға араласа береді. Мысалы, тұңғыш әңгімесінің кейіпкері Томпыш «қажет» деп санағандықтан да көп қиналмастан неміс офицерінің көңілін табады.

Қайсысының таңдауы дұрыс? Екеуінің де. Өйткені екеуінің суреттеп отырған өмір шындығы сондай мінезді қажет етті. Екеуінен де бұрын туған Гете мен Шиллердің кейінгі қаламдастарына: ««Представляй себе их такими, какими они должны быть, если ты желаешь на них влиять, но представляй себе их такими, какие они есть, если тебе придется действовать за них» – «Егер сен оларға (кейіпкерлерге – Т.Ж.) ықпалыңды жүргізгің келсе, онда олар қандай болуды қаласа, сен де өзінді солардың бірімін деп есепте, ал егерде олар үшін сенің әрекеттенуіңе (шешім қабылдауыңа – Т.Ж.) тура келсе, онда сен өзін олардың қалай істегенін қаласаң, тура сондай етіп суретте» – деп кеңес беріп кетуі де сондықтан.

Сонда «Евгений Онегин» мен «Соғыс және бейбітшіліктің» жазылуына себепкер «кім», немесе «не» болды өзі?

Өмірден махаббат қызығын дәмәткен, тазалығын бойында сақтаған бейкүнә сұлулар ма, жоқ, олардың тағдырын көрген бетте шешіп қойған суреткерлер ме? Абайдың да сол сұлудың біріне сүйінгені сондай, ол да күйіп-жанып, Тәтіштің тағдырына араша іздеп, қыз мұңын жеткізіп қана қоймай, Пушкиннің шешімімен келіспей, Онегин екеуін үйлендіріп тынуға бекініп, романды өзінше аяқтауға ұмтылыпты. «Сен жаралы жолбарыс ең, Мен киіктің лағы ем» – деген ән шығарып, бүкіл сақараны күңіреңтті.

Сонда Абайдың ән шығаруына кім, не себепкер болды? Бұл аздай, Мұхтар Әуезов өзінің роман-эпопеясының бір тарауын «Татьянаның қырдағы әніне» арнады. Қысқы би кешіне келген, ауызынан емшек сүті кеппеген уыздай қыздың әлегінен бүкіл әлемнің жүрегі жараланды.

Ол үшін жазғыруға бола ма? Жазғыруға да, жазалауға да болады екен.

Наташаның Пьер Безуховқа күйеуге тигенінен, ақыры оның да «кәдімгі қатын» («обыкновенная баба») болып шыққандығына «көңілі қалған» Толстой «әйелдерді» жазаламақ болады (жүйкесіне өзінің әйелі Софьяның да қыжыры тисе керек). Содан тура жаңағыдай бір би кешінде «сылаң қағып сылқылдап, бұраң қағып былқылдап» жүрген, махаббаттың тоятын ашық тілеген келіншекті көріп, әйел махаббатының тұрақсыздығын әшкерелеу үшін «Сылаң сылқым» атты роман жазуға кірісіп те кетеді. Күзгі бақта серуендеп жүргенде иесіз саяжайдағы ағаш шапқан балтаның дауысын естігенде ойына «Бақытты жанұялардың тағдыры бір-біріне ұқсас, ал әр бақытсыз жанұяның бақытсыз тағдыры бір-біріне еш ұқсамайды» – деген сөйлем оралып, асыға романды бастап кеткен.

Алайда көркем шындықтың ыркы еркіне бағынбай, Аннаны әшкерелеудің орынына ақтап шыққан. Бұл реттен алғанда, «Анна Каренинадағы» Анна мен «Абай жолындағы» Айгерім тағдырлас кейіпкерлер. Мұхтар Әуезовтің әуелде бейнелегісі келген Айгерімнің кескіні – кейінгі Айгерімнің бейнесі емес еді.

Сонда, «кілтпан», «ілік», «түрткі», яғни, көркем ойдың құпиясын ашатын кілттің кімде болғаны?

Атақты Жан-Жак Руссо Париждің маңындағы бір бақта серуендеп жүріп, жолай кездейсоқ қолына түскен жарнамадан «Техникалық прогресс және өнер, оның ұлтқа пайдасы» деген әдеби конкурстың жарияланғанын оқып қалады. Оның шартымен танысқан соң қатты толқиды, тіпті көзінен аққан жас омырауын жуған. Жылайтын да себебі бар. Өйткені өзінің жаза алатынын сол сәтте анық сезінген. Асыға қолына қаламұш алып, атақты «Арылу» («Исповедь») романын бастай жөнелген.

Бірде Оноре де Бальзак театрдан шыққан ерлі-зайыпты жұмысшыларды көріп, солардың артынан еріп отырыпты. Сөйтсе, олар көрген спектакльдерін талдап бара жатыр екен. Іле оның бәрін естен шығарып, айлықтарын қалай үнемді жұмсау туралы таласа жөнеліп, қайтадан тіршіліктің тауқыметіне ауысқан. Ерлі-зайыптылардың соңынан қалмай, айтқандарын асығыс қатираға түсіріп, кейін сол көріністі романының бастау желісі еткен. Сөйтіп, қарапайым жұмысшылар ұлы жазушының қиялына қанат бітірген.

«Сырлы махаббат пен сынық тағдырлы сұлулардың жыршысы» Иван Тургенев бірде Алманияда Рейннің жағасында серуендеп жүреді. Кенет жардың жағасында өзенге төне қарап тұрған жас келіншекті көреді. Көреді де: неге бұл әйел жалғыз тұр, неге жардан жағаға төніп тұр, құлап өлмек пе, олай болса оған қандай тағдыр тәлкегі себепкер болуы мүмкін? – деген ойға қалып, өзінше себептерін іздейді. Соның нәтижесінде белгісіз әйелдің өзіне белгісіз тағдырын «Ася» хикаятына арқау етеді. Ал, ол әйел тағдыр тәлкегінен емес, еріккеннен жар басына көтеріліп, өзенге жай ғана қызыға қарап тұруы да мүмкін ғой. Мүмкін. Бірақ, суреткер үшін мүмкін емес. Суреткер қашанда өмір құбылыстарынан тағдырлы себеп пен қасірет кілтін іздейді.

Сонымен, жоғарыдағы аты аталған адамдар көркем шығарманың тууына себепкер ме, әлде прототип пе? «Адам көбелекті түсінде көрді ме, әлде ұшып жүрген көбелек ұйықтап жатқан адамды көрді ме?».

Қайдан білейік, әйтеуір мұны әдебиеттануда «ілік – зацепка» дейді. Тіпті, «түрткі» десе де жарасады.

Түрткі демекші, осы «түрткі» де ғашықтық лирикасының әлемдегі ең үздік үлгісінің бірі Александр Пушкиннің «Я помню чудное мгновение», Абайша айтсақ, «Есімде қайран сол жылдар» атты өлеңінің дүниеге келуіне себепкер болыпты. Пушкин осы лириканың ырғағын, «Гений чистой красоты» деген теңеуін өзінің қарт ұстазы, батагөйі В.Жуковскийдің «Лалла Рун» атты өлеңінен алыпты.

Біз де осы екі өлеңді салыстырдық. Ашығын айтайық, мазмұны мен сөздік теңеулері, ырғағы тұрғысынан алғанда, алған әсердің аясынан шыға алмаған жас ақынның еліктеуінен туған сияқты. Бірақ та бұл өлеңді жазған кезде Пушкиннің атақ-даңқы дәуірлеп тұрған. Ендеше, бұл лириканы саналы түрде жаңғыртып жазған. Сонда, шәкірт ұстазына жиендік жасағаны ма, еліктеген бе, әлде бәсекемен дамытушы, әлде, ұстазының дәстүрін жалғастырушы ма?

Ал ұстазының жазғанымен шәкіртінің өңдеп жазғанын салыстыруға келмейді. Алғашқысы қатардағы жақсы өлең, ал соңғысы әлемдік маржан. Соған қарағанда ««Гений чистой красоты» деген теңеудің бағын ашу үшін, соған лайық ғажайып ғашықтық сезімге толы жыр жазғысы келді ме. Әлде, Анна Кернге деген ессіз махаббатына «Гений

чистой красоты» деген жалғыз теңеу лайық болды ма? Қалай дегенмен де, бұл өлеңнің жазылуына себепкер болған түпкі түрткі – Анна Керн емес, «Лалла Рун». Ол теңеудің авторы – ессіз ғашық, махаббатың буына елтіген Александр Сергеевич емес, сезімі суыған қарт ақын Владимир Жуковский.

Мұндай оқиғалар әр суреткердің басынан өткен. Оған дәйек те жеткілікті.

Сюжет атаулының бәрі осылай оқыс әсерленуден туып, құрғақ әрі ұшқыр қиялдан «бас құрай бере ме? Жок, ж-оо-қ, ағайын. Бір ғана қас-қағым сәт үшін шын суреткер өмір бойы дайындалып жүреді. Тек, бұлттан ашылған күн сияқты, «ойдың ашылған» (Абай) сәтін күтіп өмір сүреді.

Ал ол үмітке нәр беретін тамыр – өмір. Кәдімгі өмір. Ол тамырдың топырағы – сол суреткер тап болған заман, бойлап өсіретін қозғалыс – сол заманның ағымы, ойды ұйытатын тұтқыр шырын – адамдардың тағдыры, жемісі – шығарма.

Әлгі әсер тек ілік қана. Енді соған ілінетін күршек керек.

Алысқа құлаш сермемей-ақ, тура отыз жеті жыл бұрын қатирғаға түсіп, жадымыздан мүлдем шығып кеткен, дәл қазір тасқа басылып отырған осы «Бейнет сусыны» қалай жазылды дейсіз бе?

Тосыннан. Екі кештің арасында өткен күндер еске оралып, Алматыдағы үйде қалған ескі «Күнделіктерді» ақтарыстырып отырдық. Кенет сарғыш қатираны ашып қалғанымызда: «Кез келген қартайған адам – король Лир. В.Шкловский» – деген сөзге көз қиығымыз қадалды.

Іштей: «Иә, Құнанбай да король Лир. Абайға қарап – сүйініп, Әмірге қарап – күйініп өмір сүрді» – деген ой шалт ете қалуы мұң екен, ұмытылған ескі ойдың пердесі ашылып, бір ойды бір ой қуып алды да кетті.

Суреткер психологиясы туралы «түртінділерді» түре оқып оғытырып: «Бұл да бір Абай айтқандай «бейнет сусыны» екен» – дегенімізше болмады, бір қарасақ жазбаның аты қойылып, «Бейнет сусынының» «Шабыт» атты алғашқы тарауын көшіріп отыр екенбіз.

Содан, міне, әлі бас көтере алмай отырмыз.

Кездейсоқтық па? Солай да, олай емес те. Кездейсоқ басталуы кездейсоқ басталғанымен, отыз жеті жыл бойы іштей дайындалып, анда-санда шығармашылық психологиясы, жазушылық психологиясы, жазушы

шеберханасы деген тақырыпта арнайы дәріс оқып қойып жүрдік. Енді, ескі күнделіктен басқа қағазға қарамай, «не жазып кетсе – жайы сол» – деп сүркектетіп отырмыз.

Тарау аттарының қойылуына бала-шаға түрткі болды. Мұны мақтан үшін емес, өзіміз түсіндіруге ұмтылып отырған тақырыбымыздың қитұрқы мінезін өзіміз де толық түсіне алмай отырғанымызды жеткізу.

Ал ең бастысы, бұл менің жанымның жансары болған шығармашылық әлемге, сол шығармашылық әлемді өмірге әкелген, кейі дана, кейі әумесір, кейі жеңілтек, кейі можантопай, кейі ессіз махаббат үшін жаратылған, кейі қасіреттен арылмаған, кейі мұқтаждықтан көзі аспаған, кейі туа қамтамасыз етілген, олардың тағдырына тамсанудан жалықпаған, жұмбақ жаратылған жазушы деген ұлы адамға көзқарасым.

Сәл реті сақталмаған осынау баянды солардың көңіл-күйін күйттей отырып, ерекше бір еркін әрі жан сырын қозғайтын жайларды жазып отырмын. Бұған түрткі болған – «Қартайған адамның бәрі – король Лир», немесе «Құнанбай да король Лир сияқты, біресе мейіріммен, біресе қаталдықпен өмір сүрді» – деген ұшқыр ой және жазушының жан досы – қатира.

Ілгектің күршегі – алғашқы сәтсіз, есейген кездегі жасырын махаббат. Одан басқа түк те емес. Ол әйелге – анаңа, әпке-қарындасыңа, тұлымшағы желбіреген қызға, төсі енді бүршік жарып келе жатқан жас аруға, кексе келіншекке арналған махаббат па, немесе, балалық шағыңа, бозөкпе бозбалалығыңа, жастық кешуіңе, жігіттік дәуреніңе, өмір құштарлығыңа деген өкініш-сағынышы аралас қимастық па, немесе, көресіні көріп өмір сүрген жеке адамның тағдырына аяныш пен тебіреніс пе, әлде, сорлы еліңнің бақытсыз тағдырына деген қасіретті сүйіспеншілік пе, бәрібір, пенде атаулыны ойға қалдыратындай бір сәтсіз әрі сенен басқа ешкім де жеткізе алмайтындай жасырын сезімнің шығармашылыққа жетелейтіні анық.

Шығармашылық психолгия осындай бір жүрек жарасынан, көңіл ауанынан шүйкелеген жүйке талшықтарының тозандануынан басталады.

Жапон ғалымдарының анықтауы бойынша, теңіз інжуі су түбіндегі өсімдік балдырына түскен сызаттан

пайда болады екен-мыс. Сызатты емдеу үшін барлық асыл нәрді бойына жинайды екен. Жазушы да сол теңіз інжуі сияқты, көңіліндегі сызаттың дауасын табу үшін өмірдегі тағдырлы құбылыстарды сана талшығына токи жүріп, ойша бұдандастырып, айы-күні жеткенде толғатады.

Марк Твеннің: «Жазушы болу үшін бақытсыз балалықты басыңнан кешуің керек» – дейтіні сонда. Өйткені оның перзентінің аты «Том Сойер» ғой!

Толстой да «Балалық», «Жастық», «Жігіттік» шағы арқылы әдебиеттің табалдырығын аттады. Мұхтар Әуезов те, аянышты өлімі арқылы өзін жиырма жасында тітіркендірген жиен қарындасы, Қаптағай әпкесінің немересі Ғазизаның (өмірдегі аты белгісіз) «Қорғансыз күнінен» бастады емес пе. Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожасы» да өзінің балалық шағының «көшірмесі».

Өткен ғасырдың екінші жартысында қолына қалам алған қаламгерлердің барлығы да, соның ішінде біз де бармыз, сол балалық шақтың және «Бердібектің шапанынан» шықтық. «Қар астындағы көбелек» роман-эссесі де – өмірі жаңа басталған баланың өмірге деген кіршіксіз махаббатын айықпайтын мұңға айналдырған бақытсыз балалықтың трагедиясы.

Қысқасы, «бақытты-бақытсыз» балалық шағындағы шімкендірген бір құбылыс – белге ұйыған перзенттің тұңғыш тамшысы. Сол әсерінді жазып, бойыңнан арылтып алмасаң, өмір бойы жүкті боп жүрген әйел сияқты, күпті боп өмір сүресің.

Содан кейін барып өмірден өзің нәр жиып, жанторсығыңды – ой омартасын толтырасың. Әрине, екінші кадам, әдетте, әйелге деген сәтсіз махаббаттан, әйелге деген жағымды-жағымсыз көзқарастан басталады. Бұған да мысал көп. Соның ішінде, суреткерлердің өзара мойындауларына қарағанда, алғашқы жағымсыз әйел кейіпкерлерінің прототипінің барлығына өздері жасырын ғашық болған. Сезімін айта алмаған, не қабылдамаған әйелдің өзгеге еркелеп жүргеніне қызғанышпен қарап, сол қызғанышын ақ қағаздың бетіне түсірген.

Мысалы, Антон Чеховтың «Попырыгуньясы» – «Тұштақайы» атақты суретші Левитанның көңілдесі, сүйкімді суретші әйел Кувашникова екен. Чеховтың өзі де

ұрлана көз тастап жүрген келіншек екен. Ақыры қызғанышын жасыра беруге шыдамы жетпей Дуня-Душечканы шайтан көбелек кейпінде бейнелеген. Кімді емеуірін еткенін сезе қойған Левитан сол үшін А.Чеховты өмір бойы жек көріпті. Өмірден кешпеген күйі өткен. Сөйтіп, Кувашникова мен Левитанды ғана емес, өзін де күршекке ілген.

Мопассанның «Томпышы» да сондай бір оғаш оқиғаға тап болған провинциальдік біртоға келіншек көрінеді. Мұхтар Әуезовтің «Қаралы сұлу», «Оқыған азамат», «Кінәмшіл бойжеткен» атты алғашқы әңгімелерінің прототиптері де «көзге түрткі болған» қандай келіншектер екенін біздің «Бесігіңді түзе!..» атты әфсанамыздан біле аласыздар. «Кінәмшіл бойжеткендегі» Ғазизаның тағдыры «Бесқарагер» атты хикаятымыздың «Жанарыма тұнған жасым ең...» атты жеке тарауына желі тартқанынын да ескерте кетеміз.

Иә, бұлар да «сәтсіз махаббаттың сәтсіз желісі» болып табылады. Ал «сәтсіз аяқталған» шынайы махаббаттың әсері барлық суреткердің мәңгілік шабыт көзі, мәңгілік аңсары, мәңгілік шығарманың туу себепкері болып табылады. Ол мектептен кез келген жазушы өтеді. Бұл да, шығармашылық психологияны қалыптастыратын орта мектептің міндетін атқарады.

Сайып келгенде, шығармашылық жолдың басында тұрған суреткерлердің барлығы (суретші, композитор, мүсінші, тіпті, сәулетшілер де) қашан өзіндік көркем әлемі толысқанша осындай тәжірибені бастан кешіреді.

Жоғарыда алғашқы көркем ойға ұшқын беретін шок – «жасырын махаббат» деп қалдық қой. Бұл да долбар. Суреткерлердің өздерінің мойындауына ғана сүйеніп баяндалған жайлар. Әйтпесе, еш құпиясын жасырмай ашық айтып, көптің талқысынан өткен соң ғана соны қағазға түсіретін жазушылар да жеткілікті.

Тасқа басатын қосымша құралдар (машинка, компьютер, интернет) шықпаған, жазғаныңды тек қолжазба күйінде талқыға ұсынатын өткен ғасырларда әр жазушы өзінің әңгімелерін, хикаят, романдарының тарауларын әдеби салонда оқып беріп, пікірлесетін дәстүр болған. Бұл үрдіс Кенес тұсында жойылды.

Алайда сол дәстүрдің таза қазақы тәсілдерін ұстанған Жекен Жұмаханов пен Әзілхан Нұршайықов сияқты қаламгерлерді көзімізбен көріп, көңілінің көкжиегінде қарауытқанымыз да бар. Мысалы, Жекен марқұмның ауызекі әңгімесін тыңдағанда шыбынның ызыңы естілмейтін. Шіркей екеш шіркейдің өзі сол әңгімені тыңдап отырғандай ызыңын баса қоятын. Біз сияқты бозөкпелер, әсіресе, тартымды бір-екі келіншек тыңдап отырса, махаббат хикаясына қарай ауысатын. Сонда Мейіз бен Ғалия сияқты жас келіншектердің көзіне жас үйіріліп, бір орынында отыра алмай, қыбжындап кетуші еді.

Сөйтсек, бұл Жекен ағамыздың шығарма жазар алдындағы дайындығы екен. Әр оқиғаны әр отырыстағы адамдардың жасына қарай өңдеп, жалыға бастаса іле басқа арнаға түсіп, құбылта баяндайды екен. Сөйтіп, жазатын шығармасының сюжетін құрап алады екен. Тіпті, Әзілхан екеуінің бір оқиғаны жеріне жеткізгені сондай, екеуі де егіздің сыңарындай екі хикаят жазғаны бар. Ақыры өздерінің осы тәсілдерін баспасөз арқылы түсіндіріп барып, барқадам тапқаны бар.

Сол Жекен ағамыз дүниеден озардан 14 күн бұрын: «Мен «Үш бәйтерек» атты хикаятымды өз басымнан кешірген өмір шындығынан алып жаздым. Қиыстыруынан басқаның бәрі де кәдімгі шындық. Оқиға үш шеше, бір әкенің баласын немересіндей еркелетіп отырған егде әйелге ерлі-зайыптылардың келуінен, олардың балалары мосқал әйелді: бірі апалап, бірі әжелеп аймалап, өзара таласа құшақтағанынан басталады. Оқиғаның соңында әлгі «апа» – апа емес, ана мосқал еркектің бәйбішесі болып шығады. Бұл шығарманың өмірлік шындығын білмей баспасөзде сынағандар да ұшырасты. Уәж қайтарғамын жоқ. Өйткені ондағы оқиға менің өз басымнан кешкен тірішілік сыбағасы еді. Бірінші әйелімді жеңгедей алғамын. Шау тартқан соң қалыңдықты өзі айттырып берді. Ол әйелім екінші баладан қайтты. Үшіншісін өзім таңдап алдым. Ана опыр-топыр үймелеген балалар сол үш әйелдің төлі. Бірінші әйелімді сыртқа қақпадым, жағдай қиын кезде бір үйде тұрдық. Кейін бөліндік. Феодализмнің сарқынын тірілтті деп арыз жазып, жұмыстан да шығарды: «Феодализмнің соңғы сарқыны мен болайын», – деп алғашқы некемнен ажырағамын жоқ. «Үш

бәйтерек» солай туған, – деп сюжеттің тууы туралы бір өмір шындығын сыр ғып шертіп еді.

Аяғын жерге сүйрете тырпылдата басып жүріп түсте бәйбішесінің қолынан дәм татып, кешке Клара жеңгейдің жанына жантаятын Жекең 14 күннен кейін тып-тыныш күйінде өмірден оза беріпті. Қатираның осы арасында Жекең марқұмға арналған «Эпитафия» жазылыпты. Сызып тастауға жүрегім дауаламай, сол қалпында қалдыруды жөн көрдім.

Эпитафия

(Жекен Жұмаханов қайтыс болғанда)

Топырақ – көрпе құндақтап,
Қымтанып жатыр сан ірі.
Бетіңді жаптық шым қаптап,
Шерменде ердің қабірі.

Жүрегің көктеп, өнер ме,
Басыңа қояр темір Ай.
Тепсініп келіп өнерге,
Тебінде өткен өмір-ай.

Сағ. 4.45-5.00.10.II.X.79 жыл. Баспахананың алды.

Соңына: «Өмірінде жазушылық бағасын ала алмай кетті ғой. Бұл арадағы реніш – сол», – деп түсініктеме беріліпті.

Әдебиетке ауызекі әңгіме арқылы келген қарабайырдың ішіндегі текті қаракөк, Солтабай төренің бір тармағынан тараған тұқымдары болып келуші еді, марқұм.

Міне, үш жүректің бір жүректе жарасым тапқан махаббат хикаясының бірі және әлемдік әдебиетте Жекен Жұмаханов қана қолданған 39-сюжет желісі осы «Үш бәйтерек» атты тағдырлы және шынайы махаббат хикаясы болса керек-ті.

2. ІЛК «НЕДЕ?»

Өстіп, осындай «Іліктен» сюжет дамиды. Бірақ та әлгі үш келіншекті «Үш бәйтеректің» прототипі ретінде қарастыруға бола ма? Әй, қайдам. Жоққа шығара алмаймыз, бірақ:

Батырлық, байлық кімде жоқ,
Ғашықтық жөні бір басқа, –
дегендей, прототиптің жөні бір басқа.

Прототип – ілікке себеп, әңгімеге желеу, сюжетке желі емес, ырғағы мүлдем басқа әуен. Жоғарыда айтылғандардың барлығы да шығарманың құлақ күйі.

Ал прототип дегеніміз – перне. Әр прототиптің өз нотасы бар, яғни, өзіне тиесілі өмірбаяны, қалыптасқан мінезі мен көзқарасы, оқиғаға араласқанда атқаратын міндеті, оқиғаның дамуына, шиеленісуіне, суреткердің көркемдік шешім қабылдауына тікелей араласады. Сондықтан да шығарманың толыққанды мүшесі ретінде шығармашылық үрдістің барлық заңдылықтарына шешуші дауыспен араласатын «толық адам». Суреткер де оның алдында, әсіресе, тарихи туындылардағы өмірлік кескіні анық кейіпкерлердің алдында белгілі бір дәрежеде жауап береді.

Ілкіде бір ескертіп өткен жеті шарттың: прототип өмір сүрген қоғамдық формацияны, туып, өлген мерзімін (қалай өмір сүріп, қалай өлгенін емес, ол авторлық идея мен көркемдік шындықтың еншісіне жатады), ұстанған дінін, табиғи жағырапиясын, жеке дене бітімін, заңды некесін (неше баласы бар, етбауыр ма, өгей ме, ол көркем талдаудың міндеті), өркениет игілігінің жетістігі аясына (заман шындығына) сыйғызуы тиіс.

Өмір шындығына сәйкестігі тұрғысынан прототиптік сыпат: өмірлік деректері анық, өмірлік шындық пен көркемдік шындық араласқан және тек көркемдік шындыққа құрылған кейіпкер – деп үшке бөлінеді.

Бірінші және үшінші сатыдағылардың болмысы барынша анық.

Ең күрделісі – екінші деңгей. Гюгоның «Тоқсан үшінші жыл», Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік», Ролланның «Жан Кристоф», Әуезовтің «Абай жолы» осы топқа жатады. Мұнда сол дәуірде өмір сүрген триумфатор Наполеон, Кутузов, Бетховен, Абай сияқты кейіпкерлер тарихи

прототип ретінде оқиғаға араласады. Өмірлік деректері де барынша анық, тарихи шындық қамтылған.

Қайталап айтамыз, кейіпкер өмірінің ұзына сұлдері ғана бейнеленеді! Мұның өзі де сыртқы алдамшы әсер. Наполеонның да, Кутузовтың да, Бетховеннің де, Абайдың да нағыз өмірі мен жан дүниесі онда жоқ. Өйткені ол кейіпкерді демімен үрлеп тірілткен – суреткер, демек, жан иесі де суреткер.

Өзге жұрттың көркем әлемін ысырып қойып, өзімізге етене «Абай жолы» роман-эпопеясын тілге тиек етсек де жеткілікті. Мұнда Құанабайдың ақын ұлы Абайдың өмірбаяны жоқ, жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Абай образының өмірбаяны бар. Бұл екеуі – екі Абай. Тіпті бір-біріне атынан басқа ұқсастығы аз, алшақтығы басым, тіпті, қарама-қайшы. «Абай жолын» оқып алып, Абай Құнанбайұлының өмірбаянын айтып беруге болмайды.

Абай бұл арада көркем шығармадағы тарихи образдың прототипі ғана! Одан басқа ешкімде емес. Өйткені ол суреткер Мұхтар Әуезовтің көркем қиялынан туған көркем бейне ғана. Ал ақын Абай – жай ғана өмірлік фон!

Біздің оқырмандарымыз бен дүмбілездеу әдебиеттанушыларымыз осының жігін ажыратпай, қапсыра жөргеумен келеді. Егер ұшынған заманы қыстамаса ең сүйкімді әрі сенімді жар болып Айгерім емес, Ділде суреттелер еді. Романның бірінші кітабы солай басталған. Романның екінші бөлімі талқыға түскенде кедей қызы Айгерімнің шыққан таптық тегінің «өтімділігі» Алшынбайдың немересін сақнадан ысырды. Міне, сонда Абай өмірінің шындығы мен «Сен мені не етесің, Мені тастап, Өнер бастап, Жайыңа Және алдап, Арбап, Өз бетіңмен кетесің!» – деп қыстығуының сыры ашылар еді.

Бұған қосарымыз, Толстойдың: «Анна Каренина – менің өзім», Пушкиннің: «Татьяна деген – мен», Ғабит Мүсреповтің «Ұлпан – мен» – деген мойындауларын қаперлеріңізге ұсына кетеміз.

Ал «Абай жолындағы» Абай – Мұхтар Әуезовтің өзі! Ол Абай арқылы өзінің бар зар запыранын сыртқа шығарған. Даналардың бұл мойындаулары прототип дегеннің астарын тереңірек пайымдауға жетелер деген үміттеміз.

Қош, бұл біздің әбден сартап еткен жолымыз еді, ақиқатын «Бесігінді аяла!..», «Құнанбай» атты әфсанадан тәпсірлеп аларсыздар.

Біз шығарманы жазылу психологиясына қатысты көркем шешім мәселесіне көшеміз.

3. «ҚАЙДА?»

Көркем шындық – көркем идеяның басты көркемдік нысанасы мен ұстанымы. Бір данышпан: «Шындықсыз шығарма – жай ғана ертегі» – депті. «Жоқ, шындық біткен жерден шығарма басталады» – дейді екіншісі. Салыстырып қарасақ, екеуін де бір адам – жазушы әрі ғалым Юрий Тынянов айтыпты. Бір адам неге екі түрлі пікір білдіреді?

Шындық, тарихи шындық, көркемдік шындық дегеніміз не өзі? Қодар мен Қамқа оқиғасы өткен кезде Абай туған да жоқ. Ендеше «Абай жолы» тарихи шығарма емес пе?

Бәрі де дұрыс. Мәселе мынада.

Шындық, тарихи шындық және көркем шындық: – арнасы үш саладан келіп қосылған: о баста әр қайсысының бастау алған көзі, тағаны мен табаны, ағатын ағысы мен қарқыны, жары мен жағалауы, қамысы пен құрағы, тоғай мен өлең шөптері, су құрамы мен топырақтың мөлшері, бәр-бәр қасиеті басқа болғанымен де, үлкен дарияға құйып, ашық айдынға қосылғаннан кейін, қай тамшысы қай өзеннің суы екенін ажырату мүмкін емес теңіз суы сияқты.

Бірақ, қай тамшының қай өзеннен қосылғанын анықтай алмасақ та, жоғарғы ағысқа барып судың құрамындағы заттарды тектеу арқылы қай өзеннің үлесі басым екенін тұщынатынымыз сияқты, осы үш шындықты да жоғары көмейлетіп барып, жігін барынша ықтиятты түрде ажыратуға талпынып көруге болады. Егер бұл ізденіс ешқандай нәтиже бермесе, онда бұл нағыз ұлы суреткердің туындысы деп бағалап, шама жеткен жерден аттың басын қайырған лазым.

Бұл – дауасыз дертке дауа іздегендіктен емес.

Осынау бір тылсым да құпия құбылысты түсіну үшін ғана қаншама әдебиеттанушылар ғұмыр бойы қалам тербеді десеңші. Біз де, жиырма бес жаста соған құмартып, есті өмірдің есіл жылдарын арнаппыз. Жеті кітап жазыппыз. Соның өзінде ұшығына жетпеген тақырыптың ұшынан

тағы да ұстап, сурыптақтап отырмыз. Тиянақты алыстан іздемей, төл әдебиетімізге бауыр тарта отырып, ойымызды дамытамыз. Соның ішінде осы үш шындықтың басын қосқан «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Дәрмен мен Құнанбай бейнелері туралы негізгі дәйектерді әлгі аталған еңбектерге сүйене отырып, қысқа дегенде қысқа баян ететінімізді ескерте кетеміз³.

Байыбына барсақ, осы үш шындық та шығармадағы тартыстан, яғни, жағымды, жағымсыз кейіпкерлердің қақтығысынан келіп туындайды.

Қыр қазағының бүкіл стихиясын, философиясын, психологиясын тамырымен қоса қопарып, ірі-ірі қақтығыстарды салт-сана, дәстүр, этнографиялық көріністермен көмкерген «Абай жолындағы» көшпелілердің тіршілік коллизиясы, яғни, көркемдік шындық – Қодар-Қамқа қасіретінен басталады. Ал, рух, рухани өмір, мәңгілік үзілмейтін үміт дүниесі тұрғысынан, Қодар өлгенмен Дәрмен «тіріледі».

Енді, ұшы-қиыры таусылып бітпейтін қисындарды қажет ететін Абай бейнесін шымылдықтың сыртында ұстап, екінші бір жағымды кейіпкер Дәрмен кім, соны суыртпақтаймыз.

Белгілі жайды бұлдырлатпай анығына көшсек, ақын Дәрмен – Мұхтардың қиялынан туған, көркем ойдың жемісі. Ол – Абайдың көңіл жұбанышы, көз қуанышы. Абай «ұзап кеткен ел көшінің ішінен Дәрменнің үнін естіп» жаны жай табады. Ол көшке: «Көгерермісің, көктермісің мен еккен дән!» – деп Абай тілек қосады. «Ақтармын сенімді... ол дәннің өлмейді, Абай аға!» – деп Дәрмен ант береді. Дәрмен – Абайдың орындалмаған арманының өтеуі, көрмеген қызығының қанағаты, қысқа қайырылған ғұмырының жалғасы.

Демек, Дәрмен – поэтикалық, яғни, көркем образ. Оған дәйек, Мұхтардың басына қысылтаяң күн туып, тірі қалу үшін сонау Мәскеуге жасырын жетіп, «Литературная газетаға» жолдаған хатында Мұхтар Әуезовтің өзі: «Қодардың ұрпағы

³ Егерде бұл мәселеге ықыласыңыз ауса, онда осы автордың «Бесігіңді түзе!..», «Бесігіңді ая!..», «Бесігіңді аяла!..», «Бейуақ», «Бұзылған бесік!..», «Бесігіңді ұмытпа!..» , «Құнанбай» атты әфсаналарымен танысып шыққаныңыз абзал – Т.Ж.

– жас Дәрмен – тұтасымен ойдан шығарылған образ. Қазақ халқының төлі менің романдарымда революцияға дейін өмір сүреді. Оның тағдыры арқылы әртүрлі бағыттағы көптеген қазақтардың тағдыры бейнеленді», – деп жазды.

Ендеше, сол кейіпкер қатарына қосылмай қалған тарихи «көптеген қазақтар» кімдер? Әуел бастағы автордың ойы қандай еді және ол жоспарынан неге бірте-бірте бас тартты?

Өмірге жанасымды шындық, яғни, бірінші прототип: қазақша басылымдарында Құнанбай Меккеге жүрерде Қодардың құнын даулап барған Дәркембай қарияның қасына ерткен баласы – Дәрмен. Ал орыс тіліндегі және сол арқылы шетелдерге тараған нұсқасында – Қиясбай. Тіпті, эпопеяның төрт кітабы түгелдей аяқталып, басы қосылып Алматыдан, Москвадан басылып шыққан соң да ол Дәрменнің орнына Қиясбайды суреттеп отырмын деп есептеді. «Абай» романының жазылу жайынан» атты мақаласында:

«Одан әрі Құнанбай Меккеге жүрер алдында Дәркембаймен кездесіп, екеуінің арасында қақтығыс боп қалады. Дәркембай – баяғы Құнанбай асып өлтірген Қодардың немересі... Қиясбайға рақым сөзін айтады. Мұны жай құбылыс деуге болмайды. Мұнда терең сыр бар: тек бір жетім баланың ғана емес, бүкіл халықтың алдындағы өз қарызын мойындайды», – деп жазды.

Яғни, Дәрмен – Қиясбайдың әдеби прототипі. Әуезовтің өзі оны мойындап отыр. Мұны, кәдімгі шындық, яғни, өмірлік шындық десе де болады. Қодардың немересі өмір сүруі мүмкін. Ол кәдімгі: «Ақ сиырдан туады жирен айғыр», – дейтін Қиясбайдың өзі. Иә, сол Қиясбай.

Ал тіршілікте көзі китар, әлем-жәлем киінген, диуана текті сол Қиясбайдан – соңғы екі кітаптағы, «көзі отты, ажарлы», ер мінезді Дәрменді тануға бола ма? Жоқ,

Мұның мәнісі не?

Уақыттың, санасы есіркенген шолақ белсенділердің қасақана қыспағынан құтылудың амалын таппаған Мұхтар, 1951-1953 жылдардың аралығында күрт шешім қабылдап, Дәрмен образын эпопеяға кіргізді. Алғашқы екі кітаппен арасында жалғастық табу үшін Қиясбайды – Дәрмен деп өзгертеді де: «Бір кезде Қиясбай атанып кеткен Қодардың тұқымы осы Дәрмен еді» – деп түсініктеме берумен тынады.

Ал орысша мәтіндерде сол Қиясбай қалпында жүр: «Этот мальчик – племянник того Қодара из рода Борсак, – объяснил Даркембай, – Кодар погиб, а его единственный брат, Когедай, жил тогда в батраках далеко на землях Сыбана... Немощный был, всю жизнь болел, умер шесть лет назад... Қиясбай сын Когедая, единственный наследник Кодара. Вот этот мальчуган», – деп сол алғашқы нұсқасын сақтаған.

Ал, кейде Абайдың өзімен имене отырып сөз таластыратын, пікір жарыстыратын, ұлы ұстазының бұрылмаған жолдарымен де жүріп, тосын тақырыптар ұсынатын сал-сері Дәрмен кім еді? Қарама-қайшы әдеби бағытта талаптанып, үнемі Абай төңірегінде тоғысып отырған таланттар шоғыры, яғни, көркем шындыққа желі тартатын шоғыр болған ба?

Болған және жалғыз да, жалқы да емес, көп еді. Бірақ солардың арасынан суырылып шығып, Дәрмен сияқты халықтық сипатқа ие боларлықтай дара тұлға кім? Мұның мәнісін «Абай жолы» эпопеясының жазылу тарихына, ондағы әр образдың бір тараудан екінші тарауға, бір кітаптан, екінші, үшінші, төртінші кітапқа ауысқан кездегі іс-әрекетіне, мінез-құлқына, авторлық түсініктемелер мен анықтамаларға қарап, оның астарын ашып барып көз жеткізуге болады. Сонда ғана Қиясбайдан Дәрмен боп шыға келген адамның өмір тарихын, мұрат-мақсатын, тіршілігін, тағдырын аршып алуға мүмкіндік туады.

Мысалы, Шәке осы екінші кітапта барлық жан жадыратар жақсылығымен көрініп, Абайдың көңіліне көп жұбаныш әкеледі. Ертеңінен үміт күтеді. Ән-күйге, шежірелі оқиғаға, серуен мен серілікке жаны құмар. Шәкенің саятшылығы Абайдың да аң құмарлығын оятып, иен Шыңғысқа салбурынға шығады. Сол жол адастырып жүріп Машан тауының бөктеріндегі Тоғжанның ауылына алып келеді. Міне, екінші кітаптағы кесек оқиғаларға араласқан Шәке қалған екі кітапта анда-санда бір көрініп, жанама кейіпкердің дәрежесінде қалып қояды.

Бара-бара өмір сахнасынан ығысып, ысырылып барып орнын Дәрменге береді. Ендігі бапшыл құсбегі, көркем шындықтың иесі Дәрмен боп шыға келеді. Неге? 1947-1953 жылдардың арасында жеті жылға созылған әділетсіз сындар

шығарманың тас-талқанын шығара сынап, феодализмді дәріптеуші туынды етіп көрсетті. Мұхтар шығарманы былай қойып, өз басын аман сақтаудың қамымен жанталасып кетті. Міне, сол кездегі жоғарыдағы мақалаға орай өткізілген талқылауда жас жазушы Тахауи Ахтанов баяндама жасап, әділетсіз сынға әділ жауап беруге тырысқанымен, ішінара «мінеу» қажет болды. Тахауидің бұл баяндамасындағы:

«Романдағы Абайдың барлық ағайын-туысқандарын кіргізе беруі орынсыз екенін автор түсінбеген сияқты. Абайдың Құдайберді деген ағасы бары, оны Абайдың жақсы көргендігі кімге керек, сол сияқты бала жігіт Шәкені, оның аң аулағанын суреттеудің қанша қажеті бар. Осы сияқты өмір материалдарын шығармаға керектігіне қарай талғап алмай, авторды кейде қатеге де ұрындырған. «Абай» романының екінші кітабында екі жерде Абайдың кіші баласы Тұраштың аты көрсетілген. Бірақ оның аты Абайға абырой әпере ме? Жоқ. Қайта, алашордашыл байдың атын кітапқа енгізу — автордың саяси қатесі», — деген жалғыз абзац Шәке образының бүкіл болашағын қиып тастады.

Қырдың сергек көңілді, қаршыға мінезді құсбегісі Шәке, сол Шәке арқылы емеурін танытқан Шәкәрім Құдайбердіұлы барлық адамгершілік қасиетімен ашыла алмады. Бұл арада Құдайбердінің — Әмір, Шәке, Шәкәрім есімді үш ұлының барлығын біле тұрып, Мұхтар Шәке образын жазғанда Шәкәрім өмірінің бір қырын, оның өзі қатты ұнататын құсбегілігін баяндау ниетін көздеген. Амал қайсы, ол мұраты да орындалмады. Абайдың өз кіндігінен тараған бел баласы Тұрағұлдың атын атаудың өзі «саяси қателік» саналғанда, жазықсыздан-жазықсыз чекистердің қолынан қазаға ұшыраған Шәкәрімді Абайдың шәкірті ретінде қалай бейнелесін.

Сонымен, екінші прототип Шәкәрім — дұшпан боп шықты! Оның басы ашық. Ол заңды да. 1951 жылы Сәбит Мұқанов:

«Әуезов жолдастың Шәкәрім бандит боп өлгеннен кейін де, оған мейірімді көзбен қарауы, ең жеңіл тілмен айтқанда — ұят. Әуезов жолдастың былтыр басылып шыққан «Ақын аға» деген романында, Абай шәкірттерінің бірі боп Шұбар деген жүреді, сонда ол Шәкәрім болмағанда кім? Олай дейтініміз, кітап боп шығып, елге тараған «Еңлік-Кебек»

Шәкәрімдікі. Мағауия «Еңлік-Кебекті» жазыпты деген сөз әлі дәлелденуі керек. Өйткені, Мағауияның өзге өлеңдері әр түрлі жазбаларда сақталғанда, ол жазыпты деген «Еңлік-Кебек» ешқайда сақталмай, тек Мұқаметхановтың айтуынша, Мұхтардың Семейдегі архивінен табылыпты-мыс. Ол не қылған архив! Және ол архивті 1934 жылғы мақаласына дейін Әуезов жолдастың өзі неге білмеген? Одан бұрынғы мақалаларында неге айтылмаған? Мағауия жазды дейтін «Еңлік-Кебек» жайы осындай», – деп жазғырды.

Сонда, енді Қиясбайды, Шәкәрімді есептемегенде, Дәрменнің үшінші «серігі» бар ма?

Иә, ақиқаттың ақ жолы солай қарай бұрылып тұр. Оладам да Абай мен Шәкәрімнің жаты емес, жақыны. Құнанбайдың әйелі Айғыздан туған үлкен ұлы Халиолла. Шоқанның інісі Махмұдмен бірге Омбының кадет корпусын тәмамдаған Халиолла Құнанбайұлы Өскенбаев. Оның ғашық қызы – Айғаным, Семейдегі Тінібайдың қызы. Екеуінің арасындағы трагедиялық қайғылы хал көркем шығармадағы Дәрмен мен Мәкеннің үйленуі хикаясына телінген.

Біздің көз алдымызда Дәрмен де мәңгілік жас күйінде қалды.

Бұл әрі өмірлік, тарихи әрі көркем шешім осыдан келіп туған. Абай бейнесі кереғар заманның шыңырауына – катарсисіне түсті. Өлімнен өзге шешім – тарихи уақытты да, көркемдік уақытты да, көркемдік шындықты да, суреткерді де, жетекші тұлғаны – Абайды да қанағаттандырмайтын. Сол үшін одан «сорлы заманның» аяған түгі де жоқ еді.

Көк Аспан, Жер-Ана, Сорлы Заман қалды. Сол үшеуінің ортасындағы алып Бәйтерек – мәңгілік өмір белгісі қалды.

Абай бейнесі туралы М.Әуезовтің өзі: «Жазушы-автор ретінде қаншама еркіндік жасап, қиялға жол берсе де, түптеп келгенде тарихи Абайдан тым алшақ кетуіме жол жоқ еді», – деп түсіндіріп бергеніндей, ақын образы – тарихи және көркемдік шындықтың шебер өрімдесуі арқылы дүниеге келген әлем әдебиетіндегі ұлы көркем тұлғаға айналды. Міне, көркемдік шешім дегеніміз осы.

Шығармашылық психологияны зерттеушілер аңғарған тосын құбылыстың бірі – суреткер мен кейіпкерлер әлемінің астасып кететіні сондай, туынды иесі өмірінің сындарлы сәттерінде сол шығармасындағы көркем шындықты өмірлік шындық ретінде қабылдайтындығы. Мұның соңы Дж. Лондон

мен Хемингуэй сияқты күйініш те, Гете мен Гюго сияқты сүйініш те әкелген. Сондай-ақ, басына үйірілген пәлекеттің барлығын жағымсыз кейіпкерінен көріп, оны қарғап-сілеген қаламгерлер де болыпты. Оның қатарына Толстой, Бальзак, Достоевский қосылады.

Қазақ әдебиетіндегі сондай шағымды «шатақтың» бірі – Мұхтар Әуезов пен Құнанбайдың өзара «қарым-қатынасынан» өрбіді және ол «Абай» романындағы Құнанбай бейнесі неғұрлым дараланып, дербестікке ие болған сайын, соғұрлым күрделене түсті. М. Әуезов «Дала феодализмінің бөрілік сипатын Құнанбайдың бейнесіне жинақтай отырып, оны (Абайдың – Т. Ж.) көз алдынан өткіздім... Абай – жаңа, Құнанбай ескі қоғам», – деп Құнанбайды «ұстап берді».

Адам тағдырын, соның ішінде өзінің кейіпкерін қақпақылға салып, қарақшы ретінде көрсетуге жазушы Мұхтар Әуезовтің қақы бар ма еді? Тарихи тұлға ретінде ешқандай да құқы жоқ.

Міне, осыдан келіп барып, творчество психологиясы мен жазушы психологиясы арасындағы қарама-қайшылық туындайды. Бұл әдебиеттану мен психология ілімінің тұсындағы тылсым мәселе және сол ұлы талант иелерінің пікірі өзара тоғыспаған тоқсан тараулы түйсікті тұжырым. Тіпті нақты ұғымды тілейтін ғылыми-шығармашылық пайымдаулардың өзінде де түсіндірілуі мүмкін емес түйін.

Көркем шындықтың өзі сол таланттың тарихқа деген көзқарасы болып табылады. «Егерде тарихи ақиқаттың өзі дәлелді қажет ететін болса, онда көркем шығармадағы шындықтың дәйектемесінің дұрыс-бұрыстығын ең алдымен сол ұлы тарихтың өзіне жүгіне отырып саралау қажет... Қателікке ұрынбай, шығарманы дәйектеу деп таңдап алған жалғыз бағыттың дұрыстығына көз жеткізу үшін ойымызға тұтқа боларлық тіректі — шығармадан тыс дәйектен — өмірбаяндық деректен, тарихи-әдеби немесе жалпы тарихи оқиғадан іздеуіміз қажет», – дейді академик Д.Лихачев.

Құнанбай – ұлттық руханияттан орын алған тарихи тұлға. Яғни, Құнанбайдың өмір жолы бұрмаланса – қазақ тарихы да, ұлттық танымы да бұрмаланады. Өнердің өзегі – көркем шындық дегенмен де, ол – тарихи қиянатқа баруға негіз қаламайды.

Көркемдік әдіс-тәсіл мен шеберліктің көмекке келетін тұсы осы.

Даналар мен тұлғалар – қалыптасқан заңдылықтан тыс өмір сүреді. Тіршіліктің ағысына қарсы жүзбесе – онда көркем шығарманың өзегіне айналмас еді.

Сонымен, мейлі жағымды, мейлі жағымсыз болсын, бәрібір, жазушы өз кейіпкеріне көркем шындық арқылы оның тағдырына араласуға қақы бар ма, жоқ па? Гоголь бұл мәселені: «Жазушы ешқашан да өзінің кейіпкерімен керіспеуі керек: ол екеуі қол ұстаса жүріп әлі де соқтықпалы-соқпақсыз ұзақ жол жүруі тиіс, бұл – еріккеннің ермегі емес», – деп татулықпен шешеді.

Ал Толстой: «Егер де оқырман суреткердің әлденені зорлықпен солай иіп әкелгенін, ал оның мүлде басқаша арнамен дамуға тиіс екенін сезсе, яғни, суреткердің өзін, оның зорлығын біліп қойса бітті, онда өнерді өлді деп есептеңіз», – деп мүлде қарама-қарсы пікір білдіреді.

Оның бұл мүддені қатаң ұстанғаны, «Соғыс және бейбітшілікті» жазарда Кутузовты келемеждеп көрсетуге тырысқанын, алайда ақыры тарихи шындыққа иіліп, халықтық кейіпкер ретінде сомданғанынан-ақ аңғарылады.

«Суық шығармашылықтың» иесі Флобер авторлық мәтін туралы : «Менің ойымша, роман жазушы адамның мынау дүниеде не болып, не қойып жатқаны туралы өзінің пікірін білдіруге қақысы жоқ. Ол өзінің шығармасының жаратушысына пара-пар болуға тиіс, яғни, жаз, бірақ үндеме», – деп уәж айтады. Сөйтіп айтып алады да, іле: «Автор өзінің туындысының ішінде жалғанды жаратқан жаратушы сияқты көзге көрінбей қатысып отыруы қажет», – дейді.

Сайып келгенде, мұның барлығы әрбір таланттың жеке шығармашылық психологиясына қатысты жайт. Алайда бір шындық бар. Ол – жазушының өз кейіпкеріне деген адалдығы. Гоголь: егер шығарма менің еркіме бағынса, онда он жылдан кейін Чичиковты адам етіп шығарар едім, – депті-мыс. Демек, ол өзін кейіпкерлерінің алдында кінәлі санаған.

Әуезовтің Құнанбайға қатысты өз үкімінің тарихи шындықпен сәйкеспейтінін терең сезінген. Сезіне отырып: «Тарихи романдардан оқушы көбіне көрсетілген шындықтардың өмірлік дерегін, типтердің прототиптерін,

искусство шындығының арқауы болған өмір шындығын іздейтіні бар. Бұл тұрғыдан келгенде, өзі әртүрлі жасанды қылықтармен жақсы адам ретінде көрсетпек болған дала феодалы Құнанбай жөнінде нағыз шындықты табуым қиындау болды, басқаша айтқанда, оның жеке әрекеттері арқылы өз бейнесін дәл елестету қиын еді», – деп тұлға Құнанбай мен оқырманның алдында ақталғандай болды.

Бұл – Пушкиннің: «Мына Татьяна тұрмысқа шыққалы жатыр. Қой десендерші», Толстойдың: «Аннаның өлгісі келіп жүр. Қалай араша түсеміз!» – дейтін алмағайып сәті.

Л.Толстойдың Қутузов пен Болконскийге деген жеке көзқарас қайшылығы да соны аңғартады.

Кеңес өкіметі Құнанбайлардан қатты сескенетін. Өйткені: «Көркем шығарма – терең зерттеудің нәтижесінде дүниеге келетін көркем тарих. Қилы-қилы оқиғалар арқылы өмірдің түрлі-түрлі жағдайына тап болған адамның мінез-құлқын сынақтан өткізіп, кейіпкердің характерін жан-жақты ашады, шындықты терең түсініп, оның түйткілін түбегейлеп береді. Соның нәтижесінде ол сол мәселенің қырындысындағы қоясын шығарып, түпкі пиғылы мен китұрқысын әшкере етеді. Және ол исі адамзаттың мән-маңызы бар ақиқатқа айналады, мұндай дәрежеге жеткен ақиқат суреткердің өзі өлгеннен кейін де ғасырлап өмір сүреді», – дейді «Гетенің шығармашылық жолы» атты терең зерттеудің авторы А.Аникст.

Бірінші кітапта Қодар-Қамқа оқиғасы тұсында Құнанбайды барынша қатал әрі әділетті шешім иесі етіп қанық бояумен суреттелуі – тарихи шындық талабы. Толстойдың творчестволық психологиясы туралы академик Д.Лихачевтің: «...Оның тарихтың нағыз қорғаушы күшін білуге ұмтылған құлшынысы – өктемдік құрып қалған тарихи тұжырымнан құтылуға ұмтылған құлшынысы болатын. Толстойда өлшем үлгісі жоқ... Толстойдың барлық жағымсыз кейіпкерлері әдеби әдепті қатаң сақтайды, ал жағымды жандары оны білдірмейді... Толстой өзінің кейіпкерлерінің мұндай бекзадалық әдепті сақтағанын қаламайды. Міне, бұл оның қаһармандарының психологиясындағы басты конфликт болып табылады», – деген пайымдауының Мұхтарға болмаса да Құнанбайға қатысы бар.

Мұхтар Әуезов Құнанбайдың айбарының алдында именгендей болып: «Мен... Құнанбайдың өмірлік прототипін, бойына тарихи қайшылықтарды түгел жиған, даладағы жаңа атаулының бәріне қарсы жауыз феодалдың типін белгілеуіме негіз болды», – деген уәж айтады.

Уәжі – уәж. Бірақ та «Құнанбайдың – даланың сұмы, қу әміршісі», «соншалықты қатыгез, мейірімсіз», «парақор біреу» екеніне тарихи айғақ керек.

Тек тарихи шындық қана ақиқатты ажыратып, көркем тұжырым жасауға негіз қалайды. Себебі: «Достоевскийдің әрбір романы өзінше бір тарихи зерттеу болып табылады, оны кез-келген адамның өз көзқарасы арқылы қабылдауға толық қақысы бар, ал сол көзқарастың өзі аса маңызды тарихи дәлел болып табылады» .

Құнанбайдың тарихи дәйегі «Абай» романындағы Абай бейнесі. Егерде шығармадағы Құнанбайға қарап, Құнанбай Өскенбайұлының жеке басына баға берілсе, нағыз қиянат сол. Баласы дана, әкесі пәле, демек, Абай пәледен туған дана болып шығады.

Тарихи дәлелдер мен дәйектерді іріктеу барысындағы жүгінген жөн-жобасын шындық есебінде тәпсірлей келіп М.Әуезов: «Абай өмірінің маған белгілі жеке фактілері шынында да әр тарап, әртүрлі, шашыраңқы жатқан нәрсе. Ал романда олар шашыранды күйінде емес, белгілі бір үлкен арнаға топтастырыла, нағыз өмірлік шиеленіс түрінде, тартыс үстінде көрінеді. Бұл – жалғыз менің романдарымда ғана емес, кез-келген реалистік шығармада болып отыратын құбылыс. Мысалы, екінші кітаптың бірінші тарауында қандай оқиға болады?» – деп Құнанбай өз басынан кешпеген, демек ол үшін мән-маңызы жоқ ойдан қосылған көріністі алдыға тартады.

Шығармашылық психологиясының қисынына жүгінсек: «Текстің жазылу тарихы шығарманың көркемдік нысанасын анықтап береді. Тек қана тарихи ақиқат қана көркем шығарманың қасиетін тануға жол ашады».

Егер де шығармашылық психологиясынан келіп, логикалық талдауға жүгінсек, суреткердің өзінің тарихи жетекші тұлғасына қарап ұстанған қарым-қатынасында әділетсіздік басым. Одан пейіл емес, пиғыл аңғарылады. Абайдың жолына Құнанбай көлденең тұрмаса, Құнанбай

бұл дүниеге келмесе Абайдың бақыты ашылып сала берер еді деген емеурін танылады. Тіпті мұның өзі автордың көркемдік концепциясына қарсы. Құнанбайдың көзі құрығанымен де қоғамдағы, Абайдың жеке басындағы карама-қайшылық жойылып кетпес еді. Қайта М.Әуезовтің өзі атап көрсеткеніндей:

Сонда, шығармадағы көркем шындық, өмірлік шындық, тарихи шындық қайсы?

Құнанбайдың мойнына адам құнын арқалатқан, зұлым да қатыгез етіп көрсеткен бірінші оқиға – Қодар мен Қамқаны түйенің өркешіне дарға асқызуы. Иә, бұл өмірде болған оқиға, яғни, өмірлік шындық. Жазаны шарифат жолымен жүзеге асырған – Құнанбай. Өте қатал да тосын үкім. Бірақ, жалғыз ұлы өлген соң жесір қалған келінінің қойнына барып, ақыры елсізге алып қашып кетіп, әуейі болған Қодардың қылмысын қалай ақтауға болады? Солардың соңынан ере кетіп, әуейілік құрған бозөкпелер мен бойжеткен қыздарға кім тиым салады. Атасы мен келінінің арасындағы қасиетті сыйласымдықты зинақорлыққа айналдырған Қодар мен Қамқаға қандай сот кешу береді? Егер мұндай бейбастаққа үкім кеспесе, қазақ жұрты азып, тозып, ар-ұяттан айрылмай ма? Бір елдің тізгінін ұстаған Құнанбай оны билер келесіне салып, ашық сот жүргізіп, жазаға тартуын қандай заң жоққа шығара алады. Бұл – қасиетсіздікке үкім, ұрпаққа ескерту, ұлттың ұятын қорғау. Ел иесі ретінде сондай шешімге барғаны үшін де Құнанбай жазықты ма?

Құнанбай Қодар мен Қамқаны нақты елбұзар зинақорлығы үшін өлім жазасына кескен.

Дәл осындай сұрақты Құнанбайды жексұрын, қатыгез, шарифатшыл етіп көрсететін Әмір сал мен Үмітей қыздың арасындағы ғашықтық хикаясына да қатысты қоюға болады. Тарихи дерекке жүгінсек бұл арада да Құнанбай күнәдан сыртқары. Оның екі машайықтың алдында да, елдің алдында да, заңның алдында да жазығы жоқ. Мұны М.Әуезов жақсы білген және «Қаракөз» пьесасында бояуын сіңіре суреттеген. Өзінің бұл қадамын ақтаған сыңай танытып: «Енді ол (Құнанбай) мораль сақтағансып, Әмірді, оны сүйген Үмітейді сол ниетіне құрбан етпек болады», – дейді сенімсіздеу желеумен.

Бұл арадағы «мораль сақтағансып» – деген тіркестің үлкен мәні бар. Үмітей мен Әмір туралы ілгеріде егжей-тегжейлі баяндап өткендіктен де қысқа қайырайық. Қазақ жеті атаға толмай өзара қыз алыспайды. Ал Әмір мен Үмітей бір әкеден туған ағайынды екі кісінің ұлы мен қызы, Құнанбайдың өз немерелері. Ырғыз байлығынан сескенген жұрт олардың бұл «серілігін» Құнанбайдан жасырады. Екі әйелі, бала-шағасы бар Әмірдің астамсып кеткені сондай, Үмітейдің ұзатылып барған жеріндегі шымылдықтың ішін босатпайды. Бұл – басыну ғана емес, қанша Ырғызбай тұқымы, сал-сері болса да арсыздық еді. Сүйекке таңба! Жазушының өзі: «Абай Әмір мен Үмітей үшін мына жұрт өсегінен қысылып кетті... Мыналарға да, өзіне де ауыр болады-ау деп қысылу үстіне ұялып та барады», «Шолақтеректегі ел бұл келіске сұмдықтай қарады. Сол ауылдардың аталық, елдік абыройын таптағандай көрді», «Үмітей болса бұған сіңлі (анығында қызы Т.Ж.) есепті еді. Айғыз сол өз төркінінің тойынан ашуланып қайтты» деп емеурін танытады. Тіпті Құнанбайдың ата жауының өзі Қаратай да: «Сені мен менің өлер күнімізде бетке таңба түсті. Сені аяғанмен айтпай тына алмадым. Өзге кімге айтушы ем!» – деп қипақтайды. Абайдың өзі: «Бұларды шарифат та қосады», – деп арабтардың немерелес туыстарына үйлене беретінін меңзейді.

Ол – мұсылман болса да – араб! Ал, Құнанбай және оның екі немересі қазақ еді. Ал қазаққа ағасы мен қарындасының қойындас болуынан өткен масқара, мазақ жоқ! Ендеше Құнанбайдың: «Менен туған арам қан, бәдбақыт нәсілдерім мына екеуі. Жаратқан ием, я Кәрім Алла, менің қолымнан өлтіртпедің. Пендең болған бар тілегім сол болсын. Ал мына екеуін! Жібер өзіңнің ақ бұйрықты ажалыңды. Уын, зәрін өзгеге жаймай тұрғанда, жой көздерін, жоғалғырлардың!» деп, қолының сыртымен теріс батасын беруі», – сауап! Осы үшін де Құнанбай ақ некелі махаббатты қорғағаны қатыгез боп шыға ма?! Егер атасы мен келінінің, ағасы мен қарындасының әуейілігіне тыйым салмаса – Құнанбай – Құнанбай бола ма, ел билей ме? Үрім-бұтағының азғындық жолына түсуіне қалай жол беріп қояды. Құнанбайдың бұл қаталдығы – қатыгездік емес, қатал да әділ үкім!

Ендеше бұл үшін де оны жазғыра алмайсың. Қарғамайсың – алғайсың! Өйткені өз мүддесі емес, ұлттың ұятын арашалап отыр. Мұны: «екінші желіде Оралбай, Әмір, Абай тоғысады – бұл феодализмнің қатал заңына қарсы күрестің көрінісі»,– деп Әмір мен Үмітейді бүркемелей ақтау, сол үшін Құнанбайды тағы да тұқырта нұқып, соқыр көзін шұқу – ойын тәртібінен тыс тәсіл.

Құнанбайға тағылған үшінші айып – «дін жолындағы құлшынысы». Соның ішінде немересі Әмірді «салалы саусақтарымен шеңгелдей қылқындыруы». Жазушы бұл оқиғаны Әмір мен Үмітейдің әуейілігі тұсындағы теріс батамен қабаттаса суреттейді. Құнанбайдың намазын бұзу үшін таңғы мінәжатқа ұйып отырғанда жынды емес – әумесер, сал-сері емес – сайтан, бала емес – қос қатыны, үш баласы бар әке – Әмір жайнамазды аяғымен баса отырып ап, «Жалаңбұт» атты көргенсіз күйді тартып, саусағын, тілін шығарып, бет-аузын қисандатып:

Сыпыра бойдақ, сылқылдақ,
Буыны жоқ – былқылдақ.
Сұлу келіншек, сұлу қыз,
Кез келсе — Әмір, сылқылдат.
Сылқылдат, Әмір, сылқылдат!, –

деп ән айтқан есерсоқ немересінің «алқымынан, жалаңаш мойнынан сығымдап қысып кеп буындырып, өзіне қарай сілке тартып, қинамағанда» Құнанбай не істейді!

Әмір – Біржан сал да, Ақан сері де, Үкілі Ыбырай да, Әсет те емес. Алланы, атаны, ана сүтін сыйлаудан қалған «қасиетсіз арам қан!». Сондықтан да «Қызарып атқан таңда, мынау зауал таңда... аталық қарғысын айтуы» да орынды. Қайта осыншама қорлық пен мазаққа көнген Құнанбай көнбіс, шыдамды, сабырлы жан. Жайнамазды аяғымен басу – бетіне түкірумен пара-пар басыну. Өзгеге шыдаса да азғындыққа шыдамаған жан ашуы, айтқан лағынеті!

Міне, осы үш оқиға үшін Құнанбайға қарғыс қамыты кигізілді. Абайдың арашада жүруі сиымды да сенімді. Осы үш оқиғаның бойында өмірлік, тарихи, көркем шындық бар.

Өкінішке орай, көпшілік қауым көркем шындықты

өмірлік шындық деп қабылдап, қиялға сенуменен келеді. Тіпті бұл ұғым жалпы ұлтқа сіңісті болып кетті. «Кісі айыбын айтпақтан оңай жоқ, өз айыбыңды өзің айтқаннан ауыр жоқ» – деген Құнанбайдың «айыбын» ісі қазақ қауымы жарты ғасыр бойы бетіне басты.

Сонда Құнанбайға қаратыла айтылған қатал да қисынсыз көркем шындықтың тарихи айғағы, дәлелі, дәйектемесі қайсы?

Ол – Мұхтар Әуезовке тиесілі суреткердің тарихи әрі көркем кеңістігі мен уақыты.

Көркем уақыт, сол замандағы қоғам, сол қоғамда өмір сүрген адам психологиясының тоғысынан барып тарихи көркем ой туындайды.

Кеңістік пен уақыттың соншалықты ділгір мәселеге айналуы – дүниеге деген идеалистік және материалистік таныммен тамырласып жатыр. Егер өнердегі көркем кеңістікті мойындасақ, онда бір ғана жаратушының бар екенін, оны әр адам: 1. Космогониялық мифтік түйсін арқылы елестететініне. 2. Оның ұлы сарынын, аянын жеткізетін иеміз бен киеміздің бар екеніне бой ұсынуымыз қажет. Яғни, әуелі сана, содан кейін – болмыс.

Ал материалистік таным, марксизм-ленинизм ілімі мұны жоққа шығарды. Сондықтан да түйсіктегі ұғымның барлығын уақытқа сидырды. Өнердің де шегін уақыт, яғни, тарих мөлшерімен өлшеді. Нақты тарихи уақыт, суреткер және көркем уақыт деген қағидалар соның нәтижесінде дүниеге келді және кеңістік ұғымы көркем уақыттың ішінде қарастырылды.

М.Әуезовтың көркем кеңістігі – көшпенділер әлемі. Ал оның көркем жобасы (Д.Лихачевте – образ) – «Абай жолы» роман-эпопеясы. Көркем кеңістіктің елесі, ойлау жүйесі, бейнесі (образы), сарыны суреткердің жадынан, түйсік болмысынан, сана сәулесінен оянған.

Суреткер көшпелілер кеңістігіне – сол көшпелілер әлемінің ақыл-ойы, сарыны, мұқым болмыс-бітімі бойына ұйыған дана кейіпкері хакім Абайды шығарады. Ал көркем кеңістіктің шыңына шыққан Абай өз кезегінде: «қуарып, шошайып қалған жалғыз ғана қу ағаш» боп «көк аспанға тіл қатты. Не жазып ем, не сұмдық, не зұлымдық етіп ем. Бітім, міне, тек көк аспан күәм едің сен, сенен ғана сұраймын.

Сорымның да куәсі, көгерген гүл атқан шағымның да куәсі сен едің – кең көк аспан! Сен ғана бір айтшы... Мен өлейін, бірақ сол сан жылдарда сенің желдерің қуып әкеткен гүлдерім, дәндерімнен ұрпақ, нәсіл қалар ма?» – деп Мәңгілік кеңістікпен бақұлдасады. Мұндағы «қуарған ағаш» уақыттың, «кең көк аспан» кеңістіктің нысаналы белгісі.

Аспан – Мәңгіліктің, ағаш – уақыттың өлшемі. Қазақ ертегілеріндегі аңыздың сарыны, мифтік бейне бойынша Бәйтерек – кеңістік пен уақыттың арасындағы көпір. «Ертөстіктегі», «Күн астындағы Күнікей қыздағы» Бәйтеректер сол кеңістіктің белгісі. М.Әуезов: «...биік басына шыққан зәулім өскен алып шынар құлады» – деп Абайдың уақыты біткендігін айтып отыр. Ал оның рухы – Кеңістікте, Мәңгілік «кең көк аспанда». Абай арқылы Әуезов кеңістіктің түпкі иесімен тіл қатып тұр.

Көркем кеңістік – кәдімгі уақытқа тәуелсіз. Сондықтан да абсолютті шындыққа жақын. Көркем уақытты бір сөзбен, бір сөйлеммен немесе бір-екі ауызекі пікір алмасумен қадым ғасырдан бүгінгі күнге әкелуге, заманалар мен дәуірдің орнын алмастыруға не белгілі бір мезетке тоқтатып қоюға болады. Екі дүниені қатар қойып жарыстыра салыстыруға да суреткердің еркі бар. Бірақ бұл – уақытқа шексіз өктемдік жасау деген бейпіл қағида емес. Оның да өзіндік логикасы мен заңдылығы бар. Уақытты тоқтата ма, соза ма, жоқ тездетіп жүргізе ме, бәрібір, тек тарихи шындықпен сәйкес келетін шартты уақыт межесін таңдап алуы тиіс.

Мұхтар Әуезовтің таңдаған уақыты – «тарихи мүмкіндіктердің ауысқан кезеңі», «қазақ халқының жүз жылдық тіршілігі».

Қаншама ұлы талант иесі болса да енді осынау өзі тандап алған уақыт шеңберінен шығуға қақысы жоқ.

Мұхтар Әуезов уақыт шекарасы ретінде Құнанбайдың аға сұлтандыққа сайланған тұсын меже етіп алды. Бұл, милади есебі бойынша 1849 жылдың 16 шілдесіне тура келеді. Суреткердің өзі мұны: «Абай кезіндегі қазақ даласында күні өтіп бара жатқан, бірақ тамыры әлі де тереңдегі Ескіні мен Құнанбай образына жинақтадым. Ал оның баласы Абайдың бойында енді туып келе жатқан Жаңа бар», – деп өзінің көркем уақытының шекарасын нақтылап береді.

Міне, осы арадан бастап тарихи дәлел мен тарихи тұлға толықтай жазушының еркіне көшеді.

Роман-эпопеяның ұлы сүйегін ұстап тұрған негізгі арқау – осы көркем уақыт. Мұхтар «ақын Абайдың қалыптасуын... ескі мен жаңаның диалектикалық қарама-қайшылығын, күрес нәтижесін, ескіні жаңаның жеңуі үшін» – әкесі мен баласының өмір сүрген уақытын алмастырды. Аға сұлтан Құнанбай ақын ұлын тарих сахнасына иығымен көтеріп шықты. Абайдың жолына өзі баспалдақ болып қаланды. Суреткер еріксізден еріксіз Абайды он бес жасқа есейтуге, тарихи оқиғаларды бері жылжытуға мәжбүр болды. Өйткені заман қайшылығы мен көркемдік шындықтың өзі соны талап етті. Көркем уақытқа сәйкес көркем айғақ, көркем дерек қажет. Әйтпесе, Абай бейнесі «етекбасты» күйінде қалатындай қауіп төнді. Сондықтан да Мұхтар Әуезов еріксіз еркіндікке барды.

Мысалы: 1. Жас Абайдың жүрегін түршіктірген Қодар-Қамқа оқиғасы Абай дүниеге келмей тұрып, одан 10 – 15 жыл бұрын өткен болатын. 2. Әйгілі Мұсақұл соғысы тұсында Абай бесіктен енді ғана белі шыққан, бір жасар сәби. 3. Құнанбай аға сұлтандыққа сайланған кезде Абай төрт жасқа енді толған. 4. Ал Бөжейдің асында Абайдың кісі күтіп жүруі мүмкін емес-тін. Өйткені Бөжей 1853 жылы дүниеден қайтты. Абай онда жеті жаста. 5. Базаралы «итжеккенге» Құнанбай емес, Абай болыстық құрып тұрған кезде Тәкежанның жылқысын барымталағаны және Зағипа қыз бен Нұрғанымның арасындағы махаббат машаһаты үшін айдалды.

Тарихи шындық пен уақыттың ақиқаты осы. Ал бұл оқиғаларды алып тастасаңыз, не оның барлығы Абайдың қатысуынсыз өтсе – «Абай» романы қандай күйге түсер еді? Даналардың уақытқа бағына бермейтіні, өз «заманына сыймайтыны», «замананың ақыры оны илейтіні» (Абай) сондықтан. Өйткені уақыт мәңгілік, адам фәнилік. Тек көркем уақыт пен көркем шындық қана оны тірілте алады. Қалпына келтіреді. Екінші өмір береді. Көркем уақыттың шекарасын дәл анықтап, уақыт шындығын сара санамен белгілей білгендіктен де Мұхтар Әуезов Абайдың көркем өмірін ұзартты.

Енді көркем шығарманың көркем уақытына сай сол уақыттың жетекші тұлғасы анықталуы тиіс. Ол тұлға уақытын қозғалысын, бағытын, мінезін, тіршілік ырғағын, қоғамдық коллизиясын, еркін, нысанасын, өмір сүру тәсілін, ішкі қайшылығын, адамдардың арасындағы психологиялық шиеленісін, ерік-жігерін, жалпы алғанда мұқым шығарманың болмысын анықтап береді. Анықтап қана бермейді, өзгені өзінің дегеніне көндіріп, айтқанын істетеді. Кемеліне келген, ырғақ-екпін алған, ішкі рухы қуатты тұлғаланған қаһармандар тіпті автордың өзіне жөн көрсетіп, оған бағынбай, бәсекеге түседі. Мысалы «Соғыс және бейбітшіліктегі» сері князь Андрей Болконский Толстойдың еркіне көнбей, Бородино майданында жаралы күйінде Наташаға көрінгісі келмей, ажалды таңдап алған. Соның нәтижесінде «Декабристер» атты романын жазудан еріксіз бас тартқан. Өйткені Болконский образын Сенат алаңына әскер бастап шығаратын жетекші тұлға ретінде дайындап келе жатқан екен. Болконскийді өлтірмеу – суреткердің құзырында. Бірақ дана Толстой көркем шындықтың заңына бағынған.

Сөйтіп, уақыттың қайшылығының өзі, яғни, Тарихи уақыт пен Көркем Уақыттың қайшылығы – шығарманың композициялық желісіне айналды. Заман қайшылығын әкелген – Құнанбай, ал Абай көркем уақыттың қайшылығы арқылы заманға қарсы шықпақ...

Тарихи дәлелдің көркем Уақыттан талап ететін тағы бір басты айғағының бірі жер аттары, табиғат суреттері, хайуандар әлемі. Құнанбайды – Ырғыздың, Абайды – Кеңгірдің бойында туды: Қаратауда өмір сүрді, құлан аулады, есекке мінді, тауыс ұстады; жатақтар – күріш, қарашекпендер – қауын екті деуге болмайды. Достоевский «Қылмыс пен жазадағы» оқиға өтетін үйдің баспалдағына шейін дәл санапты. Толстой «Соғыс және бейбітшіліктегі» суреттелетін ортаның алаңқайлары мен ағашын да сол қалпында бейнелепті. Бұл өте түйінді мәселе. Өйткені табиғат — уақытпен қоса өзгеріп отырады. Көркем шындық сол жоғалған тіршілікті қалпына келтірудің және оның өмірде болғандығына сендірудің бірден-бір мүмкіндігі.

Достоевскийдің шығармашылық психологиясының тамырына зейін қойған Д.Лихачев ғұлама: «Кейіпкерлерінің

нақты тұрған жері, шығармаларындағы оқиғалар өткен мекен-жайы оқырмандарын қатты қызықтырған одан (Достоевскийден) басқа жазушы табыла қояр ма екен. Достоевскийдің оқырмандарының ішкі жан дүниесіндегі осынау құлшыныс – көркем әсерді толықтыруға деген құштарлықтан туған... Топографиялық дәлдік – оның көркемдік мақсатына ғана емес, жалпы шығармашылық әдіс-тәсілінің өзегіне айналды. Өзі сақнаға шығарған образына актер қалай кірісіп кетсе, сол сияқты Достоевскийдің де өзі суреттеп отырған көріністің шынайылығына сондай сенді әрі сене отырып, өзі де соның ішінде жүргеніне күдіксіз иланды» – деп жазды.

Ал Мұхтар Әуезов көркем уақыттың табиғатын қиялдың қуатымен тірілткен жоқ, өзі соның ішінде өмір сүрді. Жетекші және қосымша кейіпкерлері өмір сүрген ортаның рухани картографына айналды. Мұхтардың: «Жер әңгімеші, жер әңгімеші болған соң – ел әңгімеші. Жер – анасы, ел – баласы деуге болады. Ел айтқан әңгімені ел мекені, ер бесігі жер де айтады. Көз жібертсең, көңіл тоқтатсаң, тыңдап көрсең – көпті айтады. Алдымыздағы, айналамыздағы көк өзен, өлке, қойтас, қырқа, бұлақ, шалғын – барлығы да қазақ халқына сүйікті, қымбат болған, көп-көп өлеңнің туған ұясы, тербелген бесігіндей. Бұл жерлер – әсіресе әңгімеші жерлер» – деп жазушының өзіне өзі мінездеме бере толғануы да сондықтан.

Бұл реттен алғанда «Абай» романы қазақ даласының қағаз бетінде жазылған картасы мен салынған сурет деуге толық негіз бар. Өйткені: «романдардағы географиялық атаулар, пейзаж бәрі де шындық. Әсіресе, пейзаж Абай туған даланың жай, жалаң көріністері ғана емес, тірі табиғаттың сырлы суреттері. Түрліше оқиғаларға куә жайлау, қыстау, қоныс аттары өз күйінде алынған». Көркем уақыт пен жер тарихы берген мүмкіндікті қапы жібермеген. Бұл қосымша дәлелді қажет етпейтін қалтқысыз шындық.

Көркем уақыт пен тарихи дәлел тұрғысынан аса ұрымтал, суреткер үшін шешуші әрі түйткілді мәселе – әр кейіпкердің, оның ішінде басты тұлғаның «өзіне жүктелген міндетті» атқару үшін шығарманың ішіне кіретін тұсы. Бұл негізінен көркемдік шешімнің құзырындағы талдауға жатады. Алайда басты тұлғаның оқиғаға араласуы – сол туындының мерзімін

анықтап, қалған тарихи дәлелдерді дәйектеп беретін айтулы сәт. Үш күндік жолдың... соңғы күнінде шәкірт бала» – Абай – болашақтағы Мәңгілік екінші өміріне жету үшін «барын салып» «Абай жолы» роман-эпопеясының ішіне кірді. Бұл кезде Абай Құнанбайұлы бар болғаны он үш жаста болатын.

Міне, дәл сол мезеттен бастап романның көркем уақыты өзінің сәт сағатын соқты. Абайдың алдында бүкіл көшпелілер әлемінің Қаражартасы – Құнанбай тұрды. Екі уақыт жалғанның екі жартасы бір-біріне қарама-қарсы жүрді. Олар қашан және қалай, көшпелі әлем кеңістігінің қай түкпірінде қалай қақтығысады, ол суреткердің еркіндегі көркем құбылыс. Оған, ал біздің жағдайымызда, «Абайға», Мұхтардан басқа ешкімнің үкімі өтпейді. Енді тек сол көркем уақыттың соңғы сәті жеткенше «Абай өмірден өткенше» Әуезовтің көркем әлемінде серуендеу ғана қалады.

Көркем уақыттың үкімін күтесің.

Сол ұлы кеңістіктің ішіндегі тарау-тарау күре жолдарды тоғыстыратын кіші кеңістіктегі тағдыр соқпақтарына апаратын өмір баспалдақтары қалай қойылған, гәп сонда. Бұл гәптің түйіні – Заман деп жалпылама айтыла салатын Көркем уақыттың тарихи сәттерінің қақтығысында жатыр.

Көркем коллизия делінетін мұндай шақта дүниенің быт-шыты шығып, ой ұйытқысы ыдырап, рухани жүйкенің жіптері үзіледі. Шығарманың жалпы әсерінің шағымды шағы осы.

Мұндай зауалды шақтар – көркем уақыттың қақтығысы, сол суреттеліп отырған оқиғадағы ситуациялардың қарама-қайшылығынан туады. Шығарманың тұтастай әсер-болмысы және ондағы көркем Уақыт өзара табиғи түрде жалғасып жатқан, «қуатты ойдан бас құраған» (Абай) тараулы талқылардан құралады. «Бүкіл тұлғалы туындының бойындағы жекелеген тараулардың өзіндік желісі, өзіндік сюжеттік бұраланы, өзіндік ой қорыту жүйесі болады»... Солардың басы тоғысқаннан кейін барып Уақыт-заман козғалысқа түседі.

Міне, осыдан кейін барып уақыттық, замандық шындықтарды іріктеу, орын алмастыру, ойдан қосу, қиыстыру басталады. Тарихи дәлел мен көркемдік қисындар көңіл көрігінен өтеді. Талант қуаты мен талғамның төсінде сомдалып, түрленіп, тума шындыққа ауысады. А.Толстой

айтқан: «Қиялдың өзі кейде шындықтан да шынайы боп шығады, Иә, нақты шындықтың өзінен де басым тұрады, көбінесе жалаң деректің өзі сенімсіздік тудырады, өйткені – деректі жазбаның өзі – бір ғана көріністің куәсі, ол фотобейне сияқты – адамның қасқағым сәттегі бір ғана бет-әлпетін білдіреді, ал оның түр-түсінің, бет-бейнесінің құбылуын тұтастай қамти алмайды. Өнердің міндеті (портрет жасаудың да) характер, типтік тұлға жасау» деген уәждің жүзеге асатын кезі осы.

Уақыт та, тарихи оқиға да суреткердің көркемдік мақсатына қызмет етеді. Заманы ортақ үлкенді-кішілі кейіпкерлер мен елеулі-елеусіз оқиғалардың барлығы да жетекші тұлғаның тұрлануына жұмылдырылады.

Міне, бұл – суреткер даналығының кепілі болып табылады.

Ал осыдан келіп туындайтын тарихи уақыт сәйкессіздігі, яғни, тарихи шындық пен көркем шындықтың арақатынасы туралы мәселе – жазушының шеберлігі мен шығармашылық логикасына қатысы әдеби пайымдаудың еншісінде және ол – дербес талдаудың тақырыбы. Өйткені, тұтас бір әлемге айналып отырған Көркем кеңістіктің өзі де сол жымы білінбей құрастырылған ұсақ бөлшектерден – тағдырлар тоғысынан тұрады. Мұның өзі «дәлелсіз дәлел» немесе «жаңсақ деректер» (неточные материалы) деп те аталады. Онсыз шығарманың тұзы татымайды, дәмсіз-татусыз сұлу сөздердің жиынтығы болып қалады.

Ендеше, «Абай» романындағы көркем уақыттың еншісіндегі «жаңсақтықтардың көкейкесті» мәні бар және ол «сыйымды мөлшерде» пайдаланылған деуге толық негіз бар.

Мұхтар Әуезов туралы екі мыңыншы жылға дейін дүниежүзінің баспасөз беттерінде жарияланған үш мың бес жүзден (!) астам зерттеу мақалалардың ешқайсының жазушының көркем уақыты мен көркемдік шындығына шүбә келтірмеуі соған дәлел.

Көркем уақыттың иесі – суреткер. Шығарманың аты, тақырыбы арқылы ол өзі таңдап алған құбыласын көрсетті. Алғашқы сөйлемнен бастап оның өз көркем әлемі ашылды. Ендігі жанталас сөз иесінің жан дүниесіне көшеді. Бойына жиылған барлық түйсік талшықтары – ділі, тілі, пейіл мен

бейілі, көзқарасы, адамдық пен пендешілік мінезі, көрген-білгені, оқып-түйгені іске қосылады. Жазушы өзінің елесімен өзі арпалысады. Сол майданның көркем нәтижесі бүкіл шығарманың бақталайын шешеді.

Тақырып пен тартыс желісін таңдап алғаннан кейін: «Ол ісі адамзаттың ортақ мүддесін зерттейтін сиқырлы әлемнің кілтін қолына алады. Көркем талдаудың тұжырымы тосын әрі ойлағаныңнан да терең тұңғыыққа тартады» (В.Шкловский). Оған тарихи шындықтың да, талант иесінің де үкімі жүрмейді. Мәселені жетекші тұлғалар Құнанбайлар ғана шешеді. Тек талант түйсігі ғана олардың жолын ашып, жан-жағын тиянақтап, артық-ауыс оқиға мен кенеуісз кейіпкерлерге, тұрлаусыз тартыстарға жолатпай, қимыл-бағытын реттеп отырады.

Жазушының жеке басындағы психологиялық шиеленістің шегіне жететін шабытты әрі шағымды шағы. Сол сәттен былай суреткердің өзі де тұлғаға айналады.

Ендігі көркем әлемнің жаратушысы оның өзі ғана!

Мұндайда тарихи дерекке жүгінумен не соның сорабына түсумен мақсатыңа жетпейсің. Ю.Тыняновтың: «Тарихтың салмақты дәлелдерін саралау қиынға сокса да бұл мені қызықтырды... Менің алдымда деректер мен куәгерлердің, естеліктерін пайдалану немесе пайдаланбау туралы мәселе тұрды. Мен деректерге басымды игемін жоқ. Адамның бүкіл өмірі қағаз бетіне түспейді... Деректің астарын түсініп, оның неге жазылғандығының амал-айласы мен мақсатын ажырату үшін де оған сенуің қажет қой – деген пікір содан келіп туған.

Мұхтар Әуезов те бұл күйді басынан кешіріп, түрлі деректерді көркемдік таным таразысынан өткізді. Оқиғалардың, кейіпкерлердің, уақыттың орындарын алмастырды. Желіге тың кейіпкер тартылды немесе қысқартылды. Барлық сюжет пен композициялық құрылым, тартыс пен шешім Абай бейнесіне қызмет етті. Бұл – тек жазушылық көркем тәсіл ғана емес, тарихи-философиялық, әлеуметтік, көркемдік түбегейлі нысана болатын. Ол үшін ең алдымен жетекші тұлғалардың – Құнанбай мен Абайдың өз өмірбаяндары сана сүзгісінен, ой елегінен өтті. Кей тұстарда – даналық, кей тұстарда екі ұшты шешімдерге барды. Бірақ бұл шешім – суреткердің шешімі. Неге былай? – деп

шамдануға ешкімнің құқы жоқ.

Ал өмірлік шындық пен көркемдік шындықты салыстыра отырып суреткердің шешімін талдау, қисындарын ашу, оны түсінуге, түсіндіруге тырысу – әдебиеттану ілімінің міндеті.

Алтыншы тарау **ШЫҒЫС: КІМНЕН, НЕДЕН?**

Құнанбай «Кімнен қауіп болса – қатер содан» – деген. «Неден қашсаң – пәле содан».

Кейіпкер – жазушының өзі. «Соғыс және бейбітшілікте» – Толстой, «Мартин Иден»-де – Дж.Лондон, «Мұхиттағы аралда» – Хемингуэй, «Абай жолында» – Мұхтар Әуезов өз өлімін суреттеген.

Мысалы, Толстой мазасыз өлімнен қашып, тыныш ант мезгілін іздеп, ақыры поезда жан тапсырды.

Мопассан махаббаттың құрбаны болуға құштар кейіпкерлері сияқты, өзі де албаты жүрістің салдарынан өлімге іліккенін өзі білмей қалды.

А.Франстың “Өлігі» («Труп») өзінің өліміндегідей суреттелген.

Бальзак жантәсілім беріп бара жатып өзінің не сезгенін, көз алдына не елестегенін айтып үлгерген.

Пушкиннің соңғы сөзі: «Қош болыңдар, достарым!» – деп кітаптарымен бақұлдасқан.

Мұхтар Әуезов үшінші рет «пышаққа түсуден» қашып жүріп, жеңіл ұшықтаумен құтыламын деп жүріп, операция столында қаза тапты.

Жетінші тарау **КӨМЕКТЕС: КІММЕН, НЕМЕН?**

Енді осыншама жүйкені шүйкелеген шығарманы жазуға суреткерді мәжбүр еткен қандай тылсым күш, соған көшейік.

Егерде жоғарыда біз желөкпелете баяндаған «іліктесіп», «түрткілесіп» қалғаннан туынды туа берсе, біздің өзіміз неге

осы «Бейнет сусынының» жазылуын отыз жеті жыл бойы күттік? Демек, мұны жазуға қандай мұқтаждық, қандай мүдде итермеледі.

Мұқтаждық деп қалдық па?

Иә, дәп соның өзі. Қаржылай мұқтаждық, рухани мұқтаждық дейсіз бе, бәрібір, әйтеуір бір мұқтаждықтың жазуға түрткі болғаны анық. Қағазға түскен өнер туындыларының бәрін тудыруға мәжбүр еткен осы мұқтаждық. Бұған имандай сеніңіз. Елім үшін, жерім үшін, ұлт мүддесі үшін, парызымды өтеу үшін – дегеннің біріне сенбеңіз. Оның барлығы өзінің бағасын арттыру немесе қандай да бір салмақты іспен айналысатынын бұлдап қалу.

Шынайы суреткер: «Кірлеген жүрек өзі үшін, Тұра алмас әсте жуынбай» – деп Абай айтқандай, тамағына тығылып тұрған өксікті басу үшін шерін тарқата жазуға мәжбүр және әр суреткер сол сәтке құштар. Онсыз құмығып, тұншығып өмір сүруі, тіпті өліп кетуі де мүмкін.

Ал әлгі «іліктер» мен «түрткілер» онсыз да шыңыраудан булығып шығайын деп тұрған бастаудың көзін түртіп қалғанмен бірдей кездейсоқтық. Мұндай шешуші сәтке, «шабыттың ғарасат майданына» нағыз суреткер кез-келген сәтте дайын тұруы тиіс.

Өйткені оның ту сыртынан әлгі мұқтаждық желкелеп тұрады. Егер қаражат мұқтаждығы болмаса, Қадыр Мырзалиев «Дала дидары», «Ой орманы», «Бұлбұл бағы», «Ақ отаудан» кейін ештеңе де жазбас еді. Оның атын мәңгілік өлтірмейтін де осы жинақтары. Олардың қаламақысы бір рет жарылқап тастағанымен, қамсыз өмір сүруге жетпейтін. Еріксіз «Алақанын» ысқылап, «Домыбырасын» шертіп, «Қорамсаққа» қол салды.

Сондықтан да бағзы заманның озаны Петроний: «Не знаю, почему получается, что сестрой таланта оказывается нужда» – «Таланттың қарындасы неге мұқтаждық болуы тиісті, соны түсінбеймін» – депті.

Әдебиетке «ой ағысы мен кісіркенуді» әкелген атышулы Альбер Камю: «Бедность делает человека одиноким. Но одиночество это всему придает цену»; «Урок любви и бедности...» – «Кедейшілік адамды жалғыздыққа душар етеді», сондықтан да адамды жазуға итермелейтін «Махаббат пен мұқтаждықтың тәлімі» – депті.

Жоқшылық, тапшылық, ақша мұқтаждығы «желкелеп қалам алдырған» жалғыз Камю емес. Оның алдыңғы толқын ағалары Оноре де Бальзак та, Александр Дюма да, Вальтер Скотт та, Александр Пушкин де, Федор Достоевский де, Джек Лондон да, Жорж Сименон да, Александр Куприн де, Лу шың да, Акутагава Рюноскэ да, Мұқағали Мақатаев та тек қана қаламақымен күн көрген. Тапқаны тапқанына жетпей, келесі кітаптың қаламақысын несиеге алып, сол қарыздан құтыламын деп күні-түні жазудан бас көтермеген. Александр Пушкин, Джек Лондон, Александр Куприн, Максим Горький, Ғабдол Сланов, Мұқағали Мақатаев несиеге өмір сүруден әбден мезі болған. Бальзак пен Скотт тепеңдей-тепеңдей жүйкесін тоздырып, ақыры зорығып өлген.

Федор Достоевский қояншығы ұстап қалғаннан соң екі-үш күн қалам ұстауға дәрмені жетпеген. Дертіне емес, баспа мен редакцияның межелеп берген көлеміне алаңдап, қолжазбаны тапсырудың мерзімін бір аптаға ұзартуды өтініп жазған хатын оқысаң, аза бойың қаза болады. Күн көрісің қалам ұшына қарап тұрған соң басқа амал қайсы. Сол әредікте Раскольниковтың кемпірді өлтіруге көтеріліп бара жатқандағы баспалдақтың саны нақты қанша екенін білу үшін ескі ғимаратқа барып, санап үлгерген.

Пушкиннің «Қарыз дәптерінің» іші толған берешек пен алашақ иелерінің аттары, тиын-тебеннің есебі екен. Мұндайда шабытты күтіп шалқуға мұрша жоқ сияқты. Алайда олар барлық қорлыққа көнген, тек «көңіл қошы» келмесе, келмеске жіберемін десең де, қолына қалам ұстамаған. Өйткені олар сөздің киесі ататынын білген. Сескенген әрі сыйлаған.

Ал жазуды – рухани қажеттілік деп санаған, қаражатқа ешқандай мұқтаждығы жоқ Гете, Толстой, Стендаль, Флобер, Тургенев, Федин, Симонов, Абай, Әуезов, Мұқанов, Мүсірепов сияқты ірі суреткерлердің жанкешті жанталасы «мұқтаждардан» кем түспеген. Бұлардың дені қаражат мәселесін мұрагер ретінде немесе қоғамдағы әлеуметтік орыны арқылы шешіп алған (Мысалы, Әуезов, Мұқанов, Мүсірепов үшеуін академикке төленетін айлық толық қамтамасыз етті). Сонда да үшеуі қаламақының қадірін ерекше бағалаған.

Демек, оларды азап әлеміне құлшындырған мұқтаждық – рухани мұқтаждық, дүниеге көзқарас. Гюгоның «Фаусты», Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігі» мен «Анна Каренинасы», Ролланның «Жан Кристофы», Әуезовтің «Абай жолы», Мүсіреповтің «Ұлпаны» сондай рухани мұқтаждық тудырған, көркем талдауға құрылған туындылар.

Не қаражат, не рухани мұқтаждық қыспаған шығарманың шығардағы жаны басқа.

Кінә кімде? Рухани мұқтаждықты тоқмейілсумен айырбастап алған тоғышар жазармандардың өзінде. Оларды В.Ключевский: «Публичные девки публицистики» – «Қызыл сөздің қылымсыған қырттары» – депті.

Дұрыс. Өйткені, олар суреттеген – «ағаш адамдардан мейірім іздегеннен көрі, жағып жіберген оңай» – «Деревянные души – их легче сжечь, чем согреть».

Содан кейін барып араға әдеби тәсіл мен әдіс деген жеңгетай жүреді.

Қазіргі бизнес тілінде «Помогайка» дейді.

В.Ключевскийдің дәл тауып айтқанындай: «Әдебиет тарихы арманнан, идеядан және көңіл-күйден тұрады»

«Абай» романы осы үш ілхамның рухани көркем энциклопедиясы

Арман орындалды. Идея жүзеге асты. Көңіл-күй орнықты. Енді не істейді. Қимасына айналған кейіпкерлерімен қоштасау оңай ма, әрине, жылайды.

«Страшно плакал, когда описывал последние страницы Толстовского бегства, потому что он был такой знаменитый, что ему некуда было бежать» (В.Ключевский).

Ендеше, жүйкені шүйкелейтін қарабайыр да қазымыр шындықты қазбалай бермей, сөз, сөйлем, абзац, жоспар, идея, туралы ойды осы арадан үзіп тастап, оның тағдыры туралы толғауға көшкен лазым шығар.

Міне, осыншама азаппен жазылып біткен туындының тағдыры қызық пен қатерге толы болады. Бір қолжазбаның, туа сала «шаһзада» деп жарияланған тума сияқты жолы болып, қолдан-қолға тимей құрмет көріп, кәрі сүйегі курағанша алғаудың астында қалады.

Екінші біреуі, дүниеге талантты төлдің келгені мәлім болса да, өмір-өзеннің ағынымен баяу қалқып барып мәңгілік теңізіне құяды.

Үшінші бір қолжазба, туа сала ескерусіз қалып, сандықтың, кітапхана мен архив сөресінің, тіпті қоқыстың ішіне тасталып, ғайыптың күшімен күндердің күнінде көзге түсіп, атақ-даңқ жөнінен әлгі шаранасы кеппей жатып «бақытқа бөленген» шығармаларды да көлеңкесінде қалдырады.

Ал адам боп кетеді деп әлпештеумен есейген шала шығармалар мен әлжуаз дүниелер суға бір батып, бір шыққан жаңқа сияқты алмағайып өмір сүреді.

Әдетте, мұндай туындыларды тақырыбының «жетектейтіні» бар. Заман ауысқан тұста, көзқарастар өзгерген кезеңде, белгілі бір қоғамдық сілкініс орын алғанда, тарихи не ғұмырбаяндық шығарма болса, басты кейіпкерінің әлде бір мүшел жасқа толғанында қалыс қалмай, тақырып атты «қолдаушысының» арқасында қылаң беріп қалатыны бар.

Мұны «кітап тағдыры» дейді.

Мысалы, Гете: «Завершив работу (1825-1831, «Фауст», 2 отд.) над рукописью, поэт положил ее в большой конверт, запечатал и завещал опубликовать лишь после его смерти. 22 марта 1832 г. Гете скончался. Несколько месяцев спустя появился «Фауст».

Редьярд Киплинг атақты «Recessional» атты өлеңінің қолжазбасын себетке (корзинаға) тастай салған. Оны ақынның Сара Нортан деген танысы тауып алып, Киплингтің өзінен жариялауға рұқсат сұраған. Сөйтіп, көлденең көздің арқасында бір туынды өмірін жалғастырған.

Вергилий – «Энеида», Мицкевич – «Пан Тадеушті», Кафка – барлық мұрасын өртеуді өсиет еткен. Кафканың досы Макс Брод оған қарсы болып, аман сақтап қалған. Үшеуінің де жазғандарына көңілі толмады ма, әлде бір жеке кілтипаны болды ма, кім білсін.

Қалай дегенмен де, алдыңғысы соңына – 2 000 жылға, екіншісі 200 жылға созылған даңқ қалдырды. Ал көзі тірісінде жөндемі бір туындысы жарық көрмеген Франц Кафка XX ғасырдағы ең атышулы жазушылардың алдыңғы қатарынан орын алды.

Стендальдің «О любвиінің» екі данасын ғана оқырман сатып алған. Ал қазір ол туралы монография жазылды.

Рембо 19 жасында 1-ақ кітап шығарып, новатор-классик атанды. Бірақ «бейнет сусынын» қанып ішпеген ол, мәңгілік өмірге де, өнерге де риза болмай өтті.

Ал кітаптары он миллиондаған данамен тараған қазіргі жазарман Дэни Барунның көмекшілерінің өзінің саны бір түменнен асқан.

Бұл – жеке әңгіме, арнасы басқа талдауды қажет етеді. Біз, жазушының бағы мен сорын ашатын «(Krinein) – судиить, – критика – сын», «тайны ремесла – талант жұмбағы», «от первый до последней темы – сөзден – соңғы сөйлемге дейін», «скрытый союзник – қойын дәптер», «письмо – предатель – сатқын сөз, яғни, «өлең шіркін өсекші» (Абай), танылу, мойындалу (призвание) сияқты сыртқы факторларды сырт тастап, осы «бейнет сусынына» шөлі қанбаса да шырынын сорған зейнет иелерінің жүйкесін шүйкелеген шығармашылық бейнетін баяндауға көшеміз.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

БЕЙНЕТТІ ЗЕЙНЕТ

ЕСІМДЕ, МЕНІҢ, ЕСІЛІМ...

(Төлеужан Ысмайылов)

Бүкіл болмысымды анықтап, тағдыр мен таланттың талқысын тұңғыш рет және мәңгілік арылмайтындай күйге түсіріп сезіндірген, сескендірген бір бейне бар. Ол бейне есіме түссе – бүкіл бозөкпе бозбалалық шағым, ауылым, әкем, алысты-жақынды ағайындарым, тобылғы гүлдеген көктемгі қырқалар, аспанда тізіліп ұшқан тырналар мен аққу-қаздар, қарашаның көксоқта борасыны көз алдыма келеді. Арманшыл жүректі шым еткізген алғашқы ыстық та ащы тамшы да есіме қоса түседі.

Өмір бойы «Есіл!» – деген сөз арқылы ойыма оралып тұратын сол бір бейнесіз мен өзімнің балалық шағымды да, арманды, қиялшыл, келешегі үмітке толы пәк жеткіншек күндерімді де елестете алмаймын. Аспандағы қиялымды жерге түсірген де, жер бауырлаған мақсатымды қанаттандырған да сол тұлға. Мен үшін қиялдағы таңғажайып әлемнен үзіліп түскен бір тамшы қызылды-жасылды, ыпыстық сағым сияқты еді.

Таудың бауырына құндақтала орналасқан оншақты үйге кезек-кезек көшкен әлгі сағымның соңынан қуып жүріп, оның қайта көрінуін күтіп, аязды, боранды күндері қораның ықтасынында сағаттап тұрған сәттерім – ең ынтызарлы, жұмбақ сәттерім сияқты. Ішімді қыздырған бір түйір ыстық сезім – өлең боп өртеп, жүрегімді күйдіріп тұратын. Кейде... әлгі сезім мұз боп қата да қалатын.

Ол сағым, ол тұлға – мен үшін Төлеужан Ысмайылов болды.

I

Қазір де сол сезім билеп, көмейіме өксік пен өкініштің ыстық тамшысы тығылып, абдыратып отыр. Тіпті ол туралы естелігімді ақ қағаздың бетіне түсіруге де қимайтын сияқтымын. Өйткені, «Қазақстан» деп аталатын шап-шағын, бірақ мен үшін әлемдегі ең сүйікті де сүйкімді, абзал да бауырмал, тату-тәтті адамдардың басын қосқан ауылдың

аяулы жандарының арасынан Төлеужанды бөліп әкетуім қиянаттың қиянаты сияқты. Бөлу де мүмкін де емес. Бірақ онсыз тағы да болмайды. Өйткені ол осы ауылдың түлегі еді. Сол адамдардың алақанында өсті, солардың арманын ақындықтың аспанына алып ұшты. Ал мен сол құстың қанаты талып, ұшқан ұясына талығып қайта оралған сәтінде көрдім. Сонда ол бар-жоғы отыз екі жаста екен. Ал мен он үш жасқа жаңа толған едім.

Сол жылы қыста уыз жүрегіме әлдебір ыстық жалын құйылып, оңаша қалып, қызарып жанған ошақтың отына ұзақ қарап қойып, «Қыз Жібек» дастанындағы Қособаның түбінде жаралы қалған Төлегеннің аспандағы алты қазбен қоштасқан толғауын жатқа айтып, Сансызбайға айтқан сәлемін қайта-қайта қайталап, көзімнен жасым боталап, күбірлей беретінмін. Әкем байғұс Мекіш (Жақыпов) пен Нығмет (Байтабынов) ақсақалды, Жәми апаны шақырып, қояр да қоймай ұшықтататын. Ал мен ғой... ойыма келген сөздердің басын құрап, Төлегеннің толғауын өзімше жырлап, сөз қосып, әлектеніп жататынмын. Алғыр да ақжарқын Жәми апа:

– Ой, құдай-ай! Құдакелді-ау, мына ұлына сөз қонайын деп жүр! Сүйіншімді бер!,– деп әкемді жұлқылай жөнелгені есімде.

Ал көктемде... тобылғы мен қараған гүлдегенде төбенің басына шығып, шалқамнан түсіп жатып ап, аспанда көшкен бұлттар мен аққу-қаздарға, тырналар тізбегіне қарап, Төлегеннің Қыз-Жібекке сәлемін өлеңдетіп жолдап жататынмын. Рақыш мұғалімнің Рымбек деген ұлы:

– Сөз қай жеріңнен шығады... Сондай мәнсіз сияқты. Бірақ тыңдағым келе береді!» – дейтін.

Сөйтіп, булығып жүріп жаз өтті. Алғашқы өлеңім де аудандық, облыстық, тіпті, «Қазақстан пионері» сияқты республикалық баспасөзде де жарияланды. Күзде, қарашаның қарлы соқтасы күні, Шаған ауылындағы орталық интернаттың балалары:

– Ақын келіпті! Төлеужан ақын! Серіктің туған ағасы екен! Мектеп директоры Серікқазы мұғалімнің кластасы екен! Қабылдың туысы екен!»,– деп жарыса жамырасты.

Менің дымым шықпай қалды. Ақынды, шын ақынды сондай көргім келді. Бірақ неге екенін білмеймін, көшеден

адам көрінсе болды, ықтасынға тығыла қалатынмын. Ақынды көрсем болды, әлде бір қасиетті, таңғажайып көрініс көз алдымнан ғайып болатындай. Әуелі жүк машинасына отырғанын, одан кейін бір үйден күліп шыққан көңілді кезін, одан кейін жайдары жүзін, одан кейін шашы дудырап, бар дауысымен шабыттана өлең оқыған кезін көрдім. Ол қайда барса мен соның көлеңкесі сияқты боп көрінбей еріп жүрдім. Үнемі алыстан қарап тұратынмын.

Алғашқы үш айда ол туралы ауылда кереметтей аңыз тарады. Бара-бара сөз тарады, бара-бара кәдімгі тіршіліктегі өсекке кезек келді. Жұрт одан тайсақтайтын болды. Ол тау ішіндегі жалғыз қыстақтағы қойшы інісі Серіктің үйіне тұрақтап қалды. Күзгі, қысқы, жазғы демалыста бөлімше орталығы «Қазақстандағы» үйге барамын. Андасанда келгенде ауыл іші бір гуілдеп, дуылдап, буырқанып қалатын. Кей-кезде буыны босап, аттың үстінде теңселіп, қолын сермеп өлең оқып бара жататын. Мен оның артынан алыстан орағытып еріп отырып, Тұяқтың тұмсығына дейін ұзатып салатынмын. Әйтеуір, қойшының көнтерлі аты үстіндегі адамның илеуіне көне беретіндігі ғана көңілге медеу ұялататын. Маған өз буына өзі буырқанып, бойын қысқан өленді қалай сыртқа шығарудың жолын таба алмай арпалысып жүрген адамдай көрінетін. Ауылдастарымның ол туралы неше түрлі сөздеріне қарамастан, ол менің бүкіл болмысымды баурап алды. Сиқырлап, көзімді байлап, арбап алғандай көрінді.

Араға отыз жыл өтсе де, сол сезімнен әлі де арыла алмай келемін. Естелігімнің де елес оқиғаны жазып отырғандай көрінуі сондықтан болса керек, оған ғафу өтінемін, басқаша бастауға ерік-жігерім жетпеді.

Сол қыстың аяғында Төлеужан ақын ел-жұртпен кәдімгідей қоштасты да белгісіз жаққа жолға шықты. Артынан естідім, көрші Шұбартау ауданына барып, аудандық газетке тұрыпты. Сағалап барғаны жан сырласы, тағдыры да, таланты да тамырлас жазушы Төлеубек Жақыпбайұлы екен... Ол кезде оның «Қыран туралы хикая» атты көлемді әңгімесі «Жұлдызда» жарияланып, бұйра шашаның әр талына шабыт ұялаған түс еді.

Бұл жолғы менің Төлеужаннан алып қалған «өнегем» – ақындар ғана киетіндей көрінген қара папах пен ...оңашада

өзімнен-өзім дауыстап, шабыт шақырған «шабыну» болды. Ақындық дегенді мен қабағыңды түйіп түнеріп отыру, күбірлеп сөйлеу, қолыңды сермеп отырып өлең жазу – деп түсіндім. Күндіз-түнгі ермегім ақ қағазды шимайлау болды. Оның маған не бергенін білмеймін, бірақ та, қалайда қалам ұстап өмір сүретініме еш күмәнім болмады. Өзге мамандықтың барлығы да мен үшін сондай жат әрі мазасыз көрінетін. Әрине, өмір өз дегенін істеп, өзге кәсіппен шұғылдануға мәжбүр еткен жылдар да болды, алайда, әдебиетке деген махаббатты ешқандай құдірет суыта алмайтындай дертке ұшырағыным анық еді.

Ауыл кітапханасын ақтарып жүріп Төлеужанның алпысыншы жылдардың басында «Жұлдызда» жарияланған мақаласын тауып алып оқыдым. Ең соңында, ол аударған Теодор Драйзердің «Америка трагедиясы» атты романы түсті. Аударманың сиқырлап алғаны сондай, оны бір ай бойы қайталап оқи бердім. Мынадай шығарманы аударған және кітап етіп шығарған Төлеужанға деген ішкі сезімім өртей лаулап жанды. Физика пәнінен дәріс беретін байсалды да байыпты, кейіннен менің өмірімдегі шешуші кезеңдерде дұрыс бетбұрыс жасатқан Серікқазы Мейірхановтың сабағында да «Америка трагедиясын» оқып отыратынды шығардым. Ол кісі – мектеп директоры еді. Оқушылар кереметтей сыйлайтын. Төлеужанның кластасы, сыйлас досы болатын. Бір жолы:

– Тұрсын, андағы кітабыңды маған бере тұршы. Таба алмай жүр едім, – деген дауысына жалт қарасам, партаға бір қолын қойып, менің төбемнен төніп тұр екен.

Өзге мұғалім болса, сабақ үстінде кітап оқып отырғаным үшін сыбағамды беретіні сөзсіз еді. Ал аңғарлы Серікқазы ұстазым басқаша құрмет көрсетті. Тек сабырлы ғана:

– Қазір үзілісте маған келіп кетші, – деді.

Жүрексіне бардым, жаңағы менен алған «Америка трагедиясын» оқып отыр екен. Еппен бетін жапты да күрсініп алып:

– Кітапты оқып бітірдің бе? Ұзақ ұстадың ғой, – деді.

Сөйтсем ол кісі кітапханашы апайдан мұны мен алғанымды біліп алыпты. Соған дейін сұратпай жүріпті. Мен жасырмай бәрін айттым.

– Екі-үш рет оқысаң ұнатқаның ғой. Мұны кім аударғанын білесің бе?

– Білемін. Қойшы Серіктің ағасы, Хадиша апаның баласы, сіздің кластасыңыз. Қыстай осында болды.

– Өзін көріп, әңгімелестің бе?

– Жоқ, – деп мүдіріп қалдым да оның сыртынан бағып, тіпті Серікқазы ағаның үйінде қонақта болғанда да қораның ықтасынында, тұрып қарап жүргенімді айттым.

– Оның мұнда неге жүргенін білесің бе? Төлеужанның өмір сүретін жері бұл емес. Ол сөйлесетін адам мен емеспін. Иә, денсаулығы нашар, айықпайтын дертке ұшырағаны да рас. Оны есейгенде білесің. Оған у беріпті, басын дауалапты, қастандық жасапты дегеннің бәрі де жалған сөз. Соны біліп қой. Атақ та, даңқ та ерте қонды. Өзін-өзі билей алмай кетті. Қайран, Төлеужан... Жетім өсті. Он төрт жасында университетке түсті. Он тоғыз жасында баспаның редакторы болды. Енді, міне, қайта айналып келіп, Орынкештің жүк машинасынан орын таба алмай жүр. Есіл ер-ай, сол есінде болсын. Осыны айтайын деп шақырып ем. Кітабынды қисаң маған қалдырып кетші, – деді де көзі жасаурап сөйлей алмай қалды.

Ұзақ мұңайып отырды да:

– Бара ғой, – деді. Мен бәрін де түсіндім. Сол сөз мәңгі есімде қалыпты. Оның барлығын тәптіштеудің қажеті болмас. Бірақ та кейін Төлеужан ақын дәл осы оқиғаны маған үнемі айтқызып, көзінің жасын бір сығып алатын. Содан...

...Көктем келді. Оқушылардың жаздық дәстүрлі өнер байқауы мен спорттық жарыстары өтетін кез келді. Аудан орталығы Қарауылға бардық. Доп додасы, жүгіру, күрес іспетті ойындардың барлығы Қарауылдың сыртында өтіп жатқан. Адам деген ығы-жығы... Бір кезде батыс жақтан шуылдаған балалардың дауысы естілді. Қарасам... соңына бір топ балаларды шуылдатып ергіп алған, қолын сермеп қойып, алға нұсқап қойып, кейде дауыстай өлең оқып, кейде қамшылана алға ұмтылған бір салт аттыны көрдім. Жарыс өтіп жатқан жерді қақ жарып, соңынан ергендерге дауыстап өлең оқып Төлеужан келе жатыр! Дауысы аспан күңіренгендей жаңғырығып келеді. Жағдайы түсінікті ғой.

Намыс пен ызадан булыққаным соншалықты көзімнен жасым ыршып кетті. Біреу күліп жатыр, біреу аяушылықпен

сөйлесе, біреу кәдімгідей кейіп сөйлеп жатыр... Жүгіріп барып атының тізгінінен алдым да жетелей жөнелдім. Ол үнсіз қалды. Топтың ішінен ауашалау шығарып барып, тізгінді қоя бердім... Ол маған сондай бір таңданыспен қарады да:

– Қай мектептен келдің? – деді.

– Шағаннан. «Қазақстаннанмын», – дедім қыстығып.

Ол селт ете қалды да, маған сүзіле қарап:

– Кешіріңіз, – деп бәсеңси тіл қатты да аттың басын бұрып алып ен далаға қарай шаба жөнелді.

Атын сабалап барады, пальтосының етегі далақ-далақ қағады. Көз көрімнен қайырылатын маң жазық таусыла ма. Алаңдағылардың барлығы бұл көрініске мәз болып күлді. Бара-бара арыны басылып, аяңға көшті. Ақыры аттың жалына жармасып еңкейген күйі көзден ғайып болды. Маған ол жылап бара жатқандай сезілді. Кейін білдім, сол беті «Құндыздыдағы» Шәкір ақынның үйіне ат басын бір-ақ тірепті.

Балалар қайтадан жарыстың қызығына беріліп кетті. Мен қыстыққан күйі топтың ішінен сытылып шыға бердім. Менің бойыма батылдық берген де, намысымды оятқан да Серікқазы ұстазымның қысты күнгі сөзі еді. Ол кезде бұл кісі аудандық оқу бөлімінің меңгерушілігіне ауысқан болатын. Досым Қабыл екеуміз сол үйде жататынбыз. Кешке қарай көңілсіз күймен үйіне келді де менен:

– Төлеужанды көрдің бе? – деді сыбырлағандай боп.

– Көрдім...

Ол тағы да күрсінді де бөлмесіне кіріп кетті.

Бізге орыс тілінен дәріс берген Халимаш апай:

– Балалық шағын бірге өткізген аяулы досы. Жас кезінде сондай биязы, ұяң еді. Он төрт жасында Нұтфолла Шәкенов ауылдан ер тіп кетті де, бірден университетке түсті. Он тоғыз жасында редакцияға қызметке ілінді. Үлкен жазушылармен айтысып, мұның талантына бақастық жасаған дейді. Кім білсін, олар да мәдениетті, жауапты адамдар. Менің ойымша, жастай күйіп кеткен сияқты. Өкпесіне пәтерсіз жүрген күндерінде суыққа шалдырыпты. Әйтеуір Алматыға сыймапты, Керекуде әйелі, қызы бер екен. Ажырасыпты. Қайдан шыдасын...Кейде біздің өзіміз де мезі боп кетеміз. Серікқазы үйден шықпа, шөліңді қандыратын сусын осы

үйден табылады десе де көнбей, сытылып кетеді. Жоламайды Есіл өмір-ай десеңші! Енді қайдан шығарын кім білсін? Есіл өмір-ай десеңші! – деді ас құйып жатып.

Халимаш апайдың осы: «Есіл өмір-ай десеңші», – деген сөзі менің жадымда мәңгі сақталып қалды. Дастанының аты да «Есіл», өзінің өмірі де есіл өмір. Сол сөз ойымнан кетпей, арада төрт-бес жыл өткен соң «Есілім, менің есілім» деген өлең жаздым.

Бұл оқиғаның артында сөз қалды, ащы, уытты сөздер.

Міне, мен өзім пір тұтқан Төлеужан ақынмен тұңғыш рет осылай бетпе-бет келіп, атының тізгінін ұстап едім. Ол кезде Төлеужан отыз үште, мен он төртке шығып едім.

II

ЕСІЛ...

Т. Ысмайыловқа

Есілім, есілім... жұтынып ағасың, жұтылып
барасың,

Арнаң бір обырдың өңеші.
Анадай күтусіз тастаған баласын,
Жағанды куратып
Суыңды сен неге теңізге төгесің?!

Қаңсыған даланы қанжардай айырып,
Қақың жоқ, қабірдей ақымдар.
Сендердің тасқынын кеудеңмен қайырып,
Мұздардың құрсауын аспанға атыңдар.

Бұзыңдар! Тасыңдар! Асыңдар жағадан,
Ұрпақ бар артың да.
Қорғанба, тартынба!
Жаншылсын жағалар, кеудеңді қыспасын.

Шық одан!

Бұрыс ақ, теріс ақ. Бұз ағыс шартын да.

Кез емес:
Жаситын тәу етер,
Төсіңнен иіскетші далаңа:
Емізіп, ал тыным,
Әзірше, жан тірі.
Тәуекел!
Сәтінде:
Тастар да сынады қынасыз,
Қаппайтын иттер ашынар.
Ұяты кетпеген кінәсіз,
Арудың төсі де ашылар.
Бұзады сан жарды,
Жынданған су ұрып,
Қынаптан қанжарды
Жіберші суырып.

Сен де бұз заңдықты,
Мұхитқа қайтесің бас ұрып!
Олар да өзіңе табынсын
Ақ шабақтарың жолбарыстай атылып,
Есілім, қашан тасисың!?.
Жесірдің ерніндей кезерген,
Қуарған гүлдер мен
Тікендер сорады аспанның емшегін.
Сұрапыл күштердің тасқынын сезем мен,
Аңызак өртесе жер шегін.

Жүрегін жұлып ақындар, тосады саған тас бөгет,
Арнанды саусақтарымен ездуден тартып жыртады.
Қуартпас ошағанды да, қанымен қоса жас төгед,
Құрымас үшін ұрпағы.

Есілім, есілім. –
... Жұтынып ағасың, жұтылып барасың,
Арнаң – тажал обырдың өңешіндей, Есілім.
Елеусіз қалдырып далаңды,

Сен теңізге суынды төгесіңбе-ей, Есілім,
Есілім, Есілім...

«Қазақстан» ауылы. 1970 ж.

ҰЛТЫНЫҢ КӨК СЕМСЕРІ

(Олжас Сүлейменов)

Жүрек қабын сыпырып тұрып, азаматтық арыңмен кепілдік беріп, ешқандай қысылып-қымтырылмастан қасқая қарап айтатын шындық болады. «Осы, біздің қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай?» – деп Абай айтқандай, сол «жамандаудан аман емес» бір тұлға туралы көзінің тірісінде «ұлы ақын» деген теңеуді айтудың реті келіп-ақ тұр. Күңкілшіл күншілдердің күндестігінен сескенбей, күйінішпен емес, сүйінішпен жариялағым келеді. Бүгін тілімізді тістегенмен, түбінде айтқызатын, заманының емес, заманның ұлы ақыны атануға тиісті, ұлтының мүддесі үшін Күлтегіннің көксемсері сияқты қайралып туған ондай тұлға арамызда жүр.

Ол – Олжас Сүлейменов. Бұл – шындық. Бүкіл тағдыры мен талайын алмас қылыштың жүзінде өткізген осынау көксемсер тұлға: «Кенен келді сексенге, енді Кенен табылмас, Алатауға ексең де» – деп Кенен абыз айтқан, «қайтып табылмайтын», мүмкін тумайтын, қайталанбайтын жаратылыс иесі. Өйткені, атақ пен даңқтың шыңына жиырма бес жасында шыққан Олжас үшін мұндай теңеудің пәлендей таңсықтығы жоқ.

Ол ұлтының көксемсері болатынын: «Мен қазір жиырма алты жастамын... Көшпелілердің тарихы әлі анықталған жоқ. Сондықтан да ешқандай жүрексізбестен дәл осы сәтте мынадай мәлімдеме жасаймын: түркі тарихын білмей, қадымы хатқа түскен халықтардың тарихындағы беймәлім тұстарды түсіндіріп бере алмайсыз. Түптің-түбінде нақты шындықты жазған «Шынайы тарихтың» дүниеге келетініне көзім анық жетеді, сәтін салса, соны біз жазатын шығармыз... Біздің толқын іріктеліп келеді. Халықтың намысын оятатын

қозғалыс жүріп жатыр. Қорланып өмір сүргендердің қуануға қақысы жоқ. Ақындар халықтың ар-намысын оятатын қуат-күш беруге міндетті» – деп жариялаған ол бозбала кезінде-ақ сезінген. Олжас ол мақсатына жетті де. Ендеше, ұлтының ұлы мүддесін көздеп, халқының тарихқа кеткен есесі мен басылған мысын дүниежүзілік деңгейге көтеріп, әлемді аузына қаратқан ұлының тұғырын аласартпай, асқақтата марапаттау – біздің, яғни, қазақ елінің парызы. Бәрібір, мұны біз айтпасақ, жат айтады. Айтып та жүр. Мұндай бағаға лайық екендігіне Олжастың мұқым өмірі мен шығармасы кепілдік бере алады.

Ол, өмірге де, өлімге де Олжас боп келді және қазақтың рухани тарихында Олжас болып қалады.

Олжастың тұғыры қандай биік болса, тамыры да сондай тереңде. Күрделі ойлау жүйесі мен астарлы теңеулері, Абайдың: «күлсең – ызаланып күл» дейтін уытты мысқыл-кекесіні, тұңғыық білімі, екі жүзді қанжар сияқты өткірлігі, өлеңдеріндегі тентек мінез бен бас асауы басылмаған еркіндігі, өміріндегі де, өнеріндегі де тосын шешімдері, жауқабақ келбеті мен жылы жүрегі оны заманымыздың «жұмбақ адамдарының» қатарына қосты. Серілігі мен сесі, батылдығы мен ұяңдығы, паңдығы мен кішіпейілдігі, ақылы мен аңғалдығы тұла-бойына қандай жарасса, жазушылығы мен қайраткерлігінде де сол қасиеттер тұтаса келісім тапқан. Мұның басты құпиясы мен кілттипаны – Олжастың адалдығында. Рухы мен жанының кілтінде сол таза жан-дүниесінің сыр сандығында сақтаған. Намысы мен талантының азаматтығының ақ алмас қайрағы да сол ақкөйлек көңілі. Қырық тоғыз мүшелінде аяулы анасына ашқан жан дауасында:

Не всем, кто ждал, помог, но я не бог,
что в силах одинокого поэта?

На все вопросы не нашел ответа,
но людям я не лгал, хотя и мог, –

деп өзі айтқандай, кісіге қиянат жасап көрген жан емес.

Сол ақжарма аңқаулығының салдарынан аранға түсіп қалған кездері көп. Бірақ өр де өжет тұлға оны елеп-ескеріп, кек қайырмады.

Ал ұлты мен өзінің намысына тиіп көрсінші! Онда атай көрменіз, нағыз ақылды да ашулы арыстанның өзі боп шыға келеді. Кейіпкері Ишпақай сияқты, Олжас семсерін тегін көтермейді, көтерсе бітті – қиып түседі. Оған сіз де, біз де куәміз.

«Досымбысың – мә, құшақ,
Қасымбысың – мә, пышақ!»

немесе:

«Таспен атқанды аспен атпа, таспен ат!», – деп жалы күдірейіп шыға келетін Олжас, «дұшпанының бойындағы талантсыздыққа да», «дұрыстап дұшпандық жасай алмаған дарынсыз дұшпандыққа» да төзбейді.

Қарсыласының мықтылығынан, азуының өткірлігінен сескенбейді, керісінше, мияулаған міңгірі үшін, қаппай үргені үшін қорланады. Ол ешқашан да өз ұлтынан және өз ұлтының ішінен жау іздеген емес. Оның дұшпаны – «әрбір атқан оғынан кейін мәдениетті бір мезет мылқауға айналдыратын малғұндар». Ал мұндай сінбелер мен сымпыстарды Олжас өз өмірінде аз көрген жоқ. Заманның дауылы мен найзағайының арасында арпалысқанды жаны сүйетін Олжас, құласа да – «Хан - Тәңіріден құлағанды ұнатады». Ол неғұрлым жерге жақындап, төмендеген сайын еркін ұша алмайтын, тосырқап қалатын қыран сияқты. Оған самғау үшін кеңістік, биік аспан керек. Тар кеңістікке Олжастың құлашы сыймайды.

Оның таңдап алған қарсыластары кімдер дейсіз бе? Мінекиіңіз: күні кешеге дейін дүниежүзіне сес көрсетіп, жанын түршіктірген «сұр кардинал» Суслов, аспан мен жерді ғана емес, ғарыштың өзін идеологиялық майданға айналдырған Совет Армиясы мен соғыс теңіз флоты саяси бас басқармасының бастығы Епищев, «ұлы орыстық» ғылымның көсемдері Греков пен Лихачев, Рыбаков, «оқшантайдан шыққан бұқакөз» Колбин... Мұндайлардың Олжастың жүрегіне түсірген сызаттары қаншама десеңші!

Ал жаһангер жаһилдардың салған жарасы жүректі осып түсті. Тіпті Олжастың өз басын қатерге тігуге мәжбүр етті. «Аз и Я» кітабының жарық көруіне септігі тиген баспагерлерді қызметтен алып, партия қатарынан шығару туралы қаулы қабылдағанда Қазақстан Орталық комитетіне: егер де бұл адамдар жазықсыз зәбір көрсе, онда өзінің жеке

басын құрбандыққа шалу құқығын сақтап қалатындығын айтып ескерту жасады. Бұл – өзгенің намысы үшін өзіне қол саламын деген сөз еді. Бұрын-соңды мұндай батылдықты көрмеген идеологтар сескеніп қалып, қаулыны қайта қарауға мәжбүр болды. «Сұр кардинал» атанған Суслов та ішін тартып сақтық жасап, кітапты талқылауды Ғылым Академиясының қарамағына ысырып тастады.

Сырттай қарағанда бұл сипай қамшылаған сияқты көрінгенмен, зілі ішінде жатқан империялық ызғарлы пиғыл өзінің астыртын жазалау саясатын одан әрі жүргізіп, адымын кең аштырмай арандата берді. Бұл тек Олжастың жеке басына ғана емес, отандық тарих ғылымына да соққы боп тиді. Қаламгерлерден қатты сескенген жаһилдік идеология жалдаптары «ұлы орыстық» идеяны занды түрде бекітіп, әнұранның сөзіне кіргізді. Сөйтіп, күнде таңертең шіркеуге шоқынған поп құсап, «ұлы орыс ұлты жасасын» деп мінәжат еткізіп қойды. Мұның барлығы қайта бас көтертпеудің тәсілі еді. «Когда молчат живые, говорят духи» – деген заман туды.

Міне, ұлы рухани егес осылай басталды. Тәуелсіз ойлау жүйесін қалыптастырған Олжас өзінің өлеңі арқылы «Мне до свободы нужен шаг!...» – «Маған бостандыққа жетуге бірақ қадам қалды» – деп жар салды. «Стихи может быть и не верлибром, поэзия была бы свободной» – деп, бостандықты ашық айтқан да Олжас болатын. Ол жиырма бес пен елу бес жасының арасындағы отыз жылын семсердің жүзінде, қараулардың қарауылында өткізді. Тағдырын бәсіреге беріп, тәуекелмен өмір сүрген мұндай талант иесі тура сол кезде қазақ арасында жоқ еді. Тек Әнуар Әлімжанов марқұм ғана Олжасқа серік болды. Өкінішке орай, өмірінің соңында осынау екі арыстың арасына да сына қағылды. Қандай адал достықтың өзі арандатуға қарсы араша таба алмады.

Ал екеуі тізе қосып, ұлттық мүдде мен тарихтың тағдырын қозғап, «халқының намысы мен ар-ожданын, тәуелсіздік рухын» қозғап жүрген тұста қазіргі кездегі Олжастың біраз «жанашырлары» өзінің жеті атасын білмейтін танымдық тоқыраудың күйін кешіп жүр еді.

Қазақ әдебиетіндегі рухани тәуелсіздіктің дәуірі Олжастың есімімен тікелей байланысты. Біз сол үшін де оны қадір тұтамыз. Дәл қазірдің өзінде де Олжастың ақындық, рухани, ғылыми идеяларының тереңдігін біз толық түсініп

болғамыз жоқ. Қазақтың жыл қайырудан бұрынғы көшпелі кезеңі мен Кетбұғаға дейінгі екі жарым мың жылдық тарихы мен тағдырын қамтитын «Дулыға» атты екі томдық кітап жазғаннан кейін барып мен Олжастың «Қыш кітабы» мен «Аз и Я»-сының түпкі астарын аңғардым. Ал оны зерттеп оқу үшін әлі де қалам қарымының қуатын ұштай түсуім керек екендігін түсіндім. Демек, оның көркемдік әлеміне танымдық дайындықпен келу керек. Сондықтан да, оның шығармалары туралы тиянақты сөзді келешектің үлесіне қалдыра отырып, тек азаматтық, ақындық тұлғасына қатысты пікір білдірумен шектелсем деймін. Оның ішінде тікелей өзім көрген жайларға ғана тоқталамын.

Қазір де, бұрын да Олжастың жеке басына қатысты әңгіме-дүкен бола қалса, оның бойындағы басты міні ретінде, ана тілінде жаза алмайтынын тілге тиек етеді. Тіпті соны Олжасқа қарсы құрал ретінде де пайдаланады. Иә, Олжас орыс тілінде жазады. Ол – заманның, тағдырдың, ортаның Олжастың маңдайына жазған сыйы. Бірақ та бұған қарап, Олжасты ана тілінің дұшпаны етіп көрсетуге болмайды. Ол – жала және қасиетсіздіктің белгісі. Өйткені, қазақтың сөйлеу тілін білгені үшін ғана өзін Олжастан зор тұтатындар қазақ тілі үшін дәл Олжастай еңбек сіңірген жоқ. Ол өзінің шығармалары арқылы қазақ тілінің ұғымдық құрылымын әлемдік деңгейдегі ғылыми тіл дәрежесіне, көне түркі ғылымы туралы еңбектердің үлгісі ретінде алынатын тілдің деңгейіне көтерді. Түркологтар қазір қазақ тіліне, оның ішінде Олжасқа жүгінбей өте алмайтын болды. Әлгі мысқылдай күлетін «қазақшыл қазақтың» қай жазғаны ұлттық тіліміздің ұстыны болып қалатынын кім білсін, бірақ, Олжастың «Мың бір сөзі» ғасырлардың еншісіне тиесілі мұра.

Екінші: қазақ мектептерінің азайып, қазақ тілінің қолданымнан шығып бара жатқанын сонау 1962 жылы ашық айтып, «ана тілімді әлемдік деңгейдегі тарихи орнына қою менің парызым. Ол индеецтердің тілі сияқты өлі тілге айналмауы тиіс. Ондай зауалдан сақтасын», – деп мақала жазып, ұран тастаған кім? Қане, әлгі жанашыр сол кезде қайда жүр еді? «Тауларды аласартпай, даланы биіктетемін!» – деп мәлімдеген де Олжас емес пе еді. Сондағы басты мәселе – тілдің тағдыры еді ғой! Ана тілінің мемлекеттік статусын

көтеру туралы мәселе қозғап, Ғабит Мүсіреповке арнайы баяндама жасатып, жазушылардың пленумын шақыртқан да Олжас еді ғой! Ділмәрлардың ол кезде үні шықпайтын. Енді Олжастың сол еңбегін жоққа шығарып, оны өзі иемденіп, ана тілі үшін жанын алып, жанын берген Олжасты оқтың ұшына байлап, мазақтай сөйлеуді машыққа айналдырып барады. «Ар-ұяты бар» азамат үшін бұл – мін.

Әрине, ана тілінде көркем шығарма жазбағаны өкінішті. Алайда ол Олжастың соры емес, бақыты деп те айта алмаймын, дегенмен де, ұлтымыздың рухын әлемге танытуға мұның өзі шешуші септігін тигізді деп те есептеймін. Абай мен Әуезов, Аймауытов пен Мүсірепов шырынын шығара пайдаланған тілдің тілдік қоры Олжас қазақша жазбағандықтан да кедейленіп қалмайды. Оның есесі толық қайтты, Олжас қазақ тілінің дамуына өзінің тарихи үлесін қосқан тұлға деп бағалаймын.

Олжастың көркемдік рухани құралы орыс тілі болғанымен де, оның рухы нағыз қазақ. Бүкіл шығармасы мен өмір жолы, көзқарасы, қайраткерлік әрекеті соған толық кепіл болады. Ол Нью-Йоркте, Алабамада, Африкада, Бихарда, Токиода жүрсін, солар туралы жазсын мейлі, ешқашан да ұлы даласын ұмытқан емес. Ол өзін үнемі сол даланың перзенті ретінде сезінеді.

Душно. Дождь.

Я бреду по колена,

Мне на руки проситься мутный ручей.

Ему так одиноко, степному,

Средь каменных зданий.

Аминь, –

деп жазғанындай, ол – туған жерін тұмар етіп жүрегінде сақтап жүретін қасиетті сезімнің жыршысы.

Сол ұлы махаббаттың нәтижесінде ғана ол осыдан отыз жыл бұрын қазақ ұлтының отаршылдықтың бұғауында екенін ашынып айтты. «Қазақстан – рухани отар емес, оны отар ел деп қарайтын еркөкіректік көзқарасты ұялмай насихаттап жүргендердің ары таза емес...», «Дүниені славяндар билейді, ал славяндарды Россия билейді» – деген пиғылды насихаттаған Скобелевтер үшін бұл бұлтсыз күнгі

найзағайдай жарқылдаған сөздер еді. Егер елін сүймесе, оның рухани азаттығына құлшынбаса, намысын жыртпаса, Олжас бұл сөзді айтпас еді. Сол кезде интернационализм туралы шабыттана жазған кейбір тұтастары мен қандастарының бұл күнде ұлтжанды болып шыға келгеніне таңмын. Айтсын. Айтатын кез туды. Бірақ бұл пікірді сенен де бұрын айтқан, тәуекелге барып, басын бәйгеге тіккен адам бар екенін есте ұстағаны, ұмытпағаны абзал. Тіпті соны Олжастың өзіне қарсы пайдаланатындығы ашындырады. Тарихтағы қиянатты айта келіп: «Қазіргі ғалымдардың қанында аристік (нәсілдік) жіктеушілік бар» – деп мәлімдеген де Олжас болатын. Сондай батыл ойды жеткізіп, жас толқынның санасын оятқан ақынның ұлттық намысына тиюге сондай әуестеніп алғанымыз жақсылық пен жанашырлықтың не ашықтықтың нысаны емес. Қалайда ретін тауып инемен шаншып алудың амалы сияқты. Олжас – біздің ұлттық тұлғамыз. Ал ол туралы сөзді кім көрінген және реттіретсіз, кез келген жерде айта бермеуі керек. Сонда ғана бір-біріміздің қадірімізді біліп, сыйлай алатын боламыз.

Тәуелсіздікке енді ғана қолы жеткен дербес мемлекеттің әрбір азаматы, мектептегі оқушыдан бастап ақсақалды қарияларға дейін саясатшы болуға тиісті. Өйткені, біз болашақ рухани тәуелсіздіктен ада, еркін, отаршылдықтың не екенін білмейтін және заманалар тарихындағы тұңғыш мемлекетіміздің іргесін қалап жатырмыз. Тіпті үй-ішіміздегі тәрбиеміздің өзі де саясат. Ал мұндай шешуші кезеңде Олжастың саясатқа араласуын заңды деп есептеу керек. Шын достарының бірі – оның саясатпен айналысқан жылдарын Олжастың текке өткізген жылдары деп есептейді, екінші бір достары – Олжастың соңғы бір жылда саясаттан алыстауын орны толмас өкініш ретінде бағалайды. Ал Олжасты саясатшы есебінде атын естігісі келмейтін, онысын кешірмейтіндер де бар.

Мен олардың барлығының пікірін жоққа шығара алмаймын, бірақ әйтеуір бір үйлесімсіздіктің бар екенін білемін. Реті келіп кеңсесіне бара қалғанымда түннің бір ортасына дейін кәсіпорындардың мамандары мен директорларын жиып ап ұзақ әңгімеге кетіп, бас қатты қатып отырғанының үстінен түскенім бар. Онда Олжас әр заттың бағасын-жатқа айтып, экономикалық талдау жасап, оның

Қазақстанға қандай жақсылық әкеле алатынын атап отырды. Сөйтсем менің алдымда ғана Польшадағы «естен тандыру» экономикасының авторы, сол кездегі премьер министрі (атын ұмыттым) екеуі ұзақ әңгімелескен еді. Шынымды айтайын, өзі жаңа ғана ауруханадан шыққан Олжасты аяп кеттім. Саясатта несі бар екен деп ішім қатты ашыды.

Бірақ дәл осындай сәтте оның саясатқа араласпай тыныш өмір сүруге мүмкіндігінің де жоқ екенін, ол мүмкін де емес екеніе түсіндім. Өйткені, тәуелсіз қазақ елінің рухани тәуелсіздігі жолындағы Олжастың үш ерлігінің тікелей куәсі болып едім. Осы күнге дейін сол ұлы күреске менің де лебімді тигізгені үшін Олжасқа рақметімді айтамын және ел үшін атқарған бір септестігім үшін тәубе етемін. Бұл үш мәселе де империялық рухани және саяси тәуелділік пен басыбайлылық тұсында көтерілгендіктен де қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы алғашқы қозғалысы, кейінгі жетістіктердің нысаналы нышаны деп бағалаймын.

Екіншіден, таяуда үш-төрт азаматтың: «Ойбай, кезінде Олжас Колбиннің қолшоқпары болды» – деп сәуегейсіген пікірсымағын оқыдым.

Өзге-өзге, дәл Олжасты мұндай «арандатудың ешқандай қажеттігі жоқ еді. Өйткені, шындықты білетіндердің дені әлі тірі. Ал қалайда Олжасты мұқату қажет болса, оның өзгеше бір жөнін табуға болатын шығар. Ол осы уақытқа дейін аузыма алмаған жай еді.

БІРІНШІ ҚОЗҒАЛЫС: Барлықтарыңызға белгілі, қазақ ұлты үшін 1987 жыл өте ауыр кезең болды. Колбин мен Камалиденовтің, Меңдібаевтің қылыштары Қазақстанның аспанында жалаңдап тұрды. Боздақтар бірінен кейін бірі түрмеге түсіп, жер аударылды.

Алматыда және он тоғыз облыстың бәрінде қазақтарға, онын ішінде қазақ жастарына қарсы әшкерелеу, жазалау шаралары аса қарқынмен жүргізіліп жатты. Ұлтшылдық идеологиясын қоздырушылардың қатарында жазушылардың есімі аталды. Әуелі марқұм Илияс Есенберлин әшкереленді.

Қалғандары өз кезегін күтіп тұрды. Колбиннің, кейіннен Камалиденовтің ұлтшылдар туралы жасалуға тиісті баяндамасындағы Есенберлин, Санбаев, Нұржекеев, Сматаев бастатқан жеті жазушының тізімінен соң ұлтшылдық пиғылды мұрат еткен «жас алаш ордашыл»

ретінде менің де атым аталмақ екен. Ол пленумның бір жыл бойы өтпегенінің арқасында бәріміз де қара тізімнен аман қалдық қой. Бірақ түрлі-түрлі түсініктерді аз жазғамыз жоқ. Даудың бұлты үйіріліп Олжастың жеке басына келді. 1987 жылдың қараша айында мені бөлмесіне шақырып алды да: «Декабрь оқиғасына қатысқан жастар сотталып жатыр. Жазықсыз кеткендері де, әдейі арандатылғандары да бар. Бұл – заңсыздық. Міне, маған көмектесуді өтінген елудей хат пен тоқсанға тарта телеграмма келді. Біз – жазушымыз. Халықты қолдауымыз керек. Сондықтан да Жазушылар одағының қасынан праволық комиссия құрмақшымыз. Оны сен жүргіз. Өте адал бол, бірақ орыстарға қарсы, партияға қарсы іс-әрекетке жұмсап отыр деп ойлама. Орыстардың өзін пайдалан, комиссияның құрамына тарт. Ал СССР Жазушылар одағының жанынан да тура осындай комиссия құрылады. Сен оның қорғауында боласың» – деді. Құрметті төрағасына академик Салық Зимановты ұсынды. Сол кездегі жазушылар одағының хатшылары Сайын Мұратбековтің, Әкім Таразидің, Геннадий Толмачевтің қостауымен іске кірісіп кеттім. Салық ағамыз төрағалықтан сыпайы түрде бас тартты. Содан кейін Олжастың көмекшісі Сүният Бәкеновтен барлық хаттар мен телеграммаларды алып, өзімше құпия дәптер ашып, жеке қағазға түсірдім. Ақыры комиссия мүшесін де анықтадық. Оның құрамында С.Шаймерденов, Қ.Қайсенов, Қ.Исабаев, Ғ.Ахмедов, С.Елубаев, К.Бекетаев, К.Тәбеев, А. Тасымбеков және неміс К.Эрлих, орыс Е.Гусляров, ұйғыр Ә.Дөләтов, корей Л.Сон іспетті қаламгерлер болды. Олжас Қазақстанның жоғары сотының төрағасы Т. Айтмұхаметовке хабарласып, сенімді заңгерді мүше ретінде бекітіп беруді ұсынды. Ол адам – қазіргі тәуелсіз қазақ елінің бас прокуроры Мақсұт Нәрікбаев еді. Реті келгенде айта кетейін, сондай қиын кездің өзінде осынау азамат жаңағыдай міндетті орындауда аса жауаптылық пен кішіпейілділік және ұлтжандылық танытты. Содан кейін жолымыз түйіспесе де, сәлем берудің орайы келмесе де, сол екі жылдың ішінде мен М. Нәрікбаевтан және Орталық Комитеттің заң бөлімінде істеген Сабыр Қасымов деген азаматтан үлкен қолдау таптым. Олар шынайы азаматтығымен көрінді.

Комиссия бір жарым жыл жұмыс істеді. Көптеген заңсыздықтарды анықтадық. Тиісті орындарға комиссияның

және Олжастың атынан қатынастар жібердік. Әрине, барлығын ақтап қалудың мүмкіндігі болмады, бірақ та кезінде баспасөз арқылы айтылғанындай, 40-50 адамның тағдырына араша түстік. Ал жер аударылғандар мен облыстық қалалардағы қозғалған істердің дені тоқтатылды. Әсіресе, Өскемендегі жас қыздың қаза табуы туралы хабар ешкімге беймәлім еді. Асқар Алпысбаев құпия барып анықтап келді. Мен кейбір деректерді комиссия мүшелерінен де жасыруға мәжбүр болдым. Олжастың өзі ғана біліп отырды. Тек Орал қаласынан келген бір қыздың, мүмкін орынборлық шығар, тағдырын анықтай алмадық. Біздің ісіміздің нәтижесі көріне бастағанда өзімізге де аңду түсті. Сондықтан да комиссия мүшелерінің өздеріне білдірмей топ-топқа бөліп тастадық. Әрине, бұл өзі жеке әңгіме. Бірақ та осыншама тәуекелді жұмысты басқарған Олжастың өзі еді. Бір жылдан кейін Мәскеуде СССР Жоғарғы кеңесінің депутаттарының сессиясы болды. Әлгі комиссияның барлық қортындысын Олжасқа ұсындық. Ол қалайда сонда сөз сөйлеп, декабрь оқиғасына басқаша баға беру керектігі туралы пікір айтуға дайындалды. Іле өзгелерден кешігіңкіреп Мұхтар Шаханов депутаттыққа сайланды. Ол кісінің сұрауы бойынша әлгі мәліметті оған да бердік. Бұдан кейінгісі оқырмандарға белгілі. Мұхтар Шаханов сөз алды. Үкімет комиссиясы құрылды. Шындық қалпына келе бастады. Алайда, біреуі сотталып, жер аударылып жатқанда, екіншісін ақтауға тырысқан Олжастың ерлігіне сүйінбеске амалым жоқ. Айтпақшы, жариялылықты пайдаланып, Қауіпсіздік комитетінің жеті бірдей басқарма бастығын одаққа шақырып, кездесу өткізгенімізді жазушылар ұмыта қоймаған шығар. Бұл да бізге кәдімгідей сес және демеу болды. Сол кезде комиссияда қызмет еткен жазушыларға деген ішкі құрметім үлкен. Комиссия тек мұнымен шектелген жоқ. Көп салалы істер атқарды. Отыз жетінші жылғы қаза тапқандарды ақтау, жазықсыз сотталғандарға көмектесу, тіпті, Асанбай Асқаровты қолдау қозғалысы да осы Жазушылар одағында құрылды. Сонда келген бір топ меркелік ардагерлердің іс-әрекетін демократиялық пікір ретінде қолдап, заңдастырып бергенімізді ол адамдар ұмыта қоймаған шығар. Менің ойымша, мұндай азаматтық ерлікке бару, ұлттың өзін-өзі қорғай білуіне мүмкіндік беру – Әлихан Бөкейхановтан

кейін ешкімнін ойына келмеген нәрсе. Ал біз Олжасты «колбиншіл» болды дейміз.

ЕКІНШІ ОҚИҒА: Тура сол комиссияның кезінде Олжас мені тағы да шақырып алды да: «Жә, Байтұрсынов пен Бөкейхановтарды ақтайтын кез келді. Сен білесің ғой. Сол туралы пленумға мәселе қой. Өзіміздің ақсақалдармен сөйлес, солар сөйлесін. Сондай-ақ сен қазір Айтмұхамедовке бар. Жоғарғы соттағыларға «Алаш орда» мен ол кісілердің шығармасы туралы мәлімет бер. Жасыма. Құжаттардың бәрі өтірік куәлікке құрылған. Жер-жерден хат ұйымдастыр» – деді: «Ағалар алқасындағы» ардагер жазушылар кейін пленумда сөйледі. Шәкәрім туралы сол кездегі Абай ауданының басшысы Ғафиз Матаевқа айтып хат жаздырдым. Ал «Алашордашылар» туралы сөйлеуге ешкім де келісім бермеді. Шәкәрімнің өзгелерден сәл бұрын ақталуының себебі осында. Араға бір жыл салып барып мемлекеттік комиссия құрылды. Арыстар ақталды. Ал осыны істеген Олжас қой. Тура сол кезде Колбин мен Камалиденовтің Олжастың соңына шырақ алып түскен кезі емес пе еді. Егер де бас пайдасын ойласа, мұндай көзсіздікке барып несі бар? Зады, Олжас не істесе де шабытпен, асқан өжеттікпен және ашық істейді. Бұл оның бойындағы әрқайсымыз үйренетін ең үлкен қасиет. Қанша кішіпейіл болғанмен, біз де пендеміз ғой, мен Олжастың осы екі тапсырмасын орындай алғаным үшін кәдімгідей мақтанамын.

ҮШІНШІ ОҚИҒАҒА араласу менің азаматтық міндетім еді. Мен үшін және менің жерлестерім үшін, ағайын-туғаным үшін, кластастарым үшін өте қасіретті, өлім мен өмірдің мәселесі еді. Мен 1962-1964 жылдары қазіргі жабылған полигонның тура түбінде, бес шақырымдай жерде тұрдым. Әкем бақташы еді. Бізге ауыз суды әскерлер әкеп берді. Ол – Сапарғали Бегалин мен Жүсіпбек Елебеков марқұмның туған қыстауы болатын. 1968 жылдың қысындағы жұтта да сол арада қызмет еттім. Полигон туралы шындықтың шет жағасын көріп өстім. Ақ қаннан ауырғандар мен өлгендердің тізімінде менің туған қарындасым Төлеу марқұм да бар еді. 1988 жылы мектеп бітіргеніміздің жиырма жылдығы болды. Мамыр айында ауылға бардым. Семей қаласына түсісімен кластасым, әскери дәрігер Қабыл Көшербаев жаңа салынып біткен «Спутник» қонақ үйін көрсетіп: «Мынаның іші толған

жас сәбилер. Полигоннан радиация тарап кетіпті. Улы газ жас балалардың өкпесін күйдіріп жібереді екен. Үлкендер шыдайды» – деді. Ауылға барғанда аузынан көбігі ағып, талып жатқан сәбилерді көріп зәрем ұшты. Қарауылдағы ауруханадан үлкендерді шығарып, балаларды орналастырған екен. Колбин іле-шала барып, Семейде жұқпалы ауру шығыпты деп Алматыға қайтып келді.

Жанымды түшіктірген осы шындықты Олжастан жасырып қала алмадым. Басын шайқады. Бір шара істерміз деді. Бірақ күнделікті арпалыстың қарбаласында кетті.

1989 жылы февраль айында тағы да Қарауылға бардым. Жазушы Төкен Ибрагимовтің 50 жылдық тойына қатыстым. Сол күндері екі рет қатарынан полигонда сынақ болды. Тойға барған басым ауылда көңіл айтудан қолым тимеді. Бұл – бұрын мен көрмеген апат еді. Әлі есімде, сейсенбі күні таңертең самолеттен түстім де бірден Одаққа келдім. Олжасты күттім. Өтіп бара жатып қал сұрады. «Олжеке, менің өмір сүргім келмей тұр. Сізге соның жайын мәлім етейін» – деп шындығымды айттым. Тіксініп қалды. Жай-жапсарды түсіндірдім. «Енді жасырып қала алмаймын. Жазушы, депутат ретінде Сізге келіп тұрмын. Шешуші сөзіңізді айтыңыз», – дедім қамығып. Басын шайқады. Темекі тартты. Темекі ұсынды. Геннадий Толмачев келе қалды. Оған: «Енді төзуге болмайды. Сволочи!» – деді де телефонға қол жалғады, ал маған: «Бар, «Барға» бар. Барамын» – деді. Осы бір іркес-тіркес айтылған төрт «барды» қанағат тұтпай мен дәлізге шықтым. Бірақ кетпедім. Сәлден соң жүгіріс басталды. Ген-аған: «Не мучайся!» – деп қойып (Олжастың жан досы Толмачев) әрлі-берлі безектеп кетті. Бір уақытта Олжас: «Тұрсын! Кел!» – деп қатты айғайлады. Бардым. «Сволочи! Мен осындағы әскерилермен және Мәскеудегі қорғаныс министріндегі сенімді адамдармен сөйлестім. Улы газ шыққан. Қазір ЦК-ға мәлімдеймін. Протест хат жазамын! Енді үнсіз қалуға болмайды. Ал сен үйіңе бар. Демал!» – деді. Сонда ғана жаным кірді. Жұма күні Одаққа барсам арлы-берлі сапырылысқан жүгіріс ЦК-дағы идеологтарды да көрдім. Баяғыдай емес, қабақтары пәс. Олжас шабытты. Арқамнан қағып: «Сен азаматтық міндетіңді орындадың. Ендігісін бізге бер. Сөзсіз күресеміз! Міне!» – деп үндеуді көрсетті. Жексенбі күнгі жиналыста бірінші боп мен

сөйлеуім керек еді. Бірақ, Бақтажар Мекішев ағамыз кезекті алды. Ол кісі жағдайды толық білетін... «Семей-Невада» қозғалысы осылай өмірге келіп еді. Оның түпкі мақсатына жеткеніне бәріңіз де куәсіздер. Несін таратып жатайын. Бұл – мен көрген Олжастың үшінші, ерлігі еді.

Осы үш оқиға да қазақтың рухани-ұлттық күресінің бастамасы болғаны анық. Колбиннің тамырын қопсытып, Қазақстандағы беделін жермен-жексен еткен де осы қозғалыстар емес пе еді! Ұлттық санамыздың оянуының қозғаушы күші еді ғой!

Осы қозғалыс ұранын қолдаған республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың арнайы Жарлығымен Семей полигонының үні өшті.

Тез тұтанып, тез сөнетін ұлттық мінезімізден әлі де айырылмаппыз. Алайда дәл осы оқиғаларды ұмытуға қақымыз жоқ еді ғой, ағайын! Тіпті, Қазақстанның азаттығын дәріптеуге құрылды деп жүрген «Азаттық» радиосы да қазір Олжасты кекете сөйлеуге әуес боп жүр. Мүмкін, соңғы жылдары Қазақстаннан барған ағайындарымыздың салқыны тиді ме екен, кім білсін. Бірақ сол жігіттер осы үш оқиғаның да куәсі болып еді ғой! Олжастың етегінен бір тартып қалу үшін алыстан дауыс көтерудің пәлендей қажеттігі бола қоймас. Ол үшін дүние жүзіне жар салудың, сүйінші сұраудың жөні де жоқ-ау, сірә! Олжас – өз ұлтының алдындағы парызын орындаған азамат. Егер де, сіз бен біздің әрқайсымыз еліміз үшін сондай еңбек сіңірсек, онда тәуелсіз мемлекетіміздің толық тәуелсіздікке тез арада қол жеткізетініне мен сенемін.

Олжас – өмірде де, өнерде де, қарсыласына қолайсыз, өте тәуелсіз тұлға. Ол ақылы мен мінезін бір-біріне билеткен күрделі азамат. Сырты сұсты да сұлу көрінгенімен, жандүниесі сондай жайдары, қарапайым, тіпті адамды ренжіте алмайтындай жұмсақ мінезді. Ал мұның барлығы көзқарасқа кеп тірелгенде ерекше тұлғаланып шыға келеді. Ірі қаракеттің иесін кейде ұсақ сөзбен шымшылап жатамыз. Ол да керек шығар. Бірақ қасиетін біліп, мойындап тұрып, ойланып айтсақ, түсінбейтін тоңмойын кісің Олжас емес.

Өйткені, оның да көздегені – қазақ ұлтының тәуелсіз мемлекеттігінің бүгіні мен болашағы. Олжастың өзі айтқандай, «ұлтымыздың басынан бақ кетпесін! Әмин» – дейік.

18 мамыр, 1996 ж.

БЕГІМ

(Ләйлә Мұхтарқызы Әуезова)

Тағдырдан – қатал, ажалдан – қатыгез, жалғаннан – жалған ештеңе жоқ. Табиғаттың ту баста тұтас жаратқан алпыс екі тамырына күн сайын ине шаншып зауық-зауық біреуін үзіп отырады. Ақыры суық қолын жүрегіне салады... Міне, сондай түсі сұсты, аяусыз өлім тағы бір аяулы жанды арамыздан алып кетті. Көз жасымызды құрғатып үлгермей жатып, Оралханның – Ор-ағанның топырағы кеппей жатып асылдың тұяғы, алмастың мөлдір сынығы Ләйлә Мұхтарқызы Әуезовадан да айырылды. Бұл – тек ұлы адамның текті тұқымының ғана өмірден үзілуі емес, бүкіл қазақ мәдениетінің бір уығының сынғаны.

Ләйлә Мұхтарқызының бойынан аса бір тектіліктің, текті мәдениеттің, биязылықтың, шынайы мейірімділіктің, бауырмалдықтың лебі есіп тұратын. Сәл ғана әңгімелескеннің өзінде ерекше бір қасиетті сезімге бөленетінсің. Соншама жүрегі жылы еді. Қандайда болмасын ішінде қатқан шеменді еріте білетін. Бірақта, адамның көңілін өмірі қалдырмайтын Ләйлә Мұхтарқызы өзінің әкесі туралы сөз бола қалғанда сәл ғана саңлаусыз пікірге күйіп-пісіп, жан-тәнімен беріле назаланып, ұлы әкесінің аруағын періште-көбелек боп қорғап, өз пікірін дәлелдеп шығатын қайсар да жан еді. Әр сөздің салмағын жүрегіне түсіріп, оны ұзақ уақыт ұмыта алмай жүруші еді.

Қазақтар аса сүйінгенде айтатын «қаракөктің тұқымы» дейтін нағыз бекзаттарды, олардың басына бақыт қонып отырған кезінде де, бақ құсы тайған кезінде де тектілік қалпынан жазбаған, күйініп-сүйінгенін білдірмеген, ашуналасын мінезіне жеңдірмеген жандарды өмірімде сирек те болса көрдім. Бірақ дәл Ләйлә Мұхтарқызы сияқты қыз

кезінде – ісі қазақтағы, келін боп түскен соң – мұқым Кеңес Одағындағы ең таңдаулы шаңырақтарының бірінде өмір сүріп, төркіні мен түскен жерінің береке басына айналып, ырысын ұйытқан, бой жеткен кезінде де, келін боп түскен соң да, парасатты ана болған тұсында да бегімдігін сондай бір жарасымды биязы тектілікпен ұстаған, ақылына – ұстанымы, мейіріміне – мінезі, асқақтығына – адамгершілігі, кірпияздығына – кішіпейілділігі, байлығына – мырзалығы, адалдығына – аңғалдығы, назына – нәзіктігі, еркелігіне – еркіндігі, сырына – сыны, сыртқы сыпайылығына – ішкі мәдениеті, біліміне – ғылымы сай айпаралы пендені кездестіргемін жоқ.

Мұның барлығы тамсандыру үшін қолданған тіркес емес, Ләйлә апайдың нағыз болмыс, бітімінің өзі еді. Оған әкесі Мұхтар Әуезовтің: «Менің құтым, мұрагерім – Ләйлә»; қайын атасы Дінмұхамед Қонаевтің зират басынан қайтқан соң: «Ырысым да, сырласым да, қамқорым да Ләйлә еді. Зухражаннан кейін Ләйлә Мұхтарқызының күтіміне үйреніп, еш алаңсыз күй кешкен маған енді шынымен қиын болатын болды. Ол шын мәніндегі өзім көрген алыс-жақындардың ішіндегі ең затты мәдениетті адам еді»; М.Әуезовтің жүз жылдық мерейтойының алдында мұражайға келгенде Нұрсұлтан Әбішұлы Ләйлә апайдың суретіне қарап тұрып: «Тұрсын, сенің Ләйлә апайыңдай парасатты, мәдениетті, нағыз зиялы бегім қазақта табыла қоймас. Марқұмның қадіріне жеттік пе, жетпедік пе, кім білсін, мұражайдың осы түлегеніне шын қуанатын жан еді. Тірі болса, мұражайды меншіктеймін деп жүргендердің дымы шықпас еді. Апайыңның арманын жерге тастамай, ілгері апар. Біздің құрметіміз сол», – деген жылы да шынайы лебіздері куә. Үш дәуірдің үш түрлі көзқарастағы, аралас-құраластары үш түрлі белдеудің өкілдерінің бұл пікіріне Ләйлә апайды білетін сол үш деңгейге қатысы бар әрбір тұлғаның қосылатыны кәміл. Шындығында да, бекзат десе – бекзаттың, бегім десе – бегімнің нағыз өзі еді, Ләйлә апай!

Дәл қазір кейбіреулердің жақтырмауы да мүмкін, маған олар не десе де бәрібір, қайталап айтарым: сол жылдары алыс-жақынның барлығы маған: «Сенің Ләйлә апайың!», – деп сөйлейтін. Мен де ішімнен: «Иә, менің Ләйлә апайым!», – деп мақтанышпен қайталап тұратынмын. Сол үш жылдың

ішінде мені туған бауырындай бауырмалдықпен бауырына тартты, еркін ұстады, қапысыз сенді. Жұрт сүйсіне қарайтындай сүйкімді асырған да, жақтырғандарға да, жақтырмағандарға да «Сенің Ләйлә апайың!» дегізген де Ләйла апайдың өзі еді. Тіпті Евгения Васильевна Лизунова бастатқан, өзінің жан достары ..., Оразгүл апайларды жиып, менің мұражайға келуімді атап та өтіпті. Әрине, менде ол күндері ұшарға қанат болмай жүрді. Мұның басты себебі: ол кісі маған алаңсыз сенді, мен де ол кісіге туған апайымдай сендім және барлық жайды алдын-ала келісіп алғанмыз бойынша, алаңсыз әрі еркін іске кірістім.

Бәрі де әдеттегідей күтпеген жерден басталды. Он жылдан астам бойы баспалардың тартпасында жатқан «Бесігіңді түзе!..», «Бесігіңді ая!..» сияқты Әуезов туралы әфсаналарым «Жұлдызда» жарияланып, «Бейуақ» баспа бетін көрген кезі. С.Қирабаев, Р.Бердібаев, М.Мырзахметов сияқты оқымысты ағаларым қолқа салып, ғылымға қақпайлап, ұсыныс жасағанына қарамастан, бойымды аулақ тартып жүргем. Үш ұйықтасам түсіме кірмейтін ғылым академиясында нем бар және ондағы ғалымдар мойынсалау көрінетін. Оның үстіне: «Академиктер мен докторлар тоғышар, сауатсыз келеді» – деп баспасөзде айтып қалғаным да бар.

Күндер мен айлар өтті. Қарашаның аяғына қарай кешке жақын үйге сондай бір мәдениетті адам хабарласып: «Тұрсын Құдакелдіұлы! Кеш және үйіңізге хабарласқаным әрі орысша сөйлегеніме ғафу етіңіз. Сізбен жолығып, сөйлесуге бола ма? Қызметіңізге барсам, қай уақытта қабылдай аласыз? Сіз мені білмейсіз, менің аты-жөнім – Ләйлә Мұхтарқызы Әуезова», – дейді! Емін-еркіндікке үйренген жазушылар одағы үшін мұндай сөздер бір түрлі жат естіледі екен. Қайдағы қабылдау бөлмесі? Аты-жөнімен атауға қазір де пейілсізбін, сондықтан да бірден: «Ләйлә апай! Мен сізді білемін. Осыдан он үш жыл бұрын маған мұражайдың архивіне рұқсат бермеген болатынсыз және сізді қабылдайтындай кабинетім жоқ. Одан да мен сізге барайын, не бұйымтайыңызды телефонмен айта беріңіз», – дедім. Ондағы ойым, жоғарыда аты аталған басылымда ол кісіге жақпайтындай пікірлер бар болатын. «Ой, кешіріңіз! Менің мүлде есімде жоқ. Бірақ сізбен қалайда әңгімелесуім керек.

Ертең қызмет орныңызға барайын. Сіз әуре болмаңыз», – деді.

Жөнсіздеу басталған әңгіменің соңы таңертеңгі сағат онда сол кісінің кабинетінде кездесу туралы уағдамен аяқталды. Не бұйымтайы болуы мүмкін. Қай пікірден бас тарт дейді. Қалай бас тартамын? Ал қызметке шақырса, әрине, бармаймын. Құдай сақтасын! Ғылымды жек көремін, жазушылығым қымбат, кей шындықтан бас тартармын. Ана мінезім жаман, мынадай ғадетім бар, ғалымдармен тіл табыса алмаймын! Әйтеуір, өзімнің тал бойымнан жақсылық таппай, жамандап-ақ бақпақпын.

Сол шешіммен таңертең мұражайға барсам, Ләйлә Мұхтарқызы (тұңғыш және соңғы рет сол жолы аты-жөнімен атадым) менен де ерте келіп алыпты. Мекемтас ағамен бірге кіріп, сәлемдесе беріп, орындыққа отырар отырмастан ол кісі бастырмалата сөйледі:

– Тұрсын Құдакелдіұлы! Менің сізге бір өтінішім бар. Егер Әуезовтің рухын сыйласаңыз, өтінішімнен бас тартпаңыз! – У меня к вам есть одна просьба. Если уважаете духа Ауэзова, не отказывайтесь моей просьбе!, – дегенде орыныма отыра кеттім.

Кім Әуезовтің рухын аттап кете алады?! Түні бойғы сылтауым желге кетті:

– Сіз менің ойымды түсіндіңіз ғой деймін, – дегенде басымды изей беруден басқа амалым қалмады: – Ой, мен сіз келіспейді ғой деп қатты уайымдап едім. Құтты болсын. Мен алпыс төртке келгенде мүлдем қызметтен кетемін. Екі жылдан кейін орынымды сізге беремін. Өйткені сіз Әуезовті сүйесіз. Мен сіздің бар жазғаныңызды оқып шықтым. Еш пікіріңізге қарсы болмаймын. Лайықты адамды іздеп жүр едім. Бәрі сізді айтты. Рахманқұл Бердібайұлы, Серік Смайылұлы, мына Мекемтас Мырзахметұлы, Тұрсынхан Әбдірахманқызы, бәрі де. Өзге де сыйлы адамдармен ақылдастым (әрине, ол Дінмұхамед Ахметұлы). Ал енді ғылыми дәрежесіз болмайды. Мен мына «Бейуағыңыз» үшін диссертация жазбай кандидаттық дәреже берудің амалын қарастырып қойдым. Жо-жоқ, сізді әбігерге салмаймын. Ал авторефератты сіз бір аптада жазасыз. Ең қиыны философиядан тапсыру. Ол адаммен де келістім. Бір адам сіздің бетіңізге келмейді. Қызметкерлерді іріктеп алыңыз.

Ал, сізге рұқсат бермегенімді түнімен есіме түсіре алмадым. Оған шын ниетіммен өкініп кешірім сұраймын. Мұражайдағы кезекшілікке келмесеңіз де болады. Шығармашылық адамысыз, түсінемін. Сағат он бірде институтта кенес. Соған қатысыңыз. Ал құтты болсын, орыныңызды көрсетейін, – деп тура жаттап алғандай бар жұмысты мені үшін өзі шешіп тастады.

Рух туралы айтқан соң басым иіліп, үнсіз көніп қалғаным рас еді. Мына сөздердің арасында демімді ішіме тартып алған мен түндегі ойларымды зуылдата жөнелдім:

– Ләйлә апай! Сіз менің өтінішіме 1977 жылы қазан айында, тура осы бөлмеде, тура осы мен отырған орындықта, тура осы Мекемтас ағаның көзінше Құнанбай туралы сұрастыра келіп: «Әлкей Марғұлан екеуіңіз келісіп алғандай пікір білдірдіңіз», – деп өтінішіме қол қоймағансыз. Көрдіңіз бе, өзіңіз де оқыған екенсіз, менің пікірлерім сіздерге ұнамайды. Ғылым – маған тым ішпыстырарлық әрі кекшіл сала көрінеді. Оның үстіне пікірімді ашық айтамын. Ортама орай жүрісім де, тұрысым да тым еркін қалыптасты. Сіздердің орталарыңыз басқа. Элита. Сізге мені жамандайтындар ертең-ақ шығады. Сондықтан өкінесіз. Ал бұған тоқтамасаңыз, онда ашық келісейік. Мен туралы пікірді енді тек өзімнен сұраңыз. Мен де сізге шынымды айтып отырамын. Сіз – апай, мен – бауырыңыз болайын. Сізді қойып, сен деп атымды атап сөйлеңіз. Ренжіңіз, өкпелеңіз, ұрсыңыз, бәрін де көтеремін. Мен айтқаныңызды сонда екі етпей орындаймын. Мұражайдың архивіне еркін жіберіңіз. Ал кандидаттық деген пәлені айтпаңыз. Төбе шашым тік тұрады. Оның бақай есептеріне мен шыдай алмаймын және ұзақ жыл сын бөлімінде істегендіктен де, ғалымдардың өй-өресін жақсы білемін. Көбінің мақаласын қайтарып бергемін және мен орысша диссертация жаза алмаймын. Мұнда қаламақы жоқ қой. Сондықтан да аудартуға төлейтін қаражатым да бола қоймас. Мұражайдың өзге қызметкерлері не істейді, соның бәрін мен де атқарамын, – деп тым еркін бастырмалата жөнелдім.

Аңдысып өмір сүру мен үшін үлкен қорлық. Тегінде әкеме тартқан жерім сол мінезім болса керек. Сондықтан да мінезімді бірден жайып салғым келді. Мекемтас ағам

санымды шымшылап, көгертуге айналды, оған да қарамадым. Соңғы сөзді айтқанда Ләйлә апай сәл жымыып:

– Тұрсын Құдакелдіұлы, кешіріңіз, бірден «сен, Тұрсын» деп айту қиын екен. Бірақ, Тұрсын, оған қазірдің өзінде үйреніп үлгердім. Мен сенен осы сөздерді күткем және сіз туралы толық білемін. Ешкім де бетіңе келмейді. Ал енді диссертация жайын маған жібер. Мен де бір шарт қоюым керек емес пе. Сөйтіп, баяғыда сені ренжіткенімнің есесін қайырайын. Шын, айтайын, еш есіме түсіре алмай қойдым. Жүр, институттың кеңесіне барайық, – деді де, өзіміне орнынан жымыя тұрып қолымды алды.

Бүкіл ғұмырымды өзгертіп жіберген осынау он минуттың ішінде алдағы күндердің сыбағасынан мүлдем мақұрым едім. Қалайын, қаламайын, әйтеуір еркімнен тыс қас-қағымда Ләйлә апай қалған ғұмырымның арнасын өзгертті де жіберді. Абай айтқандай, шығысым – батыс, батысым – шығыс болып шыға келді. Сол сәттен бастап ішімді өртеген көркем шығармаға деген аңсар әлі де басылған жоқ. Өйткені, жияр деректерімді жиып, көркем шығармаға бірыңғай кірісуге батыл бет бұрған кезім еді. Сондықтан да, біреу: ғылымға кіндігің байланып қалады – десе, кекетіп тұрғандай, ол сөзді намыстана қабылдарым анық еді. Бәрі де өткінші, күндердің күнінде жылы қоштасып, шығарып салатындай сенімде болдым.

Ләйлә апайдың мына еркіндігі маған бірден ұнады. Қалай екенін білмеймін, әкемнің: «Түбінде алдыңнан бір адам жолығады. Соның қадірін біл», – деген аманаты есіме түсті. Сол сәттен бастап Ләйлә апай киелі де нысаналы, туған апайым ретінде жүрегімнен мәңгілік орын алды. Ойлағаны іске асқан Мекемтас ағам да мәз. Өйткені, орныңа кісі таппай, абайтану бөліміне ауыспайсың – десе керек Ләйлә апай. Қазақы жөн білетін құрбы достарының бірі, әлде Мекемнің өзі ме екен, Ләйлә апайға: «Сөзіңді бірден «Егер Әуезовтің әруағын сыйласаң... – деп баста», – деп үйреткені сөзсіз. Сол тәуекелінің іске асқанына өзі де риза еді. Оны: мені қызметкерлеріне көтеріңкі леппен асыға таныстыруынан, институтқа кіргенде Евгения Васильевнамен, Оразгүл апаймен жымыя амандасып, Серік Смайылұлына жұрттан бұрын жылдам кіріп кеткенінен аңғардым. Өтінішке қолды тез қойдырып шығып, кадр бөліміне қарай беттеді. Мен

әркіммен сәлемдесіп арсалаңдап жүргенімде кеңес басталып кетіпті. Кіріп барғанымда Секең: «Мына Тұрсын қашқақтап жүр еді. Бізге көнбей, ақыры Ләйлә апайының тілін алыпты. Академиктерді сауатсыз дейтін еді, енді солардың қатарына өзі де қосылды. Құттықтаймыз. Әзілдеп айтам, орнынды енді таптың, жазушылық еркіндігіңе мін тақпаймыз», – деді. Ежелгі таныс Шөкең – Шөмішбай Сариев: «Ерке екеу болдық...», – деп бас сап құшақтады. Сөйткенімше, Евгения Васильевна орнынан тұрып: «Ләйләнің бауыры сенбісін», – деп құттықтап, қасына отырғызды. Терезенің алдындағы сол орын әлі де маған ыстық көрінеді.

Міне, менің мойныма Мұхтар Әуезовтің кара шаңырағының ұлы салмағы осылай түсіп еді.

Желдіртіп өте шығатындай осы жайды соншама қазымырлана баяндағанымның басты себебі, менің бүкіл өмірімді өзгертіп жіберген сол бір сәт және Ләйлә апайдың сол сәттердегі еркін мінезі, көңіл-күйі, сондай бір жеңіл ширақтығы. Кейін маған жұрттың бәрі: «Ол кісінің осындай жеңіл, өжет әрі шапшаң қимылын бірінші рет көрдік», – деп таңқалыса айтты. Демек, менің де қателеспегенім. Ләйлә апай өзінің кімнің қызы, кімнің келіні, кіммен сөйлесіп отыр, өзін қалай ұстау керек екенін еш көрсеткісі келмейтін, тіпті ойына да алмайтын, өйткені оның табиғи болмысының өзі сондай қарапайым әрі сіңісті бекзаттықтан, бегімдіктен тұратын. Мен де кейін ондай өтімді, өжет мінезін жиі байқап қойғамын жоқ, сол айнамайтын бекзаттық, бегім мінезіне түсіп, сені үнсіз ғана табындырып отыратын қалпынан жазбайтын.

Мәңгілік естен кетпейтін осынау түсініксіз де нысаналы, айшықты мезеттен кейін маған мүлдем жат та ынтызарлы әлемнің сағымды перделері ысырылып, жүйкелік тебіреністер мен шіміркенулер (потрясение) басталды. Қайда, не үшін және кімдердің ортасына келгенімді білмейтіндей сонша саңлаусыз да емес едім. Бұл шаңырақпен араласу әр қазақтың арманы, бірақ, әдеп заңымен бекітілген қызыл сызықтан аттауға болмайтын, тым еркінсу, ойыңды көптің көзінше ашық айту – көргенсіздікке жататын. Ләйла апай сол тылсым әлемнің бегімі болғандықтан да әдептен озбайтын, ал мен оған бойымды үйретсем – өзімді-өзім жоғалтып алатын едім. Дегенмен де Ләйлә апайдың жүрек жылуы мен мейірін

барынша сезіне отырып, сол көзге көрінбейтін бейтаныс тылсымның ішіне шым-шым бата бердім.

Ол тұс – тәуелсіздіктің таңы жақындап келе жатқан, бұрынғы түсініктердің көбесі сөгіліп, зиялылардың ақыл-ойы еркін тыныс ала бастаған кез. Сонымен қатар пенделік анайылықтың да бас көтеріп, құндылықтардың бағамы өзгеріп, тағылық тәбет жеңсік тартқан өтпелі тұстың қарсаңы еді. Адамдардың мінезі, көзқарасы, жүріс-тұрысы, киім киісі, қарым-қатынасы, пейілі мен пиғылы, сыйласымы мен сыры сәт сайын құбылып, тексіздер – тектіге, тектілер – телімде қалып, санаң сандалысқа түсіп, ақылың алаөкпе болған өліара шақ болатын. Соның барлығы күнкөріске келіп тірелгендіктен де ғылымның да желіні суала бастады. Империямен бірге зұлымдық пен ізгіліктің өлшемі араласып кетті.

Мұның барлығы Кеңес Одағындағы ең алдыңғы қатарлы он үйдің бірінің құт ұясын ұстап отырған Ләйлә апайға қатты батты. Бірақ сырын ашып, сынын білдірмеді. Қандай күйзелістің үстінде отырса да, тіпті ғылыми кеңесте отырса да тура сағат он екіде орнынан тұрып, жайлап басып Төлебаев көшесімен құлдилап кетіп бара жататын. Өйткені, өйткені... тура сағат бірде Димаш ағамыз, Димекен, Дінмұхамед дегдар түстікке отыратын. Осынау киелі екі адамның арасындағы жіпсіз сыйласым әкесі мен қызының арасындағы сыйласымнан да қасиетті әрі жан сүйсінетіндей терең еді. Димекен үйде көңілді отырса, Ләйлә апай түзде жарқын жүретін. Димекеннің қабағына күннің де көлеңке түсіргенін қаламайтын.

Бірде Әуезов қорын құру туралы ұсыныс айтқанымда: «Бір топ адамдар Димаш Ахметұлының да қорын құруды ұсынып жүр. Ол кісі әзірше қарсы. Алдын кесіп өтпейік. Әдеп сақтайық», – деді. Айлар өтіп жатты. Телефон шалынды. Тұтқаны көтергенімде аржағынан қарлығыңқы дауыс: «Ләйлә апайыңыз бар ма екен?» – деді. Тұла бойым шымырлап кетті. Сасып қалып: «Ассалаумағалайкүм!», – дедім – «Ә, сен әлгі «сіз» дегенді ұнатпайтын Ләйләнің бауыры Тұрсынсың ба? Ләйләні қуандырып жүргеніңе рахмет. Екеуіміз кәрі құдамыз ғой. Жақсылап бір әңгімелесеміз. Сендер Мұхаңның қорын құрмақшы екенсіңдер. Соны маған қаратып, кешіктірмесін деп, жаңа ғана келісім бердім. Соны Ләйләға дер кезінде

айтайын деп едім. Құрылтайын Мұханның мұражайында өткізіндер дедім. Сөйтіп, сендердің де жолдарыңды ашып берейін дедім. Қарсы емессің бе?», – деп жұмсақ күліп қоштасты. Бұл неткен мәдениет, бұл неткен сыйласым! Димекен мен Ләйлә апайдың арасындағы киелі құрмет осындай еді. Ертеңінде Ләйлә апай сондай қуанышпен келіп, қорды ашуға ризашылығын білдіріп: «Президенті сен боласың. Бұл мәселе шешіліп қойған», – деді. Кімнің кеңесімен шешілгені түсінікті еді. Жалынып, үгіттеп жүріп: «Мен біреудің алдына бір нәрсе сұрап бара алмаймын», – деп азар да безер болғанына қарамастан, «бірінші вице-президенттікке» көндірдік-ау! Оның өзінде де Диар арқылы білдірілген Димекеннің бір ауыз емеуірінімен!

Сөйтіп, Ләйлә апай екеуміздің арамыздағы ең басты «өткел» алынды. Димекен мені жатсынбады, бауырына тартты, тіпті «кәрі құда» – сарсүйек боп шыға келдім. Бұл дегенің үлкен сенім еді. «Құдамның қорына үлес қосамын!» – деп (тура осылай айтты, бұл арада Мұханды да мегзегені болар) сол кездегі Жамбыл облысының әкімі Өмірбек Байгелдіге жіберді. Жақсы қабылдап, жайдары сөйлесіп келе жатып, сөздің аяғында менің «тектік шиім шығып қалған соң», әңгімені шолақ қайырды. Әрине, Димекене берген уәдесі құрдымға кетті. Біз оның «нәтижесін», әрине, барған-келгенімді қадағалап отырған Димекене айтпағанымның себептері онсыз да түсінікті шығар деп ойлаймын.

Өстіп, алғашқы жатсынудың да қыртысы жазылып, менің де мінезім сынып, жайдары қалыпта үйренісе бастадық. Бір күні: «Ләйләнің бауыры сенсің бе? Мен сенің жезден боламын», – деп жайдары күліп Асқар Меңліахметұлы мұражайға келген соң, оған: «Мен де сенің жездемің», – деп Асанбай Асқаров қосылған соң элитаның есігі жайлап ашыла берді. Димекеннің өзге де туыстары, достары, жиендері өзіміне бауырына тартты. Бұл, әрине, мен істеуге тиісті жұмыстың ең өзекті дәнекері еді. Ол ортаның сеніміне кірмесең Мұхтар Әуезовтің мұражайына кездейсоқ келіп қалған жөндемі біреу ретінде қабылдайтын. Олай көріну маған қорлық еді. Мұражайға келуге жүрексінгенімнің ең басты себептерінің бірі де осы еді. Ал оның барлығы да Ләйлә апайды сыйлағандықтарының белгісі болатын.

Әйтпесе, ол ортаның сеніміне кіру мүмкін емес еді. Шіркін, сол бауырмалдық мәңгілік сақталса нетті?!

Сол алғашқы бой үйрету барысында, жаңа жылдың қарсаңы болғандықтан ба, Ләйлә апайдың өзі дастарқан жайып, қызметкерлердің басын қосып, ең жақын құрбы, достарын, Оразгүл апайларды шақырып, таныстыру рәсімін өткізді. Жалпы Ләйлә апай бұл жағына келгенде жомарт әрі мәрт еді. Әкесінен қалған үй-ішілік дәстүр бойынша шампанды күресін қарға жасыра көмдіріп, отырыстың аяғына таман бәріміз де соны іздеуге шықтық, сол Мұхаң салған дәстүрмен далаға шығып, шампанды ашып, мәз бола жүріп дәм таттық. Сондай отырыстарда отырыстың орайына қарай әкесін – Мұханды еске алатын. Менің іздеп келген мақсатымның бірі болғандықтан да барынша зейін қойып тындап, кейін күнделікке түсіремін. Қазір де сол күнделікті пайдаланып отырмын (Әттең, қаншалықты қымбат болса да, бұл күнделіктердің сақталмайтыны өкінішті. Өйткені, өзімнен басқа ешкім білуге тиісті емес шындықтар жазылғандықтан да, көзінің жойылатыны анық. Дана адамдардың өмірін тереңдеп білген сайын, сондай бір уағдалы құпиялар болып тұрады).

Ол өзінің пендешілік тіршілігінде ешқандай мұқтаждықты көрмей, бірақ орынсыз еркелікке бой алдырмай бұла өсті. Ал әкесінің еркелеткен, не өзі еркелеген сәттерін сондай бір сағынышпен, жарасымды мақтанышпен жымия отырып әңгімелейтін (Ләйлә апайдың сол биязы жымыясы барған сайын Ернардың дидарынан барынша қанық байқалып келеді). Бегімнің бегі, әрі ерке, әрі өте нәзік жанды мәдениет иесі, қайран Ләйлә апай – Ләйлә Мұхтарқызы сол жолы:

– Мұхтар Омарханұлы 1954 жаңа жылды Мәскеуде қарсы алатынын айтып: «Ләйләжан! Мен осы мерекені өзіңе тойлап беріп барып аттансам деймін. Мен де студент болғамын. Солар риза болатындай кеш ұйымдастыр. Достарыңның бәрін шақыр. Сергитін шағым енді туды. Дастарханы жомарт, қызуы мен қызығы мол болсын. Ештеңеден қысылма. Бәрінің әкесі профессор емес шығар (өзінің профессор атағын ерекше масаттанып айтатын). Әлгі сугробты ұмыт па!», – деді. Ой, қуанғаным-ай! Ештеңеден аянғаным жоқ. Достарымның бәрін жидым! Мәскеудің

дүкеніндегі керек заттан алмағаным жок. Сондай бір риза, салтанатты кеш болды. Студенттер Мұхтар Әуезовті көрөміз,– деп куанады, ал мен әкемнің қасымда болғанына куанамын. Шампанды күресін қарға тығып қойдым. Түн ортасынан ауа барлығымыз шығып, күртiк қардың астынан суық шампанды алғанда, студенттер таңғалды. Мұхтар Омарханұлының үйде сондай әдеті болатын. Сол кеш есімнен қалмайды. Қазір де сонда болғандар ұмытпай айтып жүреді. Асқар Меңліахметұлымен де сол кеште жақын таныстым,– деген еді сондай бір рақаттанған марапат сезіммен.

Бұл – әкелі-балалы екеуі масаттанса – масаттанатындай күн еді. Өйткені ол күн – Мәскеуге баспаналап барған Мұхтар Әуезовті университеттің профессорлығына бекіту туралы бұйрық беріліп, бес жылға созылған қуғыннан құтылып, еркін тыныстаған күні болатын.

Көктем күндерінің бірінде мұражайды өзі аралатып жүріп таныстырды. Мұханның көзі тірісінде қандай зат қай жерде тұрды, оның қандай тарихы бар, неге былай өзгертті, соның барлығын асықпай айтып берді:

– Ол кездегі идеологиялық-мұражайлық ұстаным бойынша мемуарлық көрмелерге онша маңыз берілмейтін. Бәрі де идеяға бағындырылатын. Екіншіден, Валентина Николаевна да: «Біздің тұтынған заттарымыз кімге керек, одан да жазушылығы ашық көрінсін», – деп өтініш етті. Сонымен қатар сол жазушылардың кезекті құрылтайы өтетін болып, бәрін де қарбалас істедік. Біраз заттарын Шолпан-Атадағы саяжайға бердік, – деп түсіндірді.

Содан бастап менің көкейімді: қалай да мемуарлық мұражай жасау керек, – деген ой мазалай бастады. Сол үшін қырғыз ағайындарға барып, ондағы Аалы Тоқомбаевтың мұражайын көріп, ойымды сабақтағым келді. «Манас» эпосына қатысты көптеген деректер жинадым. Оның өзі дербес әңгіме. Мұрағаттарды таныстыра келіп, Ләйлә Мұхтарқызы өзіне тән жұмсақ жымыспен:

– Тұрсын! Сен алаш тарихымен айналысып жүрсің ғой. Бізде Әлихан Бөкейхановтың қызы Лиза Әлиханқызының әкеме тапсырған архиві бар. Оның тарихы былай. Елуінші жылдардың екінші жартысында Мұхтар Омарханұлы Мәскеуге келіп, бір салтанатты жиналысқа қатысты. Екеуіміз театрға бардық. Фозде бір әйел анадайдан: «Әй, Мұхтар!»,–

деді өктем дауыспен. Өкем де тез үйіріле кетті. Мен бұрын ол кісіге мұндай өктем сөйлеген адамды көрген емеспін. Өкемнің әлдебір бейтаныс әйелдің алдында елпектегеніне таң қалдым. Екеуі ұзақ шүйіркелесті. Қоштасқаннан кейін маған бұрылып маңызды кейіппен: «Бұл – Әлихан Бөкейхановтың қызы Лиза, Смағұл Сәдуақасовтың әйелі. Жастығымыз да, достығымыз да жарасқан адам. Үйінде Смағұлдың біраз архиві сақталып қалыпты. Соны маған тапсырмақ», – деді. Арада біраз күн өткен соң сол архивті Алматыға алып кетті. Осы жайды Валентина Николаевнаға айтқанымда: «Бөкейханов – бұлардың көсемі. Ол өзі сондай сұсты, мысы басым адам. Ленинградтағы біздің үйімізге келерде Мұхтар сондай қатты әбігермен дайындалатын. Оның алдында балаша елпек қағатын. Менің де бетіне қарап сөйлеуге батылым жетпейтін. Қорқатынмын. Ал Смағұл біз үйленген жылдары ақша жіберіп тұратын», – деді. Ол архив осында. Не бар екенін толық білмеймін. Сен көр», – деп Талатбек Әкімге мұрағаттарды алдырды.

Мұражайдың қолжазба бөлімінің иесі Талатбек Әкім ұсынған орамда: 1. Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романының қолжазбасы. 2. Жүсіпбек Аймауытовтың Смағұл Сәдуақасовтың анкеталық сұрағына 1927 жылы 3-ғинуарда қайырған жауабы. 3. Мұхтар Әуезовтің анкеталық жауабы. 4. Бернияз Күлеевтің 2 томдық өлеңдер жинағы. Ішінде әңгіме, қарасөздері араласқан роман бар. 5. Әр түрлі қиындылар мен үзінділердің ішінде «21/ІҮ.22 ж» деп қол қойылған С.Сәдуақасовтың «Сәрсенбек» деген романы бар екен. Бернияздың «Айтшы, аққайың» атты жинағы қысқарып шыққан екен. Ал мына толық нұсқасы басылым көрмеген. Оны талантты да ойлы сыншы Тұрсынжан Шапайға, ал Смағұлды Дихан Мыңбаевқа (Қамзабекке) ұсындым. Смағұлдың мұрағаты Диханды мұратына жетелеп, докторлыққа жеткізді. Содан кейін біздің үйдегі жамағатымыз жол апатына жолығып, алты ай төсек тартып қалды. Соған қапталдаса Жәнібек те жол апатынан қаза тауып, кірбінді күндер көбейіп кетті...

Ләйлә апайдың бір таңғаларлық мінезі, ырымға сондай сенетін. Мені әлгіндей сәтсіздіктер айналдырып кеткенде кәдімгідей қиналып, ұшықтатып ал – дегендей де емеурін білдіргені де бар. Тіпті, егер жаңылмасам, менің сыртымнан

сондай бір мінәжаттық рәсім жасады-мыс дегенді естіп қалған да сияқтымын. Өлде маған солай көрінді ме, кім білсін, әйтеуір ақ тілеуін аямағаны анық. Мұны Асқар Меңліахметұлынан естідім-ау деймін. Шіркін, сондай мейірімнің алақанында жүрген күндер-ай десеңші. Көктемгі сегізінші наурыз мейрамындағы отырыста Ләйлә апай:

– Сондай үлкен, ақылды адам болғанына қарамастан, папам ырымға қатты сенетін. Бірде Шымкенттен қабағын шытып келді. Сөйтсе, Қажымұқанның тұрған үйіне барғанда есік алдындағы кішкене тасқа сүрініп кетіпті. Соны көңіліне қатты алып: «Япырым-ау, Қажекеңді ренжіткен жерім жоқ еді. Аруағы мені неге шалды екен, ә», – деп кәдімгідей алаңдап жүрді. Папамның ырымшылдығын мен кандидаттық диссертация қорғайтын кезде тағы да бір байқадым. Қатты толқыдым. Соның алдында папам мен диплом қорғарда маған Құнанбайдың шапанының бір түймесін сыйға тартып тұрып: «Елуінші жылдардағы қиын кездерде мен осы түймені қалтама салып алатынмын. Мінбеге шығып, сөйлер кезде осы түймені алақанымға салып аламын да, іштей Құнанбайдың әруағына бір сиынып алып, сөйлей жөнелемін. Әйтеуір бәрі де сәтті аяқталатын. Енді сен ал. Атаңның әруағы сені қолдап жүрсін», – деген болатын. Қорғау сөзінде сол түймені қалтама салып алдымда, қолыма қатты қысып тұрып «так шпарил», қалай аяқтағанымды білмей қалдым. Кейін соны бақылап отырған Евгения Васильевна сондай қызық етіп әңгімелеп, жұрттың бәрін күлдіргені бар. Кейін сол түймеден алқа жасап, докторлық қорғағанда мойыныма тағып алдым. Мамам: «Ал Құнанбайдың немересі енді тоқтамай сөйлейді», – деді өткенді еске алып: «Әрине, ол сенің атаң емес, менің атам, сондықтан да мені қолдайды. Тек бұл жолы ешкімге айтып қойма», – дедім. Менің тұмарым болғандықтан да, Тұрсын, сен алғаш Құнанбай туралы сұрағанда, рұқсат бермегенім де сондықтан болар. Сол түйме, міне, – деп мойнына асқан алқасын көрсетті.

Мен орнымнан атып тұрдым да, Ләйлә апайды бас салатын емес, орнымда қаттым да қалдым. Соны сезген Ләйлә апай алқаны алып, маған ұсынды. Мен ерніммен сүйіп, маңдайыма басып, тәу еттім. Толқып тұрғанымда Ләйлә апай: «Көрдің бе, біз қожа болсақ та, тобықтының Құнанбайын пір тұтамыз», – деді, жайдары қалжыңдап.

Еркелігім ұстап кетті де: «Не дейсіз, апай, онда мен неге мұнда келдім», – деп орнымнан жорта тұра бергенімде: «Ой, Тұрсын, болды, болды, мен тобықтының қызымын. Қалтай Мұхамеджанов солай айтып жүр деген соң, есіме түсіп кетті», – деді әдеттегісіндей қолын кеудесіне басып. «Е, бәсе...» – деп мен де күле орныма отырдым. Мұндайда Ләйлә апайды бала сияқты сендіре салу оп-оңай еді. Кейін Қалағанды – Қалтай Мұхамеджановты көргенде осы әңгімені айтып: «Менің апайымды теріс үгіттемеңіз. Әйтпесе...» – деп уәж білдіргенім есімде. Әзілдің атасы емес пе, содан бастап амандасқан сайын: «Ой, арыстаным (сөзінің мәтелі), апай сенікі» – деп қолын көтере сәлем алатын да, әлдебір күлдіргі оқиғаны айта жөнелетін. Сол әкесінің ырымдары жөнінде айта келіп:

– Егер Мұхтар Омарханұлы соңғы операциядан аман шықса сөзсіз ұзақ жасайтын еді. Жиырмасыншы жылдардың ортасында Семейде бір цығанға бал аштырыпты. Ол әйел әлде бір көне кітапқа қарап отырып: «Сіз үш рет үйленесіз. Үшінші әйеліңізбен ұзақ тұрмайсыз. Көз жазып қаласыз. Сіз адам танданарлықтай атаққа ие боласыз. Үш рет денеңізге пышақ тиеді. Егер үшінші жолдан аман өтсеңіз, онда тіпті ұзақ жасайсыз, – депті. Балгердің сол айтқандары түгелдей дәл келді. Үш рет үйленді. Валентина Николаевнадан түрмеде жатқан кезінде көз жазып қалды. Жиырмасыншы жылдары соқырішекке, елуінші жылдардың ортасында тағы бір операция жасалды. Мәскеуге ұшарында: «Бұл үшінші операция. Жеңіл операция. Дегенмен де өсиет қалдыра кетейін. Тегінде менің жазуларыма тек Ләйлә ғана иелік етеді», – депті. Сөйтіп, үшінші операциядан аман шықпады. Әйтпесе...», – деп мұңая қалатын. Іле адамның ойында жоқ мысал келтіріп – Абайдан кейін 52-53 жылдан соң Мұхтар Омарханұлы, ал папамнан 52-53 жылдан соң сен туыпсың. Мұнда бір заңдылық бар шығар, – дегенде дымым шықпай қалды. Әрине, әкесінің мұрасы мен мұражайына алаңдап, қиындап бара жатқан заманның қабағына қарап, маған жауапкершілікті сезінсін деген шығар. Бірақ мынадай ой кімге келген. Әрине, осыны жазып отырған мен үшін бұл асылық сөз, ал Ләйлә апайдың ойына қалай келді, соған таңмын. Сол сөзді мұражайға қатысты әр қилы кезеңдегі оқиғалардың тұсында жиі еске алып, барынша

Ләйлә апайдың әруағына адалдығымды сақтауға тырысып келемін.

Жоғарыда айтқанымдай, ұлы адамдардың тағдырын зерттеп, ұрпақтарымен араласу – аса шетін мәселе, отбасылық құпиясы мен жеке өміріне қатысты уағда бере отырып сұрайтын шындықтар болады. Ондай сыртқа шықпайтын оқиғалар мен үй-ішілік қарым-қатынастар Абай мен Әуезовтің де өміріне тиесілі болса керек. Мұражайдың ішкі-сыртқы жағдайымен әбден танысып, ғылыми жұмыстардың бағытын, қызметкерлердің мүмкіндігін біліп, тиісті тұжырым жасап, атқарылуға тиісті істердің жоспарын жасап, тиісті мамандармен ақылдасып, әбден сіңірген соң, тіпті, Абай ауылының азаматтарымыз, қаражаттан қысылып тұрмыз – дейтін «жалаңтөстерге» де бой үйретіп алған, соң, Әуезовтің туғанына жүз жыл толуына орай мерекеге байланысты қаулының нұсқасын да дайындап-ап Ләйлә апаймен оңаша ұзақ сөйлестім. Өңгімені өте қинала отырып тындады, мұражайдың мүлдем қаусап тұрғанын естігенде сенбеді, аралатып көрсеткен соң, әдеттегідей қолын кеудесіне апарып тұрып: «Сақтай гөр (Боже мой)! Мен дәл мұндай күйде екенін білмеппін. Бұрын неге ойға келмеген. Заман болса мынау, енді бізге кім қол үшін береді? Сақтай гөр!», – дегенде көзінен жасы ыршып кетті. Маған да оңай салмақ емес. Үнсіз қалдым. Бөлмесіне барып ұзақ отырып, бір уақытта мені шақырды да бірден өзінің байыпты мәнерімен, бірақ нақтылап былай деді:

– Маған қанша ауыр болғанымен шындықты айтқаның жақсы болды. Саған мұражайдың ұйымдастырылу тарихын айтайын. Мұхтар Омарханұлы дүниеден қайтқан кезде қазіргі Төлебаев – Фурманов, Абай – Құрманғазы көшелерінің арасы бос болатын, академияға қарасты жер еді. Тек Қаныш Имантайұлы мен біздің үй ғана болатын. Жазушылар одағы мен Ғылым академиясы Мұхтар Омарханұлын үлкен бақшаның тура ортасына жерлеуді ұсынып, Министрлер кеңесіне ұсыныс жасап, олар қолдау көрсетті. Алайда Валентина Николаевна қарсы болып: «Мұхтардың зиратының қасында қалай тұрамыз?», – деп қарсы болды. Димаш Ахметұлының қолдауымен Әуезовті мәңгілік есте қалдыру жөніндегі қаулы оның қырқы берілгенше шығып үлгерді. Институттың, театрдың, көшенің аты берілді, институттың

жанынан Әуезов мұраларын зерттеу бөлімі ашылды. Кейін сол бөлімнің негізінде осы мұражай құрылды. Тікелей қалаға қарасты болса, мұражай ғана болып қалатын еді. Сондықтан да «Пушкин үйі» сияқты жазушының шығармашылық және ғылыми мұраларын зерттеп, жариялау мақсатында, мұражай ғылым академиясының қарамағында болуды қаладық. Қазір, сен айтқандай, мұражай ретінде қаржы бөлінбейді, тек зерттеу жұмыстары ғана жүргізіледі. Қалай болған күннің өзінде мұражай академияның құрамында болғаны дұрыс. Ал жеке ғылыми орталық ретінде рұқсат бере ме, жоқ па? Бұл қалпымен мына үйдің күйісі кететіні анық. Мен былай шештім: бұл мәселемен айналысуға мен саған толық ерік беремін. Ғылыми жұмысты да қолыңа ал. Қызметкерлерді де өзің ірікте. Елу томдық басылымда осы топпен шығара алмайсың. Ешкімнің бетіне қарама. Қаулының нұсқасымен үйде отырып асықпай танысайын. Ал қимыл еркіндігі туралы Серік Смайылұлына айтамын. Бізді қолдайды. Айтпақшы, кандидаттық қорғау үшін КПСС тарихы мен философиядан және шет тілінен емтихан тапсыру керек. Ең қиыны сол. Мен оның меңгерушісімен келісіп, сені тізімдетіп қойғам. Кеше де сөйлестім. Келесі аптада емтихан. Меңгерушісіне барып жолық. Сен ол кісіге кіріп шық. Ал ағылшын тілінің орнына араб тілінен тапсыруға Мәскеуден келісім керек екен. Оған да хат жаздым. Зоя Сергеевна көмектесетін болды. Тек автореферат жазсаң болды, – деді.

Мұндай қамқорлықты бұрынды-соңды ешкімнен естіп, көрмеген мен, кәдімгідей шіміркеніп кеттім. Ол кісі бір адамға жақсылық жасаса, маған-ақ жасаған шығар. Қарсы уәждің өзі мәдениетсіздік еді. Бұл мінезді қойсаңшы, сондай бір міндетсіген кейіппен академик ағамызға жолықтым. Еркіндеу сөйлестім. Абайдың философиясы туралы реферат жазып әкелуді тапсырды. Шұғыл орындап, хатшысына тастап кеттім. Екі күннен кейін емтиханға бардым. Бұрыннан жүз таныс академик Мұхамеджан Қаратаевтің ұлы Мерлан ағамыз оңашалап алып: академиктің саған қабағы қатты. Асықпай онаша, ең соңында тапсыр. Әйтеуір білгенінді қағазға түсір. Менің алдыма келуге ұмтыл, – деді.

Расында да берген сәлемімді алмады. Мерлан ағам сыбырлап, бір-екі фамилияны айтып кетті. Жалпы университетте де бұл пәннен қара жаяу емеспін. Сағат

марқұм: философияны білмеген жазушы мұратына жетпейді, – деген соң Фейербахты, Шопенгауэрді, Ницшені парақтап шыққам. Ал КПСС тарихын мектептегі Сағынтай мұғалімнің санама құйып бергені сонша, қазір де дайындықсыз тапсыра аламын. Мерлан ағам белгі берді, жетіп барып, барынша тырысып жатырмын. Қабағын түйген ағатайымның бұйрық раймен: Кеңес философтарынан кімді білесің?, – дегені. – Таза философтан Ильенков қана бар. Қалғандары: философия тарихы мен Кеңес өкіметі кезіндегі таптық сананың өзгеруі сияқты еңбек жазған түсіндірушілер, – дегенім. Қолындағы қаламын алды да қатарынан үш екі қойды. – Енді мен қояйын деп, – табельді тез алып үлгерген Мерлан ағамыз үш қойды. Орнымнан көтеріле бердім. Соңымнан қуа шыққан Мекен: Жанды жерінен тиіп кеттің. Бұл кісі колхоздастыру кезіндегі шаруалардың санасының оянуы тарихынан қорғаған. Алайда жаңағы адамнан басқа таза философ жоқ. Енді күт. Оңаша кір, – деді.

Жазған құлда шаршау бола ма. Тек Ләйлә апайдың еңбегі еш кетпесе нетті?! Ұзақ кеңесті. Біреулер тозақтан құтылғандай қуанып шығып жатыр, біреулердің қабағы түсіңкі. Шақырмады. Алдарынан шықтым. Кетіп бара жатып академик ағам: – Әттең, Ләйлә Мұхтарқызының бірауыз сөзі болды. Әйтпесе, сен сияқты жазушылардың талайын шырылдатқамын. Қазір де сүмендеп жүр. Мен не, Абайдың философиясын білмейді дейсің бе? Хатшыға тастамай, неге күтіп, қолыма бермейсің, – деп бөлмесіне кіріп кетті. Кет деген белгі берген Мерағаңның белгісімен сыртқа шықтым. Алыстау барып тосып тұрдым. – Жалпы сен дұрыс айттың. Ондай сөзге бұл кісілер үйренбеген. Қазір еркіндеу кезең. Үш екі, бір үшпен, қорытындың үш болды, – деді күліп. Ух, – дедім.

Мені ешкім сауатсыз дей қоймас. Дегенмен де Ләйлә апайға қысылып-қымтырылып эзер келдім. – Ой, өтіпсің ғой. Құтты болсын. Бізге келген үш жазушы да емтиханның өте алмай, екі жыл тапсырған, – деп қарсы алды. Емтиханды мен емес, өзінің беделі тапсырғанын қайдан білсін. Дегенмен де болған жайдан емеурін танытып едім, мән бермеген болды. Зады менен бұрын хабарын алып үлгерген сияқты.

Авторефераттың орысшасын өзі редакциялап шықты. Пікірлерді де өзі ұйымдастырды. Маған тек мінбеге көтерілу

ғана қалды. Сол күні З.Қабдолов, С.Қирабаев, З.Ахметов, Р.Бердібаев, М.Мырзахметов сияқты академиктер тұңғыш рет біздің үйдің табалдырығын аттады. Ләйлә апай бәрінен бұрын келіп, кітаптарға қарап, бір кезде жалаңаш шыраққа көзі түсіп, ұзақ қарады. Түсіне қойдым, қатардағы жас жазушының шаңырағының осындай жұпыны болатынына таңырқаған сияқты. Сол сәтте, сексен алтыншы жылы он алтыншы желтоқсан күні Жазушылар одағының қабырғасынан түсіріліп жатқанда үйге алып келген Димекеңнің портретін көріп қуанып кетті. Сол сәтте: бірінші, академик ағамнан барып кешірім сұрайын, екінші, бір люстра алып, Ләйлә апайды қонаққа шақырайын, – деген ой келді. Ауруханаға түсер алдында: – Димекеңнің жаңартылған бөлмесіндегі люстра сондай жақсы. Саған сыйлағым келіп жүр, базарлық үшін, портретімен жарасып тұрады, – деді. Жарасуын жарасар еді ғой, бірақ...

Оған қайырымы қысқа өмір мұрша бермеді. Іле Қауіпсіздік комитетінің архивіне тағы да баруға бекіндім. Бұл жолы екі ай отырдым. Сол арада Ләйлә апай хабарласып, қалайда кездесу керек – деді. Бұрынғы, кейінгі көшірген деректерімді, Әуезовтің түрмедегі төрт жауабының мазмұнын айтып беріп едім, көңілсіздеу тыңдады да: – Оқыдым. Маған бір адам әкеп беріп, оқытты. Мен әкемнің жазуын жақсы білемін. Ішінде грамматикалық қателер бар екен. Бұл әкемнің қолжазбасы емес. Мен ертеректе комитеттің архивінен сұратқанда, мына қатіра мен бір-екі хатты берген. Менің зәрем ұшып тұрғаны, сен де арасынан жырттып алған жоқсың ба? Ол үлкен ұят болады және ол мекеме мәңгілік соңынан қалмайды. Мен әлгі адамды шақырып алып, тергеудің жауабын қайтарып бердім. Сен оларға ескерт. Әйтпесе жаласы саған қалады, – деп қадағалай айтты.

Ол адамды білетін едім. Қызметкерлер де сексен жетінші жылы екі-үш ай отырып кеткендіктен де, етене таныс еді. Мен жымысқылық жасағаным жоқ. Бірақ содан бастап әр істің бетін санап алып, санап тапсыратын болдым. Менің кенет мұндай мұқият бола қалғанымнан екі жақ та сезіктенсе керек, екі-үш күннен кейін көрсетіндіні орынынан таптым. Соның нәтижесінде екі жарым ай еркін отырдым. Көп жауаптардың мазмұнын таспаға жазып алдым. Сөйтіп, Ләйлә апай мені бір ұяттан құтқарды.

Сондай қам-қаракетпен жүргенде 1993 жылдың көкек айының жиырманшы жұлдызы да келді. Ләйлә апай жағдайды бір тыңдап алды да:

– Мұның барлығын жеңесің. Мен ертең ауруханаға жатамын. Мұхтар Омарханұлының отбасы тарихын білесің, «Қар астындағы көбелегіңде» жазғаның Абайдың немересі Кәмилә ғой. Ол кісінің әр некеден туған балалары бар. Жасырмаймын, біздің қарым-қатынастарымыз да өзгешелеу. Мұғамиланың елуінші жылдардың басында әкеме жазған хатын оқып, қатты көңілім қалды. Қазір сирек келеді. Ал Мұратқа папам ерекше үмітпен қарады. Академияның философия институтында оған жақсы жағдай жасалды. Айлап жоғалып кеткенде әзер іздеп тауып алғанымыз бар. Неге өкпелі екенін білмеймін, әйтеуір, араласуымыз аз. Ернар жас кезінде керемет тентек еді, есейген соң басылып кетті. Ол екінші әйелімен тұрады. Асқар атты ұлы бар. Ал Әуезден тараған ұрпақтардың жайы былай... Абай ұрпақтарымен де қалыпты араласамыз. Міне, жағдай осылай. Мұның барлығын әдейі өзіңе ескертіп отырмын. Ойыңда ұста, – деп ұзақ бір әңгіме айтты.

Сол сәтте мен өзімнің кіндігімнің мұражайға берік байланғанын тұңғыш рет сезіндім. Бұл Ләйлә апай екеуіміздің арыла сырласқан күніміз болды. Зерде де екшейтін, қаперде ұстайтын жайлар көп еді. Бірақ маған оп-оңай нәрселерді жүрегіне тым жақын қабылдағандай көрінді. Алайда сол күнгі айтқан уәждерінің аса тағдырлы және шынында да күрделі мәселе екенін кейін түсініп, Ләйлә апайдың сол ескертпелерін есте ұстағанда, мүмкін... деген ойлардың мазалағаны рас. Ләйлә Мұхтарқызы дүние салғанда үкімет пен сыртқы істер министрлігіне: қалайда Мұратқа хабар беріп, топырақ салуы тиіс екенін талап ете түсіндіргенім есімде. Мұрат Мұхтарұлы да жанын жалдағандай боп тез жетті. Аэропорттан қарсы алдым, әйтеуір, апайға топырақ салуға үлгерді. Жерлеген күннің ертеңінде мұражайға келіп біраз сырластық. Ол да шынын айтқандай сезіліп еді. Мен оны туған ағамдай сыйлауға тырыстым. Кейде маған соның барлығы көз жасының арасында ұмыт қалғандай көрінеді.

Ал, алаңдаса – алаңдайтындай, мұражайды аса қиын кезеңдер күтіп тұрды. Оның барлығына тоқталып жатпаймын. Тек Ләйлә апайға қатысты нысаналы жайларды

қамтып өтпекпін. Ол өте бір қиын жылдар еді. Мұражайдың қызметкерлері ғылыми бөлімнің қызметкері ретінде жалақы алады, ал мұражай-үй академияның ресми қаражаттық есебінде жоқ, тек жалпы ғимараттың санатында, сондықтан да көрмелер бір мерейтой мен екінші мерейтойдың қарсаңында ғана қайта жасақталады екен. Тіпті, құбырдан су кетсе, институттың шаруашылық басшысына хабарлайсың, ол қоғамдық ғылымдар бөліміне барады, ол адам президентке хабарлайды, ол шаруашылық бөліміне пәрмен береді. Сонымен екі күн уақыт кетеді (Бір рет солай болғаны да бар). Өз бетінше дербес ғылыми жұмыс жүргізе алмайды. Мұражайды қаланың есебіне өткізуге және қисынсыз. Ал күрделі жөндеуге академияның қаражаты жоқ. Осы мәселені институт директоры С.Қирабаев ағаға түсіндіріп ем: «Толығымен қолдаймын. Менің атымнан хат жаз. Иссапарда жүрсем...», – деп қолын қоюға рұқсат берді. Осы мағыналас пікірді академияның президенті К.Сағадиев ағамыз да айтты.

Менің үкіметті хаттың астына алған «шабуылым» осылай басталды. Өз жазған хатым өзіме қайтып келе берді. Сонда да қайтпадым. Бірде Ләйлә апай Олжасты есіне алып, соған кіріп шығуымды ұсынды. Кешке қарай Олжекеңе кіре сала заманақырды төндірдім. Өзінің үйреншікті сөзін айтып, әр жерге телефон шалды. Президентсіз бұл мәселе шешілмейтіндей сыңай байқалды. Хатты тастап кеттім. Ләйлә апайға айтып едім, кәдімгідей қуанып қалды. Ертеңінде ол кісі емделуге жатуға тиісті еді. Кенет... таңғы сегізде телефон шалынып, президент аппаратынан екенін, жаңа ғана Сүлейменовтің президентке кіргенін, сағат тоғызда шұғыл түрде мұражайға келуімді бұйырды. Ләйлә апай ауруханада, ол шайтанқұлақтың жоқ кезі. Алып-ұшып мұражайға бардым. Архитектор-конструкторлар С.Тәшкенбаев пен Ш.Матайбековті шақырып үлгердім. Сағат он бірде премьер-министрдің сол кездегі орынбасары Ғ.Әбілсейітов, академия президенті К.Сағадиев, мәдениет министрі Т.Мамашев, қала әкімінің орынбасары және Олжастың өзі келді. Жағдайды айтып мен де зуылдай жөнелдім. Құжаттарды жасауға қаржы бөлінсін және мұражай бүгіннен бастап жабылсын – деп пәрмен берілді. Мұражайға дербес мекеме ретінде құжаттар жасап, қаулы дайындауды тапсырды. Ұйымдастыру ісін бас редакторлықтан мұражайға қызметкер ретінде келуге келісім

берген Ғалым Доскеновке тапсырдым да, өзім Ләйлә апайға қарай алып ұштым. Әрі көңілденіп, әрі мұңайып, әрі алаңдай отырып тыңдады: – Бар ерік өзінде, мұражай саған аманат – деген сөздерді баса айтты. Мен әзілге қарай алдарқата бердім. Салмақтың ауыры енді түскенін сездім. Бұл 1993 жылдың 24 көкегі еді.

Ал өмірінің соңғы бір жылында ондай қиналыстарды көп көрді. Әсіресе, Мұхтар Әуезовтің мұражайы қатты алаңдатып, өмірі табалдырығын аттамаған мекемені аттап, қысыла отырып қаржы туралы әңгімелегенде көзіне жас үйіріліп қалатын. Сол кездегі Ұлттық банктің төрағасы Ғ.Байназаровқа, Жоғарғы кеңестің төрағасы С.Әбділдинге, ғылым саласынан депутат боп сайланған Ө.Жолдасбековке бардық. Сыртқа шыққан соң қолорамалымен кірпігіндегі шықты сүртіп тұрғанының сан рет куәсі болдым. Ең соңында бір үлкен банктің төрағасы қабағын қарыс жауып, Әуезов деген есімнің оған ешқандай бедел емес екенін айтқанда, бұрыннан науқастанып жүрген ол «Құдай сақтасын!» деп жүрегін ұстап шығып еді. Содан екі күн өткен соң ауруханаға түсті. Дүниеден қайтарда да ұлы Диярға: «Музей. музей, музей!» – деп қайталап кетіпті. Өзі тура отыз жыл басқарған мұражайдың меңгерушісі тура әкесі сияқты алпыс төрт жасқа екі ай қалғанда көз жұмды.

Өзінің жеке басынан үй-ішінің бақытын жоғары қойды. Халқының қызы, елінің келіні, келіндерінің енесі бола білді. Ол кісі біз үшін Мұқаңның тірі көзіндей болды. Әттең: мұражай үшін ең бір қиын кезеңде көз жаздырып кетті. Бірақ, қазақ халқы барда – Мұхтар Әуезовтің есімі ешқашан өлмейді. Ендеше, сол бір қасиетті шаңырақтың аясынан келер ұрпақ Ләйлә Мұхтарқызының да жүрек жылуын, жанар мейірімін сезіп тұрары анық.

Ләйлә апайдан кейін кенет Ернар Мұхтарұлы, одан кейін Димекен өмірден қайтты да, бұрынғы көзқарастар мен қатынастардың арасына сұқсырлардың сұғы қадалды. Бет шырайын бергендер беттерін теріс бұрды. Алайда:

– Аманатты парызыңның барлығы да орындалды, мұражай да қалпына келді, елу томдық басылым да жүзеге асты, тек соның қызығын көруге жазбады, оған сіздің ақылыңызды есіме ұстамаған өзім кінәлімін, Ләйлә апай!, – деп осы естелікті аяқтағым келеді.

Ал мұражай мен айтылған ақылы туралы әңгіме, егерде әлдекімдер жатқан жыланның құйрығын баспаса, сол жабық күйінде қалатын шығар деп ойлаймын.

28 мамыр, 1993 – 12 қыркүйек, 2010.

ҚАЙЫРЫМНЫҢ ҚОРМАЛЫ

(Қалихан Ысқақов)

Ағалықтың қадірін білдік пе, білмедік пе, білмеймін, бірақ ағалардың қадірін енді сезініп жүргеніміз анық. Осыдан он жылдай бұрын алдыңғы буын ағалардың алғашқы легі сетіней бастағанда: «Бұрын қалың орманның ішінде жүріппіз, қалай адассаң да, қалай сейілдеп, қалай сергелдендетсең де жан-жағың ықтасын, саяқтығың білінбейтін еді. Енді орманның шетіне шығып қалыппыз. Алдындағы бір, екі қадамнан арғы жер – бос кеңістік, ашық алаң. Көкжиекке дейін көзге көрінер-көрінбестей боп бірен-саран ғана емен қараңдайды. Біз де жел өтіне шығыппыз», – деген кезде Қалихан, Рымғали, Ақселеу ағаларым қасымда еді.

Содан кейін әлгі жанындағы ормандар опырылды дейсің келіп. Енді қадау-қадау жалғыз емендерді қара тұтып жүргенде... Қал-ағаң дүниеден қайтты дегенде дүние шыр айналып, аспан қарауытып сала берді. Түнделетіп Алтайға қарай жөнелтілген рухымен бірге мен де аспан кезіп, көз шырымын алмай таң атырғамын. Дидахмет шайтанқұлақ арқылы: Жаңа ғана Топқайыңда жамбасы жерге тиді – дегенде ғана лажысыздыққа мойынсынғаным есімде.

Сол көңіл-күйді жазушылардың мүшелтойына орай өткізілген жиынға барған кезде тағы да басымнан кешірдім. Бұрын осындайда әркіммен қауышып, қалжыңдасып қалушы едім. Сол күндерді сағынып алып-ұшып жетіп барғанда, қауқылдаса төс түйістіретін ағалар мен тетелес ағаларды кездестіре алмай абдырап қалдым. Өлдененің жетпей тұрғанын сезіп, қалың көпшіліктің арасынан шеттей бергенімде...

Кенет аңсарым азынап, көңілім құлазып қоя берді. Сөйтсем, мен осындайда арсаландай барып қаусыра

құшағыма алып, қатты қысатын Қал-ағамды, Қалихан ағамды іздеп тұр екенмін. Менің бойымда Қал-ағаңның «Қоңыр күз едісінен» қалған бір мұң бар еді. Сол сәтте Қал-ағаңның рухымен бірге Алтайға қарай азынап ұшқан мұңлық күйім ойыма орала кетті. Сүйініп-күйініп, суынып-ысынып мағынасыздау мұң арқалап тұрғанымда жарықтығым Жәркеннің ұшыраса қалғаны. Оның да жетісіп тұрғаны шамалы екен. Жәркенді қолтықтаған бойы топтан, сүйікті тобымнан алыстай бердім. Қал-ағаңсыз қаламгерлердің ортасы да ойсырап-ақ қалыпты!

Қайран, Қал-ағаң! Тұла бойы қайырым, мейірімнен тұратын пенде аз емес шығар, бірақ санаулы. Сол санаулының бірі – қазақтың Қалиханы, Қалихан Ысқақов, біздің Қал-ағамыз еді. Адамды алыс-жақын, дос-туыс деп бөлмейтін осынау бір ұлы талант иесі маған қайырымның қормалындай көрінетін. Жанына жанап кеткен адам бұл кісінің жан жылуын сезбеуі мүмкін емес еді және ол сезім өмір бойы баурап жүретін. Өзіне жалғыздық та жараспайтын. Қандай да бір жиыннан, қандай да бір отырыстан ертелі-кеш шықсаң, егер Қал-ағаң көлігімен келсе, жаяу қалмайтынсың. Арақашық алыс па, жақын ба, бәрібір. Үнемі кісі, туыс, бауыр, дос, бала іздеп жүретін.

Бала демекші... Өзінің Қожалағынан бастап, өзімен бауырлас болған інілерінің балаларының барлығының да Қал-ағаң қойған аты болатын және солардың бәрімен де құрдас еді. Жолай, не әлдебір бас қосудан соң әлгі «құрдасын» шақырып алып: «Жүр, сені үйіңе апарып тастайын. Аналар өздері білсін», – де күліп алып, «әлгінің» әкесі мен шешесіне бір қарап қойып көлігіне беттейтін. Ал содан кейін соңынан ермей көр. Мұндайда сол жиын-тойдың соңынан бір киікілжіңнің болғанын ертең естіп, енді Қал-ағаңның әулиелігіне қайтып күмәнданбайтынсың. Кейде, міндетсіп, күттіріп қоятын сәттеріміз де кездесті. Ондайда өзінің бір кезекті «ішінді ұрайынын» айтып алып, айтқаныңа көніп, айтқан жағыңа апарып тастайтын. Бейне бір сені әрі-бері тасып жүруді сол кісінің маңдайына жазып қойған сияқты. Әрине, артық кеткенімізді білеміз. Соның өтеуі ретінде ертеңінде «Қал-аға!» деп бас сап құшақтай алсаң болды, сені тағы да тасуға дайын тұратын.

Сондықтан да Қал-ағанды білмейтін, ол басынан сипамаған қазақ жазушыларының баласы кем де кем шығар. Ал арамыздағы «ақылдымыз» Дидахметтің Дәулеті Қал-ағамен қалжыңдасқанды былай қойып, кәдімгідей жұмсайтын. Соның айтқанына көнетін Қал-ағанды көріп біз мәз болып: «Әкең қартайса құлға жарисың» – деуші еді. Мына Әшімханның ұлы өз әкесін аяп, Қал-ағанды арбаға жегіп жұмсады-ау, ақыры» дейтінбіз. Енді біз есейгенде де Дидахмет пен Жанболаттың сол қулары – Дәулет пен Елдос әлгі әдеттерін қоймай бізді жұмсайтын болды. Бұлардың солай «байығанына» өзіміз де ризамыз. Оның да өз рақаты болады екен. Ал ол рақатты Қал-ағаң, әрине, бізден бұрын көрді.

Қазақтың Қалихан Ысқақовтай классик жазушысына өзімізді ғана емес, баламызды да тасытып жүрген күндер-ай, қайдасыңдар? Қайдасың, Қал-аға! Осылар еске түскенде егіліп-ақ кетесің!

Өзі де еркін жүретін, өзгені де еркінсітіп ұстайтын Қалихан аға қандай ортада болсын, қандай жағдай болсын қысылып-қымтырылуды білмейтін сияқты еді, білсе де – бізге білдірмейтін. Қолтығына кіріп, бауырына басылған отыз бес жылдан астам мерзім ішінде мен Қал-ағанның осынау бір айылын жимайтын еркін қалпы мен қайырымнан қолы босаған сәтін көрмеппін. Мінбеге шығып, сұқ саусағы шошайып, шарпулы сөзбен шаңдата жөнелген кезінде де, сол сұқ саусақтан да «неғылайын» деген емеурін мен ым білініп тұратын. Тоқтатуға мүмкін еместей көрінетін сол тегеуріні мінбеден түскеннен кейін тез басылып, темекінің ащы түтінімен таралып кететін. Сол маңғаз қалпынан айнымай маң-маң басып, тағы да біреудің қамын ойлап, ақыл айтып бара жататын.

Ал араға аз уақыт салып бөлмесіне кірсең, әлгі шаңдатқан дүрбелең қаперінде де жоқ, кезекті біреудің қолжазбасын оқып, сызып, қосып, қысқартып, өңдеп отыратын. Алпыс жасқа толған тойында: Қал-ағанның өңдеп, түзеп жариялаған өзгелердің шығармалары мен оған кеткен уақыты – Қал-ағанның өз шығармаларының көлемі мен оны жазуға кеткен уақыттың алпыс пайызын құрайды – деп ем. Қарасөзге келген кейінгі буынның шығармаларына Қал-ағанның қаламұшы тимегені аз. Ал, марқұм Асқар Сүлейменов қаламынан

шыққан дүниені алдымен Қал-ағанның алдына сондай бір паңдықпен тастай салатын да: «Қызметіңізге кірісіңіз» – дейтін. Өйткені, Асекеңнің жазуын да, стилін де, ой ағымын да Қал-ағаннан басқалардың ажыратуы қиын, тіпті, мүмкін емес еді.

Одаққа талқылауға түскен қолжазбалар Қал-ағанның қарауынсыз өткені аз. Қызметтің орыс, қазақ тілдеріндегі таусылмайтын жауап хаттары да Қал-ағанның қолынан өтетін. Мұндай шығармалардың көлемі Қал-ағанның өз мұрасынан бес есе көп десе, мен сенер едім. Қал-ағанның әбден мезі болғанда ашынып: «Токтатыңдар мұндайды. Қалихан сендерге безразмерный презерватив емес!» – дейтін атақты сөзі де сондайда айтылған. Тек жер ортасынан асқанда қаламгерлердің шығармашылық үйінде дүниеге келген «Ақсу – жер жәннаты» атты романы тұсында ғана қаламын суытпаған болуы керек. Ол тұста Қал-ағанды біз де алаңдатпауға тырыстық. Соның өзінде ара-тұра баратын жерімізге жеткізіп тастап жүрді. Біз оны, қайырымдылық жасамаса зерігетін ағамыздың «ермегі» деп қабылдадық.

Қал-ағанның қарапайымдылығы мен қарабайырлығы сондай, ол кісіні түсінуге, не ол кісіге түсінікті болуға, не әлденені түсіндіруге тырысудың еш қажеті жоқ еді. Ағамызға бәрі де аян, бәрі де түсінікті еді, себебі бәрін де біліп тұратын және соған қалтқысыз сендіретін. Өзі де сенетін немесе сенген сияқты, сенгісі келген сияқты, сеніп қалғандай, ештеңеге алаңдамайтындай, ешқайда асықпайтындай болатын.

Сексенінші жылдың желтоқсан айының басында бір топ жас жазушыларды Мәскеуге одақтың екінші басшысы Сайын Мұратбеков ағамыз бастап барды. Әкім Тарази ағамыз демалыс үйіне бара жатыр екен. Екі досын шығарып салуға Қалихан, Қабдеш, Рамазан ағаларымыз қосақтарымен қоса келді. Шығарып салу рәсімі басталды. Жеңгелеріміз екінші Алматының вокзалында қалды. Содан Қал-ағаң әңгімені бастап кеп жіберді.

Бір уақытта поезіміз екі иығынан дем алып, екпінін үдете жөнелді. Сөйтсек, бірінші Алматыдан да өтіп кетіппіз. Сонда да Қал-ағаң әңгімесін тыйған жоқ. Поездің міндетті түрде әлдеқандай себеппен, әлдеқандай разьезге тоқтауы тиіс екенін айтып, түсіндіріп, әңгімесін аяқтап болғанша

Алматыдан қырық бес шақырым «Ақ» деген сөзден басталатын бір разьезге бір минут аялдады да, үш дос эзер түсіп үлгерді. Сонда да Қал-ағаң әңгімесін тиянақтап үлгермеді. «Түскен жерлерің «Ақтан» басталады екен. Ақтан қағылмайтын болдыңдар», – деп Әкім ағамыз қағытып үлгерді, әйтеуір. Ал үшеуі ол разьезде «ақтан» қағылғаны несі, «ақсарбастың» басын мүжіп қайтқанының өзі бір хикая. Әйтеуір үшеуінің біреуін разьед бастығы тани қойғаны анық. Бұл туралы Қабдеш ағамыз бен марқұм Рамазан ағаның өзі уәжі бар. Бірақ басты Қал-ағаңның мүжігені тағы да анық.

Өзге біреу болса күйіп-пісіп, алқынып-жұлқынып, асығып-үсігіп қалатыны аян. Ал Қал-ағаңның жүзінде алаң болсашы. Мұны адамның қандай мінезіне жатқызуды мен білмеймін. Әлде, қарабайырлық деген осы ма? Әйтеуір, Қал-ағаңның тұрған бойы сол, не артық, не кем піше алмайсың. Ақылы – мінезіне, мінезі – ақылына сыйымды – деген осы шығар, бәлкім, кім білсін.

Аяқталмаған әңгіме демекші, Оралхан ағама қатысты естелікте айтылған жайдың Қал-ағаңа қатысты қырына көшейін. Жазушы Тұрдыбек Алшынбаевтің үйіне қайынағасы, Аякөзде тұратын ақын Ерғазы Рахимов бірінші мамыр күні Қалихан, Қажытай, Оралхан үшеуін қонаққа шақырттырды. Ерағаң әдеттегідей малтүгелдігіне басып, поезд ауыстырып айтқан уақытынан он екі сағат кешігіп келді, яғни, қонақ бар, қонақ иесінің өзі жоқ. Міне, осы кезде Қал-ағаңның әңгімесі басталды. Он екі сағат бойы тек қана Алтайдың қайыңы туралы сөз қозғады. Қайыңның түрі, бүрі, бұтағы, бүршігі, қабығы, тозы, тозының астары; қайыңның шырыны, шырынның дәмі, қайың шырынынан ашытылатын балсыраның (медуханың – !) дәмі, оны жасаудың жолдары; қайыңның тамыры, қайыңның жасы, қайыңның безі, одан жасалатын шоқпардың түрі; үй салатын, арбаның шеңбері мен шертпекке жарамды, жиһазға, шаңыраққа керекті қайыңның; монша мен үйдің пешіне жағатын қайыңның; ең аяғы ұршықтың басына пайдаланатын қайыңның түрі сараланып, енді, сол қайыңдардың түрі, бірінші – жапырағы арқылы ажыратылатынын, өйткені жапырағының өзі жазда былай, күзде алай болатынын, екінші діңінен айырылатынын, діңіне құрт түскен қайыңның қасиеті мен кемшілігі анадай

да мынадай деп, соның бәрін түгендеп боп, қайыңнан жасалатын астау мен ожауға көшкенде...

Ерғазы ағамыздың да үйге кіріп келгені. Таңертеңгі сағат оннан кешкі сағат онға дейін қайыңның әңгімесін айтып тауыса алмай, бір қойдың басын мүжіп болған Қал-ағаң екінші қойға бата жасағанда ғана әңгімеге досы келіп, көңілі көншіген жиені Оралхан араласты. Шындығын айтайын, ешкім жалыққан жоқ, Орағаң араласқанда ғана мұндағы отырғандарда да тіл бар екенін аңғарғандай болдық. Сонда бұл шешендік пе, білім бе, түйсік пе? Қалай десең де туабітті қасиет екені анық. Ал өз басым, Қатонқарағайға барғанда құшағым жетпейтін қайыңдарды көріп барып Қал-ағаңның әңгімесіне иланғаным есімде.

Мен Қал-ағаңның сценарийлері мен пьесаларының қаншалықты сахналық құдіреті бар екенін, соларға жұмсалған есіл уақыт ақталды ма, жоқ па, білмеймін. «Көксерек» пен «Қараш-Қараш оқиғасы» туралы фильмнің сәтті шыққаны анық. Алайда ең алымды да қарымды отыз бен қырықтың жуан ортасына дейінгі ғұмырын алған сол туындылар Қал-ағаңды прозадан алыстатқанын өкінішпен еске аламын. «Бұқтырманьң сарыны» мен «Тұйық» романына дейінгі аралықтағы он жыл, шағармашылық иесі үшін қасиетті он жыл еді. Бұл екі шығарма жазушының сөзсіз алуға тиісті және емін еркін алған белестері. Алайда оны жазған «Қоңыр күз еді» хикаятындағы жазушы Қалихан Ысқақов емес еді. Мүлдем басқа қолтанба, басқа тақырып, басқа жазу мәнері, басқа аңсар, басқа ырғақ, басқа уақытпен бейнеленген кеңістік еді. Тек барынша ашық та ащы дәмін тұщытқан тотияйындай тіл кестесі ғана бұрынғы Қалиханды еске салатын. «Ақсу – жер жаннаты» осы екі шығармалардың өзге желімен өрілген қорытынды туындысы болатын.

Оқиға қуып оқитын қарапайым оқырман үшін Қал-ағаңның шығармалары қаншалықты қызықты тартымды әсер ететінін білмеймін, ал қолына қалам ұстаған кез келген сөз иесі үшін көркем ойдың үлгісі ретінде міндетті түрде оқуға тиісті туындылар екені кәміл. Әйтпесе, драма мен сценарий жазған адам үшін оқиғаның желісін ширықтырып беру пәлендей қиындыққа түспейтін. Қалихан Ысқақовтың шығармалары талғамы тұщымды, ойы ұшталған, жазушылықтың түйсік бояуына қанық адам үшін қашан

да таңғажайып дүние болып қала береді. Біз сабақтап, сараламаған көркемдік қатпарларды келешектегі көзі қаракты әдебиет сыншысы аңғаратыны әрі ашатыны да кәміл. Өзінің естеліктерімен таңғалдырған Қал-ағаң болашақтың да оқырмандарын баурап алатынына еш күмәнім жоқ. Қалихан Ысқақов сияқты көркем ой мен қайырымның қормалы ілуде біреу ғана туады.

Соншама қарабайырлыққа жақын қарапайым Қал-ағаңның тіршілігінен авангардтық мінездің бұтағы көрініп тұратын. Ақадал жеңешем де нағыз «авангард жеңеше» болатын. Дидахмет екеуміз көңіл айта барғанда: «Мен де ұзамаймын. Екі-үш айлық күнім қалды. Мына қызымды қолдарыңнан ұзатындар!» – деген әулие Дәметкен жеңешемнің сондағы жарықшақ дауысы әлі құлағымда.

Қайран, қайырымның құты қонған қормалдарым!.. Қай мінездеріңізді айтып бітіргендей едік. Сіздердің көзаяларыңызда болғанның өзін үлкен медет тұтып, күйініп барып сүйініп өмір сүреміз де, қайтеміз.

8 наурыз, 2015 жыл.

ӘДІЛЕТ АЛҒАУЫ

(Бекежан Тілегенов)

Алғаулы сөзді естуді ұнататын, сөз бәйгесі барысында алдына жан салғысы келмейтін, өзінің әріптестері туралы сирек жазатын қазақтың марқасқа шамкөс жазушысы Мұхтар Мағауин өзге түгілі өзіне де орнын тауып, орайы келгенде ғана байқап пайдаланатын «болашақ классик жазушы» деген тенеуді Бекежан Тілегеновке қарата тәуекелшіл батыл мінезімен, барынша жомарт сеніммен, еш қаперсіз қолданыпты. Шындығын айтқанда, Бекеңе – Бекежан Исағалиұлы Тілегеновтің шығармашылығына мұндай пікірді бұрынды-соңды ешкім айтып көрмеген.

Алғашқы қолжазбаларын оқуға берген сәтінде сөз ретіне орай мұндай әділ пікірді біздің де айтқымыз келген. Бірақ жүрегі құрғыр дауаламапты. Мүмкін, өзінің сыртқы тұрқын, шын қасиетін бойына жасырып жүретін қас жүйрік сияқты осынау бір әрі кішіпейіл, әрі сырбаз, Абайдың

аудармасындағы Онегинге берілген мінездемедегі «Жасынан түсін билеп сыр бермеген, ренжісе, күлсе де білдірмеген» адал жанның жандүниесіне өзімізді тым етене сезінгендіктен де, сәл көтеріңкі сөзді бойына тоғытқысы келмейтін әдептілігін білгендіктен де әдеп сақтағансығандығымыздан да шығар. Әйтеуір осы күнге дейін жұмған ауызымыз ашылмапты. Ендігіміз Бекең үшін емес, Мұхтар дегдардың:

«Міне, қайтыс болғанына аттай алты жыл өтті, жаңағы «Қара жел», «Сексен алтыншы жылдың» жарыққа шыққанына бір мүшел болды, Бекежан Тілегенов деген, шын классик жазушы әліге дейін тым құрыса әріптестері тарабынан өзіне тиесілі бағасын ала алмай отыр. Ол біздің қазіргі әдеби ахуалдың жақсылығын көрсетпейді. Мұндайда бір адам айтумен бітпейді. Баяғыда Стендаль, француздың ұлы жазушысы Стендаль дүние салған кезде табытының соңында үш-ақ адам болыпты. Біреуі – немере бауыры, тағы біреуі – жаназа шығарушы священник және бір кісі. Ғұмыр бойы мүлдем белгісіз күйінде өткен ғой. Ешкім жазушы деп санамаған. Міне, сол кезде, тірі кезінде Стендальді жер әлемде үш-ақ адам бағалаған екен. Францияда – Бальзак, Германияда – Гете, Россияда – Пушкин. Деректі, нақты мағлұмат осындай. Гете де, Пушкин де таңырқап, сүйсініп айтқан төңірегіне. Ал, Бальзак, тіпті, арнайы мақала жазған. «Стендаль – өте үлкен жазушы» деп. Бірақ ешкім сенбеген, ешкім тыңдамаған. Сол Стендаль арада отыз, қырық, елу жыл өткен соң ғана жалпыға танылды. Қаламгердің бағасын білу үшін өлгеннен соң елу жыл өтуі шарт емес, ол заман – бөлек заман. Қазір ақпарат алмасу – өлшеусіз тездеген. Бекежан Тілегенов дейтін жазушының өткен ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихынан өзіне тиесілі орынын алуы – мына біз, азғантай қаламгер қауым емес, жалпақ жұрт, бүгінгі ұрпақ үшін қажет. Үлкен әдебиеттің өмірлік тәжірибесі, өсу, өркендеу бағдары үшін қажет. Осыны ұғынуымыз керек» – деп айтқан көркем ойдың бір саңлауын толтыру ниеті ғана.

Әдеткі машығымызға орай, творчество психологиясына қатысты арғы-бергі заманда айтылған ой ұшқындарын қағыстыра жүргенде аңғарғанымыз, бір шығармашылық иесінің екінші бір шығармашылық иесі туралы дәл осындай иін қандыра пікір білдіруі некен-саяқ құбылыс. Ал Мұхтар Мағауиннің қаламына шыққан «Зұлымдық шежіресі» мен

«Мерекелік кеште сөйлеген сөзі» жалпы жазушы атаулының жазушы туралы білдірген пікірлерінің ішіндегі ең адал әрі шынайы, сирек қайырылатын қормалды қайырым. Мағжан Жұмабаевтің «Ақан сері», Жүсіпбек Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы», Даниал Ысқақовтың «Қорғансыздар» атты мақаласының үрдісіндегі қазақ сыни ойлау жүйесіндегі сирек шығармашылық портреттің бірі.

Одан бері де, яғни, Бекежан Тілегенов дүниеден өткелі де ширек ғасыр өтті. Мұхтар Мағауиннің аңсарлы межесінің толуына да діттеген уақыт қалыпты. Жаңа қазақ әдебиетінің бетұрысты кезеңінің басы деп бағаланған «Қара жел» де, «Сексен алтыншы жыл» да, «Тұйық өмірдің құпиясы» да, Стендальдің шығармаларын кітапхананың шаң басқан сөресінен тауып алған құпия әрі кездейсоқ оқырманы сияқты бір көзі қарақты оқырманын әлі күтіп жатыр. Тіпті, Бекеңнің сексен жасқа толу мүшелтойы да аталмады. Тумысынан талантты етіп жаратқан туған жері де, бар саналы ғұмырын сарып еткен, «Жұлдыз» журналын дүниежүзіндегі ең мол әдеби басылым деңгейіне жеткізген Жазушылар одағы да ескермеді, ұмыт қалдырды. Соған мүдделі де болмады. Тек Қалихан Ысқақов, Мұхтар Мағауин және біз қатарлы екі-үш жазушы ғана:

«Әттең, дүние-ай, есілердің маңдай тері текке төгілгендей көрінді. Бұған талант құдіретінің әлсіздігі емес, сол талант тумысына біткен тектіні тануға өреміз жетпеді. Ескерусіз қалуға тиісті емес тұлғаның ескерусіз қалғаны қалай. Сонда, бар асылын ішінде ұстайтын азаматтың жан дүниесін ешкім түсінуге тырыспағаны ма? Әлде, бұған тіршіліктегі тұйық та тұңғыық, жұмбағы терең мінезі себепші болды ма екен. Даудамайдан тыс атақ-абыройдың жалын ұстап жүрсе (ал ол қолында болды ғой) бұлай шыңырауға шым батып кетпес пе еді» – дестік. Қал-ағаң қолға аламын деп жүрген кезінде өзі де келместің сапарына аттанып кете барды. Біздің сөзімізді қаперіне ілетін қадарым қатарлы дәбір болмады.

Біздің ойымызша, мұның басты себебі, жеке жазушыға ғана емес, жалпы суреткер әулетіне қатысты қалыптасқан алғашқы жасаң пікірдің қасанданып қалатынында болса керек. Бұл өзі – таланттың танылуы, тақырыбын табуы, мойындалуы деген – аса шетін мәселе. Ондай тұйыққа тіреліп, тумысынан біткен талантын тәрк еткен суреткерлер

қаншама. Ақынға – алғау, жазушыға – төзімді өмір қажет – деген тәмсіл содан қалса керек. Бекең де – Бекежан Тілегенов те өзінің сондай шағымды шабытты сәтін күтті және ол күнге жетті. Тумысынан өнер дертіне шалдыққан суреткер атаулының, соның ішінде жазушы Бекежан Тілегеновтің шығармашылық жолындағы тұйыққа бет алған жолдың кілт бұрылып асуға беттеуінің сырын Мұхтар Мағауин атаулы тіл үйірілер сүйсіністі толғамындағы:

«Біз ХХ ғасырдың соңғы он жылдығы – қазақ елі тәуелсіздікке бет бұрған бұлағай замандағы қазақ әдебиетінің үздік табысы саналуға тиіс деп үш кітап: естелік тұрғысындағы «Тұйық өмірдің құпиясы» (Алматы, Дәуір, 1992) және «Қара жел» («Жұлдыз, 1990, №3-4»), «Сексен алтыншы жыл» («Жұлдыз», 1994, №7-9) романдары туралы айтып отырмыз. Сөз басына қайырылып оралсақ, егер Бекежан Тілегенов 1969 жылы коммунистік номенклатураға еніп, Орталық комитетке жұмысқа тұрмаса, аталмыш кітаптар да жазылмай қалар еді. Рас, қаламға машыққан адам жазбай тұрмайды, Бекежанның да пәленбай, түгенбай деген шығармалары дүниеге келері хақ, бірақ, олардың бәрі... басқа бірдене болып шығатын еді. Асса, тәуірлеу ғана. Өйткені, осы аталмыш кітаптарға дейін Бекежан, тақырыбын таппаған деу аз, көркемдік бағдары айқындалмаған, ал идеялық мұраты – теріс, жаңсақ демейік, – бұлдыр, немесе мүлдем жоқ, дүниеге көзқарасы өте шектеулі, қатардағы көптің бірі болатын. Әдеби ортада шамалы ғана жазушы саналды. Шындығында, қазақ совет әдебиетінің ортақ деңгейінен төмен емес-ті, ал кейбір хикаят, әңгімелеріне, үлкен кітабындағы жекелеген үзіктерге қарағанда, оза шабар мүмкіндігі де байқалатын, оны ешбір сыншымыз танымады, танығанның өзінде әдебиетіміздің өрісі кеңеймес еді, Бекежан Тілегенов деген жазушы сол қойторы, көнбіс, елеусіз қалпында өмірін түгесер еді. Бекжанның дүниеге көзін ашқан – Орталық комитеттің қызметі, ал жазушы ретінде көтерген – ұлттық тәуелсіздік. Азаттықтың әуелгі жемісі үлкен әдебиетте көрінді. Мұның айқын мысалы – Бекежан Тілегенов шығармашылығы болды дер едік» – деген пікірмен сабақтапты.

Бұл пікірдің астарында шындық та бар, сонымен қатар шымбайлық та бар. Өйткені, Бекежан Тілегенов «1969 жылы шілде айында Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық

комитетінің жаңа ашылған мәдениет бөліміне қызметке ауысқанға» дейін де кеңестік қысым мен ол тудырған қасіретті басынан кешіп, көңіліне түйген болатын. Қазақ ұлтының үштен бірін жалмаған ашаршылықтың зардабын тартқан әке-шеше ішкері ауып, тоқшылықтан қолын үзбеген орыс поселкасына қоныс аударды. Сол бір қияметті күндер мен аштан өлген ағайын-туыс, аға бауырдың өтеуіндей болып, Исағалиұлы Бекежан 1934 жылы 10 наурызда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей) Жарма ауданындағы Георгиевка (қазір Қалбатау) селосында қызметкер отбасында дүниеге келді.

Аталы, ізетті, көргенді ата-ананың бауырында өскенімен, аралас ұлттардың, оның ішінде қоңсысы сіңіп қалған кірмелердің басым ортасында тәрбиеленіп-жетілу дегеннің жапасы мен қорлығын, әділетсіздігі мен басынудың зардабы мен дығын балалық шағы сондай кісіркенулер мен кісімсулердің арасында өткен бастаңғылар ғана біледі. Ол ортада өмір сүру үшін әдепті-тәрбиелі, оқу озаты-үлгілі, әділетті-адал болу жеткіліксіз, ондай биязылықтың өзі көзге түртудің сылтауы болып табылады. Аралас поселкада терезең тең боп жетілу үшін күшің де, тісің де батымды, мысыңды бастырмайтындай мінездің иесі болу қажет.

Сондай қияметті қияңқылардың ортасында иығы шығыңқы өскен, өгейсу мен өзімсірудің арасындағы тайталас пен тартысты көріп, түңіліп-түлеп жетілген Бекежан Исағалиұлының кейінгі саналы өмірінде сабасына түскен сабаз қалпында өмір сүруі табиғи. Өйткені, ол бас асауы басылмаған «мінезділерді» бала кезінде орынына қойып, өзінің бас асауын санамен сабырлы мінезге айналдыра білген азамат. Тыңға келген қияңқылармен болған вагон ішіндегі қақтығыста он жігітке дес бермеген «қияпатын» сабақтасы Қалихан Ысқақов ағамыз жыр етіп айтудан жалықпай-ақ өтті. Ал шамырқанған сирек бір бұлқынысында, шығармашылығын былай қойғанда, өзін басынғысы келген кереуыз әріптестерін он минуттың ішінде қойдан жуас, бетегеден аласа еткен атырынуын көзіміз көрді. Асаумын деп жүрген олар бұдан кейін Бекеңнің жанынан өткенде құлағын қайшылаудан әріге дәрмені жетпейтін.

Міне, бала, бозбала Бекежанды шынықтырған сол аралас мектепті 1952 жылы үздік бітірді. Еш неғылайынсыз

Алматыдағы С.М.Киров атындағы (қазіргі Әл-Фараби) Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсті. Әрине, Қалағаң – Қалихан Ысқақов екеуі күрес сексиясында қатар жаттықты. Қазақстанның құрамасына ілінер ме еді, кім білсін, Алматы қаласының атынан белдесіп жүрген кезінде, яғни, үшінші курстың қысында университеттің мұз айдынында еркелей сырғанаған бір періште қасынан зу етіп өте шықпаса. Айдынның бетіне шаңғысымен өрнек салған құлын мүшелі ерке аруды көрген бетте бозбала Бекежан көзін ала алмайды, арбалып қалады. Ақыры, өзі де мұз айдынында асықтай үйірілетін бұйра шашты, шымыр денелі, кез-келген қаракөзді қарататындай өжет мінезге ие бозбала Бекежан әлгі арудың соңынан ілесе қатарласады, ұршықтай иіріліп алдын орайды. Қаланың да, бір үйдегі баланың да еркесі, бұла өскен Сафура қыздың да көз қиығына бұйра шашты жас бозбала ілініп жүрсе керек, енді екеуі жұптаса, қол ұстаса мұз айдынының бетіне махаббат оюын салады.

Екі ғашықтың сол ұстасқан саусақтары жазылмады, қатарын жазбай жұптасып шын мағынасындағы бақытты өмір кешті. Сырын ашқан бір сәтінде: «Содан бастап мен дүниеден басқа жұбаныш іздегемін жоқ. Әдебіне – әдеппен, махаббатына – махаббатпен, адамгершілігіне – адамгершілікпен жауап беруді өзіме серт еттім. Сафура да көңіліме қылау түсірген жоқ. Шешемді ауылдан алдырып, аялап ұстады, ақырғы сапарға да өзі аттандырды. Ата-енем екеумізді тең мәпеледі. Мен бар сырымды ішімде ұстап, кісінің көңіліне қаяу түсірмеуді үйрендім. Әйтпесе, мінездің неше түрлі құйынды бұрқасынын көрсетуге болатын еді. Ал шығармашылықтың қызығына енді түстім. Бұл менің Сафурамен танысқаннан кейінгі екінші рақатты азабым болды. Бұрын қаламды ақылға жеңдіруге тырысатынымын. Қазір сезімге ерік бердім. Өзім көрген полигонның қасірет көшін «Қара желге» арқау еткенім сол. Ал «Алыста қырғын соғыс бар» атты хикаят менің алғашқы қаламалды туындым болуы керек еді. Ара ағайынның басынан кешкен жайт. Соларға зияны тимесін, қузауға ұшырамасын деп кейінге ысырып келгемін. Енді тосылмаймын. Сафура да шайын демдеп, қолпаштап-қоштап отыр. Ол мен үшін үлкен демеу. Ал сен ашық пікірді айтып отыр», – дегені бар еді.

Бекең дүниеден озған соң да Сафура жеңешеміз сүйікті жарын қас-қағым сәтке санасынан шығарған емес. Қазір де Бекеңнің әр бейнесін жадында жаңғыртып, жанында отырғандай сезінеді. Оған біз куәміз. Ал сол бір бақытты күндері мен жылдарында, яғни, 1957-1965 жылдар аралығында республикалық «Лениншіл Жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшының орынбасары болып істеді. 1965 жылы мемлекеттік жұмысқа ауысып, Алматы қалалық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің нұсқаушысы қызметін атқарды. 1968-1969 жылдары Қазақстан Ғылым Академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері болып істеп, әдебиеттану мен сын жанрында белсене еңбек етті. Филология ғылымы бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

Міне, содан кейін барып қана: «Жеке бір адамның ғұмырбаянына ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінің жаңа дәуірі – бетбұрыс кезеңіне қатысты, аса мәнді дерек», «сол кездегі тежеусіз билік тұтқасы Қазақстан Компартиясының Орталық комитетіне, яғни, ЦК-ға қызметке алынды». 1969-1971 жылдары Қазақстан ОК-нің мәдениет бөлімінің нұсқаушысы, Әдебиет секторының меңгерушісі (1971-1975) болды.

«Рас, бұл жерде Бекежаннан бұрын да, кейін де талай әйдік қаламгер қызмет атқарған. Бірақ солардың ешқайсысы да, міне, Совет өкіметі, Компартия құлағалы тоғыз жыл болды, өздері жұмыс істеген мекеме, советтік басқару жүйесі, партиялық өктемдік тұрасында сыр ашпаған, ештеңе айтпаған қалпында келеді. Енді айтқанымен мәні жоқ, ашқанмен қызығы жоқ. Жүйесін тауып, жеріне жеткізсе мәні болар, қызығы да болар, әлемдік тақырып ешқашан тозбайды, жүз жылдан соң жазылса да маңызын жоймайды, бірақ бұл тарапта қазақта алғаш қалам тартқан – Бекежан. Өлбетте, алғашқының бәрі абыройға бастай бермейді. Жай ғана бірінші емес, бірегей болуға тиіс. Бекежанның осы орайдағы шығармалары бұл шартқа толығымен жауап береді» – деп М.Мағауин түйіп айтқандай, Бекеңнің – Бекжан Тілегеновтің сол шығармаларының жазылғанына қазір ширек ғасыр өтті және бұл пікірдің білдірілгеніне де ындым уақыт болды, бірақ жазушы Бекежанның шығармаларының орнын толтырған туынды дүниеге әлі келген жоқ. Енді келуі де

неғайбыл. Өйткені, тұйық та құпия өмірдің жауынгерлерінің дені өмір көшінен өтіп кетті.

Бұдан кейін, Бекең – Бекежан Тілегенов 1975-1988 жылдары аралығында, он үш жыл бойы қатарынан «Жұлдыз» журналының Бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы болды. Міне, бұл өмір – бізге етене таныс. Бұл жиырма жыл жалпы Бекеңнің ғана емес, сол жылдары «Жұлдыз» журналында қызмет еткендердің де, оның ішінде қолтығының астында қамқорлығын көріп өскен менің де «жұлдызды жылдарым» болды. Ол туралы өзінің «Әдебиет – менің өмірім», «Жұлдыздың» жұлдыздары» атты эссесінде сондай бір ғанибеттік жылылықпен еске алды. Сол бір кезең – «Жұлдыздың» жұлдыздары» десе – дегендей, жанартаулы жылдыр, алғаусыз айлар, қимас күндер еді. Ақындықтың да, ақындық мінездің де ақ та нақ перені Ғафекең – Ғафу ақын Қайырбеков, нағыздың нағызы Ахаң – Ахат Жақсыбаев, қазақ әдебиетінің кербұғысы Ораған – Оралхан Бөкей, маршалдай маңғаз Маршал Әбдіхалықов, «отқа қойған қызыл құмғандай» қормал Кәріаған – Кәрібай Ахметбеков, түнде роман жазып, күндіз поэзия мен публицистиканы оқитын Софыекең – Софы Сматаев, «су туралы су романды» шайқап кілегей шығарған Қажекең – Қажығали Мұханбетқалиев, бетінің қызылы оңбайтын, қойдан жуас қияңқы Сайымжан Еркебаев, парасат пен пайымы тең, ақыл айтудан жалықпайтын Сағат Әшімбаев, жаратылысы жайсаң, мінезі тура биге тартқан, бір күнде қызметтен үш рет шығарылып, үш рет қайта алынатын Жарасқан Әбдірәшев, «сүйгені үшін күйіп» кетіп жүретін, Ғафекеңнің көкбауыры – Шөмішбай Сариев, «әрі тентек, әрі данышпан» – Рафаэль Ниязбеков, біресе – жүрегін, біресе – жұдырығын ала жүгіретін Баянғали Әлімжанов, «ойдың тереңінен бой тартқан» Тұрсынжан Шапай қай ортаның да ажарын ашатын жайсаңдар мен қасқалар, марқасқалар еді.

Тумысы мен бітімі, мінезі мен жүрісі, таланты мен талғамы, ортасы мен ортағы, жасы мен жан жасыны бір-біріне мүлде қарамақайшы адуынды талант иелерінің басын «бір қазанда» ұстау үшін де мыс, көңілге қаяу салмайтын әділ қаталдық пен ағажайлық керек керек еді. Ал мұндай мінезге Бекең – Бекежан Исағалиұлы бай әрі кең болатын. Адамның адамгершілік сезімін бәрінен жоғары қоятын. Сенген адамын

сыйлай да білетін, қазақша тіркеспен айтқанда, танығанынан көз жазбайтын. Біреудің мұңына мұңын қоса білетін. Ол кісіні мүлдем танымайтын кезімде, жалғыз қарындасым мезгілсіз солғанда Сайын Мұратбеков, Асқар Егеубаев үшеуінің қаланың сыртындағы пәтерге көңіл айтып келгенін ұмытпаймын. Ал «Бесқарагер» атты хикаятымды журналға жарияларда Мұхтар Әуезовтің жастық кешуінен елес беретін бір тарауын алып тастады. Мұнда тұрған ешқандай саяси да, өмірбаяндық та өрескелдік жоқ екенін Оралхан аға екеуміз дәлелдеуге тырысқанымызда: Мен одан қауіптеніп тұрғамын жоқ. Ләйлә Мұхтарқызы бір аяулы адам, соның көңіліне шіркеу түсіріп аламын ба деп тұрмын. Мұны менің ағалық өтінішім деп есептеңдер – дегені есімде. Міне, Бекеннің жаны әркімнің көңіліне шіркеу түсіргісі келмейтін осындай нәзік әрі таза еді.

Қаламға келгенде соншама сақ болғанымен де, тіршіліктегі етекбасты алып-қашпаға мән бермейтін. Бекеннің бұл мінезі өзіне қарата желеусіз жалаң сөзді именбей айтуға себеп те болды ма деп ойлаймын. Өзі «ақылымен жеңіп» қалыптанған, сырттай қарағанда біртоға көрінетін бұл мінезін ара ағайын болмаса, араласпаған адамдар түсіне бермейтін, өкінішке орай, қазір де сол пікірін ұстап қалған қаламгерлер бар. Қандай әділетсіз сөзді естісе де: Айта берсін – дейтінмен тынатын. Өзінің бір адам туралы қалыптасқан пікірін еш өзгертпейтін. Жазушылардың арасы сөз баққан орта болса да, көлденең сөзге назар аудармайтын. Тіпті біреулердің өрескел мінезін көрсе де кеңдікпен, кешіріммен қарайтын. Жауапқа тартатындай, сен кімсің, мұның не дейтіндей құзырлы билік қолында тұрса да, ешкімнің бетіне шіркеу түсірмеді.

Сексен алтыншы жылғы оқиғадан соң Олжасқа жабылған жалалар мен қузаулар Бекенді де айналып өтпеді. Тіпті басынғысы келгендер де болды. Соның кейбірі өзі сенген адамдары еді. Жазушылар одағының хатшысы, екі жүз жиырма мың таралымы бар журналдың бас редакторының қашан жұмысқа келіп, қашан жұмыстан кеткенін қадағалау, сөз теру секілді орталық комитетке жараспайтын, жазушылар одағына жат және өрескел сұғанақтық танытқан шақтар да болды. Сондай сұғанақтардың сыпсыңымен орталық комитеттен түскен нұсқауға байланысты, терімде жатқан

Берқайыр Аманшиннің – Махамбет, Хасен Әдібаевтің – Отырар туралы романдарындағы ру, хан, орыс, болыс, ұлт, қазақ, ішімдік деген сөздерді бүкіл редакция болып бір ай жабылып күні-түні оқып, әбігерге түскеніміз әлі есімде. Соңғы жылдары шығарманы қолжазба күйінде емес, терімге кеткен соң қарайтын мұндай парықсыз жайлар жиілеп кетті. Жігіттердің барлығы ысылған қаламгер болғандықтан да, Бекеңе еш сөз келтірмеді. Сонда да жарияланған мақалалардың ішінде алынып тасталған бірен-саран оқиғалар кездесті. Ал бұл дегеніңіз редакция үшін қосымша шығын еді. Мұның түбірін Бекең жақсы білді, өзінің сенген адамдарының солқылдақтық танытқаны жанына қатты батты. Сонда да тіс жарып ләм демеді. Сол қолына ұстаған қаламын қағазға батыра басып, қолжазбаларды оқып отыра беретін. Шешесі марқұм дүниеден озғаннан кейінгі қатты бір қобалжыған тұсы осы болды.

Жалпы, өмірде осындай кеңқолтық Бекең қолжазбаға келгенде сондай сақ, қырағы, бірбеткейлік танытқанымен де, адамға, әсіресе, жазушы-ақындарға сондай бір жомарт, кешірімшіл кеңдікпен қарайтын. Жазушы атаулының еркіндікті сүйегіні, еркін жүріп, еркін сөйлейтіні белгілі. Жазушылар одағының ішінде олар өздерін тіпті еркін, бейсауат, шамкөстікпен ұстайтын. Сондай қағытпаларға «Жұлдыздың» жұлдыздары да ілікпей жүрмейтін. Бекең соның бір де бірін байқамайды емес, байқамағанын. Кейде, өрісімізді тым кеңге салып жүрген кезде шақыра қалатыны бар. Именіп, сыртқа бой тарта береміз. Тек Жарасқан ғана: Бекең иіс аңғармайды. Тәлтіректеп тұрмасаң болды. Кіре бер – деп қаймықпай кіре беретін. Жылдар өткенде осы жайды оңашада айтқанымда, күліп қойып:

– Неге білмейін, білемін. Жазушы болған соң ондай мінезсіз өмір сүру де қиын. Қаламгерге еркіндік жарасады. Мысалы, сенің он күн Керекуге кетіп қалғаныңды, Оралхан мен Ахат қанша жасырса да, білдім, бірақ білмегенсің. Өмір болған соң ондай-ондай болып тұрады. Жұмысты тиянақты орындаса – жазушыға одан артық қандай талап қоюға болады. Мен демалыста жүргенде Ғафекеңнің бір күнде Жарасқанды қызметтен үш рет шығарып, үш рет қайта қабылдағанын да білемін, күлдім де қойдым. Ақындар сөйтіп өзара найзағайласа шарпысып алмаса, зерігіп қалуы

да мүмкін. Одақтың қызығы сол емес пе. Сенің ғана үстіңнен емес, барлығыңның үстіңнен қаншама арыз түсті, Орталық комитет маған қызметтен шығару туралы да құлаққағыс та етті. Мен оларға: Әр жазушының пікір және шығармашылық еркі бар. Мен олар дайындап берген қолжазбалардың сапасына ғана жауап беремін. Жеке жазушылық өмірлеріне араласуға құқым жүрмейді. Шығармашылығын талқылайтын – әдеби секциялар, жеке басын қарайтын Жазушылар одағы бар – деп жауап беремін. Бұрын орталық комитетте істеп, ондағылар араласатын істің аясын білгендіктен де, олар мені тереңдеп қаузамайтын. Жалпы, жігіттерге ризамын – дегені бар.

Сонда ғана барып, өзгелер үшін де, өзім үшін де қымсындым. Орынды қымсыну, орынды уәж еді. Осыны кейін жігіттерге айтқанымда, таңырқап, әр қайсысы өзінің басынан кешкен жасырын хикаяларын айтып: шынында да ұят болған екен, біз ғой, Бекеңнің білмей қалғаны қандай жақсы болды – деп мәз болып жүретінбіз. Сонда қандай еркін өмір сүргенбіз – десті. Үлгілі тәмсіл емес, сағыныштан, жаны жомарттың кеңдігіне сүйініштен туған алғау сезімі бұл.

Ол тұста одақтағы кез-келген лауазым иесі мен баспасөз басшысы туралы әдеби пікірлер жарияланбайтын, ол партиялық этикаға жат деп есептелетін. Марқұм Оралхан: – Шығармамызға пікір есту үшін «Жұлдыздан» кетуіміз керек пе? Баспаға барсақ – баспада істейді деп кітабімізге шектеу қояды, әдеби басылымда істесек, шығармамыз туралы жазылған пікірді шығармайды. Сонда біз қайда барып қызмет істеуіміз керек – деп кәдімгідей уәж білдіретін. Сол себептен де он жылдан астам бойы партия қызметінде, он үш жылдан астам «Жұлдыз» журналының бас редакторы болып істеген Бекежан Тілегеновтің шығармалары қақында баспасөз бетінде жиырма жылдай ешқандай пікір білдірілген емес. Өйтпесе, Мұхтар Мағауин айтқандай, оның алғашқы туындыларының өзі «өзгелерден оза шабатын» мүмкіндікпен жазылған еді. Тек біздің «Уақыт» дилогиясы туралы рецензиямыздың кезінде «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған бар. Сондықтан да, реті келіп тұрғанда, сол бір олқылықтардың орынын толтыру үшін Бекежан Тілегеновтың шығармашылық жолынан хабардар ете кеткеннің еш артықтығы жоқ шығар деп ойлаймын.

«Болашақ классик жазушы» (М.Мағауин) Бекежан Тілегеновтың шығармашылық жолы 1959 жылдан басталды. Оның әңгімелері мен хикаяттары сол тұстағы мерзімдік баспасөзде үздіксіз жарияланып тұрды. «Таң нұры» атты алғашқы жинағы 1966 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрді. Ауыл өмірінің елуінші жылдардағы қарама қайшылық пен психологиялық тартысқа толы тіршілігін шынайы суреттеген «Көктем де ызғарлы» және «Жанама жағасында» атты повестері Бекежан Тілегеновтың болашақтағы шығармашылық жолының бағыт-бағдарын анықтап берді. Бұл туындылар жазушының эпикалық романдарының тақырыптық негізін қалады. Тамырлас тақырыпты суреттей отырып, қаламгер өз туындыларында қазақ халқының сан қилы тағдыр талқысына түскен кезеңдеріндегі психологиялық толғаныстар мен жандүние иірімдерін шынайылықпен бейнеледі.

Жазушының кезенді әрі кең тынысты шығармасының бірі «Уақыт» және «Аққайнар» дилогиясы болып табылады. Қаламы ұшталып, кемеліне келген тұсында жазылған «Уақыт» романы Б.Тілегеновтың алымды суреткер екенін танытты. Екі кітаптан тұратын бұл шығармада автор өзінің алғашқы шығармаларындағы кейіпкерлерінің тарихи өмірбаяны мен тағдырлы тұлғасының түп тамырына үңілді. Түрлі көзқарастар мен таным қайшылығына тап болған жандардың элеуметтік-психологиялық тебіреністері мен реніштерін, өз арасындағы тартыстың себептерін астарлы емеуірінмен жеткізе отырып, олардың тағдырына таңба салған заман мен уақыттың өктемдігін, әділетсіздігін жан-жақты ашты. Кейіпкерлердің мінез қақтығыстары арқылы адамды рухани бостандығы мен бас еркінен айыруға мәжбүр еткен қоғамның езгісін кішкентай кейіпкерлердің қарым-қатынасы арқылы шебер суреттеді.

«Уақыт» пен «Аққайнардың» оқиғасымен тікелей өзектесіп, кейіпкерлер бейнесі толығып, сомдала түскен. Бұл қаламгердің үлкен мақсатын, іргелі ізденісін танытады. Кешегі мен бүгінгі күннің оқиғасын, ұрпақтардың өзгерген көзқарасын, өркендеген өңір мен өмірді сабақтастыра суреттеуді мұрат тұтқан.

Қаһарманның сана-сезімін, жан дүниесін, іс-қимылын көркем тілмен баяндай отырып, шындықтың шымылдығын

ашып, оқырманды толғандырады. Осы тұрғыдан алып қарағанда Бекежан Тілегеновтың «Аққайнар» романы психологиялық толғанысқа желі тартқан, іштей саралауға (внутренней анализ) құрылған әлеуметтік астары мол шығарма.

Оқиғаның өзегіне лирикалық шегіністер мен тебіреністер өзектесе өріліп, өмір сүрудің мәнін тіршіліктегі көріністер арқылы тұжырымдап, толғанады. Бастапқыда стихиялы түрде туындаған Сәлмен мен Жұмабектің наразылығы жан ашуына ұласып, қақтығысқа жетелейді. Сан рет сағы сынып барып, қателесе жүріп әділдіктің шұғыласына қол созған, жеке басының қайшылығы көп, екі адамның арасындағы кекті қуамын деп жүріп, таптық күрескер дәрежесіне көтерілген кейіпкер – Сәлмен. Оның мінез-құлқы, іс-әрекеті эволюциялық жолмен өсе отырып, рухани түлейді. Дүниедегі пысықтыққа, әділетсіздікке жаны қарсы, әлсізді басынғандардың озбырлығына мойынсынғысы келмейді. Кектенген жауының жағасынан алатын өр мінез, әрі аңғал. Оның осы мінезін Омар сияқты зымиян, дүниеқоңыз, айлакерлер иінін тауып пайдаланып, Сәлменнің қолымен от көсеп, ел арасына іріткі салады. Ердәліде кеткен есесін қайыру ниетімен барымта мен қарымтаның қырсығына шырмалып, ақыры Омардың құрған тұзағына түседі. Абақтыға айдалады.

Осы арада автор өз кейіпкерінің эволюциясының танымдық түсінігін кеңейте отырып, қанға сіңген әдет пен ұлттық психологияның ықпалын да ашады. Қаншама азапты басынан өткізсе де Сәлменнің ауылға оралғанда кек қайтармақ оймен барымтаға қатысуы соны танытады. Шындықтың ащы сабағы Сәлменнің өмірін соны бағытқа бұрады. Ұзақ адасады, қателікке де ұрынады. Ақтардың әскерімен қоса тұтқынға алынады.

Қашанда көркем шығарманың кейіпкерлерін жағымды, жағымсыз деп бөлу шарттылыққа, жасандылыққа соқтырады. Өмірдің шындығынан алшақтатып, жалаң баяндауға жетелейді. Осы орайда Сәлмен бейнесінің шынайы шыққаны автордың ізденісін танытады. Бастапқы тараудағы барымташы Сәлменнің мінез-құлқы, «жалғыз көзімен жан-жағын жалмаған» қатыгез Сәлменнің қылықтары оқырман жүрегіне тікендей қадалады. Бірінші бөлімнің соңында

жапан түзде, түн ішінде қансырап далада қалған шағындағы Сәлменнің ішкі монологтары оның рухани күйрегендігін, қалған өмірінде басқаша мұратпен, өзге әуенмен ғұмыр кешу қажеттігін меңзейді. Психологиялық толғанысқа құрылған ой ағымы арқылы дүниеге деген көзқарасының өзгергендігін, бұрынғыша тіршілік етудің болмайтынын түсінеді. Оқырман Сәлменнің өміртанымында басқаша ұғым мен тұжырымның ұшқын атарын сезгендей.

Ол өткен өміріне есеп беріп, өз қателігін мойындайды. Ашынады. Бірақ қандай әрекет істеу керектігін білмейді. Бұйрыққа тіреліп, дағдарысқа ұшырайды. Тек автордың: «...Мына сақа бүркіт те біраз нәрсені көріп, талайды бастан кешіріп, талай уақиғалардың куәсі болған шығар-ау. Мына, қыртысы тапталып, мүйіздей қатқан жер бетінде нелер бір қырғын оқиға, сансыз табыр өтіп, талай жыр жырланып, қыбырлаған талай жан зар илемеді дейсің бе. Бұл жазықтың төсінде нелер бір қуаныш, той-думан, азалы қайғы тізбектеліп өтіп жатады. Адал ниет жақсы іс, зорлық-зомбылық, қиянат қоса жүрген болар. Соның бәрін биіктен шолып, төбеден қараған шығар-ау мына қыран», – деген суреттеуінен Сәлменнің мынау дүниеге соны түсінік-түйсікпен қарағанын, сезім әлемінің жаңғырғанын аңғарып, кейіпкердің көңіл-күйін дала қыранының тағдырымен шендестіріп, символикалық астарлы ой айтады. Жаралы қыран – Сәлмен. Ал көктегі құс – анық болашақ мұраты, ертеңгі есейген, өмірдің күншуағы мен көлеңкесін қатар бажайлайтын, байсалды Сәлмен.

Шендестіру, символикалық бейне арқылы түйіндеу – көркем әдебиеттегі соны жаңалық емес. Бірақ, соны ұтымды пайдаланып, қажетті жерінде кіріктіру – қаламгердің талғамына байланысты. Бекежан Тілегеновтің бұл көркемдік шешімі бірінші бөлімнің оқиғасын қорытындылап, психологиялық иірімнің ағысымен сәтті түйіндеген. Осындай формалық құбылтулар романдағы қақтығыстардың әлеуметтік мәнін терең сыпаттап, кейіпкердің күйініш-сүйінішін жан-жақты жеткізуге мүмкіндік жасаған.

Романның оқиғасы екі желімен дамып, ширатыла есіліп, күрмеуі күрделеніп, қақтығыстар мен қарым-қатынастарда әлеуметтік-таптық сыпаттар даралана көрінеді. Омардың психологиясы қазақ байларының сарандығы мен бақай

қулығына сәйкес өрілсе, Игнаттың бойында бұл қасиет басқаша қырымен қылаң береді. Оның айласы терең тамыр алып, тұңғыыққа жетелейді. Алыстан арбап, іштен тынады.

Бірақ екі алыпқа ортақ нәрсе – дүниеқоңыздық, кандарына сіңген озбырлық. Екеуінің айла-тәсілі бір-бірінен асып түседі. Өзара бақтарын таластырса да реті келгенде тізе қосып қимылдап, қанқұйлы әрекеттерді жүзеге асырады. Астықты Омардың қой қорасына жасырады, ал Игнат оның ұрлық малын сіңіріп береді. Сөйте тұра сырттарынан сатып, ас ұсыныса отырып, саптаяқтың сабынан қарауыл қарайды. Зұлымдық мінездері романда нанымды көрсетіледі. Алтынға таласқан Степанның өз әкесі Игнатты өлтіруі, ал қысылтаяң шақта Қарабақайдың Омарды тастап қашып кетуі – бұлардың бойындағы адамгершіліктен гөрі азғындықтың, салиқалылықтан гөрі сатқындықтың, өмірден гөрі пысықтықтың қасиеті басым екендігін әшкерелейді. Екі ұлдың аярлық мінездері әке тәрбиесінің әсері. Олардың бойында мейірім, аяушылық, Отанды сүю сияқты игі ниет жоқ, дүние, байлық, атақ-даңққа құмарту басым. Әкелері оларды осыған баулыған. Ақыры өз балаларының қолынан қаза табады. Автор әке-бала арасындағы қарама-қайшылықты нанымды суреттеген. Олардың рухани күйреуі шынайы шыққан.

«Аққайнардағы» ерекше назар аудартатын, аз суреттелсе де бірден жадында жатталып қалатын екі образ бар. Ол – сауатты, сыртқа сырын бермейтін Мырзаш пен аузын ашса көмекейі көрінетін, еспе де, бөспе мінезді Тынышбай. Екеуінің пікірі де, түсінігі де кереғар. Олардың бейнесі типтік қаһармандардың қатарына қосылады. Мырзаш буржуазиялық қоғамның төл өкілі. Ол қиырға көз тігіп, алысты шалып, ойын сыртқа шығармай, сақтықпен қимылдайды. Еш дауға араласпайды. Бірақ жаңа өмірдің күн сайын тынысы кеңейгеніне іші ашиды, алайда сескенеді. Тіпті қалыңдығы Гүлбаршынды да қорғауға жарамайды. Ауылсовет қызметіне араласады, ашық әрекетке ұмтылмаса да, Игнат пен Омардың тілеуін тілейді. Тырнақ арасындағы кір сияқты жасырып қалған, ертеңгі халық дұшпаны осы Мырзаш. Автор оны айтпайды, дегенменде Мырзаштың мінезі, іс-әрекеті соны аңғартады.

Тынышбай – кедей, айыбы – басы таз. Оған өзін кем тұтпайды. Реті келгенде паңсынады, өзінше кісімсиді. Сәлменнің атын жетектегенге мәз Суайттығы мен аусарлығы өзін күлкіге қалдырады. Сырт карағанда іс-әрекеті «Қалың малдағы» Итбайдың образын еске салады. Оның: «Белсенді десең – белсендімін... Өкіметті қолымен орнатқанның бірімін. Астыма бір асау ат мінгізіп, ел билейтін жұмыс тауып бер дедім. Сәлмен жаман састы. Ақыры бүкіл кәмөнас, кәмсәмәлдәрін жиып алып, маған жұмыс іздеді», – деуі, оған қоса шабармандығын өсіре «ауданнан, сонау қаладан әкім келсе алдымен мені шақырып ап, менімен ақылдасады. Менсіз қия баспайды... бірден бір мекеменің тұтқасымын. Үлкен әкім болғанша осы жұмысты місе тұта тұрармын», – деп қоқилануы Тынышбайдың өзіне жарасып тұр. Ұнатқан бай қызы Гүлбаршынға жаны ашып, көзіне жас алуы Тынышбайдың психологиялық тебіренісін байқатады. Романдағы халық өкілінің бейнесі сәтті сомдалған.

«Аққайнардың» соңғы беттерінде Жұмабектің өмір, күрес туралы толғамдары берілген. Ол Григорийдің қазасынан соң ширап, таптық тартыстың қызу майданына белсене араласты. Жұмабек аренаға енді шықты. Жазушы өзінің «Уақыт» атты екінші кітабында бұл бейнені сомдай түскен. Дейтұрғанмен де Жұмабек-Назира линиясының арасындағы байланыстарды кеңірек қамтып, әлі де тереңірек зерттеп, екеуінің мөлдір махаббатын жеткізе суреттеу қажет сияқты. Сонымен қатар «Аққайнардың» соңғы тарауында Жұмабек қашқындарды қуып жүріп, махаббат мәселесін қозғауы кейіпкердің сол сәттегі күйзелісін, алаңға толы күйін жеңілдетіңкіреп жіберетін тәрізді. Сондай-ақ «Уақыттағы» Сәлменнің бандылар қолынан қаза табатын тұсында асығыстық аңғарылды. Екі романның өзегіне арқау болған, тағдыры қиын да қызықты адам қазасын драмалық, тіпті трагедиялық қақтығыспен аяқтауға болады. Ол кесек оқиға мен шиеленіскен түйінді, оралымды көркемдік шешімді тілеп тұрғандай. Сәтті шығарманың шырайына нұр қосса деген игі ниет, оқырман ойы ғой бұл.

Бір қызығы, назар аударатын нәрсе жазушы Бекежан Тілегеновтің шығармаларының арасынан өзара үндестік пен жақындық аңғарылады. Қаламгердің бұдан біраз жылдар бұрын жарық көрген, қайта басылған «Көктем де

ызғарлы» атты повесі оқиға желісі мен мазмұн тұтастығы жағынан алып қарағанда «Аққайнар» мен «Уақыттың» жалғасы іспетті. Оқиға бүгінгі күн тақырыбына арналса да, ішінара кездесетін лирикалық шегіністен қос романдағы қақтығыстардың үзіктері ойыңа оралады. Тіпті, кейде «соқыр Сәлменнін» аты да ұшырасады. Ал адал да әділ, әрі катал Серғазы қарт кешегі Жұмабектің есейген кезіндей көрінеді. Шымырбаймен Шегебай кулық-сұмдығын ішіне сақтап, бас сауғалап аман қалған Мырзаштың көлеңкесі іспетті. Кейіпкерлердің аттары басқа болса да, олардың іс-әрекеттері мен психологиясынан іштей үндестік, тұтастық байқалады. Адамдардың тағдыры сараласа өріліп, бір-бірін толықтырады.

Жазушы Бекежан Тілегеновтің «Аққайнар» романы мен «Көктем де ызғарлы» атты повесінен, бұл екі шығарманы өзара сабақтастырып тұрған «Уақыт» атты шығармасынан өмір шындығын, замана тартысын, сан қилы адамдардың психологиясын, күйініш-сүйінішін бағамдап, ой тұжырымдаймыз. Қаламгердің қарышты қадамы, іргелі ізденісі, ең бастысы көркемдік шешімі қуантады. Өзара өзектескен үш туынды бір-бірінің мазмұнын толықтырып, философиялық ойын тереңдетіп, әлеуметтік мәнін арттырып тұр. Кітаптағы ішкі саралаулар, символикалық тұспалдар, лирикалық шегіністер шығарманың формалық құрылымының ажарын ашқан. Б.Тілегеновтің «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Аққайнар», «Көктем де ызғарлы», «Уақыт» атты шығармаларын салыстыра оқығанда көңілге түйген пікіріміз, міне, осындай.

Ал «Уақыт» дилогиясы орыс тіліне аударылып, 1985 жылы Москвада «Советский писатель» баспасынан жарық көруі соның бір айғағы.

Бірыңғай шығармашылықпен айналысуға бет бұрғаннан кейін жазушының өзін толғандырған тақырыпқа баруына мүмкіндік туды. Соның ішінде, Семейдегі атом полигонының тәлкегіне ұшыраған ел мен жердің тағдырын суреттеген «Қара жел» романы Бекежан Тілегеновтің шығармашылық жолындағы бетбұрысты белес әрі айтулы табысы болып табылады. Бұл роман тек қана қазақ әдебиетіндегі ғана емес, сол тұстағы бүкіл одақ көлеміндегі ең көкейкесті мәселені қозғаған шығарма ретінде әріптестері арасында жоғары

бағаланды. Мұнда атом жарылысы болар алдындағы халықтың мамыражай өмірі, табиғаттың тамылжыған көріністері сондай шабытпен жазылған. Кенеттен – заманның, катыгез қоғамның зорлықшыл мемлекеттің, шовинистік пиғылдың кара дауылы соғып, адамның да, сол жерді мекендеген аңның да бейбіт тұрмысының астан-кестенін шығарады. Ашық жер бетінде сыналған бомбаның әсерін байқау үшін тірідей сынақ алаңының маңына апарылған адамдардың күйзелісі, жарылыстың болатынынан бейхабар қойшының радиация апатының астында қалуы, адал махаббат иелерінің мәңгілік айықпас дертке ұшырауы, иен қалған қыстаулардағы жүні түскен тақыр қойлар мен тағы аңдардың сенделісі барынша қанық әрі нақты суреттелген. Өмір шындығы көркем шындықпен астасып, адамзат тіршілігіндегі ең қауіпті қарудың рухани дертке ұласуы мүмкін екендігі туралы пікірлері ерекше суреткерлік түйсікпен баяндалған. Жазушы Дегелең қасіретін бейнелей отырып, ісі адамзатқа ортақ адамгершілік мәселесін қозғайды. Роман жарық көргеннен кейін бір жылдан соң атом сынағы тоқтатылды. Бұл Бекежан Тілегеновтің жазушылық әрі азаматтық парызына деген адалдығының және шығармашылық батылдығының көрінісі.

Ал сол жылдары жазылып, 1993 жылы ғана «Жұлдызда» жарық көрген «Тауқымет» және «Алыста қырғын соғыс бар» хикаяттары Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тосын оқиғаны арқау еткен. Бұрын бірен-сараң жазушылардың ғана қалам тартуына мүмкіндік берілген, соғыстан бас сауғалап қалған жандардың тағдыры арқылы Бекежан Тілегенов өзінше тың ой салды. Мұндағы басты кейіпкер майдандағы өлімнен қорықпайды. Майдан, Отан ортақ. Алайда сол жауынгерлерге деген көзқарас әрқилы. Қан-қасап майданның өзінде өктем ұлт өкілдері аз санды ұлттың өкілдерін басынып, арандатып, жаудан бетер жан азабына салғанын, ол басынудан не майданда өліп, не сол қастаншықпағырдың өзін өлтіріп, не қашып құтылу керектігін түсінген кейіпкер, соңғы жолды таңдайды. Ақ қар, көк мұз жастанған қашқынның ойына үнемі соғыс көріністері елестейді. Достарын ойлағанда – майданнан қашып кеткеніне өкінеді. Бір күдік пен бір жұбанышты серік еткен кейіпкер ақыры шырмалған ойдың шырмауында қалып, іштен тұншығады. Майдандағы жауынгерлердің арасындағы мұндай табиғи қақтығыстарды

жазуға қатаң тиым салынғаны белгілі. Сондай ой ұшығын білдірген «Майданбек» дастаны үшін майдангер Дихан Әбілевтің тоқсаныншы жылдарға дейін қағажау көріп, цензураның тізімінде тұрғанына – араға елу жыл салып барып сол дастанды «Жұлдыз» журналына жариялауға ұмтылғанда, тиісті басқармаға түсінік берген кезімізде куә болғанымыз дәлел бола алады.

«Сексен алтыншы жыл» романы – қаламгердің көркем шығарма саласындағы ең бір шоқтығы биік туындысы. Ең үлкен және ең сенімді шындық – көркем шындық. Тарихи оқиғалардың өзі екшеле келіп көркем шындыққа айналады. Бекежан Тілегеновтың осы романын оқи отырып, желтоқсан оқиғасының бұрқ ете қалуына ілік болған психологиялық-элеуметтік мәселелердің астарын нақты сезінесің. Ұлы державалық өктемдік пен жазалау саясаты, дәреже үшін досын ғана емес, ұлтын сатып, оны арандатуға дейін апарған басшы мен орталықтың аяр әрекеттері, зиялы қауымның екі бетті психологиясы, жалған идеяның жалаңтөс жандайшабы болған аға буын өкілдері, жас толқынның ішкі қуаты мен жан күйзелісі, тәні қорланса да жан тазалығын сақтап қалған адал махаббат иелерінің рухани күресі, әскери жазалаудың алдын-ала ойластырылып қойылғаны туралы деректер сондай бір сенімді мотивировкамен шынайы әрі терең суреттелген. Бұл романды – желтоқсан оқиғасының қарсаңында қалыптасқанқысаң жағдай туралы жазылған психологиялық талдау ретінде қабылдауға әбден болады.

Белгілі жазушы, аяулы ағамыз Әзілхан Нұршайықов «Сексен алтыншы жыл» деген романды оқып шығып, сол туралы «Қазақ әдебиеті» газетінде (2 қараша, 1994 ж.) жазған пікірінде: «Бекежан Тілегеновтің «Сексен алтыншы жыл» романын оқып жатырмын. Қызықтырып, тартып әкетіп барады. Бас алдыратын емес... Бекежанға әбден риза болдым. Шешен де, шебер де, батыл да екен. Сонысы сүйсіндірді... Апыр-ау, Бекежан қандай білімді, жорғадай тайпалған сөз шебері болып қалыптасқан» – деп ағалық сүйінішін білдіруі тегін емес. Бұл – шығармаға берілген өте жоғары баға.

Бекежан Тілегеновтің азаматтық және қаламгерлік парасаты оның деректі роман-эсселерінде ерекше байқалды. Тоқырау, қайта құру, жариялылық кезеңдері деп аталған тұстардағы өкіметтің басында отырған билік

иелерінің арасындағы интригалар мен бақай қулықтарды, алдап-арбауларды, арандатуларды өзара бақталастық пен бәсекелерді, жалған айыптаулар мен домалақ арызды ұйымдастырудың «әдіс-айлаларын» жіліктеп талдаған «Тұйық өмірдің құпиясы» атты толғау-эссесі сол кеңестік қоғамның тоғышарлық – қастаншықпағыр психологиясының барлық құпиясын әшкерелеп береді. Мұнда ойдан шығарылған оқиға жоқ. Бәрі де өмірде болған адамдар және олардың аттары сол қалпында сақталған. Жазушы өзі куэ ретінде қатысқан жайларды негізгі сюжет етіп алған. Жетпіс мың данамен шыққан кітаптың бір айдың ішінде таралып кетуі соған дәлел.

Жазушы «Әдебиет – менің Отаным» және «Қас пен көздің арасында» атты эсселерінде бұл тақырыпты одан әрі тереңдете жазады. Мұнда өнер адамдары мен өнер туралы әңгіме қозғай отырып, астарлы пікір түйеді. «Қазақ тілі – менің елім, жұртым, өмірім, тарихым, тегім, Отаным» – дейді Бекежан Тілегенов. Бұл триптих-эссені 1970-1990 жылдардың арасындағы қазақ ұлтының әдебиеті мен мәдениетінің көркем шежіресі десек – қателеспейміз. Өкінішке орай, жазушы өзінің соңғы шығармаларын жариялауға үлгере алмай кетті.

Бекежан Тілегенов жазушы және мәдениет қайраткері ретінде Қазақстанның рухани дамуына өзіндік үлес қосты. Ол Бас редактор болып тұрған кезінде «Жұлдыз» журналының таралымы 220 мың данаға жетті. Сол арқылы барша қазақтың тарихи-көркем ойлау жүйесін қалыптастыруға бұл басылым зор ықпал жасады. Жас әдебиетшілер мен жазушылардың қанаттануына өріс ашты. Ұлттық прозадағы жаңа тақырыпты игеруге жол салды. Сонымен қатар, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретары болған 13 жылдың ішінде қазақ сөз өнерінің дамуы мен оны одақтық көлемде насихаттауға сүбелі үлес қосты. Сөйтіп, қазақ әдебиеті деңгейінің халықаралық беделге ие болуына және өсуіне ұйытқы болды. Шетел мен одақ көлемінде танылған жазушылар мен олардың шығармаларының барлығы да «Жұлдыз» журналы арқылы танылды және соның сыни сарасынан өтті. Проза, поэзия, сын бөлімдерінің меңгерушілері міндетті түрде өз жанрына қатысты одақтық кеңестердің пленум мүшесі болды. Шетелге тарайтын,

кеңес одағының барлық республикаларының кітапханалары жаздырып алатын «Дружба народов», «Знамя» сияқты әдеби журналдардың ішіндегі таралымы «Жұлдыздың» оқырмандарының санына жете қабылы «Новый мир» ғана болатын, қалғаны он есе кем еді. Бұл тек Бас редактордың қабілеті мен әдеби ұстанымына байланысты жүзеге асатын жетістік еді.

Сондай ұймдастырушылық қам-қаракетпен жүріп те қолынан қаламын тастамады. Оған Бекежан Тілегеновтің мынадай негізгі шығармалары дәлел: «Таң нұры» (1966), «Көктем де ызғарлы» (1967), «Аққайнар» (1971), «Повторится ли весна» (1972), «Олар жазда кездесті» (1979), «Белый простор», М. «Советский писатель» (1980), «Уақыт» (1981), «Где тебя найти?» (1982), «Время», М. «Советский писатель», (1985), «Атамекен» (1986). «Қара жел» (1990), «Тұйық өмірдің құпиясы» (1992). «Тауқымет» (1993), «Сексен алтыншы жыл» (1994), «Алыста қырғын соғыс бар» (1995), «Әдебиет – менің Отаным!» (1998), «Қас пен көздің арасында» (1999).

Әлқисса, біз де осы тәмсілімізді, ойымызды дамытуға өзек етіп алынған және жазушының толық шығармашылық портретін жасаған Мұхтар Мағауиннің мынадай тұжырымымен тәмәмдасақ деймін:

«Сексен алтыншы жыл» романының эпилогы желтоқсандағы дүрбелеңнен соңғы бағы көтерілген Камалов пен Әміровтің баспасөз мәслихаты түрінде беріледі. Халқын сатқан жандайшаптардың не айтатыны белгілі. Қалыпқа сыймайтын бір үзік:

Сұрақ: «Тарих – халықаралық трибунал», – деген екен Шекспир. Тарих үкімі қатал болады. Тарих үкімінен тек асқан данышпан, не ақымақ адам ғана қорықпайды.

Камалов: Мен қорықпаймын.

Сұрақ: Камаловқа қойған сұрақты сізге де қоямыз. «Тарих – халықаралық трибунал», – деген екен ұлы Шекспир. Тарихтың үкімінен қорықпайсыз ба?

Әміров: Жоқ, қорықпаймын».

Қорықпайды. Өйткені бұл кісілеріміз Совет өкіметінің мәңгі жасарына, компартияның ақырзаманнан соң да салтанат құра беретініне нық сенеген. Халқы үшін азап, өздері үшін рахат отарлық жүйе ешқашан мызғымайды деп

білген. Олай болмай шықты. Тарихтың қатал үкімі дегеніміз осы».

Иә, тарих ол бейбақтарға өз үкімін шығарып, орындатып та қойды. Тек тарихтың сол үкімін көркем оймен заманынан оза шығарған жазушы Бекежан Тілегеновтің бұл көркем үкімі осы уақытқа дейін дербе кітап боп жарияланбай, бағасын алмай келгені өкінішті.

Дегенмен де, ебепке – себеп, төзімге – медет бар екен. Өмірінің ыстық махаббатты, адал да намысты өзегі Сафура жеңешеміздің жан сырын түсінген «Дәуір» баспасының директоры жанашыр Әлия бегім Рақымқызы Тұрғалиева мен Шағия Төлеубаеваның алғауымен Бекежан Тілегеновтің бақ жұлдызы қайта көтеріліп, алқалы ағайынға жол тартты. Бұл сапардың ұзақ та сүйінішті боларына сенім кәміл.

Міне, бұл әділет алғауы.

2016, көкек

ҚАЙЫҢНЫҢ БЕЗІ, ҚАЙЫРЫМНЫҢ ӨЗІ ЕДІ

(Сайын Мұратбеков)

Ол шындығында да, Сайын десе – сайын, қайыңның безі, қайырымның өзі еді. Сондай пәк сезім мен қатал адалдықтан жаралған тұлғаны, ал, алғашқы «Райгүл» мен «Менің қарындасым» атты шағын әңгімесімен-ақ Ғабез – Ғабит Мүсірепов сияқты қаламы сараң, талғамы тас жаратын кербез дегдардың өзін: «Көп ұлтты әдебиетіміздің гүлдеп тұрған мәуелі бағында оның жас талдай желкілдеп бой көтерген тамаша прозасы бітік шығып, алыстан көзге түсіп, көз тартары сөзсіз» деп сүйіндірген, сол қалпынан жазбай қалың қауымының көңілін қалдырмай сүйіндіріп өткен Сайынды – әдебиет сайынын қалай ғана қаперден шығарып алдық екен.

Таяу күндері ескі ғадетім бойынша сөреде айлап жинақталып қалған газет-журналдарды парақтап отырып Анар Лепесова қарындасымның «Түркістан» газетіндегі «Сайын Мұратбеков ұмытылар жан ба еді?» (15 маусым, 2015) – деген сондай бір махаббатты жанашырлыққа толы

мақаласына көзім түсіп, тұлға бойым шымырлап кетті. Сайын қалай ұмытылады, ол – ұмытылатын да, ұмытатын да тұлға емес! – деген уәждің байыбына барғанымда, бұрынғыдан бетер құмығып кеттім. Сөз ретінде, Ғаббас ағамыз да, Аманхан мен Қуандық құрдастарым да зар сырын айтқан екен. Япырым-ай, неге қаперсіз өмір сүріп жатырмыз, қандай можантопай күйге түскеміз, қалай бойкүйез тартқамыз?! – деп нали отырып, соның бірі өзім екеніне назаланып отыр едім. Одақтың ғимаратына барғанда балмұздақ әперіп, Жазушылар одағының екінші хатшысы, депутат деген лауазымына қарамастан жеке өзін ғана үйге әкеліп тастайтын құрметтің иесі ұлым Сұңқар: – Сіз не қарап отырсыз, ұят емес пе? Ондай жазушы жоқ. Үш балаңның үшеуі де Сайын ағаның жусанын иіскеп өсті. Міне, немерең, кешіріңіз, жеке меншіктеріңіз Сайын ағаның кітабін жастығының астына жастап жатып оқып жатыр. Кейін шөберең де оқитын болады. Шындығында да ұят екен. Қалған құрдастарың қайда? «Аға, аға!» деп артынан шұбырып жүруші едіңдер ғой. Қазіргі аға да, жаға да сендер емессіңдерме?, – демесі бар ма.

Сөз сүйегімнен өтіп, жүрегіме қадалды.

Дариға-ай, үш толқын оқырманның өзегін осындай нәзік сезіммен жалғастырған Сайын ағамның әруағынан айналсам болмас па! Бұл – бүгінгі ұрпақтың әдебиетке, соның ішінде жазушы Сайынға, азамат Сайынға, ата Сайынға деген ұлы аңсары емес пе. Ұл-қыздарым дастархан басында өздерін «Жабайы алма ағашының» көлеңкесінде отырғандай сезініп, немерелеріме Аяның тағдырын қабақтары қиыла отырып әңгімелей бастағанда, орнымнан жылыстай тұрып, Сайын ағаның суретін алдыма қойып қойып, шұғыл қаламымды қолға алдым.

Міне, жыл аяқталып барады, бірақ, Сайынның, иә! – сайын Сайынның мүшелге толу орайы аталмай аяқталып барады. Көзі тірісінде кімге қадірі өтпеп еді, кімге жақсылық жасамап еді, кімнің көңіліне кірбің түсіріп еді?! Тіршілігінде екі-үш құрдасының қыжырта қабақ шытатынын білетінмін, алайда ол шытылған қабақтың Сайынның талантына, өмірлік ұстанымына емес, шамшыл жеке тұлғалардың екеуара ғана шымшымасы болатын. Бұл марғаулыққа ол марқұмдардың қатысы жоқ, о дүниеде бірінің тілегін бірі тілеп жатпасына кім кепіл? Әйтпесе, Сайынның, қазақ әдебиетінің классигі

Сайынның, жаныңды жақсылыққа баулыған Сайынның, өмір мен өнерге қайыңның безіндей қатқыл талап қоятын, тіршілікте өзегінен қайырым құйылып тұратын Сайынның ескерусіз қалуы – елуінші жылдардың аяғында әдебиетке келген қазіргі аға толқын жазушылардың ғана емес, бүкіл қазақ руханиятының ескерусіз қалуы – деп есептеймін. Соншама қарапайым, соншама күрделі, соншама шебер, жүйкен мен түйсігіңнің талшығын еріте шымырлатқан таза да қайсар рухтың жыршысы қазақта қадау, қадау ғана. Сол қадаудың бірі – Сайын, Сайын Мұратбеков.

Сайынның көркем әлеміне бір кірген адамның одан өмір бойы шығуы екіталай. Әр оқиғадағы сезім «қылаулары» жаныңды баурап, үнемі пәк иірімге тартады да тұрады. Кейде жаныңды ауыртпайтын, бірақ тызылдата сыздататын мұңға бергісіз әуен ауаныңды әлдилейді. Кейде қылау түспеген қылаусыз жүрегіңе тұңғыш рет «Қылау» түсірген кіршіксіз бала махаббатың өзегіңді сондай бір ыриясыз сағынышымен дыз еткізіп, шым-шым мөлдіретеді. Кейде, «Үшқараның» төскейінде, шөмеленің үстінде бір сөзді еркелей үш рет қайталап жұлдыз санағың келеді. Кейде шүпірлеген үрім-бұтағыңның ортасында жұлын-жүйкен бусанып, «Кәмен тоғайдың» ортасында риясыз аталық мейірімді сауғызғандай болады. Кейде, татуды араз, аразды дұшпан қылған «Бізғырық» қайдан соғып тұр – дегізеді. Ал кейде: Менің көңіл бүркітімді кім соңғы рет соңғы сапардан кейін аспанға ұшырар екен? – деп та қаласың іштей. Қойшы, мен үшін, мен үшін емес, Сайын әлеміне бір кірген сезімді пенде атаулы Сайын суреткердің аңсарлы әуенін осы ғұмырлық жолында ұмыта қоймайтынына жаным қасым.

Оның суреткерлік жаны қандай таза әрі, қайталап айтайын, қайыңның безіндей қатаң болса, фанидегі тіршілік аясы да сондай ашық, бойына кір жұқтырмайтын мұнтаздай кіршіксіз және артық пысықтықты басынан асырмайтын тура мінезді кірпияз еді. Кішіпейілдене қалғанда – даналығы қайсы, балалығы қайсы, кірпияздана қалғанда – әкімдігі қайсы, ағалығы қайсы екені аңғарылмай, аң-таң қалдыратын. Өзі балалықтың қызығына мейірі қанбай жетілгендіктен шығар, балаларды бар қуанышымен бауырына тартатын да, көз қиығын тез қадап жіберіп, болмысын жазбай танитын. Танитын да бір сөзбен қабақ танытатын. Сол түйгеніне

орай еркелететін не сырттатып жіберетін. Сырт түсінен бауырмалдығы байқалмаса да, ішін жылытып қарағанын көзінен аңғару қиын да емес болатын. Керісінше, баланың аты – бала емес пе, артық-кемін жасыруға әлі түйсінбеген шикіөкпенің басынан сипай салатын жерде, байқамағансып теріс қарап кеткен кезін де шалып қалдым. Шалқалағанға – шалқак, асқақтағанға – асқақ қарайтын қайыңның безіндей қатаң (қатал емес) Сайын, керісінше: жасқаншақ – батыл, жасыған – өжет, жаралы – дауалы, қайғырған – қайсар болса екен деп тілейтін және ол адамды бұрын танысын-танымасын, аралассын-араласпасын, оған қарамай сол адамның мұқтаждығымен бірге өзі де еріп кететін, өзгенің де сол адамға демеу болғанын қалайтын.

Жандығымды жаңғыртайын деп емес, жанымды түсінген ағаның жан дүниесінің қылаусыз пәктігін жеткізу үшін айтайын. Бұғанам қатпаған, қаламгер қауыммен еркін араласа қоймаған, Сайынмен бетпе-бет кеп қол алыспаған шағымда, он үшінде бір гүлі ашылмаған қарындасым Төлеу ақ қаннан дүние салды. Шарасыз шақта қаланың сыртында қалтарыстағы үйге Сайын аға Бекежан Тілегенов марқұмды (ол кісіні сол арада бірінші көруім) ертіп келіп, көңіл айтқаны әлі есімде. Өзектің уытын қайтарды десем – мүнәпық болар, бірақ, түрімді көрмеген жандардың сол бір шақта «қабырғасы қайысып қалды ғой, осы баланың» деп іздесең әрең табатын ауылға ат басын бұрғаны, жұбатқаны қаншалық! Мұндай жанашырлық пен қайырым-мейірімді мен қатарлас қаламдастардың дені сезінгені кәміл шындық. Көңілді айтуды да, уайым араласқан жұбатуды да қысқа әрі ұғынықты, еш теңеусіз, еш эмоциясыз нақтылап қысқа қайыратын. Бұл Сайын – нәзік тамырынды иітетін жазушы Сайын емес, қаршадайынан қайғы мен қиындыққа қақтала сүрленіп жетілген жетім Сайын еді.

Бетін екі жаққа бұрмайтын, бір беткейді жазбай ұстайтын азамат Сайын мен суреткер Сайынның арасында еш айырмашылық болмайтын. Бір сенген адамына бетбұра сеніп, неғылайынсыз өзіміне бауыр тартатын. Қай мінезіммен жаққанымды білмеймін, мені де сондай қапысыз алаңмен өзіміне бауырына тартты. Кейін түсінгенімдей, әр қадамым – ол үшін де, мен үшін де сынақ қадамы болған екен. Соңынан білдім, мұндай қамқор қолтыққа бауырын басқан

жалғыз мен емес, сол тұста әдебиетке тұяғын іліндірген Сағат Әшімбаев, Смағұл Елубаев, Бақыт Сарбала, Асқар Егеубай, Бекен Ыбырайым, Дидахмет Әшімхан, тіпті, аты мен атағы қоса шыққан Оралхан да оның жүрек тұсында бүлкілдеп тұрды. Ортасынан ерте дараланып, кербұғыдай саяқ тартқан шағында да Ор-ағаң Сайын ағасы жаққа бір қарап қоюды ұмытпайтын. Сайын ағамыздың әңгімелеріне ғашық Сағат жазушының сыры мен жырын, көркемдік еркшелігі мен нәзік сезім талшықтарын айтып жеткізе алмайтын. Сол шексіз де риясыз махаббат жазушы туралы тереңнен толғаған көлемді мақала жазумен аяқталды. Бұл мақала Сағаттың сыни-көркем ойының ең үздік нәтижелерінің бірі болып қалды.

Әр нәрсеге түргінектеп жүрген есерлеу шағым еді, әлгі Сағаттың мақаласынан әсерленіп, Сайынның сондай қарапайым әңгімелеріне теңдес дүниені жазып тастау оңай сияқты көрініп, бір айдай жеңіл бір сюжетті әр түрлі қырынан Сайынның мәнерінде жазып көрдім. Қанша тырыссам да, «кемшілігі әр жерден көрініп» тұрды. Жазушының сөз сиқырын бойыма сіңірейін деп, өзім сүйіп және жалықпай оқитын, оқыған сайын әсерленетін «Қылау» әңгімесін көшіріп те шықтым. Көшіріп шыққан соң ғана бұл сиқырдың құдіретін игере алмайтыныма көзім анық жетті. Ақыры Сайынның сол сырлы әлемі туралы мен де мақала жаздым. Сол мақала жазылған күйі жарияланбай қалды, анда-санда көзіме түсіп қалады. Маған сол жарияланбаған қолжазба қалпымен де ыстық көрінгендіктен де, қазір оған қол тигізгім келмейді. Бір орайда өзіне айтып едім, естімеген қалып танытып:

«Өмірдің өзі сөз бен сөйлем арқылы сезім боп төгіліп тұру керек. Соларды қалай жазғанымды өзім де білмеймін. Әлдеқалай шалық қыса бастаса ауылға кетіп қаламын. Сондағы қарапайым адамдардың ішінде жүріп жүрегім елжірейді» – деді. Сол сәтте Қалихан ағамыздың: «Ой, Сайынның жазар алдындағы мінезін адам түсініп болмайды. Өзі де не істеп, не қойғанын білмей қалатын сияқты. «Бес тапал» жұбымызды жазбай түнделете жортатын кезіміз. Сонда түннің бір уағында жанымыздағы Сайын жоқ боп шығады. Таңертең үйінен, күндіз жұмыстан таппаймыз. Ал кеп содан соң іздеп салбурын боламыз. Бір аптадан соң «Сайын ауылында жүр екен» – хабарды естіп «уһ! дейміз.

Сөйтсек, әлдебір кейіпкерінің әлдебір мінезін іздеп, бізді тастай салып, Талдықорғанға тартып тұрыпты ғой. Кейін сабылып іздемейтін болдық» – деген әңгімесінің шындық екеніне сендім.

Көз қиығынан шығарғысы келмеді ме, әлде, қаяу түскен көңілімді уайымның торына түсіргісі келмей, сергек жүрсін деді ме, білмеймін, «Қазақ әдебиетінің» бас редакторы кезінде жиі тапсырма беріп, шөгел сынақтан өткізді. Марқұм Асқар Егеубай арқылы аптасына бір рет хабар-ошар білдіретін. Бір жолы Лениндік сыйлыққа ұсынылған Ілияс Есенберлиннің «Көшпелілер» трилогиясына шұғыл мақала жазуды ұсыныпты. Талдауға жіберілгеніне бес айдай уақыт өтсе де бір де бір республикалық басылым пікір білдірмейті. Жүрексіндім. Сонда өзі хабарласып: «Ілекеңе білдірмеген пікіріңді кімге білдіресің? Бұл – ұлттың намысы. Үш күн мұрсатың бар. Сын жазып жүргендердің бәрі данышпан емес. Мен саған сенген соң тапсырма беріп отырмын. Болды, айналайын, күтемін» – деп бұйыра қайырды. Сол мақала арқылы сыртымнан үкім шығарып, үйірінен шығарып тастағандардың үйіріне мен де қайтып қосылғамын жоқ. Содан бастап жазушы қауымымен қойындаса араласа бастадым. Арасын ұзатпай Сайын аға бастап, Оралхан аға қостап, Жарасқан жаратып «Жұлдыздың» сын бөліміне орналастым. «Жұлдыздағы» сол он үш жыл менің өмірімнің де жұлдызды жылдары болды.

Әлі есімде, сексенінші жылдың қараша айы болатын. Жазушылар одағының екінші хатшысы Сайын Мұратбеков қазақ әдебиеті туралы «Дружба народов» журналы өткізетін дөңгелек столға өзі тандап Бақыт Сарбала, Асқар Егеубай, Бекен Ыбырайым, Рүстем Жанғожинді Мәскеуге бастап барды. Өзі де бізбен бірге пойызға мінді. Бетіміз ашыла қоймағандықтан да жүрексініп, тартыншақтап едік, еркімізге қоймады: «Жалпы, әдебиет майданында жас, жасамыс деген ұғым жоқ, талантты, талантсыз және өжет не бозөкпе деген ұғым ғана бар, батыл аттамасаң – тасада қаласың, тасада өмір сүрген жасқаншақ талант болғанша, қарапайым мұғалім болғаның халыққа пайдалы. Отыздан асқанша жастардың қатарында аталған ақын – ақын емес, жазушы – жазушы емес, отызда сезім кекселеніп кетеді. Сендерге қамқорлық қазір қажет, отыздан асқан соң сендерге мен де қарамаймын. Ал

оған дейін әдеби өмірге батыл араласып, адал ойынды еркін білдір, еркін жүр. Менің қолымнан келетіні – сендерді ортаға тарту, үлкен-кіші жазушылармен араластыру, Мәскеу мен республикалардағы тұтастарыңмен таныстыру. Олардың сендерден артып тұрған түгі де жоқ, көріп жүрміз. Тек тілін таба біледі. Сен бұрын Мәскеуді көрмеген шығарсың. Үлкен қаланы алғаш көру ауырға соғады, келінді ертіп ал»» – деді. Жалғыз мені емес, бәрімізді де солай қайрапты.

Вокзалға келсек, «бес дос» атанған Сайын, Әкім, Қалихан, Қабдеш, Рамазан ағаларымыз жеңгелерімізбен бірге алдымыздан қалжыңдаса қарсы алды. Әкім ағамыз Малеевқадағы шығармашылық үйіне жұмыс істеу үшін үш айға кетіп барады екен. Алматыда қалатын үш дос сапарға аттанған екі досты шығарып салуға келіпті. Жеңгелеріміз қол былғасып сыртта қалды. Жамыраса вагонға кірдік. Екі кісілік жайлы купеге ығыса-сығылыса отырдық, шампан атылды. Әңгіме қызық, қызық әңгімеге Қал-ағаң араласқан соң тіпті екпін алды. Пойыз қозғалды. Қиыспаған достар бірінші Алматыдан түсіп қалалық десті. Бір уақытта поездың екпіні күшейіп, зуылдай жөнелді. Сөйтсек, Алматыдан жиырма шақырымдай ұзап кетіппіз. Бесеуі де сабаз ғой, қалай болды, эттеген-ай дескен жоқ. Әйтеуір, Қал-ағаң әңгімесін аяқтаған кезде Ақсеңгір деген бекетке бір минут аялдап, үш ағамыз түсіп үлгерді. Біз алаңдағанмен, үш ағамыздың сол Ақсеңгір бекетіндегі көрген қызығын Қабдеш ағамыз айтып бергенде, ертегі тыңдағандай боласың. Үш күндік жол жалықтырған жоқ. Өзімізбен қоса ертіп алған Сұңқар малдасын құрып алып, бір орыс дәрігеріне «Алтын сақа» ертегісін тонын айналдырып көше балаларының орысшасымен айтып отырғанының үстінен түстік. Сөйтсек, бала жаңа пәтерге – көп қабатты үйге көшіпті, көшкенде сақасын ұмытып кетіпті, машинамен іздеп барыпты, одан машина батпаққа батып қалып, атқа мініпті...

Осы әңгімені ертеңінде Асқар екеуміз Сайын мен Әкім ағамызға айтып бергенімізде, Әкім ағамыз жымыып қана қойды, Сайын ағамыз: «Міне, сен әлгі іздеп таба алмай жүрген өмір қиялы осы. Жер үйде тұратын баланың көп қабатты үйде тұрғысы келіп, қиялдаған арманы. Мұнда пәк қиял да, мұң да аралас. Соны пәтерден көрген қиянатыңмен қосып жазсаң, нағыз көркем шындық шығады. Өзін осында

шақыршы. Сендерден көрі Сұңқардың әңгімесі татымды сияқты», – деп шығарманың өмірлік шындығының сенімді болуы туралы біраз пікір айтты. Ресторанға апарып, ақшасын да өзі төледі. Балаларға тәттіні де ұмытқан жоқ.

Сол жолы бұл бес достың басынан кешкен хикаялары жалғыз бұл емес екенін білдім. Зады, Әкім ағаның африкалық қонақтарды күтіп алу қарсаңында «там-тамдатып» (киноның аты) жүрген кезі болса керек. «Алматы» мейманханасының мейрамханасынан бесеуі түскі мәзірден шыға келсе бойы көк тіреген зәңгіні көреді. Қайсысының түлені түрткенін кім білсін, кім соның құйрығынан тепсе, сол нағыз батыр атанбақ және сый-сияпат та тегін болмақ деп бәс қояды. Жеме жемге келгенде бәрі де тайқып шығыпты: «Ой, несі бар. Ол да адам баласы» деп Сайын ағамыз сайланып шығып, бәстің дәтін орындайды. Дайын тұрған қауыпсіздік комитетінің адамдары ұстап алып, абақтыға қамайды. Бүкілқазақстандық, бүкілодақтық шу шығады. Иссапарда жүрген Әди Шәріпов те шұғыл қайтарылады. Партизан атағы бар емес пе, Әдекең Сайын ағамызды абақтыдан шығарып, мырзақаммаққа отырғызады. Енді халықаралық дауды басудың қамына кіріседі. Абырой болғанда әлгі зәңгі африкалық кәсіподақтың үлкен қайраткері екен, өзі кешірім беріп, біздің де жазушылар сондай тентек келеді – десе керек. Содан Сайын ағамыздың жаны қалып, аяқ астынан Мәскеудегі әдебиет институтына аударылып түскені сол екен. Осы әңгімелер айтылып отырғанда Сайын аға естісе де естімегенсіп отыра берді. Аң-таң қалып біз отырдық.

Сондай қызықты әңгімелерді естіп Мәскеуге де жеттік. Қалың халық, жер асты метросы, паң ғимараттар еңсемді басып, мына жұртпен қалай терезе теңестіреміз – деп үмітсіз құмығып кеттім. Сонда жаны аши жұбатып, жалғыз қалдырмауға тырысты. Бұл сезімді бұрын өзі де бастан кешсе керек. Коломенскідегі шіркеудің мұражайындағы көрмеден: бұл қамалды Токтамыс, Сейіткерей, Едіге жаулап алған – деген деректі оқып, ата кегім қайтқандай кәдімгідей жеңілдеп қалдым. Қысыла-қысыла пікір алысуды да өткіздік, Сайын аға мен Роллан Сейсенбаев, орыс тілді Рүстем Жанғожин бар салмақты өздеріне алды, айтқан пікірлеріміз «Дружба народов» журналында жарияланды.

Кейін Алматы мен Мәскеу арасының шаңын біраз бұрқыраттық қой, бірақ алғашқы «айқас» еш естен кетпейді. Сол сапарда мені СССР Жазушылар одағының жанындағы сын кеңесінің мүшесі етіп бекіттірді. Ол дегеніңіз: жарты жылда бір рет әлем әдебиетінің дамуы туралы арнайы семинарға қатысу, шетел жазушыларымен және кеңестік көрнекті қаламгерлермен кездесу, теориялық тәлім алу, әр республикада өткізілетін әдебиет апталығына қатысу деген сөз. Бұл менің әдеби көзқарасымды кемелдендірген мектеп болды. Сол үшін де Сайын ағаға қарыздармын.

Сексенінші жылдардың басында жас жазушылардың бүкілодақтық кеңесі өтті. Оған қатысудың өзі үлкен құрмет, өз толқыныңның ішіндегі жоталысы боп ресми мойындалу да жас талапқа демеу. Сайын аға сол жолы кеңеске Мейрам Асылгазин, Дидахмет Әшімханұлы, Асқар Егеубай, Жүрсін Ерман, Серік Асылбек сияқты жас жазушыларды іріктеп жіберді. Барлығының да шығармалары жақсы бағаланды. «Литературная газета», «Комсомольская правда» газеттерінде аттарымыз жылы лебізбен аталды. Оған Сайын аға да, Мәскеудегі қазақ әдебиеті жөніндегі кеңесші Роллан Сейсенбаев та қатты қуанды. Сөйтіп, Сайын мен Әкім аға әкім боп тұрған кезінде Кеңес Одағындағы негізгі әдеби орталықтардың денін көзден өткізіп қалдық. Сондай қуанышты сапардың бірінде мәскеулік жазушылардың ішінен, өзінше айтқанда «тандап жүріп, мүмкіндігі мол» аудармашыны да тауып берді. Бірақ заман өзгеріп, сексен алтыншы жылдан кейін олардың бізге, біздің оларға деген көзқарасымыз өзгеріп, демеуінен бас тартуға тура келді. Ал «Қар астындағы көбелек» атты жинағымды орыс тілінде өзі басқарып отырған «Жазушы» баспасынан шығарды. Баулу, тәрбиелеу, тәлім деген осы шығар.

Тәлім демекші, бір болмашы, бірақ аса тағылымды тосын жай есімнен еш шыққан емес. Жазушылар үйінің екінші қабатындағы терезенің алдындағы орындықта мүйізі қарағайдай ағаларымыз қатарласа отырып, әңгіме-сұқпат құратын кез. Біз де сымға тізілген қарлығаштай қоршай қалатынбыз. Әйтеуір бір абыр-сабырлы күн. Олжакеңнің – Олжастың бөлмесіне екі-үш рет кіріп шыққан Сайын аға бір кезде жерге иілеқалып, әлдебір нәрсені алып, шытымен сүртіп жатыр екен. Қасына жетіп бардым, сөйтсем, әлгі «мәпелеп»

жатқаны кәдімгі бір тиындық жез бақыр: «Сайын аға! Сізге не болған өзі. Тастанызшы, андағы бір тиындықты» – дедім өзімше намыстанып. «Тұрсын, сен қателесесің. Ырыздықты рәсуә етуге болмайды, оны құрметтеу керек, ал ақша дегенің сол ырыздықтың бірі, қазына бір тиыннан құралады. Бір тиын бастамаса – бір сом да құралмайды. Сондықтан да мен бір тиындықты қай жерде көрсем де, арланбаймын, аламын. Ал, мына арада он сомдық, жүз сомдық жатса қарамас едім», – деді де бір тиындықты әмиянына ұқыппен салып алды. Мен не дерімді білмей орнымда қаттым да қалдым. Бұл – ұсақтық, намыссыздық емес, нағыз тәлім екенін ұмытпастай боп есімде сақтадым. Қазір мен де он теңге, жүз теңге жатса көз қиығымды ғана саламын, ал бір тиындықты көрсем, міндетті түрде иіліп тұрып аламын. Тіпті сондайда Сайын ағамды сағына еске аламын.

Тіршілікте сан қилы қиылыстар мен бұрылыстар бар ғой, соның бірінде болмаса бірінде екпініңді тежей алмай, не ағысқа еріп, жақын мен алыстың аражігін ажырата алмай қалатын кезді біреу басынан кешіріп, біреу кешірмеген шығар. Ал өз басым «ақылы – мінезінің сауытына сыймайтын» (Абай) ондай ауытқушылықтан әлі де айырылмай келе жатқанымды мойындаймын. Сондай бір сүрегей сәттерде Сайын ағамыз жымыып қойып, жанай жүре, тоқтатып емес, немкеттілеу сөз қатарында жанашыр бір ескертуді айта қоятын. Ол ескерту ешқашанда жеке басыңның кемшілігіне, жіберген ағаттығыңа қатысы жоқ, ұшқары әдеби-сыни пікірлерді ғана жанап өтетін. Онсызда ішінара дос «жанкүйерлерге» мәлім эттенегнайларың есіңе түсіп, қыпылдай бастағаныңда, әңгіменің ауанын мүлдем басқа әуенге ауыстырып жіберетін. Аман құтылғаныңа қуанып, іштей демінді алғанмен де, бәрібір, өзіңнің ағаттығыңды мойындап тынатынсың. Неге екенін білмеймін, Сайын аға пендешілік мінез-қылығыңды іштей қостайтын сияқты көрінетін де тұратын. Ал әдеби саладағы әр пікіріңді қалт жібермей, қабатын қалыңдатпай қағып тастайтын.

Ол барлық жан жылуын – Аянның айтылмай қалған ертегілерін ішінде қоздата сақтап, қаламына ғана сеніп тапсырған нәзік жанды суреткер еді. Оның осынау бір сырлы да, жырлы, тағдырлы әлемі «Жабайы алма ағашын» жазған тұста қатпарланып, жазу мәнері мен сөз екпіні қаталданып,

өзімен бірге кексе тартты. Иә, кексе тартты! Чеховтың романға бергісіз «Дала» әңгімесі сияқты Сайынның «Жабайы алма ағашы» да лирикадан трагедияға ұласқан ұлы шығарма. Сайын жазушының бар болмысы мен бітімі, өмірге деген назы мен наласы, адамдарға деген өзінің жеке көзқарасы, заман қасіреті осы шағын шығармада барынша қасірет жібі арқылы тоқылған. Мұнда роман-эпопеяға баламалы тағдыр тауқыметі, жанталас, жанығу, қаралы қасірет, қарымды қақтығыс, түңілу, түлеу, күйініш, жұбаныш көзге көрінбейтін сезім желілері арқылы суреттелген.

«Жабайы алма ағашы» – сезімдер мен қарапайым адамдардың қақтығысының эпопеясы. Сіз одан ел көсемін, сөз шешенін, қастаншықпағыр қара жүректі таппайсыз, мұнда кәдімгі қарабайыр өмірдегі қарапайым ғана адамдардың бақ пен соруы бар. «Алманың» дәмі кермек, бірақ ащы емес. Шырыны тұщы, бірақ тәтті емес. Күйіндіріп – сүйіндірген, күлдіріп – жылатқан, қайғыртып – жұбатқан, өмір сүрудің шешімін өзі шығарған, жек көріп – жеріндіріп жарытпайтын, сүйіп – сүйіндіріп жарылқатпайтын кәдімгі «қу тіршілік» және бұл «Жабайы алма ағашы» сайын Сайын жазушының Ғабен сүйсініп жомарт бағалаған «мәуелі бағының» ең шырындысы. Ол осы шығармасына жанының бар шырыны мен шырылын сығып берген. Шын мәнінде, «Жабайы алма ағашы» лирикалық эпопеясы – Сайынның көркем әлемінің жиынтығы. Осы шығармада жазушы Сайынның барлық көркем жүйесі бар қырынан барынша келісіммен жарасымын тапқан. Лирика да, драма да, эпика да үйлесе біткен. Тек діңі мен жігін ажырата алсаң болғаны. Өкінішке орай, бұл «Жабайы алма ағашы» Сайынның оқырмандары саялаған соңғы мәуе болды.

Оның ерте басталған шығармашылық жолы ерте аяқталды. Жиырма жасында шығар шыңына бірден шықты да отыз бес жасында қолын суыта қойды. Иә, қырықтың қырқасына шыққанда жігіттік соңғы серуен суреттелген бір хикаяты «Жұлдызда» жарияланды. Бірақ ол біз сағынған, біз табынған Сайын емес еді. Бар күшін Сара туралы роман жазуға іркіп сақтап, тағдырлы тартыстарды тамырластырып, шиеленістерді ширатып, сондай тиянақтылықпен дайындалып жүрген салбурын шақта қолын суытып алмаудың бір амалынан туған, Әнуар ағасының шығармаларын аудару

барысында алған көңіл-күйдің былауы ғана шығар, кім білсін.

Ол өмірінің соңын, неге екенін қайдам, Алатаудың қыратты жонында оңаша өткізді. Тіршіліктің бар қарбаласынан бойын аулақ салды. Сол бір жеңгей екеуі ғана ұя басқан қиядағы қыстауына іштарта масаттанатын: «Су әкелемін, отын дайындаймын, ағаш бұтаймын, пешке көмір саламын. Содан кейін жазуымды жазып отыра беремін. Баяғыдан осылай істеуім керек екен» – дейтін. Қалаға келіп-қайтуы қиынға соққаны болмаса, сол бір қиядағы аядай ғана үй Сайын ағаның қысылған жанына сая болды. Бала десе өзегі еріп тұратын Сайын өзінің жанына балаған қызы өзінен бұрын дүниеден озғанда өкпе-бауыры езіліп кетті. Абайдың: «Мағаштан кейін өмір сүрдім дегізбеші» – деп әкесі Құнанбайдың аруағына жалбарынғанындай тілекпен Сайын, қазақтың Сайыны да дүниеден өтті.

Ол – ұмытпайтын, ұмытылмайтын, ұмыттырмайтын ұлы тұлға. Сайынды еске алу – парыз, тағзым көрсету – құрмет, алғау – аманат.

2015.

ТАҒДЫРЛЫ ТҰЛҒА

(Қабдеш Жұмаділов)

Қабдеш Жұмаділов туралы сөз болғанда, оның өзіне тиесілі тарихи міндетін орындаған ұлт азаматы, нағыз халықтық жазушы екендігіне ешкім күмән келтірмейді. Өйткені, Қабдештің жеке басының тағдыры да, көркемдік әлеміндегі кейіпкерлерінің тағдыры да ұлы атамекендегі қандастары үшін мүлдем тосын құбылыс еді. Өзіне бүкіл көшпелі қауымның соңғы бір көшінің рухани қуаты мен бақ-талайын, азаттықты аңсаған арманы мен азабын, қуанышы мен қайғысының көз жасын аманат етіп тапсырған міндетті Қабдеш Жұмаділов ар-ожданына кір келтірмей, табандылықпен және шын ер жігітке тән қайсарлықпен орындап шықты. Ол сол арман-мүдденің жыршысы ғана емес, соны жүзеге асырған нысаналы тұлға дәрежесіне көтерілді.

Тәуелсіз қазақ мемлекетін құруды аңсаған, сол үшін күрескен және сондай бақытқа жетіп тұрып, империялардың тәлкегіне ұшыраған тағдырлардың, «елім!» деп еңіреген ерлердің жан дүниесін жеті бірдей романына арқау еткен Қабдеш Жұмаділов, міне, бұдан сол ұлттың жеке мемлекет, оның ішінде тәуелсіз мемлекет болғанын көріп, көріп қана қоймай, оның рухани жырауына айналды. Зады, жазушының ең үлкен бақыты, орындалған арманы осы шығар. Өйткені, дәл осы тәуелсіздікке Қабдештің жазушы, азамат ретіндегі қосқан үлесі ерекше. Оны тұлға дәрежесіне жеткізген де сол мақсат.

Тағдыр талайынсыз талант тумайды. «Ақыл мен мінездің сауытына сыйып» (Абай), ағысқа қарсы жүзбеген парасатпайым иесінің тұлға дәрежесіне көтерілуі де қиын. Бұл реттен алғанда Қабдештің басына түскен тағдыр талқысы да тауқыметті. Бірақ түбі қайырлы, жұбанышы басым болды. Егерде Қабдеш Жұмаділовті қазақ қауымының рухани сахнасына дәл осы заманда шығарған ұлы ұстаз – қазақтың тарихы десек, ара ағайын мұны асылық демейтін шығар. Себебі, балапанын биік құздың басынан лақтырып жіберіп, жерге тақағанда қағып алып, қайтадан лақтырған ана қыран сияқты, Қабдешті екі елдің арасында кезек шайқап, баулыған да – сол қилы заманға ұшыраған ұлтымыздың тағдыры.

Елден елдің бөлінгені – қасірет. Алайда, сол көшке үйір қазақтың тапқан бір олжасы – ұлттық мәйегінің бір сығымын аман-есен сақтап қалды. Қапалы әлі қауырт көш жолында талай-талай текті тұқымдар телімге ұшырады. Ата мекеннен бастап – Анадолыға дейінгі Бұланай мен Гиндукуш тауларының арасында талай Қабдештер мен Әбіштер қалды ғой. Әбіш Кекілбаевтің үйі де үрке көшіп, Иранға бет алып бара жатқан жолынан кездейсоқ тағдырдың себебімен елге қайтқанын оқығанда, бұған анық көзім жетті. Сондықтан да, Қабдештің арамызда тірі жүруінің өзі сол күндердің нысаналап жіберген бір сәлемі сияқты. Демек, Қабдеш – жай талант емес, тағдырлы, нысаналы талант. Бұл сөз ұзақ жылдар бойы «арғы беттен келген» деген кемсіткен сөзді естіп, бетіне шіркеу түскендей болып күн кешкен Қабдештің жүрегін жұбата қоймас, бірақ айтылуы және бүгінгі ұрпақтардың білуі тиіс шындықтың бірі. Әйтпесе, не ата тегінде, не білім мен тәрбиесінде, не ұлтжандылығында

өзгелер миығынан күлетіндей еш кемістігі жоқ еді. Өйткені, Қабдештің бойындағы азаматтық қасиеттер де сонау Әлихан мен Ахмет сияқты «Алаштың» көсемдерінен рухани күш алған еді. Сауатын сол Ахаңның «Әліпбиімен» ашқан ұрпақтың ұлтының қамын ойламай өсуі де мүмкін емес. Бұған Қабдештің туған ортасы да әсер етті. Ортасыз өскен талант – жапандағы жалғыз ағаш сияқты, дараланып көрінгенімен де саясы аз, келешегі келте.

Ал Қабдеш болса қазақтың үш ғасырдан бергі тарихының кіндігі байланған, жеңісінің де, жеңілісінің де, күресінің де куәсі болған Жоңғар қақпасының қапталында туды. Қасиетті Тарбағатайдың бүйіріндегі Шәуешек атты осынау шағын қалада ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың ұзына бойындағы тарихи қозғалыстардың әр қилы мүдделерінің күресі жүріп, тай қазандай буырқанып жатты. Өзгелерді былай қойғанда, жер шарын бөліп билеуге ұмтылған үш империяның – Ресейдің, Қытайдың, Ұлыбританияның өзара пәтуаға келіп, қол қойысқан шаһары да осы Шәуешек еді. Мәнжу империясы мен қытай отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық көтерілістің тәуелсіз Шығыс Түркістан мемлекетін орнату жолындағы күрестің, қазақ, ұйғыр, дүнген ұлттарының азаттық қозғалысының ұйытқысы тура сол ара болғанын ескерсек мұның өзі Шәуешек қаласының тарихтағы орынын анықтап береді.

1950 жылы Шығыс Түркістан мемлекеті құлатылғанша «Алаштың» ұлттық идеологиясы Шығыс Түркістанның ресми идеологиясы ретінде өмір сүрді. «Алашқа» қатысты тарихи кітаптар мен қолжазбалардың әлі күнге дейін сақталып қалуы сондықтан.

Ал, Қабдеш болса, – Ахаңның «Әліпбиімен» сауатын ашты, Әлекеңнің саяси бағдарын ұлттық мұрат ретінде жаттап өсті, Жақан сияқты «жаңқамның өзі алаштың керегіне жарасын» деп мақсат қойды. Ұлт-азаттық идеясын бойына сіңірген, Ресей мен Қытай империясының отаршылдық саясатын бүге-шігесіне дейін талдаған, азат мемлекеттің азаматы атанып қалған кезінде екі басты алып самұрық пен жеті басты айдаһардың қаһарына ұшыраған халқымен қоса Қабдеш те алпысыншы жылдардың басында тағдырдың сілікпесіне ұшырады. Алматыда оқып жүрген студентті кері шақыртып алып, «оңшыл ұлтшыл атандырып», басына

«қалпақ кигізіп», көмір шахтасынан бір-ақ шығарды. Зады, мұндай айып тағылып, ұлтшылдығы үшін түрменің дәмін татқан жазушы да осы Қабдеш болу керек. Тағдыр бұл жолы да Қабдешті қамқорлығына алып, қазақтың «соңғы көшіне» ілесіп ұлы мекеніне ат басын тіреуге мүмкіндік берді.

Міне, сонда ғана өмірдің қақпақылында жүрген Қабдеш ауыр тыныс алып, өзінің өмірінің ең басты мақсатын жүзеге асыруға кірісті. Тағдырдың оған тартқан сыбағасы жеткілікті еді. Енді соны ел мүддесімен ұштастырып, қалың қазақтың рухани қажеттілігіне жарату міндеті тұрды. Жоңғар қақпасындағы «құс жолы» – «қазақ жолы» болған өлкенің тарихы мен тағдырын жазу Қабдештің пешенесіне жазылды. Бұған оны бойға біткен таланты ғана емес, ұлт алдындағы перзенттік парызы да мәжбүр етті.

Қазақ әдебиетінің алпысыншы жылдардың ортасындағы тағдыры – бақытты тағдыр. Ұлтымыздың бар мүмкіндігі ашылып, қазақ идеясының басы қайта ұлттық нысана ретінде құрала бастаған тұсы да сол кез. Зауалға ұшыраған отыз жылдың ішінде елдің санасын тұман басып, өткен ұмытылып, жалаң идея ғана қалған еді. Тың қуатпен келген жаңа толқын да, айтары мол алдыңғы ағалар да өз шығармалары арқылы ұлтының мүддесін жеткізуге бет бұрды. Міне, сол қазақ идеясының қалыптасуына Қабдеш те батыл кірісіп, тосын тақырыбымен күні кеше ғана тәуелсіз ел болған қазақ мемлекеті бар екенін қалың қауымға көркем шындық арқылы баяндап берді. «Соңғы көш» романы қолына тигенше Шығыс Түркістан мемлекетінің өмір сүргенін шекара маңындағы жұртшылық болмаса, жалпы қазақтың мағлұматы аз еді. Осындағы Жасыбай, Жағыпар, Нұрбек, Нартай, Оспан, Дубек, Тұрсын, Шәкен бейнелері арқылы айтылған қазақтың қазақтық қасиетін сақтап қалу идеясы әркімнің жанына орындалмайтын армандай болып ұялап қалды. Жасы үлкендер мұның астарында «Алашорданың» ұлы мақсаты жатқандығын бірден аңғарды. Қабдеш тарихи шындықты жазып отырса да көркем шындық арқылы ол арманды ұлы жұрттағы қазақтың тағдырымен ұштастыра отырып суреттеді. Көшпелі өмірдің соңғы көші-қонымен қоса қазақ деген ұлттың тарихтан ысырылып бара жатқанын барынша қанық та анық айтты. Шығыс Түркістанның құлауын қасіретті көріністермен бейнелей отырып,

Қазақстанның да мұрат-мақсатын жоқтады. Атауы басқа болғанмен де атамекеннің де арыз-арманы соның ішінде құмыға қайнап жатты.

Ұлттық идея – саяси ұғым емес, үлкен мәні бар ғылым. Ұлттық идеясыз ешқандай халық дербес өмір сүре алмайды. Қазақ идеясы «Алашорданың» тұсында өте биік ғылыми сатыға көтерілді. Ол – ұлттық құрылым, тектілік сыпат, дәстүр, психология, сөйлеу мәнері, экономикалық күнкөріс тәсілі, ойлау жүйесі, рәсімдік салттар, ғылыми атаулар, оның ішінде ұлттың өзіне тікелей қызмет ететін ғылым мен білім саласы, халық саны, тағы да басқа толып жатқан рухани сыпаттарды қамтиды. Міне, осындай күрделі мәселелерге біз әлі де жете көңіл бөлмей келеміз. Мұның ұлтқа тигізер кесірін Қабдеш Жұмаділов «Соңғы көш» диалогиясында көркемдік шешімінің негізгі нысанасы етіп алды. Қазір де өзінің көсемсөздерінде үзбей қозғап келеді. Қазақ идеясы – Қабдеш Жұмаділовтің өмірлік мақсатының алтын дінгегіне айналды. Дүниені таң қалдырып жүрген Америка мен Жапон мемлекеттерінің алдындағы ең маңызды әрі соны қорғау үшін кез келген қысым мен Ирактағы сияқты соғыстарға қатысудан да бас тартпайтын мүддесі – осы ұлттық, мемлекеттік идея. Ендеше, қазақ идеясының қайраткерлерінің сыналар тұсы алда. Демек, бұл ретте Қабдеш қаламының қуатына туған халқы әлі де мұқтаж деп есептеуіміз керек.

Тәуелсіздік деген – тәтті де, ащы да, қасиетті де сөз. Бірақ бұл сөзді қазақ зиялыларының екі бірдей толқыны ашық айта алмай кетті. Діліміз (менталитетіміз) бен санамыздың жұтаң тартқаны сондай, дербес мемлекеттікке қол жеткен бүгінгі бақытты күндеріміздің (Ие, солай) өзіне қарсы болып, тәуелсіздікті тәбетіне айырбастап жүрген қандастарымыз бар. Оларды беттен тырнауға да болмайды. Өйткені, империялық идеологиядан басқа ешқандай тосын ой оларды мазалаған емес. Өзгеше ойлауға мүмкіндіктері де, мұршалары да келмеді. Ал Қабдеш Жұмаділов «Соңғы көш» арқылы қазақтың демократиялық ұлттық мемлекеті деген ұғымды адамдардың тағдырлары арқылы бейнелеп берді. Ұлт-азаттық көтерілістің рухы жалындаған бұл шығармадағы ұлыханьдық шовинизм мен империялық отарлаушылыққа қарсы күрес, астарын аударып қарасаңыз, ұлыорыстық шовинизмді де айыптау болып табылатын.

Сол бір идеология қыспағында жарияланған романды дәл қазір оқып отырып, Қабдештің қалай әдібін жатқыза баяндағанына таңқаласың. Зады, ұлы арманның өзі ілгері жетелеп, жебеп отырған сияқты. Ал «Тағдыр» романы арқылы екі империяның өз мүддесі үшін жері, тілі, діні, өрісі, қыстағы біртұтас ұлтты қалай аяусыздықпен екіге бөлгенін көсіле суреттеді. Жайлауы – жатқа, қыстауы – өзіне қалып, баласы – басқа мемлекеттің қарауына кетіп, өзі Отанында қалған тағдырларды қылыштың жүзімен бөлген де – сол империялық қомағай пиғыл. Социализмнің өзін сол ұлыханьдық және ұлыорыстық мүддеге бағындырған аяр саясатты барынша әшкерелеген де Қабдеш Жұмаділов еді. Иә, жалғыз ол емес. Бірақ, Мұхтар Әуезовтің «Қилы заманынан» кейін мәселені бүркемелемей, болған тарихи оқиғаны нақты жазған жазушы осы Қабдеш. Сол үшін талай сөз естіп, ыммен шеттетілді. Соның есесін алпыс жасқа келген, мақтанға еліге қоймайтындай кемелді тұсында қайтарып, бағасын беріп жатсақ, әбден орынды ғой деп есептеймін.

Әр таланттың өзегіне біткен алтын жүлгесі бар. Қабдеш үшін ол жүлге – қазақтың елдігінің тағдыры. Кез келген жазушының кемеліне келгендігін танытатын және шығармашылық шыңына бағалайтын бір туындысы барлығы анық. «Соңғы көш» пен «Тағдыр» – сондай шығармалар.

Қазақ елінің екі ғасырлық өмірі қамтылған, тарихи оқиғалар мен бірін-бірі толықтырған бейнелер әдебиетіміздің беттерінен ықылым заманға дейін өше қоймайтын тұлға ретінде өмір сүретініне сенім мол. Енді соған «Дарабоз» дилогиясы келіп қосылды. Алдыңғы кітаптың жарыққа шыққанына екі жыл өтседе тым-тырыс жатқан әдеби сынның назарын түбінде бір аударатын роман бұл. Марқайған, әбден ақыл-тәжірибесі толысқан тұста қаламына арқау болған Қаракерей Қабанбай батыр туралы бұл шығарма, жұрт күткендей, атыс-шабыстан, найза мен қылыштың жарқыл-жұрқылынан, жоңғарды жапыра қырған батырды бейнелеген батальдық көріністерден тұрмайды. Қолдан батыр жасап, қолпаштап, теңеу таба алмай қиналып жүрген Қабдеш жоқ. Өзге-өзге, Қабанбайдың өмірі небір таңғажайып оқиғадан кенде емес.

Алайда, Қабдеш Жұмаділов «Дарабоз» романында мүлдем басқаша әдеби тәсіл қолданған. Аңыздан батырдың бейнесін аршып ала отырып, Қабанбайды алқын-жұлқын, ретті-ретсіз жекпе-жектерге қатыстырмай, кәдімгі сабырлы ақыл иесі ретінде суреттейді. Қабанбайдың білек күшінен гөрі ақыл қайраты басым. Қалың қауымның мұндай әдеби әдісті жатырқап қабылдағаны байқалады. Өйткені, оқырмандарымыздың талғамын атыс-шабысқа әбден кәніктіріп алған жайымыз бар. Қабдеш одан бас тартқан. Ол жауын ақылымен жеңген батырды бейнелеген. Шындығында да, қанша ержүрек болса да, «батыр бір оқтық». Ал Қабанбай – «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаның» алғашқы шайқасынан бастап атқа қонып, елу жыл бойы ақ туын көтеріп жүріп, қазақты қара қонысына қондырып барып, барлық тауын жастанған ел тұтқасы. Ресей мен Қытай империясының әскеріне тосқауыл қою үшін, ең бастысы, ақыл-айла керек. Абылайдың бас қолбасшысының парасаты да ханға лайық болғаны лазым. Ал ретті тұсында жайрататын жауды аямай-ақ жайратып береді. Батырдың ойлы бейнесі арқылы Қабдеш Жұмаділов қазақ тарихындағы көмескі жайлардың көлеңкелеріне ой сәулесін жіберіп, соны толғана отырып, санадан өткізуді, шындықты бүркемелемей бүгінге жеткізуді мақсат еткен. Бұл – толған, толысқан, ұлттық рухани тұлғаға айналған Қабдеш Жұмаділовтің туған ұлты туралы толғанысы. Ойлы, пайымды, елдігімізді үнемі еске түсіріп отыратын байсалды шығарма.

Қабдештің атын шығарған және қалың қауымға таныстырған алғашқы әңгімесі «Қаздар қайтып барады» деп аталады. Ашаршылық пен таптық қуғынға түскен қарт бір кезде арғы бетке өтіп кетеді. Сонда туған жерінің бір уыс топырағын белбеуінің ішіне түйіп алған екен. Етікші асуының қиын-қыспағынан жанталаса жүріп ата мекеніне қайтып оралады. Бұл – сол жылдары қиын-қыспақты кешіп жатқан Шығыс Түркістандағы қандастарымыздың асыл арманының бірі еді. Тағдырлы талант кейінгі жылдары романға ден қойғандықтан да шағын жанрдан қол үзіңкіреп қалды. Ол заңды да. Әйтпесе, әзілді астарға толы әңгімелерін сүйсіне оқыған, мен сияқты балапан талаптанушылардың талайының бетін көркем әдебиетке бұрғанына, еш шүбәм жоқ. Сырттай қарағанда үлкен

шығармаларының алымды да ауыр тағдырларды суреттеуге арналғанына қарап, Қабдешті тек қасіретті көріністердің жазушысы ретінде бағалайды. Бұл – мүлдем теріс ұғым. Әзіл мен юморға, неше түрлі қиясбайлық мінезге, махаббат машақаттарына құрылған әңгімелері кезінде сыншылардың талай мақаласына арқау болған. Оның қазіргі заманның көкейкесті мәселелеріне арналған, кішкентай адамдардың тағдыры арқылы үлкен қоғамдық ой қозғаған «Саржайлау», «Сәйгүліктер», «Қарауыл» атты повестері мен «Көкейкесті», «Атамекен» романдары – Қабдештің ізденістерінің жемісін танытатын шығармалар. Бұл туындыларда қаламгерлік шеберліктің түрлі қырлары барынша еркін көрінеді. Бір өкініштісі, осы уақытқа дейін сан қырлы талантты тұлғаның көркемдік шеберлігі мен жазушылық лабораториясы жөнінде арнайы зерттеу жүргізілмей келеді. Біздің ойымызша, Қабдештің тілдік нақыштары, тарихи шындық пен көркемдік шындықты қатар тізгіндеудегі шеберлігі кандай да болсын сыни жүкті көтере алатын зерттеу тақырыбы.

Ұлтымыздың бойындағы ең қасиетті ұғымның бірі – парыз деген сөз. Менің пайымдауымша, Қабдеш Жұмаділов – өзінің ұлтының алдындағы перзенттік, жазушылық парызын толық өтеген азамат. Ешқандай талант өзінің еңбегін бұлдаған емес. Бірақ, өнер иесі шабыттың қанатында ұшып жүретінін ескерсек, әр тұлғаны өзіне лайық биікке көтере білуіміз қажет. Бұл – елдігіміздің белгісі, адамды сыйлаудың атамыздан қалған жолы. Соны ұмытпағанымыз абзал.

Халықтан шыққан халықтық жазушы туралы осынау бір арыз лебізімді Альфред де Мюссенің: «Өткеннің барлығы өшіп тынды, ал болашақта не болатыны белгісіз... Кешегі қоғам біткен жоқ, ертеңгі қоғам өз өмірін бастап кетті», – деген сөзін желеу ете отырып, Қабдеш – Қабаң да өзі аңсаған бүгінгі тәуелсіз қазақ мемлекетінде тойын тойлап отыр, кешегі тіршілікпен толық есебін айырысып үлгерді және оның рухын өлтірмей мына дәуірімізге жалғастырып әкелді, енді ертеңгі келешекпен де жалғастыратын тұлғалы тағдырын бастап кетті – деген тілекпен аяқтағым келеді. Өйткені, Қабдеш Жұмаділов сияқты тұлғалардың өз қамы үшін емес, ел қамы үшін қабырғасын сан қайыстырғанының

куәсі болатынымызға толық сенемін. Себебі, ұлтымыздың түгелденбеген қомақты рухани есесі әлі де алда.

ҚОС ҚАЙЫРЫМ

(*Мұхтар Мағауин*)

1. МАҒАУИЯНЫҢ БӘЙТЕРЕГІ

Жазушының көркем әлемнің қуаты мен талант психологиясының қалыптасуы – күрделі құбылыс және шығармашылық иесінің – жазушылық қасиетінің текті, не тексіз екенін анықтайтын талмауытты мәселе. Бейім-ынтасы, құштарлығы, мақсатты құлшынысы, білім-парасаты сай келіп тұрса да, әу баста ұйыған табиғи мәйегі сұйық болса, қанша тыраштанғанмен ол адамнан дуалы сөз шықпайды. Мүмкін, талант деген ұғымның бір құпиясы сонда жатқан шығар. Жалпы дүниетаным мен шығармашылық психологияның жұмбақ сырын зерттеген әлем психологтарының анықтауы бойынша, қасиетті өнер иесі – сегіз түрлі түйсіктің уызына қанып өсуі тиіс екен. Сол түйсік уызын бір ғана мақсатқа жұмылдырған табанды жанталасты өзін “мен” дегізетін көкірек көрігінен балқытып шығарғанда ғана, яғни, өмірдің барлық құбылысын тек қана өзінің көркемдік “меніне” бағындыратын жан кешуден өткенде ғана, шығармашылық тұлғаға айналады екен. Егер де кіндігің байланған кездің өзінде ата-ананың сезіміне – сәл діріл, көңіліне – күдік ұяласа, сәбидің қаны басқаша ұйыйтын көрінеді. Қазақтың: “Баланы тілеуіңе қарап береді”, – дегені соған саяды.

Әлгі ауытқулар сәбидің мына дүниені қабылдауындағы табиғи жан жүйесіне өзгерістер енгізіп, тіршіліктегі қабілет-жігерін, ойлау жүйесінің еркіндігін, сезім жүйесі мен түйсігін қалыпқа салады. Егерде олар бір-біріне сәйкес келмесе, бойға біткен баланың өзіндік “мені” табиғи түрде қалыптаспайды екен. Мұны, “уызынан жарыған”, “төрт құбыласы түгел, сегіз қиыры анық”, “Айы – оңынан, Күні – соңынан туған төл” дейді алаштың сыншыл аян берушілері. Адамның, аңның, үй түліктерінің “сырттан” туралы әфсаналары да содан шықса

керек. Сондай уызынан жарыған, төрт құбыласы түгел, сегіз қиырды қосқан, ата-бабаның тілеуі үстінде болған, зердесі ішкі әлемінің “меніне” бағынған киелі сөз иесінің бірі – Мұхтар Мұқанұлы Мағауин.

Бұрын айтуға ерсі көрінгенімен, оның дәл қазіргі тұла бойына жарасып тұрған Тұлғалық тумысы осы. Енді Мұхтар Мағауиннің бұл болмысын жасырудың еш қисыны жоқ және сол сөзді еститін кемел жасқа, мағыналы мөлшерге де келді. Шығармашылығын – зерттеуге, талдауға, әртүрлі өлшемдер мен көзқарастардың екшеуіне салуға болар, бірақ, енді оны қазақ руханиятының кеңістігінен, көркем уақытынан, таным тарихатынан, қазақ қоғамының болмысынан ешқашанда алып тастай алмайсың. Өйткені ол өзінің әу бастағы қанына, тәніне, жанына сіңірген қасиеттердің барлығын сыртына шығарып үлгерді және шығармасы арқылы соны танып білуге мүмкіндік берді. Көркем ойлау жүйесімен, таным болмысымен, баяндау мәнерімен, алаш рухты қоғамдық көзқарасымен, арынды мінезімен, мінезді пайымдауларымен қазақ ұлтының табиғи болмысымен сіңісіп, киелі құбылысына айналып кетті.

Мұндай тұжырым деңгейіндегі пікірді мойындатып, ой мәйегін түйдірген таланттар ұлтымызда қадау-қадау ғана.

Ол өмірге де, әдебиетке де, ғылымға да, сондай бір алаңсыз және асқақ сеніммен қадам басты. Жасқанған да жоқ, жасыған да жоқ және тік көтерген кеудесін керіп тастап, кербез мақтанмен сөз өнерінің есігін ашты. Өмірдегі өнері де, өнердегі өмірі де соған лайық жағдай жасады. Еркелеп, еркін де батыл және сондай бір қайтпас қайсарлықпен, сеніммен, алымдылықпен қадамын қарыштай аттады. Соған орай білімді де, білікті де де, ұлттық рухты да бойына қаныға сіңіріп өсті. Сол мақсаты жолында қаймықпастан қасқая алға сүйрейтін биязыға тән өжет мінезге де ие болды. Бар болмысын баршаның алдында ашық ұстады. Соған орай сәттілік те оның жанынан табылып, қолтығынан демеп отырды.

Себебі: Мұхтар Мағауин өзі туралы ешқашанда: жетіммін, жетіспедім, жарлының жалғызымын, білімге кеш сусындадым, қиын балалық кештім, қаладан алыс өсіп, оқуым кенже қалды, қазақтың салт-дәстүрі мен саятын, салбурынын кейін көрдім, атамыз сауатсыз болған екен,

сөздің қасиетін кейін мектепке барғанда түсіндім, алаштың азаттық идеясы, қазақтың хандық мемлекеті университеттегі ұстаздарымның арқасында мәлім болды – деген жоқ және олай деп айта да алмайтын. Оның өз тұстастарынан артықшылығы және “сенен” көрі “мені” басым болғаны да сол тумысынан біткен түгелдікте жатыр. Ол – өзін өзі жаратып, өзін өзі үнемі бабында ұстайтын, өзін өзі демей көтермелейтін Мағауия атбегі жаратқан Нарқызыл сияқты сылаң жүйрік сияқты өмірдің емшегін арда еміп өсті. Бұл – мақтаныш та, мадақ та емес, Мұхтар Мұқанұлы Мағауиннің өміріне қатысты кәдімгі қарапайым ғана шындық. Және сол “менін” өзінің “Меніне” (роман-эссе) жалғастыру арқылы қорытындылап та берді.

Шындығын айтсам, жеке өз басым, жазушының шығармашылық психологиясы мен шығармашылық тарихын, өмір баяндық сыпаттарын қазақ жазушыларының арасында алғаш баян еткен шығарма – Мұхтар Мағауиннің “Менін” оқып отырып, ешқандай таңданғаным жоқ. Өйткені жазушының сонда айтқан психологиялық иірімдері маған етене таныс еді, тіпті, кей тұстарда мен ондай қорытындыға осыдан жиырма бес – отыз жыл бұрын келген екенмін. Бұл – көрегендік те, кісімігендік те емес, сөз өнерінің дертіне ұшыраған боз баланың қиялы жетелеген талпыныстың қорытындысы болатын.

Мен Мұхтар Мағауиннен бұрын Мағауия ақсақалды көрдім, ал Мағауия ақсақалдан бұрын елуінші жылдардың соңында, алпысыншы жылдардың басында ісі Қазақстанды таңдандырған Нарқызыл бәйгенің атын естідім. Аңызға айналған қайран Нарқызылдың бағын байлаған, сөйтіп өзінің бағын жандыруы үшін оның табанына құмшеге қағып жіберген біздің ауданның сойқанын да білетінмін. Мұны естігенде бүкіл Абай ауылы бір шіміркеніп қалып еді. Келер жазда әкем маған бәсіре тай таңдамақ болып Құр, Тай, Көксеңгір, Жәнібек жазығындағы жылқының үйірін аралады. Дөненді құнанға, құнанды тайға айырбастап, ақырында бір құла тайды жетектеп қайтты. Әкем Құдакелдіге: «Жалғыз ұлына ат таңдай келіпсің. Ертең бір жаққа шыға қалса, қопандап отырмас үшін мына құла тайды ал. Бұтының астынан адам өтіп жатса қозғалмайтын, жүрістен де жаңылмайтын, нағыз мініс аты болады», – депті. Расында

да сондай аяншыл, мінісшіл, жуас ат боп өсті. Жүрісі де жайлы, өрістен жүгенсіз қақпаймен мініп келетін басбілгі болды. Кейін оның бұл мінезін көрген Нығымет ақсақал мен Борбас сияқты жылқышылар: “Бұл тайға Мағауия бапкердің көзі түсіп еді”, – деп қимастық танытып жүрді. Алғашқы тырнақалды өлеңім де осы Құлатайға арналды. Бірақ кейін нарқызылдың кебін құшты. Содан бастап Мағауия ақсақалдың аты шықса елендеп қалушы едім. Өмір бойы тазы мен бәйге ұстап, қиянда шет жайлаған, саяқ өскен адам. Шыңғыстың сыртынан табан аудармаған зиялы дегдардың бірі.

Ал Шыңғыстың сырты – Сарыарқаның басы, арқаның ең биік шоқысы Ақсоранмен қапталдасып жатады. Қазірдің өзінде құс пен аңнан өзге тіршілік иесі қыстамайтын құла дүз. Мағауия ақсақалды әлгі құла тайды басыртқы жасап жүргенде сыртынан көрдім. Жылқышылардың қосына сыпайылап келіп, сыпайы қалпында аттанып кетті. Сол Мағауияның немересі: бүкіл Қазақстанды аузына қаратқан ғалым, ұлтшыл жігіт, менен бір класс жоғары оқыған Дәменнің туған жездесі – деген сөзді күзде мектепке келгенде естідім. “Жұлдыздың” тігіндісін ақтарып отырып, “Кешқұрым” атты әңгімесін оқыдым. Ақын Төлеужан Ысмайловтан жөн-жобасын ұғынып, тиянақтап оқуға тырыстым. Газет-журналға шыққан жыраулар туралы мақаласының қиындылары әлі де тартпамда сақтаулы. Кейін “Қобыз сарыны” қолға түсті. Одан соң “Тазының өлімі” хикаясы журналда жарияланды. Әңгімелері үрдіс шыға бастады. Маған «Әйел махаббаты», «Жаңылысу», «Күтпеген кездесу», «Ватерлоо өткелі» мен «Қияндағы қыстау», «Шаңқа» әңгімесі ерекше ұнап еді. Бірақ оларды екі адамның туындысы сияқты көрінетін. Алғашқылары тым еуропалық стильдегі әсіремәнерлі қалалық хикаяттар, ал кейінгілері тым қазақы мәнерлі дала хикаяттары сияқты әсер қалдырды.

Сайын Мұратбековтің «Жусанның иісі» мен «Қылауының» жүректі шымшитын мұны мен маяға үйілген қысқы шөптің қошқыл иісін мұрыныңа әкелетін тұшкірігіне еліткен бозбаланың талғамына тосын түйсікті тұщыну әкелді. Бұл әңгімелер маған өмірдің өзінен көрі теория мен таңсық өмірдің талғамынан туғандай әсер қалдырды. Екі-үш жылдан

кейін сол Мұхтар Мағауиннің аудармасымен басылған Сомэрсет Моэмнің әңгімелері мен Хаггардтың «Сүлеймен патшаның кенішін» оқығаннан кейін ғана бұл қолтаңбаның табы қайдан қалғанын аңғардым. Ол қолтаңбаның аңысы мен аңсары «Қарақызда» қарауытып, «Көкмұнарда» мұнартып, «Шахан шеріде» шарықтап, «Тревеннің әңгімесімен» қорытындыланады. Табиғи әлемге тандана, тосынси, оқшау тамсану, яғни, өмірдің дәміне құштарлықпен тамсану, тұмса дүние еңсесін иықтаған шарасыз шамырқану бар. Бұл ойдың астары «Қияндағы қыстаудағы басынан арқар қарғып кеткен әйелдің әңгімесін естігенде Орынкүл кемпірдің: «Еркек атулыға жұт болды ғой бұл соғыс. Ең аяғы даланың ит-құсы мен тағы аңы да басынды», – деген күйінішінен шым-шымдап шыжымдалатын. Ол кезде мұндай әңгімелер қазақ үшін таң да тың туындылар еді. Біздің де қазақы талғамымызға тосаңдау тұщынымдар әкелді. Сөйтіп: «Үйленіп қойған жігіттерді бірден танысың... Сондай тоқмейіл, тоғышар кейіпте келеді өздері», – деген сияқты хэмингуэйлік мәнердегі еркін мінезді кейіпкерлер де қазақ әдебиетіне де аяқ басқан тұс. Мұхтар Әуезовтің «Кінәмшіл бойжеткенінен» кейінгі еркін қылықты әйелдің әдебиет босағасын аттаны осы еді. Әрине, ол жылдары мұны тап басып тани алғамыз жоқ. Бірақ санада саңлауы, көңілде табы қалды.

Алматыға алғаш келген жылы Мұхтар Мағауиннің жұлдызы жарқырап, атағы шарықтап, бағы шалықтап тұр екен. Жұрт оны айтып тамсанады. Біз қысыламыз. Пәтерлес егде жігіт ағамызға барған-бармағанымды күнде сұрап, барсақ сөзсіз оқуға түсетініме сендіріп, тайсақтағанымды ездікке санап жүрді. Төлеуғали Бозаев деген сыныптасым Қажытай Илиясты таниды екен. Сол кісіні қара тартып екеуміз одаққа бардық. Әркімге таңырқай қараймыз. Шырамытамыз. Бір кезде Мағауин де көрінді. Үрдің үстіне ілінетін киімді мырзалықпен, таза киетін сырбаздың өзі екен. Тәкаппар да сияқты. Сияқты да емес. Бірақ соған парапар. Берген сәлемімізге басын изеп өте шықты Мен жанарына қарап, өзім шырамытатын Мағауия дегдармен ұқсастық іздедім. Қиығының қылт еткен шалығы ұқсайды... Біз сол көзінің шалығын малданып қала бердік. Келесі жылы оқуға түсіп, дәріс тындап, одақтың да табалдырығын еркін аттай бастадық. Бір күні Мағауияның Нарқызылына мініп

бәйгеге шапқан Несіпбек Айт: “Мұхтар менің ағам. Жүр, кіріп шығайық” – деді.

Онда Мұхтар Мағауиннің жан оты да, бақыты да, атағы да өрлеп тұрған шағы. Болмысына қатты қызықтым. Кесіп, тіліп, алашты ауызына ала сөйлейтін қияқ мұртты жігіттің білмейтіні жоқ екен. “Біз үшінші курсқа көшкенде қайталап сабақ берген профессорымыз – Флобер мен Мопассанды аңыз етіп тағы да айта жөнелді. Ал мен ол кезде сол профессордың өзін оқытатын білімге ие едім”, – деп жағасын көтеріп бір желпініп қойды. Мағжанды аузына алды. Менің де ол кісінің есіміне құлағдар екенімді аңғарғанда басын изеп қойды да әңгімені басқаға аударып әкетті. “Е, осал тұсы осы екен ғой”, – деген ой келді. Содан қалайда: Мағауин білгенді білуге тиіспін, оның жыраулар туралы зерттеуінің өтеуін алаш ардагерлерін білу арқылы теңестірем. Әр әңгімесіне жауап ретінде әңгіме, не өлең жазамын. Архивті ақтарамын – деп шештім.

Бұл ниетімді ұстазым, өзіміз «Ақ бас бура» атап кеткен профессор Қайыржан Бекхожиннің көмегімен жүзеге асырдым. Қлттық кітапхананың сирек және арнайы қорындағы «Алашорда» мүшелерінің барлық шығармаларын оқып шыққан соң тағы да Несіпбекпен бірге Мқхтар Мағауинге барып: біз де бірдеңе білеміз – дегендей сыңай таныттым. Ол маған мүлде тылсым біраз нәрсені төкпелеп келе жатты да кілт тоқтай қалды. “Солай бала” – дегендей саусағымен столды шертті. Рас, білімім кенже екен. Содан әлгі “мәлімдемемді” сексенінші жылдардың басы-аяғында және тоқсаныншы жылы тағы қайталадым. Ал тоқсан үшінші жылы М.Мағауиннің “Архив хикаясындағы” кейіпкері болып шыққанымды өзіне ашық мойындауға тура келді.

Мұны айтып отырғаным, бір адамның әр басқан қадамын, тіпті мінезіне дейін қазымырланып зерттей берсең, құдай түйсіксіз қылып жаратпаған соң, ол туралы әйтеуір бір пікір қалыптасады екен. Кейде М.Мағауиннің қандай кезде қалай сөйлейтінін, қандай шешім қабылдайтынын алдын-ала болжап отырамын. Сол болжамым тура солай болып шыққанында өзіме-өзім танданатыным да бар. Сондықтан да, жоғарыдағы таланттың тегі мен табиғаты туралы пікірге әбден көзім жеткендіктен де бұл жайды суыртпақтап отырмын.

Бозбала кезімнен Мұхтар Мағауинмен білім бәсекесіне түсіп, отыз жыл бойғы бақылаудан түйгендерім мынау.

Сонау арғы атасы – Жастабаннан бастап Мұхтар Мұқанұлының өзіне дейінгі тұқым-тұқиянның тағдыры мен талант табиғатының тоғысын саралайтын болсақ, онда бұл тұқымнан қазақтың сөзін ұстайтын бір перзент қалайда шығуға тиісті екен. Өйткені “текті” деген ұғымның өзі қисынды-қисынсыз айтыла салған тіркес емес қой. Ұрпақтан-ұрпаққа сүзіліп келген сол қасиет киелі Мағауия дегдардың мәпелеуімен немересі Мұхтарға қонды. Ғылыми тілмен айтсақ, жоғарыдағы өнер адамдарын қасиеттендірген сегіз шартты атасы кіші Мұхтардың бойына ана сүтімен, ата тәрбиесімен қоса сіңірді. Сондай тәрбиені алған Мұхтар Мұқанұлының “Мұхтар Мағауин” болудан басқа жолы да қалмаған сияқты көрінеді маған.

Шығармашылық көркем әлемнің қалыптасуына себепкер ең басты шарттың бірі – талант иесінің жөргегінен бастап туған жерімен психологиялық тұрғыдан тамырласа білуіне байланысты екен. Себебі: психологтардың зерттеуінше, әрбір өнер иесі өзінің бесікте жатқан кезіндегі табиғат құбылыстарын шығармаларында жиі суреттеуге құштар болады екен. Демек, Фрейдті жиырма жасында жасырын оқыған Мұхтар Мағауиннің қазақ хандығы мен жыраулар тұсындағы еркіндік рухы оның аңсарына айналуы заңды. Оған дәлел – Мұхтардың кіндігі кесілген Көпбейіттің (халық аузында Көкөзек, Көктүбек деп те аталады) қазақ тарихындағы рухани орыны.

Бірінші: бұл Көктүбек – Шалкиіз бен Ақтанберді өмір сүрген ғасырдағы тылсым қалпын сақтаған. Дәл қазір де ол арадан өркениеттің белгісін әрең табасыз. Шыңғыс тауының сырт күнгейінен: таңғы мұнарда шығыстан – Тарбағатайдың, оңтүстіктен – Жоңғар Алатауының, кешкі қызыл шапақта батыстан – Ақсораң мен Ұлытаудың, солтүстіктен – Балқантау мен Қарқаралының самалы есетін және сұлбасы рауандап қылаң беретін атойлы жон. Төрт құбыланы түгендеп отыратын осы жонға Абылайдың ордасы тігіліп, сағанасы салынған. Оның іздері сексенінші жылдардың аяғына дейін сақталып келді. Ал Бақтыдан басталып, сонау Қызылжарға тіркелетін Көктүбектің жанынан өтетін “Хан

жолының” (“Абылай жолы” деп те аталады) қос табаны әлі де сайрап жатыр.

Хан жолының бойынан, хан ордасының іргесінен қоныс алған Құрымбай би Құнанбаймен табақтас, Абаймен жағаттас болды. Сондықтан да алаштың – алаш кезіндегі жыраулар мен хандардың келесі туралы әфсаналар Мұхтарға тумысынан таныс. Хан ордасын ата қонысы еткен ұлан қазақтың толысқан мемлекет болғандығын, бодандыққа түскен ұлттың кіріптарлығын және бостандық туралы аңсардың ұлы сағынышын уызынан сіңіріп, әлдімен қоса емді. Рухы ер, тектік сенімі мықты, “хан ұлының несі жоқ, би ұлынан несі кем” – деген азат оймен есейді. Ол сегіз қиырды шолып:

Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ақ ала ордам қонған жұрт.
Атамыз біздің бұл Сүйініш,
Күйеу болып барған жұрт.
Анамыз біздің Бозтуған,
Келін болып түскен жұрт.
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт.
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қоңымды жуған жұрт.
Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт.
Салп-салпыншақ анау үш өзен,
Салуалы менің ордам қонған жер, –

деген еркін көңілімен бұла өсті.

Өзгені былай қойғанда, хан ордасының жұртында, хан жолының бойында, қара шалды қара шаңырақта туған Мұхтардың жыраулар әлемін тірілтуі – перзенттік аманатқа алған парызы еді.

Екінші, ол Абайдың жамбасы тиген, ақындық рухын оятқан топырақтың тура өзінде дүниеге келді. Ұлы ақын 1886 жылы Құрымбайдың рұқсатымен Көпбейітті бір жаз

жайлап шығады. Сол Көпбейітке келгенде ақындық арқасы ұстап, атақты:

Жазды күн шілде болғанда,
Көкорай, шалғын, бәйшешек,
Ұзара жетіп толғанда, –

деп басталатын өлеңін жазады және сол күннен бастап өз өлеңіне өзі ие болады.

Сөйтіп “сөз түзеледі”. Абайдың батасын алған Құрымбай ұл сүйеді. Атын ақынның сүйікті ұлының есіміне орайластырып Мағауия деп қояды. 1904 жылы Абай Көпбейіттен тура 28 шақырым жердегі Балашақпақта дүниеден қайтқанда 15 жастағы Мағауия бауырымдап барып көрісіп, көңіл айтқан. Сол жылдан бастап дүниеден уаз кешкен Шәкәрім Шақпаққа тошала (саятқора) салдырып, Шыңғыстың сыртында жалғыз мекендейді. Бақыршысына кілең керей жігіттерін ұстаған Шәкәрімнің аң қарай шығып қоналқаға түсетін жалғыз қыстауы да сол Көпбейіттегі Құрымбайдың қыстауы.

Дағанды (Көкөзек) елінің төрінде, атақты Жәнібек жазығының құйқалы қорығында отырған Мағауияның бойындағы саятшылық пен атбегілік, мырзалық, кірпияздық, қысқа да ойлы сөз сөйлеу мәнері Шәкәрім ғұламаның қасында көп жүргендіктен де оған жұғысты болса керек. Алаш-алаш болғаннан бастап Абайға дейінгі тарихты Шәкәрім қажыдан көкірегіне тоқып өсті. Заманның сырын ерте түсінді. Оған себеп: “Алашорданың” төбе биі болған Шәкәрім мен “Алаш” партиясының атқару комитетінің мүшесі Тұрағұл Абайұлының ауылына 1919-1920 жылдары Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатовтың келіп қоныс тебуі. Мұхтар Әуезов пен Кәмила Мағауияқызының тойы сол Бақанаста өтті.

Мағауия ақсақал қазақ көсемдерінің келесінің ішінде жүрді. Сырын алдырмас үшін қалың ел қоныстанған сартап жұрттан бойын аулақ ұстады. Абай айтқандай, “қызыл желді уыстайтын” Бегеш шешен мен Уәйіс әншінің қасиеті дарыған Мағауия жалғыз ұлы Мұқанды заманына сайлап оқытты. Ұлы әскерге алынып, соңынан “халық жауы” болып

кеткенде көкіректегі барлық арманды немересі Мұхтарға сарқа айтты, көкірегіне құйды. Төрт атадан бері жалғыз ұлмен жалғасып келе жатқан үрімнің ұшы Мұхтар Әуезовтің құрметіне орай атын қойған немересі Мұхтардың “тілекпен туған” бала болатындығы да сондықтан.

Тура сол Көпбейтте басталған 1931 жылғы көтеріліс пен ашаршылықтан кейін иен қалған жердің ендігі иесі мен киесі сияқтанған Мағауияның бауырындағы балаға: “А” әрпін – Абай, Абылай, Алаш, Ахмет, “Ә” әрпін – Әлихан, Әуезов, “Ж” әрпін – Жүсіпбек, “Қ” әрпін – қазақ, Құнанбай, “Ш” әрпін – Шәкәрім – деп атап үйретті. Және: “Бұлар сенің атаң. Сен, хан ордасының жұртындағы жұрағатсың, Абайдың сөзін ұстар – мұрағатысың, алаштың азаматысың” – деп нықтап отырды. “Мен – елмін, Мен – ермін. Мен – қазақпын” – деп кеудесін тік ұстатып тәрбиеледі.

Өзге құрбылары оныншы класта оқыған “Абай” романын Мұхтар атасына дауыстап оқып беріп жүріп бастауыш класта тауысты. Жыр мен қиссаны жаттап өсті. Соны түйсінетін зерде берді. “Жалғыз ұлы бардың шығар – шықпас жаны бар” – дегізбеді. Атасын да, әкесін де, өзін де, “Мен бармын” – деген сеніммен еңселі етті. Қазақтар мұндай тәрбие алған адамды: “Іштен оқып туған” – дейді. Оның өз қатарластарынан білім-ғылым жөнінен ілгері тұрғандығы – сол Мағауия дегдардың арқасы. Немересі Мұхтар түгіл, сырттай атын естіген біз де сол кісіге қарап ойымызды түзедік. Бір Нарқызылдың тағдыры туралы аңыздың өзі неге тұрады?!

Міне, осы үш тылсымды табиғи негіз – хан ордасының, Абай мен Шәкәрімнің, “Алашорда” мемлекетінің рухы – Мұхтардың ішкі рухани әлемін қалыптастырды. Ал ұлы ақындардың тәлімін алған Мағауия дегдарсыз, Мұхтардың да, жалпы қазақ елінің де рухына бір қасиет жетпей қалатындай сияқты көрінеді маған. Сондықтан, шағын мақаланың атын – “Мағауия бәйтерегі” деп атауды жөн санадым. Өйткені, жазушы Мұхтар Мағауиннің көкірегіне “Қобыз сарынының” үнін құйған, “Алдаспан” жырауларға аңсарын оятқан, “Тазының өлімі” мен “Шаһан шерді” қиялына сіңірген, “Аласапырандағы” ордалық рухты қозғаған сол адам. Мұхтар сол Мағауия ділмардың саясында тамырланып, тарихи рухтың шырынын бойына сіңіре бой көтерді.

Қазір қазақтың тектік қорындағы қою мәйекті тұқымдардың талайы іріп, сұйылып кетті. Ата жолын рухына айналдырған перзент азайды. Рухани жиделі-байсында туып, ұрпағын рухани қуаңшылыққа ұшыратқан тұқым-тұқияндар да жеткілікті. Жоғарыдағы қуатты әрі шағымды ішкі әлемнің нәзік құбылысын түсінетіндей кіші Мұхтарға табиғат жете берді. Ол жазмыш сыйлаған үш бақытын – атаның аманатын, бойына берген талантын және – Бақытын аялай білді. Қолына қонған бақ құсын үркітіп алған жоқ. Жазушының жеке басы мен қабілеті сынға түсіп, жүйкесі жұқарған жетпіс екі – жетпіс тоғызыншы жылдардың арасында сол үш бақыты оны ой шырғалаңынан алып шықты. Ол сол тұста өзін-өзі тәрбиеледі, талант психологиясына үңілді. Бұл – қазақ қаламгерлеріне тосын мінез. Соның нәтижесінде қазақ рухани әлемінің Мұхтар Мағауині дәрежесіне көтерілді.

Егер де жазушының талант психологиясы мен көркемдік әлеміне жүгінсек оның мына қасиеттері қанық байқалады.

Бірінші: ол өз талантын құрметтей және бағытын анықтай білді. Төңірегін түгел шолып үйренген қыр баласы ретінде сегіз қиырға қатар көз сүзбей, жалғыз-ақ көкжиекті мақсат етті. Талантын ұлты үшін ең мүдделі, өзінен басқа адам істей алмайтындай мақсатқа бағыттады.

Екінші: алған бағытынан бетін бұрмайтын қайсарлық пен намысына, ұшқыр ақылына қылау түсірмеді. Өзін-өзі үнемі қайраумен, баптаумен болды. Бойындағы бар болмысы тек қана жазушылық кәсіпке жұмсалды.

Бұдан өзге М. Мағауиннің үлкен уайымы болмады десем – шындыққа қиянат емес. Ақырында оның таланты алмас бұрғыға айналып, өзі ескерткен жапон жазушыларының кейіпкері сияқты темір тауды тесіп шықты.

Үшінші: тумысынан бастап рухын адамға да, заманға да, тақырыпқа да тәуелді еткен жоқ. Үндемей қалған, ішінен тынған, шабуылға шықпаған сәттері болған шығар. Бірақ орнында тұралап не бұғып қалмады, тып-тыныш қалпында өзінің көкжиегіне қарай адымдай берді. Мысын ешкімге бастырмады.

Төртінші: өзіне, мақсатына, елінің еркіндік алатынына күмәнсіз сенді. «Әуелі – Алла, одан кейін алаштың рухы, одан кейін ата-бабамның аруағы, одан кейін – менің өзімнің

еңбегім мұратқа жеткізеді”, – деп ойлай жүріп өзі де жетілді, тәңірі тілегіне жеткізді.

Мұхтардың өзі ғана мұратына жеткен жоқ, ұлтын да, ата-бабасын да, Бақытын да биікке көтерді. Абай әкесі Құнанбай туралы естелік айта келіп: “Аталарымыз не деген қасиетті әрі ұлы еді. Біз айтатын сөз қалдырмапты ғой», – деп сөзін өкіне қорытқан екен. Егер де Мұхтар Мағауин “Қобыз сарыны” мен “Алдаспан” арқылы “бес ғасырды жырлатпаса”, “мұрты көкке шаншылып, бұрын сөйлеген”, “Кетбұғадай билермен кеңес құруды армандаған” Асан қайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Ақтанберді, Жиёмбет, Күдері, Марғасқа, Үмбетей, Тәттіқара, Шал, Бұқар жыраулардың мұрасын тірілтпесе: “Е, Абай атамыз бұл сөзді жай көңіл үшін айтқан екен-ау», – дер едік. Бүгін өзінше бір еркіндік жырына айналған және түркі тектес жұрттардың ішінде тек қазақ пен ноғайда ғана бар жыраулар әлемінен мақұрым қаларымыз хақ.

Бодандық тұсында бостандықтың отын үрлеп оятқан мұндай рухани серпіліс әкелгені үшін де Мұхтарға тағзым. Абайға өз сөзін өзіне қайтарып берген Көпбейтте (Көкөзекте) туған Мұхтар Мағауин қазақтың сөз өнеріне елдіктің ақ ордасын қондырды. Ал өзі төл әдебиетімізге еуропалық мәдениетті әкелді. “Қияндағы қыстау”, “Ваторлоо көпірі”, “Жанталас”, “Иесіз”, “Қара қыз”, “Көкмұнар” және “Мен” шығармаларындағы ішкі көркемдік иірімдер М. Мағауиннің өзі тапқан екінші қонысы. Сонымен қатар атадан балаға ауысқан Ақтамбердінің толғауындағы:

Жағама қолдың тигенін,
Жалғыздық сенен көремін.
Жағамдағы жыртықты,
Жетімдік сенен көремін, –

деген ұлы аңсарды төртінші ұрпақ жүзеге асырды.

Ол жетімдік пен жетімсіздік көрген жоқ, жалғыздық көріп өсті. Шүкір төрт ұл, екі қыз, оншақты немерелі ордабасы болып отыр. Мақаланың атын «Мағауияның бәйтерегі» деп қойғанымның бір астары да осында жатыр.

Дәл қазір Мұхтар Мағауиннің төрт құбыласы түгел, сегіз қиыры тұтас. Үрімді үрлеп, Қырымды жайлап,

“Азаулының Стамбулдан несі кем, Алаштың Мағауиясының Мұхтарының, хан ұлында несі жоқ, би ұлынан несі кем!”, – деп тұрған дер шағы. Ұзағынан сүйіндірсін.

Мамыр, 2000 ж.

2. МҰХТАРДЫҢ «ҚОС АҒАШЫ»

Тура осыдан он жыл бұрын Мұхтар Мұқанұлы Мағауинге қарата айтқан: «Төрт құбыласы түгел, сегіз қиыры тұтас. Үрімді үрлеп, Қырымды жайлап, “Азаулының Стамбулдан несі кем, Алаштың Мағауиясының Мұхтарының, хан ұлында несі жоқ, би ұлынан несі кем!”, – деп тұрған дер шағы. Ұзағынан сүйіндірсін»,– деген тілегіміз қабыл болды. Өйткені ол соңғы он жылда шығармашылықтың қызығына айызын қандыра сусындап, табанынан от шашқан нарқызылдай зар күйіне түсіп, бауырын жаза жазды.

Армансыз көсіліп келеді. Бойы да, ойы да бұрынғыдан ширақ. Өрісі де кеңіген. Бұрын қолы жеткен адам шет елге шығып кетіп демалатын еді. Ал Мұхтар ағамыз енді күз бен көктем арасын шет елдегі сарайында өткізіп, жаз жайлауында ғана туған еліне келіп, Көпбейіт – Көктүбектегі ата қыстауында аунап-қунап қайтатын болып жүр. Бұл да тағдырдың оған берген ерекше сиы. Бәйбіше мен баланың қызығын бәріміз де қал-қадерімізше көріп, сыйына бөленіп жүрміз ғой. Бірақ бұл ретте де Мұхтар ағамыздың құрметі өзгемізден өзгеше өріс алды. Балалары мен жарының аялы алақанына мұндай еркін еркелеп, мәпеленген әке арамызда сирек.

Сондай сүйініштің аясында ел азаматтарына аздаған ғана өкпесін арқалап, Прагадағы немерелеріне қазақша үйретіп, кәдімгі кеңістіктегі көп атаның бірі емес, ірісі боп өмір сүріп жатыр. Жай жатқан жоқ, қазақтың жыртысын жыртып, рухани қазынасын молайтып, көркем әлемін байытып жатыр. Өзі бір кездері көңіл ауаны ретінде сүйініп аударған, елден алыс, ағайыннан ауаша, тұйық күн кешкен Сомэрсет Моэмнің кейіпкерлері сияқты шалғайда жүр. «Қияндағы қыстаудағы» құлжалар сияқты анда-санда жонын күдірейтіп Алматыға келеді. Астанаға ізін сала қойған жоқ.

Сондайда сағыныңқырап қалған інілік сартап көңілмен зәудем хабарласа қалып, жөн сұрассан: «Сен немене, менен интервью алайын деп тұрмысың? Оның несін сұрайсың. Елің таланған, жерің тозған, адамың азған. Парламентің – пәлешіл. Тек алашымның рухы өлмесін!», – деп бастырмалата жөнелетіні де бар. Сол баяғы өршіл де, шамшыл мінезінің басылмағанына қарап: «Е, ағамыздың көңілі күпсіз, ойы орнықты екен. Сағыныштың сар жалқыны жүрегін алмапты. Мұны білгенде, мұндай қатқылдау сөз естімей-ақ, хабарласпасам да болады екен! Енді есте болсын», – дегендей қырсық ой қылт ете қалады.

Соңынан қайтадан жазғандарына үңіліп, оның ішіндегі ұлтына деген ұлы да уытты толғаныстарды оқып: «Сыр жасырыпү юй тасалап жүр екен. Бәрі де ішінде сақталыпты. Алқалы ойын тек қаламға ғана сеніп тапсыруға бекініпті. Кейіпкерлерінің жармақтанып, қос жарылып жүргені сияқты өзінің де ойы өзі суреттеген Бақанастың бойындағы Қос Ағаш сияқты қос айырылып жүр екен-ау! Ділі қатты ағаның тіліне бола бұртмайын», – деп өзіңді өзің жұбатасың.

Қалай дегенмен де түңілмейсің, қайта өткен күннің кей елесі көз алдыға келеді.

Шыңдығында да, осы «Қос Ағаш» жазылғанға дейінгі жазушы Мұхтар Мағауин бір басқа да, «Тамыз әңгімелерінен» кейінгі жазушы Мұхтар Мағауин бір басқа. Мұнда жазушының «мені» басты кейіпкер дәрежесіне көтерілген, ал негізгі, қосалқы, үстеме, жанама сюжеттер сол «Менге» қызмет етеді. Жазылу мәнері – әр түрлі ырғаққа құрылған, баяндау тәсілі – құбылмалы, әдеби әдістері – алмағайып, алмасып отырады, шендестірулері – ширақ әрі күрделі, тұспалдары – тылсым, емеуіріні – екі-үш мәнге ие, нысанасы – әрі биік, әрі терең, оқиғаға – өзін де, өзіңді де араластырып, уақыт пен кеңістіктің желісімен жетектеп, қилы-қилы әсерде қалдырады.

Сонымен қатар бұрын Мағауиннің прозасында қанық анықталмаған сарказмдық кекесіндердің өзі сюжеттің міндетін атқарып кетеді. Кейде жүрдек жазу мәнері тасырқап барып қайтадан екпін алады. Сағыныш пен өкініштің өзіне де бірде кекесінмен, бірде мысқылмен, бірде жылы жымып қарайды. Оқиғаның басталуы, дамуы, көркемдік шешімі, нысаны қат-қабат қатталып, көркем ойдың салмағы

сомданып шыға келгенде шап-шағын әңгіменің салмағы шартабақтай ауыр тартады.

Лирика мен мысқыл араласқан осындай күрделелі көркем иірімде тұлғаланған әр қаһарманның әр қайсысына ортақ бір сипат тән. Ол – сол кейіпкер әлемінің қос жарылуы. Яғни, әлгі қаһарман бір оқығаныңда жазушының өзінің «мені» сияқты әсер қалдырады. Қайыра оқығаныңда ол мүлдем басқа, антиқаһарман болып шығады. Мысалы «Тревеннің әңгімесіндегі» ажалдың бейнесі, тіпті, «Одағай әңгімелердегі» әр оқиға осылай жинақтала жұмырланған.

Ал «Құмырысқа – қырғын» мен «Қос ағаш», «Тағдыр жазуы», «Күмбез», «Оралу», «Бір нәзік сәуле», «Ең үздік оқушы» әңгімелерінің тұспалы мен емеуіріні қатпар-қатпар. Бір жақты, бір сезімді, бір түйсікті кейіпкер жоқ. Махаббат пен ғадауаттың ортасында алмағайып күй кешкен тағдырдың жанкештілері жүр. Көркемдік әдіс-тәсіл мен шығармашылық психологиясымен арнайы айналысатын зерттеушіге таптырмайтын тақырыптың өзі.

Мен бұл әңгімелерден алған әсерімді бойыма да, ойыма да сіңіре алмай, бір әңгімелесіп қалғанда Мұхтар Мұқанұлының өзіне осы пікірімді сабақтай келіп:

– Баяғы жазушы Мағауин мүлдем бөлек. Мына «Тамыздан кейінгі әңгімелердегі» Мағауин – шығармашылықтың жұлын-жүйкесін шүйкелеп берген нағыз еуропалық мәнердегі жазушы. Кейде бұрынғы Мағауин осы әңгімелерді жазу үшін дайындық жасап келгендей әсер қалдырады, – дедім мақтауымды асырғым келіп.

Ол әдеттегідей тез шытына қалып:

– Сонда сен бұрынғы Мағауинді жазушы емес дегің келіп отыр ма? «Аласапыран», «Тазының өлімі», «Шаһан шері» сияқты шығармалар жүз жылда бір-ақ рет жазылады. Енді жазылмауы да мүмкін, – деді.

Мен де қасарысыңқырып:

– Иә, олар жүз жылда бір рет жазылуы мүмкін. Ал мына шығармалар, романның жүгін арқалап тұрған шығармалар ешқашанда жазылмайды, – дедім.

Мәселе, ол шығармалардың жүз жылдан кейін жазылып, жазылмауында емес. Ең басты мәселе – жазылып қалғанында және қайталанбастай иіріммен тоғыс тапқанында. Өйткені дәл осындай, яғни, тәуелсіздік тұсында рухани бодандықты

басынан кешірген Мұхтар Мағауин сезінген сезімдерді тағы бір қаламгердің қайтадан сезіне алуы неғайбыл. Сол пікірімді дәлелдегім және әр әңгімесі мен мақаласына орай пікір білдіргім келіп ұзақ уақыт бойы дайындалып та жүрдім. Бірақ ретін салмайын десе ойлаған ісің ілгері баспайды екен. Сол тұстағы пікірлерімнің жаңғырығын, міне, енді пайдаланайын деп отырмын.

«Күмбез» әңгімесінің соңына: *«Егер осында суреттелген оқиға – көркем қиялдың нәтижесінен туған көркем шындық болса, онда Мұхтар Мағауин шын даналыққа жетіпті. Шын оқиға болғанның өзінде, енді он, жиырма, жиырма бес жылдан соң көркем шындыққа айналады», – деп жазыптын.*

Мұндағы жазушы өз көзімен көргендей етіп жазылған кәдімгі шындықтың өзі жағаңды ұстатады. Айтты-айтпады, біз әруақтардың бейітінің өзін сатып күн көріп жүргеніміз өтірік пе?! Бұрын арымызды сатқанға күйінуші едік, енді ата-бабамыздың әруағын сатып күн көретін болдық.

О, тәубә!

Ал осыны Мағауиннен басқа кім көркемдік шындық дәрежесіне көтеріп жазды?

«Құмырысқа – қырғын» әңгімесі туралы: *«Егер бұл әңгіме кеңес кезінде жазылса онда Мұхтар Мағауин тірі классик емес, нағыз алашшыл-ұлтшыл, буржуазияшыл диссидент атанар еді. Қазір тақырыпқа еркіндік жасалды. Әңгіменің астарындағы шындық – публицистикада ашық айтылып жүргендіктен бе, әдеби сын мылқау тылсымдықты сақтады. Оның үстіне авторы бас асауы басылмаған, сырбаздығы мен сыншыл ойы тең өрілген, өзіне өзі және келер оқырманның жоғары бағасына қатты сенетін, мақтағанының өзінде бір сөзіңнен ши шықса жазғаны үшін өкінетіндей ғып жазғыратын, шамшыл да шыншыл Мұхтар Мағауин. Сондықтан да әдеби сыншылар сырттай ықтап, марғаулық танытқан сияқты. Егерде Әбіш Кекілбай мен Шерхан Мұртаза жазса, сөзсіз дана дер едік. Оған мен де қосылар едім.*

Әттең, «Құмырысқа-қырғынның» астарын ешкім әлі де пайымдай алмай жатыр-ау! Оның ішінде дәл қазірдің өзінде ешкім айта алмайтын, екінші бір емеуірінді тұспал жатыр. Ол – Ананың өзі! Аты аталмайды. Бірақ әңгімені оқығанда ол кейіпкер ретінде елес береді. Ол бейне, жылдар өткен

соң, лакмус қағазының түсі сияқты астарлана шығады. Сонда: «Мұхтар Мағауин шындықты зарлатып отырып, запыранын сорғалатып отырып жазыпты. Біз білмейміз зой! – дейтіні анық. Мұндағы кейіпкердің мені – жазушының өзі. Егер құмырысқаның өзін жазса қазіргі оқырманның оған өресі жетпейді, оқымайды. Құмырысқаның іні де, илеуі де жоқ, яғни, жер сатылып кеткен. Ертеңгі өмір, жер жегісі, түптің түбінде жүйкеңді жейтін болады!», – деп пікір түйіндепін.

Қазір де сол ойдан айни қойғамын жоқ.

«Қуыршақ» – Мағауиннің жазушылығын ертеректегі жазған туындысы «Әйел махаббатымен» байланыстыратын (мұны «Еркек махаббаты» деп атаса да болатын) жастық кешуі туралы хикая. Ең сәтті әңгіменің бірі. Баяндау мәнері де, құрылымы да, сюжеттің дамуы да кәдімгі классикалық үлгіде құрылған. Алайда мұндағы кейіпкердің «мені» жазушының «баяндаушының емес) «менімен» астасып кетеді. Автор кей кезде кейіпкердің орынын алмастырып кетеді. Баяндауы бір желінің бойына тартылған, ширақ. Оқығаннан өзіне тарта жөнеледі, кей тұста автордың толғауымен алмаса ұласады. Мұның барлығы болған оқиғаға, әсіресе, соңғы шешімге оқырманды сендіру үшін жасалған әдеби тәсіл. Мұндай ішкі қуат пен шынайылыққа алпыстан асқан жаста жету – ұлы ішкі қуатты қажет етеді», – деп тұсына жазып қойыптын.

Менің ойымша бұл әңгімені талдамау керек, жай ғана оқып шыққан лазым. Сонда ғана оның барлық көркемдік қуатын сезіне аласың.

«Ең үздік оқушыдағы» немере де, немеренің романы да, оны тыңдап, пікір айтқан ата да данышпан. Мұны әдеби тәсіл деп те, жазушының жан сыры деп те, тіпті, кішкентай ғана авантюристік әдеби тюрк деп те қабылдауға болады. Қылауы мен қисыны жарасқан, сақа жазушының өзін сескендіретін, бала психологиясының логикалық тосын шешімі арқылы оқыс ойға қалдыратын шағын да шақпа туынды. Өйткені, сарабдал сыншының өзін шіміркендіріп, «немересінің романын жан-жақты талқылауды кейінге қалдыруы» талай тұспалды аңғартады. Оқырманның шешуіне қалдырылған тұспал бойынша: не прикалық қаһарман қайтып қолына қалам алмайды,

не немересі тұспалдаған шындықты жазу ғана қалады. Мүмкін немересі де қайтып қалам ұстамауы мүмкін. Онда бұл ата өмірінің трагедиямен аяқталатыны анық. Ал немере жазушы осы бетімен өнерін өрістетсе берсе, онда ... әлгі романды үлгі тұтқан мұғалиманың керін әрбір қазақ кешеді деген сөз. Одан да әңгіменің талқылауын шынымен де кейінге қалдырған дұрыс».

Солай болғаны дұрыс-ау! Бірақ қазақ ұлтының күні не болмақ. Шағын, ойнақы әңгіменің астарында ұлттық трагедия жатыр.

Ал «Қос ағаш» та бүкіл дала философиясының тамырының үзілуі мен қазақтың тағдыры тұспалданған. Мұнда лирика да, сыншыл сезім де, емеуірін де бар. Кешегі даланың көркі болған Бәйтеректер қайда? Енді мынау сайын даланың салқын самалымен саясында сусындататын қос бұтақты алып Қос ағаштар қайда? Марқасқа Мағауиялар қайда? Олардың басын жай ойнатқан кім? О, Қос ағаш! Сен қазақ хандығының құрылғанына куә болмап па едің! Дала мен бабаның рухы емес пе едің! Тасқын шайған, су орган арса-арсасы шыққан өзен жағасында сояудай сойдиып тұрған қалқа жоқ. Бақанастың бойындағы шыбықтар мен суға түскен бүгінгі балаларды кім саясына алады? Хандығыңның нысанасы, ер бабалардың рухы мынау еді деп көрсететін тұқыл да қалмаған. Бұл әңгімеде аспан мен дала, ата мен бала, арман мен өмір арасын байланыстырған ұлы аңсар бар. Ол аңсар жазушының ішкі аңсарымен астасқанда мәңгілі ел туралы сарынға айналып кетеді. Қос ағаш – қос өмір, қос тағдыр, қос әлем, қос қоғам. Қос ағаш – фани мен бақидың арасындағы ұлы сарынды тамыр. Ол – өмір ағашы, көне түркіше Мықан ағашы. Ол – тамыры көкке, жапырағы жерге қараған жазмыш ағашы. Әңгімені оқығанда осындай ассоциациялық коллизиялар ойыңды ұрмап алады».

Бұл – тұспал мен емеуіріңге құрылған әңгімелердің бір парасы туралы дер кезінде жазылып қалған ойлар.

Қазір сол «Тамыздан кейінгі» әңгімелердің екінші бір астарын, сарказмдық сыпатын аңғарып отырмын. Мұнда тұспал да бар, бірақ, мұндағы тұспал ызалы тұспал. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» – деген тәмсілді еске түсіретін және тура бидің қаламымен жазылған жаза сөзі. Бәріне емес, соның ішінде тікен тамырлы екі әңгімеге ғана тоқталайын.

Алғашқысы «Қылмыс» деп аталады. Атақты бір тарихшы өзін қорлаған ұзынсирақтардың әйелін құтқарамын деп суға кетеді. Сөйтіп, ұлт мүддесін жалған бибауырмалдыққа құрбан етеді. Автордың пайымдауынша: Алпамыстың қылмысы бұл емес, опасыз жар мен қансыз нағашысының тәрбиесімен қағынып қскен ұлды – әкесінің еңбегін жоққа шығарып, алашапқын боп жүрген Подонокті өмірге әкеліп кеткені екен.

«Подонок» атты екінші әңгіме әлгі подоноктің тәуелсіздік жылдарындағы «подоноктік» сатқындығы. Дүние жүзі тарихшылары жиналған симпозиумдар мен конференцияларда: қазақтың тәуелсіздік алуы – заңсыздық. Олар ел бола алмайды. Қазақ тілі диалекті ғана. Ресейсіз өмір сүре алмайды. Өйткені бұл ұлт – құл болу үшін жаратылған ұлт. Мен жабайлардан шықсам да жабайылардың тілін үйренуге арланамын, – деп жар салады. Оқымысталар оны мәжілістен қуып та шығады. Сөйтіп, шет елде сүйкімі кеткен Подоноктің бағы елге келген соң, керісінше, өрлей түседі. Қастаншықпағыр пиғылды ту еткен оппозиция өкілдерінің көсемі атанады. Сөйтіп жүргенде өз үйінің табалдырығына сүрініп, мұрыны бұзылады. Оны қазақ емес, қазақстандық баспасөздер, көлігімен кісі басып өлтірген Жовтисті адам құқығын қорғағаны үшін түрмеге қамалды – деп даурығып жүрген оппозиционерлер сияқты, оның бет ауызының тас-талқан болғанын мемлекеттен көреді. Аш пәледен қаш пәле деп үйренген іштей оның пікірін жақтайтын үкімет ақыры оған күндіз-түні күзететін қарауыл бөледі. Есірген Подонок енді «Қазақсыз Қазақстан» деген ұран көтеріп шығуға дайындалып, ұлы жоба жасап жатқан көрінеді. «Елдің тыныштығын ойлағандар» оның бұл әрекетін мақұл көріптіміс. Біз оқиғаның сыртқы қаңқасын ғана баяндап отырмыз. Ал мәтіннің ішіндегі көркем оймен шендестіріле берілген сарказмдардың уыты тұла бойынды қышыма шаққандай дуылдата шымырлатады.

Бұл екі әңгімені ғана емес, «Ұлтсыздану ұраны» атты кітаптағы барлық шығармаларды дәл осындай деңгейдегі саяси памфлет десе де болады. Бұл реттегі Мұхтар Мағауиннің сарказмдері мен ызалы қаламы әлемнің кез-келген сатиригімен шендесе алады. Әттең соның барлығы да қалтарыста қалып қойды.

Оның есесіне, Шыңғыс ханның қазақ мемлекеттігінің тарихынан алатын орыны туралы пікірі дауға ұласып кетті. Подонокті басына көтерген тобырға Шыңғыс хан мен Мағауиннің тізесі мен ызасы қаттырақ батқан сияқты (Бұл арада мен Мұхтар Шахановты меңзеп отырғамын жоқ. Екі Мұхтар қатар күресіп жүрген, екеуінің арасына әділет іздегенсіп, арандатып жүрген Подоноктерді меңзеп отырмын). Мұндайға ара ағайындық жасағанды жаным сүймейді. Жасанды жауапты одан бетер жек көремін. Дегенмен де, мәселенің анығы – Шыңғыс хансыз қазақ мемлекеттігінің тарихы болмақ емес. Онсыз біз ұлттық қасиеттеріміз бен белгілеріміздің бәрінен айырылып қаламыз. Тарихтан сызыламыз. Оны М.Мағауин «Қазақ тарихының әліпбиінде» барынша орнықты баяндаған. Біле білсек, қазақ ұлтына Шыңғыс хан мен Мағауин емес, Подонок қауіпті еді. Ондай подоноктер арамызда әлі де қошаметке ие. Осыны да парықтай алмай қойдық-ау!

Бүгінгі күннің тақырыбын көркем шығармаға арқау етуге әлі ерте деген жасанды сылтауды Мұхтар Мағауиннің жоғарыдағы әңгімелері мен «Жармақ» романы күн тәртібінен сызып тастады. «Жармақ» – саяси памфлет пен психологиялық көркем саралауға құрылған трагедиялық шығарма. Мұндағы бір адамның екіге жарылуы тарихи және өмірлік шындықтан туып отыр. Бір бетіне – ұлт намысын, екінші бетіне – ұлтсыздықты ұран етіп алған дүбара тұлғаның қос жарылуы, жүрегі мен санасының екіұдай арпалысуы, махаббаты мен жар төсегін бөліскен жарыместілік, бір адамның өзін өзі соншама сүйе отырып жеккөруі, өзінен өзі жерінуі романда публицистикалық рухта сараланып, трагедиялық шешіммен аяқталады.

Басты кейіпкер өзінің екінші бетіндегі даңқ пен дақпырттың табы басылған сатқындықтың қарғыс таңбасын өшіріп, бір бетті, ар-ұятты, ұлтының мүддесі үшін өмір сүруді армандайды. Өзінің екінші жартысы Жармақ парламентке өтіп, тура Подонк сияқты өз ұлтын арандатып, «Қазақтарсыз Қазақстан» деген ұранды мемлекетаралық деңгейде жүзеге асыруға көшкенде оның екінші жартысы – өзіне өзі қол салады. Ол сол өзінің өлімі арқылы ғана Жармақты сатқындықтан арашалап қалады. Өйткені онсыз, екінші

сыңарынсыз Жармақтың өмір сүруі мүмкін емес көрінеді. Маратымыз – Мұрат, Мұратымыз – Марат. Марат өзін өлімге қию арқылы Мұраттың жолын кеседі. Яғни, ұлттың мұраты үшін Марат өзін де, Мұратты да құрбан етеді.

Мұндай шарасыздықты әрбір қазақ зиялысының басынан кешіп жүргені аян. Тіпті осындай амалсыз тәуекелге барған шығармашылық иелерінің тылсым тағдыры жанымызға батып жүргені де аян. Олар да Марат сияқты өз еркімен өмірден бас тартуы арқылы қалғанымызға ой салғысы келіп, жанын пида етті ме деп те ойлайсың. Ойлайсың да еркін өмірдің тұйыққа тірелуін азат қоғамды тұйық қоғамға әкеп тіреген себептерден іздейсің. Соның жауабының бір парасы Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» романында публицистикалық пафоста сарқыла көркем сараланған.

Шайтанқұлақ арқылы аз сөйлесіп, көп сыр түюге ұмтылған сәтімде «Жармақ» туралы сыр тартпақ болғанымда, ол алысқа орағыта қайырып, әңгімелерін көлденең тарта берді (Ол әңгімелер «Алтын тамырдың» осы санында жарияланып отыр). Соған қарағанда қазіргі Жармақ емес, тарихи жармақтар туралы көркем ойын көмей күйі ретінде жасырып қалды ма деген ұшқын санамызға саңлау түсірді. Әйтеуір біз білетін Мағауин ешқашанда елі үшін алаңдамай жүрген емес. Әр игі ісінің сәтін салсын.

Қазіргі қазақ әдебиеті тоқырауда – дейміз. Жоқ, бұл мүлдем қате түсінік, жаңсақ пікір. Өзгені былай қойғанда, Мұхтар Мағауиннің кейінгі он жылдағы шығармалары бұрын-соңды туған әдебиетімізде бой көрсетпеген әлемдік деңгейдегі туындылар. Тек соны оқып, түсініп, мойындап, талдап, тұспалын халыққа аша жеткізу ған парыз болмақ. Өйткені бұл роман – бүгінгі қазақ әдебиетінің жаңа арнасының басы. Көркем шығармаға қойылатын ендігі талап та сол деңгейден қалыптаспақ. Бұған алаңымыз жоқ.

Алаңымыз – ағаның алыста жүргені. Енді еліне жат бауыр болып кете қоймас. Бірақ бой тарта саяқ кеткені алаш рухты азаматтың бар екенін сезініп жүруі тиіс еліне қиянат сияқты. Бұл емеуірініміз, мүмкін, асылық та болар. Мүмкін, жанында еркелей жүріп, бауыр басып қалған жан жылуын жиі сезінгіміз келгендіктен де шығар. Ал оған бауыр басып қалған жалғыз біз емес, ісі ел емес пе? Ал елін бауырына

басып үйреткен тағы да сол Мұхтар Мұқанұлы Мағауиннің өзі.

Маған осындай да Мұхтар ағамыздың өзі де сол өзі жырлаған Қос Ағашқа ұксап кетеді. Ол – азаматқа тән өмірлік көзқарас қайшылығы бар, жазушыға тән тағдыры бар, оқымыстыға тән ой тартысы бар тағдырлы тұлға. Бұл сөзімді де сол алғашқы мақаламдағы:

«Дәл қазір Мұхтар Мағауиннің төрт құбыласы түгел, сегіз қиыры тұтас. Үрімді үрлеп, Қырымды жайлап, “Азаулының Стамбулдан несі кем, Алаштың Мағауиясының Мұхтарының, хан ұлында несі жоқ, би ұлынан несі кем!”, – деп тұрған дер шағы. Ұзағынан сүйіндірсін», – деген тілекпен тәмамдаймын.

Бұған қосарым, амандықпен көрісуге күн жазсын бізге...

5 қараша, 2009 жыл.

АРДАКҮРЕН

(Рымғали Нұрғали)

Ол енді жоқ. Ол да жоқ. Олар да жоқ. Сен өмір табалдырығын аттағанда алыстан ақ бас шындай асқақтай мұнартып көрінген алыптар тобы әлдеқашан ғайып болған. Өкінсең де, олардың соңында жүрегінді жұбататын алдында қайысқан қара ормандай алдыңғы толқын ағалар болатын. Солардың саясында ертеңгі күнге алаңсыз қарап, бірін сүйеніш тұтып, біріне еркелеп, біріне بازیна айтып, біріне жан сырынды айтып, көргенде қолтығына кіріп кетіп, еш алаңсыз өткен тіршіліктегі қамсыз күндер де артта қалыпты. Соңғы жылдары өміріңнің қолыңнан сусыған құмдай тез суырылып, жалғанның жалған жібінің ұшығы да суырылып шығып бара жатқанын сезсең де, қиналғанда басыңды кеудесіне қоятын ағалардың барлығын медет тұтатынсың.

Енді, міне, көзіңді ашып қарасаң, сол қара ормандардың да қатары жылдам сиреп, әр жерде андыздап қалған, ашық даладағы жалғыз қара емендерді көресің. Қолыңды қармасаң – жетпейді, ұмсынсаң – алыс, өйткені тез сиреп

барады. Сен сүйенетін, сені сүйейтін, сен сенетін, саған сенетін, қам-қаракетінді алаңсыз тапсырып, аңғал басып жүре беретін жан ағаларың азайған. Уақыт толқыны ірке-ірке сені де алға итеріп тастапты. Шынтағына шынтағың тиіп, тығыз тұратын қатарың да босай бастапты. Жәнібектің, Жарасқанның, Кеңшіліктің, Дәуітәлінің, Асқардың орны бос тұр. Рүстемнің де тал бесігі бос қалыпты. Ендігі лектің алдына сен шығып келеді екенсің. «Өмір дегенің – есіктен кіріп төрге шыққандай ғана» – деген осы ма.

Мен кешегі Сәкен серіні, сайын суреткер Сайынды, бекзат Бекежанды, риясыз Рамазанды, аяулы Ақселеу салды, енді, міне, қызыл жалды арыстан Рымғали ағаны ойлағанда осындай бір тал қармаған шарасыз күйге түсіп, үнсіз, дымымды ішіме тартып отырып қалатын күйді басымнан жиі кешетін болдым. Түсінем ғой. «Алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер, кезекпен өлінер, кезекпенен көмілер, бәрі де баяғыдай көрінер» (Абай). Сонда да...

Иә, олардың мұралары оларды өлтірмейді. Бірақ олардың сені сүйеген иығы, сен кірген жылы қолтығы, сен естіген дауысы мына фәниде қашан да саған енді жетпей тұрады. Өйткені, ол жоқ, ол да жоқ, олар да жоқ. Сені мәуленіңнен бастап баптаған қазақ сөз өнерінің қызыл жалды арыстаны Рымғали да жоқ. Рымғали ағасыз өткен қырық күннің ішінде қырық жыл қолтығында жүрген, қиянатын көрмеген кешусіз шақтарды ойымнан өткіздім. Не ойға келмеді дейсің? Қызығы да мол екен, өкінішсіз де болмапты. Кешу сұрасатын да қиянатты күндер бар екен. Соның ең соңғы, мен үшін ең ауыр салмағын өткен жазда басымнан кешіп, үш айдай қатты күйзелгенімді ойласам, тұла бойым шымырлап қоя береді.

Емін-еркіме жіберіп, емін-еркін өсіргендіктен бе, аз уақыт көріспегенімізге кісіркенгенім бе, кім білсін, Әбіш, Қойшығара, Төлен, Серік ағалырыммен Несіпбектің басы қосылған киіз үйдегі бір отырыста Оразгүл мен Әпризаны арқаланып: «Қазақтың қызыл жалды, қызыл көз арыстаны», – деп мақтай жөнелгенім бар емес пе. Жылдам қозғалатын жанар оты жарқ етті. Тілімді тістеп, кешірім сұрап үлгердім. Бірақ кеш еді. Мен оның арыстандай беделін, тура сөзді сыншыл мінезін мекзеп едім. Түсінді, бірақ әлде неге мүжәзі келмей отырды ма, шыға бергенде ауыр сөздер айтты. «Сен

түсінбей қалдың, Рымғали. Ондай теңеу бізге айтылса, қуанар едік...», – десті Төлен мен Қойшығара ағаларым. Бірақ бір көтерілсе басылмайтын арынынан қайтпады. Өкіндім. Не пайда?

Ол да жуырманда райынан қайтпады. Сол арада қиулы тұсты пайдаланып, баспасөз арқылы пікір білдірудің орайы келді. Сонда жан сырымды: «Кемістігімді ескерткен сәттерінде: “Өзіңізден көріңіз дұрыстап, жеріне жеткізе тәрбиелемеген” – деп сытылып кететінім де бар. Мұның барлығы сол баяғы өзімсінген көкбауыр мінездің демі. Аз сөзге көп мағына беріп жазуға тапсырыстың уақыты тығыз боп, көп оқиғаның қайырымы келмей қалды. Өзі шарапатын тигізген шәкірт інілерінің бірі есебінде бұрынғыдан да қаттырақ бауырына баса түссе екен деп тілеймін», – деген емеуірінмен аяқтап едім.

Жаз өтті, күз өтті. Хабарласуға жүрегім дауаламады. Әбден қысылған сәтте әдепшіл Құныпия мен Несіпбекке қас-қабағын біліп келуді өтіндім. Олар: «Саған сәлем айтты. Сөзі жылы», – деп көңілімді бір сергітіп тастады. Диссертациялық кеңеске келгенде қасынан жанай өте бергенімде: «Қалың қалай?», – деп қолын ұсынды жылы жүзбен. Мен бірден оның көңіл айнасы – көзіне қарадым. Баяғыдағы ұмытылған бозбала кезімдегі мейірім жанарын еске салатындай өзімсінуді аңғарғанда ғана бойым байсал тартып сала берді. Сол бір сезім мейірімін қайтып суытпаспын-ау деп сызылып жүргенімде ... оның бойы суып сала берді. Тәубә! Егерде сол наз жазылмаса, оның өкініші екі дүниеде кетер ме еді?! Тайыр ақынның:

Жан сүйер сөз саулықта,
Айтыла бермейді екен ғой.
Жандарыңды жай уақта,
Азырақ ұққан екем ғой, –

деген жолдары осындайда айтылса керек.

Біз: өкпеге қисақ та, өлімге қимайтын ағайынбыз – дегенді жиі айтамыз. Ал мен осынау орыны толмас өкінішке айнала жаздаған шетін жайды еске ала отырып: «Ажал сенің қас-қабағыңа қарамайды, қисаң да, қимасаң да дымыңды

басып тынады. Қимасаң – өкпеге қима. Өкпеге қиғаның – өлімге қиғаның. Тіршілікте сыйласпасаң, өлгенде салған топырағың – бұйыртпасың бұйыртса, бұйырады екен», – демекпін. Соның өзгелерге де тәлімі тисе екен деген сақтық тілегімен де осы жолдарды жазып отырмын. Онсыз да мағыналы-мағынасыз мынау өтпелі өмірде бір-біріміздің жанымызды жаралап алмайық – дегім келеді. Өкпе-наздың орынын толтырған сол бір пікірімді редакцияның рұқсаты бойынша пайдалана отырып, дүниеден озған рухына тағы да бір тағзым етемін.

Әр пенденің өмір өзегімен өзектескен бір адамы бары анық. Оның алдында сенің, сенің алдыңда оның жасырып істер тойы болса да ойы болмайды. Өйткені, жалт еткен көзінің қиығынан, қатар қадам басқанда тыныс алысынан, әңгіме арасында сөзінің әрінен оның жан демейі мен медеуін, көңіл күйінішін сезе қоясың. Жайшылықта сырт беріскендей көрінгенімен де, оңашада жұлын-жүйкеңнің қырындысына дейін еріп сала береді. Мен үшін Рымғали Нұрғали сондай етене жандас та, қандас та, тағдырлас та әрі аға, әрі ұстаз.

Ойлап отырсам, менің балаң санама көркемдік талғам мен ойлау жүйесінің жүлгесін есіп берген де, жазушылықтың терең сырын түсіндірген де, адамдық тағдырдың қилы сәттеріндегі қиналысының куәсі де осы адам екен. Тіпті менің бойымдағы кейбір мінездер де осы Ардакүреңнен (Жәнібек, Несіпбек үшеуміз Р-ағанды осылай атайтынбыз) ауысқанын өзім де аңғарып қаламын. Мұны еліктеудің де, тәрбиенің де жемісі деп қабылдауға болар. Басқаны қайдам, дәл осылай деп айтуға менің толық құқым бар сияқты. Оны өзі де жоққа шығара алмас. Еркелеген де, елжіреп сағынған да, еркінсіген де, ренжіткен демейін, өкпелеткен демейін, наз артқан кезім де болыпты. Бірақ соның барлығының астарында да туған ағасына туған бауырының өзімсінген терең сезімі жатыр еді.

Қазір де сол күйден арыла алмай, бастап қойған сөздің арасына уақыт салып қайта жалғастырып отырмын. Өйткені бауырында өскен қырық жылдың ішінде талай-талай қабырға қайыстырар ауыр күндерде аспандағы бұлтты ысырғандай,

бауырлап қалғанда жерден көтере демегендей, тығырыққа тірелгенде тыныс қосқандай болған жанашырлық демін сезініп, қашан қанатым қатайғанша қамқорында, қолтық қарында, бүйрек бүлкілінде жүріппін. Сондықтан да қысқа мақалада ойымды маған тікелей қатысы бар өмірдегі мінезді сәттерге ғана негіздегім келді.

Мінез демекші, аға мен бауырдың, ұстаз бен шәкірттің арасындағы ілтипатымыздан бұрын мінезіміз танысқан сияқты. Алғашқы таныстығымыз қабылдау емтиханының үстінде өтті. Сақнасы келіспеді демесең, ішкі ырғасуы мен үшін “Еңлік – Кебектегі” Еспенбет пен Көбейдің тартысынан кем еместей көрінген. Сол жылдары маған жақсылық та, жамандықта әкелетін осы “Еңлік – Кебек” болды. Үш жыл бұрын осы екі бидің айтысын сыныптастарыма түсіндіріп беремін деп “ру араздығын қоздырушы” ретінде тоғызыншы класта мектептен шығып қалғанмын. Мұхтар Әуезовтің пьесасы да арашаға жарамады. Әйтеуір, он бес күннен соң Семейдің облыстық театры “Еңлік – Кебек” спектаклін біздің ауылға әкеліп қоя қалмасы бар ма. Кітапты оқымаған Еңлік пен Кебектің туыстарының келесі, яғни, ата-аналар кеңесі спектакльден кейін шешімін қайтарып алып, “әділдік орнатқан”.

Кеудені әдемі арман мен болашаққа деген ұлы үміт әлдилеген он жеті жасымда Алматыға келіп, университеттің журналистика факультетіне емтихан тапсырғанмын. Шет тілін оқымағандар да емтихан тапсыратын болып шықты. Одан да өтер едім, басты кілтипан шығарма мен әдебиеттің ауызша емтиханынан шықты. Екеуінен де үш алдым. Ал өзге-өзге, бұл маған өліммен тең еді. Бірақ кейін анықталғанындай, бұл “үш” “саяси баға” екен. Ауызша емтихан кезінде лыпып-ақ тұрғамын, Мырзатай Жолдасбеков ағамыздың өткірдің жүзіндей лыпылдап, жастықтың қуатына жанылып тұрған шамырқанысты шағы болатын, мақтап-мақтап кеп билеттен тыс: “Еңлік – Кебектің” жазылу тарихын сұрады. Тура осы оқиғаны оқушының дәптеріне толтырып жазып үш алған “сүйікті шығарманың” кемшілігін толтырайын деп “Еңлік – Кебектің” жазылуын Шәкерімнен бастап, суылдата жөнелдім. Мырзакеннің қабағы кіржің ете қалды. Дауысы бәсең тартып: “Мына бала сайрап тұр” – деді. Қасындағы

тілші: “Естідім қалай сайрағанын. Екі” – деді. Жүрегім су ете қалды. Ақыры үшке келісті (Бұл Қ. Жолымбетов деген тілші ағамыз екен. Ал содан бері Мырзақеңнің маған беретін бағасыылғи бестен басталып, үшпен аяқталып келеді). Келесі жылы Несіпбекпен, Жүрсінмен, Асқармен, Намазәлімен, Жанболатпен бірге оқысын деген шығар, ауылға қайттым.

Бір жыл бойы әбден тақыстанып, шығарманы 4 бет етіп, Алтынсарин мен Ильминскийдің достығын мөлдіретіп жазып бергенмін. Қазақ тілінің емілесі мен тыныс белгісін тастай еткемін. Алдында Оралхан Бөкеев “Лениншіл жас” газетіне суретіммен өлеңдерімді шығарған. Бұл кітабы шыққан ақындар да сирек көрген құрмет еді ол тұста. “Қабылдау комиссиясының төрағасы Тұрсынбек Кәкішев: “Жұртбаевты құлатып алмаңдар» – деп тапсырма беріпті, оның алдында: «Рымғали деген ағаң бар, сенің өз ауылыңнан. Атағы жер жарып тұр. Сені іздеп жүр. Жүсекең – Жүсіпбек Елебеков шақырып жатыр” – деп бәрін танитын Жәнібек Кәрменов келгенде жүрексініп бармап едім. Ауызша емтиханды тапсыруға ішке кіргенде шығармадан тағы да үш алғанымды білдім. Үшті қойған Рымғали Нұрғалиев. Дүние төңкеріліп түсті. Емтихан қағазын қайтып беріп, кетуге бет алдым. Паңгерей марқұм аты-жөнімді біле сап Түрсекеңді шақырып: “Әлгі байқа деген Жұртбаевыңыз емтихан тапсырмаймын дейді. Міне, өзі. Үш алыпты” – деп мені нұсқады. Түрсекең қағазды алды да: ”Е, өз ағаң екен ғой. Рымғалидің осындайы бар. Тапсыр. Емтиханды сенен Рымғалидің өзі алады. Қалғанын беске тапсырсаң сөзсіз түсесің” – деп жетектеп апарып аудиторияға кіргізіп жіберді.

Көзілдірікті дәу қара, сырбаз сөйлейтін ағамыздың (Мырзатай Серғалиев) қасында шашын артына қайырған, көзі оттай лапылдаған (жанып емес), денесі қызудан көтеріліп-басылған жанартаудай, бәрін билеп-төстеп, өктем-өктем сөйлеген ақсары жігіт отыр. Мына жігіттен аман құтылмасым белгілі. Билетті алмай қасарысып тұрдым да алдым. Бір бала бағасын алып кеткесін маған қарап:

- Әй, сен бізді арбап тұрмысың, немене? – деді.
- Жоқ.
- Ендеше мына сұстиып тұрысың не?
- Емтихан тапсырғым келмейді.

– Ендеше біреу сені зорлап кіргізді ме?

– Иә. Емтихан төрағасы.

– Ей, сен өзің бір қырсық бала екенсің. Неменесіне бұлданасың. Ал қане билетті, әйтпесе емтихан қағазыңды әкел. Екінді қойып берейін.

– Бәрібір тағы да үш қоясыз. Оқуға түсе алмаймын. Бірақ шығарманы қатесіз жазғанмын. Тура оқулықтағыдай. Тексертейін деп едім, болмай осында кіргізіп жіберді.

– Ей, сен өзің бізден емтихан алғалы тұрсың ғой. Фамилияң кім өзі сенің?

– Жұртбаев...

– А, не дейсің, Жұртабаев сенсің бе? Әлгі “Қызылтудан” келген ақын бала сен бе? – дауысы бірден бәсең тартып, кілт түсі жылып сала берді. – Шығармадан үшті мен қойыппын. Не туралы жазып едің?

– Ыбырай Алтынсарин туралы.

– Әлгі “XIX ғасырдың екінші жартысында төбеге шығып, төңірегіне қараған қазақтың бірі” – деп басталатын ба?

– Иә.

– Қап! Мұндай сөз мектеп бітірген баланың ауызына түспейді. Көшіріп алған – деп ар жағын оқымай үш қойып жіберіп едім. Ештеңе етпейді. Келесілерінен бес алсаң түсесің. Қане, билетіңді алып отыра ғой, айналайын.

Соңғы сөзі жүрегімді жылытып жіберді де көңілсіздеу болса да билетті алдым. Екі рет дайындалмай жауап беруге ұмтылып едім, рұқсат бермеді. “Ана баладан менсіз емтихан алма” – деп әріптесіне тапсырып, сыртқа шығып, біраз бөгеліңкіреп барып келді. Қазақ тілінің сұрағын қағазға жазып беріп ем, Мырзатай Серғалиев ағамыз:

– Мен осы баланы сөйлеткім келмей тұр. Бәрін қағазға дұрыс түсіріпті. Қалғанын өзің біл, – деді.

Ауызша сұрақтардан сүрінбегенім есімде. Бірақ қосымша сұрақ дегенінді жаудырды-ай дерсің. Тағы да “Еңлік – Кебек” шықты алдымнан.

– Дастанның қандай нұсқалары бар, кім жазған?

Тағы да «халық жауының» шығармасы мен оның атын сұрап отыр. Ауызым күйіп, тақыстанып қалғамын.

– Білмеймін, – дедім.

– Қалайша білмейсің? Білмегенің қалай? Қой, мұның жарамаған. Онда өлеңді қалай жазып жүрсің?. Ауылыңның іргесінде моласы тұр емес пе?, – деп шоршып кетті де өзі де менің білмегенім үшін жасып қалғандай көрінді.

Содан не де болса тәуекелге басып, былтыр осы сұраққа жауап беремін деп әуелгі қойылған екіні үшке эзер түзеткенін ескерте отырып, Мұхтар Әуезовтің пьесасын оқығанымды, соның сыныптастарыма мазмұндап айтып бергенім үшін мектептен шеттетілгенімді, одан кейін спектаклін көргенімді, одан кейін Мағауияның дастанын, одан кейін Ойқұдықтағы 1917 жылғы қойылымын айттым. Шәкәрімге сонда да жуыи қойғамын жоқ. Бірақ Абыздың толғауын жатқа айттым. Қабағы жадыраңқы тартты. Бірақ:

– Мен сенен Әуезовтің пьесасынан емтихан алып отырғамын жоқ. Оны сенсіз де жатқа білемін. Есті ақын боласың ба, ессіз ақын боласың ба, соны білгім келген. Өз ауылыңның ұлы ақынын білмесең, өрісің белгілі болды, – деп тіпті қазбалап қоймағасын, – тағы бір нұсқасы бар дейді – деп қашқақтадым.

Сонда да тақымдап қоймады.

– Е, биыл да маған оқу жоқ екен – дедім де:

– Аға! Бұл қажының – Шәкәрімнің дастаны. Тоғызыншы класта Сирақбай Досмағамбетов деген үлкен кісіге көшіріп бергем. Сол үшін мектептен шықтым. Былтыр осы үшін үш қойдыңыздар. Ол былай басталады – дей беріп ем қайтадан жылы шырайланып, Мырзекене қарады. Сөйтіп, «Еңлік-Кебек» дастанынан шумақтар келтіре отырып айтып бердім және сол Шәкәрімнің «Нартайлақ – Айсұлу» дастанын да көшіріп алғанымды, оның оқиғасы арғын мен тобықтының ортасындағы рулық ырғасудан басталатынын, оқиғасының (Рымғали ағаның өскен жері) Бақанас, Құр, Тай, Дағандыел, Көкшетауда өткенін айтып бердім. Ақыры өлең оқытып тынды. Қойшы ауылдағы сәске кезінде өрістегі жігітті күткен, кеудесін арман кернеген қойшының қызы туралы өлең еді.

– Е, қойшының қызы қойшы жігітті армандаса жетіскен екен. Сонда қазақтың қамын кім ойлайды. Бәрі қойшы болып кетсін деп армандайсың ба. Басқа өлеңің жоқ па? Соны оқы.

Оқыдым. Бірақ жанартаудың қызуын басатындай табы жанды қаритын жыр он сегіз жастағы ауыл бозбаласынан шыға қоя ма. Шытынаңқырай қаламсабын қолына ала берді де:

– Ақын ағаңды көрдің бе? Обалда кеткен есіл өмір-ай! Қалай жүр екен?,– деді лезде өңіне мұңлы нала ұялай қалып.

Мен де түсіне қойдым. Қазақ сөз өнеріне отыз жасқа толғанша «Есіл» дастаны арқылы алғаш рет, Олжастың «Адамға табын, жер енді» поэмасынан жеті жыл бұрын сюжетсіз желі мен күрделі еркін ырғақты, құрмаласып жатқан еркін ой мен он алты буынды өлең өлшемін әкелген:

Жырларымды мақтаймын деп шала үйткен,

Нем бар еді айтысам деп Сәбитпен!,–

деп өр сөйлейтін, Драйзердің «Америка трагедиясын» аударған, сол жылдары салбурында жүрген Төлеужан Ысмайыловты меңзеп тұрғанын түсіндім.

Несіпбек Мұхтар Мағауинге ертіп барған кезде Жазушылар одағынан, одан кейін сол жылдары Шәмші мен Мұқағалидың тағдырлары жиі тоғысатын «Есік» қонақ үйінің жертөлесінен, университеттің алдынан көргемін. Соңғы жолы кездескенімде: «Қор болдым ғой, қор болдым. Енді ауылға қайтамын. Елге барғанда менің бұл жүрісімді шешеме айтып қойып жүрме»,– деп жылап жіберіп, шайқала тербеліп бұрылып кетіп еді.

– Көрдім. Жазушылар одағының фозесінде өлең оқып тұр екен.

– Түсінікті. Сол баяғы «Қойларын» ба, сен сол өлеңді білесің бе? Оқышы.

– Иә, сол «Қойлар, қойлар, шәйт дегенде сескенген»,– деп басталып, «Аға,– дедік, – туымызды оң ұстар, «Баран», – деді сонда бізді орыстар!», – деп аяқталатын өлеңін оқып жүр екен!

– Ауылда туысы бар ма?

– Шешесі мен Серік деген інісі бар. Қой бағады. Солардың қолында қыстақта тұрады. Кейде аттың екі жағына теңселе ырғалып, бөлімше орталығына келіп кетеді.

– «Қор болдым, ауылға қайтамын» – деді ме? Онда барғанда қай бір жетісіп жүреді дейсің. Сенің Абайың мен Абыралының ақынды қалай «еркелететінін» білеміз ғой.

Сендердің атомдарыңның да әсері болған шығар. Әлі де жарылыс болып тұра ма?

– Болып тұрады.

Ол кезде Дегелеңде атом бомбасының сынағы өтетінін өзге түгіл, сол полигонның сынаққа алған малын баққан бақташының баласы біздің өзіміз де өзара әңгімеде айта бермейтінбіз. Ал мына өжет жігіттің Шәкәрімді де, атом сынағын да ашық, көптің көзінше айтып отырғанына таңдана да, сезіктене қарады.

(Реті келгенде кіріктіріп айта кетейін, осынау бір есіл де өмірі өксіп кеткен ақын тағдырына қатты күйзелетін. Үнемі өзін, шешесінің қолында қалған жалғыз қызын, інісін сұрап, аманаттап жүретін. Кейін Медеу Сәрсеке ағамыз құрастырған кітабының жоспарға кіруіне атсалысты. Естеліктер жинағын құрастырды. Бірақ басылмай қалды. Ақыры менің қолыма түсіп, қайтадан қарастырып шығуды өтініп ем:

– Неткен бақытсыз, талайсыз, тағдырының зауалы басым жан еді. Сол туралы ойлап, бір ісіне араласайын деп кірісsem болды, бір трагедияға тап боламын. Иесі де, киесі де ауыр екен. Өткен жолы Айғалидан айырылып қалдым. Енді жүрегіме тиіп қалыпты, қолыма да алмайын, сен өзің бітір, не ана аталас інісі Бауыржанға (Жақыповқа) тапсыр, –деп тайсақтай жауап беріп еді.

Шындығында да Төлеужан марқұмның тағдырында осындай бір зауалдың, «Демондық» – Дүлейлік күштің барлығы рас еді. Мен де сондай тылсым күйге жолықтым да қолжазбаны ысырып қойдым. Сол естеліктер жинағы әлі де басылмай жатыр, қолға қайталап алуға тітіркене беремін. Мүмкін кездейсоқтық шығар, дегенмен де Рымғали аға аңғарғыш еді ғой. Қайтып ағамыздың алдында Төлеужан туралы сөз қозғамайтын болдым).

Осы жарты сағаттан астам уақыттың ішінде басын бірінші рет төмен салып біраз үнсіз отырып қалды да, емтиханның онсыз да ұзаққа созылғаны есіне түсті ме,

– Ал, Мырзатай, мына балаға неше қоясың? – деді.

– Бес қоямын. Өзің ше?

– Мен алты деген баға болса алты қояр едім. Енді екі бес алса оқуға түсе ала ма? Ал, сен, бауырым, енді өкпені қой.

Тарихтан жақсылап дайындал. Бес ал. Осында Бақтажар Мекішев деген ағаң бар. Білесің бе?

– Білем. Мекішпен менің әкем құрдас.

– Ендеше соған неге жолықпайсың. Қазір мені күт. Емтихан біткен соң шығамын,– деді.

Сыртта жаңа ғана танысқан кірпі шашты, қаршыға көзді Несіпбек күтіп тұр екен. Болған жайды айттым. Ол Рымғалиді біледі екен. Ағасы Қабдеш Жұмаділов пен Мұхтар Мағауин мұны соған тапсырып қойыпты. Қойшы, содан екеуіміз екіндіге дейін бас почтаның алдында ағаны тостық. Ағамыз жоқ. Сөйтіп тұрғанда көрші ауыл “Қайнардан” бітірген Айғали Файзуллин жолыға кетті. Кеудесі кең, көңілі көтеріңкі. Сөзі өткір. Мен жөнімді айтып едім, телефонға жүгірді. Ар жағындағы адаммен: “Қайда жүрсің? Сені күтіп жүр ғой. Адамды неге шаршатасың” – деп телефонды маған бере салды. Сөйтсем, біз күтіп тұрған Рымғали ағамыз: “Мен ұмытып кетіппін. Хабарласып тұр. Үйге кел Айғалимен. Қалғанына көмектесемін. Айғалиға ақылыңды айт. Түскен соң да қыдырасыңдар” – деп ағалық мейірім танытты. Сөйтсем, Айғали – Рымғали ағаның туған кенже інісі екен. Әрине, бұл маған үлкен демеу болды. Тарихтан өзім де қамсыз емес едім. Алатын бесін алып оқуға түстік. Сөйтіп, “Еңлік – Кебек” мені үш рет сүріндіріп, Рымғали ағаның алдына тағзым еткізіп барып жолымды ашып еді.

Бұл арада мен өзімді емес, Рымғали ағаның жас кезіндегі өтімді де өрт, асқан мейірімді, әділ, жігіттің сұлтаны шағындағы мінезін көрсеткім келді. Шындығында да ажары ғажап, алды алымды, еңсесі өр еді. Кейінгі жылдары сол мінезі сирек те болса сыртына шыға келгенде іштей сүйсініп тұратынмын, кейде әдейі сөйлеткім келіп мінез де көрсетіп қоятын кезім бар еді. Жалғыз мен емес, сол кезде көргендердің бәрі де сол әсерді сезінген екен. Тұрсынбек Баймолдаев сияқты шәкірттері қазір де ұстазының үлгісімен екпіндетіп сөйлеуден танбай келеді.

Бұл 1969 жылдың 2 тамызы болатын.

Сол күннен бастап Рымғали ағаның бауырына кірдім. Оның әр сөзі, мейірімі, ақылы туыссыраған көңілдің жұбанышына айналды. Күзгі дәріс басталғанша “Трагедия табиғаты” атты монографиясын оқып шықтым. Күз соңында

“Талант тағдыры” да қолға түсті. Алғашқы кірген көп қабатты пәтер, қабырға толы кітап сөресі, неғыласыз, қала мен білім қарекетіне қатысты жайдың бәрін осы үйден көріп, таптым.

Ал Рымғали ағаның оқыған лекциясын айтсаңшы. Алла, сөз бен білім дәл осылай қабысып та шығады екен-ау. Пафос қандай! Өзің де көтеріліп отырасың. Кейде бойыңды шымырлатып, кейде тітіркендіріп, кейде суытып, миыңның ішін шаңдатып кететін. Әдебиет теориясына келтірген мысалдарын алдындағы алақандай тілшеге қарап қойып:

Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді құлыным,

Сексен асып тақағанда тоқсанға үзілді ғой жұлыным, – деп лапылдатып жібереді.

Илиястың теңеулерін Уольт Уитменмен, Поль Элюармен, Пабло Нерудамен шендестіріп, қазақта мынадай да ақын болған деп, Мағжанның «Түркістан», «Шойын жол» атты өлеңдерін жатқа айтады. Қисындық терминдерге қатысты мысалдарды Флобер, Стендаль, Кафка, Сартр, Джойс, Хэмингуэй, Әуезов, Мүсірепов, Соқпақбаев шығармаларынан алып, оларды салысырып, «қара шалды» басым етіп көрсетеді. «Қилы заман» атты бізге бимәлім шығарманы таныстырып:

«Сонымен өмір бойы дұшпан ниетімен келген ескі жәрмеңке үлкен өрттің құшағына кіріп, қара түтіннің астында тұншығып, бықсып, жоғалып бара жатқан шақта қалың албанның елі де Қытайға қарай бет түзеді. Салқар-салқар болып, қайтқан қаздай тізіліп, ауа көшіп тартып берді. Артында қара түтін боп жәрмеңке қалды. Иесіз болып қаңырап Алатаудың жайлауы қалды. Кіндігін кескізіп, кірін жуған момындық күн қалды...Тау толған арқар, бұғы, елік, қара құйрық, таутекедей жабайы, жайын көршілер қалды...Жұртта қалған бұралқы иттей болып, ұлықтардың обозының артынан ере бермекке тілмәштар қалды. Оспан мен Жебірбаев қалды», – деп екпіндете лықсытады.

Сөйтсек, Мұхтар Әуезовтің мұражайының қорында белгісіз жатқан «Қилы заманды» тауып, алғаш жұртшылыққа жария еткен Рымғали ағаның өзі екен. Ал былайғы оқырман бұл шығармамен арада жеті жыл өткен соң барып, онда да орыс тілінде танысты. Бұл біздің құмарымызды оятты. Өзге

курстың студенттері де келіп жүрді. Үзіліс кезінде сұрақтың астында қалатын. Ал мұның барлығымен кітапхананың сирек қоры арқылы танысуға болатынына жөн сілтеп, мұрағатқа дәніктірген де Рымғал ұстаз болатын.

Дәріс кезінде сескендіріп сөйлегенімен де, жеке әңгімелескенде керемет мейірімді еді. Алғашқы айдың өзінде маған ол жылдары жасырын оқылатын Мағжанды ақтау туралы Дінмұхамед Қонаевқа жазған башқұрт ақыны Сәйфи Құдаштың көлемді хатын таныстырды. Іле Сәду Машақовтан алып келген Жүсіпбек Аймауытовтың “Жан жүйесі” мен Міржақыптың “Бақытсыз Жамалын” үйінде жатып оқытқызды. Сол әсермен Ұлттық кітапхананың сирек қорынан Аханның, Әлекеңнің, Міржақыптың, Жүсіпбектің, Мағжанның шығармаларына Айтуған, Нұрқасым, Несіпбек, Жанболат бәріміз бірінші курста-ақ қаныға бастадық. Лекция болар күннің алдына ағамыздың өзі де бізбен бірге кітапханада отыратын. Кейіннен біздің конспекті дәптерлерімізді жиып алып, соның негізінде «Өнер алды қызыл» тіл атты теория кітабін дайындап шықты.

Ал көркем әдебиет туралы пікірлері ұшан-теңіз. Мен шет елдік сирек шығармаларды алғашқыда осы үйдегі кітапханадан алып оқыдым. Бір курс жоғары Марат Қабанбаев та анда-санда кітап алып тұратын. Одақтас республикаларға жазушылық іссапарға шыққанда үнемі кітап алып келеді. Кейбірін маған сыйлайды. Шығармашылық психологияны терең зерттеген, менің кейінгі көркем көзқарасымның қалыптасуына жыға әсер еткен Ян Парандовскийдің “Сөз сиқыры” әлі күнге дейін менде сақтаулы. Екі рет қайырып беріп, үшіншісінде сіңіріп кеттім (Өзінің де жастық шақта сіңіре де қызыға оқыған «қимасы» болса керек, осыдан екі-үш жылға дейін сұрап жүрді. Өзге басылымдарын ұсынып едім, бас тартты).

Ойымызбен өреміз, ойлау жүйеміз, қоғам туралы пікіріміз бірден өзге бағытқа өріс алды. Ол жылдары жазушылар Хэмингуей мен Сэлинджерсіз сөйлемейтін, біздің шал, әлгі шал деп, бір-бірін Мағауин, Ысқақов, Аязбаев, Шайкенов, Әкімжанов деп фамилиясымен атайды. Бұл “ауру” бізге де жұғып, бір-бірімізді Кәрменов, Айтов, Алпысбаев, ал ағаның өзін Ардакүрең дейтін болдық. Одақтағы түрлі жиналыс

пен съездің шақыруы Р-ағанның мойнында. “Көшпенділер” мен “Соңғы көш”, “Көк мұнар” талқыланғанда да ағаның қолтығында жүрдік. Сол жылдары аға ақын-жазушылармен де ұстазымыз таныстырды, Сапарғали Бегалинді әке қатарында сыйлайтын. Күйтабақтағы Әміренің дауысын тапқан Жарқын Шәкәрімді түн ортасында Сапакеңнің үйіне ертіп апарып әнді тыңдатты: «Қаншама нашар сақталған болса да Әміренің дауысының мәнері сақталыпты»,– деп Сапакеңнің жылағаны есімде. Онымен да тоқтамай түні бойы Алматыдағы ағалары мен достарын тегіс аралап, таң атпай радиоға, одан телдидарға апарғаны есімде.

Жаңалық біткенді тез іліп алып, соны елге жеткізгенше тағаты қалмайтын. Ілияс Есенберлин бастатқан қаламгерлермен кездесулерді жиі өткізіп тұрдық. Есенберлинді, Ахтановты, Соқпақбаевты қатты қадір тұтатын. Бердібек марқұмды қонаққа шақырып, жерге дастархан жасап, Несіпбек екеуміздің күтіскеніміздің, соңында шығарып салғанымыздың өзі бір әңгіме. Әдеби сыннан жолы болмаған Бердібектің «Өлгендер қайтып келмейді» романына пікір жазып, орынсыз сынға араша түскендіктен де: «Менің сыншым – Нұрғалиев. Қалғандарының бәрі мен үшін Тахауимен тең», – дейтін.

Әлем әдебиетінің тарихымен де әуелі Рымғали ағаның үйдегі лекциясы арқылы танысып, екінші курста бесінші курстың деңгейіне жетіп қалдық. Үйіне қонып шыққан күні Рымғали аға Айғали екеумізге үш теңгеден, Ләпән – Ләтипа апай он теңгеден береді. Бұл күтіп ұстаған адамды жиырма күн толық асырайтын. Абайдың 125 жылдық тойында Оралхан екеуін Қарауылда қонақ етем деп Алматыдан ауылға ұшып кеп, ақыры өздеріне қонақ боп қайтқан аңғал да алаңғасарлау сәттер де болды. Несіпбек Қабдеш пен Мұхтар ағасының ортасында “қорғасындай балқып жүрді”, мен Рымғали ағаның етегінен нық ұстап айырылмадым.

Сынды көркем де шешен тілмен жазу осы Рымғали ағадан басталған дәстүр. Жалынды жастық оты қайтпай тұрып отыз жаста докторантураға шықты. Бұл сол жылдары қоғамдық саладағы шектен шыққан данышпанның да қолынан келе бермейтін оқиға еді. Сол күннен бастап ағамыздың әбігері басталды. Зерттеуі қиын жазылды.

“Күретамырдың” басылуы да баяу жүрді. Ал қорғаудың алдындағы қарбаласты айтпаңыз. Біз – Несіпбек пен Манат машинкадан шыққан беттерді оқимыз. Қатенің орынын ақтап, оның орынына әріп кесіп жапсырамыз. Жан-жаққа автореферат жібереміз. Әдеби ортада тілектестер көп, ғылыми ортаның бақталасы басым. Қорғауға байланысты қиянаттарды естігенде төбе құйқан шымырлайды. Қорғауға жетпістегі әкесі Нұрғали атамыз да келді. Диссертация ұзақ талқыланды. Бір адамның қарсы болуымен дауыстан өткенін естігенде атамыздың мойнынан құшақтап жібермей тұрып алғаным әлі есімде.

Дастархан әзір еді үйде. Бірақ Мұхтар Мағауин екеуі үйге кірмей үш сағаттан астам уақыт Панфилов паркінің ішінде ұзақ әрі алаңдаулы күйде әңгімелесті. Айғали екеуіміз ту сырттарынан алыстау жерде ілесіп отырамыз. Әйтеуір үйге бұрылғанда көңіліміз орнына түсті. Бәрі де тынышымен біткен сияқты болатын. Арада үш ай өткен соң ағаның алаңы ашық қауіпке ұласты. Сөйтсек Мәскеуге өзге ағаларымыз салмақты арыз жазып та үлгеріпті. Ол да жабылып, жарты жылдан соң жақсылыққа бет алған сияқты болатын. Бірақ екінші рет қайталанып жазылған арыздар ақыры диссертацияны бекіттірмеді. Бұл лаулап тұрған жанартауды өшіргендей сенімсіз, бірақ шындық оқиға еді. Сол кездегі алғашқы әсер ме, жоқ, ғылыми талап пен жауапкершіліктің күштілігі ме, білмеймін, қазіргіге қарағанда, жұмақ пен тозақтың арасындай тұрғандай жанталаспен өтуші еді.

Адамның адамға ашық қиянатын алғаш көргенім осы. Келесі қайта қорғау өткенге дейінгі бес-алты жыл Рымғали ағаны жүйкелетіп жіберді. Ұйқысыздық, мазасыздық, жалғыздық, сенімсіздік, өзін қорланғандай сезіну, айналасының алаңы төзімді жұқартты. Сондай сәттерде Жәнібекті, Құныпияны, Несіпбекті, мені шақырып алып қона-жастана әңгімелесіп, қасынан шығарғысы келмейтін. Саяжай сатып ап барып жаны сая тапқандай болды. Адал да аяулы досы, курстастары Құрманбай Толыбаев, Мәткәрім Әкімжанов, Әміржан Қалиев ағалармызды алдыға салып ап барып тұрамыз. Неше түрлі қалжың да сонда туды. Несіпбектің “Қарға бойлы Қазтуған” атанып: “Галстугын байлап ап, екі бетін майлап ап, бірі келер сәнденіп, бірі

келер бәлденіп. Жаның болса Кәрменов, қаның болса Кәрменов, Алпысбаевты ал келіп” – деп шұбыртатыны да сол Обсерваторияның түбіндегі саяжайда өтті.

Ой деген ұры емес пе, онда да тыныштық бермеді. Ақыры көлік сатып алып барып езгі ойды шаң қаптырып адастырып, серги берді. Еңсесін көтерді. Өзі “Ақ бұзау” деп атаған жеңіл көлікпен біз қайда бармадық десеңші. Әсіресе, Несіпбек, Жәнібек, Құныпия ағаның тұрақты жол серіктері болды. Шалкөде, Жіңішке, Көкқасқа аттың жайлауы, Сартауқұм, Бозой, Сарқан, Алакөл арасындағы айтылған әзіл, Жәнібек пен Несіпбектің айтысы бір томнан асып жығылар еді. Соны ұйымдастыратын да, тарқататын да, басты кейіпкер де Рымғали ағаның өзі болатын.

Екінші рет қорғауға тақырыбы бекітілген соң тамырына нәр жиып, қуаттана күш алды. Бірақ та баяғы жанартау, жалын от, өктем ой сол қалпына қайтып келмеді. Бір күні Төлебаев көшесінің бойындағы ұстаздарының көңілін сұрауға шықты. Әуелі Темірғали Нұртазиннің үйіне кірді. Үмітсіз дертті еді. Ол кісі: ”Рымғали әлі жассың. Осы әдебиеттану ғылымына жолама. Сатқын ғылым екен. Сен жаңа ой айтасың. Ертең оны біреу малданып кетеді. Артыңа із қалдырмайды екен” – деп өсиет етті. Содан Бейсекеңнің – Бейсенбай Кенжебаевтың үйіне кірді. Ұлы ұстазы: “Темірғали да нашар жатыр. Мен де сыр бере бастадым. Темірғали көңілге беріліп кетеді. Оның сөзіне ерме. Бастағанды тастама. Сын – ұлы ғылым. Берік бол” – деп шегелеп қоя берді. Одан өрлеп Мұхамеджан Қаратаевқа сәлем бере кірді. Ортаңғы бөлмедегі үлкен столға басын қойып қатты ойға кеткен екен. Басын көтеріп: “Жағдайдың несін сұрайсың. Жан-жағыма бомба түсіп отап жатқандай, Темірғали мен Бейсенбайға да тырнағын салыпты. Сол бомба енді маған қашан түседі деп күтіп отырған жай бар. Қуатың бар кезінде қаламыңды қатты ұста. Өкініш өмір болмайды” – деді. Осы сөздерді Рымғали ағадан естігенде тіксіне қалдым. Сынға үйір едім. Қайтып жоламаспын-ау деп іштей бекінгенім әлі есімде (Неден қауіптенсең соған жолығасың деген. Ақыры айналып сол шырғаға түстік қой). Қалай дегенмен де үш ұстазының да өсиетін кезек-кезегімен орындады. Әуелі “Дән” атты өмірлік дерекке құрылған әңгімелерді, содан кейін “Ертең ат шабыс”

хикаятын жазды. Іле драматургия туралы монографиясын қолға алды.

Әдебиет туралы әңгімелер тағы да алдыңғы қатарға шықты. 1976 жылдың қыркүйегінің соңғы күндерінің екінтісі болатын. Әңгімелесе жүріп Рымғали ағаның ауласына кіргенде кезіккен егде тартқан өжет әйел батыл-батыл сөйлесе амандасты. Ол кісі кеткен соң: “Бұл мықты апаңыздан Әуезовтің өзі именіп жүретін болған. Әйгілі “Қаралы сұлудың” прототипі осы кісі. Мықты кемпір. Тура сенің ауылыңнан” – деді. Жалпы ол кісінің туған-туыстарынан хабардар болатынмын. Әйгілі Ике мен Мұсатайдың келіндері. Содан сөз Әуезов шығармаларының шығу тарихына ауысып кетті де соңы тапсырмамен аяқталды. Абай мен Әуезовтің шежірешісі мен болуым керек екен. Оның өлең мен көркем шығармаға қатысы жоқ екен. Сөйтіп, Рымғали ағаның сол кигізген қамытынан басымызды шығара ала алмай қалдым. Ал өзіне оқуға берген Шәкерім мен Мағжанның өмірін тұспалдап жазған “Жер-бесік” атты роман-новелланың екінші бөлімінің көркем шешімін мүлдем өзгерттірді. Зиянынан қорықты.

Сөйтіп менің қалған шығармашылық өмірімнің арнасын мүлдем басқа жаққа бұрып жіберді. Алғашқы өлеңдер жинағымның қолжазбасын өзі апарып баспаға өткізді. Марқұм Қабдікәрім Ыдырысовтың демеуімен ұзамай жарық та көрді. Міне, оған да қырық жылдан асыпты. Сол күні басталып кеткен, келе-келе өлеңді де, прозаны да шетке ысырып тастаған Мұхтар Әуезов туралы шығарманы әлі бітіре алмай жүрмін.

Докторлығын екінші рет қорғаудың алдында аралас адамдарының өзгере бастағанын байқап ем: “Ал енді бұрынғы ағаларыңды іздеп әуре болмаңдар. Бұл жолы аянбаймын. “Жанашырларыммен” жақынымдай, жақындарыммен жатымдай аралассам таң қалма” – деді. Өзі қауіптенген адамдар қолдап шықты да сәтті қорғалды. Оппонент Мәскеуден келді. Оны достары Сейіт Қасқабасов пен Өмірзақ Айтбаев оңаша күтті. Аға екеуіміз такси ұстап, бір сағат Секеңнің үйінде, бір сағат өзінің үйінде болып, екі араға түн ортасы ауғанша «теңселумен» болдық. Өмірзақ ағаның сол күнгі дауысы әлі құлағымда. Сонда да өз

қатарының алдындағы ең жас доктор, ең жас академик, ең жас лауреат атанды. Жаңа достарының кітап жазуға мүмкіндік бермегені болмаса, дегенінің бәріне жеткізді. Керісінше өз ағайындарын өкпелетіп алды. Әрине, бұл түсінуге болатын, солай істелуге тиісті жай еді. Өкініштісі, кейбір өте етене достарымен арасы алшақтап, барған сайын суық тарта берді. Бір түскен жарықшақ қайта сызатсыз бітпейді екен.

Бұдан кейінгі менің тіршілігім жеке тағдырға ұласты. Рымғали ағаның өзі әуелі мектеп, содан кейін университетке түсірген менің туған қарындасым Төлеу ақ қаннан қайтыс болды. 1963-1964 жылы тура полигонның өз ішінде Дегелең мен Балапан шахтасының ортасында, біреуінен – 6, біреуінен – 15 шақырым жерде тұрып ек. Пәле содан жабысқан болып шықты. Қарлы қарашаның қайғылы қара түнінде, түнгі сағат үште қараңғы көшенің бойындағы телефонмен үйіне жылап тұрып хабарласқаным есімде. Ондай дертке ұшыраған адамның мәйітін бірден бере қоймайтын. Ендігі уайым сол еді. Таңғы сегізде ауруханаға келіп бас дәрігердің рұқсатын алып берді. Іле-ағаның ең сүйікті де талантты суретші інісі Жеңіс те сол полигонның дертіне шалдығып өмірден өтті.

Сондай күнгірт күндердің бірінде, дәлірек айтсам 1980 жылдың 6 мамыр күні, Асанәлі Әшімов СССР халық артисі атағын алған күні Қалибек Қуанышбаев туралы дерек іздеп театрға барамын деп мен бір шолақ оқиғаға іліктім. “Жұлдызға” жаңа орналасып, белімді тіктегендей шақ еді. Сейілғазы досым түнделетіп біраз адамға хабарлапты. Таңертең ерте Рымғали ағаның машинасына отырып Сағат Әшімбаев марқұм, Жәнібек марқұм және Несіпбек мені Алматыны шыр айналып іздеуге шығады. Сөйтіп алаңдап жүргенде апатқа ұшырайды. Сағаттың аяғына зақым келген, Несіпбектің иығы шыққан, әйтеуір өздері аман-есен. Ал “ақ бұзаудың “көркі кеткені” өз алдына. Бұдан бейхабар мен үш күннен кейін барып болған жайды естідім. Өзімді қоярға жер таппадым. Не хабарласудың бабын білмедім. Содан жарты жылға дейін кездеспей тайсақтап жүрдім. Көліктің дауының өзі ұзаққа созылды. Бір күні Рымғали ағамен де, Сағатпен де бетпе-бет келіп қалдым. Екеуі де: “Сенің не жазығың бар. Тек қалдарыңыз қалай демегенің болмаса” – дегенде иілген бас қайтып көтерілмей қалды.

Аталған жігіттердің адамгершілігіне осы күнге дейін тағзым етем. Әрине, алдымен Рымғали аға мен Сағат марқұмға. 1982 жылы августта ұлым Алмас суға кеткенде: “О, сорлы!” – деп көріскендегі суық дауысы қазір де құлағымның түбінде. Сол сөз менің ішкі сезімімді тітіркендіре суытып жіберді. Табалағаны ма, жаны ашығандық па – деген сұғанақ ой миымды көпке дейін тілгіледі де жүрді. Бірінші рет ағаның осы сөзі көңіліме келді. Мұны ол кісіге айттырып, маған соны естірткен де тағдыр ғой. Дегенмен де...

Сол бір ауыр күндердің табы тағдырымыздан әлі де сезіліп қалады. Тегінде өзектес жандардың бір-біріне тым жақын тартылуы да жүйкеге салмақ сала ма, кім білсін. Кейінгі жылдары Айғалидің қазасы соны еске салған тосын оқиға болды. Осыдан кейін Рымғали ағаның көңіліне кәдімгідей уайым кірді. Өмірдің өзге де берекелі бейберекеті жүрегін шаншыған шығар. Бауырдан айырылу бастан өткен жай ғой. Орынсыз еркелеп кетіп өкпелетіп аламын ба деп оңаша жолығудан бойымды қашық ұстауға тырысатыным да содан еді. Өйткені сөгілген жіптің тігісін табуы қиын. Ал мен қандай жетістікке жетсем соның басты бір себепшісі осы Рымғали аға. Кемістігімді ескерткен сәттерінде: “Өзіңден көріңіз, дұрыстап, жеріне жеткізе тәрбиелемеген” – деп сытылып кететінім де бар. Мұның барлығы сол баяғы өзімсінген көкбауыр мінездің демі.

Ағайын мен достың назы ауыр, жақсылыққа бергісіз жамандығы, жамандықтан да сорақы жақсылығы алмасып жататыны кейде жазықсыз жаныңды қинайтыны да бар. Сексен жетінші-сексен сегізінші жылдары ағалы-інілі, ұстаз-шәкіртті екеуміздің арамызда үнсіз салқындық орнады. Қиналысы мен толғанысы көп, менің Олжастың тапсырмасын орындап, «ең жас алашшыл» атанып, қабылданбаған қаулыға атым жазылып қалған шақ болатын. Соңымнан арыз да молайып, «Жас алашшыл ұлтшылдан сақтанайық» деген мақала «Қазақ әдебиетіне» түскен кез еді.

Бірде Мекемтас Мырзахметов пен Қойшығара Салғара ағаларым жеке-жеке келіп, Орталық комитетте мен туралы үлкен пікір қозғалып жатқанын, ол материалдарға пікір білдіруді партиялық құпия тапсырма ретінде өздеріне тапсырғанын, не деп жазғандарын, соған жауапты дайындай

жүруімді ескертті. Сол кезде Рымғали аға еске түсті. Салқын қарсы алды, сөзімді құлықсыз тыңдады, ең соңында: «Жә! Осы пәлеге өзің тіліңнен ұрынып жүрген жоқсың ба? Сен: Рымғали Нұрғалиев менің Әуезов туралы деректерімді пайдаланып, соны қызғыштай қорғап жүр депсің ғой. Мұның қалай?», – деді. Өзге-өзге, мұндай сөзді ағадан күтпеген едім: «Иә, осы тақырыпқа жолықтырған Рымғали Нұрғалиев еді. Енді содан қалай құтыларымды білмей жүрмін – дегенім рас. Ал, өзіңіз берген тапсырманы орындап жүріп өзіңізге қалай пәле жабамын. Асырып айтып тұрсыз. Мен Әуезовті жазбасам да қаламым суымайды. Бүгіннен бастап қойдым», – дедім. Содан бастап он жыл бойы «Бесігіңді түзе!...» мен «Бесігіңді аяла!...» кітаптары еш жерге басылмады. Баспалар қайырып берді де отырды. Тәуелсіздік келді. Мен өз ырқымнан тыс тағы да Әуезовке ат басын тіредім.

Сол әңгіменің салқыны ма, неге екенін білмеймін, Ләйлә Мұхтарқызы Әуезованың: «Егер Әуезовтің рухын сыйлайтын болсаң, онда менің өтінішімнен бас тартпа», – деген базынасынан бас тарта алмай, Мұхаңның мұражайына ауысуымды онша қолдай қоймады. Сөйтіп жүргенімде Ләйлә апай қақпайлап жүріп, кітаптың негізінде кандидаттық диссертация қорғатуға алып келді. Ресми оппонент ретінде Рымғали ағаны таңдап алып, авторефератты дайындап, енді қол қойғызуға апардым. З.Ахметов марқұммен шайтанқұлақ арқылы ұзақ сөйлесті. Бір уақытта қаламсабымен мұқабаның бетіндегі адамның атын сызып-ақ тастағаны. Кері шегінуге жол қалмаған. Рымғали Нұрғалиев сызып тастады десем, арандатқан боламын: «Әйтпесе қол қоймаймын», – деді. Орынымнан атып тұрдым да: «Осыған құмартып жүрген мен жоқ. Онда өзіңіз бір шәкіртіңізге қорғатып алыңыз. Енді мен қорғамаймын», – деп қолжазбаны алдына тастай салып, бұрылып кетіп, шақырғанына қарамай сыртқа беттей бердім. Қалай жаныма жетіп келгенін білмеймін: «Үй, дүлей!», – деді де мұқабаға қолын қойып берді. Осы өзімсіген сөзі көңілімді жадыратып жіберді, соны Ләпәңнің дәмін татумен аяқталды.

Содан кейін ежелгі еркелік пен еркіндік қайтып қалпына келді.

Тура сол жағдай докторлық диссертацияда да қайталана жаздады. Бірақ ол кезде қолды қоюдың қажеті жоқ болатын

және тақыстанып та қалып едік. Шындығына көшсек, оның мені бұлай өзімсінуіне толық қақы бар болатын. Мұндай ньюанстар ғылым, диссертация деген салада көп болады екен. Кейін де соған бойсына алмай, бір-екі рет кеңестен босату туралы өтініш беріп ем, кеңес мүшелерінің көзінше рахаттана отырып күлдей ұсақ қып жыртты да: «Жүр, шәй ішіп келейік», – деді. Әр түрлі әңгіме айтып, қалжыңдап, ұмыттырып жіберген болды. Әрине, мен де «ұмыта» қалдым.

Астанаға ауысқан соң бұрынғыдай отбасының тұрақты қонағы болдым деп айта алмаймын. Алайда қалыптасқан жағдайға байланысты тебіреністі, күйзелісті, екіұшты ойдың соңына көп берілді. Қарындасы Әсима қайтқан соң тіпті тұнжыраңқы тартты. Өзін-өзі іштей мүжуге бейімдеу боп жүрді. Оңаша қалсақ жүрекке салмақ салатын әңгіменің әуеніне көшіп кетерміз деген ниетпен, үнемі жеңілдеу сыдыртып, тездете амандасып, сырдаң тартып жүрдім. Кейде сағынып кеткенде арқасын қапсыра құшақтап, бір иіскеп, жылдамдата шығып кететінмін. Сөйтіп жүріп сөз басында айтылғандай налытып алғанымды несіне жасырайын.

Жоғарыда ескертілгеніндей, осы танысу мен қоштасудың арасында өткен қырық жылдың әдібін аз сөзге көп мағына беріп жазуға екінші тапсырыстың да уақыты тығыз боп, көп оқиғаның қайырымы келмей қалды. «Өзі шарапатын тигізген шәкірт інілерінің бірі есебінде бұрынғыдан да қаттырақ бауырына баса түссе екен деп тілеймін», – деген назымды көзі тірісінде оқып, тілегімді берген ағатайымның дәл бұлай көз жаздырып кетерін кім білген.

Рымғали ағаның кенеттен, сонау алыс Дубайда үзілген, ғұмырының соңында қос жарылған өмірі де, шындығын айту керек, ағайын-досқа біраз алаңдау туғызды. Көңілді күпті еткендей көрінді. Достарының сыналатын шағымды шағы еді. Алатаудың биік шоқысының ең биік тұсынан тұңғышы Ардақ пен Елдос, Ләйлә, Айша, Рабиға таңдап, топырақ салған мәңгілік қонысы, рухы ұялаған бақилық бесігі – Рымғали марқұмның тұғырына лайық. Енді ол рух – мүсін боп сол биік тұғырдан бүкіл қазақ даласына өткір де өжет, жылы да жылдам, намысты жанарымен көз жазбай қарап тұратын болады. Ал оның «Үшінші Алматыдағы» сол рух мүсіні мұқым елінің, тұтас жұртының көз алдынан мәңгі кетпейді, жадында, жүрегінде сақталады.

Ол енді жоқ. Ол да жоқ. Олар да жоқ. Жазуға отырған кезімде ол үнемі қарсы алдымда қарап отырғандай сезінетін болдым. Күтпеген жерден түсіме кірді. Тамшысы ірі жолақты костюм-шалбар киген, ақ жағасы, галстугі де сықия тағылған, қарсы алдымнан шыға келді. Өңі қоңырлау, жанары тік, адымдай басып қасымнан өте шықты. Қайда барады? Белгісіз. Сол сәтте, енді ол жолдың мәңгі қиылыспайтынын ғана ойлағаным есімде.

Жолымыз қиылыспағанымен ойымыз сәт сайын қиылысатынын ғана медет тұтумен осы жолдарды жаздым.

Астана. 2005-2010.

САУСАҒЫ СҰЛУ СЕРІ

(Ақселеу Сейдімбеков)

Тал бойы сұлу жігіттен мін табу қиын. Ал Ақаңның – Ақселеудің біреу тілін, біреу түрін, біреу жүрісін, біреу тұрысын, біреу аңшылығын, біреу әншілігін, біреу әңгімешілдігін мақтайды. Азаматқа тән келісімнің бәрі бойынан табылып жатқан Ақаңның сол қасиеттерінің барлығынан көрі мен оның салалы саусақтарын ерекше бағалаймын. Шорлана мүйізделіп, майыса біткен сол сұқ саусақ пен ортан терек болмаса руханиятымызды байытқан қаншама кітаптардың жазылмай қалатыны да рас. Бірақ мені ол да таңдандырмайтын. Шынын айтсам, Ақаңның сол сүйрік саусақтарына домбыра шерткен кезінен басқа уақытта мән де бермеппін.

Ал сол саусақтар домбыраға тиген кезінде, шіркін-ай, ерекше салаланып, сұлуланып, қасиеттеніп кететін еді. Сәл басын иіңкіреп, қаршыға көзі пернелерге қадала түсіп, затына атын дәл тауып қойғанындай, Бетбақтың ең даласындағы жалғыз төбенің басына өскен жалғыз тал сұңғыла ақ селеудей сүйріктеніп, бүлкілдете жөнелгенде – даланың өзі қоңыр, мұңды, шерлі үнмен боздап қоя бергендей болатын. «Жасынан түсін билеп, сыр бермеген, күлсе де, ренжісе де білдірмеген», – деп Абай жарықтық сыпаттаған Онегиннің тірі сұлбасы сияқтанып, жеңіл күрсінісін де білдірмей, дымынды демімен өзіне тартып ала қоятын.

Жат дыбысты сорып алып шанақтың ішіне дем етіп салып жіберетін. Содан кейін мысыңды жеңілдеу леппен басып, жеңіл тылсым ауамен самалдатып, шымырлата шымши жөнелетін. Оң қолын шанақтан жоғары серпе тоқтатып, бас бармағын қайқайта қайырғанда, көз алдына елестеп отырған Ертөстіктегі «Көшпелі дүниенің» шымылдығын серпе жауып жібергендей болушы еді. Әлгі әсер де шорт үзіліп, жаның тыным табатын.

Соншама ауыр, аңсары басылмайтын сарынның лебін сол салалы оң саусақтарын жаза тоқтағанда, өзінің ішіне тартып алған демімен қайта сыртқа шығарып жібергендей әсер қалдыратын. Сарғайған сартап даланың сартап сазының жеңіл ғана желпінісі көңіліне ұйып, санаң да тек таңданыстың сарасы ғана қалатын. Іле, әлгі ауыр ой мен түйсікте таты қалған таңданысты сейілткісі келгендей, Ақаң тыңдаушысының көңіл ауанына орай өзі тартқан күйге өзі таңданып, өзі тамсана сөйлей жөнелгенде, мына әңгіме алдыңғы күйдің әсерінің бетін сырғытпалап өтетін. Ондайда небір шешенің Ақаңның қасында жіп есе алмайтын.

Сарын мен сөздің үстемелеген екпінімен әсерленіп отырған сенің дымыңды сыртқа шығарып, демінді алдыра беріп, сол арада сондай бір жарасыммен шақшасының түбін тықылдатып қаға бастайды. Содан соң насыбайды алақанына сырбаздана сілке салып, бабымен бір атып үлгеріп, жайбарақат қана: «Біздің Арқада, тура біздің ауылда...», – деген кезінде бойың жадырап сала беретін. Ар жағы «асу-асу бел, Арқадан соққан жел, жағалай қонған ел» болып кететін де, әсердің ауаны мамыражай күйге ұласып, жаның тыныштық тауып, санаңда рақатты бір таңданыс қана қалатын.

Бойды үйрете, еркелікті үстемелете келе, ағылыми тұрғыдан зерттей келе», оның саусақтарының қимылын жаттап алғандай болдым. Әбден меңгерген кезімде барып, сырт көз боп бақылаған тұста ғана аңғардым: бұл ішке тартылған дем, тылсым ауан, мұңлы сарын, таң-тамаша тамсаныс, сейіл әңгіме, ащы насыбай – Ақаңның қолқа-жүрегін кеулеген, «аспандағы күннің, жердегі халқының мейіріне тоймаған» ұлы сарын мен аңсары екен.

Сондайда алақаныңды жая қойсаң, көңілі көншіп отырса: «Ihi-hi-hi, айналайын сол... Ана аузыңдағы аттың тезегінен көрі мынау құмарыңды қандырады. Тастасайшы, соны», – деп; көңілі самарқау тартып отырса: «Бұл да бір дүниенің уы ғой. Уды у қайырады. Усырап отырсаң, мә! Айтпақшы, осы насыбай сенің атаң Құнанбайдан қалған», – деп салалы саусақтарымен өлшеп, шымшып, мысқалдап салып беретін. Әкемнің атағы шыққан насыбайшы екені рас еді. Бесігімнен темекі мен насыбайдың, қылша мен бозталдың қабығының күлінің иісін тұщынып өскен маған бұл сөздің астары жаныма жағатын. Әкемнің насыбай уқалайтын саптаяғы әлі де бар. Атадан қалған бар мұраның жұрнағы сол. Соны емеуірін ете мен де: «Шіркін, Ақаңның насыбайы – насыбай-ақ қой», – деймін емексітіп. Көзі күлімдеңкіреп: «Әй, ку бала! Нені меңзеп отысың? Шіркін, насыбайым – насыбай-ақ еді. Шақшасы да өзіне сай еді. Қазір ғой сәні кетіп, түбінің құрғап жүргені. Мә, қалтаңа салып қой, сөзің буыныма түсіп кетті ғой!», – деп сүйріктей салалы саусақтарының арасына әдемілеп қатталған қағазды қысып алып, шымшымдап насыбай салып, баппен төртбұрыштап орап, төс қалтама сол саусағының сұғымен сондай ептілікпен сала қоюшы еді. Мұндай ептілікті кім көрген, әлгі ертегідегі сауысканның қауырсынын білдірмей жұлып алатын ептінің нақ өзі еді!

Саусағының сол ептілігін өзге емес, құрдастарымен кейде түнделетіп, күнделетіп созылатын карта ойынында бір рет пайдаланып, әріптестерінің жағасын ұстатқаны бар. Ырғасуы ұзап, мезі ете бастаған ойынның соңында қарсы ойыншылардың маңдайы тарылып: карта жасайсың – деп Ақаңның ығырын шығарды. Шыдамаған Ақаң: Жігіттер, дүние – картаның ойыны деген емес пе. Мұнда да бопсаға шыдаған ұтады. Бағанадан қол жүрді. Доғарайық десем, болмадыңдар. Картаны олай жасамайды, былай жасайды. Қарап отырыңдар. Қапы қалмаңдар. Ұстап алсаңдар бар нәпақаларыңды қайырып, үстіне қосып берем. Ал байқамасандар, өз обалдарың өздеріңе. Онда қайтып менімен ойнамайтын боласыңдар, – деп картаны өзі үлестірді. Үш адамға да ойын қатар шықты. Ақыры мизерге Ақаң алды. Картаны ашып, жүрісті есептеп кеп жібергенде, ана екеуінің тілі байланып, алған деміне булығып, жүздері қабарып, талып

қала жаздады. Ақанның қолындағы қарғаның жалғыз королі еш ұсталмайды. Қарғаның тұзы біреуінің қолында жалғыз отыр. Қалай айналдырса да шықпады. Әріптестері іштен тынып, орындарынан үнсіз тұра берді. Ептілік пен есепті үйлестірген, қайран саусақ! Жалпы, Ақаң кісіні таңдандыру да, тамсандыру да қиын емес еді. Оған он саусағынан тамып тұрған өнердің күдіреті мен сиқыры толық жететін.

Соңғы ант мезгілі сәтінде де, өзі айтқан әңгімесіне өзі сеніп қалатын аңғал да қапышыл, менің қайран ағатайым, «аспандағы күннің, жердегі жұртының мейіріне қанбай кеткенін» жан досы Қойшы-ағана арнаған өсиет хатты да сол салалы саусақтарымен жазып кетіпті. Қауіп неден болса, қатерің содан дегенді Құнанбай дегдар қалай айтты екен?

О, дәурен! Ол саусақтарда қаншама сыр мен жыр жатыр еді, ол саусақтар өзімен бірге қаншама құпия құбылыстарды ала кетті десеңші! Ол саусақ не көрмеген саусақ еді. Маған салса Ақанның қасиетті жазмышы сол саусақтарға тікелей байланысты болатын. Ол саусақтар болмаса... Ол саусақтар сүйріктеніп сүркілдете күй шертпесе, ол саусақтар майысып сурет салмаса, қайысып қандауыр мен тімтуір ұстамаса, жұмылып жоңқа жонбаса, ол саусақтар... Ол саусақтарсыз қазақ өнері де біраз сілкіністен ада қалар еді. Ақтанбердінің толғауы мен “Сарыарқа”, “Дәурен-ай”, “Алтын асық, күміс қасық” дүниеге келмес еді. Өлі күйлер тірілмес еді. Жәнібек Кәрмен сияқты сұңғыла әншілердің дауысы халқының жүрегіне толық жетпей өшіп тынар еді.

Өлі есімде, жетпісінші жылдардың аяғы болатын. Ақселеу ағамыз Қарағандыдан Алматыға ауысып, “Социалистік Қазақстан” газетіне бөлім меңгерушісі болып келе қалды. Тілшісі түгілі еден жуғышының өзі ЦК-дан басқаға сәлем бермейтін, есепшісіне дейін галстук тағып жүретін бұл мекемені орағытып өтетін едік. Қалай Ақаң келді, үшінші қабатқа жан кірді. Әуелі теннис ойнайтын болдық, одан жаппай насыбай ату мен сызу басталды. Соның бәрінен ерекшелігі редакцияға домбыра келді, домбырамен қосылып ән келді. Қазақстанның түкпір-түкпірінде тығылып жатқан таланттар сол арадан табылатын болды. Күйші Төлеген, Дәнеш, Мәдениет, Рақым, Қажыбек, Қайрат, Жәнібек сол

арадан бас қосып жүрді. Несіпбек, Жәнібек үшеуіміз де үйірсек тарттық. Бір күні, иә, бір күні...

Жаңылмасам, қыс айының іші... Ақаң мен Жәнібек екеуара оңашалана бастады. Кештетіп оңаша қалады. Апта өтті, ай өткен жоқ. Біз де жұмыстан кейін Ақаңның бөлмесінде қалатын болдық. Тыңдаушы керек екен. Саусаққа да сол күндері көзім түсті. Ақаң бір әуенді ұзақ қайталап тартады. Жәнібек тамсанады. Қабағын түйеді, қолын шошайтады. Мен Ақаңның саусағынан көз алмаймын. Осы күй он күнге созылды. Енді Жәнібек жұрттан бой тасалай бастады. Бір айдың мөлшерінде мені үйіне шақырды. “Мынаны тыңдап көрші” – деді. Бұрын мен естіп білмеген бір алапат жыр. Ақтамбердінің толғауы. Үш-төрт күннен кейін Ақаң тыңдатуға бардық. Кешкі мезгіл. Жәнібек сорғалата жөнелгенде басында еркіндеу отырған Ақаңның басы иілді де қалды. Тыңдап болған соң: “ – Ой, алла-ай! Мына қазақтың әні кісі өлтіретін шығар. Не деген ғажап, не деген философия, не деген кеңдік! Жәнібек енді сенің бағың ашылады”, – деді. Әншінің де еңбегі бар шығар, бірақ сол әуенді күйден ажыратып алып, оған лайық Ақтамбердінің сөзін тауып, домбыраға түсіріп, Жәнібекке үйреткен Ақаңның өзі емес пе еді. Өз әніне өзі таңданды деуге болмас, ал өзге адам туралы мекзер отыр деп тағы да айта алмайсың. Сол шапудың тұсында Несіпбек те шашын бір талдап жұлып жүріп «Сарыарқа» мен «Дәуренайдың» сөзін жазды.

Ал енді бүгінгі қазақ әнін Ақтамбердінің толғауынсыз, «Сарыарқа» мен «Дәуренайсыз» елестетіп көріңізші. Ақаң болмаса, Ақаңның сүйрік саусағы болмаса ол әндер өмірге келмес еді. Осыдан кейін Ақаң мен Жәнібек, Несіпбек үшеуі қосылып алып қазақтың әніне жұртты таң-тамаша етті. Бұл қазақ әнінің жаңа белеске көтерілген, Жәнібектей жампоздың, Несіпбектей су жорғаның Ақаңның алдына түсіп алып халқына қарай жайтаңдай жөнелген тұсы еді. Сол ән Бекболаттың бесігін тербетіп, ауамен қоса ішіне ән боп құйылып еді. Жамбасымен жорғалайтын Бекболаттың қызығын қызықтап Жәнібек бөлме-бөлмені аралап ән айтатын, ол қай бөлмеге барса, соған жамбастай жорғалап баратын Бекболаттың ұзына сапары мен өзекті жүрегіне ұя салған ән – осы Ақтамбердінің толғауы, «Сарыарқа» мен

«Дәрен-ай» еді. Оны ұялатқан – Ақселеудің саусағы болатын. Досымыз Сейілғазы теледидарда Жәнібек екеумізге ән туралы сұхбат өткізуді ұсынғанда, Ақселеу ағаны ұсынып едім. Әр хабардың соны таңды таңға ұластырған ән тәулігіне ұласушы еді. Сондайда Ақаңның қолынан домбыра түспеуші еді. Өттең, дариға, сондай күндерді де басымыздан өткізіппіз-ау!

Ақаңның жұлдызы өрге өрлеп, «Күмбір-күмбір күмбездері» жарық көріп, «Білім және еңбек» журналына бас редактор боп, «Қара өлеңдерді» жинастырып жүрген кезі болатын. Өтініші бойынша ауылға барғанда қара өлеңнің қазынасы нағашы апайым Ақпаннан біраз шумақтарды жазып алып, Ақаңа әкеп бердім. Қашанғы сырбаз қалпынмен, қара сиямен жазатын қаламын баптай ұстап, саусақтарын қайыстыра отырып қалың дәптеріне көшіріп алды. Содан кейін насыбайын бір атып алып: «Мен саған бір ақыл айтайын. Осы көркем шығарма дегенің бос сөздің желқабызы екен. Мен қойдым, сен де қой. Халыққа тұқ пайдасы жоқ. Одан да құрып бара жатқан еліміздің руханиятын құтқаратын ғылыми-көпшілік жанрға көш. Мен көркем кітаптарымның барлығын таратып жатырмын», – деді. Шындығында да, Ақаң қайтып көркем дүниеге оралған жоқ. Менің де жүгім архив жаққа ауып бара жатқан тұс болатын. Ол сөзін қабылдамасам да үнемі есімде жүрді. Кейде көркем шығармаға аңсарым ауып, өмірім еш кеткендей көрінгенде, Ақаңның сол сөзімен өзімді жұбатамын. Сол кездегі тұқылымен столдың үстін тықылдатып қағып отырған қара сиялы молтық қара қалам мен сұқ саусағы әлі көз алдымда.

Тіршілік емес пе, шымшымасыз болмас. Сол саусақтардың Ақаңды тосылдырған тосын қиындықтан құтқарғанын да шала кетейін. Жазушылар одағының екінші қабатындағы Қал-ағаң (Қалихан Ысқақов) пен Несіпбек отыратын бөлмеге кіре қалдым. Терезе алдындағы Несіпбектің орыныда отырған Ақаң әңгіме айтып отыр екен. Үш-төрт адам ұйып тыңдар отыр. Мен де отыра қалдым:

– Содан таңертең әлгі бір саусағының өзі қамшының сабындай, борбайы да ұзын әлгі шал сыртқа шықса, тура алдынан қансонардың қызыл түлкісі өтіп барады екен. Әп білем, бұйырған олжа екен ғой, – деп, аттап-аттап

барып, түлкінің құйрығынан ұстай алып, қонышындағы қамшысымен түлкінің тұмсығынан тық еткізіп ұрып жіберіп: – Әй, бәйбіше! Мынаны үйге кіргізе сал, – деп алдына тастай салыпты, – деді.

Несіпбек бастатқан тыңдаушылар аузын ашып қалыпты. Әңгімеге тосын араласып, әсеріне толық елікпегендіктен бе, бірден:

– Ой, Ақа, айтасыз-ау. Қанша алып шал болса да түлкіні бір-екі аттап барып қалай ұстайды? Ең болмаса біраз қуған шығар, – деп қалғаным қуауызданып. Ақаң:

– Өй, сен бала не білесің?, – деп бір қарап алды да асықпай қалтасынан шақшасын алды.

Ұзын сүйрік саусақтарымен шақшасын салалай қысып, тықылдата қағып біраз үнсіз отырды. Біз де үнсізбіз. Содан кейін алақанына салып, атып кеп жіберді де:

– Өй, Тұрсын, сен осы Арқаның баласы емеспісің, ендеше білесің. Есіңе түсірші өзің. Арқада ат сауырынан келетін көбік қар түседі ғой. Сол түні түнімен көбік қар жауып, таңға жақын басылмай ма. Ал түнімен маядан тышқан аулап, тойынған түлкінің салмағы ауырлап, қашқан кезде аяғы көбік қардың түбіне жетпей, омбылап қалмай ма? Енді содан кейін оны аттап-аттап барып, соғып алмағанда не қалады, – деп шақшасын сондай бір риза күйде қалтасынақайта салғаны бар.

Сөз тапқанға қолқа жоқ. Сөзсіз осы ой салалы саусақтарымен шақшасын қағып отырғанда түсті. Шірікін, кейде қыза сөйлету үшін де осылай шымшып алатыным да бар еді. Оралхан, Кәрібай, Кәдірбек, Ақселеу төртеуінің сексенінші жылы жолсапарда жүргенде үш күн қатарынан қисынды әңгіме жарыстырып, төртінші күні түнгі сағат он бірде Оралханның жеңіске жеткені, соны атап өтеміз деп таңғы алтыға дейін тасқаяқ қуғанамыз да есімде. Оның өзі таусылмайтын бір хикая. Қазір аялағаныңның өзін ауырсынатын ағалар басым боп бара жатқан сияқты...

Ақаңның алпыс жасқа толуына орай университеттің журналистика кафедрасы шығарған арнайы қолжазба журналға жазған, өзі көзі тірісінде оқыған осы шағын мақаламды:

«Мен сондықтан да Ақаңның саусағындай сұлу саусақты сирек кезіктірдім. Ондай саусақ қазіргі тірі қазақта Уәли мен Секен де ғана бар шығар.

Мен Ақаңның саусағына ғашықпын. Сол саусақтардан суси құйылған әндер мәңгі өшпесе екен, сол саусақтар талмаса екен, буынына сарысу ұйымаса екен, сіңірі қатпаса екен деп тілеймін.

Саусағыңыздан айналдым, Ақа!» – деп аяқтаппын.

Өкінішке орай, жазмыштан озмыш жоқ, ол саусақтар мезгілсіз талды, уақытсыз буыны суыды. Пәни мен бакидың заңы солай. Әрбір адамның мәңгілікке ғайып болуы – өзекті өртейтін өкініш. Сол пенденің дауысы, мінезі мынау жалған дүниеге жетпей тұратыны анық. Ал Ақаңның дауысы мен орыны Алаш дүниесіне мәңгі жетіспей тұратын болады. Оның артында – жетім бала мен жесір жар ғана қалған жоқ, жетім ел, жетім күй, жетім ән, сыңар дос, аялы құшақсыз іні, сусыны қанбаған шәкірт қалды.

Күн сайын өлім мен өмір алмасып, біріне-бірі орын босатып беріп жатқан тіршілік қой. Алайда: «Алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер», – деп Абай айтқандай, табиғи көрініп, өзімізді өзіміз жұбатқанмен де, Ақаңсыз өмір – бәрібір баяғы өмір емес, бәрі де «баяғыдай көрінбейді». Оның мінезі, сырбаздығы, әңгімесі, мәрттігі, тіпті, шақшасының тықылы да бізге жетпей тұратын болады. Маған: осы ажал оның мырза өміріне жараспайтын-ақ сияқты, оның осы өлімінің өзінде бір үйлеспейтін заңсыздық, бір тосын тылсым бар сияқты көрінеді де тұрады.

Өйткені, кейінгі үш жылда кей кездері Ақаңның көз жанары шектене, шегірлене қалатынын аңғарып қалып жүрдім. Ғылыми және диссертациялық кеңесте, түрлі мәжілістерде қатар отырып, өлеңмен қағысып отыратын әдетіміз бар еді. Кейде ол менің қатирама «Ах, дүние!» атты тұрақты тақырыппен неше түрлі топтамалы тосын суреттер салып беретін. Бір жолы:

Дүние былтыр қандай, биыл қандай,
Заманның жал-құйрығы сұйылғандай, –

деп басталған екі жол өлең келе қалды. Әрі қарай былай өрбіді:

Тұрсын: Жауап жоқ жан дауысым шықсадағы,
Құдайдың құрдымына құйылғандай.
Жалғанның жалаңдаған білдім бетін,
Жалайын енді аға кімнің көтін?

Ақселеу: Көнесің, көнбесіңе шара бар ма,
Сүйегің аман болсын, садақа етін.

Осындай ермекпен отырғанда кенеттен Ақанның көзі катып қалған қара түймедей боп қозғалмай, жерге қадалып тұрғанын көріп, тітіркеніп кеттім де:

«Сізді бір үлкен түлен түртіп жүр ғой деймін. Неге осынша түңілесіз? Сұғыңыздың сұрқы ұнамайды. Сіздің өміріңіздің өзі аңызға бергісіз. Әлде еркелік пе мұныңыз», – деп жазып жібердім. Іле жауабы қайтып келді:

Жауап: «Е, бала! Дейсің-ғой! «Менің ішімді жарып көрсең, шошыр едің», – деп сенің Абай атаң айтқандай, менің ішімді ашып көрсең, сен де шошыр едің. Жақынның да, жардың да, баланың да, шағаның да қызығын көрдім. Бәрінен жалықтым. Кейде, құдай неге ес берді екен деп налимын. Өз еркің өзіңде жоқ. Әншейінгі бұғы құсап пәңгіп жүре бергім келеді».

«Екібеттілеу ортаға үйір боп барасыз. Ертегісі қайсы, ежелгісі қайсы, ендігісі қайсы, айырғысыз. Ортаңызды өзгертіңіз. Жазушыларыңызға оралыңыз. Сонда дұрыс ойлап, біліп отырып, бұрыс бұрылудан арыласыз».

Жауап: «Тағы да дейсің-ау, бала! Ол оңай дейсің бе? Байланып қалдық қой. Әйтпесе, Ақтанбердінің кім екенін мен білмейді дейсің бе?! Сенің ана Мұхтар ағаңның Байсал айтқандай «неғылайыны» жоқ. Соны да түсінбей ме?».

«Сіз де кейде Абай атаңыз құсап, жайдақ суға айналып, жалпақ шешей болып кетесіз. Қасыңызға – қатуыңыз, бауырға – батымыңыз жоқ. Азуыңызды неге бір көрсетіп қоймайсыз. Сонда иектемес еді».

Жауап: «Бала! Соның бәрін тасқаяқпен қағыстырып, Қойшығарадан есемді қайырып жүр емеспін бе», – деп соңына алдыңғы «айтысты» жалғастырыпты.

Дүние былтыр қандай, биыл қандай,
Дидары күннен күнге құлпырғандай.
Тұрсын: Жанарым, жаным аға, жарқ етті ғой,
Сусыным бір қанғанда жүрген қанбай.

Дүние былтыр да осы, биыл да осы,
Талтайып тұрған, аға, ол да мосы.
Ақселеу: Бауырым, қызық-шыжық өтер-кетер,
Аумасын ер жігіттің тіккен қосы...

Зады мәжіліс аяқталса керек, «айтыс» осы арадан үзіліп қалыпты. Күні, қолы қойылмапты. Қағаздарды ақтарыстырып отырып кездейсоқ тауып алған осы жазбаның астарында бір кілтипан бар сияқты. Енді оны еске түсірем деп әуреленудің де қажеті шамалы. Тек Ақаңның пәнилік қосының жүгі аумезгілсіз ауып кеткені-ай, десеңші.

Армансыз адам болмайды. Бірақ Ақаң қалай дегенмен де: «Армансыз өмір сүрді» – дегізетіндей ғұмыр кешті. Ол соңғы жылдары тіршілікке соншама бір наразы да разы құштарлықпен қарап, «Қазақтың аузша тарихын» ұсынып тұрып: «Енді ештеңе жазбаймын. Шаршадым. Қолымда бардың барлығын таратып беремін. Ал өзімнің өмір бойы жиған-терген кітаптарымның, шежірелерімнің, мұрағат құжаттарымның, сирек басылымдар мен фотокөшірмелерімнің бәрін сенің кітапханаңа, сенің өзіңнің қолыңа тапсырамын. Өзге – ортақтаспас, сен қиянат жасамассың. Біреуге болмаса, біреуге сауабы тиер, рахметін алармын. Енді өмір сүремін. Өмірдің рахатын көремін. Қойшығарамен тасқаяқ ойнаймын. Сендерді серуендетемін. Тапқанымды шашамын. Шіркін, сонда қандай рахат болар еді, ә, бала!», – деді.

Ақыры дегеніне жетіп тынды. Бір жыл бұрын: «Ал, Тұрсын! Сен бірден үйге келе ғой. Сенің басыңды ауыртпайын деп проректор Мұхтарға телефон шалып, көлік сұрап алдым. Үш-төрт кітапханашы қыздарыңды ертіп кел. Кітаптарды буып, түйіп, жинап қойдым. Масқара! Ішінде не жоқ дейсің. Екі-үш күн қимай, босағада ұстадым. Ал, мен айнымай тұрғанда, жылдам жет!», – деді.

Сөйтіп, 4 500-ге тарта шежірелер мен сирек кітаптарды өз қолымен тиесіп, кітапханаға алып келді. Ұқыптысын-ай, Ақанның. Әр қолжазба түптелген, ғылыми сыпаттамасы, сілтемесі жазылған, библиографиясы көрсетілген, хатталған. «Уһ, енді бір демалатын болдым-ғой!», – деді ауыр жүктен құтылғандай боп.

Содан кейін анда-санда келіп, кітаптарына қарағыштап, сипалап, үнемі толықтырумен болды. Кейде көзінің қырымен қарап өтеді, кейде тұрақтап қалады, кейде фотопленкалар әкеп береді. Түптің түбінде «Акселеу Сейдімбектің кітапханасы» деген диссертацияның қорғалатыны анық. Енді ол маған қазір парыз, өсиет сияқты болып қалды. Университеттің ректораты тарапынан ықылас ауып, ол кітаптар арнайы аудиторияға жинақталып, Ақаңның барлық келбетін көз алдыға елестететіндей көрікпен иықтанып тұр. Оның сақталуы мен зерттеуі көңілді алаңдатса да, бір аманаты орынын тауып орындалған соң менің де жаным тыныш тапты. Асығыс та болса оның шығармашылығы туралы диссертация қорғалды. Мұның барлығы, әрине, игілік қормалы.

Міне, жыл айналып келгенін күтпей, қырқы берілгенде қойылған сеңгір тас кейпінде ол өзінің сүйікті Жаңаарқасындағы, өзі орнын көзі тірісінде белгілеп кеткен Бәйгетөбеден қоныс тауып, Ақаң демалып жатыр, шындап демалып жатыр. Ол қайырылып келмейтін мәңгілік демалысқа кетті.

Бақұл болсын. Енді оның жоқтығы күн сайын, апта сайын, ай сайын, жыл сайын, мәңгілік сезіліп тұратын болады. Ол сағыныш та сартапқа айналып, жүрегімізде өшпейтін тат болып қалатын күндер де алда болса керек. Бұл рухани өкініштің орыны тола қоймас, сірә.

Өмірден өтерінен он сағат бұрын өзінің қолқанат қызы Үржамалға: «Мен өзімнің соңымдағы мұраларымды екі-ақ адамға иелік етуге сеніп тапсырып кетемін. Ол: қызым – Перизат пен Тұрсын. Жүр, сол балаға барып амандығын білейік. Көңіліне бір кірбің түсіп жүрсе керек», – деп Қойшығара аға мен Қаржаубайды ертіп алып, менің бөлмеме келіп, бір сағаттай тосып отырыпты. Тіршіліктің етекбастылығынан Ақаңның соңғы бой жасаған амандығын алып, соңғы рет еркелей алмағаным өкінішті.

Өйткені, көрген сайын еркелеп, қойнына тығылып, басымды кеудесіне қойып, біраз иіскеп тұрушы едім. Ол да: «О, құдайдың бере салғаны сол!», – деп еміренуші еді. Қойшығара ағамыз сонда басын шайқап, екеумізге сүйсіне қарап тұрушы еді. Енді кім еркелетер дейсің? Рымғали ағам да досының молаға бастаған көшіне ілесіп кете барды. Еркелерміз-ау, бірақ Ақаң сияқты исінгіш кеуде қайдан табылсын...

Қайран саусақ! Әй, саусақ!..

29.09. 2009 – 29.08. 2010.

ЕТБАУЫР

(Оралхан Бөкей)

Адамға адам етбауырындай боп бауыр басып өмір сүруі мүмкін дегенге кексе тартқан түйсік пен суық тартқан бауыр сендіре қоймас. Бірақ көзі тірі кезіндегі менің оған деген ессіз ықыласым сондай риясыз, алғаулы сезімге толы еді. Соның сартабы мен татынан, сол бір беймезгіл зауал таңда Несіпбек жарықшақ дауысымен: «Ағаңнан айрылып қалыппыз», – деген шақтағы өтім жарылып кеткендей боп тұла бойымды жайлаған ащы уыттан жиырма жыл өткен соң да арыла алмай, қаламды енді ғана қолыма алып отырмын. Мұндай суыт та суық естіртуді естігенде тыныс ала алмай, булығып қалдым. Жұтқан ауа түйнектей түйіліп, өңешіме тығындалып, жұтыңған сайын кеудеме батып, денемді буды. Бір кезде құрғақ ауа өксікпен қоса парлаған жас араласа сыртқа төгілді. Сол өксік болмаса ... шарасыздықтың қыстыққан уыты жайылған денемді құрғақ ауа жарып жіберетін бе еді, кім білсін. Зады, тосыннан айтылған суыт хабарды естіген сәтте талып қалатын адам осындай күйді басынан кешетін болуы керек. Іле Қалихан (Ысқақов) ағаның: «Естідің ғой, тез одаққа кел. Мәйітті жөнелтудің қамына кірісуіміз керек», – деген абдыраған дауысын естігенде барып есімді жидым.

Сонда ғана барып оның бұл сапарға тосын әрі сүлесоктау күйде ықыластыз аттанғаны көз алдыма келді. Соңғы уақытта оның мінезінен оған жат шарасыз салғырттық

аңғарылып қалатын. Өзін бұрынғыдан да оңаша, тұйық ұстады. Ұшыраса қалғанда кеудесін сәл шалқақ ұстап, көзін аспанға қадап, бейне бір суретке түсетін адамдай сұлық тұрып қалатын. Ешқандай жауапсыз үнсіздікпен сөзінді тындап, бір сөзбен жауап беріп, басын бір шайқап қойып жүріп кететін. Кейде одақта, театрда, не қонақта болсын, терезеден сыртқа ұзақ қарап, кілт бұрылып жүріп кететінін жиі байқап жүрдім. Біріне бірі ұласқан, айналасы екі-үш жылдың ішінде әкеден, шешеден, апайдан, қарындастан, жарынан айырылып, жалғыз басы сопиып қалған, кеудесіне толған шерді төгіп алатындай өзін-өзі ауырлап, адымын ауырлап басқан зауалды шақта да мұндай мінезі байқалмаған. Ол мұндай зауалды өзінің жалғыздығын көңіл аңсарына айналдырып алғанынан көріп: «Сен балаңнан да айрылып көрдің. Менде ол да жоқ. Мұңға әуейі болмау керек екен. Ол бұлт сияқты, мұңға мұң шақырады екен. Мен, міне, енді шын шерменде болдым», – деп жұмыстағы жазу столының үстіндегі әйнегінің астындағы Айманның суретіне мұңая қараған. Әйнектің қалтарыстау бір бұрышынан мінезі де, түрі де өзінен аумайтын, еркекшора қарындасы марқұм Мәншүктің ауылда түсірілген шағын суретін байқап қалдым. Кеудені сазытқан ондай аянды сары мұнды дүниеге келген шикіөкпелер – Айхан мен Айжан сейілтетін шығар деп ойлағамын: «Зарығып көргендіктен шығар, күндіз-түні көз алдымнан кетпейді. Құмарым қанбай жылап тұрып иіскей беремін. Көз алдымда тұрмаса көз жазып қалатындай үрейленемін. Бұл сезімнен арылу керек шығар. Әзірше, ұзақ күттім ғой, құмарымды баса тұрайын деп жүрмін», – дейтін ақталғандай боп. Оның санасына ұялаған мұндай табиғи карама-қайшы ойлардың еш ерсілігі жоқ сияқты еді. Мен оны басқаға, яғни, өзгерген ошақтың райына жорығамын.

Соңғы жылдары тек жұмыста ғана тіл қатысып жүрдік. Бұрынғы елжіреп, өзімсініп тұратын жан жылуы салқын тартқандай еді. Бірақ осыдан жиырма күндей бұрын Қалихан ағамыздың үйіндегі қонақта өзінің бауырлары Әлібек пен Дидахметті емес, мені туған бауыры деп есептейтінін айтып, бұрынғыдай жақын тартып, жанына отырғызған кезде, елжіреген есіл күндер қайтып келгендей болды. Өзінің сыныптасы Нұрсара апайға ара-тұра әзілдеп қойып,

көңілін көтергендей боп отырды да, күтпеген жерден менің ата-тегімді қаузап жөнелгені. Оқыс та таң қалатын сұрақты қоюының себебін: «Осы отырғандардың барлығының тұқым-тұянын, заузатын білемін. Мен көргенде Дидахмет пен Әлібек шөметейін жаппай, жалаңбұт жүгіріп жүрген... Қал-ағаң менің нағашым. Осылар сені үйіріне қосып алсын, бұл кім еді – деп жүрмесін деп сұрадым. Тұрсын – менің бауырым. Енді сендер қатарыңнан мұны тастамаңдар. Қатонқарағайды өзіммен ертіп барып аралатамын деп уәде беріп ем бала кезінде. Ұзақ уақыт визасы құрғыр пәле боп, реті келмеді. Оны мына Әлібек орындап қойыпты. Шыңғыстайдағы біздің үйге барған. Менің шешемнің батасын алған. Мәншүк жақсы көріп қалжыңдасатын. Айман марқұм мақтайтын. Ал, Тұрсын, біліп қой, менің шешем болмаса, мына Нұрсара күйеусіз қалатын еді», – деп біраз еркін ой айтты. Оны Қал-ағаң жалғастырып, шұбатылған хикаяға айналып кетті.

Сол жолы мені таң қалдырған Гүлия шешеміздің тағы бір ерлігін естідім (Кейін Ғалия қарындасым жаңғыртып айтып берді). Сөйтсем, Нұрсараның жолдасы Алтыбай ағамыздың әкесін халық жауы деп ұстап әкетіпті. Енді әйелі мен шиттей жалғыз ұлды тұтқынға алмақ болғанда, олар кержақтардың «алапестерге» («для прокаженных») арналған моншасының ішіндегі жертөлеге тығылыпты. Гүлия шешеміз түн ішінде оларға тамақ апарып беріп тұрыпты. Содан жасырын жолға салыпты... Екі мұңлық жаяу-жалпылап Алматыға келіп, аман қалыпты. Алтыбай мен Нұрсараның тағдыры осында қосылыпты. Алтыбай ағаның бұл әңгімесіне Ор-ағаң масаттанып, жауырынын қойқандатып, Ардақ жеңгейге қарап-қарап қойып отырды. Алтыбай аға да ел жайынан тым хабарсыз өспепті: «Ол рас, Гүлия шешей батыр, тәуекелшіл жан еді. Қатонқарағайда әйгілі жүйрік ат болды (атын ұмыттым, қатирамдағы жазуды таба алмадым). Соғыс жылдарында той қайда. Өзі қыста шанаға, жазда арбаға жегіліп, ығыры шыққан бәйгені көктемде соқаға салады. Содан жеңіс күні жетіп, ел мейрамдайды. Бір уақытта ел шуласа жөнеледі. Сөйтсе, жұрттың абыр-дабырын естіген бәйгенің баяғы думанды күні есіне түсіп, мына даурығысуға елендеп, Бәйгетөбені шыр айналып, өзімен өзі жарысып жүр екен. Гүлия шешей де сондай, арқалы адам еді. Кезі келсе

күресіп те кетеді. Ол кісінің жақсылығын ұмытпаймыз», – деді. «Менің жауырыным шешеме тартқан. Қарашы...», – деп Ор-ағаң кеудесін кере қойды.

Өзгесі өзге, Ор-ағаң, шындығында да, қай жағынан алғанда кеуделі еді. Жеңешеміз кіріге қоймаған ортаның сөзіне килікпеді. Ор-ағаңа сыбыр ете қалып, орнынан көтерілді... Олар балаларға – Айхан мен Айжанға алаңдап, ертерек қайтты. Мен дәлізге ере шығып ем, баспалдақтан түсе бере кілт тоқтап, Ардақ жеңешемізге: «Есінде болсын, мына ұл шынында да менің туған бауырымдай. Сен біліп қой. Кейінгі жылдары алыстап кетті. Үйге арнайы шақырамын», – деді, маған көзі жасаурап тұрғандай көрінді. Екі-үш жылдай қарасын көрмеген шаңырақтың жылуы бетімді шалғандай сезіндім. Жеңеміздің қас-қабағынан еш жауап әсер байқалмады. Соған қысылғандай, Түркияға баратын сапарынан бас тартқанын айтып: «Түркия өзіміз ғой. Реті сан рет келер. Тәжімахалды бір көрсем деуші ем... және қазір ол жақтың ауа райы салқын болса керек... Жеңең қазақшаға шорқақ. Түсіндіремін ғой», – деп баспалдақпен төмендей берді. Алдыңғы сөз бен соңғы сөздің дауыс ырғағы, жотасын беріп тұрып айтқандықтан ба, тым басыңқы естілді. Дегенмен де ықыласы, бауыры суымаған екен деп, жеңілдеп қалдым...

Жол жүретін күні кеңсесіне бардым. Кірімді-шығымды кісі боп, тереңдеп кете алмадық. Тек, тәуелсіздіктің берген тәуекеліне орай алғаш президенттік сайлау қарсаңында жазылған «Несіне жетісеміз?..» атты мақаламды ұсынғанымда: «Мен мұны баспаймын. Газетке керек. Бірақ сен жазғандықтан да баспаймын. Арандап қаласың. Әлі адымың ашылған жоқ. Қайтып мұндай нәрсеге уақытыңды шығындама. Қолжазбаны қайтармаймын», – деген мақаланы Ұлықбек жариялап жіберген. Соны есіне ала отырып: «Сен оған өкпелеме. Сенің қамың үшін істегем. Ел ақын бола алмай жүргенде, ақыннан жазушы болдың. Ел журналистен жазушы бола алмай жүргенде, енді саясатшы журналист болғың келеді. Уақытыңды алады. Қадірің кетеді андағыларға... Ақылға көн. Көнбесең маған бәрібір», – деген жанашырлық пікір айтты. Қалай ұмытпаған, студент кезімде әңгіме апарып бергенімде: «Сен бізде ақын ретінде танылдың.

Мына әңгіменді оқымаймын. Қайтып маған көрсетпе», – деп қайырып берген. Ор-ағанның сол сақтандырғаны дұрыс екен. Өмірдің екшеуімен бүгіндері соның бәрі ұмытылып, ғалым деген сөз ғана сопиып қалды. Екінтіге орай Делиге ұшуы керек. Барға барып кофе іштік. Түстікке үйіне бармай қолжүгін жүргізушісі Махмұдқа алдырды да, иығына асып, жалғыз өзі әдеттегідей басын көтере ұстап көлікке беттеді. Ешкім шығарып салмады, оған өзінің де ықыласы болмаған сияқты. Аэровокзалдан Талғат (Кеңесбаев) күтіп алмақ көрінеді ... Жазушылар одағының есігінің алдына тұрып көзіммен шығарып салдым. Әдетте бір-екі ауыз емеуріні болушы еді. Ол да жоқ. Ұзын шашы иығын жапқан жотасын беріп теріс қарап жүріп кетті. Қайтып оның беті бері қарағанын көру маған бұйырмапты.

Одақтың іші тым-тырыс, үрпиіскен жазушылар, көзін бұлаған қызметтес әйелдер. Қал-ағаңмен көрістім. Сүйекті әкелумен Қазақстан мен Индияның елшілігі айналысып жатыр екен. Ертең келмек екен. Бізге үй-ішін дайындау жүктеліпті. Сол баяғы Айман жеңешем дүниеден қайтқанда иен үйдің есігін ашқан Қал-ағаң, Әлібек, Дидахмет, газеттен Әмірхан, Талаптан, Жаңабек бар, бәріміз үйіне беттедік. Есік алды сапырылыс. Үй-іші тым-тырыс. Жұрт үнсіз кіріп, көңіл айтып, үнсіз шығып жатыр. Тек қаршығадай ғана Ғалияның жалғыз дауысы тұншығып шығады... Қуанышбай (Құрманғалиев) ағамыз жаутаң-жаутаң қарап, көзінен тоқтамай аққан жасын қолорамалымен сүрте береді. Сайымжан аға (Еркебаев) мен сол үйдегі апайымыз, Мараттың жары Сәуле жүр. Шынын айтайын, сонда ғана Ор-ағанның жалғыздығы есіме оралды. Өлу үшін де етбауыр ағайын керек екен. Ал өзі айтқан етбауыры мен емес пе едім деген оймен Әлібек пен Талаптанға жөн айта бастадым. Олар да абдыраған. Осындай бір торығуда тұрғанымда Алтыбай ағамыз бен Нұрсара апай бастаған, Рамазан қостаған қатонқарағайлықтар сау ете қалды. Нұрсара апай дауыс салды. Сонда ғана қаралы үйдің жамылғысын жамылды...

Мен сол Ор-ағанды жөнелту рәсімі тұсындағы Нұрсара апайдың еңбегін еш ұмыта алмаймын. Өлі де көз алдымда. Ол кісі асүйді қолына алғанда бәрі де үйлесіп жүре берді. Барлық ресмиятты жазушылар одағы мойнына алғанымен де

үй-ішілік күйбең тіршіліктің қам-қаракеті, оның үстіне Ор-ағаң сияқты ағайынның арты жинақталмай қалған адамның жөнелту рәсімі өте шетін еді. Ашығын айтайын, Айман жеңгемнің бауыры Кенжехан кіммен көріседі, кімге көңіл айтады? Екі көзі қызарып, көз жасын тия алмай жүрген Ғалияның тізгінді қолына алып кететіндей өмір тәжірибесі жоқ еді. Кісі аяғы басылмады. Аулаға киіз үй тігіліп, қазан көтерілді... Есімде қатты сақталып қалғаны: сонау Делиден жөнелтілген табытты үйге кіргізіп, оңаша бөлмеге қойған соң шақырылған дәрігер екеуіміз бетін аштық. Сол қалпы. Қонақүйдің бөлмесінде жалғыз жатқан. Түнде жүрегі қысқан шақта ... қасында ешкімнің болмағанын сәл жымырылып, тістеніңкіреген еріні білдіріп тұр. «Айман жеңешем болса ғой!..», – деген эзәзіл ой сумаң ете түсті. Ол ойым күпірлік еді. Бұл – Ор-ағаңның өзі көңіл ауаны етіп алған, барлық туындыларының аңсарына айналған Жалғыздық деген сұмның жазмышы еді. Мен: ажалдың емес, жалбыздың иісі шығып тұрсын. Дәстүр солай, – деп жедел жәрдемнің дәрігеріне түсіндіре отырып, Әлібек пен Талаптан алып келген екі уыс жалбызды табыттың екі бүйіріне қойдым. Өйткені жалбыз жылуды бойына тартатын. Бір түйір тасты кеудесіне қойдым. Ол тынысты тарылтатын... Ал жанымды түршіктірген нәрсе: сыртқа шыға бергенде қағасоға ентелеген біреудің: «Табыты қызыл сандал ағашынан жасалыпты дейді. Рас па? Ауыр шығар, ә?» – деген құзғын дауысы. Иә, Ор-ағаңның сүйегі де, табыты да қызыл сандал ағашындай асыл еді. Турасын айтайын, естіген кезде қатты булығып алғандықтан ба, білмеймін, мені сол күндердегі жөнелту рәсімінде сондай бір өзім сенгісіз сабырлық билеп алды...

... Қас қарая ел аяғы басылды. Айман жеңешеміздің бауыры – Кенжехан, Талаптан (Ахметжан), Әмірхан (Мендібек), Жаңабек (Шағатай) бесеуіміз есік алдындағы киіз үйді күзетуге қалдық. Ошақтың отын демдеп отырып, сол таңды ұйқысыз атырдық. Кенжехан ашылып тіс жармады. Ал қалғандарымыз әрқайсымыздың өзімізге тиесілі Ор-ағаң туралы айттық...

Жоқтау айтып тұрып еске алатындай Ор-ағаңның жан жылуы әлі жүрегімізде қоздап тұр еді.

I.

Ол – өмірден гөрі әдебиет кеңістігіндегі қиял әлемі көбірек баурап, көркем сөздің буына елітіп жүрген бұла шағым еді. Сезім шоғы қозданып, үп еткен леп тисе болды, лау ете түсетінін өзім де күтіп жүргендей едім. Ұнамайтын, әсерлендірмейтін шығарма жоқ еді. «Абай жолынан» ашылған тынысым бәрін сіңіре беретін. Тіпті жаныма жат сықақ жанры да өзіне тартты. Құбылысты көркем қабылдау мен көркем талдау түйсігі қалыптаспағандықтан да, сезімнің өткір қызуынан кеуде балқып тұр, бірақ құятын арна жоқ. «Менің жазатын өмірімнің бәрін жазып қойыпты», – деп Бердібек ағамызға өкпелеп жүрген кезім. Алақандай қатирамдағы шимайға көзі түсіп жүретін парталас Алтын деген қыз бір күні: «Мынау сен оқитын кітап», – деп «Жәмиланы» ұсынды. Оған жүрек қылын шертетін Қалиханның «Қоңыр күз едісі», Насреддиннің «Аққайыңы», Қабдештің «Құрбылары», Қалдарбектің «Қоштасқым келмейдісі», Тұрдыбектің «№14 кілті», ең соңында оған Экзюперидің «Кішкентай шаһзадасы» қосылды. Жанымды баурайтын, сезім мен қиял әлемін байланыстырған бір нәзік саңлау ашылғандай болды. Тұманың тұнығына түскен бейнеңе ұзақ қарап отырып, соңында судың бетін шайқап-шайқап жіберетін балалық тентектік сияқты, мен де алабұртқан көңіл әсерін шайқап-шайқап жібергім келеді.

Сондай бір алабұртқан шағымда «Лениншіл жастың» төртінші бетінің соңына берілген, екі адамның ошақ басында отырған суреті сызылған «От басындағы екеу» деген суреттеме көзіме түсе қалды. Тез оқыдым. Жүрегім дір еткендей болды. Кәдімгі суреттеме. Бірақ сезім талшығын инемен іліп алғандай шым еткізіп, өзіне баурап алды. Есіме Бесқарағайдағы «Башкөл» мектебіндегі сыныптасым «Бөкеев» түсті. Бірақ ол емес. «Қазақ әдебиетіне» шыққан «Ғайни» атты әңгімесін оқығаннан кейін бұл есім менің санамды жиі мазалайтын болды. «Жұлдыздағы» «Сарыарқаның жаңбырындағы»:

Қонғаны ауылымның Құрымбай саз,
Жайлаған алты ай жаздай сары ала қаз.
Шолпандай таң алдында туып батқан,
Қайтейін, о, дариға-ай, ғұмырым аз, –

деген сарынды «Бір мысқалдың» әуеніне салып ыңылдай беретінді шығардым.

Қазір де күрсіне сыбырлаймын. Өйткені Сұлтанмахұттың келте тағдырын жазушыға да, маған да қатысты сияқты сезіндім. Іле... «Бура», «Ардақ», «Қамшыгер», «Мария» атты әңгімелері «Лениншіл жасқа» лекіте жарияланғаннан кейін «Оралхан Бөкеев» деген есім менің жандүниемді баурап алды. «Мариядағы» ерсілі-қарсылы ойлар, аспанға ұшып бара жатып кілт жерге құлап түсетін кейіпкер ойы, «Терісаққан» Есілге құяды. Есіл неге құяды... Өткен, Терісаққанға Есіл құйса ғой!..» – деген сілтей салды сөйлемдер, асқақ емеурін көңілімнің құлаққүйіне айналды. Әсіресе, «Мария» (кейін аты өзгерді) жарияланған беттегі суреті көзіме оттай басылды. Сол сурет пен Бұқтырманың сарыны, көккөз қыздың сең бұзылған жағадағы жан шымыры, бозбаланың беймаза булығыуының арасында нәзік байланыс бардай сезілді.

Бұл – әдебиет кеңістігіндегі Оралханның дәурені басталған кез еді. Сол сәттен бастап мен ең аяғы мектептегі шығармаға дейін Оралханның мәнерімен жазатын болдым. Қиял жібін оңды-солды лақтыра берсем керек, оқиғаның желісі шырма-шатуланып кететін. Екі көзімді қысып алып, басымды сәл кекжитіп, аспанға қарап жүретін әдет те сол кезде қылаң берді. Шындығын айтқанда, мен бұл жазушыға көзсіз аңсарым ауды... Газеттегі очеркінің өзін де көркем шығарма сияқты қабылдадым. Бұл – еліктеу емес, кәдімгі, «жазылмайтын дерт» болып жабысты. Оралханның көңіл ауаны мен сарыны қияли өмірімді билеп алды.

Алматыға оқуға түсуге келдім. Құжаттарымды өткізе салысымен ауылдан көшіріп әкелген өлендерімді «Лениншіл жас» газетіне ұсыну үшін редакцияға беттедім. Көңіл күпті, дәме зор. Қазіргі Абылайхан мен Жібек жолының қиылысындағы екінші қабатқа көтерілдім. Абдырап тұрғанымды сезген қиық мұртты жас жігіт жөнімді сұрап: «Мен Кәдірбек Сегізбаев деген ағаңмын... Әдебиет бөлімі мұнда. Ораш, саған бір жас ақын келіп тұр. Түріне қарағанда болатын бала сияқты», – деп кең, бірақ столдары сығылысып қойылған бөлмеге кіргізіп жіберді. Кіре бере оң қапталдағы төрдегі орындықта шалқая отырған, елестеткеннен де ұзын

қаба шашы иығын жапқан, иықты, беті атжақты, көзін тіксіне қадайтын Оралхан Бөкеевті бірден таныдым. Сол отырысымен де мысымды басып жіберді. Бірден: «Бізде не көп, өлең көп. Оқып үлгере алмай жатамыз. Міне, үйіліп жатыр. Мұның ішіне түсіп кетсе, бітті, шөмеlege түскен ине сияқты қайтып көзге түспейді. Сондықтан көңіліңе келмесін, көзіңше оқимын да қайтарамын. Қане, әкел...», – деп қолын созды. Шалқайыңқырап отырып үнсіз оқи бастады. Мен түрегеп тұрмын. Кенет: «Ей, Теңізбай, мына бала сенен гөрі ақын екен. Әйтеуір кітап шығарғандардан тәуір. Сен суретінді әкел. «Тұсаукесерге» береміз... Ал, енді кімсің өзің? Е, Айпараның бауыры екенсің ғой. Менің әңгімемді оқыдың ба? Айдосты шатастырдың деп хат жазыпты бір шал. Сол дұрыс па. Неге тұрсың, суретінді алып кел. Тез», – деді. Сөз айтуға демім жетпей дәлізге шықсам Кәдірбек ағамыз есігін жауып жатыр екен: «Тез шықтың ғой, бала. Жазып жүрген баласың-ау, сірә. Атың кім. Ораш не деді. Қалай? Өй, сен өзің мықты болдың ғой онда. Глянцевый қағазға шығаратын фотоға түс. Пәлен жерде. Тездет. Ұмытылып кетесің», – деп жөн-жобасын айтты. Күнаралатып суретті апарып бергенімде саусағының ұшымен столды көрсеткен Оралхан ағамыз сәлемді алмастан бұрылып шыға берді. Үмітсізденіп, салым суға кетіп, мен де соңына ала шықтым. Сонда ғана артына жалт қарап бұрылмастан: «Алғысөз жазып, теруге жіберттім. Бас редактор (Ш.Мұртаза) ұнатты», – деп басын шалқақ ұстап жүріп кетті. Қиялымда соншама бауыр басып, аялаған адамымның іштартқаны қайсы, сыртқа тепкені қайсы, мінезі ішіме қонбады.

Күндер өтті... Бірінші тамыз күні таңертең емтихан тапсыруға барсам... абитуриенттер мені көрсетіп гу-гу етеді. Шашы тікірейген Несіпбек: «Өлеңің шығыпты», – деді. Расында да, Оралханның өзі шағын түсінік жазған бір топ өлеңім суретіммен «Тұсаукесерге» жарияланыпты! Бұл, шын мәніндегі қуаныш еді. Ол кезде «Тұсаукесер» айдарымен бір жинағы шыққан жас ақындардың өзі таңдалып басылатын. Рахмет айтуға барғанымда: «Жол жүріп барам. Рымғали деген ағаң телефон шалып, сені іздеді. Тауып ал. Оқуға түссең де, түспесең де бір соғып кет...

Міне, менің әдебиет әлеміндегі «Тұсаукесерім» осылай өтті. Бұл басылымның абыройы менің жаныма біраз азық болды. Септігін де тигізді. Енді бұрынғы бұрынғы ма, өзін көргеннен кейін еліктеу жайына қалып, енді Оралханша елітіп өмір сүруге ұмтылдым... Қалай дегенмен де, менің сол бір бозбалалық ықыласымды аңғармауы мүмкін емес еді. Бауырына баса, іштарта бастады. Көбінесе сабақтан кейін, бесін ауа жұмыс саябырлағанда барамын. Тұңғыш жинағы баспаға дайындалып жатқанда: «Терісаққан неге теріс ағады? Кенес заманына емеуірін танытып отырған жоқсың ба? Орыс кейіпкер: бұл сендердің жерлерің. Біз жатпыз, – деп неге Волга бойына көшіп кетеді. Ол ұлымен төбелескенде неге: арашалама. Бұл біздің ұлттық мінезіміз – дейді. Бура неге поезға соғылады? Аспан неге үнемі бұлыңғыр? Нені меңзеп отырсың? – деп өзінен астарлы саяси қате іздейтінін айтып, содан кейін: «Біздің Алтайда...», – деп әңгіменің бетін бұрып әкететін. Әдебиет бөліміне Сағат Әшімбаев келген соң пікір аясы көбіне әдебиетке қарай ойысып кетіп жүрді. Редакцияға өзімсіп кіремін, бөлмелерінде ұзақ отырып, әңгіме тыңдаймын. Кейде Сағат келген хаттарға жауап жаздырады. Бұл мен үшін үлкен құрмет, кеудемді сондай бір мақтаныш кернейтін...

Қарашаның бір кешінде театрға бардым. Спектакльден соң Ор-ағанды көріп қап, сәлем беріп ем, жанына сымбатты, аялы жанарлы, шашын түйген ажары ашық келіншек келіп, қолтығынан ала берді: «Мына сұлу келіншек менің әйелім. Аты – Айман. Көзін қарашы, көрдің бе, қандай аялы, жуылған мойыл сияқты. Мұндай аялы көз Алматының келіншектерінде жоқ. Ал мынау менің бауырым...», – деді сондай бір масаттанып. Бірінші Алматыда, Сейфуллиннің бойында пәтерде тұратын кездері. Аялдамаға шығарып салдым. Сөйтіп, аяулы Айман жеңешеммен де таныстым. Мұның өзі арамыздағы жылылықты бұрынғыдан да мейірлендіріп жібергендей болды.

Желтоқсанның екінші жартысында университетте М.Әуезов үйірмесінің дәстүрлі әдеби кеші өтті. Бес жүз адамдық мәжіліс залында ине шаншар орын жоқ. Мұқағали мен Тұманбайдан соң жастарға кезек берілді. Кеңшілік өзінің әйгілі «Көк өгізін» оқыды. Бір уақытта Бекділда

шығып: «Арамызда шашы ұзын шала Шекспир, толмаған Толстой пайда болыпты. Алтай қазақтарының тілі деп, Сәбит Мұқанов айтқандай, қытай қазақтарының тілімен қайдағы бір қияли кейіпкерлерді суреттейді. Бурамен поезды соғып, рельстен шығарғысы келеді. Көнені аңсап, қамшыгерді жазады. Мына дүниеауи құбылыстан хабарсыз көл жағасында жалғыз мекендеген, өзінің абыройын төгіп алғанын сезінбейтін қызды суреттейді. Дафнис пен Хлояны, «Қорғансыздың күнін» жаңғыртқысы келеді...», – деп өреки сөйледі. Ол кезде Бекділданың да бас асауы басылмаған шағы еді. Зал дуылдап кетті. Шешен мінбеден түсер түспестен Орағаң орынынан көтерілді. Сұлтанғали Садырбаев ағамыз: «Оралхан! Ораш! Сабыр! Сабыр!», – дегеніне қарамастан сұқ саусағын шошайтқан күйі мінбеге шықты да: «Ұлы Мұхаң – Мұхтар Әуезов: ит қапты деп мен де қапсам, аузымда не қасиет қалады – деген екен. Мен де аузымды былғағым келмейді», – деп мінбеден түсті де, басын шалқайта ұстап қайқая адымдап сыртқа шығып кетті. Зал үнсіз тынып, Орағаңның соңынан көзімен ұзатып салды. Ол сол мінезімен шешеннің де, кешті жүргізушінің де, тыңдаушылардың да мысын басты. Бұл – әдеби ортадағы айтысты тұңғыш көруім еді, дымым шықпай қалды. Сөйтсем, ол өзі кәдімгі пікір алысудың қалыптасқан желісі сияқты үйреншікті жай екен.

Қыс айларында «Ұйқым келмейді» атты ұзақ әңгімесі жарияланды. Кәнігі оқырмандар: Оралхан өзінің басындағы уайымын жазған – десті. Қандай уайым? Үй алды. Құттықтап барып ем: «Балам болғанда ғой мен де үш бөлмелі пәтер алар едім», – дегені. Жүрегім шым ете қалды. Айман жеңешемнің аялы жанары мұңға толып тұратыны елестеді. Терезеге көзі жасаурай қарайды. Менің көзімнен де бір тамшы жас мөлт ете қалды. Орнымнан күбірлей қоштасып, сыртқа шыға бердім... Жазғы демалысқа шығарда бөлмесіне кірсем, көңілді екен: «О, мен де Алтайға барамын. Маралдардың дауысын сағындым. Шалғымен шөп шабамын. Аңғарды қуалап қана шөп бітеді. Күзгі жасанды алшын дейді. Алатау сұлу болғанымен жасандылық бар. Арқыраған өзен, сарқыраған дариясы жоқ тау – тау ма. Алтайдың қиясынан тағалы аттың өзі жүре алмайды. Саған міндетті түрде көру керек. Ауылға барған соң шақыру жіберемін. Смағұл

(Елубаев) өмір көремін деп Зайсанға жолдама алыпты. Ол құмның адамы. Тау оны менсіне ме? Көресің, сыймай қайтып келеді», – деді. Жаз бойы шақыру күттім. Шақыру келмеді. Сөйтсем, шекаралық аймаққа рұқсат алу қиынның қиыны екен.

Қазан айында дидарластық. Өте көңілді, жинақы, жүзі тау ауасына тотығып, қоңыр тартқан. Сол сәтін пайдаланып тұңғыш жинағы «Қамшыгерді» алдына қойдым. Қасын керіп, басын бір бұлғап қойып: «Тұрсын! Тэй-тэй бастың... Лайым бұғанаң бекіп, қанатың қатаюына тілектес – автор» – деп жазып берді де (күнін қоймапты), тартпасынан «Қамшыгердің» тағы бір данасын алып: «Мынаны саған сақтап отыр едім... Шақыра алмағаным үшін... Әй, әлгі апайыңның аты кім еді... Ай... Ай... Айымхан! Адам болғанымыз сол қыздардың арқасы. Соған жазып берейін», – деді. Кітапқа: «Айымхан! Өз бақытыңды тап!», – деп жазып берді де: «Сендерді жетімдіктен шығарды, енді өз бақытын ойлауы керек», – деді. Сол кітапты апайым Айымхан сандықтың түбінде сақтаушы еді, марқұм (Міне, сырты тысталған сол кітаптың мұқабасын сипап қойып осы естелікті жазып отырмын. Іші толы сызық, леп белгісі, сұрақ белгісі екен). Қарашада өзіміздің журналистика факультетінде «Қамшыгер» бойынша студенттердің конференциясын өткізіп, мен баяндама жасадым... Өзі де шабыттана сөйледі. Бейімбеттің «Шұғасын» жатқа оқыды. Сол жолы «Толқын» атты әдеби журнал шығаруға уағдаластық. Алғысөзін Ор-ағаң жазды. Кейін ол «Тасқын» деген атпен газетте жарияланды. Біз, студенттер, оны өзіміздің көкеміз (кумир) ретінде қабылдадық. Оның дене тұрқы да, тұлғасы да, киімі де, мінезі де, жазуы да соған лайықты, еліктеуге тұрарлық тұлға еді. Сондай шағымды күндерде өзіне еліктеп жазған әңгімемді ұсына беріп ем, оқымастан: «Ақын боп танылдың. Ақын боп өмір сүр. Оқымаймын. Ендігіәрі көрсетпе маған», – деп қайтарып берді.

Сонымен, шәкірттік кез де аяқталды, өмірдің ағысы еркіне бағындырып, тіршілік күйбеңіне алаңдатты. Өлеңге мүлдем бетбұрғандай едім, бірақ ішкі ділім қақпайлап әкеп, қара сөзді қаламның ұшына иіре бергенін өзім де аңғармай қалдым. Екі өлеңдер жинағын шығарсам да, өрісім тарылып

жүргендей сезіндім. Қара сөз бауырымды жаздырмай баурай берді. Оны Ор-ағана қалай айтамын... Ол «Жұлдызға» ауысып, проза бөлімін басқарды. Қалайда алдынан өтуім керек. «Бесқарагер», «Аэродром» хикаяттарым республикалық конкурстарда бәйге алды. Бірақ баспасөзге ұсынбадым. Ақыры «Шилі өзен қамыс-ай...» деген хикаятымды өзі жоқта тапсырып кеттім. Сөйтіп жүргенде қарындасым Төлеу, ұлым Алмастың қазасы килікті де, өз күйімді өзім жоқтаумен әуре боп кеттім. Қаладан сырт Әлмеректе тұрғандықтан кешкі әдеби жиналыстардан қағыс қала бердім. Хикаятымды бас редакторға ұсынған екен, жақсы, бірақ табиғаттың апатын қасіретті мұңмен жоқтапты – деп қайырып беріпті. Мұның түпкі себебін әдебиет ауылынан алыста жүргенімнен көріп, қоңылтақси бастадым. Анда-санда барып Сағат екеуінің әңгімесін тыңдаймын. Әдеби ортаның қызығы өзіне баурайды. Бірақ...

Өмір кіл мұңнан тұрмайды ғой. Көңілді, күншуақ сәттер де көп болды. Алайда сондай шақтарда Ор-ағанның дауысын шығарып қарқылдап күлгенін естімеппін. Ақырын ғана мырс етіп, ішінен күледі екен. Соның бір-екеуіне тоқталайын. Бірде, Әлмеректегі көршім – жазушы Тұрдыбек Алшынбаев таң атпай оятты. Қолында жеделхат: «Не істерімді білмеймін. Аякөздегі қайнағам, досым Ерғазы Рахимов: «Бірінші май күні таңертең поезбен барамын. Қалиханды, Оралханды, Қажытайды сағат он бірге қонаққа шақырып, күтіп отыр», – депті. Не істеймін. Сенімен ақылдасайын деп келдім», – деді. Несіне менімен ақылдасады? Жағдай жоқ па, әлде біреу қарсы ма? Бәрі орнында. Сонда не бөгет? Ештеңе. Енді не? Түсінбедім. Алшынбай ата: «Не істесеңдер де өздерің біліңдер. Құдама қойым дайын. Өз шаруаларыңды өздерің біліңдер», – деп бұрылып жүре берді. Қарындасы Кабира да екіойлы. Қойшы, сонымен қонақтарды шақыратын болды. Бірінші мамыр. Сағат он бірде Қал-ағаң, Ор-ағаң, Қаж-ағаң таксимен келіп түсті. Батасын күтіп қой тұр. Дастарқан қайысып ол тұр. Бәрі дайын. Тек жеделхатпен қонақ шақырған адамның өзі жоқ.

Басында поезд кешіктіге санап, анда-санда Ерағанды қағытып қойып жеңіл шай ішілді. Сағат екі, үш болды. Алшынбай ата сыртта тұрып: «Ал, қонақтар бата беріңдер.

Құдасыз да әр қайсың бір-бір қойға татисындар. Малға обал болды», – деді. «Бұл шынымен атасына тартқан болды. Аякөздегі сыбағамызды Алматыдағы Тұрдыбектің есебінен беріп, бізді бір жырғап тастамақ болған ғой. Мына Оралханның досының бәрі өзіне тартқан шайқылау болып келеді», – деп Қал-ағаң нағашылана өзімсіп бата берді. Таңертеңнен қаңтарулы тұрған күтуші қыз-келіншектер әп-сәтте қуырдақты дайындап үлгерді. Өзіл аралас әңгіме барған сайын қызды. Бір уақытта нағашылы-жиенді екеуінің жекпе-жегі басталды да кетті. Қалихан ағаның сұқ саусағы шошая бастаса бітті, тоқтамайтыны белгілі. «Алтайда ...», – деп бастап «кержақтарды» қосып, қайыңның тозынан күміс тостаған жасатып тынады. Оралхан ағаның тақырыбын «тартып» алғанымен қоймай: «Оралхан сен білмейсің, әлгі қайыңның тозынан жасалған күміс тостағанмен кержақтар балшарап ішкен соң оны міндетті түрде бұтаққа іліп қояды. Өйткені...», – деп басып тастайды. Бір кезде шыдамы таусылған Оралхан: «Нағашы осы сіз Алтайға соңғы рет қашан бардыңыз?», – деді. «Мен елуінші жылдың аяғында ма, жоқ, алпысыншы жылдың басында ма екен. Ағайын қалмады. Сенің әкең шақырғанды білмейді...», – деп тосылып қалды.

Сол-сол-ақ екен, Оралхан күдірейіп шыға келді, бәйгеден қалып, қыстығып тұрған аттай ытырыла: «Қалекең Алтайдан кеткен соң ол былай өзгерген», – деп әлгі айтылған әңгімелердің тонын аударып айта жөнелгені бар емес пе... Қалекең ауызын аша берсе, не сұқ саусағын шошайта берсе болды: «Қалеке, сіз Алтайдан кеткен соң... Қалеке, сіз жоқта... Соғыстан кейінгі жылдары емес, Қалекең білмейді, осы күні кеше... Қалекең кеткен соң туған балалар», – деп сөзін қағып алып, актерлік мінезіне басып неше түрлі хикаяларды бірінен соң бірін ағыта берді. Екінті ауып кеткен кезде маған: «Әлгіден хабар бар ма? Аякөзден шығып па өзі», – деді. Сөйтсем, досының кешіккенін білдіргісі келмей, әлі де үмітін үзбей қонақтарды алдарқатып отыр екен ғой. Енді жасыра алмасын біліп: «Солай, Қалеке!..», – деп жан-жағына қарады. Дымы құрыған Қалекең: «Әй, мына жаман Бөкейдің жақсы ұлы апайыма тартқан екен. Ер жігіттің

жақсы болмағы нағашыдан. Қой, әлгі әлі жоқ па. Келмесе қойсын. Бел жазып алайық», – деді.

Ауылдың сыртына шығып, қара жолмен біраз жүріп, алыстан анық көрінетін аспанмен тілдескен Алатаудың қарлы басына қарап тұрып: «Біздің Мұзтау... анау шыңның басындағы ақша бұлт бар ғой, тура сол сияқты биік», – деді. Бой жазылды. Қонақтан күдер үзілді. Қойдың басы да мүжілді. Тағы бір үзілістен соң қас қарая шайға отырғанда сырттан дабыр естілді. Іле ерініне тістеген «Беламордың» тұқылын тілімен талғап Ерғазы ағамыз кіріп келді. Еш нәрсе қаперінде жоқ, түк болмағандай Қал-ағаңмен, Қаж-ағаңмен қаумаласып, қауқылдасып қойып, Ор-ағаңның қасына отырып жайбарақат қана санын қағып: «Қалың қалай?», – деді де қалжыңға араласа берді. Ор-ағаң үнсіз. Екеуі андасанда бір тіл қатысып қалады. Сөйтсе, таңертеңгі жетіде Алматыға келетін пойызға билет аламын деп, кешкі жетіге келетін поезға билет алған екен. Аякөздің вокзалының директоры досы, тіпті, орыс кассир де жоқ. «Е, атаң тартқан екенсің ғой», – десті күлісіп...

Қас қарайып кеткен. Бір уақытта Алшынбай ақсақал кіріп: «Әй. батырлар! Қазақ құдасына басқа бата жасатпай, жамбас мүжітпей жатқызбайды. Ерғазы құда, бата жасап жібер!», - деп тағы бір қойдың басын есіктен қылтитты. Ер-ағаң асып-саспай, бір күнде екі қой сойғызғанына қысылып қымтырылмастан елеусіздеу «аллау әкпарын» айтты. Өзгелер тосылып қалып еді, Ор-ағаң: «Қал-аға, менің жаман достарымның өзі бір күнде қой сойғызады. Ал сіздің достарыңыз ғой, екі рюмке коньяк алып берсе атаң түйе сойғандай болады», - деп жондана қалды. Қойшы, сол түні әңгімемен қалай өткенін білмеймін. Қонақтартар таң ата демалып сәскеде Алматыға қайту үшін сыртқа шықты. Ерғазы аға досымен бірге қалып, ілесе кетуі керек еді. Сыртқа шықпай айналсоқтап қалды. Есік ал да шүйіркелесіп жарты сағат тұрдық. Ер-ағаң шықпайды. Тұрдыбек пен Кабираш жүгіріп жүр еді, бір уақытта есік ерсілі-қарсылы ашылып сол үйдің бар баласы зырыл қағуға кірісті. Тағы да жарты сағат өтті.

Шыдамсызданған Ор-ағаң маған белгі берді. Үйге кірсем, ауыз үй мен төргі үйдің еденінің ортасына үйілмеген

зат жоқ, әр төсектің астында бір-бір бала. Темекісін тісіне жайбарақат тістеп Ерғазы ағамыз тұр. Бәрінің айтатыны: «Жоқ!» - деген бір сөз. «Әйтеуір құданың жалаңаяқ келмегені анық», - дейді Алшынбай ата. Сөйтсем, ағамыздың аяқимі таптырмай жатыр екен. Еденде сатала-сатала сарыла жалқақ қатқан, табанына бір елі қи қатқан сақманшының бұзау бас бәтіңкесі тұр. Бір сағат іздегенде тапқандары осы екен. Енді бұл Ерғазы ағаныкі емесі анық, бірақ... кешегі оқиға есіме түсіп кетіп: «Осы сіз малтүгел емессіз бе, өзі?», - дегенімде - «Иә, мал түгелміз...» - дей беріп ағамыз санын бір-ақ соғып, бұзаубасты бассалғаны: «Менің аяқкиімім осы болды. Мен үйден шығып бара жатқанда ауылдан сақман алып жүрген зоотехник досым кіріп келе жатқан. Мынау соның пәтіңкесі болды, соны байқамай киіп кеткен екенмін ғой», - деп аяғын сұға бастады.

Ал, күлесің бе, ыза боласың ба, сол қозының шаранасы қатқан «пәтіңкені» кигізіп жіберетін емес, жууын жуасың-ау, бірақ иісі қалай кетсін. Осыны сырттағыларға айтып барғанымда ішек-сілесі қатқанша күлген қонақтар қалаға емес үйге бет бұрып, тағы бір шай ішіп аттанды. Ор-ағаң ештеңе болмағандай досының арқасынан қағып қойып, неше түрлі күлдіргі әңгімелерді айта берді. Түс әлетінде Ер-ағаң досымен бірге қалаға кетті. Ой, алла, мұндай да аңғалдық, мұндай да малтүгелдік болады екен-ау деп таңғалып біз қалдық. Тұрдыбек ағаның менен жөн сұрап жүргені, ағадостарының «атасына тартып жүрмесін» деп жүргені, Ерғазы ағаның малтүгелдік сырына толық қанық болғандығында екен. Зады, бұл олардың бірінші көрген «кұқайы» болмаса керек. Шындығында да, Ер-ағаң сол малтүгелдігінен арыла алмай кетті, марқұм. Келесі жолы бір келгенінде әйелінің сулығын киіп келіп, еркектің сулығын іздеткені бар. Бірақ ол «қылмысты» тез әшкереледік.

Бір нәрсесін ұмытпай жүретін адам – Ерғазы аға емес. Сол ұмытқан затын апарып беру үшін Оралхан ағаның үйіне келдім. Есікті Мәншүк апай ашып: «Е, екі туып бір қалған ағанды іздеп келдің бе? Екі ғашық оңаша сырласып отыр», - деді. Залға кіріп барсам, екеуінің аяғы диванның екі басында, арқаларын түйістіріп алған, әңгімені соғып отыр... Жо-жоқ, бетін терезеге қаратқан Ерғазы темекісін сорып

қойып әңгіме соғып отыр, бетін есікке қаратқан Оралханның екі көзі төбеге қадалып, тындап отыр... Сәл тосаңсып қалып, асүйге Мәншүк апайдың қасына бардым. Апайым күле қапжындап шәй жасады. Айман жеңгей келгенде ғана екеуі бастарын көтерді. Екеуінің достығына қатты сүйсіндім. Кейін сол көрініс есіме түсіп, тура сол диванда менің де бір Ор-ағаңа арқа сүйеп отырғанымда Айман жеңешемнің: «Немене, Ерғазыны сағынып отырсындар ма?», - дегені бар. Осы Ерғазы ағаның «арқатүйістіріп» отырып айтқан әңгімесінің нәтижесінде «Өз отынды өшірме» атты роман өмірге келді. Сөйтсем, «Түрксібке» қатысты деректер мен темір жол бойындағы тағдыр тартыстарын Ерғазы аға Аякөздің архивіне жинастырып келіп, оны досына айтып береді екен. Әңгімелері желісін үзбейтіні де сол болып шықты. Сол роман жарыққа шыққан ешкім пікір білдірмеді. Ақыры: Оралханның қолы - әңгіме, повесть. Романға : оның стилі келмейді - деген сыбыстар естіліп, ашық айтыла бастады. Бір әлетте маған: «Мені қорғайтын кезің келді», - деп емеурінін білдірді. Өзім сүйсініп оқыған роман туралы жазылған «Түрксібте тоғысқан тағдырлар» атты пікірім «Социалисте Қазақстанға» жарияланды. «Бүгінгі газет жақсы шығыпты. Кәрі аға (Кәрібай Ахметбеков), Қанжығали (Мұханбетқалиев), тым болмаса соны оқындаршы», - деп бір бөлмеде отыратын достарының алдында қоқиланып алғаны бар. Қалай дегенмен де, Ор-ағаң мен Ер-ағаңның арқа тірестіріп диванда жатқан кейіптері осы күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Қарындасы Мәншүк айтқандай, екеуінің бір-біріне деген ықыласында қылау жоқ табиғи жарасым тауып тұрушы еді.

Содан, сын бөлімінің меңгерушісі Сағат Әшімбаев авторлық құқықты қорғау агенттігіне ауысты да, Ғафу, Бекежан, Ахат, Маршал, Оралхан, Софы, Кәрібай, Қажығали, Жарасқан, Шөмішбай, Марат сияқты «Жұлдыздың» жұлдыздарының үйіріне қосылып, жазушылар одағының қасиетті шаңырағының табалдырығынан аттадым. Бұл өзі күнде тегіге бергісіз өмір құбылыстары өтіп тұратын, жақсылардың жанында жанасуға мүмкіндік беретін, жаншуағы мол да қызулы, өзіне ғана тән бас асауы мен еркіндігі бар орта. Сүйенішім, демеушім сияқты Ор

ағанды ықтай жүремін. Бұрынғыдан да етене тартып, ққамқорлықпен қарайтын. Түстікте «Қаламгерге» барамыз, сонда мені қақпайлатып апарып қасына отырғызатын да, есепті өзі айырысатын. Қалтама қол сала берсем: «Мен отырғанда шыбжындамай тыныш отыр. Ағайын екен десін жұрт», - деп қоятын. «Шыбжындама» дегеннен шығады Ор-ағаң анда-санда, ұл-қыз деп қарамай, осындай бір сөзді айта салатын.

Қарындасым Төлеу қыршынынан солып, көңіл қаяу басылған кез еді, «Жұлдыздағы» алғашқы айда бір оқыс иірімге тап болып Рымғали, Сағат, Жәнібек, Несіпбектал қарматты. Оны Ор-ағаң да естіпті. Бетімді жасқамай, көңілімді көтеріп қойды. Сонымен маусым айын да «Жұлдыздың» Жаңарқа ауданындағы күндерін ұйымдастыруымен мені іссапарға жіберді. Ұйытқы болған Кәр-ағаң - Кәрібай Ахметбеков ауданның бірінші хатшысы Мұхаметқасым Шәкенов досы екен ол кісінің ата-баба қорымы сонда көрінеді. Ақселеу ағамыздың осында. Жақсы қарсы алды, Бетпақтың ішін аралап, атақты әнші Игілік Омаровтың дауысын тындап, сапардың жобасын келісіп қайттым. Он бес күннен кейін Ахат Жаксыбаев, Кәрібай Ахметбеков, Оралхан Бөкеев, Жарасқан Әбдірәшев бесеуміз Атасуға келдік. Онда атындағы кеңшарда кездесу өткізе салып Кәр-ағаңның ата қорымына бет алып, жылқышылардың ауылына екінті ауа келдік. Құлынды сойып, асауды көзімізше үйретіп, сөйте жүріп дастарханды сыртқа жайып үлгеріп, біз қағынып-сілкініп алғанша буы бұрқыраған қуырдақ пен жаужұмырды алдымызға тарта қойды. «Жортуылға жаратылған адамдар екен», - деп маған сыбырлап үлгергенше: «Иә, мына Өзаман деген жылқышымыздың әкесі елуінші жылдардың ортасына дейін кеңес өкіметіне бағынбай, Бетпақта өмір сүрген. Кешірім жасалған соң да кепке қосылмай жылқы бақты. Өзаманымыз күрестен Қазақстанның чемпионы», - деп түсіндіріп үлгерді аудандық үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Әліп Жайлыбаев ағамыз. Сонда да таң қалмағандай сыңай танытып: «Біздің Алтайда кеңес өкіметінің орнағанын елуінші жылдары естіген кержақтар бар», - деп қалды Ор-ағаң. Жаңарқаның жігіттерінің бітімі белек, шетінен ер көңіл, қайсы біріне таң қала бересің. Қымыз бойға жайылып, кешкі

шапақ қызыл арайлана бастағанда шаруашылық директоры Кәрібай Қоңырбаев ағамыз жылқышы Өзаманды шақырып, ән салуға пәрмен берді. Шынашақтай шымыр жігіт малдасын құра салып, бір білегінің жеңін сілкіп жіберіп, ... шолтаң ете қалған молақ білегімен домбыраны қағып-қағып жіберіп, ән айта жөнелгенде бәріміз де селк ете қалдық. Тұла бойымыз шымырлап кетті. Қолы шынтағына дейін жоқ. Молақ.

Сол сәттен бастап Ор-ағанның бойы еріп сала берді... Жас кезінде оқыс оқиғадан соң білегіне дейін кесіп тастапты. Соған қарамастан Өзаман күрестен чемпион атанып, молтақ шынтағымен күй тартып, ән айтады екен! Бұл, шындығында да, ерлік! Көңілденгеніміз сондай, таң жарығы жерге толық жайылғанда ғана көз шырымын алуға киіз үйге кір-дік. Көз ұйқыға бейім, көңіл ояу. Ор-ағаң мені жанына жатқызды, енді жастыққа бас қоя бергенде: «Ал, жолдастар жатайық, қылға қылды матайық. Қызарғанды өшіріп, қызығына батайық», - деп қалғаным. «Өй, мынауың баланың жұмбағы...», - деп Ор-ағаң одан да қызықты «жұмбақ» айтты. Кәр-ағаң да құр алақан емес екен, әншейінде сөзге сабырлы Ахаң – Ахат Жақсыбаев: «Біздің бала кезіміздегі жаңылтпашымыз былай бо-латын...», - деді. Жарасқан да қосыла кетті.

Қыза-қыза жаңылтпашқа, одан өтірік айтысқа, одан шын айтысқа көштік. Қойшы, дастарханға шақырғанда ... сыртқа шықсақ, киіз үйді айнала жантая жатқан адамдар, жазушылардың сөзін естиміз деп, бәрі құлақ түріп жатыр екен. Бәріміз, оның ішінде, әңгіменің қоламтасын қыздыратын Ор-ағаң мұны көріп: «Сөз түсінетін ел екен... Біздің Алтайдағылар: жазушы дегенің бір қырт ел болады екен. Таң атқанша ұйқы бермеді, әкіри - дер еді», - деп желпініп алып Бетпақ дала және оның адамдары туралы публицистикалық пафоспен сөйлеп: «Акселеу сендердің көбіктеріңді ғана қалқып жүр екен ғой. Біздің ауыл - кержақтардың ауылы. Мынадай қазақы жерде өссем ғой, бар емес пе, әкіри», - деп жайлаудағы жылқышыларды риза етіп, көңілді аттанды.

Қойшы, сонымен жаңағы өтірік-шыны аралас әңгіме айтысы үш күнге созылды. Бір шаруашылықтан екінші шаруашылыққа: әңгіме тыңдаймыз – деп ілесе келгендердің өзі бір қонақасылық адам болды. Нұрғали деген жігіт басқарған шаруашылықтың мәдениетіне қатты разы болды.

Екі қондырып аттандырды. Ең соңында Терісаққанға қарай ойысқан түпкі бір жайлаудағы бақташының үйіне қоналқыға алып келді. Жол шаршатқан. Ұйқылы-ояуымыз. Шам жарығы күңгірт. Бір уақытта үлкен тайтабаққа салынған қарақоңырлау бір дөңкіген нәрсені іркілдете алдымызға тарта қойғанда, бәріміз де қабанның бітеу еті екен деп шошып шалқалай бергеніміз де : «жігіттер, мұны біздің Аркада үйітілген бұзаудың еті дейді...», - деп Ор-ағаң ілгерлей берді. Кейін сұрасам, Ор-ағаң де мұндайды бұрын көрмеген, сол сөзді өзі де байқамай айтып қалыпты. Қойшы, келесі күні Манақтың бауырында Сәкен Сейфуллинның жыр кешін өткізіп, Атасуға келіп «көже ішіп» қуанып қалдық. Екеуіміз таң атқанша бильярд ойнадық.

Кешке... Мұхамедқасым ағамыз үйіне шақырды. Айтыстың төртінші не бесінші күнге ауысқан мерзімі. Жазушылар да, жолдан қосылғандар да бар, бірге-бірте бәрі шеттеп шыға берді. Іріктеліп қана қалдық. Түнгі онға таман Ор-ағаң: «біздің ауылда екі аяғы молақ, беліне дейін белгі жоқ Қайырды деген адам бар. Соны шөп піскен кезде әйелі ағаштың шөркесіне қойып, атқа мінгізіп жібереді. Содан таудың басына шығады да өзінің жылдағы шөркесіне домалаңдап түсіп, ұзын арқанды беліне орап, бір ұшын қарағайға байлайды. Өткір қылып қайрап алған шалғысын қолына алады да, бір жағына томпаң етіп жантая қалып, еңіске қарай домалай жөнеледі. Молтақ дене шыр айналғанда, қолындағы шалғысы шөпті жапыра орып, сайға бірақ түседі. Арқанды қолымен тартып, тағы да төбеге шығып, тағы да домалаңдай жөнеледі. Сөйтіп жүріп, қыстық шөбін шауып алады» дегенде бес күн бойы өздері де өтірік әңгімеге дес бермей келгендер жағасын ұстап, Ор-ағаңның алдында бастарын иіп еді.

Кейін: Ақселеу мен Кәдірбек ағаны да осылай тосылдырған екен-мыс десіп жүрді. Онысын білмеймін, ал мына бес күндегі «шабысы» нағыз тайбурылдың шабысы еді. Арасында: «Ах-ай, ах-хоу» деген алтайлықтардың әуенімен ән де салып қоятын. Әңгіме айтқанда түсін бермей, күлмей, салмақты қалыпта, шындықты баяндап отырғандай салмақпен айтатын. Ол – бәске күшейген сайын адымы ашыла, бауыры жазыла түсетін бәйге аты сияқты еді.

Бұған таңғалмау мүмкін емес болатын. Таланты адам – қай қырынан көрінсе де – талантты. Сол сапарда бұған менің көзім анық жетті.

Жыл сайын «Жұлдыздың» жұлдыздары жана жылды Алматы қонақүйінің мейрамханасында қарсы алатын. Бұл өзі бір жыл сайын аңсап күтетін күн еді. Үй-ішілерімізбен де араласып, бір-бірін танып, жақын араласуға негіз қалады. Сол күні Бекежан Тілегеновтен басқа ән айтып, өнер көрсетпейтін адам болмайтын. Тек қана Ғафекеңнің өзі ғана айтатын Қасымның «Дариға сол қыз» әні қандай еді. Ор-аған «Алтайдың әні былай...» - деп «Ах-ой, аха-хоуға» салатын. Айман жеңешемізбен де етене бауырласып кеттік: «Иә, біздің ораш айтқандай» - деп қостап қоятын.

Бұдан кейін Алтайға бармау, оны көрмеу мүмкін емес еді. Сарқаптал досым Әлібек сары күзде, сары жағалданған Алтайға алып барды. Алыстан менмұндалаған Ақсөре – Мұзтау, Рахман бұлағы, Бұқтырма сарыны, Ақбұрқак сарқырамасы, бұғылар мен теңбіл маралдар көзімнің аясын толтырып, жансусынымды қандырғанын айтпай-ақ қояйын. Мені одан да бетер таңқалдырған Ор-ағаңның анасы – Гүлия апа болды. Әлібек жүрегінің түпкірін мұң шымшып жатқан азамат қой, туған ауылының орысша сылдырап жатқан бұлағының атына «Мұңлық» деп ат қойып, анасымен дидарласып, Шыңғыстайға – Орлханның үйіне бет бұрдық. Бұқтырманың сарынының өзі «Кішкентай» атты күйдің әуенімен жүректі орып-орып кеп, лақтырып жібергенде, иіріле бұратылып барып, лықси арындайды екен. Әйтеуір Қатын аңғарын біртүрлі ширықтырып тұратын сарын естіліп тұрады.

Шыңғыстай – аңғардың батыс бетінде, Бұқтырмадан бір-екі шақырымдай бөктерде орналасыпты. Сұлтанмахмұт сабақ берген Әбдікәрім болыстың ағаш мектебін көріп, беткейге ала салынған еңселі ағаш үйге келдік. Бізді Мәншүк апайымыз қарсы алып: «Апа, балаңыздың бауыры іздеп келді. Тапсыратын кісі таба алмай отыр ең», - деп өзінің ерке шора мінезімен қарсы алды. Әлібек те жөн-жобаны түсіндірді. Сол-ақ екен Гүлия шешей сондай бір аңсарлы сарынмен, біресе жанын үзе жалғыз ұлын аманатқа тапсыра отырып, біресе күліп қойып, біресе жылап алып, бейнелеп

айтқанда, күн шуағы, бұршағы, өткіншісі аралас ауа райы сияқты өзгере отырып, әңгіме желісін үзбестен ағытыла жөнелді. Арасында сусын беріп қояды:

«Жалғызымның досы болған соң іздеп келдің ғой мені. Әуелі Алла, содан соң өздеріңе тапсырдым. Әйтеуір Айманым жақсы кездесті. Сендерге аманат. Алматыға барамын дегенде, әуелі Аллаға, содан кейін адамдарға аманаттап жібергенмін. Қалы қалай? Мен бір жүрегі аузына біткен адаммын. Арсалаңдап жақсылардан жанымды аямаймын, жамандарын жақсылардың ішіне орап жіберемін. Осында Орашымның бала күнгі досы бар. Күн сайын келеді: «Ораштың қалын білейін деп келдім, апа», - дейді. Сыбағасын беремін. Мыналар мазақ қылады: ол балаңның халін сұрап келген жоқ, өзінің халін түзетейін деп келді – деп. Мейлі. Менің жалғызымды аузына алды. Алланың құлағына шалынуы мүмкін ғой.

Қарағым мен алкеуде, ашық, пейілім құласа бітті, тасып жатқан Бұқтырмадан да атпен өте беретін адаммын. Өрге қарай көтерілген аттың құйрығынан сыпырылып түсіп, еңіске қарай құлдилаған аттың мойнынан асып түсіп жүріп, өмірімді өткіздім. Кейін етжеңді тартқан соң ғана екпінім басылып қалды. Баяғыда, әлгі «халық жауларын» ұстап жатқан кезде еліміздің бір сыйлы азаматын ұстап әкетті. Енді қатыны мен бала-шағасын ұстайды екен дегенді естіп қалып, екеуін тау ішіндегі кержақтардың «алапестерге» (ескі сенімдегілер өздерінен басқаларының барлығын солай атаған) арналған моншасының жертөлесіне жасырып, қойып, түн ішінде тамақ апарып беріп жүрдім. Бір күмістелген қайыңтоз тостағанды моншаның алдындағы ағаштың бұтағына іліп қоям. Бөгде адамның келгенін білсе, кержақтар жоламайды (Сірә, Қалихан ағамыздың күміс тостағаны осы болса керек). Содан әйтеуір аман-есен Алматы жаққа кетті. Сонда, жаспын, енкібідішінектерден де, кержақтардан да, аю, қасқырлардан да қорықпай түнде жүре беретінмін. Әйтеуір, адам үшін арсалаңдаған бір адам болдым. Өзім күшті едім. Күреске де түсіп кететінмін. Ал андай-мындай жүктерінді атқа өзім өңгеріп сала беретінмін («Ғайнида» суреттелген). Жігіттер таң қалып, кейбіреуі кешірім сұрайтын. Сөйтіп

жүріп, Орашымды көрдім. Аязды күнде де омырауымды ашып қойып Орашымды емізіп өсірдім.

Ой, карағым, әйтеуір, Орашыма көз қырларыңды сала жүр. Бауыры дейсің бе, Мәншүк? Ой, онда тіпті тілеуінді берсін. Егер сәл қабағына кірбің түсті деп естісем бітті, тура Бұқтырмаға тартамын. Айтпады деме. Сенбейсің бе, менен ол да шығады. Баяғыда, Орашым ержетіп қалған кезде осында бір Мәрусә деген орыстың қызы пайда бола қалды. Ол құрғырдың қай жерде жүріп қыз болып қылтия қалғанын білмеймін. Құлпырып шыға келіпті. Құдай атқыр Шыңғыстайда нағып жүр деймін. Күдігім дәл шықты. Орашым әлгі қызға ғашық екен. Үйленіп қойса қайтемін. Зар жылап отырып Орашыма түсіндірдім. Әкесінің бір кекимесі бар еді. Бір қисайса көнбейтін. Бұл да соған тартыпты.

Енді аңдығаным ұлым болды. Клубқа барып аңдимын, қайтқанда аңдимын. Бір күні түс әлетінде сәнденіңкіреп үйден шықты. Бір уақта қарасам Орашым Бұқтырманың жағасына қарай қарды омбылап қайқая басып кетіп барады. Мәрусәмен сол арада кездеспек қой. Енді аянып қалмайын деп соңынан айғайлап тұра жүгірдім. Қу жалғыз қарамайды. Үстімдегі киімдерімді бірінен соң бірін лақтырып тастап, өкпем күйіп жүгіріп келемін. Ол да қиналады ғой. Жүрісін баяулатты. Жанына жақындағанда көйлегімді де жыртып лақтырып жібердім. Булығып шыдай алар емеспін. Шошып кетті: «Ей, қу жалғыз! Қайт үйге. Осыдан кетсең сен мені қайтып көрмейсің. Тура Бұқтырмаға ағып өлемін», - дедім. Сәл бөгеліп еді, Бұқтырмаға тұра жүгірдім. «Тоқташы», - деді. Тоқтадым. «Қоштасайын» - деді. «Жоқ, не алдыма түсіп үйге қайтасың, не менің сүйегімді Бұқтырмадан іздеп таба алмайсың орыс қатының екеуің», - дедім. Амалсыз алдыма түсті. Шашылған киімдерімді жинап, үстіме кигізіп отырды.

Ой, мен сондай алкеудемін. Орыс та болса адам ғой, Мәрусә де түсініп, бұл ауылдан кетті. Сөйтіп барып тынышталдым. Шіркін, Айманым, міне, қазір, екінші ұлым болып отыр. Әттең... Жә, менің жалғызыма көзіңді сала жүр. Сендерге тапсырдым. Әнеукүні Махмұтқа да қатты тапсырғамын (Ор-ағаңның көлігін жүргізетін ұйғыр жігіті). Оған да сәлем айт. Ұмытып кетпесін. Жә, әлгі қуырдағың дайын болды ма, Мәншүк? Жүріңдер, тошалаға барайық.

Мына Мәншүк те мені күтумен жүр. Анау үрпиген сары - кенжем Ғалия. Қолғанат. Алматыға көш - дейді.

– Ойбай-ау, Бөкейдің түтін түтеткен шаңырағын қайтып қаңыратып кетемін. Әй, Әлібек, - деп Әлібекке мойынын бұрды.

– Біздің шешеміз қалай екен? Ағаң тартып ба, мен тартыппын ба? Әлі Оралханның қолбаласы бол дейді, - деді Мәншүк апай өзіне тән еркелікпен.

– Е, бола ғой, жаным. Құдай тілеуіңді берсін, - деп әңгімесін жалғастыра берді.

Кеш қарая жолға шықтық. Гүлия шешейдің сол бір кейуаналық болмысы, әңгімені әзіл, мұң, жігер араластыра айтуы, шешендігі, ең бастысы ұлына деген мейірімі, ыстық табы араға отыз жылдан астам уақыт өтсе де әлі де кеудеме басылып тұрғандай. Мұндай мейірім мен қайырымнан жартылған табиғи аналық болмыстан өзімнің ерте ажырап қалғаным, сол арқылы қаншама адами сезімнен бимағлұм жетілгенім есіме түсіп, тәп-тәуір мұңайып аттандым.

Бұл екі ортада Ор-ағаң «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторының орынбасарлығына ауысыпты. Келген соң бірден Ор-ағанның кеңсесіне бардым. Құтты босынға жеткізбей: «Иә, шешем қандай адам екен?», - деді. «Сізге камқор болып жүруді тапсырды. Егерде менің шешем осындай болса және тірі болса, мен сізден екі есе артық жазушы болар едім», - дедім. Сондай бір масаттанған пішінмен сәл күлімсіреп терезеге қарап: «Ол кісі палуан болған. Менің иығымды көрдің бе, кең. Шешеме тартқам. Баяғыда...», - деп Алтай туралы әңгімесіне көшті. Осыдан кейінгі әңгімелеріне: «Сен көрдің бе? Сен көрдің ғой. Мына Тұрсын біледі», - деген қосымша куәлік сөздер қосылатын болды.

Бұдан кейінгі тіршілік ауаны қалыпты райға көшіп, өз ағысымен өте берді. Ол кісі – қырыққа, біз-отызға аяқ бастық. Сол тұста құрдастары да байырқаланып, «жеті жетімнің» үйіріне қосылды. Бір таң қалған мінезім мынадай. Ор-ағаңның «Біздің жақта қыс ұзақ» атты хикаялар жинағы шықты. Жыл қорытындысында жеңіл-желпі ғана аталды. Мемлекеттік сыйлыққа кезекті шығармалар ұсынылды. Ең соңында Ор-ағаң екпіндей мінбеге көтеріліп: «Жолдастар!

Биыл Оралхан Бөкейдің «Біздің жақта қыс ұзақ» атты хикаттар жинағы жарық көрді. Ұсынған шығармалардан бір артық-кемі жоқ. Қайта құрудың нақты тынысы бар. Мен сол дүниені ұсынамын. Ұсынысты хаттамаға қосып, дауысқа сауларыңызды өтінемін», - деді де түсіп кетті. Сол жинақ хаттамаға кіргізілді, одақтағы талқылаудан өтті, мемлекеттік сыйлық та алды. Міне, бұған ол кісінің актерлік қабілеті әсер еткені анық. Шығармалары Мәскеуде аударылып шыға бастады. А.Ким сияқты тәржімашы достарымен үйінде де, Мәскеуде де кезігіп жүрдік. Кейбіреуі біздің де үйден Орағанмен бірге дәм татып еді (А.Ким жиырма жыл өткен соң кездескенімізде мені танымады. Мен де өзеуреп жатпадым). Осыдан кейін...

Осыдан кейін Орағанның өміріндегі жаппай сәтсіздік кезеңі басталды. Алғашында апайы Әймен дүниеден өтті. Содан кейін әкесі Бөкей, аяулы Мәншүк қарындасы ... Содан кейін Гүлия шешеміз дүниеден өтті. Шыңғыстайдағы үй иесіз қалды. «Жалғыз қалды деген осы», – деп мұнайғаны әлі көз алдымда. Бұл екі-үш жылда жазу мәнері де ауырлады. Содан бір күні «Жұлдыздың» проза бөліміндегі өзінің орнында отырған маған келді де: «Мынаның жазылуы үш жылға созылып кетті. Қатаң қарап оқышы», – деп «Атау кере» хикаятын ұсынды. Алғашқы аты басқашалау болатын. Дереу оқуға отырдым. Анда-санда дәлізден ары-бері өтеді. Түскі үзіліске таяу оқып бітіріп, қолымды қойдым. Сол кезде өзі келе қалды: «Иә, қандай екен?», – деді. Бұл – бұрынғы Оралханның мәнерімен жазылған, бірақ, тереңдігі мен ой салмағы жаңа Оралханды танытатын шығарма екен. Ұрпақтың азуы, некелі-некесіз туған тұқымдардың қатыгездігі. Қазаққа тиген орыс қызының шау тартқандағы психологиясы.

Менің ойыма Гүлия шешей үйлендірмеген Мәрусенің тағдыры түсті. Бұл барынша қатыгез тағдырды барынша батыл жазған шығарма еді. Тек: «Ораға! Бір ұсынысым бар. Ана орыс кемпірі өлгенде жастығының астынан крест шықса қайтеді? Оқиға соны сұрап тұр», – дедім. «Ойланайын» - деді. Мені қарауылдап жүргендегі жоспары басқа болса да аялдамай бірден үйіне кетті. Айман жеңешеммен ақылдасқан шығар, кім біледі. Түс қайта келді де өзінің жаңадан қосқан

үш сөйлемін көрсетті. «Атау-керенің» жариялануы қазақ көркем ойына жаңа бетбұрыс әкелді. Өлгі үш сөйлемді кітаптағы басылымдарына кейін қосты ма, алып тастады ма, білмеймін. Шығарманың ауыр жазылуына бірінен кейін бірі жалғасқан ауыр қазалардың зықысын шығаруы себеп болғаны анық. Мәншүк қандай өмірге құштар еді. Кейде тіксіне сөйлесе де еркешоралығы білініп тұратын. Орағанның өзінен айнымайтын. Сөйтсек, бұл үлкен қасіреттің басы екен.

Сол жылдары Ор-ағанның кеудесіндегі дімкәсі белгі берді де алғашында үш ай, одан соң жарты жылдай емханалатып, ауруханалатып жүрді. Демалыс үйлеріне, соның ішінде «Түрксібке» алған жолдамасының мерзімі де әдеттегіден ұзағырақ созылып жүрді. Мен жазушылар одағынан ғылым академиясына ауысқандықтан да кездесу де сиреген кез. Қырымға кеткенін білемін. Өлдебір жұмыспен бірінші мамыр мерекесі қарсаңында одаққа кіріп бара жатқанымда қарсы алдымнан Айман жеңешем шыға келді. Қуана амандасып ем: «Мына кісі менің папам. Соны дәрігерге қаратып жүрмін. Кіре кетейінші деп келіп ем...» - деді де, кенет үлкен жанары жасқа емес, сондай бір өкінішті мұңға толып кетті. Үлкен кісінің жағдайы үмітсіз болды ма екен деген оймен: «Жазылып кетеді. Алаңдамаңыз. Аға келген соң бәрі де реттеледі», - дедім албырап. «Ағанды енді көрмеймін... Қош», - деді де әкесін қолтықтап сыртқа беттеді. Тебе құйқам шымырлап кетті. Өлібектен, Дидахметтен мардымды жауап алмадым. Тек Қуанышбай аға ғана: «Қиын боп тұрғаны рас. Оралхан ағанның өзі демалысын бітірмей, мерекеден соң келеді. Соған дейін шыда...», - деді телефоннан. Шынымен, ақсақал үмітсіз бе, әлде... Бір тікеннің жүрекке қадалғаны рас еді.

Тағы да таңертең, тағы да сол дауыс: «Одаққа тез жет. Айман жеңешен оқыс қазаға ұшырапты», - деді. Қуанышбай ағаның: «Екі-үш күн болды, Айманның қасындамыз», - деген дауысы қатты алаңдатып еді. Мерекеден соң Айман жеңешем қызметке, ол кісі үйіне кеткен. Содан кейін Айман жеңешем пайғамбардың ақ жолынан адасып, ажал баспалдағын аттапты... Қалиқан ағаның бөлмесіне кірсем, Қал-аған, Өлібек, Дидахмет, Несіпбек төртеуі үрпиісіп отыр:

«Үйдің есігі берік. Сені күтіп отырмыз інісі деп. Есігін ашайық...», – деді Қал-ағаң.

Несіпбек одақта қалды. Төртеумізді көршісі Сайымжан Еркебаев қарсы алды. Кілтті менің қолыма берді. Бөлме сол қалпы. Жүгіріп Ор-ағаңның жазу бөлмесіне бардым. Ашық ақ қағаздың бетіне: «Ораш! Қош бол, Ораш! Бақыт тілеймін. Мен саған толық бақыт сыйлай алмадым. Ораш! Не істедің? Рас па? Қош, Ораш. Енді мен саған жоқпын. Қош. Айман», – деген мазмұндағы жазуды оқыдым. Қалағаңды, Әлібекті, Дидахметті сол бөлмеге шақырып оқып бердім де, хатты Қалихан ағаға ұсындым (Ол хат кейін прокурордың тергеу ісіне тіркеліпті). Төртеуіміз сол бетінде Ленинград көшесінің бойындағы №4 емхананың мәйітханасына бардық. Қайран аймандайлы Айман жеңеше! Кезекші хирургке жолығып едік: «Емханаға келгенде есі кірді. «Бәріне де өзім жазықтымын. Ешкімді кінәламаңдар», – депті. Аман алып қалудың мүмкіндігі болмапты.

Ертеңінде еңіреп Оралхан ағаның өзі жетті. Мұны көріп, дауысын естіген адам, оны жеткізуге «ботадай боздады» деген сөздің аздық етерін мойындар еді. Айман апайдың бауыры Кенжехан да келді үнсіз жылап. Нұрсара апай бастатқан ауылдастары бар істі қолына алып, ауыртпалықты көтеріп әкетті... Жалбыз әкелдік... Күн, түн көз ілмедік: «Шын жалғыздық енді орнады. Айман менің шешем де, әкем де, апайым да, қарындасым да еді. Сендерсіз мен сол Айманды жерлей де алмас едім», – деп Нұрсара бастатқан ауылдастарына рахметін айтты. Жерлеген күннің ертеңінде мен де үйге қайттым. Айманның қазасын Одесса қаласында Анатолий Кимге айтқанымда, екі өкпесін ұстап дем ала алмай, көшеде отыра кетіп еді. Айманның қырқына мен бара алмадым... Ол бір тылсымдау күйде өтіпті.

Содан бастап Ор-ағаң қабақ көтеріп қана амандасып, жақын сырласуға бармай, мені шеттете бергендей болды. Бастапқыда түсінбедім. Соңынан естідім. Үйленіпті. Айхан келді дүниеге, Айжан келді дүниеге... Кеңсесіне барғанымда әйнектің астынан Айман жеңешемнің суретін көретінмін. Шығармашылық туралы айтсақ та ашылып кетпей, тұйықталып жүрді. Сөйтіп жүргенде Қал-ағаңның үйіндегі

қонақта қайтадан сондай бір ыстық бауырмалдықпен табысқандай болып едік.

Делиге ұшарда ...көңілсіздеу күйде аттанып еді. Енді міне, табытын түнетіп отырмыз. От басындағылардың бәрі де көзіне шық тұнып, өз естеліктерін айтты. От өшті. Таң атты. Бұл енді қайтып Оралхан көрмейтін дүние жарығы еді.

III

Оралхан да өтті өмірден. Сол кезде етбауырындай жабысып үйренген жалғыз мен ғана емес, бүкіл қазақ даласы өксіп тұрғандай сезілді.

Екінші өмірі ешкімге салмақ түсірместен тілеулестерінің арқасында мәңгілік жолға түсті.

Шындығын айтсам, Оралханның балалары Айхан мен Айжан бізді жатырқап өседі-ау деген ой ешкімнің қаперіне кірмеп еді. Сағыныш пен мұңға аңсары басылмаған ғұмырдың іңкәрінің нысанасындай болып олар да ер жетті. Ұзақ ғұмыр, толық бақыт берсін.

Ғалия қарындасыммен жақын араласа бастағаннан кейін сол өксігім жеңілдегендей болды. Жиырма жыл бойы сан оқталып жаза алмаған естелікті де жаздырған да сол басылмаған өксік.

9-24.09. 2012. Астана қаласы

ЕЛІНІҢ ЕҢБЕК ТОРЫСЫ

(Қойшығара Салғараұлы)

«Әдебиеттің еңбек торысы». Бұл сөзді ұлы перзентіміз Мұхтар Әуезов қазақ әдебиетінің тарихын, табандап отырып табанды зерттеген марқұм Есмағамбет Ысмайыловқа қарата айтқан екен. Ғұлама ұстаздың «әдебиеттің» деген бір сөзін өзгертіп: «жазушы Қойшығара Салғарин – елінің еңбек торысы» деп қолдануымыздың ешқандай айып-шамы жоқ сияқты. Біреуге арнап пішілген тон екінші адамға кең не келте болғанымен де, адамның рухани мақсат жолындағы күресінің ұғымдары орайласып жатса несі мін. Менің ойымша: осынау бір ақкөңіл, елгезек, биязы, жылы жүзінің

өзі адамға: «Болсын, болмасын деген – оңбасын» деп тұратын, тумысынан мейірім-қайырымнан жаралған тартымды тұлғасының өзімен сүйкімі жарасқан ұсталы мінезді ағаның қойшыдан басталып Қойшы аға аталғанға дейінгі өмірлік жолы, қадым заманның «Алтын тамырын» тартып, тарихтың күлтөбесіндегі «Көмбені» ашып, «Қазақтың қилы тарихын» тарамдап, «Қазақ» дүниесі мен «Түрк әлемін» ойдан өрнектелген кемпірқосақпен қосып, «Ұлы қағанатқа» ұластырған сана соқпағы соған толық дәлел.

Қойдан қоңыр, тобылғыдан торы, өзегі болаттан берік, елшіл ағаның «түсі игіні түңілдірмейтін» осынау болмысына, асылық деменіздер, әдебиет әлеміне алабұртып жүрген бозөкпе шағымда, он бес – он алты жасымда іштартқаным өзім де таңмын, өзгелер де сенбейтін шығар, бірақ шындық солай. Оның мәнісі былай: сол жылдары кілең бір мөлдіреген жігіттердің суреттерімен жас ақындардың «Тұңғыш жинақ» атты топтама басылымы жыл сайын баспадан шығып тұрды. Өзі де өлеңнен өріс іздеп жүрген бозбала әлгі жинақтарды күндіз көз алдындағы шағын кітап сөресіне тізіп қойып, түнде жастығының астына салып, солардың қатарына өзін қойып, арман әлемінде қалықтайтын. Қазіргі қабырғалы ақындарды қоспағанда, өлең жазғандарын өздері де ұмытып кеткен Әбіш Кекілбай, Қабдеш Жұмаділ, Дүкенбай Досжан, Сарбас Ақтайлардың қатарында қою бұйра қара шашты, ойлы өңімен, жылы жанарымен тартымды нағыз қазақы мырза жігіттің бейнесі бәрінен ерекше еді. Жинақтың аты – «Ілгішек», авторы – Қойшығара Салғарин. Ал ішіндегі өлеңдері сайқымазақ. Иә, сайқымазақ! Мынадай көрікті жігітке ана «орынсыз ыржаң» жараспайтын-ақ сияқты. Кілең «жын-шайтанның суреттерін» қаз-қатар самсатып қойғанымды ұнатпайтын әкеме де ұнап: «Маңдайы кең, өңі жылы екен», – деген «сүйкімдісінің» жазғанын оқып бергенімде, басын шайқап, үндемей қалды. Иә, бір сәйкессіздік бар. Ана келбетті жігітті мынадай «қылжаңға» мен де қимадым. Бірақ суретін сөреден алып та тастамадым.

Міне, менің Қойшы-ағамен алғашқы «таныстығым» осылай басталып еді. Ол «таныстықтың» соңы туған бауырындай еркелететін, өзім де ығына қарамай еркінситін тамырлы бауырмалдыққа ұласатынын кім білген. Әлде

әкемнің де көз қиығының түсуіне қарағанда, жалғыз ұлының түптің-түбінде осынау «қара қыпшақтың» құшағына емін-еркін «кіріп-шығып жүретінін» аталық түйсікпен сезді ме екен? Ес кірудің соңына, есеюдің басына орайласқан тұста баспасөз үйінің үшінші қабатындағы аға газет «Социалистік Қазақстанның» дәлізінде қақпақыл (теннис) қағып жүрген «тобылғы торы» жігіт көзіме оттай басылды. Жәнібек, Несіпбек үшеуіміз Ақаңның – Ақселеу ағамыздың шақшасын қызықтап, насыбайына дәнденкіреп келе жатқан кезіміз еді. Қақпақыл қаққан қара торы жігітке де сол шошаң да жараспайтындай көрінді. Жүзтаныса жүріп, аман-сәлемге елеусіздеу күйде көштік. Кейін өзіміз де тақтайды тықылдата бастағанда, оның да бір ермек екенін білдік. Сөйтіп, күндердің бір күні Қойшы-ағамен де жекпе-жекке шықтық. Ақ жарқын, бауырына жеңіл тарта баурайтын, әкем екеуіміз бірдей «сайқымазаққа қимайтындай» болмасты адам екен. Үйірсектей қалдым. «Ілгішекті» сан рет өзіне бергім келіп оқталсам да үйірлесе орайласудың реті түспеді. Сол топтамаларды сексенінші жылдардың ортасында тұңғыш жинақтардан «жасау жиятын» ақын бауырым Есенғали Раушан қалап алды. Қашан өзім өлеңнен үміт үзгенше «Тұңғыштардың» шаңын бір сүртіп қойып жүретінмін. Олар орынын енді тапты деп ойлаймын.

Сөйтіп, Қойшы-ағамыздың бойына жарасатын мінез таппай жүріп, жанкүйеріне қалай айналып кеткенімді өзім де аңғармай қалдым. Адамды алғаш көргендегі албырт әсердің кексе тартқан кезде де, яғни, он бес пен алпыс жастың арасындағы мағыналы-мағынасыз өткен өмірде де ішкі дүниеңмен жарасым тауып, үндесіп жатқаны да бір ғанибет-ау. Қойшы-ағаның дидары менің қаперіме ілінгеннен бергі елу жылдағы жан жылуы ол туралы ойымды осылай бастауға жетеледі. Бұл тек бүгін ғана айтылған тіл ұшындағы ұшпа пікір емес. Ғұмырдың әр белесінде сезінген, санада сараланып барып, әр тұста: «Қойшы-ағаның көзіндегі мейірім-қайрымды сезіне отырып өмірден түңілмеуге болады», – деп баспасөз арқылы білдірілген ұйытқы ой. Ол – Астанаға бауыр баса алмай, үш жылдай баспанасыз, уайымның иірімінде жүргенде айтылған құмығулы көңілдің шын сыры. «Өзім де үйсіз, балалардың отауында тұрсам да,

сенің баспанасыз жанұясыз жалғыз жүргеніңе, ол мәселенің сартабандап шешілмей жатқанына жаным күйзеледі», – деген жанашыр сөздер естен кетер ме, сірә. Бұл аяныш емес, ағалық жан жұбататын таяныш демеуі. Бұл жолдар жеке бастың жоралғы сөзі үшін емес, қазақтың қайрым қормалы атанған азаматының жандүниесін жеткіз мақсатында қолданылып отыр. Қойшы-ағамыздың болмысын білетін, онымен таныс әр адам сезініп, сүйінген бәрімізге ортақ алғау парызы. Егерде: жамандығы үшін емес – жақсылығы, қаттылығы үшін емес – қайрым-жұмсақтығы, аярлығы үшін емес – адалдығы, сауатсыздығы үшін емес – салауаттығы үшін жазаға тартатын «шайтан соты» құрыла қалатын болса, онда бұл тізімге ең алғашқылардың бірі болып Қойшығара Салғара ілінетініне еш күмәнім жоқ.

Әрине, шығармасы тұрғанда, жазушының жеке басының қасиетін тезге салудың өзі қисынсыз да шығар. Алайда, біз талантқа қоса аса қажетті еңбектің бағасын ұмыта береміз. Жаныңа жақын, көңіліңе қонымды, шабытыңды ұштап, қанат бітіретін көркем шығарманың орнына күні-түні сарсылып көз майыңды тауысып, елім үшін бір пайдасы тиер-ау дегенді ғана медеу тұтып, деректі дүниеге ден қойып жүрген азаматтардың кей тұста қағажу көріп, солар туралы бір жылы сөздің жетпей жататынына іштей налисың. Мың деректі салыстырып білдірген бір пікіріңнің өзін тонын аударып, еншіге алған ойы ретінде пайдаланып, өзінді жағаға салынды есебінде ысырып тастайтыны тағы бар. Қойшы-ағаның оған іштарлық етпейтіні анық. Мен «Дулығаны» жазып жүрген сексенінші жылдардың ортасында өзінде барды ұсынып, ал қолға түсуі қиындау «Заринаның семсері» атты кітапты сол тұстағы мектеп оқушысы, қызы Қарлығашқа кітапханадан алдырып бергені де есімде. Сол Қарлығаш бүгінде еңбегінен әкесі үзінді келтіретін білім иесі болды. Кезінде ағамыздың мұндай кеңжағалығын біз де пайдаланып едік. Бізден де ауысқан ой-пікір бар шығар, алайда жөнін тапқан жігітке алғашқы алғаудың жөні бөлек. Қазір ғой, пікір айтқансып, білім таластырғансып, ауыздықтасып қалатынымыз. Қойшы-ағаны бәріне көндіруге, кез-келген ниетінен айнытуға болады, бірақ, пікірін ұстануға келгенде бұл кісіден қатты адам жоқ. Қайтпайды. Қайтпағанда, қасарысып тұрып

алмайды, әлгі пікіріне күніне бір тиянақты тұжырым тауып, дерекпен дәйектеп, түбіне жете қазымырлап, дымынды шығармайды. Демек, Қойшы-ағамыз – білмейді, білмесе – айтпайды, білсе де – айтпайды, ал айтты ма, ол ойынан қайтпайды. Бұл тумысынан біткен түйсік қайсарлығы болса керек.

Оның да өз себебі бар. Өйткені Қойшығара Салғарин өзіне тиесілі ырысты тек азапты да адал еңбегімен тауып жүрген қазақ зиялыларының арасындағы текті «ой торысы». Осыдан 50 жыл бұрын бозбала Қойшығара – «қой торысы», қойшы боп жүріп те Еңбек Ері деген атаққа ұсынылыпты. Бұл дегеніңіз бүкіл өмірлік мәселенді шешіп беретін атақ болатын. Жазғы емтихан кезінде Алматыға аттанып кетпей бір-екі ай аялдағанда, Алтын Жұлдыз кеудесінде жарқырап тұратын ба еді, қайтер еді. Егер атақ пен даңққа құмар жан болса жиырманың ішінде мұндай құрметтен бас тартпас еді ғой. Оқимын, журналист боламын деп бүкіл өміріне жетерлік абыройды тәрк етіп тастап: «Жұлдызыңнан гөрі мақсатым қымбат», – деп Алматыға тартып тұрмас еді. Жайдары ағаның жаны жұмсақ, ділі қатты дейтініміз де осында. «Құдай-ау, екі айда тұрған не бар еді, шыдамадыңыз ба?», – дегенде, – «Жоқ, алдыңа мақсат қойған соң оны орындау керек. Облыстың бастықтары үгіттегенде де келіскемін жоқ. Оған еш өкінбеймін», – деп жауап береді саспай. Сабаздық деген осы-ақ шығар. Бірақ есіңе түсіп кеткенде ұрсып-ұрсып алғың келеді. Өттең, сол кезде өзін «Қойшан» деп еркелететін жеңгеміз қасында болса ғой дейсің. Алайда Нұрзада жеңешеміз де сол Қойшанының тонына өлшеніп пішілген мама қаздардың бірі. Иә, кейде өстіп әсіре адалдық та ызанды келтіретіні бар.

Демек, Қойшығара әу баста еңбек үшін және еңбегін мақсатына бағындыра жұмсау үшін жаралған жан. Бұл пікірімді мәртебелі сыйлыққа ұсынылып жатқан тұста да білдіргемін. Қазір де жетпісті желкелеген өзге де ағалар мен жылдары бізге жақын замандастардан Қойшы-ағаның мақтауын арттырайын дегендіктен емес, шығармасын көп оқып, соңғы жиырма жылда ағайын – бауырдай араласқан азаматтың ерекше қасиеті туралы бір айтармын-ау деп жүрген көңілдегі ой, қаламдастың алдындағы өтелмеген

қарыз сияқты парызымыз еді. Себебі: кезінде айтылуға тиіс және айтудың реті кеп тұрған сәтте кібіртіктеп, дәлірек жеткізгенде, бүгежектеп қалған жеріміз де болып еді. Содан бері де ширек ғасыр өтіп, Қойшы-ағаң «Алтын тамырын» «Көмбеден» шығарып, исі «Түркінің әлеміне» айналдырып, «Ұлы қағанатын» құрып үлгерді. Бірақ іштегі бір қыжыл кетпейді. Мәселе былай болатын.

Жыл сайынғы әдеби шығармалардың дәрежесін анықтап, баспадан жинағы жарық көрген кітаптарға баға беріліп тұратын жақсы дәстүрдің Жазушылар одағында өткізіліп тұратын кезі. Менің ойымша, ең соңғы қызықты талқылаудың біріне айналған жиналыста маған романдар туралы баяндама жасаудың сәті түсе қалды. Қоғамдағы құбылыстардың да тезге түскен шағында біз де әлдебір өжеттеу сөз, озық пікір айтамыз деп тырысып жаттық. Іле Желтоқсан оқиғасы бұрқ ете қалды да барлық тарихи шығармаларға шабуыл басталды. Ұлтшылдыққа итермелеген Ілияс Есенберлиннің, Әнуар Әлімжановтың, Софы Смағайұлының, Сәтімжан Санбаевтің, Бексұлтан Нұржекеевтің тарихи дүниелері екен. Соның ішінде «жас алашордашыл» қатарында біз де тізімнің соңына ілініппіз. Иделологиялық майданның алғашқы құрбандығы ретінде Ілияс Есенберлин марқұмның тірісінде айтылмаған сын өлген соң айтыла бастады. 1987 жылы мамыр айында «қазақ ұлтшылдығының рухани себептері» әшкереленуге тиісті Қазақстан Орталық комитетінің пленумында жасалуға тиісті З.Камалиденовтің баяндамасына «шикізат» ретінде жоғарыдағы жеті жазушы реттеліп алыныпты. Бас идеологтың жеке тапсырмасын орындау тарих пен әдебиет институтының ғалымдарына құпия тапсырылыпты. Жасырын рецензенттер тобы құрылды. Соның алғашқы хабаршысы ретінде марқұм Манаш Қозыбаевтің Ілияс Есенберлиннің романдарындағы ұлттық (әрине, ол кездегі термин бойынша – ұлтшылдық) сарын туралы Шерхан Мұртаза ағамыз басқарып отырған «Қазақ әдебиеті» газетінде жалғаса жарияланды. Төркіндес «Жұлдыз» журналының сын бөлімінің меңгерушісі есебінде бізге де нұсқау берілді. Баспалардағы тарихи дүниелер қайта қаралып, «құдай» мен «хан», «алаш» деген сөздер жаппай сызылып, ру аттары өшіріліп, белгісіз жұмбақ майдан

басталып кетті. «Жұлдыз» журналы да науқанға үн қосып, Берқайыр Аманшиннің Махамбет туралы романындағы «құдай» мен «хандарға», «руларға» соғыс ашып, жаппай сызуға кірістік. Жас ұлтшылдардың тізіміне ілініп қалған кезіміз еді, сондықтан да желтоқсаннан бұрын белгіленіп қойылған баяндаманы талқылаудан өткізбекші болды. Себебі әлгі жылы шыққан кітаптардың ішінде үш тарихи роман болатын. Соның бірі Қойшығара Салғариннің «Алтын тамыры» еді.

Жасыратын несі бар, «Алтын тамыр» – көшпелілер тарихының есте жоқ ескі заманы туралы жазылған қазақ әдебиетіндегі алғашқы роман болатын. Жанрлық атауы туралы әркілі пікір айтылып жатты. Ең бастысы бұл – халқын сүйген және туған елін мәдениетсіз, тарихы жоқ, жаппай сауатсыз деп табалап үйреніп қалғандарға қарсы жанайқайын ашық жеткізген адал қаламгердің еңбегі еді. Баяндаманы талқылаудан өткізбеуге тырысып, созып-ақ бақтым. Бірақ та қақпайлаған сөзден не шықсын. «Алтын тамыр» туралы міндетті түрде айтылуға тиісті сыни пікір білдірмей, жақсы шығарманың қатарына қосып, жылдың үздік шығармасына берілетін бәйгеге толық лайық дүние осы – деп сипай қамшылап өте шықтым. Оның өзі де батылдық сияқты көрінді. Менің сол сөзімнің өзіне риза болған Қойшығара ағамыз алған бағытынан қайтпады, дәл қиын кезеңнің өзінде «Көмбесін» жазып бітіріп, қасқайып жүре берді. Демек, Еңбек Ерінің атағын алғанша, «елімнің еңбек торысы болайын» деп шешкен жазушы өзінің азаматтық нысанасын сонау Торғай ойпатынының иен даласында жалғыз жүріп анықтап, сол мақсатын арманына жетектетіп Алматыға келген болды ғой.

Ал дәл сол кезде Қойшығара Салғаринге осы сөз өте керек еді. Илияс Есенберлин әшкереленіп, Сәтімжан Санбаевтің Қонаев туралы жазылмаған, бірақ жазғысы келген романының қолжазбасы іздестіріліп, Бексұлтан Нұржекеевтің тағдыры талқыға түсіп тұрғанда ендігі кезек Қойшығараға келіп-ақ қалған сияқты еді. Жоқ, ол тықыр менің өзіме тақалып қалыпты. Желтоқсан оқиғасынан кейін зиялы қауым емеуірінмен сөйлесіп, дауыстың ырғағымен ұғысатындай ымыраға бой үйрете бастаған. Мені

жанына жақын тарта жүретін Мекемтас Мырзахметов пен Қойшығара Салғарин ағамыз қатар хабарласып: «Әр нәрсеге дайындала жүр. Орталық комитетте сенің үстіңнен арыз бар. «Бесігінді түзе!..» атты әфсананда алштың ақ туын үлгі етіпсің. Бақанаста кімдер бас қосқан? Паспортың түзу ме еді? Бізге жасырын оқып, пікір айтуға ұсынды. Үшінші адам саған біден көрі жақын болуы керек. Біз мұның барлығын жаймалап түсіндірдік. Жауаптарыңды дайындай жүр. Сені шақыруы тиіс. Шақырмаса істің теріске бет алғаны», – десті. Әрине, бұл сөздердің басын мен қосып отырмын. Ал олар бірінің айтқанын бірі білмейді. Соның артынан іле-шала: «Алашорда идеясын тірілткелі жүрген жас ұлтшыл» туралы мақала «Қазақ әдебиетіне» келіп түсті. Онымен Шерхан Мұртаза ағамыз танысты ма, жоқ па, білмеймін, ол мақаланы хат бөлімінің меңгерушісі Шакизада Құттыаяқов марқұм маған құпия көрсетті (ол мақала қазір де менде сақтаулы). Кексе әйел жазушы екен. Онда: «Тұрсын Бақанасты зиялылар бас қосты деп жазады. Неге? Ол адамдардың атын атасын», – депті. Оның астары: 1919-1920 жылдары Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Халел Ғаббасов, Ахмет Бірімжанов, Биахмет Сәрсенов, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков сияқты «Алашорданы» көсемдері Семейде, кейін Тұрағұл Құнанбаевтың ауылында, Бақанас жайлауында баспаналаған болатын. Ал «Қаракөз» пьесасындағы алаштың ала туы туралы толғау «Жұлдызға» жарияланып кетіп еді. Сонымен қатар 1987–1989 жылдары алаш ардагерлерін ақтау, желтоқсан оқиғасынан қатысты жазалау оқиғаларын бақылау, Дегелең полигоны туралы халықтық қозғалыс ісіне белсене араласып, арнайы мекемелермен де байланыс орнатып, Олжастың қолдауының арқасында азу бітіп қалған кез еді. Дегенмен де үлкен бір майданға іштей өзімше қарсы шабуылға дайындалып, жинақы жүрдім. Сөйтіп, екі ағамыздың жанашырлығы мен азаматтық мінезін көрдім.

Әйтеуір, ұлтшылдарды әшкерелейтін пленум Олжас пен Закаштың «саяси күрестерінің» ықтасынында кейінге қалдырыла берді, ақыры «бас идеологтің» өзі орнынан кетіп, көкейдегі күдік арылды. Алайда дер кезінде айтылуға тиісті осынау жайдың тамырын аршып айта алмағаным үшін көңілім қоңылтақсып жүруші еді. Міне, оның орайы

бүгін келген сияқты. Мұндай азамат мінезді адамдар сол тұста өзінің бар болмысымен көрінді. Адамдарды сынақтан өткізуге мүмкіндік бергені үшін де желтоқсан оқиғасының қадірі арта түсетін сияқты. Өйткені ол біздің толқынның тәуелсіздік алдындағы азаматтық ар сынағы болды. Бұл да Қойшы- ағамыздың ұждан тазалығын танытады. Мекемтас пен Қойшығара ағаларыма сол жанашырлығы үшін де рахмет.

Өткен жылдардағы ой үзiгiн жалғағанда ойға оралған жайлардың қаншалықты арзан-қымбатын кім білсін, бірақ дәл осы тұста айтылып, сырт оқырмандардың: «Қойшығараның қаламгерлігіне адамгершілігі сай екен ғой» – деуіне толық себепкер бола алатын сияқты. Жазушылық кәсіпке бет бұрсақ: Еңбек Ері қазақта аз емес, ал еңбекқор жазушы көп деп айта алмаймын. Соның бірі және бірегейі Қойшығара Салғарин. Ең үлкен мәртебеден жиырма жасында бас тартқан Қойшығара ағамыздың еңбектері дер кезінде құрметке ілініп те, ілінбей де жүрді. Ол кісінің сатиралық және прозалық көркем шығармалары әдеби сынның назарынан мүлдем ұмытылып, өмірбаяндық қана дерек боп қалды. Алайда, қазақ халқының жолайырықта тұрған қазіргі сәтіндегі ең керекті рухани қайнардың бірі – осы «Алтын тамыр» мен «Көмбе», «Қазақтар», «Түркі әлемі», «Ұлы қағанат» сияқты «Хандар шежіресі», яғни, халықтық тарих. Бұл еңбектер орындалуы мен ғылыми пайымдауы жағынан үлкен талапқа молынан қаусыра жауап бере алады. Ең бастысы, үлкен де, кіші де өзінің көне тарихын және сол қадым заманғы көшпелілер туралы кімнің не деп бағалағанын біле отырып, өзінше ой түюге мүмкіндік алады. Мұның өзі оқырманға да, жазушыға да оңай олжа емес.

«Ұлы қағанат» – жазушының отыз жыл бойы жазып келе жатқан ел тарихы туралы еңбектерінде тарқатылған тарихи көркем ойының заңды қорытындысы, жазушының шығармашылық өмірінің түйінді тұжырымы, еліне берген есебі, нағыз халықтық сыпатта жазылған кітап. Өйткені мұнда жазушының барлық ақыл-ой парасаты, тарихи толғамы, білімі мен баяндау қабілеті, қаламгерлігі мен ғалымдығы, шежірешілігі мен шеберлігі тоғысын тапқан. Көлемімен емес, затымен халықтық кітап. Еркін игерілген

тақырып еркін ойға, пікір алысуға жетелейді. Тіпті кей тұста қаламгердің өзімен шаужайласа кетуге шақырады. Бірақ қанша шалықтағанмен де жауапты тағы да айналып кеп осы кітаптан табасың. Ұзына сарыны таныс, Қойшыаға жазғанда бейтаныс боп көрінген тарихи шежірелерді бір айға жуық астын сызып тұрып оқып шыққанда алған әсерім осындай. Сонда несімен өзіне тартты?

Әрине, затымен. Жанры ерекше, тарихи деректерді керкемдік тәсіл арқылы баяндаған шығарманың тұжырымынан ғылыми негізді талап етуге бола ма? «Алтын тамыр», «Көмбе», «Түркі әлемі», «Ұлы қағанат», «Қазақтың қилы тағдыры» сияқты тарихи көркем әфсаналарға ондай сұрақтың қойылуы заңды және оған барынша байыпты көзқараспен жауап береді. Бұл шығармаларда жалпы түркі жұртының, соның бір бұтағы қазақ халқының 15 ғасырлық көш жолын қамтылады. Әрине, ісі түркі жұртына ортақ шежіреден қыл суырғандай етіп алаштын тамырын ажырату оңай емес. Оның үстіне көшпелілер тарихы туралы пікірлерді сан саққа жүгіртіп, қасақана шатастырумен «шұғылданатын» ғылыми бағыттар еуропашылдықтың тұсында іргелене қалыптасты. Олардың тарихи шындықты жалған шындықпен көмкеріп тастағаны сондай, қазір скифтер мен сақтарды, хұндарды иран тілдес (ал ондай тіл жоқ, парсы тілі мүлдем басқа тіл жүйесі) деп, олардың түп тамырын Иерусалимге тартатындар табылды. Ол аздай скифтер мен хұндарды (ақ хұндарды) славян тегіне жатқызған В. Чивилихиннің «Жад» кітабына кезінде Мемлекеттік сыйлық берілді. Ең өкініштісі сол үстемдіктің мойынтырығын мойынынан алмайтын можантопай қазақ тарихшылары қазір Қазақстан тарихын зерттейтін институттың айналасына шоғырлана тптанып алды. Олардың пайымдауынша: Есік қорғанына дейін – ирандық мәдени мұралар кешені орналасқан. Бқылым тарихты осындай шекарамен бөліп беріп қойған кім? Менің ойымша, осы «Жадқа» қарсы тиянақты жауап берген және оқиғаны көркем таратып, жұртымыздың көзін жеткізген әрі көркем, әрі ғылыми әфсананың авторы – Қойшығара Салғарин. Оның өзге тұжырымдарын былай қойғанда скиф, сақ, массагет, хұн жұрттары туралы ұшқыр пікірлері Қазақстанның тарихын жазған ғалымдардың еңбегінен

гөрі әлдеқайда кең және нақты мағлұмат береді. Жазушы қалам тәжірибесінің арқасында екі мәнерді бір шығарманың бойына тоғыстыра білген. Кейде көркем баяндаудан бастап тарихи тұжырымға әкеп тіресе, келесі ретте тарихи толғамнан көркем шындыққа көтеріліп кететін тұстары соған дәлел.

Сонау қадым заманды былай қойғанда, орта ғасырдағы құба қыпшақтар тағдыры біздің қай зиялымыздың зерттеу тақырыбына айналды. Олжас Сүлейменовтің «Ақын мен Әліп» кітабына дейін беймағлұм, жат жұрттың тарихы іспетті көрініп келді емес пе. Әрине, Олжастың деңгейі, көзқарас түйіні басқа. Ал соны шежірелік тәсілге салып, қазақ оқырманының жанына жақын да жатық тілмен баяндап берген де – Қойшығара Салғарин. Мұндағы ғылыми тұжырымдар ұшқыр да соны, пайымы қарапайым да салмақты. Егерде жазушының әр пікірінің астарын талдасақ, онда тым тереңдеп кетер едік. Сондықтан да түйінді тұсына ғана тоқталдық.

Кез-келген ғалым, «Алтын тамырды», «Кембені», «Түркі әлемін», «Ұлы қағанатты» зерделеп оқып шықса, өзінің көшпелілер туралы көзқарасын тағы да бір екшеуден өткізуге тырысатыны анық. Ең бастысы, зерттеуші пікірінің адалдығына көзі жетер еді. Мұның өзі де аз олжа емес. Өйткені тарихымызға деген жақашырлықты оятудың өзі табыс. Себебі біз осы уақыта дейін өз тарихымызға өгей жұрттың көзқарасымен және соларға жұмыс істейтін басыбайлылардың тұжырымымен қарап келдік. Сондықтан да ғылыми көзқарас пен тұжырым тұрғысынан алғанда «Алтын тамыр» мен «Көмбе», «Түркі әлемі», «Ұлы қағанат» ктаптары тарихшыларымыздың да түйсігіне ой салып, қиялын ілгері жетелеп, тиянақ ететін тындырымды дүние.

Екінші бір сүйсінерлік жағдай, құдайға шүкір, қазақ халқының барлық жәдігершілері тақырып күйлегіш болған жоқ. Тереңдеп кеткендері де бар. Алайда, солардың дені білгенін баяндап беруге келгенде тасырқап жататын. Өзгесін былайқойғанда, Бичуриннің көне хундар туралы еңбегінің бір сейлемінің астарын кеңітіп, әңгімелеп беру үшін қаншама білім қажет десеңізші. Ал нақты оқиғаның ырқын бажайламай, ығында қалсаң, екі сөйлемнен кейін қандай да бір ынталы оқырман жазғаныңды оқымай қоя салуы мүмкін.

Бұл ретте Қойшығара Салғарин әдебиетшілердің арасында – тарихшының, тарихшылардың арасында – әдебиетшінің міндетін атқарған. Әрине, көркем шығарма үшін бір ауыз сөздің өзі, бір шығармаға арқау болады. Ал «Алтын тамыр» мен «Көмбеде», «Ұлы қағанатта» әр сөздің астарынан тарихи деректің лебі білінеді. Көне қытай тіліндегі екі таңбаның арасында адасып қалатын қытайтанушы ғалымдарды, соның ішінде ғалым қытайдың өзін талай көрдік. Ал Қойшы-ағаң болса соның әр сөзінің астарын түсіндіріп, көркем қиялдың қуатымен синологтың өзіне үйлесімді үйлесімді баяндайды. Бұл тәсілді тандап алуының себебі – жазғаным оқырманға түсінікті болсын, өз тарихын тереңірек білсін дегеннен туған ізгі ниет. Әйтпесе, жанын қинамай-ақ таза ғылыми мақала түрінде жазса, өзіне де жеңіл болары анық.

Үшінші ерекшелік: тарихилықты сақтаған да, оны керкем бейнелеп берген де дұрыс. Бірақ ғылыми салыстырулар болмаса, онда еңбек бір жақты яғни, бір адамның, тек Қойшығара Салғариннің көзімен жазылған болып табылар еді. Жазушы соны ескере отырып, тарихи салыстыруларға барады. Білетін адамға Бичурин мен Кюннің жазбаларының өзін салыстыру – арнайы дайындықты қажет етеді. Екі ғұлама да бір деректі аударып берген. Алайда, оны әрқалай түсіндіріп, түрлі тұжырым жасауға болады. Қытай тілін жетік білетін тарихшылардың өздері де мұны әрқалай талдайды. Мысалы, көне қытай тілі мен тарихын бейжіңдік ортақ үлгіден артық білетін ғұламалар Нығымет Мыңжан мен Мырзақан Жақып жетекшілік еткен аудармалардың өзі сәйкес келе бермейді. Қойшығара Салғарин сол түсініктемелердің өзін әфсаналарына жатық және орынды кіріктіріп, ғылыми ой ұсынады.

Тарихи салыстырулардың өзі де білім мен білікті тілейді. Алайда, нақты мәселені қоя білмесе – ол да кемшілік. Бұл жағына келгенде Қойшы-ағаң өзінің жазушылық қасиетін барынша сарқа пайдаланған. Небір келелі түйіндерді бірде көркем баяндаумен, бірде ғылыми салыстырумен, бірде кейіпкерлердің ауызекі сөзінің ішіндегі емеуіріндермен, көбінесе авторлық кейіпкердің сұрақтары мен жауаптарының арасындағы диалогтармен шешіп жібереді. Мұның барлығы ғылыми әфсаналарда сырт

қалатын бопсалар болғанымен, адамның ойлау жүйесіне, пікір қорыту кезіндегі пайымына тікелей әсер етеді. Ал тарихымыз туралы теріс пікірлерден арыла алмай отырған мынау уақытта ондай әдеби тәсілдердің әсерлік тәлімі ерекше. Өзге емес, өзіміздің ұрпақтарымыз сол ыңғайда өссе – үлкен жетістік. Бұл реттен алғанда мен Қойшы-ағаның «көшкіндерінен» басқа барлық қолданыстарын қолдаймын. Әлмисақтан бері көшіп жүріп өзіне-өзі ат қоя алмаған ұлт едік дегенге мойынсынғым келмейді. Қазақта «көшпелі дүние» деген үш өлшем бар. Өткеннен бүгінге көшіп келдік. Ертеңге бет алып көшіп келеміз. Ертеңгі көш те жалғасын табар. Сондықтан да «көшкін» емеспіз, «көшпелі дүниенің» көшпелі перзентіміз.

Игі тілекпен, жақсы ниеттің белгісі ретінде ақ жол тілеп жазылған шағын ілеспеді Қойшы-ағаның бүкіл шығармашылық болмысына тоқталып жату және тереңдеп талдау мүмкін емес. Бұл әфсаналар қазақ көркем ойлау жүйесінің қалыптасу жолын зерделеген зерттеушілердің назарын аударатынына сөзсіз сенемін. Өйткені Қойшығара Салғариннің әфсаналары дәл қазірдің өзінде қазақ халқының рухани дамуына үлесін қосып отыр. Мәде мен Шөже дегенді айыра алмайтын басымыз, енді оның өмірлері жөнінде әфсана мен дастандар шығара бастадық. Сонау Қытай қорғанының түбіндегі Сарыжазық пен Сарыөзенді, Ордосты — Өртөсті жырға қостық. Басқаны қайдам, әр жылдары тірнектеп жиған деректердің басын қосып, 77 тарихи тұлғаны қамтитын «Дулыға» атты екі кітаптық әфсаналар жинағын жазуға осы Қойшы-ағамызың «Алтын тамыры» тікелей себепкер болып еді. Пікірін жасырмады. Жөн сілтеді: «Мен жазып жатырмын, сенің жұмысың болмасын», – деген жоқ. Қайта: «Жаз, жаздың» – астына алып: «Бауырым, атаңнан қалған көне жәдігер жоқ. Білгенің мен жиғаныңды аяма. Қай жағынан келсек те халқымыздың бір керегіне жараса жетіп жатыр», – деп қамшылаумен болды. Бұл да кең қолтықты, мол пейілді, ер жігіттің мінезі. Мен үшін «Алтын тамыр» мен «Көмбенің» ең асыл қасиеті – жазушының осынау елім деген емеуірінді бойына толық сіңіре алғандығы. Ондағы әр сөйлемнің астарына сол ықылас білініп тұрады. Елдікке, ерлікке, бірлікке шақырады.

Зады, жазушы ретінде Қойшығара Салғарин қара тері алынып қана қойған қаламгер емес, терінің соры сыртына аң көбік боп шыққан, бейнеттен зейнет жасаған тұлға. Ол ақылын азапқа салып, сол азаптан жан рахатын табуға құштар. Елі үшін не пайдалы болса соған тәуекел ете біледі. Әйтпесе: «Мал етін мүшелеп сою туралы кітап жазып бере қой», – дегенге илана салатын адам Қойшығара Салғарин емес. Білгенін халыққа жеткізуден туған мақсаттың жемісі бұл. Тек, сол сүйіспеншілік қана Қойшығара Салғариннің қолына қалам алдырады. Мұндай қасиет екінің бірінің бойынан табыла бермейді.

Неге екенін қайдам, осындай игі ниеттегі жазушының әдеби ортадағы көзқаракты сыншылардан жолы болмай-ақ келеді. Жеті атасын жазып, оның өзін бұрмалап жеткізген кітапшаларға айтылып жатқан жанашыр сөз Қойшығара Салғаринге бұйырмай-ақ келеді. Ешкім оның қаламының қуатын жоққа да шығармайды, бірақ жақсылығын да айтпайды. Осынау құбылысты «мақтамен «бауыздағандай» деп қазақ өте дәл тауып айтқан. Адамды тұншықтырудың бір жолының өзі – үнсіздік. Әйтеуір кеңқолтық Қойшығара өз ісінің адалдығына көзі анық жеткен соң ондайға керенау қарайды. Иә, ол нағыз, «елінің еңбек торысы». Ол еңбектің жақсылық нышандарын оқыған адамның бәрі біледі. Кеңіліне тоғытпай жүргендер де кезігеді. Бұл, енді, орынсыз тоқмейілісі, санасын тат басқан тоғышарлық мінез. Әр кітаптың өз мақсаты бар. Ал мақсатқа жеткен дүниенің бағасы біреу. Ол – құрмет. Сондықтан да Қойшығара айтар лебіз: еңбегіңіз жанып, еліңіздің тарихтағы өшкен ізін аршып, кеткен есесін қайыра беріңіз деп тілекке тілек қосамыз.

Менің ұзақ жылғы аралас-құралас өткізген өмір көшінде, «өмір көшкінінде» емес, өмір көшінде көңілге түйгенім мынау: «Қойшығараның көз алдында еркелеп, еш алаңсыз құшағына емін-еркін кіріп кетіп, бауырының жылылығын, жүрегінің мейірімін сезіну үшін де осы өмірге іні болып келуге болады. Тасқаяғыңыз – ысқаяқтанып, көздегеніңіз құр кетпей, Ақанды – Ақселеуді ғана емес, исі қазақты тамсандырып, көскектей берсін. Ал қаламның бабын қалай ақылға бағындырып табуды Сіз бізге үйретпесеңіз, біздің

Сізге жөн айтатын жөніміз жоқ. Бар тілегіміз қолыңыздан қаламыңыз түспесін. Сіздің маңдайыңызға жазылған Алтын жұлдызыңыз – осы қалам. Қазақ үшін құт қалам. Қазақты ақыл-ой құтынан айырмасын жаратқан.

МІНЕЗДІ ТҰЛҒА

(Сұлтан Шәріпұлы Оразалинов)

Талант – табиғаттың сыйы. Ал, табиғаттың төл тумасы саналатын қазақ ұлтының бақ талайы талантқа жомарт. Мінезсіз талантқа тәрбие де қонбайды. Не өзі көпке ермейді, не өзгеге ерік бермейді, әйтеуір шерменде күй кешіп өмірден өтеді. Қуаныштысы сол, ұрпақтан ұласып келе жатқан бойындағы қасиетін мінезіне сыйдырып, өзін де, талантын да баптай білген тұлғаларымыз баршылық. Соның бірі қазақтың қара сөзінің тізгінін ұстап жүрген қайраткер-каламгер – Сұлтан Шәріпұлы Оразалинов.

Ағалап соңына ерген отыз жыл ішінде Сұлтан Шәріпұлының бойынан адамды өрге жетелейтін бес мінезді анық таныдым. Соның ішіндегі ең басты қасиеті – адалдық. Бұл судан тұнық, сүттен ақдеген ұғым тудырмайды... Тіршілік майданына араласқан азаматтың ақ жайма болып, жұрттың барлығының көңілін табуы мүмкін де емес нәрсе, бәлкім, оның қажеті де жоқ шығар. Бірақ та Сұлтекең көзқарастары мен мінездері сай келмеген адамдардың бетіне қарап, батыл сөйлесіп, өзінің не үшін онымен келіспейтіндігін ісімен де, сөзімен де, мінезі арқылы да именбей көрсетіп жүрді. Әлі де сол адалдықтың алмас өзегі жасыды дегенге өз басым сенбеймін, өйткені, Сұлтан Шәріпұлы қандай іске кіріссе де жанымен беріліп кіріседі, өзіне де өзгеге де «неғылайыны» жоқ талап қояды. Қарапайым тілмен айтқанда, жанықтырып жұмсай да, алғаусыз аялай да біледі. Жеке басы жаратпайтын адамының жақсылығын да әділ бағалай алады. Ал көңілі бір қалған адамға қайтып жібігенін және де көрген емеспін. Бірақ, сол жігіттердің өздері де «Сұлтан қиянат жасады» – деп айта алмайды, солай деп айтқан өкпе сөздерін әзірше естігенде жоқпын.

Мұндай «неғылайынсыз мінездің» қолайлылығы сол, адам кіммен және неге сөйлесуге бара жатқанына, ісінің қандай жағдайда игілікті шешілетініне алдын-ала дайындалып барады. Үлкенді-кішілі билік тізгінін ұстаған, ұстап келе жатқан тұстарында осы қатал да әділ мінезінен жаңылған жоқ.

Оның ерекше бір мінезі – ұлық та, кішік те бола білетін табиғи қасиеті. Бұл арада оның кісіні сыйлай да, сыйлата да білетін болмысын айтып отырмын. Үлкенге де, кішіге де, өзі қарайтындарға да бір мінезбен көрінеді. Жоғарыдағыларға күле, төмендегілерге түнере түсетін екі бетті емес. Қазақтың «бір беткей адам» дейтін қанатты сөзі осы Сұлтан Шәріпұлына қаратыла айтылған сияқты. Кіммен болса да күмілжімей тең сөйлеседі. Мұндай мінездің өзі қазір сиреп бара жатқаны өкінішті. Зады бұл мінез – Оразәлі тұқымының ата тегіне біткен болмыс сияқты. Менің ұстазым, жазушы Кәмен мен сынып жетекшім Кәкен Оразалиндердің де бойында сол мінездер басым болатын.

Ағамызға артық дәулет бітпегеніне куәміз. Алайда, қашан да бар адам, бай адамға ұқсап жүреді. Бұл да сол барды талғаммен ұқсата білетін мінезіне орай біткен қасиеті шығар деп ойлаймын. Тұла бойы талғам мен талаптан тұратын осындай адамның тілегінен қырық жылдан астам уақыт бойы қылаусыз шығып келе жатқан жеңеше ме таң қала сүйсінемін. Алла бергеніне лайықтап қосқан қосақ осындай-ақ болар. Аз жазса да талғап жазатын ағамыздың шығармаларының барлығы да тура осы талаппен дүниеге келгендігін айтып, дәлелдеп жатудың өзі артық шығар. «Ат иесіне тартады» дегендей Сұлтекеңнің әр телехабары да өзіне тартқан «мінезді», талғамды және мазмұнды келетіні де сондықтан.

Сұлтекеңнің бойына біткен тағы бір мінезі – тәуекелшілдігі. Өмір тәжірибесі мол, ысылған, билік тізгінін еркін меңгерген, табанды да тапқыр қайраткер деген адамдардың да бір сәт тығырыққа тіреліп, қандай шешім қабылдарын білмей дағдарып қалатын сәттері болады. Қырық жыл қызметтен қол үзбеген Сұлтан Шәріпұлын осындай тұйықтан алып шыққан қасиеттерінің бірі сол тәуекелді серік еткен ер мінезділігі. Ойына алған ісін орындау үшін

ешқашанда және ешнәрседен тайсалған емес. Әрине, кейбір мәселелерді шешудің жөн-жобасын алдын-ала ойластырып жүретін болар. Алайда, мынау аумалы-төкпелі заманда шешілмеген түйіндер таусылған ба? Лауазымды адамдардың қас-қабағынан именіп, сызып берген жолдан, айтып берген нұсқаудан ауытқи алмайтын дүбәра шенеуніктердің талайын танимыз. Өзім білгенсінгендіктен емес, өзіне тапсырылған міндеттің жауапкершілігін толық түсінгендіктен де қисыны қиын шешімдерді табан астында қабылдайды. Оның мұндай батыл әрекеттерін сан рет көрдім. Азуын айға білеген толық билік иелерінің өзі кейде қарауындағы қызметкерлерінен қаймығып қалған тұстар да кездесті.

Алған бетінен қайтпайтын қайсар мінезін ұната қоймай, қиянатқа ұшыраған кездері де жеткілікті. Ойындағысы орындалғанынан қанағат тапса, андай-мындай ұшықтаушылардың қылығына мойымайтыны тағы бар. Бұл мінезі, әсіресе, тіл комитетінің төрағасы кезінде ерекше көрінеді. Сұлтан Шәріпұлының ұлт алдында бітірген үлкен ісінің бірі де және бірегейі де тіл туралы алғашқы заң. Оның игілігін қазір барша халық көріп отыр.

Тағы бір мінезі – өзгеге айтқанын істете алатын және өзі де айтқанында тұратын бір сөзділігі. Мұндай қайраткерлер аз, бірақ та бар. Ал Сұлтан Шәріпұлының уәде беруі өте қиын. Бұл жағынан келгенде жоғарыда айтқан жомарттығына күмәндана қарауға да болады. Сөзден гөрі іс тындырғанды ұнататын адамның мінезі бұл. Бәрі де талғаммен, толғанып барып қимылдайтын сөзінің тиянағы бар қайраткерлерге тән қасиет. Ол сөзі мен уәдесінің, бағасын біледі. Сондықтан оның мүжезін табу оңай емес. Зәудемде уәде бере қалса ол іске алаңдамай, орындалды деп есептей беру керек.

Міне, бүгін алпыстың асқарына шығып отырған мінезді тұлға, қарымды қаламгер, байсалды сыншы, әйгілі тележурналист, қайраткер Сұлтан Шәріпұлының отыз екі жылдан бергі уақыт ішіндегі біз байқаған адамгершілік қасиеттері осындай. Өзін-өзі тәрбиелеп, өзін өзі жеткізген, еңбегін ғана сауып, маңдай терімен қазақтың марқасқа тұлғасына айналған ағамыздың қазір кемеліне келіп, толысқан тұсы. Елінің игілігіне, үлесін қосатын нағыз дер шағында. «Жігіттің Сұлтаны болдың, енді әдебиеттің де

сұлтаны бол» – деген Олжас ағаңыздың тілегін орындайтын кемелді кезең міне, енді келді.

АҒАЖАЙ

(Сейіт Қасқабасов)

Мынау жалған да, сол жалғанға келген адам да ретімен қаланған кірпіш сияқты. Онсыз да бірі кем дүние, өзің де кезегіңмен қаланып, ығыса жүріп ығын тауып орнығып, қамсыз нығыздала бастағаныңда, әлгі медеу тұтқан мықан кірпіштер сетінеп, іргең ойсырай бастайды екен. Қаншама нықталып қалансаң да, айналаң андыздала жалаңаштанып, өзегіңді аңыратқан суық жел бойыңды тоңазыта қариды. Кешегі қуанышыңа – сүйінішін қосқан, күйінішіңе – жұбанышын тосқан, етбауырындай еркелеткен ағалардың қарасы ғайып тартып, солардың «көші кетіп, шаңы қалғанын» сезіне құмыққанда, жаныңды жұбататын, кешегі ағажай өмірдің бір белгісін іздейсің.

Мен үшін сол белгі, ағажай өмірдің тұтқалы белгісі, көңілімнің қыры қаланған сүйеніш кірпіші – ағажай аға, ағажай академик Сейіт Асқарұлы Қасқабасов. Осыдан қырық бес жылғы, мен соңына еріп, қатарына кірпіш боп қаланған дәуреннің тілімен айтсам – Қасқабасов. Кәдімгі қою қара, артына бөріктене қайырылған, бейне бір бір құшақ қап-қара ебелекті басына кигізе салғандай қарқаралы толқынды қара шашты, үстінен қылшық сырғанап түскендей қыры сынбайтын таза да ұқыпты киінетін, ауыздарынан от шашқан Рымғали ағамыз: «Ей, Қасқабасов!» – деген де қасқа түсін қасқайтып: «Е, не дейсің, айта бер?» – деп жымия қарап тұратын Сейіт аға Қасқабасов! Сол бір жанартаулардың соңына ерген біз де оларды сыртынан, ал өз құрбыларымызды атажөнімен ашық атап машықтанып кетіп ек. Әдет қалмайды, қазір де Сейіт ағаны кейде сыртынан солай «Қасқабасов» деп атауды жаным қалап тұрады.

«Қырық жылда – қазан, елу жылда – ел өзгереді» дейді. Қазанын қайдам, елдің өзгергенін көрдік, бірақ Сейіт Асқарұлының өзгергенін көргемін жоқ. Сол баяғы

ағажай қалпы: жайдары, жанашыр, жаңашыл, жақсыға жағымды, жастарға жұғымды, жаны нәзік, жансарайы таза, айтқаны орынды, дәрісі қонымды, білімі білікті, сыны ілікті, ұстанғаны әділдік, сүйенгені шындық, жазғаны анық, ойы қанық, жан айнасы – жанарына мейірім-қайырым тұнған, сөзі қысқа-нұсқа, жанай ескерткені бұйрыққа бергісіз өтімді, бұйрығының салмағы жеңіл, емеуіріні ауыр, жөнін тапсаң – тіл алғыш, қырына іліксең – «неғылайынсыз», кішірейгенге – кішпейіл, кекірейгенге – кеуделі, әзіліңді оспақпен қайырады, ашуыңды мейірімімен басады, қателігінді көзіне және өзіне айтады, өзі туралы не өзінің атынан мақала жаздырмайды, қиналсаң – қамқор, ұмытқаныңды еске салады, келер күннің қаперін ұмыттырмайды, сырт адамға көрінетін, толық қамтылмаған осыншама сипаттың барлығынан басым қасиеті, ең тиянақты және сүйкімі басым қасиеті – сенімділігі.

Сейіт Асқарұлының бұл қасиетіне еш алаңсыз сене беріңізуге болады. «Қазан өзгеріп, ел жаңарған» ұзақ мезгіл аралығында мен Сейіт ағажайымның аға-барандары үшін де, дос-жарандары үшін де жаны күймеген, жанын бере олардың мүддесін өзі тіленіп орындамаған, демін ішіне тартып үнсіз, бірақ сенімді түрде нық араласпаған, ондай мүттәйім мұқтаждықты неғылайынсыз орындап шықпаған, тағы да ең бастысы сол мүттәйімдікке кеткен уақыты мен ой қайратын (Иә, ой қайратын, өйткені ағажайымыздың ойы мен қайратының қуаты қаламының ұшына қонақтаған) ешқашанда көлденеңдете де, жанай да бұлдаған кезі болған емес. Бүкіл айналасы, аға-досы мұқтаж мұндай ғылым суатына суарылған білім мен білік иесінің қазақ фольклорын тақырыптық тұрғыдан жүйелеп, мазмұнын тиянақтап, теориялық тұрғыдан талдап, әлемдік (шын мағынасында) түзілімдердің тізіміне енгізген еңбегі ақылдан қылшық тартқан зиялы қауымға қанықты да танықты. Сондықтан да, жоғарыда санамалап жеткізе алмаған қасиеттерінің біренін ғана тізгінұшты дәйектейін.

Дәтімді, қара тілдің сұңғыласы, ақын Аманжан Жақыптан бәсіреге алып, өмірлік мақсатыма орайластыра малдана айтып жүрген бір тәмсілмен дәйектейін: мен – барлық пенде атаулы бай болса екен деп тілеймін, бірақ бай

екенмін деп мені менсінбей қоймаса екен. Мен – барлық кісі атаулы әкімдікке жетсе екен деп тілеймін, бірақ әкім екенмін деп мені басынбаса екен. Мен – барлық адам оқымысты, дана болса екен деп жаныммен тілеймін, бірақ мені де сауатсыз екен деп ойламасын деп тілеймін – дегенге ұмтылып жүрген дәмелі мүттәйіміз ғой. Дегенмен де, біздің сауатымыз, сауаттымыз дегеннің денінің сауаты менің ағажай Сейіт Асқарұлының сауаты мен қаламының мәтібінің шалымына келе бермейді.

Оқыған-тоқығанымыздың артық-кемі бар шығар, алайда соны жүйелеп, салмақтандырып, ұғымды әрі өтімді етіп, жарты бетке сиғызып, жеріне жеткізе нақ та нұқ етіп хатқа түсіруге, ғылыми тақырыпты қоюға және сыпаттама беруге келгенде, әй, Заки Ахметовтен басқа ғалым өз қатарында сирек кездесті, ал біз бұл өнерді, ұлы өнерді бойымыздан сусытып алдық. Сол қасиеті үшін де өзі де сауатты оқымыстының бірі Өзбекәлі Жәнібеков марқұм бас кеңесшісі етіп сақадай сайлап алғаны кәміл. Сенімді сайын дос екеніне де бір тәмсіл бұл.

Жадағайсыз бір оқиға айтайын, ол бір ағажайымыздың құрдас досы Рымғали Нұрғалидың – Ардакүреңнің жан қиналысына түсіп жүрген ойсоқты шағы еді. Ой аспанында жарқылдаған найзағайды «жанашырлары» (ол тұста домалақ арызқойлардың сүйікті ныспысы осындай болатын) сағын сындырып, жүйкесіне жүк түсіріп жүрген кезде, докторлық диссертациясын жазып отырып, осының маған не керегі бар дегендей, қаламын лақтырып жіберетін сәттерін көзіміздің қиығы шалып жүрген кез болатын. Ал Мәскеуде бекітілетін диссертация орыс тілінде және өте сауатты ғылыми қасаң терминмен және мағынасы ауқымды үйлесіммен (формулировкамен) жазылуы тиіс-тін. Ал ондай сауатты қазақ ғалымы таптыра бермейтін.

Міне, осы кездегі Сейіт Асқарұлының қалай шұғыл да шөгел, жанкешті еңбек сіңіргенін көзімізбен көрдік, көңілімізбен сүйсіндік. Екі-үш әріп пен тыныс белгісін әктеп, почтаға салғанымыз болмаса, сол маржандай күйінде жөнін тапты. Диссертация қорғалатын кезде тағы бір қысым қаулысы шығып, қорғау құрметіне арналған дастархан мәзірі жайылмайтын болды. Қонақкәдеге есігін айқара ашқандардың

еңбегі еш кеткендері де кездесті. Ресми оппонент Мәскеуден келген ғалымды құр ауыз қалай қайтарасың. Үй-ішіндегі қонақтар масайрай бастаған сәтте Рымғали аға белгі берді. Асыға шығып, таксилетіп Тастаққа қарай бет алдық. Бір пәтерге баспақтай асыға кірдік. Сөйтсек, беделді «жасырын қонақты» күтуге Сейіт ағамыздың үйін таңдапты. Әжеміз батасын беріп, Тамара апайым бар ықыласын дастарханға жайып, Өмірзақ Айтбаев ағамыз әнімен әлдилеп, мәре-сәре көңілді күйде отыр екен қонағымыз. Түн ортасы ауғаншы екі үйдің арасына екі рет қатынап, дос пен достың арасындағы достық сенімге сүйініп едік. Қазір айтуға оңай болғанымен де, ол кезде бұл құпияның құпиясына саналатын, сенгеніңе ғана сүйенетін тәуекелді іс еді. Рымғали ағаның Секең мен Тамара апайымның шаңырағын таңдап алуы да сол сенімділігіне сенгені.

Өзгенің мәтібін неғылайынсыз әдіптеп беретін Сейіт ағажайымыздың, сыны – сыртында, сыры – ішіндегі жігіт. Сол сенімділігі мен сауатының исі қазақ ұлтының рухани игілігін қайрылып оралуына ұйытқы-ұйымдастырушы болғанын сыралғылары болмаса, сырт жұрт біле бермейді. Тағы да өзім куә дәйекке жүгінейін. «Желтоқсанның ызғары» бетті шалып, жүректі қарып тұрған кез. Олжас Сүлейменов маған Жазушылар одағының жанындағы құқық комиссиясын басқарып: желтосан оқиғасына қатысқан, қаза тапқан, тергеуге ілінген, сотталған жастар мен алаш көсемдерін ақтау туралы дерек жиып, жоғарғы кеңеске материал жинауды тапсырды. Бір жыл қысым құрсауында жүрсек те, Орталық комитетке Өзбекәлі Жәнібеков хатшы, Сейіт Қасқабасов кеңесші, Сабыр Қасымов – Колбиннің ұйымдастыру істері жөніндегі кеңесшісі болып келгеннен кейін тынысымыз ашылып, өрісіміз кеңіп сала берді. Желтоқсаншылардың құқығын қорғау, алаш қайраткерлерін ақтау барысындағы шараларды жүзеге асырудың жолдары жөніндегі ақыл-кеңесті енді Орталық комитеттің ішінен алатын болдық.

Сейіт Асқарұлы өзіне тән ұқыптылықпен және асқан сауаттылықпен ұсыныстар мен қорытындыларды, қаулылар мен қарарларды пәрменді және пайымды етіп дайындап, әр қалай қитұрқылардың қыбын таба үтіктеп, бұл шараны

қапысыз тиянақтады. Әйтпесе, сол бір қауырт та қилы тұста өз ұлтымыздың ішінен де, өзге ағайындардың арасынан да қапысын тауып қарпып қалуға ұмтылғандар шықты. Өзгені былай қойғанда, бүкіл қазақ ұлтының мақтанышы дәрежесіне көтерілген бір жамағайын тұлғамыз, өзінің жетпіс жасқа толған мүшелтойындағы қандастарымен өткізген кездесуде: Жетісу – біздің байырғы атажұртымыз, автономия алатын құқымыз толық бар – деп пікір көтергені бар. Ол теледидардан таралып кеткен соң Сағат Әшімбаев марқұмнан себебін сұрап едім, дәл сол кісінің ондайға баратынын күтпегендіктен де, хабарды өзі көрмегенін айтып, әлгі берілімді қайта көріп, тура сол арасын таспаға көшіртіп берді.

Жан аяйтын іс емес, мақала жазып, «Қазақ әдебиетіне» жарияладым. Іле «тұтқалы тұлғамыз» арызданып Орталық комитетке барды. Әйтеуір Сейіт ағамыздың табалдырығын тоздырып жүріп, беттескенде маған қата қабағын көрсетіп, оңашада оның бетін енді қандай дәлелмен қайтару керектігін көрсетіп, аяғын үш-төрт айға созып, сиырқұймышақпен бітірді. Сол бір идеология қағынып тұрған кезде Өзбекәлі мен Сейіт сияқты дегдарлар қазан басында отырмағанда, бір көрген құқай әркімнің басына төніп тұрды. Бұл да бір ұлт зиялыларының намысы мен зиялын сынаған шағымды шақ еді. Осындай ожданды тұлғалардың оқпанды орайластыруымен тәуелсіздік деген арман шынайы мақсатты күреске айналды және жеңіске жетті. Бүгінгі тәуелсіздіктің тылсымында Өзбекәлі мен Олжас, Сейіт пен Қасым сияқты азаматтардың тәуекелді тағдыры бар. Бұл анық.

Сол тәуекелдің барлығы да өзіне деген сеніммен, сенімді біліммен, сенімді ағалы-бауырлы әріптеспен, силасты әдеппен, бауыры жылы кішіпейілдікпен келді. Жалған ғылымға жаны қас ұстанымы нығыз ғалымның талап қоюға келгенде қаталды жан түршіктірмесе де, сескендіретіні анық. Оның бұл қаталдығы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Аттестациялық комиссияның төрағасы тұсында ерекше көрінді. Ол ереженің қатаң талабы мен нақты мәтіптері қазақ ғылымының деңгейін көтеруге елеулі септігін тигізді. Ізденуші сондағы ережелер мен талапты толтыру кезінде-ақ өзіне қандай ғылыми сара мен парасат-пайым

керектігін түсініп, сол жауаптың деңгейінен шығу үшін кәдімгідей ізденіп, дайындалатын. Кейін қатаң талаптар мен формулировкалар жұмсарды, дегенмен де құжаттық үлгінің үлгісі жасалып, қалыптанды.

Ағажайымыздың мерейі үстем тартқан сайын, мінезі де соғұрлым кішіпейіл тартты. Тіпті бұрынғыдан көрі қолжетімді көкеге айналды. Әлі есімде, тоқсаныншы жылдары Мұхтар Әуезовтің мұражай-үйін қайта қалпына келтіру барысында күніне жоғары жаққа арнап үш хат жолдауға тура келді. Жазушылық машыққа үйренген кез, бір хаттағы сөзді екінші хатта қайталамай, бір мәселені қырық түрлі себеп-салдармен баяндау да ығыр етті. Әрине, ықтиятты түсіремін деп көлеміне де қарамайсың. Дольланып тұрған сәтімде ағажайыма бардым: «Ей, сен өйтіп ақымақ болма. Хаттың көлемі жарты беттен аспасын және хат жолданатын адам көп болғанымен, мәселе біреу. Сондықтан бәріне ортақ бір үлгі жасап ал және ісіңді түсіндірем десең мәтінді орысша жаз. Сенің тіліңді түсінетін шенеунік бізде жоқ», – деді.

Табан астында өзіне жабыса кеттім және шұғыл орындауын талап (иә, өтініп емес) еттім. Түстіктен қайтып келгенде жарты беттік дайын мәтінді ұсынды. Ішінде мен бес бетке сиғыза алмай жүрген сөздің бәрі бар. Жақсылап сиымды сөзбен қазақша аудардым да, екі мәтінді Қазақстанның президентінен бастап академияның президенті аралығындағы қырық буынды үкімет дәбірлеріне жолдадым да отырдым. Олар да сипай қамшылауынан (отписка) жазбады, мен де «әм майлық, әм сулық» мәтінді екі тілде қайыра жолдаудан жазбадым. Сол, Сейіт ағаның мәтіні жолаяқты болып, ақыры мұражай-үй туралы үкімет қаулысын шығарып тынды. Осы күнге дейін жоғарыға хат жазсам болды, сол мәтіннің оралымдары ойыма оралады да тұрады.

Ал қазір Жоғары аттестациялық кеңестің төрағасын жолшыбай ұстап алып, хатынды жаздырмақ түгілі, өзіне иіліп сәлем беруге қолымыз жетпей қалды. Әрине, қызметтің, қызмет әдебінің буы да кеудесін керетін шығар, бірақ, сайып келгенде соның барлығы адамның текті, не тексіз түйсігіне байланысты. Түйсіксіз шенеуніктер басынып, кітап неге

керек дейтін уәзірлер мен ғылым дәбірлері жонданып, тізесін момын профессорлаға именбей батырып жүрген мына сұрқылтай заманда, кімге өкпелегендейсің. Тек сондайда, жанашыр ағажайынды іздеуден басқа амал да, жұбаныш та қалмайды.

Сол әдетпен, өткен күндер еске түскенде, сол күндердің ащы-тұшысының дәмін қайыра еске алу үшін ағажайыма анда-санда қиялай соғып, қайырыла қалатыным бар. Тым тереңдетпей, ескі күнді екпіндете еске салып, елпектеген күйі есіктен шығып кетуге тырысамын. Өйткені, сол бір жылдардағы жылы мейірім мен қайырым иелерінің қасиеттерін тереңдете қопарып, ағамыздың көңіл-күйін бұзғым келмейді, өзімнің де жүрегім шанши жөнелетінді шығарды. Әрине, әлі де жұмсаймыз. Тапсырмамызды орындайды. Оның амалын тауып алғамыз. Бірақ, тездетіп «жезделеткен» жетектің өзі де төзімге тағат жасай алмай калып жүр.

Тек, бір ғана сенім қуаты бар. Ол – ағажайымыз, яғни, Сейіт Асқарұлы Қасқабасов кірпіш болып қаланған жерден жел соқпайды. Оған еш күдігіңіз бен кәдігіңіз бомасын. Сондай-ақ, алдағы баспалдақтарды да еш кәдік-күмәнсіз сеніммен аттап өтетініне күдігім де, кәдігім де жоқ. Оған сенім кәміл.

НАҒЫЗДЫҢ НЫҒЫЗЫ

(Ахат Жақсыбаев)

Күнделікті тіршілікте адамның көп жақсы қасиеттерінің үйреншікті болып кететіні сондай, кейде дүниенің бағасын үстірт үстемелетіп, ойжота пікір қорытуға да бой үйретіп алдық. Бұл бірдің бойындағы емес, көптің бой алдырған мінезі шығар деп ойлаймын. Мүмкін, мұның астарында өзімсініп, жаныңа жақын тартып, болмысыңа табиғи етенелесіп кеткен сыралғылық та жатқан болар. Өйткені сол адам арқылы өзіңнің бойыңа сіңірген, бара-бара қалыптасқан өмірлік ғадетіңе айналып кеткен үйірсек мінезіңнің күрмеуін күнде жаза бермейсің. Алайда өмір атты ұршық иірген

тұтам ғұмырдың ұшығын тартқанда, соны сөгілдірмей ұстап тұрған, кейінгі өмір кестесінің түйінін түйген тұлғалардың қадірін іштей сезінгеніңмен, сыртыңа шығара бермегенінді аңғарасың.

Себебі, жаның мен жүйкеңді күн сайын шүйкелейтін сөз өнерінің дерті сананды сарсаңға түсіріп жүргенде, сезім талшықтарын тарқатуға мұршаң да бола бермейді, құлқың да соға бермес. Тек діттеген тамырлы тұста ғана сананды сабырға шақырасың. Біз үшін, бір тұстары, Ғафакең – Ғафу Қайырбеков марқұмның дуалы ауызынан шығып, қаламгерлер арасына кеңінен таралып кеткен, қазір біразының орыны әдебиетімізде ойсырап қалған «Жұлдыздың» жұлдыздары» – марқұмдар Маршал Әбдіхалықов, Кәрібай Ахметбеков, Оралхан Бөкеев, Сағат Әшімбаев, Сайымжан Еркебаев, Жарасқан Әбдірәшев, Марат Қабанбаев, Асқар Егеубаев үшін, көзі тірі көбегендер Софы Сматаев, Қажығали Мұханбетқалиев, Шөмішбай Сариев, Баққожа Мұқаев, Адам Мекебаев, Рафаэль Ниязбеков, Кенес Юсупов, Ұзақбай Доспанбетов, Серік Тұрғынбеков, Тұрысбек Сәукетев, Баянғали Әлімжанов, Қуандық Түменбаев, Тұрсынжан Шапай үшін (бұл арада жетпісінші – тоқсаныншы жылдары он-он бес жыл қатар істеген бір толқынның ғана аттары аталып отыр) орыны ерекше, осы аталған талант иелерінің әрқайсыларының тағдырына жан нұры түскен сондай жанның бірі де бірегейі – Ахат Имантайұлы Жақсыбаев. Мұны өмірден өткендер де, көзі тірілер де, тіпті олардың отбасылары мен үрімдері де жоққа шығара алмас деп ойлаймын. Шығармашылық пен құштарлықтың қара қазанына айналған сол бір тұстары «Жұлдыздың» таралымының екі жүз қырық мыңға жеткені де осы тұлғалардың бір-бірінің көңіліне құйған жан шуағын аңғартса керек.

Әрқайсысы бір-бір тұлға, әрқайсысының бойына біткен жан дүние буырқанысы мен мінезі бар, тумысындағы бас асаулығы бастықпаған, бастығуы мүмкін де емес, сол болмысын еркін өмір сүрудің дағдысына айналдырған осыншама таланттардың тілін тауып, орынымен басқару орнықты Бекежан Тілегенов пен өзі де еркін мінезді Ғафу Қайырбековке оңайға түспегені анық. Сол жылдары әңгіме

мен хикаяттарды былай қойғанда, редакция тартпасына жылына жиырмадан астам роман түсетін. Әр қолжазба өзімен бірге дау-дамайы мен уәжін, домбытпасын қоса арқалай келетін. Сондықтан да Бекен мен Ғафанның қолы шығармашылық мәсе­лемен айналысудан: бір романды оқып шығып, өңдетіп, қысқартып, автормен келістіріп, журналдық нұсқасын дайындаттырудан, соның ара-арасында Орталық комитеттің ескертулері мен одақ хатшыларының уәжіне жауап беруден босамайтын.

Ал сын бөліміне қатысты үзілмейтін өкпе-наз бен шағым-арыздар, міндетті түрде бас редактордың алдынан өтетін. Әдеби журнал болғандықтан да әр қаламгердің өз шығармашылығы қақында жағымды пікір күтетіні белгілі. Өкінішке орай, ондай жақсы тілектің барлығын қанағаттандыру мүмкін емес болатын. Жарасқан екеуімізге тізгінін ұстатып кеткен сын бөлімінің Сағат пен Шөмішбайдан қалған «сыбағасынын» өзі де жүйке талшығына тәп-тәуір салмақ түсіретін. Оның үстіне көркемдік талғаммен, көркем ойлау жүйесі, шығарманы бағалаудағы көзқарас та үнемі бір арнадан тоғыса бермейтін. Ал авторлық сынның талабына шек қоя алмайсың. Ондай пікірдің арасына белгілі бір мүдделердің де кірігіп, басын қылтитып тұратыны жасырын емес еді. Әсіресе, құлын кезіндегі тісеуі, тай кезіндегі таласы, бесті кезіндегі бәсекесі, ақақаптал тартқан тұстағы алыстан жымыраңдасуы қалмаған ырғасулардың астарын білмесең, сондай шеберлікпен білдіртпей жымсыта қолданған бір-екі ауыз сөздің өзінен үлкен дау туып кететін. Сондықтан да кейде қосақ арасына үлкен де, кіші де, жазықты да, жазықсыз да ілігіп кететін жайлар кезігетін. Сын бөлімінде істейтін адам әдебиет тарихы мен үрдісті, оның даму беталысын, әлемдік арнасын ғана емес, бір жазушы мен екінші жазушының, бір топпен екінші топтың, үшінші қалыс жақтың арасындағы кірбінді, қаламгер психологиясын, оның жеке мінезін білмесең, қақпанға түсіп қалуың оп-оңай еді. Мұндайда шығармашылық бәсекеден көрі әлгі жеке қарым-қатынастың әлекейі мен «пәлекейі» (мақтауы асып кетсе, сынағаннан бетер сөз еститінің тағы бар) ұшынып-ақ кететін. Бұл жай Жарасқанға үйреншікті болғанымен, әдебиетке енді араласқан боз өкпеге өте ауыр тиетін. Сондай

қысылтаян тұста «жауынгер бөлімнің» жауынгерінің өзі де демеуге мұқтаждық танытып қалатын.

Міне, осындай найзағай мен тыныштықтың арасындағы беймаза буырқанысы үзілмейтін, үнемі шарасынан асып-төгіліп жататын Жазушылар одағымен тікелей байланыстағы ұжымға (Ол кезде «Жұлдыз» бен «Қазақ әдебиетінің» қызметкерлері одақтың да қызметкері болып есептелетін) қатысты қарбаластың барлығын реттеп отыру, азуын айға білеген авторлардың ашуын қайтарып, жарастыру да оңай жұмыс емес болатын. Өйткені сын бөліміне разы боп келетін пенде ілуде біреу ғана болатын. Шығып бара жатқан, не дайындалып жатқан, не жарияланған сын мақалаларды алдын ала біліп алып, оның бетін қайыру үшін кімнің ұйымдастырғанын, кім жазғанын, кімнің қол қойғанын (бас редакторлардың) сұрап, берісі хатшыларды, арысы орталық комитетті іске қосатын жұлымыр жандар да болды. Ондайда бүйрегің бұрып тұрса да ештеңе істей алмайсың. Қызмет тәртібі солай. Онсыз сын бөлімінде істеу де мүмкін емес. Басылымның үрдісін жақсы білетін жазушылар әлгі материалды кім жазғанын білу үшін қаламақының кестесіне көзін сұғатын. Әдеби басылым болғандықтан да проза мен поэзия бөлімінің де басынан қиқу кетпейтін. Ал осының барлығын қалт жібермей қабағымен бағып, қызметкерді камқорлығына алатын жауапкершілігі мен жанашырлығы тең түсетін адам қажет-ақ еді. Біздің тұсымызда бұл міндет: қырағы да сенімді, ең бастысы, қашанда жұмыс орынынан табылатын тұрақты сардар – жауапты хатшыға, яғни, Ахат Жақсыбаевтың мойынына жүктелді. Ол редакция қызметкерлерін қорғап, өрекігендердің көңілін орынына түсіріп, шөлкем-шалыстарды реттеп отыратын. Кей кездері авторлардың журнал мен бөлімге тиесілі ренішін де, жауапкершілігін де өзіне қабылдауға тура келетін. Әсіресе, жазушылардың мінезіне бастықпаған, авторлары да өр кеуделі журналға жаңадан келген жас жазушы үшін бұл аса ділгір демеу еді. Қаншама арынды ақындар мен жалы күдірейген жазушылардың арынын басты десеңізші.

Кейде ашулы ағалардың төбесі көрінгенде Ахаңның орынында отырғанын да медеу тұтатынбыз. Мұндайда Жарасқан екеуімізге жаны аши қарайтын Орекең –

Оралхан әлгі адамды «байқатпай» ілестіре кетіп, жауапты хатшының бөлмесіне қарай бастайтын. Әр жағы түсінікті. Жарасқан миығынан күліп қойып, саусағына темекісін іліп, баспалдақтан түсіп бара жататын. Алғашында Ахаңа ықтап, жанынан табылып жүргенімізбен, бой үйрене келе «уағында жылыстап кетуді» біз де үйрендік. Өйткені, сын бөлімінен жарық көрген пікірлерге үнемі жауап беріп, қаршыласып отыру мүмкін емес еді. Ақыры жүйкең тозып, бая-шая болып кететінсің. Өзге бөлімдерге қарағанда бұл бөлімге ерекше ықыластың керегі де сондықтан. Тек Ә.Әбішев, Х.Бекхожин, Х.Ерғалиев, Ғ.Ахмедов, І.Есенберлин, Т.Ахтанов, С.Омаров, Б.Аманшин, С.Адамбеков, Қ.Исабаев, Н.Шәкенов, С.Жүнісов, Қ.Ысқақов, Жайсаңбек Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, М.Мағауин, А.Сүлейменов, З.Серікқалиев, Р.Нұрғалиев, Т.Токбергенов сынды ағаларымыз назын ашық білдірмей, өз тәжірибелерін әңгімелеп айтып, өз қателігінді ыммен білдірген тұстарында әрі риза боп, әрі қысылып, қымтырылып қалатынбыз. Бір қарағанда ең асау мінезге ие, шығармашылық пікір таласының нақ ортасынан табылатын осынау дегдарлар жан сырын сондай бір жайбарақаттықпен жайып салатын. Олардың: «Сендер білмейсідер ғой, мына ілменің тамыры мынада...», «Сендердің сынағыларың келгені мен емес екенін білемін. Классиктерді алдыға тартып, ананы мекзеп отырсындар ғой», «Сендер білесіндер, білсеңдер де айтайын. Баяғыда...», «Ой, ол кезде басың кететін тұс еді. Сонда бұл кісі бәрімізді қырып салған. Мынау сол екпін», «Жігіттер, ана екеуінің ырғасуынынан сақтанындар, арасына түсіп қалсаңдар, екеуің де арандап тынасындар», «Біз де сын бөлімінде істегенбіз... Баста бар қиу. Сол дауыстар әлі де құлағымыздың түбінде ызындап тұрады», «Сын – өмірлік көзқарас күресі. Сондықтан да мұнда не қалиқаншылап өмір сүресіндер, не қалиқаншылап саусақтарыңды шошандатып өтесіндер. Между прочим, екеуі де оңып тұрған кәсіп емес», «Су дегенің де әдебиеттің объектісі. Су керек жолдастар, су! Сондықтан пайдалы сумен емес, пайдасыз сумен күресіндер!», «Сендер мына жайды біле жүрулерің үшін айтайын деп келдім. Ол орташа шығарма. Бірақ кезінде қазақ әдебиетінің бетін бұрған туынды болды. Сын бөлімі, әсіресе, журналдың сын бөлімі мұндайды ескеріп отыруы

керек», «Әдебиеттегі ұлттық идея өшіп қалған кезде оны елу төртінші – алпысыншы жылдары тірілткен орыс тілді Әнуар мен Олжас, олардың былай айтуға мүмкіндігі болды. Сондықтан да оларды жаппай жазғыруға болмайды», «Мені сынасаңдар жасқанбай сынай беріңдер. Тек әділетсіз пікірдің шылауында кетпендер. Идеяма тиіспесендер болды», «Біз айтпай кетті демендер...» – деп басталатын әңгімелері нағыз шығармашылық шеберхана мен жазшының психологиясы туралы дәріс еді. Осы дегдарлардың арасында Халижан Бекхожин мен Қадыр Мырзалиев ағамыз «еңбегімізді жиі ескеріп» тұратын, өйткені Жарасқан мен Қадағанның, мені мен Халекеңнің арасында (мен туған ағасы Хайрекеңнің – Хайыржан Бекхожиннің шәкірті едім) көзге көрінбейтін жан жарастығы бар болатын. Солардың тәлімін тыңдай жүріп біз де ысылдық. Ашулы авторларды Ахаң барынша аз жолықтыруға тырыстық.

Кей кездері сын майданына одақтың да хатшылары араласып кететін. Міне, сол кезде, Ғафакең: «Шынымен қатты кетіп қалған екенбіз. Сендер енді абай болыңдар. Мына мақалада бұл шығарманың жақсылығын да айтыпты. Осыны басайық», – дейтін. Ал Бекең – Бекежан ағамыз: «Жігіттердің ұстанымы дұрыс. Солардың дегені болады», – деп бізді қостап шығатын. Ондай ашық таласқа Ахаң араласпайды, өйткені ол кісінің міндеті бізді «ішкі майданда» қорғау еді, ал зәуемде араласса – әлгі адам неге келгенін ұмытып қалатын. Мұндай қатаң, тек қана «пролетариатқа ғана тән мінезді» (курстасы Қадірбек Уәлиевтің мінездемесі) тек Ахат Жақсыбаев қана көрсете алатын. Әдетте аса орнықты көрінетін Ахат Жақсыбаев қызмет барысындағы өзі әділ деген пікір жөніндегі «Егеске» келгенде кез-келген «Бөгетті» жеңіп, қызметкерлеріне нағыз «Қорған» бола білетін «Қайтпас қайсардың» өзі. Кезінде Н.Тихоновтың: «Мұндай адамдарды кез-келген жерге, кез-келген уақытта шеге етіп қағуға болады. Сонда қайтып ол жерге ешқашанда алаңдамайсың», – деген өлеңі мәтел ретінде айтылып жүретін. Жалпы алғанда, Ахаң – Ахат Жақсыбаев сондай мықты да сенімді, шеге сияқты тұрақты, мық азаматтың нағызының нығызы.

Мұрты тебіндегенде осы үйірге қосылып, сақалы буырыл тартқанда ғана қол үзген (ресми және еңбек шартымен тура он жеті жыл «Жұлдыздың» бұшпағын илесіппін), соның ішінде тура жиырма жыл жауапты хатшы болған Аханның – Ахат Жақсыбаевтың қарамағында он үш жыл қызмет еткенде мені таңдандырғаны да, сүйіндіргені де де оның бойындағы осы тұрақтылық, әділдікке деген шексіз құштарлық, адалдық, сенімді әріптестік намыс, азаматтық ұстаным және қашанда адамның осалдығының өзінен жақсылық іздеп, соны жанашырлыққа айналдыра білетін тура мінезді, талапшыл қасиеті еді. Ал өмірінің отыз бес жылын Жазушылар одағында («Қазақ әдебиеті» мен «Жұлдызда») өткізген адам үшін оның бұл мінезін кәдімгі біздің түсінігіміздегі «сыйымды мінезге» жатқыза алмайсың. Жазушылардың жүрісі еркін болғанымен де, көңілі бос, нанғыш, еліктегіш, ашуы да, қайтымы да тез келеді. Ал Аханды алған бетінен еш қашанда қайыра алмайсың, өзі көзі жеткен шындықтан тайсалу – Ахат Жақсыбаевқа жат. Тіпті бір жолы осы таңданысымды Клара жеңгемізге айтқанымда: «Оны алған бетінен қайтару мүмкін емес! Тіпті өзінің бас пайдасы үшін де ондайға бармайды. Беріп тұрған төрт бөлмелі үйден бас тартқанда жылап жіберген менің де көз жасыма қарамаған ол», – деп жауап бергені есімде. Оның бозбала шағында шахтада жұмысшы болып істеген үш жылда қалыптастырған осынау тура да әділетті мінезін бәріміз де сыйлайтынбыз.

Иә, әділдік жолындағы адам сенгісіз бір беткейлік – Ахат Жақсыбаевқа туа біткен қасиет. Ахаң бар кемшілігің мен қателігіңді кешіре алады, бірақ өзгенің де, өзінің де әділетсіздігін ешқашан кешірмейді. Соны бүгін де, ертең де, бір жылдан кейін де, қашан мойындап тынғаныңша айтуға бар. Оның осы мінезінен хабардар Әнуар Әлімжанов жазушыларға жаппай үй берілер тұста Ахат Жақсыбаевті комиссияның құрамына кіргізеді. Екі бөлмелілер – үш, үш бөлмелілер – төрт бөлмеге көшіп, Марат сияқты баспанасыздар екі бөлмеге ие болып, жарылқанып қалады. Сонда Ән-ағаң: «Осынша әділдік танытқан Ахат бізден үй сұрай қоймас. Балалы-шағалы, қарт анасы бар, төрт бөлмелі пәтер берейік», – деген ұсынысқа бәрі келіседі. Тек Ахаттың

өзі: «Бәрі де әділ бөлінді. Мен бұл жолы пәтер алмаймын. Онда әділдік бұзылады», – деп келіспейді. Шындығында да, Клара жеңгейдің осындайда жақсы жардың жан тазалығына ашуланса ашуланатын-ақ жөні бар. Үй – сенің бақыт ошағың. Жас балалар мен күтімі бөлек қарт ана үшін төрт бөлме де кеңдік етпейді. Алайда Ахаң жеке бастың мұқтажынан көрі өмірлік принципті қымбат санады. Әйтпесе, ондай мүмкіндік кеңес тұсында кезегі келе бермейтін, сәті түсе бермейтін әдеттен тыс кездейсоқ олжа екенін Ахаң да түсінетін. Бірақ әділдіктің ала арқанын аттамас үшін сондай сирек мүмкіндіктен Ахат ағамыз бас тартты. Соның есесін қайтарғысы келгендей, қайтып ондай ұсыныс жасалмады. Алғашында өзі алақанында өскен, кейін оны алақанында аялап күткен Үміт шешемізді миңгілік сапарға сол босағадан аттандырып, алпыс жасын сол үйде тойлап барып, Мұрат ержетіп, Меруерт бой жеткен соң ғана қоныс жаңартты, керегесін кеңітті. Жалпы, мұндай мінез, ар мамандығының иесі атанған жазушыларға жарасып-ақ тұрады. Тек кейінгі уақытта сондай мәрттіктің сиреп кеткені, қаламгерлердің бопсаға көнгіш боп бара жатқаны өкінішті әрі алаңдататын-ақ көрініс. Иә, жеңгетайлық жазушыларға жараспайтын-ақ мінез.

Жалпы, жауапты хатшы ретінде Ахаң ішкі тәртіпті сақтауды, айтқан сөзінде тұруды, істің нақтылығын, жоспарланған істің міндетті түрде орындалуын «неғылайынсыз» талап ететін және қашан тапсырма орындалғанша қадағалап, корректураның дер кезінде қаралуын, машинкаға басылуға берілетін материалдардың кесте бойынша ұсынылуын қатаң бақылайтын. Өйткені ол кезде айналдырған екі машинистка – Рымжан апай мен Ботакөз, кейіннен қосылған Зүбайда мен Маржан айына мың бетке жуық қолжазбаны макетке лайықтап қайта басатын, ол қайталанып оқылатын, қатесі түсірілетін. Ал кесте бұзылса, бүкіл жұмыстың берекесі қашатын. Берекесіздік – Ахаңның басты жауы еді. Бұл талаптарды орындау Оралханнан бастап Жарасқан мен Маратқа дейінгі қызметтегі әр адамға бұлжымайтын заң болатын. Сондықтан да Маршал, Софы, Қажығали, Кәрібай, Адам, Шөмішбай, Ұзақбай, Рафаэль, Баянғали орынынан табылса, не кезекші болғаны, не

Ахаңнан тікелей тапсырма алғаны. Мұндайда көңілінен шықсаң болды, онда ретін тауып апталап көз жаздырып кетсең де, алаңсыз жүруіңе болады.

Ахаңның жауапкершілігіне сенетін Бекең – Бекежан Тілегенов қызмет тәртібіне еш алаңдамайтын. Одақ ішіндегі қилы-қилы мінездеріміз байқалып қалса да Бекеңнің қаперіне кірмейтін: «Ол жазушы. Сондықтан да оның жеке мінезі қызмет бабындағы жауапкершілікке жатпайды. Әйтпесе, оны Ахат білер еді», – дейтін. Ахаң оның бәрін білетін, білсе де – білмеген болады және онысын тағы да бізге білдірмейді. Сондықтан да қандай жағдай болса да Ахаңа ең бірінші өзіміз хабарлауға тырысатынбыз. Мұны кейде тым еркінсіп пайдаландық па, кім білсін. Бірде, дос-жаран «үш жетім» жігіт бірімізді-біріміз ес көріп, бірімізді-біріміз алдыға салып, үшеуіміздің ортамыздағы бір інімізге келіншек айттыру үшін Керекуге құдалыққа ұшақпен барып, қайтпақ болдық. Қайран жастық дейтін жиырма бес жастың өзі. «Қазақтығымыз ұстап» барған бізді қазақы дәстүрмен қарсы алды. Бүгін құданың алдына жығылатын болдық, ертең қызға сырға тағамыз, бүрсүгіні ресми құдалық, одан кейін қыздың үйіндегі ұзату тойы, одан кейін келін түсіру, содан соң құдалық шақыру, оған қатыспасаң – құдалық бұзылады. Мұндай ерікті зорлыққа қалай қарсы шығарсың. Бірақ екі-үш күннің ары-берісі жоқ жұмысқа апта бойы жоғалып кету ыңғайсыз-ақ. Оның үстіне корректураны оқу кезегі маған келіп тұрған. Уақыттың ебін тауып (ал бас құдаға бұл да үлкен мәселе) Оралхан ағаға хабарласып ем: «Кезекшілігіңді мен-ақ өтеп берейін. Бекеңе де өзім айтамын. Бірақ дәл қазір Ахат өзінде отыр, соған айт», – деп ақыл берді. Ол жылдары телефонның терім кезегіне іліну де бір қиямет. Оған да амал табылды. Әйтеуір Ахаң орынында екен, сөйтсем, мені күтіп отырыпты. Орекен: «Осы сенің ауылың шоқынып кетті ме десем, қазақы дәстүрді керемет сақтайтын көрінеді. Әсіресе, құдалықты...», – деп бастап мақұлдатып алып, әдеттегісінше бастырмалатып: «Мысалы...», – деп ескертіп қойса керек. Ахаң бірден құтты болсындата жөнелді де, кезекшілігімді заңды тұрғыда ауыстырғанын, Бекең мен Ғафекеңе жағдайды түсіндіргенін айтып, аптаға апта қосып берді. Ал мұның өзі алдыңғы күндерді қоса есептегенде айлық демалыс

уақытына тең еді. Шіркін, Орекенді бопсаға жіберіп, соны қызықтап отырған да бір ғанибет еді-ау!

Ахаңның осындай жомарттығынан кейін риза болмай, айтқанын істемей, күткен жерінен шықпай көр. Бұл жалғыз маған емес, барлығымызға ортақ ахуал еді. Соның өзінде жиырма екі баспатабақ журналдың кестеден кешіккен кезі болған емес. Әсіресе, материалды ұйымдастыруы қиын сын бөлімі үшін бұл кәдімгідей сын еді. Бекең бір жаққа жолсапарға, не демалысқа кете қалғанда тізгінді Ғафекең алатын да, әр күні тура сағат онда өзіне шақыратын. Егер Ахаң жұмыста болмай қалса, ол күн кәдімгі сахнадағы қойылымның дайындығына да ұқсап кететін. «Жігіттер, «Жұлдызды» құлатып алмайық. Қазіргі бас редактор менмін ғой», – деп сөзін бастайтын Ғафекең сағат үшке дейін біразымызды жұмыстан шығарып, қайта алып үлгеретін. Бірде Жарасқанның бір күнде төрт рет жұмыстан шығарылып, төрт рет қайта алынғаны да бар. Сонда «Жұлдызға» жауап беретін бухгалтер не істерін білмей дағдарғаны есімізде. Ертеңінде Ғафекең: «Әй, бастық болсам қатал бастық болады екем-ау өзі! Анда-санда өстіп найзағайлатып, желпініп алған ақындарға жарасады, Жарасқан. Ал енді «жұлдыздарым», жұмыстарыңа барыңдар. Әлгі Ахат қашан келеді өзі. Сендерді басқару да бір қиямет екен ғой», – деп жайраң қағып Шөкеңе – Шөмішбайға қарайтын. Кейде Софекең де орынынан қозғалып қалатын. Сол көштің соңынан біз де ілесуші едік-ау! Осы «ұжымшылдығымызға» риза болған Ғафакең сол күні бәрімізді үйге қайтаратын. Әрине, әр қайсымыз әр жолмен келіп, Ахаңа төбе көрсетіп кететінбіз. Алаңсыз болғанға не жетсін. Прозаға да, сынға да ие болып Орағаң – Оралхан қалатын. Кіріп-шығып Маршал ағамыз жүретін. Қажы-ағаң – Қажығали мен Кәр-ағаң – Кәрібай таусылмайтын романдардың қолжазбасын оқып, қалса шахматын ойнайтын, қарауылдың кезегі Ұзекеңе де – Ұзақбайға да жиі бұйыратын.

Бізге бас редактор Бекең – Бекежан марқұм осының барлығын білмейтін сияқты көрінетін. Тіпті, Жарасқан: «Бекең иіс сезбейді. Тек алдында тік тұрсаң болды», – дейтін. Кейін сол жайды сұрастырғанымда, біздің әр ісіміз ол кісіге мәлім екенін, тек жігіттерге және Ахаңа сенгендіктен де,

еркелеп, еркін жүрсін деп, ештеңені қаперіне алмағанын айтты. Тіпті, «Жұлдызға» шыққан эпиграммасы үшін Жарасқанды жұмыстан шығаруды бұйырған «алмай бермей атанған мырза жігіттің» пәрменінің күшін де қайырған Бекең мен Ахаң еді. Бірақ Жарасқанның өзі қатты сыйлайтын екі ағасына артық сөз, келтіргісі келмеді. Оларды орынсыз ырғасудан сақтады. Бұған Ахаң да мақұл болды. Содан кейін ұжымның іші табиғи түрде алмаса бастады. «Қазақ әдебиетінің» Бас редактордың орынбасары болып Ораған кетті. Ол кісінің орынына мен де проза бөліміне қарай ауыстым. Баянғали мен Қуандық, Тұрысбек пен Тұрсынжан, сәл кейін Асқар Егеубаев келді. Сөйтіп, ендігі еркелікті жиып-теріп Баянғалиға бердік.

Шиырып айтқанда, біз қызмет істеген жылдары жауапты хатшы болған Ахат Жақсыбаев ұжымның ұйытқысы бола білді. Жиырма екі баспатабақ көлемді журналдың басылым кестесі ол кісі істеген жиырма жылдың ішінде бір де бір рет бұзылмауы соның дәлелі. Ал журналдың терімге кеткен санының өзі бір айда бірнеше қайта оқылатын. Әрине, қызметкерлердің ырқынан тыс «төтенше жағдайлар» сирек те болса кездесіп тұрды. Мұндай қарбалас пен алашапқынды ұйымдастыратын Орталық комитеттің өзі еді. Әдеби басылымдардағы материалдар бес ай бұрын жоспарланып, үш ай бұрын терімге кетеді. Ал романдар жыл бұрын дайындала бастайды. КПСС Орталық комитетінің саяси бюросының мүшелері қартаң тартқан шақта, кезекті қаулылар іркестіркес қабылданып жатқанда, мұның өзі кәдімгідей басы артық жұмыс тауып беретін. Брежнев, одан кейін Андропов, одан кейін Черненко дүниеден озғанда олардың аттары аталған материалдардың барлығын сүзіп шығып, түзету де оңайға соқпайтын. Ал ішімдікке тиым салу, хандар мен рудың аттарын атамау туралы қаулы қабылданғанда «Жұлдыздың» жігіттерінің қызылмай болғаны есімде. Хансыз, русыз, қазақ даласынсыз (Камалиденовтің түсінігі бойынша Қазақстан интернационалдық лаборатория болғандықтан да, дала – қазақтыкі емес, қазақстандықтардікі болатын), қаладағы қазақ тілді қазақ жастарының тағдырынсыз, ресторансыз, кафесіз қандай көркем шығарма жазылуы мүмкін. Сол тұста әр жолында хан мен сұлтан, ру аттары, орыс сөздері кезігетін

Б.Аманшиннің Махамбет, Х.Әдібаевтің Отырар туралы романдарының қатар теріліп, кезекті санда басылып жатпасы бар ма? Одан басқа «алқакөл» араласқан шығарма қаншама. Бәрін түзетуге бір тәулік қана мұрсат берілді. Бұл дегеніңіз, қызметкерлер үшін нағыз «ақтабан шұбырынды, алқакөл, сұлама» болды. Ал жауапты хатшы үшін он есе әбігер сиялатын. Өйткені әлгі шығармалар қайта салыстырыла теріледі, бет өзгереді, мазмұны бұзылады, оқиғаның қисыны кетіп, қиюы бұзылады. Ал қанша шұқшисаң да көркем мәтінмен біте қайнасқан хан, сұлтан, қазақ, атамекен, орыс әскері деген бір-екі сөздің кетіп қалуы мүмкін. Мәселе, бізден кеткен әттеген-ай да емес, бас редакторды қырына алған Орталық комитеттің, соның ішінде Камалиденовтің көзінің сұғында еді. Соны білген біз де адал да әділ Бекене сыныққа сылтау тауып бергіміз келмеді. Неғыласыз, Аханның «неғылайынсыз» турашылдығының арқасында мұндай сыннан сүрінбей өтіп жүрдік.

Ал жаңағы «катені» көріп, барар жеріне жеткізетін де, өкінішке орай, өзіміздің «жанашырларымыз» еді. Қайта өкпелеп жүрген ағайындар арашаға түсті. Өйткені, олардың әдебиетке жаны шын ашитын. Сондай қаламгерлердің дені кейін өмірдегі сыйлас жандарға айналып кетті. Көркем әдебиетке деген талғам мен көзқарастың алшақтығына, өзара қарым-қатынасыңның қалыңқы қалпына қарамастан, ортақ мүдде – ұлттың руханияты жолындағы мүдделес болып, алаш ардагерлерін ақтау, желтоқсан оқиғасына байланысты дерек жинау, Дегелең полигонына қатысты мәселе көтеру кезінде қайраткерлік танытқан сол аға-бауырлардың қадірі мен үшін ерекше. Егерде адамды және оның еңбегін бағалауда және әділдікті ұстануда бойымнан бір нышан байқалып қалса, ол сол «Жұлдыздың» жұлдыздарынан, соның ішінде Ахат Жақсыбаевтан да, алған тәлім деп есептеймін.

Өйткені біз қатарға қосылғанша да «Жұлдызда» істеген Ахаң алдыңғы екі толқынның өкілімен әріптес болды. Ол С.Мәуленов, Т.Ахтанов бас редактор болған аға толқынның тұсында тізгін ұстады, Ш.Мұртазаның кезінде атқа мінді. Р.Райымқұлов, Ғ.Жұмабаев, С.Мұратбеков, Қ.Мырзалиев, А.Сүлейменов, М.Мақатаев, Б.Нұржекеев, Ж.Қыдыров, Б.Әбдіразақов сияқты мінезі де, талап пен талант деңгейі де,

іскерлік қабілеті де әр түрлі қаламгерлермен қатар қызмет етіп, тәжірибе жинақтады. Бекежан Тілегенов пен Ғафу Қайырбековпен қатар журналға жетекшілік еткен он үш жылда марқайды. Жасы да, шығармашылығы да толысты. Оралхан, Сағат, Софы, Кәрібай, Маршал, Қажығали, Ұзақбаймен – жарасты дос, Жарасқан, Шөмішбай, Марат, Рафаэл, Асқар, Баянғали, Қуандық, Тұрсынжанға – жағалы аға бола білді. Сол жылдары М.Әуезовтің «Қилы заманынан» бастап, қазір классикалық шығармалардың қатарына қосылған «Алтын орда», «Үркер», «Аласапыран», «Соңғы көш», «Тағдыр», «Ақан сері», «Атау кере», «Елім-ай», «Ергежейлілер елінде», «Таңба», сексенінші жылдардың аяғында «Әділ-Мария», «Ақбілек», «Қырық мысал», «Батыр Баян» сияқты туындылар алғаш рет оқырмандарға «Жұлдыз» арқылы жол тартты. Ал оларға қатысты қаншама жүйкені шүйкелеген шымшыма оқиғалар өтті десеңші. Бір өкініштісі, осы шығармалардың ішіндегі алпысыншы жылдары жазылып, сексен сегізінші жылдары жарық көрген Бердібек Соқпақбаевтің «Ергежейлілер елінде» атты шағын хикаяты мен жазықсыз жапа шеккендердің қасіретін натурастік қарапайымдылықпен баяндайтын Жайық Бектұровтың «Таңба» романы оқырмандардың да, сыншылардың да, жазушылардың өздерінің де назарынан тыс қалды. Қазіргі алпысты алқымдағандардың барлығы да Бердібектің «шапанынан» шыққаны анық. Сондықтан да Бекеңді іштей пір тұтанбыз. Ертегі арқылы өмірдің ащы шындығын ашып берген осынау қысқа да нұсқа туынды өзінің көркемдігімен де, көтерген көкейтесті мәселесімен де қазір де құндылығын жойған жоқ. Қазақ әдебиетінің тосын да толымды табысының бірі. Сол кезде Бекеңді – Бердібек ағамызды қолжазбасын ұсынуға көндіргенім үшін де өзім тәп-тәуір масаттанып жүрдім. Әттең, сол тұста мақала жазуға «қызмет этикасы» мүмкіндік бермеді. «Өзі шығарып, өзі мақала жазып, өзі істейтін журналды насихаттап жатыр» – деген сөзге қалу оп-оңай еді. Мұны тілге тиек етіп отырғаным, шығармашылық ұжым болғандықтан да, қызметкерлердің әдеби көзқарасы үнемі тоғыса бермейтін. Бас редакторды екі ойлы ететін пікірлер де айтылатын. Сондайда Ахаң үнемі бөлімнің пікірін қостап, олардың мүддесін табанды түрде

қорғайтын және өткізетін. Оның бұл мінезінен сыралғы біздер, өз ұсынысымызды алдын ала Ахаңмен пысықтап алатынбыз. Ахаңның өзі де қарсы материалдарды да сондай «өңдеуден» өткізетінбіз.

Бұл ретте әрі жазушы, әрі қызметкер тұлғалардың жұмыстағы ғана емес, от басындағы берекесін қашырмай, береке мәйегін ұйыту да Ахаң мен Софекеңе жүктелетін. Өйткені, бірі – жауапты хатшы, екіншісі – кәсіподақ «лидері», екеуі де «күлшелі», яғни, тиын-тебеннің иесі. Екеуі де қара қылды қақ жарады. Бұрын «Жұлдыздың» қызметкерлерінің көктемде «көкке шығатын» дәстүрі бар екен. Оның басына «өліара сәтте» (бас редакторлар ауысқан тұста) Рафаэл жездеміз «су құйыпты». Ал сексенінші, тоқсаныншы жылдары мұқым ұжым отбасымен жаңа жылдың бірінші күнін міндетті түрде «Алматы» ресторанында қарсы алатын. Идеология саласы, көбінесе, Жарасқанға тапсырылатын. Шөмішбаймен қосылып қабырға газетін шығарады. Суретін Софекең салады. Сол бір күнді бәріміз де асыға күтуші едік және сол күннің қызығы бір жылға азық болатын. Ғафекең мен Бәдеш апай «Дариға сол қызбен» кешті бастайтын да, Софекең «Алқоңырлататын», Оралхан «Құрымбай сазына» салатын, Ахаң «Баянауылдың басына» барып қайтатын, Кәрағаң мен Орынкүл жеңешеміздің «қызыл құманы, көзін ашып-жұмып» тұратын, Мараттың Сәулесі қасында болса да «қара көңілі жарық етпейтін» (Абай), Шөмішбайдың өнері өлең оқу, Баянғали «Манаспен» жекпе-жекке шығатын. Бидің билігі – күндей Клара мен айдай Айманға көшкенде сыпайы Сафура, орнықты Орынкүл, шырайлы Шәмшия, сүйкімді Сұлухан, сәнді Сәнтай, нәзік Назгүл, жайдары Жұмагүл, сүйкімді Сәуле, ажарлы Айша қордың қыздарындай боп көздің жауын алатын. Сондайда жігіттердің барлығы жанындағы жарларымен қайта табысып, қайта ғашық болғандай әсер қалдыратын. Ал Бекең бастатқан, Қуандықтың үйіндегі келін мен Әминә қостатқан топқа соның бәріне «таң қалып, тамсану» ғана қалатын. Соның арқасында «Жұлдыздың» жұлдыздарының жұлдыздары да – жарлары да бір-бірімен жақын араласып, бір-бірінің тілеушісі болып, көргенде жарқылдасып амандасып, көрмесе сәлемін жаудырып жататын. Жалпы, жазушының жары болу әрі бақыт, әрі

сын. Сол ажарлы да аяулы жеңгейлердің сол бір күндерді жиі еске алуына қарағанда, бақыттың дәмін жігіттері «Жұлдызда» жүргенде толық тағты ғой деп ойлаймын. Осы татулық сол жігіттердің басына өмір талқысы түскен қиын сәттерде үлкен медет болды. Анамыз Үміт төсек тартып қалған кездегі Клара жеңгейдің күтімінде мін болмады, жаны қалмай күтті. Ал кәдімгі тіршілікте қайсар Ахаң анасы дүниенден озған соң кәдімгідей жасып, көзі жасаурап жүрді. Бір жылдың көлемінде құмыға мұнданып, дел-сал жүргені біздің де жанымыз ауыртатын. Ол өзінің жанының нәзіктігін өзгелеріміздің басымызға келген ауыртпашылық тұсында да көрсете білді. Ол өзгеге жомарттық жасауға жомарт та, ал өзіне сәл інілік қызмет көрсетсең, есіңнен кетпестей етіп есесін қайыратын.

Сондай толқымалы шақтарда ол өзінің жан демеуін шығармашылық тауанынан тапты. Бірте-бірте ширап, зіл көтеріп, бұлшық етін баптап, ширақ қимылдап, езуіне күлкі үйіріліп, бар қажырын қаламына жұмсады. Шындығын айтайын, сондай күйде өмірге келген ұштаған – «Егес», «Бөгет», «Қорған» романдарының қалай жазылып біткені менің есімде сақталмапты. Бірақ әр кітабы жарияланған сайын пікірталасқанымыз, ондағы оқиғаларды талдағанымыз, бас кейіпкердің өмірлік ұстанымдарының Ахаңның өзінен айнымайтынына іштей қанымыз әлі де жадымда. Сондай әңгіменің ретінде, сонау алпысыншы жылдары бір журналистің өндіріс тақырыбын игеру үшін Ермак ГРЭС-інде жұмысшы болып істегені, соның негізінде жазылған күнделігін «Жұлдыз» журналынан оқып, алтыншы класта қалам ұстасам деген ойымды одан ары бекіткенін, міне, жұмысшы тақырыбын сол адам жаза алар еді – деп данышпансығаным бар. Ахаң езу тартты да қойды. Сөйтсем, алпыс бесінші жылы қыста Ермакта жұмыс істеп, диплом жұмысын қорғаған, алпыс алтыншы жылы «Жұлдызда» жарияланған «Менің достарым» атты очерктің авторы осы Ахаңның өзі екен. Жазушылар арасында өте сирек кездесетін бұл жайттың құрып кеткенде Қалмақан ағамыздың Ертіс – Қарағанды каналын жаяу аралаған сапары деңгейінде насихатталатын жөні бар еді. Алайда мұның барлығы жазушының жан сыры болып қала беріпті. Әйтпесе, ең болмағанда роман жариялар

қарсаңында айтылатын жарнамасыз шындықтың өзі емес пе. Соған қарағанда Ахаң өзінің шығармашылық ділін құпия ұстағанды ұнататын сияқты. Бұл да мінез және әдебиеттің адал пролетариатының мінезі.

Бұл ұштағанның дер кезінде және кейіннен әдеби ортада өз бағасын алмауына үш түрлі нақты себебі болды. Біріншіден, романға пікір қалыптастыратын әдеби басылымның басында жазушының өзі отырды. Ғафекең мен Оралханның, Кәрібай мен Софының: «Осы біздің шығармамыз «Жұлдызда» насихатталмағанда қайда насихатталады. Шынымен, «Жұлдыздан» бір жылы сөз естімей кетеміз бе?», – деген әзіл-шыны аралас уәжінде сондай астар бар еді. Ал «Қазақ әдебиеті» өзінің салыстырмалы түрде бақталас саналатын басылымның қызметкерлеріне оң қабақ бермейтін. Біз де еруліге қарулы қайтарғандай күйде жүретінбіз. Бұл сең Оралхан барған соң сетінеді. Біз де есік аштық. «Елім-ай», «Өз отынды өшірме», «Ақ дала», «Кермек дәм», «Уақыт», «Сексен алтыншы жыл» сияқты кесек туындылардың өз деңгейінде бағаланбауының бір кілттипаны осында. Бұған одақ тарапынан: екі басылымның қызметкерлері бірінді бірін насихаттауға үйір болмандар – деген ескертуі де өз ықпалын тигізді. Екіншіден, шығарма толық аяқталып бітсін, нағыз шын пікір сонда айтылады, сонда ғана әр дәрежедегі марапатқа ұсынылады – деген жазылмаған қағида бар болатын. Бұл «бөгетті» жеңуге болатын. Алайда Ахаңның өзі тағы да «тәртіп сақтап» қалды. Үшінші, ең басты кілттипан, үшінші кітаптың аяқталуы көркем шығарма мен оның желісі, көркемдік тартыс туралы көзқарастар жүйесінің ыдыратылып жатқан тұсына тұспа тұс келді. Жұмысшы, өндіріс, адам тағдыры, көркемдік деңгей, өмір шындығы деген ұғымдар жеделтете естен шығарылып, «мен» мен «менікі», «сенікі», «оныкі» деген жіктеу дәуірі көркем сөзге деген ықылас пен талғамның шаңын аспанға шығарып кетті. Ал шынтуайтына көшсек, шығарма нысаны, осы ұштағандағы адамның адал да тура мінезін бейнелеген көркем шындық пен өмір шындығы келер күндердегі әдеби сынның талқысына толық төтеп беретіні анық. Өйткені мұндағы «егес» – ұлттық мүдделердің егесі, ондағы «бөгет» – ұлттық ұмтылысқа бөгет, ондағы «қорған» – ұлттық сананы

мәңгүрттіктен сақтаудың қорғаны. Қазақтың өндірістік-техника саласындағы зиялыларының психологиясы көркем шындық арқылы қорытылмай ұлттық руханияттың санаты толыспайды. Ал Ахат Жақсыбаевтың ұштағаны соны толтыратын шынайы шығарманың бірі.

Көркем ойын тәртіппен ақ қағаздың бетіне түсіретін Ахаңның қалам қуаты мен мәдениеті оның «Менің достарым», «Бозарал», «Қайырлы таң» хикаяттарынан анық танылған болатын. Әсіресе, «Бозаралдағы» лирикалық психологизм мен диалогтің үйлесімі сондай жатық мәнерде әдіптелген. Ол өрнектер «Жаны жайсаң жақсылар» атты естеліктер мен ой-толғамдары жинақталған кітаптағы Қаныш Сәтбаев, Сәбит Мұқанов, Әлкей Марғұлан, Ғабиден Мұстафин, Әбілхан Қастеев, Қасым Қайсенов, Әнуэр Әлімжанов, Бекежан Тілегенов, Оралхан Бөкеев, Әбіш Кекілбаев туралы сыр дестелерінде барынша қанық әрі анық өрілген. Жоғарыдағы тұлғалардың өмірге, өнерге деген ыстық құштарлығы, адамдарға жайылған мейірім жүрегі, қарапайым және ұлы мінездері еш боямасыз, бірақ сондай бір тартыммен ашылған. Жазушының бізге сыралғы мінезінің қарапайым әрі іштарта баяндаған жарасымы сондай, кей тұста сол естеліктің ішіндегі қосалқы кейіпкердің бірі болып кеткің де келеді. Осы сырdestедегі Қасым Қайсеновпен арадағы әңгіме «Қайтпас қайсар» роман-диалогқа ұласты. Қасым аға туралы және өз туралы жазылған, сонымен қатар өзіміз де жанына етенелесе жүріп тыңдаған соғыс хикаялары, иә, хикаялары бәрімізге де таныс. Бірақ мына шығарма солардың бір де біріне ұқсамайды. Біз майдан әңгімелері ретінде қызықтап, таңсық көрген оқиғалар мұнда трагедия дәрежесіне көтерілген. 41-43 жылдары басымнан кешкен оқиғалар мәңгі жазылмайды, ол үшін неміс халқынан кешірім өтінемін – деген күніреністі сөздің астарында қаһарман қазақтың өмір бойы жанын жеген қасіреті жатыр. Жауды жайратқанын жайдары баяндап, рахат алмайды, керісінше, қасірет шегеді. Ол өзінің ажал құралына айналған кек иесі болғанына өкінеді. Майдан қасіретімен қаншама таныспыз дегенмен де, «Қайтпас қайсарды» оқығаннан кейін Қасым ағаны да, қаһармандардың қасіретін де, жалпы адамның ар-ожданының құны мен азабын да тебірене отырып

терең түсіндім. Адамның жанын орынсыз тебіrentуден сақтанатын Ахат Жақсыбаевтің мына батылдығы тосыннан таңдандырды.

Сонымен, кимас күндер артта қалып, қызмет ауыстырудың кезегі бізге де келді. Бірақ Ахаңнан көз жазып та кетпедік. Әлі де көңіл жібі үзілмей, еш түйіншексіз жалғасып келеді. Бұрын тарихи тақырыпқа қалам тартпаған қаламгер соңғы бес жылда «Иса ақын» атты дилогияның бірінші кітабын жазып бітіріпті. Оның алғашқы тараулары өзінің сүйікті, бәріміздің де бақ жұлдызымызды ашқан «Жұлдыздың» осы айлардағы қос санында жарияланып жатыр. Демек, бұл – жазушы Ахат Жақсыбаевтың қалам қарымы іріленіп, көркем ойы кемелденіп, зар күйіне түскендігін танытады. Ендеше, әділеттің адал перзентіне амандық пен ақ жол тілейміз.

Әлқисса ретінде оқырмандарға айтарым: менің пайымдауымша, осында аты аталған айтулы тұлғалардың көңіліне жан жылуын құйған Ахат Жақсыбаевтың азаматтық ұстанымы «Жұлдыздан» кейінгі әртүрлі басылымдар мен акционерлік қоғамдарда Бас редактор, Президент, Бас директор болған соңғы он бес жылда да өзгере қойған жоқ. Сондықтан да оның азаматтық және шығармашылық көзқарасы қалыптасқан, іскерлік тәжірибесі ысылған, сонымен қатар қазақ әдебиетінің де шоқтығы биіктеген тұсында, отыз жыл одақтың ыстық-суығын басынан кешкен жылдарына тән мінезінің қазымырлаңқырап айтылуы заңды деп есептеймін.

Шындығында да, ол бір жұлдызды жылдар екен-ау! Марқұм Бекең мен Ғафакеннің, Оралхан мен Сағаттың, Маршал мен Кәрібайдың, Жарасқан мен Мараттың, Асқардың бейнелері әр қазақтың көз алдынан кетер ме десеңші! Жұлдыз десе – жұлдыз, жайсаң десе – жайсаң, азамат десең – азамат, жазушы десең – жазушы еді ғой сабаздар! Ахат Жақсыбаев сол жұлдыздардың береке басы бола білді. Сол жұлдыздардың қадірін біліп, қасиетін арттыра білді. Нағыздың нығызы дейтініміз де сондықтан.

КІЛТ

(Тұрдыбек Алшынбайұлы)

Адам бойындағы ізгі сезімдерді қозғайтын, қарапайым да қаракөк қаламгер Тұрдыбек Алшынбайұлы нәзік жанды, көңілі тұңғиық та мөлдір және тамыры тереңге тартқан адам еді. Ол өзінің босаңдау көрінетін бар болмысымен, тістесе шырматылған шырмауықтай тұтқырлы ойлау жүйесімен, сағынышқа жаратылған санасының алқынды сарасымен жазушы болуға жаратылған жан болатын. Өмірге мұндана әрі күлімдей қарап, мына әлемдегі жан дүниесіне қатысты құбылыстардың суретін шым-шымдай шыжымдап әуелі жүрегіне, содан кейін қағазға түсіретін.

Адамгершіліктің игі қасиеттерін бойына ұйытқан талант иесі сол бір ұлы жылылықты шығармалары арқылы ұлтына жеткізді. Өмірдің өзіндей қарапайым тіршіліктен үлкен көркем ой қорыта білді. Әдебиет деген үлкен ағыста арыны қатты толқындай буырқанбағанымен де, оның мөп-мөлдір тұма сияқты әңгімелері, хикаяттары, пьесалары қашан да жан түпкіріндегі иірімдерді қозғайтын. Өзінің өмірімен де, шығармаларымен де әр көңілдің түпкіріне шуақ төгетін.

Тұрдыбек Алшынбайұлы сияқты тұнық та мөлдір сөз иелері болмаса, әдебиеттің ағынды толқыны тұнып ақпас еді. Ол өз үнімен, өз жазу мәнерімен, өзіндік көркем ойлау жүйесімен дана оқырманның да, бала оқырманның да көңілінен шыға білді.

Сонау бір ертеректе жазылған, әдебиет деген сыр сандықтың алғаш рет құпия құлыбын ашқан «№14 кілт» атты шағын әңгімесінен басталған жазушылық жолы, арнасын кеңіте кернеулетіп, Абай туралы «толғауы тоқсан» хикаятқа әкеп тіреді. Шығармашылық жолының белесі сияқты оның бұл хикаяты психологиялық иірімі мол, сезім қайырымына құрылған ішкі қуаты серпінді шығарма. Мұнда мұң да, мұнарлы елес те, табы басылмаған сағыныш та, өзегінді өртеген өкініш те, сабырға шақырған салауат та бар.

Абайдың «жұмбақ жанының», «мәңгілік айықпайтын» дертінің, шымбайына батқан күйіктің, ұлы таланттың күйініші мен сүйінішінің дауасын «Абай жолынан» соң да одан асырып жеткізуге ұмтылған үлкен-кіші қалам

иелері әдебиеттің әр жанрында қалам тартты. Олардың: диттеген мұратына жетіп, не жетпегені туралы ашық пікір көз қиығымызға шалынған жоқ. Алайда, алғашында пьеса, содан кейін барып хикаят ретінде табиғи қарапайым қалыпта шымырлата жазылған бұл екі туындыны өз басым тебірене отырып оқыдым. Аз ғұмырдың көп күндерін әдеби шығармаларды талдап, таразылауға арнаған талғам иесін тамсандыру қиын, бірақ біз, жасыратын несі бар, шынайы сезім тебіренісіне бөлендік.

Қызықты да қайырымы қысқа әңгімелері ((№14 кілт», «Қос құпия», «Әйел жетегі», «Өмір әуені», «Арулардың азабы», «Елес-еркек» «Жол үстіндегі үшеу», «Шаңырақ»), махаббаттың азапты қылын шерткен хикаялары («Жан жарасы», «Қос қарағай», «Бағбанның қызы»), адалдық пен аярлық арпалысқан тіршілік тартысы бейнеленген хикаяттары («Қасиетті мекен», «Егес», «Дүние-жалған»), ертегілер әлеміне жетелеп барып өмір мен өлім туралы ойлы пайымдауларды алдына тартатын ертегі-хикаялары («Әруақ әжемен жеті кездесу» «Пері қыз» «Қиял-құс»), балалар мен жасөспірімдердің өмірін арқау ете отырып ойландыратын («Тіршілік тірегі», «Аңсау», «Кішкентай тіршілік», «Өткел», «Кішкентай бастық», «Көбелек ақыл айта ма?», «Үлкен өрік», «Ғажап дүние», «Әке мейірі», «Идея», «Кемелер кетіп барады») туындылары, сөзсіз, тұңғыық таланттың қуатты тамырын танытатын.

Аттарының иесіне тартып, мазмұнын өзі айтып тұрғанындай, өте қарапайым тақырыпты туындылардың ішіндегі тіршіліктің қоз-қоз боп маздаған шоғы ыстық табымен қариды. «Тағына жетіп» талдайтын сыншының, ағынан жарыла алғайтын ағаның, бауырын жылыта баурайтын бауырдың пікіріне сусағанымен де, адал ішкен «бейнет сусыны» (Абайдың баламасы бойынша – шығармашылық) үшін Тұрдыбек ешкімнен мүсіркеуді күтпейтін. Бұл жағына, талап пен талғам жағына келгенде, өзінің де өресі биік, шынын айтсақ, түйсікпен түйсіну қабілеті өте жоғары және кірпияз болатын. Ол сөз қуып, сөйлем теріп, ой құрап жазбайтын. Адамның жанына жиылған өксік сезімдерді иірімдете шымырлататын. Жай сөйлемдерге – құрмалас,

құрмалас сөйлемдерге – күрделі құрмалас сөйлемдердің мағынасын сыйдыратын.

Оның мұндай сыйымды, мағыналы қарапайым сөйлемдері сақнаға қойылғанда ерекше тұңғықтанып, астарланып, емеуірінденіп кететін. «Керқұла атты Кендебай» спектаклінің жастар театры сахнасында он жылдан астам жүруінің сыры да сонда. Ал Абай туралы Астанада бір-ақ рет көрсетілімі қойылған «Дүние-жалған» пьесасының сыры да, сыны да тұңғық. Кейде, сақнаға қоярға дүние таппай, ауызын қу шөппен сүртіп жүрген режиссерлердің осындай туындылардың тұңғық астарына сүңги алмайтын таяздығы тандандырады.

Тұрдыбек Алшынбайұлының драмалық-психологиялық талдауға құрылған екі-үш хикаяты кезінде республикалық жабық бәйгеде қара үзіп келді. Жасырын атпен жолданған, авторының аты «белгісіз» шығарманы жер-көкке сыйғызбай мақтаған алғаулардың, құпия конверттегі жазушы есімі ашылған соң, сол мақтаулардың үнсіздіктің тылсымына шым-шым батып кетуін әділеттілік деуге келмейді.

Қаламгердің мінезінің қарапайымдығы, толайым-тоға өмір сүруі, көмпіс төзімі – шығармаларының бақытын байлап, өрісін тарылтуға тиісті емес. Бұл ретте: келер күндерде кезегі келер, төрдегі орынын табар – деген бопса сөздер: Тұрдыбек Алшынбайұлы сияқты қарапайым өмірдің шапанын жамылып, қара халықтың қатарынан қара үзбей кішіпейілдікпен өмір сүрген адамға, шығармалары да сондай қарапайым әрі «кішіпейіл» көзқарасты қалайтын, тіпті, түсіну үшін де сондай қарапайымдылықты талап ететін өнер туындысына қаратыла айтылмаса керек, айтылғанмен де алғаудан аса алмайтын тілек болып қала береді. Біз, көркем шындық дегенді асқақтата дәріптеп, пенденің қарабайыр тіршілігіндегі катарсистерді қаперден шығарып аламыз. Ал өмірдің де, өнердің де шыңырау тылсымы – қара халықтың қалыпты, қарапайым, етекбасты, үйреншікті, сүреңсіз мимыртының қалтарысында. Кішкентай адамның кішкентай өмірінде үлкен мақсат пен түңілу, үлкен күйініш пен жұбаныш жатыр. Міне, Тұрдыбек Алшынбайұлының шығармалары өмірдің осындай өксігі мен сүйінішіне суарылған.

Мұның басты себебі, Тұрдыбек Алшынбайұлының өзі де өмірдің көксауы аралас көрігінде балқып, тіршілік атты ұстаның төс балғасына жентектеліп, Алшынбай сияқты дана карттың зердесіне суарылып, тағдыр-талайы қарабайыр да карапайым өмір иелерінің арасында өткендігінде. Алшынбай абыз болмысы, ойлау жүйесі, пайымы бөлек дегдар дана адам еді. Кеудесі даналық мәйегіне ұйыған осынау озан қария сонау ықылым замандағы пайғамбарлар мен сақабалардан тартып, ойын Абайдың сөздерімен астарлап, емеуіріндете:

«Атаңды – анаң азғырып, Әжелді сені кейіске» – деп Абайдың айтып отырған «кейісі мына дүние емес пе. Пайғамбар да патша да, бай да бағлан да, жарлы да жақыбай да өткен бұл дүниеден. Әлі де өтпек. Біз де өтеміз. Кімге опа берген дейсің бұл жалған. Тек жаратқан ием тауфих берсін де. Тауфихсыз өмір – тамұқпен тең. Қанағат берсін де. Қанағатсыз өмір – қапаспен тең. Абай жазған емеспе: дүниенің бар асылы баса алмаған таразысы басын бір уыс топырақ басады – деп. Аллаға ант мезгілінен басқа кезде шағынуға, назалануға болмайды. Арыздасу – Алланың дидарын көргенде ғана уәжіп. Жасасындатып жазып жатырсыңдар ғой. Жасандар. Бірақ құдайсыз құрған қоғамдарыңның түбі қайырлы болар ма екен осы. Мен төрт патшаны бастан өткердім. Сендердің құдайсыз патшаларыңның жарылқағаны жадымда қалмапты. Осыларың жалған өкімет емес пе өзі. Оқығандарың көп, тоқығандарың аз тобыр емессіңдер ме осы. Алла бақ берсін де. Алладан қайыр күтіндер. Сонда мұраттарыңа жетесіңдер», – деп толғай жөнелгенде қайрылып берер жауап таба алмай қысылып қалушы едік.

Осындай кеудесі сара абыздың әлдиін шешесі Батикаға тартқан аялы бота көзі боталай мұңайып тындап өскен Тұрдыбектің жанарынан да, жазғанынан да арылмайтын мұң кетпейтін. Зады, Тұрдыбектің жазу мәнері Алшынбай абыздың осынау бір зарға бергісіз сарынды толғауының әуенімен қалыптасқан сияқты. Ең көңілді, жеңіл деген шағын шығармаларының өзінен сондай бір аңсарлы мұң арылмайтын.

Фәни мен бақилықтың алмағайып арасындағы жантәсілім шақты Абай «ант мезгілі» деп атайды. Сол ант мезгілінде пәруардигер пендеге Алла дидарын көрсетпек-

міс. Ант мезгілінде жаратқан иемнен тауфих сұрап, арманыңды айтып қалу – уәжіп. «Дүние-жалған» атты дидарғайып туындысында, сол «ант мезгілі» Абайға да келген сәтінде Тұрдыбек екі дүниені тең екшеп, Абайды да, оқыған адамды да алмағайып күйге түсіреді. Мұндай уазды озан күніреніс – бұрынды-соңды көркем сөз бетінде болған емес. Ол күніреніс Тұрдыбек Алшынбайұлының Абай туралы туындысында ғана бар. Сол жолдарды тұла бойым шымырлай отырып оқыған шағымда Алшынбай абыздың ант мезгіліндегі толғаулары есіме түсті. Асылық деменіз, ант мезгіліндегі өсиеттің қандай болатынын сіз естіп те, оқып та көрмеген шығарсыз. Сол үшін де «Күнделігімнен» үзінді келтірейін:

«Сенбі 01.02.1992 жыл. Алшынбай атаның соңғы өсиеті: «Есіктен кіре берген кезімде: – Ой, алла! – деген күңіренген Алшынбай атаның дауысы естілді. Төргі үйдегі төсекте дауысын созып қойып, күңіреніп, Аллаға жалбаранып жатыр екен. Алла мен өзі ғана оңаша сөйлесіп, шын тілегін тілеп, үнін арыздана созады. Жанына барып отырдым. Мені танымады. Біразға дейін тыңдап отырдым:

– Ой, Алла! Ой, Алла! Ой, Алл-лаа! Мен сенің есебіндемін! Ой, Алла, мен сенің есебіндемін! Мен сенің есебіндемін! Естисің-ң-бе?!.. Есебіндемін... (Сәл үнсіз қалып барып одан әрі жалғастырды) – Енді бұл дүниеден қайыр кетті. Бай болдым, кедей болдым. Жаманды көрдім, жақсыны көрдім. Енді, міне, сексенге келдім, Алла! Бұл дүниеде адам мәңгі жасамақ емес. Ондай күдірет жазылмаған. Құлақ естімейді. Көз көрмейді. Аяқ жүрмейді. Саған барғаннан басқа амал жоқ. Сенің құшағыңды аңсап жатырмын, Алла! Одан асқан рақым жоқ. Қинама мені... Енді кара жерді қазып, қуысына қоймақ... Әй, қиын.. қиын.. қиын! (Мен өзінің қараңғы қапасқа түсетіне булығып жатыр ғой деп іштей өлудің, өлімді күтудің қиындығына, қарттың жанталасына денем түршікті. Бірақ осынау тақуа, тәубешіл, ішкі діні берік адал адамның қиналғаны шыбын жаны емес, мүлдем басқа екен) – Ой, Алла! Ой, Алла! Ой, Алла! Мен сенің есебіндемін! Енді маған тіршілікте қалмақ жоқ. Жаманды, жақсыны, байлықты, кедейлікті көрдім. Сегізінші атам – Жарылқап еді. Жарылқап едің, Алла!

Бай – басыр, кедей – тасыр, мықты – алашоқпар болды. Ел босты... Бала бесіктен ажырады. Ағайын бетімен кетті. Қиын.. қи-ын! Қи-ыын! Бір үй бір қазанға қарады... Қиын! (Сонда ғана Алшынбай ақсақалдың уайымын түсіндім. Екі ұлының бірі – Хасен опат болды. Тұрдыбек жалғыз, оның ұлдарының ешқайсысы үйленіп, отау құрмаған. Екі баласы дертті еді. Сол көкейін қыздырып, жүрегін шымшып жатыр екен ғой. Қиын! Бір қазанға қарап қалды-ау! – дегені сол екен! Үнсіз отыра бердім) – Ой, Алла! Ой, Алла! Ой, Ал-ла! Қараңғылықтан өкіметке қолым бір жетпей кетті! Сөзімді естімеді, Алла! Ақшадан құн кетті, адамнан қадір кетті. Енді қайтем, Алла! Қайтемін, Алла! Қайтемін... Артымның берекесін кім тілейді, Алла! Жұрт – жұртта, ел – елде қала ма, Алла! Менің жаным бойымда, тілегімді бер, Алла! (Бұл алмағайып тоқсаныншы жылдардың басы болатын. Ел-жұрт туралы қиналса – қиналғандай тұс болатын. Осы кезде түпкі үйден Тұрдыбек шықты. Амандастық. Алшынбай ақсақалдың құлағына айқайлап «Тұрсын келді!» – деді. Қария үш қайтарып сұрады. Зады жалбарыну күйінен арыла алмай, бұл дүниеде екені есіне баяулап барып түссе керек. Көзінің төменгі еті суланып, қызарып кетіпті. Біраз сұлық жатып, өзіне-өзі сөйледі) – Мен бұл дүниедемін. Жас сексенге келді... Жаманды, жақсыны, байлықты, кедейлікті көрдім. Атам Жарылқаптан бері жаман емес ек... Міне, бір қазанға қаратты. Артымнан береке ниетімді тіле! Бір-біріңе бас, көз болыңдар. Балаңа, Әминаға, Тұрсынға (Айымхан ғой айтпағы) арыздасқан дұға сәлемін айт. Анау – алай болды, мынау – былай болды (Өзінің ұрпағын меңзеп отырау!), қайтейін, Алла. Олай-пұлай боп кетсем ниет тілеуімнің ішінде бол. Артым жүдеп қалмасын. Бір қазанға қарап қалды... Мені көрмей қалған, сұраған ағайынға сәлем айт. Жұртым – жұрт, елім – ел болсын.. Сен мені соңғы рет тірі көріп отырсың ба, оны Алла біледі, қоштасқаным осы. Балаңа, Алла, менің, жасымды берсін... Жүдетпей жөнелт мені! Қош! Жұртымды – жұрт, елімді – ел етіңдер... (Қолы жып-жылы екен. Маңдайынан сүйдім. Салқын екен. Ұзақ үнсіз жатты да, тағы да жалбарына бастады. Жоқ бұл жалбарыну емес, Алламен амандасу. Тіршілік туралы есебін беріп жатыр. Шығып бара жатып Алшынбай абыздың

соза «Ал-ла-а!» деген үнін естіп қалдым, есік жабылған кезде дауыс та қиылып түсті. Маған әлгі есік о дүние мен бұ дүниені бөліп тұрған Алланың ақыретінің есігі сияқты көрінді. Мен де аспанға қарап булығып тұрып:– О, Алла! Мен сенің есебіңдемін – дедім іштей жалбарынып»).

Уа, десеңші, осы бір ант мезгіліндегі арманды сөздерде Алшынбайдың ғана емес, оның ұлы Тұрдыбектің де өзекті өксігі жатыр еді. Ол өксіктің не екенін қазбалап жатпайын, баланың азасы мен уайымынан ащы не бар дейсің дүниеде. Тұрдыбек соның барлығына әкесіне тартқан тауфихпен төзіп, жұртының – жұрт, елінің – ел боп қалғанын тілеумен өтті.

«Көңілі жақсылардың алтын сандық, Сандықты кілт болмаса кім ашады» – деп халық даналығы жырлағандай, әр құбылыстың өз кілті болады. Аспанмен тілдескен Бабылдың мұнарасының құпиясын да ашқан сол кілт. Көңіліңнің ауанын ашатын да сол кілт. Әдебиеттің де көркем сарайын ашып, бойынды баурауға мүмкіндік беретін де кілт. Кілт ашқан соң ғана оның ғажайыбын көріп, тамсана аласың. Тұрдыбек Алшынбайұлының шығармалары да қазақ әдебиетінің кәдімгі және ең қажетті кілтінің бірі. Асылы, қарабайыр өмір туралы қарапайым шындықты білу, тұщыну арқылы ғана күрделі көркем әлемге бойлай аласың. Ұлы шығармалардың құпиясын ашуға баулитын алғашқы кілт те, алғашқы аттайтын табалдырық та сондай адамдардың сондай бір қарапайым туындылары. Сондай кілттің иесі Тұрдыбектің өзі де қазақ әдебиетінің сенімді кілті болып қалатынына еш күмәнім жоқ.

Қазақ әдебиетіне, жалпы өмірімізге осы Тұрдыбек ағамыз сияқты адамдардың дауысы қашанда жетпей тұрады. Ол қарапайым да, қадірлі өмір кешті. Сол бір тұлғасы оны білетін және шығармаларын оқыған әр адамның жүрегінде мәңгілік сақталып қалады. Біз өзіміздің қаламгершілік және адамгершілік сезімдерімізді сондай пәк жандардың көңіл-күйімен өлшеп өмір сүретініміз анық.

Ол – жаны таза, ойлы да, адал аға еді.

Сәуір, 2016.

«БОЛСА ДА ӨЗІ МЕРГЕН АЗ АТАДЫ...»

(Кеңес Юсупов)

Әдетте, адаммен тез шүйіркелесіп, көңіліңнің кілтін оңай таба білетін адамның жан сырына үңілу оңай сияқты көрінеді. Бірақ бұл сыртынан пішілген тон іспетті үстірт пікір. Ондай жандардың шын сыры көңілдің терең қатпарында жатады.

Өзінен гөрі өзгенің жоғын жоқтап, мұңын мұндауға бейім келеді. Ескеріп-елеп жатса, сый көрсетсе, тасып кетпейді. Тасада қалса, тағы да реніш тұтпайды. Бірақ өзінің мұратына берік. Тайсақтамайды. Қызыл қайыңның безіндей шымыр да жеңіл, ешкімге өкпе-базына да артпайды, салмақ та салмайды. Және сені еркінсітіп билеп-төстеуге де ерік бермейді. Қазақша ұғыммен айтсақ, мысы басып тұрады.

Кейде жымыып айтқан жылы сөзі де сені сынай қарағандай сынай танытатыны тағы бар. Ер жігіттің өр мінезін ұнататын, мәрттікті сүйсініп әңгімелейтін, кейде «тыңдашы» деп қойып, сөзді түбірлеп түсіндіретін мінезіне қарағанда, ой өзегінің тіні қатты емеспе екен, бар мінезін ішінде сақтап, ашуы мен адуынын ақылына жеңдіріп, бой тастап жүр емес пе екен деп те қаласың. Алғашқы алған бағыты мен айтқан сөзінен жаңылдыру қиын. Сондай биязы сөзінің астарында кесімді пікір, шешімді ұстаным жатқанын аңғарасың. Достары да оның бұл мінезімен есептесетін сияқты.

Қазақтар мұндай азаматты «біртоға» десе керек еді. Бірақ ол ұғым да келбетін пішіп, тігісін жатқыза алмайды. Өйткені ішін сыртқа шірей итеріп тұрған жан қуаты мен рух күші, зерде жігері тығыз да нығыз. Басым мінезі қайсы? Тап басып айту қиын. Әлде осындай қасиеттердің жиынтықтала біткен тұмысы шығар. Мүмкін.

Қысқасы, азды-көпті араласқан жиырма бес жылдың ішінде жазушы Кеңес Юсуповтың осы қалыптан танғанын өз басым байқағаным жоқ.

Өмірдің сан қиысында сынға түскен шағын көрсем де, ала жіпті аттағанын, не жолда жатқан суыртпақты елеусіз қалдырғанын аңғармаппын. Тіршіліктегі қандыкөйлек

досының кім екенін білмеймін, бірақ дұшпанкөзді бола қойған да жоқ.

Қашан да таза, қашан да қарапайым, қашан да зиялы, қашан да қатты жаңғақ сияқты шымыр. Тіршіліктегі тұрмысы қилы-қилы мұқтаждықтан арылмаса да шағынғанын да байқамайсың. Бұл бітім табиғи бітім бе, жоқ, жетім тіршілік пен жат аралас ортада өскендіктен де бойына жүре сіңірген дағдысы ма, оны ажыратып айта алмаймын. Сырты осындай шымыр да ширақ, жұмыр жанды көрінгенімен де, ішінде бір алаңның жүргенін анық сезінесің.

Ол алаңның қыжылы не? Өзіне өкпелі ме, өмірге ренішті ме, жоқ, өнеріне өкініш арта ма?

Бір адамның тіршіліктегі тиесілі сыбағасына татитын ырыздығы бар, пендешілік тәубесі діліне біткен адамның оған наз арта қоятындай жөні жоқ. Жеке басына келсек, өз қатырының алды дегізетіндей ғұмыр кешті. Кілтипан сол баяғы «сөз өнерінің дертінде» болса керек.

Жігіт ағасы кезінде Кеңес ағамыз туралы: түбі бір үлкен кетікті бүтіндейтін кірпіш екенін біледі. Қаланса да сол арадан қайтып саңлау қалдырмайтындай боп бекуі үшін аңысын ұзақ аңдып, іштей тастүйін сайланып жүргені анық. Оны өзі де жасырмайды. Бірақ қашан, қай уақытта? Оны ешкім тағы да айта алмайды. Тек үлкен бір құдіретті адамның тапсырма беруін күтіп жүргендей. Кеңес ағамыздың көкірегінде бізге беймәлім бір шымырлаған мазасыздық сол шығар – деп жорамалдайтынмын.

Одан кейінгі он жыл мерзім әр отбасы үшін алаңға толы болды. Кеңес ағамыз сияқты жанұясына ықтиятты адам үшін бұл да бір үлкен сын. Ұл ержетіп, қыз бойжетіп, құтты ұясын табар кездегі қарбалас әдепті әке үшін үлкен әбігер кекені де түсінікті. Сондықтан да «бойын буған сөз дерті» бойын құрыстырып жүруі ықтимал ғой деп жорамалдайтынмын. Оның үстіне тәуелсіз елінің ресми, кеңселік тілін қалыптастырып, тігісін жатқызу да мойын бұруға мүмкіндік бермегенін көзіммен көріп жүрдім.

Аударманың азабы мен рахатын тел емген тәржімашыға, ғылыми дәрежеге лайық еңбегі сіңгенін айтып, диссертация қорғауға ұсыныс жасаған академик Рымғали Нұрғалиұлының бопсасына көнгендей ыңғай танытқанымен, төстабандап

тартыншақтаған жылдары, осы ағамыз жалқау емес пе өзі – деген де ой қылт етіп жүрді.

Бірақ, сөзден жеріп кетті деген ой қаперіме кірген де емес. Аз әңгімеде көп пікір білдіргеніне қарап, қарап жүрмегенін аңғаратынмын. Шіркін, осы ағамызға тілін алдыратын бір күштіні тауып, қалам қуаты барында жазуға отырғызып қойса ғой – деп қиялдайтынмын.

Күткенім – күтпеген жерден алдымнан шықты. Қанша кормал болса да кітап алмаспайтын, ой бөліспейтін жазушы болмайды. Сондай алыс-беріс тұсында: «Көзіңнің қиығын бір салып шығарсын», – деген қолтаңбасы бар үш томдық басылым қолыма түсе қалды. Әуелі асығыс, содан кейін байыппен танысып шыққанда түсінгенім, бұл үш кітап – Кеңес Юсуповтың кейінгі жиырма жыл бойы ақыл-ойын сарыққан, түйсігі мен төзім талшықтарын шүйкелеген, қазақ әдебиетінде қалыптасқан әдеби тәжірибесі мол, теориялық тұрғыдан тиянақталған, барақта шығармашылық көркем ой ретінде жүйеленбеген аударма мәселесіне арналған екен.

Бұл – аударма мен аудармашының шығармашылық психологиясы мен көркем түйсігі барынша кең қамтылған, әлем әдебиетіндегі осы саладағы кейінгі үш жүз жылдық тәжірибе барынша іріктеліп берілген, қазақ әдебиетіндегі осы тақырыпқа қалам тартылған теориялық-тәжірибелік қағидағтар мен ізденістердің таңдамалы тұжырымдары тоғысқан, ең соңында әдеби тілге тікелей талыс боп тартылатын ресми кеңсе аудармасы туралы авторлық монографиямен тиянақталған энциклопедиялық деңгейдегі авторлық басылым болып шығыпты.

Иә, авторлық басылым!

Сан тараулы аударма саласының түйткілдері мен түйіндерін былай қойғанда, көркем аударманың ұстанымдарының өзі көркем көзқараспен астасып жатқан өзекті де өтіл, ішкі кілтипандары көп әрі шетін мәселе. Әсіресе, ұлттық және діни танымдарды, кәсіби және дәстүрлі атауларды, емеуірін мен астарлы ұғымдарды қамтитын ұлттық көркем ойлау жүйесін етене әрі шендестіре, ұғынықты да сіңімді жеткізудегі ішкі түйсік пен сөздің «дәмін тұщыну» үрімі аса күрделі құбылыс.

Туындының түпнұсқадағы ашылмаған астары көркем аударма арқылы жарқырап, тереңдеп, астарлы мағынаға, автордың өзіне аңғарылмаған мәнге ие болған шығармалар көп.

Осы жинақта Борхестің «Мың бір түннің» оннан астам сәтті аудармасын айта келіп, соның ішіндегі түпнұсқаны барынша еркін, барынша босаң аударылған Галланның тәржімасы бүкілхалықтық сүйіспеншілікке бөленіп келе жатқанын тәмсіл етеді. Тура осындай пікірді «Мың бір түннің» қазақша аудармасы жөнінде де айтуға болады. Түпнұсқа барынша толық, барынша дәл ме дәл, аудармасы барынша мәнерлі де анық Қалтай Мұхамеджановтың аудармасынан көрі халық Қалмахан Әбдіқадыровтың еркін тәржімасын сүйіп оқиды.

Өйткені, Борхес дәл тауып айтқандай, «оқырман «Мың бір түн» туралы ойға батқанда, нақ осы аударма жайында ой толғайды... Өзімен оңаша қалған талай жанды рахатқа батырып, таңдай қақтырған да сол» Галлан мен Қалмаханның аудармасы. Біз одан сол заманның «жүрекке жылы тиер дәмін алғандай боламыз». Егерде бұл аудармаларға мәтіндік салыстырулар жасаса, оны мүлдем іске асырғысыз етіп сынауға болар еді. Алайда табиғилығы мен «тілдік тұщындыруы» арқылы түпнұсқаның деңгейіндегі әсерге бөлейді.

Халықтық қарапайым табиғи талғамды танытқан кездейсоқ алынған «кездейсоқ мысалды» салыстыра отырып айтарымыз, осындай «жұмбақ құбылыстардың құпиясын» ашатын аударма туралы сонау Шатобрианнан бастап Әбдіғазиевке дейінгі ғұламалардың мақалаларын таңдап кіргізуінде, сол сөз өнеріне деген авторлық, яғни, мәтібі аудармашы Кеңес Юсуповтың, Маркестің «Жүз жылдық жалғыздығы» сияқты әлемдегі құрылымы ең күрделі, әфсана мен аңыздың, шындық пен қияли өмірдің, кеше мен бүгіннің, бүгін мен ертеңнің аражігін ажыратып болмайтын, тігісі теріс, астары жат шығарманы аударған азап иесінің көзқарасы пен ұстанымы жатыр.

Бұл – аудармашы Кеңестің көркем ойлау жүйесін жүйелеп берген көпшілік қолды басылым немесе Кеңес Юсуповтың аударма туралы көркемдік ұстанымы. Демек,

авторлық басылым. Ал авторлық басылымға ие болуға әркім құштар болғанымен, әркімнің ондай қақы иесі болуға құқығы жоқ. Ондай құзыр, әрине, аударма саласында, Кеңес Юсупов те бар.

Ер жігітің кемел кезінде айтылатын жомарт теңеулерге жүгінбей, аударма қақында пікір суыртпақтап қана сөз тартқанымыз, мүмкін, алғысөз орайындағы алғауда тосын көрінетін де шығар. Алайда ой орамы иіріліп барып осыған алып келді. Өйткені, дәл қазір табандап тоқтаған осы үш кітап – оның шығармашылық өмірінің бір саласының қорытындысы. Оған тек «Жүз жылдық жалғыздықты» аудару барысындағы тәжірибесін сабақтайтын дербес эссе ғана қосылуы мүмкін. Егер ондай еңбек өмірге келе қалған жағдайда (ал оны жазбауға аудармашы К.Юсуповтың қақысы да жоқ), бұл ұзақ жылдар бойы қазақ сөз өнерінің көркем ойына талғажау туынды (иә, туынды) болатынына сенімім кәміл.

Бұл тілекті кім білдірсе де Кеңес Юсуповты көз алдына елестеткенде және аз да саз шығармаларын оқығанда арзан сырғытпадан бойын тарта отыратыны анық. Қазақ қаламгерлерінің арасында шығармасының мінезі оның иесіне тартқан саяқ жазушының бірі де осы ағамыз. Қанша рет асқақтау сөйлеуге оқталсаң да «сабыр, сабыр» деп өзіңе жымия қарап тоқтау салғандай болады.

Жазғаны әлі одаққа мүше болмаған жас таланттың жариялап үлгерген дүниелерінен аз Кеңес Юсуповты ешкім де еріншек немесе қалам қуаты қайтқан деп айта алмайды. Ол сирек жазбайды, күн сайын қолынан қаламы түспейді. Бірақ әуелі өзін, содан кейін сөзін шымырлатқанның үстіне шымырлата береді.

Балталық темірден – біз, астаулық ағаштан – ұршықтың сабын шығаратын кірпияз зергердің мінезі бар. Олақтық емес. Себебі, ол соншама мол дүниені игергенде мынау балтаға лайық не балтаның сабы шығатын нәрсе екен деп қарамайды, керісінше соның бойындағы қорытпаларды қалай ажыратып тебен шығарсам екен деп қиналады.

Азаптың азабы. Азапты сатып алған деген осы шығар. Онсыз тағы да көңілі көншімейді.

Мәселе, өзінде жоқты іздеп, тырмысуда емес, артығын жона білуде. Аламан бәйгеде үстіне қалыңқы шан тисе кірпиязданып қалатын, өйтіп алған бәйгеден гөрі бойын таза ұстағанын қош көретін жүйріктер болады. Кеңес ағамыз да сол сияқты. Бәйге үшін, абырой үшін аласапыранға ермейді. Өзінің көкірегіндегі әбден иі қана шыңдалған шындықты шымырлатып жеткізу үшін қалам ұстайды. Өзін өзі қатты тежеп, тиесілі сыбағасынан қағылса да сол мінезінен әзірше жазған жоқ.

Мұндай мінез біз білетін жазушының ішінде екі-ақ адамда бар. Бірі – Кеңес, екіншісі – Төлен Әбдіков. Іс басында отырғанын пайдаланып пікірімізге қиянат жасамас деп ойлаймыз. Шындық солай. Түбінде бір айтылуға тиісті ғой.

Менің ойымша осы жасқа келгенше Кеңес Юсуповтың да естіп отырған алғашқы жылы сөздерінің бірі. Тұңғыш кітабы шығар шықпастан творчестволық портрет күтіп жүрген не оны әлдеқашан шығартып қойған бауырларының өжеттігіне сүйінем. Шіркін, кішіпейілділіктің кейде өстіп сызылып жүріп кешігіп қалатынына налимын. Дегенмен, әркімнің маңдайына жазылғаннан артық сыйдың өзі де рәсуа олжа ғой.

Елуді еңсергенше шығарған «Ақиқат сапары» мен «Қарашадағы көктем» атты екі жинақтың жалпы көлемі жиырма баспа табақтан аспайды. Алайда баспасөзде ең алғаш жарық көрген «Бәдәуи» мен «Желқайық» әңгімесі ізетті оқырманның көңілінде. Қабылқак – Бәдәуи, Қабылқак – Ләухилардың шағын әлемі бір күнгі тірліктегі бір мінезімен-ақ үлкен философиялық емеуірін тастайды.

Өзен кемесінің капитаны Тұрсын мен жас теңізші Ғазиздің арасындағы үміт жібінің өзі («Қарашадағы көктем») өлшеулі тірліктің тiніне құрылған. Тақырыптың өзі қатпар-қатпар оқиғаға лайық болғанымен жазушы оның сыртқы жалған қабыршағын сылып, кәдімгі тіршілік қалпына түсіріп, сол арқылы адам өміріне кешігіп келетін қуаныштың дәмін сезіндіреді.

Қарбалас жылдардың қарсаңында жалт ете қалған «Көрші-көрші», «Адал нан» атты әңгімелерінде Кеңес Юсупов бұрынғы ізденісін одан бетер тереңдетіп, бір күнгі

көңіл-күй, мінез арқылы халықтық құлықты ашуға ден қойыпты. Артық сөз, кесек оқиға жоқ. Өзі жиі айтатын интеллектуальды прозаға мүлдем бейіл бергені байқалады. Ұстаз тұтатын К.Паустовскийдің бойындағы романтика Кеңес ағамыздың жүрегiнен әлі өшпепті.

Бұл әлі шығармашылық арыны басылмаған, ұлы аламан бәйгеге қатысуды армандап, қара терiн ғана алып жүрген жастық буырқаныстың барын байқатады. Кiм том-том таңдамалысымен, кiм он беттiк әңгiмесiмен ел есiнде қалады, оны ашып айту қиын.

Ал Кеңес Юсуповқа келетiн болсақ, өзiнiң жетiншi атасы айтқан мына сөзге лайық iс бiтiредi деп ойлаймын. Үлкен әкесi:

Болсам да өзiм мерген аз атамын,
Шүрегей үйрек емес, қаз атамын, –
деген екен бiр құрдасына.

Сол сияқты, өзге бiр адам, мысалы өзiмiз апыр-топырын шығарып бiр демалыста тәржiмалап тастайтын Гарсиа Маркестiң «Жүз жылдық жалғыздық» шығармасын екi жыл аударған Кеңес ағамыздың нысанасын ұзақ тандап, қиуын тауып бiр-ақ рет ататын машығы барын ескерсек, шындық туралы шымыр сөзiн келер күндердiң сыбағасына қалдырып жүргенiн аңғару қиын емес.

Адырнадағы оқ атылмай қалмайды. Тек түлеуiнен жаңылмасын деймiз. Үлкен тiлек осы.

Тiршiлiктiң жанталасқан жалды толқыны жағада қалып, жалғанмен жағаласқан ой толқынымен бетпе-бет келген толымсал тұста, кешегi «жел қайықтың» бүгiнгi керiмсал кемеге айналатынына сенемiн.

ЕЛІ ҮШІН ЕЛЖІРЕГЕН

(Роллан Сейсенбаев)

Мына алмағайып заман талайымыздың мінез-болмысымызды өзгертті ғой. Кімнің бойында қандай қасиеті үстемдік алды, бұрынғы жасырынып жүрген қай мінезі сыртына шықты, қай мінезі басым түсті, мұны сырласа

жүріп бағамдамасаң, сенімді түрде айту қиын. Тура жиырма жыл бойы жан сыры мен ой-арманын іркусіз бөліскен Роллан Шәкенұлынан мен соңғы үш жылда көз жазып қалдым. Сондықтан да оның дәл қазіргі іс-әрекетінен бейхабармын. Бірақта, “ерді кебенек ішінде таны” деген мәтел бар ғой. Бұл сөз кез-келген азаматқа үлкен сын. Ал мен білген Роллан Сейсенбаев тура сондай, елі үшін жүрегі елжіреп тұратын азамат. Үнемі жат жұрттың ішінде қызмет еткендіктен бе, қайдам, егер де сәл ғана ұлты туралы пікір қозғала қалса болды, жан алып, жан беруге дайын тұрады. Мұны Ролланмен аздап дәмдес және сапарлас болған азаматтың қай-қайсысы да жоққа шығара алмайды. Өз мүддесін көздемей өмір сүрді дей алмаймын. Бірақ та жатқа өзінің де, елінің де намысын жіберіп көрген жігіт емес. Өз басым Ролланның осы қасиетін өте жоғары бағалаймын.

Екінші бір қасиет: ол тумысынан өнерге, оның ішінде әдебиетке өте ғашық және шын берілген жан. Жастық шақта басын тау мен тасқа ұрмаған жігіттің өзін жігіт деп тану да қиын. Роллан аты шыққан палуан да, атаман да, сал-сері де атанды. Инженер мамандығын алды. Сөйтіп Семейдің серісі үнемі жазу столына қайта оралып отырды. Аудандық атқару комитетінің төрағасының орынбасары дәрежесін отызға жетпей еншілеген Роллан бір-ақ күнде одан бас тартып, жазушылыққа бірегей бет бұрды. Ол әдебиетке жас жазушы болып емес, бірден Роллан Сейсенбаев болып келді. Мұндай мінез әркімнің қолынан келе бермейді. Оның жазушылық талантын қазір таразыға салып жатудың өзі артық. Иә, Ролланды мойындамағандар бар, қазір де кезігеді. Кімнің классик болып қаларын бір құдайдың өзі біледі. Бірақ соңғы жиырма жылда Роллан әдебиетке адал қызмет етті. Халықаралық беделге ие болуы тегіннен-тегін емес. Олар да әдебиетті біздің дәрежемізден артық білмесе кем түспеді. Арзанды қымбат бағаламайтынын дәл қазір қай жағынан да түсіндік қой. Ендеше, ол туралы айтылып жүрген желеу сөздерді байсалды пікір дей алмаймын. Қазақ тілінде жаза ма, орыс тілінде жаза ма, әркімнің өз еркі. Қолымнан келсе мен де тартынбас ем. Бірақ қазақ жазушысы – қазақтың мүддесін қозғауы, қорғауы тиіс. Бұл ретте Ролланға қояр өкпе жоқ-ау деймін.

Ролланның бойындағы үшінші қасиеті – көпшілдігі. Қаншама жылдар бойы қатар жүргенде қонақсыз күнін көргенім жоқ. Дүниенің төрт бұрышындағы ұлыс пен ұлттың өкілдерінің дені оның дәмін татқанына еш күмәнім жоқ. Қашанда біреуді-біреуге таныстырып, табыстырып, қолпаштап, қорғаштап жүргені. Соңғы тиынын, соңғы киімін қонағына беретін көпшіл жомарттың нағыз өзі осы Роллан. Сондықтан да болар, ол жұртпен тез тіл табысады, жатырқап жатпайды. “Идиот!” – деп қойып маңына кісі жия береді. Оның бұл қасиетін түсінгендер де бар, пайдаланып, алдап соғып кеткендер де бар. Соған қарап жасыған Ролланды көрмедім, содан кедейленіп қалған Ролланды да көрмедім. Мүмкін, қазір қаражатқа тәуелсіз күн кешіп жүрген шығар. Ол жағын білмеймін. Бірақ сарандық табиғатында жоқ екені рас.

Төртінші қасиеті – жанының нәзіктігінде. Өмірде қиыншылықты көрмеген ерке ұлдың жан дүниесін таза сақтап қалуы өте қиын іс. Баршылықтың, биліктің тізгінін қатар ұстап өскен Роллан осынау бір адамгершілік қасиетті бәрінен жоғары қояды. Шындығын айтайын, Ролланның көрмеген қызығы, бармаған жері, кездеспеген адамы жоқ. Кілең лауазымды төрелердің арасында жүрді. Соның өзінде де есік алдындағы күзетші мен үй сыпырушыға басын имей кеткен кезін көргемін жоқ. Бала көрсе басынан сипайды. Ал оны соншама тәжірибелі өмір сүргеніне қарамастан бір отырыста үш рет ашуландырып, үш рет жылатуға болады. Мүмкін, соңғы жылдары есейгендік танытып, өзін-өзі қатал ұстайтын шығар. Мен білгендегі Роллан ағамыз сондай әрі өжет, әрі нәзік жігіт болатын.

Бесінші ерекшелігі – өжеттігі мен өтімділігі. Қандай жауы болса да басын жерге игізбей қоймайды. Егер темірді кесу қажет болса, онда Роллан сол темірді ебін тауып тіліп береді. Нағыз алмас қылыш. Оның өткірлігі ал кеуде өжеттікте емес, болатты да балқыта білетін жұмсақ әрі майда мінезінде. Мысалы: сонау Лондон шаһарынан “Абай үйін” ашу оңайға соқты дейсіз бе? Республика үкіметінің төрағасы бітіре алмайтын, қиуын таппайтын қиын жол. Роллан тапты. Дүние жүзінің ақындарына бас шұлғытып, әр қайсысына Абайдың өлеңдерін өз тілінде аударту да әркімнің, мен айтар

ем, Ролланнан басқаның қолынан келе бермейді. Ендеше, елуге келген ағамыздың алаш азаматы ретінде құрмет көруге толық қақысы бар.

Мен бұл үш парақ лебізде оның творчествосына тоқталып жатқым келмеді. Көзі қарақты қауымға онсыз да мәлім. Ал, қай мінезі ұнамады дейсіз бе? Соңғы жылдары ол біраз теле сұхбаттар жүргізді. Ашынған мақалалар жазды. Бәрі де дұрыс. Бірақ менің естіген кезде үнемі жүрегім шым ете қалатын бір жағдай, ол үнемі өзінің Ресей азаматы екенін басым көрсететіндігі. Рас, Мәскеуде, Лондон мен Парижде көбірек сый көріп, сол арада ұзақ тұратын шығар. Алайда: елі тәуелсіздік алып, қиын да жауапты күндерді басынан кешіп жатқанда, сол елінен алыс, азаматтығынан қалыс жүргендігін қайталап айта беруін өз басым қабылдамаймын. Мүмкін, әлдебір есеп үшін керек те шығар. Көңілін де қалдырған шығармыз. Дегенменде...

Ал жеке басына, азаматтығына, ұлтжандылығына еш шүбәм жоқ. Дәл осындай іскер өнер адамдары үкімет басында отырса мәдениетіміздің мүсәпір күйге түсуіне тоқтау салмағанымен де, жүрек жалғайтын бір амал табатынына толық сенімдімін.

ЖОҒАЛЫП ТАБЫЛҒАН ДОС

(Дидахмет Әшімхан)

Қазақ елінің қақпасы ашылып, табалдырығын аттай бергенімде, шайтанқұлағым шылдырлай жөнелді. Сөйтсек, отанымыздың еркін кеңістігіне өткен екенбіз. Апта жүріп қыстығып қалған көңілдің қысасы сыртқа ұмтылды. Отаныңды сағыну оңай ма, оның үстіне бұл аптада қаншама орынды-орынсыз сөз айтылмай қалды. Дереу еш қаперсіз, сондай бір бейқам тағатсыздықпен шайтанқұлақтың түймесін асыға бастым. «Ақылдым» деген таныс та етене сөздің астары езуіме жиылды. Бірақ ар жақтан ешкім жауап бермеді. Ұзақ-ұзақ шыңылдап тұрып алды. Әлгіден де тағатсызданып, енді қайта-қайта түймені баса бердім. Адам бір сондай шыдамсыздықпен хабарласып тұрса, бұл

дегенің неғып мардымсып, маңғазданып тұр. Сыбағанды жақсылап тұрып берейін. Енді алмашы, шайтанқұлағыңды, бәлем! Екіленіп қайта тердім. Дауысым да шығып кетсе керек. Қолтығымнан демеп жүрген, кеденнен шығаршықпастан шайтанқұлаққа ұмтылғаныма алаңдай қараған, өзім «Кемпірқосақ» деп ат қойған әрі қызым, әрі шәкіртім Шұғыла, сөзімнің «Мұны да ақылды дейміз-ау» дегенінен сезе қойды ма, кім білсін, әйтеуір:

– Әке, сіз Дидахмет ағаның телефонына хабарласып тұрған жоқсыз ба? – дегені.

«Соқса не болады ол...», – дей берген сөзімнің дымы шықпай, тамағыма тығылып, көмейіме өксіп боп түйіле қалды.

Шындығын айтсам, шекарадан өте салған сол бір алма-ауыс шақта мен Дидахметтің бақилық болғанын қаперімнен шығарып алыппын да... Сол баяғыша... Иә, енді қайталанбайтын баяғыша... екпіндете желе жөнелтіп, әлдебір маңызды-маңызсыз бір шымшым сөзбен оны шымшып алғым келіп тұр екем ғой.

Жүрегім де дір ете түсті. Тұла бойымды белгісіз булығы мен шарасыздық билеп алды. Көзіме ащы бір дымқыл үйірілді. Сағынып келген дүниенің беті сол сәтте солып, аңысым азынап кетті! О, жалған дүние-ай, мен енді Дидахметі жоқ отаныма оралып тұр екенмін ғой! Сондай бір ащы құмығумен томпия мұңайып қалған Кемпірқосақты да жұбатқым келіп:

– Иә... Дидахметтің, «ақылды-ақылсызымның» осынша ақылды болып шыққанын қарашы, өзі өлсе де менің санамнан атын өшірмей кетіпті, – дедім өкінішті өксігіме ырықсыз әзәзіл әзіл араластырғансып.

Мүмкін оған айтылмай қалған соңғы сөзім осы шығар. Қайдам. Ал бұл сөзді айтып үлгеруге менің мүмкіндігім болып еді. Тек жүз метр мен бір баспалдақ жетпей қалған...

Шайтанқұлақ жауапсыз ұзақ шыңылдап жатты. Өшіруге енді дәтім жетпеді.

Бақи мен фәнидің арасындағы осы бір шақтан соң мен өзіме-өзім біраз уақыт келе алмадым. Дидахметті байқаусызда мен қалай жоғалтып алдым? Әлде, амалсыздау аттанған сол күндердің ми шыжғырған ыстығы мен түнгі

аптабы есімнен Дидаштың дидарын ерітіп жіберетіндей тылсым күндер кештім бе?

Жоқ. Оның қаба еріні мен шоң мұрыны, қиғаш жарылған шашы мен әжімге бергісіз әжімсіз маңдайы, үнемі тесілу мен сұрақтың арасында үкімсіз қадалатын көзі, күліп келе жатып жиыла қалатын езуі, ең аяғы ауызша түсіндіруден көрі жазып бере салуға ұмтыла түсетін еңсесі мен қалам ұстауға қолапаштау, бірақ сығымдап ұстайтын саусағы, сол сәтте қасын көлегейлей қалатын маңдай шашы да менің өзіммен бірге сөнуге тиісті дидардың бірі. Өйткені мен үнемі оның осы «дидарын» аңдып отырып, қас-қағымға жеткізбей өзгертіп, табан астында езуіне күлкі үйірілтіп, «шоң мұрынын» танауға айналдырып, «астыңғы ерінін жер тіреттіріп, үстіңгі ерінін көк тіреттіріп», шашын дудырата сипаттырып, көзін күлімдетіп, ауызын калимаға келтіре салатынымын.

Бұл тіпті, барған сайын менің, кәдімгі «кәсібіме» айналып кеткен әдетім еді десе де болатын. Оның өзі қасымда болмаса да, оңаша жүріп те оның бейнесін көз алдыма елестіп отырып, қалаған шылауымның кейпіне келтіре беретінмін. Кешіктірмей айтып бергенімде, соның кейбірін ғана ол өзі өмірінде де, өнерінде де сүйіп қолданатын «детальға» айналдырып, емеуірінге жақындатып жауап қайыратын да бір желпініп қалатын.

Осыдан жиырма бес жылдай бұрын сондай шарпысулардың бірінде есін жиғызбай шаужайлай жөнелгенімде Қуанышбай Құрманғали ағамыздың: – Дидаш-ау, мына Тұрсын мойныңа мініп алыпты ғой өзі, – дегенінде: – Е, Тұрсын мінсе – мінсін, мұның тақымы жұмсақ, – деп күні бойы «тақымдап» тұрған тақымымды жазып жібергені бар.

Ол адамды жықпайтын, ал жықса – «неғылайынсыз» жығатын. Бір рет Орағамның да – Оралханның да бетін «неғылайынсыз» қайырғаны бар.

Сол бір әзіл-шыны аралас ғұмыр қиқымдарын, яғни, өзі жиі айтып, шығармаларының өзегін жалғайтын «детальдарды» түрлі-түсті әйнек қиқымдары сияқты өз өмірі

туралы маған айтқандарын (тағы да өзінің байыздап отыра алмайтын ғадетіне басып асығыс) атүсті құрастырғанда, мынадай мозайка шығар еді.

Ол әдебиетке «Тасмонша» арқылы келді. Ол өзінің сол тасмоншасын Қалиханнның «Бұқтырмасы» мен Оралханның «Мұзтауының» арасына мінезі кісікиік шалдың көмегімен салды және қайта бұзылмайтындай етіп салды. Оның бұл «Тасмоншасында» қаламды жаңа ұстаған балаңдық жоқ, онда кәдімгі кәнігі тасқалаушының тастаңбасы аңғарылатын. Таудың текшесіндегі тас монша. Жұпыны, бірақ сырты тап-тұйнақтай, қиуы қашпаған шымыр тастар. Кірсең ішінің түсі суық. Ал пештің көмейін көсесең қырыстырысыңды жазып, алпыс екі тамырыңды иітетін ыстық. Жаның да, тәнің де жадырап шыға келеді. Тура осындағы кісікиіктеу шалдың көңіл-күйі Дидахметтің де өмірлік құлақ күйіне айналды. Жеке мінезі де, жазғаны да сол бір шалдың шапанынның қаусырмасынан шығып жататын. Оның қалған мақсат тіршілігі «сары самауырынын» тұтатып, «сарыатанға сағым кештіріп», «асу асырып», ағайындарын аралай өтіп, «бөріше ұлып», «Ақшоқыға» ұмтылумен өтті және өзінің Ақшоқысына шықты. Менің ойымша, ол өзінің ант мезгілінде де, таң сызылып ағарып келе жатқан зауал таңында да Талғардың шыңын жанарына іліндіріп барып көзін жұмғанына иманым кәміл. Адамдықтың да, қаламгерліктің де Ақшоқысына жанкештілікпен ұмтылумен өткен мұндай мақсат иесі дегеніне жетпей демін тартып, жүрегінің соғуын тоқтатпас еді.

Шындығы, сол аңсарлы Ақшоқысына шыққан кезде сол қуанышты бойына сіңіре алмай жүрек қабының жарылып кеткені. Өзінің кейінгі бір жылдағы бағамдауынша, енді сол Ақшоқының басында тұрып мәңгіліктің сарыны есіп тұратын екі-үш қана шағын туынды жазғысы келетін. Және ол туындысының біреуі туған күніне жеткенше тәмәмдалуы тиіс еді. Туындысы емес, өзінің өмірінің тәмәмдалғаны мәтқапылық өкініш. Неге соңғы демін ерте үзді. Неге: «Менің тәніммен қоштасқанда «Қоңырдың» айтуындағы «Сәулем-ай» әні айтылып тұрсын!» – деп аманаттады. Неге кешкі тоғызда уәделескен сөзден таңғы бесте айнып кетті? Неге «маңдайы жарылып тұрған» соңғы жинағының

қолжазбасын маған беріп, алғысөзін жаздырып алмады? Неге... Білмеймін. Менің ойымды дәл қазір жауабы жоқ сұрақтар ғана буып тұр. Әлде, Шерхан дегдар айтқандай: «Бірі кем дүние» деген сол ма?

Біздің таныстығымыз басталғаннан қырық бес жылдан бергі айым-қайымда бұл сұрақтардың байыбына барып қалған тұстарымызда болған шығар. Ойды кусам түпсіз шыңырауғы түсіп кетермін. Тек соңғы бес-он жылдың көлеміндегі әңгіме тәсіліне көшіп, мың тәмсілдің екі-үш тәмсіліне қайырған жауабын атүсті (тағы да сапардамын, сапарда болғанда да кезекті бір ретінде Дидахмет жоғалып табылған Семейдемін. Семейде болғанда да тағы да Жидебайға асығып барып, тағы да асығып келіп Дидахметті, бұл жолы оның дидарын тауып алып отырымын. Төрт сағаттан кейін тура сондағыдай тағы да жолға жалғыз шығамын) баяндайын.

Ол кейінгі жылдары қандай маңызды сөзіміз болса да жарты сағаттың ішінде жылдам қайырып, асығып тұрмын, уағдаласып қойып ем деп ұшып-қонатынды шығарды. Араға үш-төрт сағат салып, кездесейікші деп безектейтін. Кездескен соң, оңаша бір жер тауып, орналаса бергенде тағы да қопандай бастайтын. Жатып кеп бұлданып, қайда асығатынын, бізді енді мәңгіліктен басқа ешкім күтіп тұрмағанын айтып, тұқыртып жіберетінмін. Сонда ұшатын құстай қомданып барып отыра қалатын. Ішіме үйірілген сөзімді барынша бастырмалатып айтып тастаймын. Ол сол ұмтылған күйі жауабын қысқа, нақ беріп, артын күлкіге айналдырып, көтеріле беретін. Кейін бұл біздің сөйлесу мәнерімізге айналды. Бір жолы:

– Ей, осы сен қырық бес минут тыныш отырып сабақ тыңдап көрмеген құдың нақ өзісің ғой, ә, – дедім.

Оны қайдан біліп қойдың, ей? Мен таудың басындағы иен лашықта көзін ашқан жабайы бала болдым. Портаға отырғанымда екі көзім тау мен таудың басындағы бұлтта болатын. Солармен аңғар-аңғарды кезіп кететінмін. Бірде қарсы алдыма қарасам бір әйел аузын ашып-жұмып сөйлеп тұр. Тағы да тау-тасты кезіп кетіп, қайта қарасам – әлгі әйел ауызын әлі ашып-жұмып тұр. Қызық көрініп кетті де мен де соған ілесіп ауызымды ашып-жұма бердім. Бейне бір орамал таққан маймыл сияқты көрініп кеткен кезде екі санымды

шапалақтап, айқайлай атып тұрдым... Бір шуыл құлағымды шуылдатып жіберді. Жан-жағыма қарасам ішек-сілесі қатып күлген балалар. Әлгі әйелдің де түсі бұзылып, шаңқылдап маған төніп келе жатыр. «Апа! Албасты!» деп бажылдап жіберіп, сыныптан атып шығып, бетім ауған жаққа қаша жөнелдім. Әйтеуір, Анна апай деген апайымыз тауып алып, маңдайымнан сипап, үйіне алып барғаны бар. Осындай бір сабақтан кейін тауға қашып кетіп, бір айдай мектепке, мектепке емес, төмендегі ауылға түспей қойғаным бар...

– Е, ештеңе етпейді, өстіп-өстіп адамға үйір боп кетесің. Түбінде сенен жақсы адам шығады, – деймін.

Келесі жолы тағы бір қомдана бергенде:

– Ей, партаға дұрыс отырып үйренбеген осы сен, екпеттеп отырып жазуды қайдан үйреніп жүрсің, осы – дедім.

Оны да байқап қойдың ба, ей. Айтайын. Мен іздеген адам адасып табатын шыңның қолатында қой баққан шалдың баласымын. Алты ай жаз бойы ауылдағы кітапханадан алып келген қоржын-қоржын кітапты қонжық құсап қомпаңдай қолтықтап өріске барамын да таңның атысынан кештің батысына дейін кітап оқимын. Әр беті біткенде міндетті түрде отарды көзбен шолып шығамын. Қалса, екі құлағым үйге келе қалған кемпір-шалдың сөзінде, көзім солардың ашып-жұмған ауызында болатын. Ауызым ашылып, мұрыным пысылдап отырып тыңдайтынмын. Арасында мал үрке қалса жүгіріп шығып, әлгілерді тездетіп жөнге келтіріп, қайта әңгіме тыңдайтынмын. Кейде менің сөзімнің бас-аяғы болмайтыны, солардан ести алмаған жерлерім болса керек.

– Е, көзіңнің тесілу мен сұрақтың арасында үкімсіз кадалатыны содан қалған екен ғой. Дұрыс, дұрыс, «шоңмұрының, ашылып жабылмай қалатын ерінің, ұшып – қона алмайтының бәрі-бәрі сондай текті тәрбиені танытады.

– Табиғи тәрбиені деп түзеп айт. Сендер сияқты клеткада өскеміз жоқ, құдайға шүкір – дейтін масаттанып.

Тағы бірде:

– Ей, алақанға – саусақ, саусаққа – қалам жарасып тұруы керек. Сенің мына алақаның не өзі аюдың да алақанына ұқсамайды. Күрекшінің алақаны сияқты, – дедім.

– Ей, бұл оқып туғанға дауа болсашы. Оны да біліп қойдың ба? Дұрыс айтасың. Менің әскерге барғанға

дейінгі де, әскерден қайтқаннан кейінгі де мамандығым – күрекші болды. Ауданда жұмыс жоқ. Сондықтан да «Алтайдорстройға» күрекші болып орналастым. Толық томпақша мастеріміз болды. Құм тиеген көліктің кабинасына үш адам отырамыз. Кепкісін көзіне түсірген мастеріміз мызғуға көшеді. Сол кезде самосвал шошаң ете қалады. «Бір!» дейді. Жүгіріп түсіп, әлгі шұңқырға бір күрек құм саламын. Екеу салуға болмайды. Жүгіріп кабинаға мінемін. Тағы да дік ете қалғанда «Үш!» дейді. Асып-төгілсе де үш күрек саламын. Кезекті қоқаң-шоқанда «Екі!» дейді. Бес күрек салу керек болса да екі күрек құм жаямын. Қойшы, сонымен түс ауа көңкедегі құм бітеді де, ауылға қайтамыз. Ертеңінде тағы да сол. Солай жыл бойы қолыңмен өкпенді ұстауға мұршаң жоқ боп, күніне бір көлікке мың мініп, мың түсіп, қолыңнан күрек түспесе көрер ем. Қазір де жазу жазған кезде сөзді артық шығындамайын деп, өзіме-өзім «Үш!», «Бір!», «Екі!» деп шым-шымдап отырамын. Сондықтан да менің жазғанымда бір мысқал артық-кем болмайды, – деп аяқтайды.

–Е, бәсе, құм санағандай етіп санап, көлемнен қысатының сол есепшілігінде жатыр екен-ғой. Шіркін, саған бір артығымен санайтын есепші ұстаздың бітпегенін қарашы. Әлгі Темірбек Қожакеевтің тілін тауып жүргенінде осындай бір ұстаздық үлгі көргенінде жатыр екен ғой, – деймін.

– Дұрыс айтасың, сөзді артық қолдансам, артық құм төккендей сезінемін. Сендер сияқты үйіп-төгіп тастап, адамдардың аяғын былғағым келмейді. Айтқанды тез және дәл істеймін. Сендер сияқты керіліп-созылып тұрмаймын, – дейді.

Қайырылып бір жолыққанда:

– Ей, бірін қойшы, мынаны айтшы. Мектептің «басбілгісіз сотқары», күрекші боп жүріп осы сен еміле мен тыныс белгісін қоюды қайдан үйрендің? Сендей таза әрі консерватор деңгейіндегі стилист пен көзқарақты редактор да, корректор да аз. Соған қалай сауатың жетті? Біз ғой...– дей беріп ем, жұлып алғандай сөз алып, қатты қуана сөйледі.

– Ей, талай рет оқығаныңды көрсетіп ең, мынауың соның ішінде өзімнің ешкімге айтуға реті келмей жүрген бір шындығымның үстінен түскен сұрау болды. Мен осы күнге,

осы деңгейге жеткеніме барлық адамға қарыздар шығармын. Бірақ, сауатымды ашып, қазақ тілін бақайшағына дейін шағып шыққаным үшін бір адамға қарыздармын. Маған қаламды ұстауға үйреткен – күрек! – деп айтып едім ғой. Күрек ұстаған саусақ қуатты болды. Сөзің нық, сенімді жазылады. Күректі дұрыс ұстамасаң – қолың ойылады. Мені сол күрек жетелеп әкеп Алматы құрылыс комбинатына әкелді. Мектептегі грамматикаға, орфоэпияға, морфологияға, ережеге кім қарапты. Тек жазуға деген ұлы құштарлық қана болды. Содан оқуға түсуге келгенде тіл-аузым байланып қалды. Іскерде тағы мүмкіндік болмады. Қойшы, емтиханнан өтпедім. АДК-ға құрылысқа орналастым. Құдай менің бақытымды ашайын деген бе, сауатымды ашайын деген бе, ҚазПИ-ді бітіріп, үй-күйі үшін осында бригадир боп орналасқан Бейсекеңнің, сенің емес, менің Бейсекемнің қол астына тап келтіргені. Талабымызды білген соң шарт койды. Шартын серт ретінде қабылдадық. Содан жұмыстан шаршап-шалдығып кеп, себезгіленіп аламыз да, Бейсекеңе барамыз. Аяз ба, ыстық па, сенбі мен, жексенбі ме, есеп жоқ, біз Бейсекеңнен дәріс аламыз. Әншейінде жұмсақ мінезді Бейсекең ондайда қатқан қарағайға айналады. Миымыз бір айда ашылды, екі айда грамматиканы көркем шығарма сияқты қызығып оқитын болдық, үш айда терең түсіндік. Төрт айда мәнерлеп жазуды меңгердік. Мен университеттің өзінде де қайтып грамматиканың бетіне қараған адам емеспін. Қазір де ережелерді жатқа айтамын. Шіркін, сол Бейсекеңнің бойында ұлы ұстаздық талант өліп қалды. Ал сен ол кісінінің кәдімгі көшірмеші архивистен архивист-ғалым атануына септігіңді тигіздің. Маған оны үнемі айтып отырушы еді. Демек, сендердің төз Бейсекелерің (Бейсенбай Кенжебаев), менің өз Бейсекем (Бейсембай Байғалиев) бар. Демек, біз екеуміздің де барып түйісетін жеріміз – Бейсекеңдер, – дейтін масаттанып.

Тағы бірде... және тағы бірде... Қойшы, осы мамыр айының бас кезіндегі бір әредікте ол маған:

Сенің ақылдың былай дейді. Егерде мен барып жазушылар одағындағы дәліздің төріне жата қалсам, басқа ешқандай күйдің қажеті жоқ, «Қоңыр» тобының айтуындағы мына «Сәулем-ай» әнін қойыңдар. Тыңдашы мамырлап кеп:

«Сәулем-ай! Өтер бір күн дәурен-ай!» деп тұрған жоқ па. Жоқтау емес. Сендердің өкініштеріңді айтып алуларыңа мүмкіндіктерің бар. Ал менде ондай мүмкіндік болмайды ғой! Мен қалай үнсіз жатамын. Сонда менің былай деп айтқан дауысым да, ойымда естеріңде тұрады. Рақат емес пе. Сендер жылап тұрасыңдар, ал мен ән тыңдап жата беремін! – деп әндете жөнелгені.

Арулап аттандыру рәсімінде бұл аманаты орындалды. Тіпті, соны естіген «Қоңырдың» ұл-қыздары да: «Не істейміз, аға?» – деп келді айналайыңдар. Рәсім аяқталып қалған еді. Бірақ ол ән тыңдап жатқан. Соңғы әнін үзуге дәтім жетпеді. Содан кейін шайтанқұлақпен хабарласқанымда:

Иә, «Ақылдың» тыңдап тұр. Әй осы сенің не ойлағаның бар. Мен шып-шыттай жаңа жинақ құрастырып жатырмын. Одан кейін жазбасам да болады. Қазақтың бар арыз-арманын осы әңгімелерімде айтыппын. Енді бүгінгі ұрпақ туралы ой миымды шаншып жүр еді. Оның да қиуын таптым. Ақылдың: ақылды ма, ақылсыз ба, содан кейін көресің. Бірақ саған бәрі бір ғой. Мен өлсем де сен менімен қалжыңдасуыңды қоймайсың. Баяғыда емес, осы таяу жылдарда.., – деп бір хикаяны бастай жөнелдің.

Содан араға екі апта өтпей жатып Алматыға кешкі сағат тоғызда келдім. Сені көруге жүз адам жер мен бір баспалдақ жер жетпей қалды. Енді ол қашықтық мәңгі алынбайтын қашықтық, сені мен мені бөліп тұрған мәңгілік пен бақилықтың шекарасы болып қалды. Талас дүниеден қайтқанда Ораз ақын ағам сондай жарасымды тапқырлықпен «Ақылдың» деп ат қойып берген «Ақылдымды» тағы да жоғалтып алдым.

Ол өмірде өзін де, өзгені де көп рет жоғалтқанымен, үнемі өзін – өзі, не оны – біз тауып алып, үйіріне қайтып жүрді. Табылып жүрді. Бірақ та Дидахмет мақсатын еш жоғалтқан емес. Мақсаты да оның өзінен, яғни, иесінен адасқан емес. Өйткені, қаламгерлік діл оның тағдыры әрі жазмышы болатын. Сол жазмыш пен тағдыр оның өмірлік шешімін шығарып, мақсатының ақыретіне орап, алыс-алыс ақ шыңдардың салқын төсіне алып ұшып кеткен болатын. Ал мен болсам, оның бұл жолы «келместің кемесіне» отырып, ғайыпқа айналғанын ұмытым кетіппін, оның өзін

ұмытқамын жоқ, онсыз өмір сүріп жатқанымды ұмытып кетіппін.

Міне, шайтанқұлақ әлі дыңылдап тұр. Алмайды. Апта бұрын ғана арулап Алтайына бақилыққа аттандырып салған едім ғой. Сонда мен қиырлап шыққан аптаның ішінде санам мен көңілімнен Дидахметтің атын өшірмей, өзіммен бірге тірі алып жүрген болдым ғой.

Соңғы рет жоғалтып тапқан досымды енді жоғалтпайтыным анық. Өйткені ол менің шайтанқұлағымдағы ғана емес, санамдағы «Ақылдым» деген атын өшіруді ұмытып кетіпті. Менімен бірге жарық дүниеде тағы да бір мерзімі белгісіз уақыт өмір сүргісі келген болар. Жетісімен қарайлас келген туған күнінде ұлы Дәулетке әкесінің шайтанқұлағындағы менің және оның «шымшыма» атын өшірмеуді өтіндім. Енді мен сол баяғы ғадетімше, кешкі он мен таңғы жетіге дейінгі бейуақтан басқа кездің бәрінде де маңызды-маңызсыз мәселелер туралы «Ақылдыммен» сөйлесіп тұратын боламын. Дидахметтің өзі өмір сүруін ұзартқысы келіп өшіруді әдейі «ұмытып кеткен» атын енді ешкім де өшіре алмайды. Мүмкін дауысын естіп қалармын...

Содан бері де оның дүниеден қайтқанына қырық күн толғанша екі-үш рет хабарласып жібердім. Әзірше үнсіз. Ол жақтың қарбаласынан қолы тимей жатқан шығар. Бірақ бір күні дауысын еститініме сенемін. Ол сөзсіз маған:

– Иә, «Ақылдың тыңдап тұр!», – жауап береді, иә, жауап беретін сияқты.

P.S.

Жоқ, жамағат! Мен қоңыр күздің бейуақ бір кешінде жылап отырып оның «шайтанқұлағына» хабар шалдым. Міз бақпай шырылдады да тұрды. (Жүрегі суысыншы деп Дәулет көтермеген шығар). Білемін, енді оның өзі жауап та бермейді, хабарласпайды да. Сондықтан қоштасардағы мына бақұлдасу сөзімді келтіремін де, оның шайтанқұлағын өшіремін.

«Дәл қазір біз өзіміздің толқын ішінде суық, ащы, денені шымырлататындай шындықпен бетпе-бет келіп отырмыз. «Алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер, кезекпенен

өлінер» деп Абай айтқандай, біздің алдыңғы толқын ағаларымыздың қатары сиреп, кеше Асқар, Марат, Кеңшілік, Жарасқандардың қазасына өкініп, жанымыз құлазыса, бүгінде сол өлім көші заңды бір көштің жалғасындай бізге де жеткен сияқты.

Күні кеше қалжыңдасып, қайсымыздың ақылды, қайсымыздың ақылсыз екенімізді шеше алмай, мына өмірдің мұңы болса, сейілтп, ұмытқаны болса, еске алып, бірімізді-біріміз жұбататын адамдардың біразы жанымыздан кетіп жатыр. Соның бірі - Дидахмет. Өмір осы бір суық заңдылықтарымен адамдарды ойға қалдыратын сияқты. Бүгін барсың, ертең жоқсың. Бұл жалғанда бір-біріңе деген қадірін қандай болды? Ағайынға деген қадірің қандай болды? Еліңе деген қадірің қандай болды? Бәріміз де шіріген топыраққа айналамыз. Сонда біз шіріген топырақтың құрамы қандай болады деген ой санамызды торлап алды. Жаныңнан жақындарың кеткенде өмірдің мағышасын іздегендей болады екенсің.

Дидахмет мына дүниенің жалғандығын жасынан білді, тіпті біз бұл туралы жиі айтатынбыз. Қалжыңдасып, сөз қағысып жүргенде арагідік өсиет, аманаттарды да айтып қалатынымыз бар. Сондай сәттердің бірінде Дидахмет: «Мен қайтқан кезде «Қоңырдың» «Сәулем-айы» айтылып тұрсыншы», - деді. «Сәулем-айдың» қай сөзі?», - деп сұрағанымда, әннің «Сәулем-ай, өтті бір дүние дәурен-ай» деген жолын айтқан еді. Дидахметтің де басынан дәурен өтті, бізден де өтеді. Бірақ бұл дәурендегі оның ізі көкейімізде мәңгі сақталып қалады. Дидахметтің қазақ көсем сөзіндегі, публицистикасындағы 45 жылғы өткен еңбегі өлшеусіз деп білемін. 1989 жылы алғаш рет «қазақтың астанасы Акмола болуы керек» деп мақала жазған да Дидахмет болатын. Ал Дидахметтің қаламынан туған дүниелер қазақ сөз өнеріндегі ерекше зергерлікпен жазылған өнер. Өзінің әңгімелері мен повестері арқылы қазақ руханиятының деңгейін биікке көтерді, көркемдігін арттырды.

Оның қазақ баспасөзінде, баспагерлігінде, қазақ прозасында өзі дайындаған ұл-қыздары бар. Сондықтан, Дидахметтің ізі ешқашан өшпейді. Дидахметтің қазақ руханиятындағы сол бір демі мәңгілік сақталады.

Ауруханаға жататындай да мүмкіндігі болды, өз жанын өзі қинап, сонша үзіліп жүріп алмай, емделгенде дұрыс болар ма еді, бәлкім. Бірақ ажал айтып келмейді. Сұм ажалдың алдында барлығымыз да дәрменсізбіз. Ол үнемі асығып жүретін. Үсті-басын қалай таза ұстаса, жүрегіне де ешқашан кір қалдырмайтын жан еді. Жүрегі таза, жаны таза дос еді. Асыл дос, бақұл бол!».

Өшірдім. Бірақ сенің үнің есімде. Солай, Ақылдым!

ОҚЫМЫСТЫ

(Асқарбек Құсайынов)

Әр адамның бір қасиеті ерте танылады. Соған қарап сыншы көздер сұғын қадап, бағасын беріп, ертеңін болжайды. Әр әке кісі танитын көзі сұңғыла, ауызы уәлі қормал қарттан баласына бата тілейді. Сондайда біздің ауылда алымды да ажарлы Ысқаққа дегдарлардың ықыласы ауғанда Құнанбай мырзаның сәл ғана езу тартып: «Не күтсеңдер де мына қара шұнақтан күтіндер», – деп Абайды меңзегенін міндетті түрде алға тартатын. Құнанбай мен Абайды ауызына алмаса сөзінің дәмі кірмейтін сол дегдарлардың өздері дүниеден көшсе де, сөздері есімде қалыпты. Дегелең мен Мыржық тауы сынақ алаңына айналған соң, сан-саққа тарқатылған ауылдың бір топ қариялары Машан тауының бір қолтығына жиылып, Айнабұлақ (өзіміз «Қазақстан» дейміз мақтанышпен) ауылына қоныс теуіп еді. Айтатыны – Мәдидің әндері, сағынатын – Қарқаралы, сөздері – Құнанбай мен Алшынбай, үлгісі – Абай, тәмсілі – шешендік сөздер болатын. Өзінің туған баласын да мысқылдап сынап отыратын сол қариялардың сынына толу да қияметтің қияметі еді. Абыралыдан екі-үш күнде бір түнемелеп кететін қонақтар Айнабұлақтағы он-он бес үйдің дәмін түгел татып барып аттанатын. Қариялар Қайнар мен Доғалаңның қойны-қонышын түгендеп, көңілге ілінер адамдардың үрім бұтағын санамалап шығатын. Сонда: «Қабікеннің қаршадай оқымысты ұлы бес жасында шахмат үйреніп, алты жасында ағасын, жеті жасында әкесін, сегіз жасында математик

ұстаздарын ұтып кетіпті. Өзі ширақ екен», – деген сөздер жиі естіліп жүретін. Бөлімше мектебінен ауыл мектебіне ауысқанда: оқушылардың аудандық пионерлер слетінде Қабікеннің ұлы кандидат шахматшыларды ұтып кетіпті» – дегенді де естідік.

Өзімізбен сыныбы қатарлас бұл қайдан шыққан оқымысты деп жүргенде, аудандық спартакиадаға бара жатқан «Қайнар» орта мектебінің оқушыларын қорабына инкубатордың балапандарындай шуылдата тиеп алған жүк машианасы мектеп-интернаттың алдына тоқтай қалды. Сөйтсек, «Қайнар», «Шаған», «Саржал» мектебінің оқушылары ынтымақтасып, бірін-бірі қолдап, қорғап жүруі керек екен. «Тиісті нұсқау» берілген соң Қарауылға аттандық. Сонда көзіме ақсары, қолды-аяққа тұрмайтын ширақ, бәрін өзімсініп жүрген бір бұйра кекілді баламен бауыр баса қалдым. Сөзге ағып тұр, білмейтін пәлесі жоқ, есепті де ауызша шығарады, бәрінен де ұйымшыл болайық деген сөзді пейілдене айтады. Ол жылдары Қарауылға келгенде «үлкен жердің» балаларының қақ-соғы болатын. Мен Қыдырбай, Аманбай деген достарыммен ауылдың тентектерін ашса алақанында ұстайтын Матрос (Мұрат) пен Ермектің үйінде тұрғандықтан, еркін жүретінмін. «Тілшілігім» де бар, газеттің аты – газет, ол да бедел, Жәнібек пен де көз таныс бола бастаған кез. Оқушыларға әлдеқалай «бұлт төне қалса» Матрос пен Ермектің атын айтып, жақындай беремін. Ондайда әлгі ақсары да табыла кетеді. Спартакиаданың қорытындысы шыққанда «әлгі бауырмал ширақ сары» шахматтан, дойбыдан аудан жеңімпазы болып шыға келмесі бар ма. Сөйтсем, «Асқар» деп жүргенім, әлгі дегдарлардың аузынан түспейтін, әкесін алты жаста жеңіп кеткен «Қабікеннің оқымыстысы» екен.

Содан бастап Асқармен арадағы жіпсіз көңіл достығы басталды. Сыныпта қалай тыныш отыратынын білмеймін, арада қырық жылдан астам уақыт өтсе де, менің көз алдымда Асқардың зыр жүгіріп, бір нәрсені іздеп, бір нәрсені қызықтап, оқып-тоқығанын: «Формуланы жаттап қайтесің. Мына есепті былай шығарсаң да сол нәтиже шығады. Сонда ойын сияқты қызық көрінеді.», «Ой, ол туралы мынадай бір қызықты оқыдым», «Семейдің шахмат

мектебінің балаларын оп-оңай жеңуге болады екен. Пәлен деген шеберлікке кандидатын ұтып кеттім» – деп хабарын айта жүріп, өзінді бауырына тартып, ақылын да айтып үлгереді. Тек «білгірсінбейді», әншейін бір қызық кітаптың мазмұнын айтып тұрған сияқты. Кейін білдім, төрт жасында шахмат тахтасын көріп, ағасының ойынын бақылап жүріп, жүрісін біліп апты. Бір күні ағасы «ермек үшін» үйретпек болғанда, үндемей отырып жеңіп кетіпті. Қайта ойнағанда эзер тең түсіпті. Содан кейін Семейден шахматтың кітабын алдыртып, өз бетінше орысша мен жүрісті қоса үйреніп, «Қабікеннің кішкентай оқымыстысы» атаныпты.

Әрине, мұндай «іштен оқып туған бала оқымысты» (вундеркинд) мектепті алтын медальға бітірді. Сөзсіз оқуға түсті. Энергетиканы кибернетика үшін таңдаған болуы керек. Шынын айтсам, бір жылдан кейін Рымғали ағаның үйінде кездескенде, оның бұл мамандықты таңдағанына онша көңілім толған жоқ. Асқардың «кибернетика ғасыры, есептегіш машина, энергетика, қуат көзі» деп жанын салып түсіндірген сөзі ойыма қонбады. «Қабікеннің баяғы оқымысты баласының» беделін мына «монтер студент» түсіріп-ақ тұрғандай көрінді. Неғыласың, зуылдап жылдар өтті. Әрине, Асқардың ауылға электрик не монтер болып бармағаны түсінікті. Атын адам түсінбейтін «Төменгі температурадағы плазманы зерттеу» деген лабораторияға орналасты. Жақсы ғой, бірақ, бәрібір бала кезден қызыға караған «Қабікеннің оқымысты ұлы» деген атақ мен үшін одан жоғары еді. Оның үстіне он академик, отыз доктор, пәленбай министр шыққан Қайнар ауылының түлегіне «лаборант» деген ат жараспайтын. Деп жүргенде: «Үш ғылыми жаңалық ашып, авторлық куәлік алдым» – деді. Шахматты қойыпты, ғылыми ізденіске бөгет жасайды екен. Сөйте жүріп әлгі плазма туралы мақаланы қазақша жазып, ұстаздарын таң қалдырыпты. Аспирант екен. Әйтеуір, лаборант дегеннен гөрі тәуір. Бір жылы көктемде тағы да Рымғали ағаның үйінде кездесе қалдық. Сол ширақ қалпымен: «Құжат жиып жүрмін. Аспирантураны Германиядағы (ГДР) Жоғары техникалық мектепте (ғылыми зерттеу институты деңгейлес) жалғастырамын. Неміс тілім тиянақты. Ағылшынша үйреніп жүрмін. Бетім енді түзелді», – деді.

Жә, шынымен оқымыстылыққа беті бұрылған екен. Шет ел. Оқып-тоқып қайта ма, жоқ, оқылып-тоқылып, шоқынып қайта ма? Обал болмаса нетті, қайран «Қабікеннің оқымыстысы» – деген ой келді. Мұны өзіне айттым ба, жоқ па, есімде қалмапты, Рымғали ағаға айтқаным рас. Біз де баспасөзге төселіп, екі жинақ шығарып, жазушылар одағына көз тігіп жүргенде, сол кездегі ғылыми журнал «Білім және еңбекке» Асқарым кіріп келді. Баяғы ширақтыққа батылдық қосылыпты, көңілі нық, тек келмей «доктор – инженер» деген ғылыми атағымен қоса, бір ғылыми-көпшілік кітаптың қолжазбасын ала келіпті. Жиырма сегіз жасар жігіт үшін үлкен бедел және Қазақстанда ондай атақ бұрын ешкімде жоқ еді, сөйтіп, қазақ ғылымына тағы да бір «тұңғыш» деген сөз қосылды (Араға отыз екі жыл өткен соң барып «доктор – пейджи» деген сөз қолданысқа ресми түрде ене бастады-ғой). Міне, бұл енді, «Қабікеннің оқымысты ұлына» лайық атақ еді. Сол күннен бастап, Асқарды қайтадан мақтан тұта бастадым. Адамның алдына түспесе іші пысатын ширақ, ақсары жүйрік емес пе, оның бұдан кейінгі оқымыстылық жолы мен зерттеулері менің тілім келмейтін терминдерге толы болды.

Қазақта: «Шын жүйрік өрге шапса өршеленер», «Жүйрікке – шапқанда өнер, жатқанда өнер» деген қанатты тіркестер бар. Соның қайсысын оқымысты Асқар өнеге тұтты білмеймін, әлде, тәуелсіздіктің алғашқы тылсым жылдары шет елдің білім саласынан хабардар адам керек болды ма, қайдам, Білім және ғылым министрлігінің Болашақ даму және білім берудің жаңа технологиялары, Білім беруді дамыту стратегиясы сияқты басқармаларының тізгінін ұстады. Министрліктің коллегия мүшесі болған күні мен «Қабікеннің оқымысты ұлынан» тағы да күдер үзе бастадым. Өйткені қызметтің тымауы бір тисе оңайшылықпен кете қоймайды. Қош, күдер үзген «оқымыстым» «Қазақ энциклопедиясының» бас редакторының орынбасары болып шыға келді. Бізге шетелдің талабына жауап беретін дербес энциклопедиялық жүйе керек екен, іс онымен де бітпейтін болып шықты. Енді еуропалық стандартқа сай оқулықтар шығаратын баспаның (Мектеп, Рауан) жұмысын жолға қою керек екен. Мұның бәрі де білім жүйесін жетілдіруге

жеткіліксіз ететін көрінеді. Енді Білім академиясы арқылы оқулықтар жүйесін бірыңғай стандартқа түсіру қажеттігі туыпты. Тыныш жүрмей, отыз томдық жаңа үлгідегі сөздік жасауға қатысып, Мемлекеттік сыйлық алды.

Ашығын айтқанда, мен үшін осының бәрі «оқымысты» деген сөздің орнын толтыра алмайтындай көрінген. Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясын құрғанда, бұл жігіттің «оқымыстылығынан» мүлдем күдер үздім. Баяғы бала кездегі тапқышбегім оның академиктігінен гөрі маңыздырақ, байсалдырақ, қадірі жоғары сияқты көрінді де, кездескенде қалжыңсыз, бір сыдырғы амандыққа көштім. Оның үстіне, өзім профессор болсам да, осы оқу методикасы дегенді еріккеннің ермегі, жалқаудың жандәрмені деп есептейтінмін. Білім саласы туралы батыл, ойлы, талдамалы мақалаларын жақтырып оқысам да, ерінбеген соң ойын білдіргісі келген шығар деп жорамалдадым. Содан ХХІ ғасыр басталған тұста қазақтың жоғары және орта білім жүйесі оқулықтан тұншықты. Әдістемесіз білім құрғырың миға сіңбейді екен. Жазушылық тәсілге сүйеніп қана дәріс беруге болмайтындығына көзім жетті. Бір кездескенде осыны сыр ғып айтып ем, өзіме ұзақ дәріс оқыды. Келесі жолы тағы да солай. Үшінші жолы ұшырасқанда: «Сен жазушысың ғой. Менің еңбегім көзіңе түспеген екен. Шынын айтсам, оқымайсың да ғой. Сен баяғы «Қабікеннің ұлын» іздейсің. Оқу жүйесі және стандарт деген білімнің кілті. Сен мыналарды бір қарап шықшы», – деді.

Сізге өтірік, өзіме шын, мен үшін «Қабікеннің оқымысты ұлы» құбылып түскен тұйғындай боп, өзге бір қырынан көрініп шыға келді. Ақылдымып қайтейін, сол еңбектердің атын атасам да, астары түсінікті болар деймін: «Оқулықтану», «Салыстырмалы педагогика», «Салыстырмалы педагогика: әдіснамасы мен әдістемесі», «Білім және реформа», «Білім – болашақ негізі», «Педагогика және психология салаларындағы диссертациялар», «Терминология – тілдің күретамыры», «Орысша – қазақша – ағылшынша политехникалық сөздік» (1-2). Біздің шырылдап әрі жарымай жүрген оқулықтарымызға қойылатын талаптар, жүйелер, деңгейлер, білім сатылары Россияда, Америкада, Канадада, Францияда, Германияда, Ұлыбританияда, Жапонияда,

Қытайда қалай реформаланды, даму бағыттары қандай, біз қайсысын ұстануымыз керек, әр сатыдағы білім орындарына қандай талаптар қойылады, соның бәрі осы еңбектерде қамтылыпты. Ұзын сөздің қысқасы, сонау жетпісінші жылдан бастап шетелдің білім жүйесіндегі реформалардың куәсі болған ғалымның ғылым мен білім саласындағы тәжірибесі тәуелсіздіктің қиын жылдары бізге демеу беріпті. Бұл өзі Қазақстанда осы Асқар қалыптастырған, әлі де жетілу үстіндегі, біздің білім жүйеміздің келешегін анықтайтын ілім саласы екен.

Демек, шын оқымысты дәрежесіне көтеріліп, кемелденген кемел ой иесі деңгейіне жетіпті. Баяғы мен білетін «Қабікеннің оқымысты ұлы» енді, ондаған шетелдің, өзіміздің білім ордаларының құрметті профессоры, әртүрлі академиялардың толық мүшесі, Мемлекеттік сыйлықтың ингері, профессор Асқар Қабікенұлы Құсайынов. Осының ішінде профессор деген атағы маған өте түсінікті әрі өзіне жарасып тұрғандай. Кейде досыңның не тындырып жүргенінен хабарсыз қалып, осындай мәтқапылыққа қысылатының бар. Айтпақшы, айта кетейін, бәйбішесі де өзіне сай бапты боп кезікті. Дәлила да ғылым кандидаты. Ұлы Ақылбек, қыздары Динара мен Зия да заманына қарай вундеркинд атанып, мектепті алтын белгімен. Жоғары оқу орындарын үздік бітіріп, шетелдік компанияларда қызмет етеді. Анықтамадағы көп атақтың ішінен «8 мемлекеттік стандарттың авторы» дегенді көзім шалып қалды. Бұл – нағыз заманауи, жәдидтік еңбек. Бір мемлекеттің бір өлшемінің авторы болып та мәңгілік тарихта қалуға болады. Ал, мынадай нәтижеге қол жеткізуінің сыры, оның қуаты буырқанып тұратын тегеурінді ойлау жүйесінде ме деп ойлаймын.

Ойлаймын да, сонау бір елуінші жылдардың аяғында, алпысыншы жылдардың басында шахматтан әкесі мен ағасын қатар ұтатын жеті жасар ұлдың полигонның дүмпуімен жарыса жетіп жататын «оқымыстылығы» туралы аңыз шындыққа айналды – деген қорытындыға келдім. Сондайда, кей кезде әлі де болса аға Асқардан гөрі, бала Асқарды сағынып кетемін. Бір жаңалық тауып, соны жеткізуге асығып, ақ көйлегі делдендеп жүгіріп келе жатқан бейнесі әлі де маған ыстық.

БЕРЕКЕ ИЕСІ

(Намазәлі Омаи)

Кәсібің қаламгер болғандықтан да, үнемі жүрек түкпіріне сақтап, алыстан қайырып, жаныңа жақын тартып, өзіңнің көңіліңнің жұбанышы үшін, өмірдің бар бояуымен асықпай бабымен жазармын-ау деп жүрген оқшау сырын болады. Соның бірі достарың, соның ішінде бозбалалықтан тартып сақалың бозқырау тартқан шағыңа дейін қанжығаласып қатар ғұмыр кешкен курстастарың. Бұл өзі таусылып бітпейтін сыр мен жырға толы, базына мен назға толы, еркелігі мен еркіндігі мол, ешқандай алаңы мен айласы жоқ, көңіліңе көлеңке жасырып қалмайтын қамсыз күндер мен сәттердің шапағатты жиынтығы. Ата сақалымыз ауызымызға түссе де әлі де бас қосып, шүйіркелесе қалсақ, құрдың ойнағындай құрқылдасып, екі езуіміз жиылмай, күлкіміз тиылмай, қалжыңымыз таусылмай, құмарымыз қанбай тарқасамыз. Ертеңінде кешегі күлкіден қарысқан жағымыз ашылмай, не айтқанымыз есімізге түспей, әйтеуір мәз күйімізде қайта хабарласып жатамыз.

Бірақ күнде кездесетін «күлтөбедегі кеңестің күні өткен», бәріміз де сол баяғы бір-бірімізге риза, бәріміз де сол баяғыдай бірі-бірімізді сағынған күйде, бәріміз де сол баяғыдай бір-біріміздің қосалқы аттарымызды атап, көрмегенге сәлем айтысып тарқасып жатамыз. Бұл дәстүрдің де өзгермегеніне тура қырық жылдан асып келеді. Сабақтастарымыздың арасында тағдырдың тырнағына ілінгендері болмаса, саяқ кетіп, салқын қабақ танытқандары жоқ, Сонау бір алпыс тоғызыншы жылы тамыз айында Қорғастың түбіндегі жүгері жинауға барғанда алғашқы басы қосылған кездегі ақжарма қалпымыз.

Бастапқыда курстағы елу бір адамның елуі ақын еді, қазір Асқар марқұм дүниеден қайтқаннан кейін екеуі ғана ұйқас іздеп басын қатырып жүр. Қалғанымыз бірінші курста, ерінбегеніміз отызға аяқ басқанда, Құнанбай атам айтқандай, мұндай «шайтандық машақаттан» ертерек құтылып алғамыз. Ал соның ішінде әлгі «шайтандық өнер» қонбаған, яғни, ақындықпен басын әу бастан ауыртпаған таза ақылдың иесі осы Намазәлі Омашев болды. Бірақ «кураған көк өрікке гүл

бітіріп», қырғыздың айылындағы көзжақсы қыздары мен алма бағын есіне күніне үш уақ алып, гитарасын сыңсытып әуенге қосатын еді.

Сомбреросын басына киіп, оның тамақ бауын иегінің астына іліп алып, «Көкөрікті, дегенде, көкөрікті, ойнамаған, күлмеген не көріпті» - деп сұңқылдата жөнелгенде, сол көк өріктің гүлдегенін былай қойғанда, өзін әлі көрмеген, «ойнаудан, күлуден» енді дәметіп жүрген Жанболат екеуіміз сияқты шикіөкпелерге Намазәлі кәдімгі сақа, мәтқапысыз жігіт көрінетін. Кейін сол сақалығына лайық сақа сайладық, яғни, топтың ауылнайы болды. Біз де оның айналасына үйіріліп тұрдық, әлі де үйіріліп келеміз, шамамыз жетіп, шалдыққанша үйіріле беретін де шығармыз.

Өйткені сөз де, қалжың да, қонақтың реті де, тасқаяқтың бәсінің мөлшері де Намазәлінің ырқына бейімделеді. Кей-кезде ертедегі стипендия таратқан жомарт күндері еске түсіп кете ме, ойда-жоқта шүленсіп қоятыны да бар. Сондайда, Намазәлінің бойындағы бір қисынды мінезі шаң беріп қалады. Қанша айтқанмен пайғамбарымның ақ жолындағы салих сөйіттің сарқыты емес пе, ұтпайтын немесе үнемі ұтылатын Несіпбек екеуіміздің де қанжығамыз майланып, әлденені байланып қалатынымыз бар. Әттең тоны қысқа... Әйтпесе, қолынан келсе қонышынан басып, бізге жұмыс істетпей, Несіпбекке өлең, маған кітап жаздыртып қойып, үйде жатқызатын жомарттық мінез Намазәліде бар. Сондайда, осы Намазәліні шынымен жақсы көріп, бір кезде ауылнай сайларда «оппозицияға» ілеспей, дауыс бергенімізді сүйініп еске алатынымыз бар.

Шынына көшсем, біз сол кезде курстың старостасын емес, курстың береке басын сайлаппыз. Өйткені сол күннен бастап біз стипендия, жатақхана, емтихан сияқты «қосалқы басы артық шаруалардан» құтылдық, тапсыруын біз тапсырғанмен, қалғанын үйлестіретін өзі. Кейде бір аптаға дейін стипендияны алуды «ұмытып» кетсек, ешкімнің қолына түсе бермейтін сары портфелін сүйретіп жүріп, соңыңнан қуып жүріп санап береді. Сондай-ақ, біздің өмірімізге кейіннен араласа бастаған той-томалақ, жиын-терін, жиым-терім, отыз, қырық, елу, алпыс дегенді есімізге алып, өзі ұйымдастырып, өзі өткізіп, өзі қарсы алып, өзі

шығарып салып, өзі ауыртқан басты өзі жазып жүргені. Яғни, әу баста оған жіліктің басын дұрыс ұстатқан екенбіз. Біздің бітіреріміз, Намазәліден патшаның пәрменіндей пәрмен келсе бітті, жемге үйірілген шымшықтай боп қазақ даласының әр түкпірінен шүпірлесе қаламыз.

Міне, сол біз ұстатқан тізгінді тура қырық жыл бойы қатты ұстап келеді. Сол тізгіннің ұшымен жалғасып журналистика факультетінің нокта ағасы болды. Қайран Хайрекеңнің – қазақ журналистикасының «ақ бас бурасы» Хайыржан Бекхожиннің, тарлан Таукеңнің – Тауман Амандосовтың, темір Темкеңнің – Темірбек Қожакеевтің, абзал Әбекеннің - Әбілфайыз Ыдырысовтың, әбілхаят бастауы Әбдул-Хамит ағамыздың, лебізді Ләфаңның – Ләтифа апайдың, тұрлаулы Тұрымтай апайдың орнын басып, тәлімін жалғастырды.

Соның арқасында біздің де берекеміз қашпай, қайта ұйып, кафедрамен байланысымыз үзілмеді. Қайта оралып, қайырылып келіп жүріп біраз курстастарымыз өзінің адал еңбегімен доцент, профессор, ал кейбіріміздің балаларымыз магистрант, аспирант, кандидат, бас редактор боп тәрбиеленіп шықты. Көлгірсімей-ақ қояйық, сол үрпекбастардың «еті де, сүйегі де» Намазәлінікі болды. Біз де ол жағына қамсыз жүрдік. Расында да неміз бар: «Бала өзіндікі, не қылсаң да өзің біл? Аулақ жүр», - дейсің. «Ей! (Бұл араға кез келгеніміздің аты-жөнімізді қоюға болады, мейлі менің-ақ атымды, не Несіпбектің атын қойыңыз) Мынауың аспирантураны бітіріп ап, дайын тұрған диссертациясын қорғамай газетке кетемін дейді. Құтыла алмай жүрген қу болса қуанар едім. Қайран еңбегім!», - дейді. «Еңбегің кетпес далаға...», - дейміз емеуірінмен.

Намазәлінің сол шәкірттері айдалаға кеткен жоқ, сол өзінің айналасына үйіріліп, қазақ баспасөзінің қолтығынан демеп жүр. Тіпті алысқа кеткені әр саладағы мекемелердің баспасөз жағының шылбырын ұстап отыр. Ендеше оның өкпелейтін, біздің қызаратын жөніміз жоқ. Бәрі де қалам ырысын қазақ елінің игілігіне жұмсап жатыр. Мен өз басым, курстың сақасы марқұм Айтмұқаштың Абайын тәрбиелеп, бауырына басып, бас бармақтай оқытушы етіп тәрбиелеп шыққанына қатты ризамын. Бұл жағына келгенде Намазәлінің бауырмалдығы шынайы. Өз бауырларын қалай

жарылқап жатқанын білмеймін, біздің бауырларымыздың басынан сипалмай қалғаны жоқ. Оған жалғыз-ақ мысал келтірейін. Тура отыз бес жылдан бергі қазақ университетінің журналистика факультетін бітірген қазақ-орыс бөлімдерінің шәкірттерінің өзі орта есеппен алғанда үш мың адамнан асады екен. Солардың әр қайсысының сынақ кітапшасында Намазәлінің қолы бар.

Сондықтан да қазіргі ең жауынгері көп сөз сардарының бірі де осы Намазәлі. Оның төр мен төрағалыққа бойын үйреткені сондай, ректорлар мен министрлерден жоғары отырады. Тек, кей-кейде, біз менсінбейтін академиктер мен дәбірлерді өзінен жоғары шығарып, біз тағзым ететін академиктер мен ағаларды өзіне қызмет еткізіп қоятыны бар. Мысы басып тұрған адамға ол да жарасымды. Өзінің орынын білмейтін адам Намазәлі емес. Ол сыйлай да, сыйлата да алады. Яғни, оны біз де ебін тауып «жұмсаймыз», ол да «есебімен жұмсайды». Әйтпесе, кілең Асқар Егеубаев, Жүрсін Ерманов, Несіпбек Айтөв, Жанболат Әуіпбаев, Есен Сафуани, Қосылған Әбжанов, Сәулебек Жәмкенов, Бақытжан Майтанов сияқты қазақ таныған көкжалдарды уысында ұстап отырудың өзіне де мыс пен пыс керек. Әр қайсысы бір-бір министрге кеудесін алдырмайтын шамшыл тарландар. Солардың барлығы да Намазәлінің алдынан кесіп өтпейді. Намазәлі де оларды шамдандырмай жалынан сипаудың амалын біледі. Оның басты құпиясы – қашанда достарының берекесінің басында жүреді. Бұл заманда бұл да әркімнің қолынан келе бермейтін қасиет. Бұл жолы асығыс қалам алып, бар жақсы сөзді кейінге қалдырып, курстың атынан едел-жедел білдірген пікірім осы болды.

Ал қазақ радиосының тарихы мен жанрын ғылыми ізге түсірген Намазәлінің еңбегі менсіз де әспеттеліп жатқан шығар. Ол заңды да. Менің ойымша, ұстаздардың ұстазы – профессор деген сөзден артық мақтау жоқ. Ал Намазәлі нағыз профессор. Мінез профессоры.

Міне, Намазәлінің «Арқаның ару қызы», курстасымыз Кларамен қол ұстасып Астанаға, Жәмкенов айтқандай, «қайындап келіп қалғанына да» жыл толып қалды. Ортамыз толып, біріміздің кезегіміз келіп, біріміздің кезегіміз келмей, кейіміз кергіге түсіп, мәре-сәре болып қалған жайымыз

бар. Сарыарқаның ауасы жүрегіне дауа боп қонсын. Қалған тіршіліктің баянын тілеймін.

29.06.2013.

ТҮЙІН

(Жанболат Әуіпбаев)

Осы қазақтың мақал, мәтелінің астарында, Абай айтқандай, бір кілттипан бар. Мәселенки, «Әкеге тартып ұл тумас, шешеге тартып қыз тумас», – дейді де, сол шындық үшін қымсынғандай, «игі еді» дегенді қосып қойып, «Әкеге тартып ұл туса игі еді, әке жолын қуса игі еді» – деп сөздің артын жұмсартып, сипақтата жөнеледі. Бұл өзінің ұрпағына өзінің көңілі толмаған атаның айтқаны ма, әлде, ұлынан көңілі қалған әкенің айтқаны ма. Жоқ, өмірінің екінтісі ауып, ақшамы үйіріле бастаған қамкөңіл қарияның аңсары ма? Кейде, осы заманның тілін біліп қалдық дейтін біздің өзімізге, құранды ежіктеп оқитындай ғана сауаты бар әкеміздің білгені мен түйгені бізден көп, әлдеқайда терең, данағөй, сол тәубешіл мейірімді жанның ақылы жетпей тұрғандай сезіледі. Сондайда, шынымен сол қара шалға тартып тусам ғой, орыны толмай жүрген талай өкінішке қалмас едім ғой – деп шарасызданатын сәттерім есіме түседі.

Мүмкін солай да шығар, бірақ, мен білгенде, қыздарды қайдам, ал әкеге де тартып, шешеге де тартып туған ұл болады және бар. Ол – өзіміздің жанымызда жүрген кәдімгі Жанболат, Жанболат Әуіпбаев. Жоқ, нағашысының сойында жүрген Жанболат Әуіпбаев емес, он жетіге толар-толмаста қол алысып, қырық бес жыл бойы қолтықтасып келе жатқан жампоз Жанболат Әлиханұлының нақ өзі. Қырық жылдың ішінде Жанболатты есіме алғанда, онымен әзілдесіп тұрғанда, сыртынан көргенде, әсіресе, сұқ саусағын шошайтып қойып әңгіме айтқанда, менің көз алдымнан шынашақтай Әлихан қарияның бейнесі кеткен емес. Ал асықпай, оның асықпай жүретін кезі аз, пейілі түсіп мейірлене қалғанда жан дүниесінен Нұрша анамыздың жан жылуы шуақ шашып шыға келеді. Бәріміз де атамызға тартып туғамыз, немереміз өзімізден аумайды, сонда да Жанболаттың тартымында бір тартымдылық бар.

Мен осындай әсерге осыдан қырық жыл бөленіп, одан әлі де арыла алмай келемін. Алғашқы журналистік іссапар кез-келген жас қаламгердің есінде ұзақ сақталатыны аян. Сол жолсапарды мен әкенің бауыры суымаған кезде Нарынқолдан бастаған едім. Сонда Жанболаттың сәлемін малданып үш күн Әлихан әкеміз бен Нұрша шешеміздің аялы алақанында еркелеп, аунап-қунап қалғаным бар. Сондағы қараша үйдің тәртіпті де қалыпты тіршілігі әлі де ұмытылған жоқ. Ол тіршілік маған – бір-бірін үнсіз түсініскен науша өмірдің жарасым тапқан бір сарынды үндес ырғағы сияқты көрінді. Өйткені, қос ғұмырдың сол бір қарапайым қоңыр тіршілігіне өмірдің барлық мағынасы мен мақсаты, жаратылысы мен жарасымы, әдеті мен әдеби сиып тұр еді. Таңғы сағат тура жетіде: «Балам, тұра ғой», – деген Нұрша анамыздың мейірімді дауысы естіледі. Қасымда самауырынның буы бұркырап, дастархан сондай бір жарасымды қазақылықпен жайнап, жасаулы тұрады. Ананың епті мейірімі осындай-ақ болар. Шыны-аяқтың шылдыры емес, ерте тұрған екі дегдардың аяқ сыбдыры білінсеші. Өзгені былай қойғанда, екі-үш жас мөлшеріндегі «меншіктері» Ардақты да дыбыс шығармай киіндіріп, тар-тұйнақтай етіп томпитып қояды. «Сен әлі ұйықтап жатырмысың» – дегендей, әлдебір алыстағы жақын жандарының жылуын менен сезгендей құпия жымыыспен қарап тұрады. «Әуіпбаевтің жүзі мен жүрісінен бала мінезінің кетпегені осындай мейірімнен екен-ау. Епті басқан жеңіл жүрісі де тартқан-ақ екен. Тіпті ол мінезі мына Ардаққа да сіңіп қалыпты», – дей іштей қуланып, екеуімізге ғана белгілі бір құпияны білетінімізді сездіргендей боп Ардақтың маңдайынан сипап сыртқа шыққанда, есік алдындағы ұста дүкенінен тық-тық еткен балғаның дыбысы естіледі.

Көріктегі көмір де қызара бөрте бастап қана тұрады. Бықсымайды, қоздап жанбайды, қызара бөртеп қана тұрады. Өріске қосатын малы бар ма, жоқ па, оған назар аудармаппын. Сонда да Әлихан ұста таңғы тіршілігін ұстаханасынан бастағаны анық. Мені көре салып көріктің көмейінің жан-жағын тиянақтай ысырып, қоламтасын көсеп, ысырып қойып: «Ә, балам, тұрдың ба», – деп үсті-басын қағып, үйге беттейді. Демек, Әлихан ақсақал таңғы алтыдан бастап менің оянуымды күтіп тұрған.

– Таң атпай баланың ұйқысын қашыра ма деп едім. Әйтеуір бүгін балғаның дыбысы естілмеді. Жақсы болды, – дейді Нұрша шешеміз.

Шай үстінде қоянның көжегіндей сүп-сүйкімді әжесінің баласы Ардақ та апасының тізесіне жайғасады. Әлихан ұста кесесінің түбінен шөкімдей ұстап үнсіз қызыл күрен, ыстық шайды сызылта сораптайды, Нұрша шешей бүгін мен аралайтын тау-тастың табиғатын, ескі аңыздарды, соған орай баяғыдағы бір өтіп кеткен оқиғаны әңгімелеп айта бастайды. Әйтеуір, Жабыр атты бұйратты жотаның жыры таусылмайды. Күндіз қойшыларды аралағанда сол әңгіменің пайдасы тиеді. Оларға жер мен ел тарихын білетін адам боп көрінемін. Дәл межелі мезетте шай да аяқталады, көлік те келеді. Таң қалатыным, кешегі қойшылардың қорасындағы сарысуға шыланған аяқ киімім тап-таза боп жұтынып тұрады. Әрине, шешеміздің қолы тиген (Мына қызықты қараңыз, араға отыз жыл салып барып, өзім Дәмен, Төлеу, Миуа сияқты қыздардың бөлмесіне жиі барып жүріп, қолұстатқызған Ләззәт пен Жанболаттың үйіне үш ай паналағаным бар. Сонда, таңертең жұмысқа барарда аяқ киімім жалтырай жұтынып тұрады. Сөйтсем, мен есіктен кіріп төрге ұмтылғанда Жанболат аяқ киімді тазалап үлгереді екен).

Содан Нұрша шешеміз Ардағын жетелеп алып тура көлікке дейін шығарып салады. Бейне бір қоштасып тұрғандай, кешке келмейтін адам сияқтымын. Сол кезде әлгі дәлдік пен табиғат туралы әңгіменің әсерінен шыға алмай, кекілі желкілдеп жүрген Жанболаттың жетінші сыныпта жазған:

Сай-сала сағым басқан қыр, төбені,

Заңғардан далаға күн нұр төгеді.

Қоңылтақ қоңыр желі табиғаттың,

Қаңғып кеп жусандарға сүйенеді, –

деген өлеңі есіме түсіп, дәлдігі де, елгезектігі де, табиғатты сүйсіне мәнерлеп әңгімелеуі де анасына, яғни, нағашысына тартқан екен деген ой келеді.

Шындығында да, әке мен шешеге тартып туған ұл осындай-ақ болар. Жасы жасамыс, қыры сынбаған киім, мақпал қара қарабайырдай жылтырап тұратын туфли

киеді, шәшін бір жағына жантайта тарайды – демесеңіз, Жанболаттың да тіршілігі тура осылай басталады. Таң атпай ұстаханасына – жазу бөлмесіне кіріп, кешегі түнгі он екіде қойған кітабы мен қағазының, қойған қаламсабының орыны ауыспағанын көріп, жылжыған орындықты орынына қойып, бір сипалақтап шығады да дәлізге беттейді. Ондағы өзінің де, қонағының да, негізінен үйінде үш айлап – жарты жылдап жататын Төлегеннің, Тұрлыбектің, Тұрсынның аяқкиімдерінің таза тұрғанына көз жіберіп, түнде қонған шаңы болса сүртіп, жуынып-шайынуға беттейді. Әрине, Ләззәт жұмысқа ерте кетсе, сол арада шайды да қойып үлгереді. Дастархан жасалып болғанда: «Жә!..» – деп шашын сипап қойып, баппен оятады. Содан кейін шай үстінде бүгінгі өзінің, сенің жұмысыңның кестесін сағаттап бөліп, тура пәленбай сағатқа пәленбай минут қалғанда үйінен шығады, сені де жолға шығарып салады. Өзі ұстаханасына – редакциясына кетеді. Үйінде бір күн жат, бір жыл жат, не бес, он жылдан кейін қайтып кел, бәрібір, ол осы әдетінен жаңылмайды. Міне, бұл – әке-шешеден қалған тәлім. Әкесі Әлиханның үлгісі, шешесі Нұршаның әдебі.

Ал, қазақтың әлгі «әкеге тартып... шешеге тартып ... тумас» дейтіні қайда?!

Міне, мен білетін қырық бес жылдан бері Жанболаттың Әлихан мен Нұршаның құйған қалыбынан шығып көрген кезін көрмеппін.

Әлқисса, әңгіменің басына қайырылып оралайық. Сонымен, Хан тәңірінің аңғары мен Жабырдың жоталарындағы қойшылардың ауылын аралап, қараңғы үйірілгенде, кейде одан да кеш тау-тасты аралап Әлихан әкеміз бен Нұрша шешеміздің үйіне қайтып ораламын. Аңғал жымыып Ардақ шығады алдымнан. Әрине, атасы мен әжесінің баласына «жуымаймын». Ардақтың мұрынымен жарыса пысылдап самауыр келеді. Міне, осы кезде Жанболаттың екінші тегі – ататегі суыртпақталады. Шынашақтай ғана Әлихан әкеміздің саусақпен санағандай жыл мен жылын, күн мен күнін, сағат пен сағатын, минут пен минутын дәл түртіп көрсетіп айтқан әңгімесі басталады. Әсіресе, көшпелі гауһар туралы айтқанда, оның көзі де гауһарланып, жалынданып кететіні ғажап құбылыс! Жасында алтын шайқап, алмас шағып, гауһар теріп өскен машығын еске алғандағы, әсіресе,

өмірінде бірінші рет көшпелі алтынды көргендегі және сусымалы құм гауһарын тергендегі хикаялары таңғажайып хикая еді. Тура сол сәтте көшпелі гауһар өзінің қолынан жаңа ғана сусып кеткендей беріле бейнелегенде, өңі нұрланып кететін. Содан кейін сәл саябырлап барып өзінің ұсталық өнерді қалай үйренгенін айта келіп, әңгіме көрікті тартқанда шығатын қызған көмірдің жалынына ауысқанда түсі тағы да құбылып сала береді. Сөйтсем, жалынның түсі де адамның өмірі сияқты қас-қағым сәттерге бөлінеді екен. Темірді балқытқанның бәрі жалын емес, жай қорытпаны ерітетін шок көрінеді. Әңгімені өзі де беріле айтады, сенің де дымың шықпай беріле тыңдағаныңды ұнатады. Әлихан әкеміздің көмірдің жалыны туралы әңгімесіне қызыққаным сондай, адал да аңғал, ақкөңіл жездеміз Дүйсенбайдың Мақаншыдағы жабылып қалған ұстаханасын ашқызып, екі-үш күн жалынның өзгеру сәттерін қызықтағаным бар. Шындығында да «Сарыбелден сарғайып атқан таңның арайы», «кешке жақын қызарып батқан күннің шапағы», терістіктің шұғыласы мен кемпірқосақтың сағымы сияқты мың құбылып тұратын мың мезетке бөлінетін ғажайып әлем екен. Жалынның әр түсі әр нәрсені балқытуға арналады екен. Есімде сақтағаным, алдаспанды балқытатын жалынның түсі – көгілдір әрі мөлдір, әйнек сияқты бер жақтан қарағанда ар жағы көрініп тұратын жұп-жұқа (иә, жұқа) сағым сияқты болады екен. Алдаспанның сапасы сол сиқырлы көгілдір жалынды қызартпай, бозартпай, жалындатпай бір қалыпта пәленбай қас-қағым мезет тұрақты ұстап тұратын көрікшінің шеберлігіне байланысты екен. Бабына келгенде ғана темір қорытпасыз балқып, алмасқа, кем дегенде болатқа айналады екен. Ал алдаспанды суарудың өзі жатқан бір хикая көрінеді. Епті жігіт, жүйрік ат, кербез келіншектің керегі, міне, нақ осы айшықты мезетте екен!

Міне, мұндай қорытпасыз мінез, өзі де әңгімені қорытпасыз айтатын, сенің сөзіңді де беріле баяндайтын, Мекке мен Мединені аралап келгендегі ұлан-ғайыр әсерін «үтір мен нүктеге» ғана сиғызатын Жанболатта да бар. Әкесінің нағыз өзі, аумайды-ау, шіркін, аумайды. Бозөкпе кезінен қызықты, хикаялы кітаптарға құмар боп өскен, «Капитан Гранттың балалары», «Қаһарман капитан», «Робинзон Крузо», «Сүлеймен патшаның кеніші», «Жора»,

«Том Сойердің басынан кешкендері», «Могиканның соңғы тұяғы», «Дерсу Узала», «Менің атым – Қожа» сияқты шытырманды шығармаларды сүйсіне әңгімелейтін бозбала Жанболат, солар туралы айтқанда, оның өзі мұхиттың астына сапар шегіп келгендей, аралда жалғыз қалғандай, зәңгілермен бірге қазына іздегендей, үндістер мен манжулерге тәржімәші болғандай күй кешеді. Ал «Қожа дегеніңіз қазір Талдықорғанда мұғалім екен, ана «Балалық шаққа саяхаттағы» пәленбай дегеніңіз Нарынқолдағы малақайының құлағы салпаңдап жүретін кәдімгі пәленбай деген шал» екен. Өзі көзімен көріпті. Осы екі аралықта Цвейг, По, Моэм, Дойл, Сименон қосылып кетеді. Ал біз оқыған классиктердің шығармаларының оқиғалары жер бауырлап жататын. Кітапханаға барар жолда, қайтар жолда айтылатын бұл әңгімелер әдімгідей көңіл сергітір тастайтын.

Бірінші курста араб тілінің әліпбиін меңгерген соң «жиеннің» – Шәймнің Айтуғанының жетектеуімен кітапхананың сирек қорына барып, «Айқап», «Қазақ», «Таң», «Әйел теңдігі» (онда «Ақбілектің» бірінші бөлімі жарияланған), «Ақжол» сияқты басылымдарды парақтаймыз. «Қыр баласының», Жүсіпбектің, Мағжанның, Міржақыптың шығармаларын оқимыз. Екінші курсқа көшкенде Жанболат сирек қорға сирек баратын болды. Бір жолы Мағжанның «Шал» деген өлеңін көшіріп алып, дәріс үстінде оқу бере қойдым. Іле тура сол өлеңнің қасына: «Жұртбаев! Менің осы тінтінектегенімде жетеді. Бұл менің қолым емес екен. Мен басқа жолды таңдадым. Өлеңді де, прозаны да қойдым. Енді бұл тақырып туралы менің басымды қатырма. Әуіпбаев» – деп жазып жіберіпті. Ішім тыз ете қалды. Өйткені, оның мектепте, алғашқы курстарда жазған әңгімелерінде сондай бір табиғи қарабайырлық (натурализм) пен өршілдік (романтизм) жымдасып тұратын.

Жанболат, көркем шындықтың емес, өмірлік шындықтың өршіл қаламгерінің жолын таңдап алды және ол тақырыпты қапысыз игерді. Жанболаттың қызықты тағдырлар иесі туралы жазғандарын тамсана оқып, қаламгерлік жолды таңдаған қазіргі ересек тарқан журналистердің санының өзі бір бетті толтыратындай болды. Егерде, ұлының орынына қажыға әкесі барып келсе, Әлихан әкеміздің әңгімесі де көңілдің көрігінде әбден пісіп, тура ұлының жазғанындай,

«Үтір» мен «Нүктедей» ғана «Жақшалы» (жолжазбаларының тақырыбы) түйін боп шығар еді. Баяндау мәнері сондай жеңіл әрі түйінді, әрі нақ, артық-ауыс қорытпаның барлығы күлдікке айналған, саф болат қана. Шіркін, көңіл үшін болса да, ішінде бір тамшы көркем қиял болсашы. Тіпті алтынның өзінде мыңның бір бөлшегіндей темір болады екен. Ал, әкелі-балалы екеуінің сөзі найзағайға суарылған болат сияқты. Мұны, «түйін» дейді ұсталардың тілінде. Сол түйіннің бірі – ұстаның ұлы Жанболат. Атының өзін де: «жан, болат» деп, мағынасымен алғанда, «түйін» деп қойғаны да сондықтан болса керек. Ал нағыз көгілдір жалынға тап болғанда болат та жанады екен. Ондай сәулелі болаттың жанғанын көрген ұстада арман болмаса керек. Әлихан ұста темірдің де, өз жанының да болатының жанғанын көрген ұста.

Ұстаның дүкеніндегі әр дүңгіршек пен үңгіршектің, тауша мен тоспаның өз міндеті бар. Көлденең жатқан темірді алып қабырғаға сүйеп қоюға, оң жақтағы балға мен сол жақтағы қысқаштың орнын ауыстыруға болмайды. Өйткені ол ұзақ жылдар бойы қалыптасқан қатаң тәртіпке негізделген дәстүрлі тәртіп. Мысалы, Жанболаттың алдындағы екі қарындаштың орынын ауыстырып, өзін оқшаулау алып барып сөзге тартыңызшы. Оның құлағы – сізде, көзі – әлгі қарындаштан кетпейді. Ебін тауып: «Қазір» – деп жүгіріп барып қарындашты бұрынғы қалпына қойып, көңілін орнына түсіріп барып: «Ал, айта беріңіз...» – деп қасыңызға келеді. Сондай-ақ, жыл мезгіліне, ұсталық ыңғайға, жарыққа, темірді салқын не суытып балқытуға байланысты қалыптасқан қағидағар бар. Өйткені қысты күні болат семесер соқпайды. Ауаның құрамы басқа, суыту қиын. Сондықтан да ұста үшін мезгілдің де мезгілі бар

Міне, ұста әкенің тіршілік hareketіне бейімделген Жанболаттың да «меншікті мезгіл мерзімдері» бар. Маусымның ортан белінен асқанда Әуіпбаевті қаладан да, даладан да іздеп сандалудың қажеті жоқ. Сәске кезінде Хантәңірдің алқымындағы Қайшы сайының көмейіне барып, басына орамал шыт байлаған, не қағаз қалпағы бар, мүйізіне шөп үйген шыбыт сияқты кекіл шашы үрпиген, шалғымен шалғынды ұстарадай қырып бара жатқан қайыс қараны көрсеңіз болды, арқасынан қағып жөн сұраңыз. Қырық жыл бойы естіп, сіңісті болған жай ғой, Жанболаттың жөнін мен де

жатқа айтып бере аламын: Сонымен... жыл сайын әкесі мамыр айында Қайшының сайына барып, өзіне тиесілі бәйекке қазық қағып келіпті. Арбаның құрсауын бекітіп, шентемірін бекітіп, қамытып көрмеп, күпшегін жөндеп, дөңгелегін майлап, дәртесін түзеп аулаға қаңтарып қойыпты. Содан кейін қора қопсысын тазартып, ескі сағдарды шығарып, шарбақтарын түзетіп, ішін сыпырып, шөпқорасын дайындап, қақпаның қиуын келтіріп қойыпты. Маусым басталғанда арқанның үзігін жалғап, аша мен күректі саптап, шалғыны қайрап, жүзін жанып, босағаға ілір қойыпты. Содан кейін Қайшыға барып бәйекті шолып қайтыпты, шөп бас жарып, піске екен. Пәленбай шалғы салыпты, Түгенбай ертең бармақ екен. Екі күн болды, шалғының ілулі тұрғанына. Көлік те дайын екен... Осы хабарды Нұрша шешесінен ести сала, саусағын санап отырып пәленбай күнге рұқсат сұрап, кейде демалыс алып, келіп қалғаны осы екен. Таулы аймақта шөп қат болады. Сондықтан да кемпір-шалдың сүт пен қатығын ажырататын жалғыз сиырдың қыстық азығын қамдауға кірісіп жатқан беті осы. Енді шөпті пәлен күні шауып бітіреді, пәлен күн кептіреді, пәлен уақыт тасиды, пәлен күні шөпқораға маялайды, пәлен күні отынға барады, пәлен күні қарағай кеседі, пәлен күні отын жарады, пәлен күні ... бітеді. Сосын «ух» деп демалып, пәлен күні қалаға қайтады. Асығыс. Уақыт аз. Үлгеру керек.

Осыдан қырық жыл бұрын мен көрген Жанболаттың осы «жөн-жоба дәстүрі» күні кешеге дейін үзілген жоқ. Жанболаттың бойына шыр бітпейтіні де сол «шалғышылығы» шығар. Зады, таулы жердің күлгін шуағы термен араласқан терісін бұлшық етімен қосып қақтап, сүрлеп, қазақша айтқанда, бір түйір артық майын шыжғырып жіберетін болуы керек. Жұрт Жанболатты жұмсақ адам деп түсінеді. Жоқ, мүлдем олай емес. Оны өз дегенінен жаза бастыру мүмкін емес. Жаза басса – әке дәстүрін бұзады. Ал ондайға Жанболат деген шарболат бармайды.

«Есейіп кетсе де» жетімдік жараспайтын адамдар болады. Сондай жетімдік жараспайтын жанның бірі де Жанболат. Нұрша шешеміз дүниеден қайтқанда кәдімгідей жүдеп, үрпиіп қалды. Қария қалаға көшпейді. Жайлы үйге ауыспайды. Сол мен көрген үйдің отын қыздың асыл түйіні Аққағаз апайымыз түтетіп отыр. Біз Аққағаз апайға қалай

үйірсек болсақ, Жанболат та менің апайым Айымханның сүйкімді бауыры болды. Өмір ғой, өзі де сексеннен асса да таңертең ерте келіп ағасының ұстаханасының есігін ашып, ауласын қағыстырып, қас-қабағын күзеткен Әлиханның туған інісі Бақытжан дегдар ғана ағасының қас-қабағын бағып жүреді екен. Әлихан ағасы сексеннен асқан қарт інісі Бақытжанды жұмсайды. Ол дедек қағып жүгіре жөнеледі. Сөйтіп, бір-біріне медеу боп күн өткізеді. Бұл да дәстүр. Ата дәстүр. «Жұмсау» демекші, Жанболаттың да «жұмсалғысы» келіп тұрады. Алмағайып кезеңде М.Әуезов мұражайының жұмыс қарбаласы көбейіп, естеліктерді құрастырып, аудару, редакциялау қиынға соғып жатқанын көріп: «Жә, Жұртбаев! Келісіп алайық. Кейін сөз болып жүрмесін. Мен саған ана шаруаны, мына шаруаны бітіріп берейін. Соған риза боласың», – деп бел шешіп кірісіп кеткені бар. Қиналып жүргенімді көріп, қол үшін бергені шығар. Бірақ өзге де достар бар емес пе еді. Олар қайда дегізбегенінің өзі қаншалық. Бұл енді атасы Бақытжаннан жұғысты болған мінез болса керек. Дәстүрі қалыптасқан тек деген осы.

Ардақ пен Айнұр да, менімен құрдасы Дидахметтің Дәулетінен бетер қалжыңдасып, маған лайық ене таңдап жүрген Елдос та сол түйіннің бір талшығы. Сол түйінді сабақтап отырған Ләззәт күн сайын таңертең: «Осындай жігітті маған тауып берген апамнан айналайын», – деп Жанболаттың қиық кекілінен сыйпап оятатын көрінеді. Мен кейде: «Бір бөлмедегі төрт қыздың ішінен сені таңдап Жанболатқа қосқан мені неге айналмайсың», – деп бұртиямын. «Ойбай-ау, Жанболат саған күйеу жолдас болып, есесін қайырды ғой», – дейді Ләззәт сүйіктісінің сөзін сөйлеп. Қалай дегенмен де қалауын тауып қиыстырған өздерінің бақыт несібесі ғой. Айтпақшы, менің өзімнің туған әкем Құдакелді екеуімізге Ләззәттың атасы Омар әулетінің дәмін татуға тағдырдың өзі бұйыртқан сияқты. Елудің есігін аттаған кезде Ләззәтпен шәй үстінде әңгімелесіп отырып: «Менің әкем отыз екінші жылы Алматының түрмесінен қашып шығып, тағы да қолға түскенде әуеліде Қарақолдағы «Қызыл әскер» лагеріне қамалыпты. Содан кейін Өкпетінің баурайындағы «Омардың күнгеі» деген қыстақтағы лагерге ауыстырылып, бір қыс жатыпты. Сонда...», – дегенімде, Ләззәт: «Ой, ол мені үлкен атамның аты, бұрын «Омар күнгеі»

дейтін. Қазір «Омар қыстауы» дейді. Менің ата қыстуым сол. Өзі сенің дәмін ежелден біздің үйден бұйырған екен ғой», – дегені. Тағдырдың мұндайда қисындыратын қисыны болады екен-ау. «Біздің әулетке ежелден сендердің дәмдерің бұйырылған екен. Қой, әкем бір қыс дәм татқан үйден мен бір түнеп кетіп қалсам, дәстүр бұзғандық болар», – деп алғаш Астанаға келгенде табандап үш ай жатып, үш ай бойы Ләззәтқа ас әзірлетіп, Әуіпбаевқа «туфлиімді тазалатқаным» бар. Сөйтіп, әкемнің түрмеде тата алмаған дәмін мен татып жүрмін. Сондықтан ондай «тегін ырыздықтың» еншісінен жуық арада бас тарта қоймайтын шығармын. Ең бастысы: Жанболаттың жан ырыздығы – жазғандарын оқудан кенже қалмасам екен, соның дәмі бұзылмаса екен деп тілеймін.

Қысқартып айтқанда, қазақтың мәтелі қалай құбылтса да, әкеге де, шешеге де тартып туған ұл болады және бар. Ол – Нұрша шешеміз бен Әлихан әкеміздің адал, қоспасыз таза әрі елгезек, әрі салмақты түйіні, қазақтың сөз өнерінің түйіні Жанболат Әлиханұлы Әуіпбаев. Біз, онымен бірге қырық үш жылдан бері иық сүйесіп өмір сүргенімізді дәтке қуат санаймыз. Бірде құрдасым Сауытбек: «Осы сен сескенетін не бар?», – деп қалғаны. Мен: «Жанболаттан қатты қорқамын», – дедім. «Қалай? Неге?», – деді танданып. Мен: «Оның ары тым таза. Мен ары таза адамдардан қатты қорқамын. Өйткені байқамай дақ түсіріп алуым мүмкін-ғой», – дедім. «Оның шындық», – деді Сауытбек. Ол – арына дақ түсірмей келе жатқан ойданы таза азамат. Жанболаттың осы қасиетінің өзі де, жазғаны да бір қазаққа үлгі боларлық түйін – деген сөзбен тәмсілімді аяқтаймын.

ЖАҚСЫ ДОС

(Құнытия Қожахметұлы Алтысбай)

Қаншама бір тақуа болып кетсең де, Абай айтқандай, өз өміріңе өзің күніне, аптасына, айына, жылына емес, жылдап барып есеп бергенде, жүрегінде жан жылуының табы сақталған жандарды есіңе алып, сол адамның сенің өміріңнен алатын орнын іздеп, айналаңмен салыстыра отырып соған баға беретін сирек сәттердің болатыны анық. Сол баға арқылы өткендегі қуаныш-жұбанышыңды,

реніш-сүйінішінді, күйініш-өкінішінді еске аласың. Еске ала отырып өзіңе де, досыңа да, өмір сүрген ортаңа да, қоғамыңа да баға бересің. Сондай сәттерде, шығармашылық психологиясының түйсігі солай ма, кім білсін, әйтеуір, әлгі адамның тіршіліктегі мінез-характері, пейіл-пиғылы, жақсы-жамандығы, қулық-сұмдығы, өмір сүру қабілеті мен мақсат жолындағы айла-амалының қайсысы басым болса, сондай оқиғалар алдыңды орап, сондай көңіл-күймен қолға қалам аласың.

Қараша айының басында қол алысып, төс түйістіргенімізге артық-кемі жоқ тура қырық жыл толған Қожахмет ақсақалдың Құныпиясымен өткен өмірді, кешкен ғұмырды екшегенімде, тіршіліктегі пендеге қаратыла айтылатын ең ұлы да әділ баға – «жақсы адам» деген сөз апта бойы ойымда үйіріліп тұрып алды. Санаға сап сараласам да, түйсікпен түйсінсем де, сынап екшесем де, шын мәнінде, Құныпия жақсы деген ұғымның мағынасына толық лайық жігіт екен. Кеше де, бүгін де, ертеңгі қарбалас, етекбасты тіршілікте де осы мінезінен таятын адам және бұл емес. Ендеше: «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» – деген халықтық қағиданы ұстанып, неге қанжығалас достың, оқымысты қаламдастың, сауатты пікірлестің нұрын тасытпасқа – деген ойға келдім және бұл пікірге оны білетін жүздеген әріптестері, ондаған қалам достары, мыңдаған шәкірттері (иә, оның қырық жылдан бергі дәріс берген шәкірттерінің өзі де қазір бір қауым ел болды) қосылатынына еш қылауым жоқ.

«Жақсының сегіз қыры, бір сыры бар» дейді. Осыған жауап беретін мінезді түгендеп, оны Құныпияның бойына шақтап өлшеп пішпей-ақ қояйын және ол сегіз қырдың қандай өлшемге сиятынын толық тап баса да алмаспын. Сондықтан да, өзіме жақын, мағынасы анық Құнанбайдың тіршілік тарихатындағы жақсы адамға берген «неғылайынсыз» бағасымен ғана шектелейін және ол ұғымдар бүгінгі тілмен үйлесіп жатуы үшін тігісін жаза ойымды жеткізгім келеді.

Ақыл мен жүрек қаншама үйлесіп жатса да, адамның азаматтығы өзіне тән үлкенді-кішілі мінезімен өлшенеді. Дархандығың – дарақылыққа жол беріп, жақсылыққа да, жамандыққа да қызмет етсе, жылы жүрегің – жақсыға да, жаманға да езіле берсе, «мінезіңнің қалыбына симағаны»,

ондай мінезде мейірім-қайырым да болмайды, яғни, қайырсыздың қайырымы болып шығады. Әу баста – ағайынның, ес білгенде тапқан «Құнаш» деп тұратын достарыңның, өмір майданындағы әріптестеріңнің, яғни, діл, тіл, дін қарындастарыңның көңілін осы мінезіңмен аласың. Осындай мінезімен өмірден орын алған адамның бойында (мейлі ол кәдімгі етікші болсын, мейлі ол ел таныған тұлға болсын, бәрібір) жақсыға тән толық мінездің бір нышаны бар болғаны.

Бұл реттен алғанда осы алпыс жылдың ішінде Құныпиямен қанжығаласып, ауыздықтасып, қамшыласып келе жатқан қатарластары мен құрбы-құрдастары да, куртастары да, бір кезеңде бір маусым қамыттас болған әріптестері де, бір күндік жолы қиысқандар да оның сырбаздығына мін таға алмасына сенемін. Өйткені ол ешқашанда: барды – байытуға, жоқты – жонуға, артықты – кемітуге, кемшілігінді – бетіңе басуға ұмтылмайды. Керісінше, үнсіз ғана: аласаны – биіктетіп, кемдікті – толтырып, жоғынды – тауып, қиыспаған ісінді қиыстырып, шынтағына жастықты қойып, тыныш қана өз жөнімен жүре береді. Кейде оның мұндай қамқорлығын жылдар өткен соң біліп жататынымыз бар: «Жақсылығың үшін де ұяласың ба? Тым құрығанда ескерте салмадың ба», – деп өзінің жақсылығын өзіне бұлдағаныңда: «Е, бопты. Менің орынымда басқа біреу болса да жасалатын іс қой», – деп қарап тұрады. Ұзын сөздің қысқасы, Құныпияны мақтап – биіктете алмайсың, жамандап – аласарта алмайсың.

Егер шығармашылық туралы сын айтсаң тағы да үнсіз тындап, үнсіз шешім шығарып, үнсіз ойға алғанын тындырып, үнсіз ғана қолжазбасын алдына қояды. Тағы да сыни пікір айтсаң тағы да сол жай қайталанады. Әбден иі қанғанда тағы бір тәптіштеп, үнсіз ғана жымыып баяғы «боптысын» қайталап айтып бұрыла береді. Құныпияның осы «боптысына» қарсы майдан ашып, осы скзінен жаңылдырамыз деп кәдімгідей сайланған жансар құрбылары да (иә, құрдастары емес, құрбылары) түк шығара алмаған. Тура, Евгений Онегинге Абай аудармасында берілген: «Жасынан түсін билеп, сыр бермеген, күлсе де, ренжісе де білдірмеген» мінездінің өзі және осы мінездің барлығы оның жан жылуымен астасып жатыр. Жан алып, жан беретін

ең тынымсыз да даулы жұмыс – жоғары оқу орындарындағы түсу емтиханын алатын комиссиясының жауапты хатшысы. Мұндай даусыз тарқамайтын міндетті ширек ғасыр бойы ауыспай атқаруына Құныпияның осы жақсыға тән мінезі себеп болса керек. Оның бұл мінезінің тереңін түсінбегендер мұны жуастық деп бағалап қалатыны бар. Бәрін ішіне тындырған мінезді қаталдық та оның бойына «үнсідікпен» қоса біткенін сыралғылар болмаса, сырт жұрттың аңғара бермеуі заңды да. Қалай болғанда да ақыл мен жүректің басын біріктіреп, «сауытында ұстайтын мінез» Құныпияда бар. Мен үшін оның бұл «мінезі» – жақсыға тән мінез. Бұл мінез оның өміріне де, өнеріне де тән.

Ал ондай мінезді ұйытқан мәйек – бір үйірлі елдің кормалы атанған Қожахмет дегдар мен Әтихан кейуана, ал Сейдахмет, Қанафия, Әнәфия сияқты ағалары сол иіндіні шайқаған сабабасы сарбаздар. Қалған Гүлбаршыннан бастап Едігеге дейінгі іні-қарындастарын осы мінезге баулып келе жатқан Құныпияның өзі. Ал Бөпесі мен Торғыны да сол мінездің бесігінде тербелген инауатты жаратылыс иелері. Бұл да Құныпияның мінезіне сай берілген өмір сиы. Мынау алмағайыпты, алыс-берісті заманда оның «мінезінің сауытын» шайқалтпаған да осы ағайындары болса керек. Достары, біз де, оның «боптысына» қанағаттанып, «мақұлына сеніп», марқайып келеміз. Мінез қаталдығы демекші, бір мысалды тілге тиек ете кетейін. Қазір өзгені былай қойғанда өзінің баласына өзі қазақша үйрете алмай, не сөйлете алмай жүрген тіл патриоттары көп қой. Ал Бөпе Құныпияның қолына кеп қонғанда қазақша сызбайтын: «Ағашки! Бата хочу» – деп сызылып отыратын сылқымның өзі еді. Араға тура бір жыл салғанда Жәнібектің үйінде Несіпбек екеуміздің аяғымызды бір етікке тығып, қара өлең айтысынан жеңіп кеткені бар емес пе. Осы күнге дейін Құныпияның осындай ұстаздық қырына таң қалумен келемін. Маған: қолына аю түссе де Құныпия соған қазақша үйретіп жіберетін сияқты көрінеді де тұрады. Ал, мінез керек болса!

Қазақтың сыншы билерінің жақсынының сынын анықтайтын екінші сыны – «сөз түсінетін кісі» деген тіркестен шығады. Оның белгісі – сөз аңғарын түсініп, сол сөзді екінші адамға өз ауанында айнытпай жеткізіп, ол адамның жауабының аңысын аңдап, астарын сезіне отырып,

ешқандай сөзді алып-қоспай әуелгі иесіне тиянақты жеткізу, сол сөздің астарын билік шешілгенше екінші адамға жария етпеу. Бұл – билерді бітімдестіретін, елді елдестіретін, адамның түйсігіне салмақ түсіретін сөз психологиясы, кәсібімізге лайықтап қолдансақ, творчество психологиясы. Сөзуар қазақ үшін бұл да оңай талап емес. Тіпті ең басты әрі орындалуы қиын сын. Қанша сыршыл болсаң да, орайы келгенде әлгі сөздің өз өзінен тіл ұшына үйіріле кететінін қайтерсің. Қазақтың: «Досы көппен – сыйлас, досы жоқпен – сырлас» дегені мұндайда есіңнен шығып кетеді.

Ал Құныпиядан досы көп адам аз. Өйткені ол өзіне достан басқа адам іздемейді. Тіршілік болған соң, оның үстіне, шығармашылықпен, ғылыммен айналысқан соң көзқарас тартысы болмай тұрмайды. Сондайда жасанып келген адамға да «боптысын» айтып, сөз қайтармай, сөзін тыңдап, қадерінше жақсылығын үнсіз жасап, шығарып салады. Тіпті өзіміз араласып, оның өзі ішінде болған жайларды кейде санаңда қайта жаңғырту үшін сұрасаң, нақтылайтынын нақтылап қана береді де ар жағын «боптысымен» аяқтай салады. «Ей, бұл неғылған таусылмайтын «бопты». Боптыңа да бір «бопты» дейтін кезің бола ма?», – десең, тағы да сол «боптымен» жауап береді.

Бұл реттен алғанда Құныпия нағыз сыр сандық. Бірақ сол сыр сандықтың ішінде қаншама адамның жан құпиясы мен сыры, мінезі мен қыры, шындығы мен өтірігі, алдауы мен алғауы жатыр десеңші. Соны сыр ретінде сыралғы досына айтпайды. Мұндай да дәл осындай ділі қатты, тілі берік адаммен қатар жүргеніңе таң қаласың. Сондықтан болса керек, кейде жан қысылғандағы жақсы сөзді де, жанама сөзді де Құныпияға майын тамызып, айызыңды қандырып тұрып айтасың да, «боптысын» естіп, мәз болып қайтасың. Астанаға ауысу туралы сөз қылаң беріп, екі ойлы, екіұшты боп тұрғанымды айтып, ақыл сұрамаймын ба. Сонда берген жауабы: «Ел ауған жаққа ырыс ауады» – деген Жұртбаев», – деді. «Бұл қостағаның ба, жоқ, шығарып салғаның ба. Онда мынадай қиындық болса қайтемін», – деп қазабалап едім: «Бопты», – деді. Ақыры осы «боптысымен» өзін бопсалап Астанаға ат басын бұрғыздық. Ендігі тіршілікті оның осы «боптысын» малданып өткізгеннің өзі жанға олжа. Әйтпесе, Астанада да достар көп қой. Бірақ соның өзінде де кейде

Құныпияның «боптысы» жетпей тұратыны бар. Әрине, мұның ішінде, әннің бабын келтіретін сызылған дауысы да жүректі қытықтап, өткен қырық жылдың қызығын көз алдына әкеліп, Жәнібекті бір еске түсіріп қоятын сүйкімділігі де бар.

Сонымен, «сөз түсінетін жақсы кісінің» санатына қосқымыз келіп отырған Құныпияның «сөзді ұғып, аңысын аңғарып, жеріне жеткізіп, үнсіз билік айтатын» мінезіне дәлелді өзгеден емес, оқымыстылығынан ғана сурытпақтасақ жеткілікті. Біз де ғалым атанып, дәріс оқып жүрміз ғой. Бірақ ұстаздыққа мойынсына қойғамыз жоқ. Өйткені, тамыры бір болғанымен де, ғылым бір басқа да, білім жүйесі бір басқа. Қазақтың сыншы билерінің: сөзді ұғып, бойына сіңіріп, оны басқаға жеткізіп, қайта өз бойына сіңіре білетін адамды жақсылардың қатарына қосуы тегін емес. Құныпияның бойынан бұл мінез де табылады. Өйткені оның табиғи тумысы – сөз ұстазы болғандығында. Қолына қалам ұстап, ой қуғаннан бері оның әр еңбегі сөзді оқытудың әдістемесімен тікелей байланысты. Отыз жыл еңбектеніп жүріп әуелі оқу методикасы, содан кейін шығармашылық психологиясы кафедрасын ашты. Шындығын айтсам, педагогикалық әдістемесіз шәкіртіңе білім сіңіру мүмкін емес екен. Оны мен енді түсініп жүрмін. Демек, Құныпия білімді бойына жияды (сөзді тыңдайды), оны түсініп дәріс береді (келесі адамға жеткізеді), содан кейін бағалап, оның нәтижесін қайтадан ұстаздарға жеткізеді. Яғни, «Көркем шығарманы талдау жолдары», «Тарихи шығарма: таным және көркемдік», «Поэма және сюжет», «Қазақ аудармасының теориясы мен тәжірибесі», «Поэзия парасаты», «Мұқағали өрнегі», «Қазақ әдебиеті» деп кітап жазып, профессорлармен, докторлармен, оқытушылармен ақыл қосады. Мектепке арналған оқулықтары бір сара. Және осының барлығын жариясыз қалыпты мінезімен жарыққа шығарады да, соны үнсіз қанағат тұтады. Мақтай бастасаң сол баяғы «боптысымен» дымыңды құртады. Демек, ол өз сөзінің қадірі мен пайымын біледі.

Сөздің тындырымдысы мен тындырымын ұнатады. Тіршілікте, өзгені былай қойғанда, тек менің өзім ғана қаншама қайырылмай жатқан қарбаласты шаруаға қол үшін беруін өтіндім деші. Өтініп емес, қашан «боптысын»

айтқанша өктемдете бастырмалатып та алатын кезіміз болды. Кезекті «боптысы» аузынан шыққаннан кейін еш қаперсіз, ол іс сенің желкеңнің қырына батып тұрғанына қарамастан «неғылайынсыз», алаңсыз жүре бересің. «Ал, Жұртбаев...», – деп хабарласса, істің оңғарылғаны. Оған дейін өзің де дымыңды ішіңе тартып жүресің. Соған қарағанда берген уәдесіне қамшы салдырғанды ұната бермейтін кірпияздығы да болса керек. Оған да қаратпай бір-екі рет шайқап жіберсең: «Бопты. Мен құтылдым...» – деп атқарған ісіне өзі қысылғандай боп ыңғайсызданатыны тағы бар. Тура осы сәтте бар шеберлігің мен шешендігіңді іске қосып, әй бір, айызыңды қандыра әзілдесең, майпаз ғой, шіркін, тізгін қақтырмай жорғалай жөнеледі. Кейде өмірдің сондай сәттерінде одан сүйкімді адам есіңе түспей қалатыны бар. Сөзіне ісі сай тындырымды жақсыға тән мінез осындай-ақ болар. Әйтпесе, қайырым-жақсылығын бұлдаңқырап жіберсе, өзінді қоярға жер таппай қалатының анық қой. Бірақ ондай мінез көрсетсе, жақсының қатарына қосылмай да қалар еді.

Жоғарыдағы айтылған жақсыға тән үшінші мінез – әділдік. Бұл сөздің астарына адалдық, шыншылдық, қайырымдылық, түйсіктілік, алғырлық, елгезектік, ақ ниет сияқты ізгілік нышандар жататын шығар. Мен Құныпияны періште дей алмаймын. Бірақ, оның ойы да, ісі де шын ниеттен туады. Мақсатыма жетсем, ана істі істесем, ол үшін ана адаммен сөйлесем дейтін пейілге бейім пенделікті ойлайтын шығар, бірақ оны пиғылына жеңгізіп көрген емес. Өйткені ол не ойына алса да адам баласына деген ілтипатпен кіріседі. Адам жанының көлеңкесінің өзінен жақсылық іздейді. Осы жарқын мінез достарының жанына да, әріптестерінің көңіліне де, шәкірттерінің жүрегіне де жақсылық нұрын құяды.

Жақсыға тән қалған мінезді қозғамай-ақ қояйын. Осы үш мінездің біреуінің өзі де бір адамның өмірінің мағыналы өтуіне әжептәуір кепіл береді. Адамға, ортаға, қоғамға осындай сыйымды мінезімен сыйлы дос тәуелсіздік, рухани тәуелсіздік әмселесіне келгенде үзілмейтін, тат баспайтын күміс өзекке айналады. Бұл да мінез. Жақсының жасына жақсылықтың жылуын сыйлаумен келген жақсы досқа қаратыла айтылған бірауыз жақсы сөз де оның нұрын тасытпаса жасытпас деп ойлаймын.

СҰҢҚАРДЫҢ САМҒАУЫМЕН ӘН ОЗДЫРҒАН

(Тұрсынғазы Рахимов)

Пендешілік өмірдің күйкі тіршілігіндегі құрышыңды қандырып, құрысынды жазатын бір жұбанышты рақат – күйлі-сырлы ән болса керек. Қай-қайдағынды еске түсіріп, бір күрсіндіріп, бір сүйіндіріп, бір желпіндіріп, көңіл шаңын қағып алған соң, жан сарайың жанбырдан кейінгі жазғы ауадай аңысың ашып, жадырап сала бересің. Әсіресе, жүрегінің түбіне кір жасырмай, әр деміне жанының бір шымшымын қосып, әр әнін бірінші және соңғы рет айтып тұрғандай шіміркендіретін осындай құдірет иелерінің (иә, олар жәй әнші емес, кие қонған құдірет иелері) өнеріне ризаланған Абайдың «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» деп бағалауы да сондықтан шығар. «Оянған жүрек» әсерден әсер ала қанаттанып, қуатты дауыспен қоса аспандата самғайды. Ән қанатытының суылына кең аспан тар көрінгендей қусырылып кететін ондай шағымды шақтардың жиі кездесе бермейтіні өкінішті. Мұндайда, бір сезім бір сезімді қозғап, бір елес бір елесті қуып, бір әсер бір әсерді үстемелеп, анық дидар ғайып дидармен астасып, көзінді қамап, буалдыр таңғажайып дүниеге жетелейді.

Дәйім ақпан айында сондай бір табиғи құштарлықпен өтетін Мұқағалиға бағышталған ән кешінен соң өз басым сондай бір шамырқанған күйге түсемін. «Есімде, бәрі есімде, бәрі есімде» деп қыран мінезді Мұқағалидың өзі айтқандай, биыл да Алматыдан ауылға дейін шабытты шарпумен өтіп жатқан Мұқағалиға арналған салтанаттармен өздері де «Аққудың қанатына өлең жазып жүрген» Жүрсін мен Несіпбек өткізген кештен соң «аспандағы бұлтпен араласа төңкерілген» көп дүние көз алдымнан көшіп өтті. Ақындардың ақиығына арналған сол сауықтардың барлығында Тұрсынғазының кем дегенде төрт-бес әннің орындалғаны ойға оралып, сол әндердің шығу тарихына куә болған сәттерім елестеп өтті. Соның ішінде, дүниеден жаңа озған ақынның өксігі басылар-басылмаста, арманын әнге орап жамиғатын жұбатқан «Сәби болғым келеді» деген қуатты, шымыр, шынайы дауыс өзге әсерді ығыстыра

жад шымылдығын аша берді. Ол дауыс – қазір қазақтың ән аспанында сұңқардың самғауымен ән оздырып жүрген қияқ қанатты Тұрсынғазының, кәдімгі өзіміз «ән түгел» деп еркелетіп жүрген, әлі де сәбиліктен арылмаған Тұрсынғазы Рахимовтың бала дауысы еді.

Мұқағалидың қайтқанына да, сол «Сәби болғым келеді» әнінің қазақ аспанында шарықтағанына да қырық жыл, сол әннің тууына себепкер болған қос сәби – қос Сұңқар да қазір қырықтың етегін басты. Ал Тұрсынғазының өзі ата қырандай қусырынып, туған тұғырында қомданып, сайын даланың сан қиырындағы шәкірттерінің алғауымен, содан бері Мұқағалидың сөзіне жазылған отыз бес әнінің кешін сағым мен сағынышы аралас сауық кешін өткізудің қамында қазір. «Аққудың қанатына өлең жазған» ақынмен, «сұңқардың самғауымен ән оздырған әншінің» дидары жарыса күштарландырған, талантты тарланның тұяқ дүбірі елендеткен сол бір аңсарлы кештің әсеріне ойша бөлене отырып, қаламды қолға алдым.

Турасына көшейін, сөзбасын таңырқай толғап бастағаныммен де (шындығында да сондай сезім-күйдемін), аңғалдығы мен адалдығы шығыс қапталдағы ғайри қазаққа мағлұм малтүгел ағамызды алдыға тартып, «малтүгелдетіп, малтүгендеп» алмасақ, салтанаты мен сақибтығына, әні мен өміріне сәбилігі ере жүретін тумысы тартқыр Тұрсынғазы туралы әңгіменің де де татымы шықпайды. Ол өзі тумысынан талантты келетін осы тұқымның бүйіріне біткен көкбауыр сияқты, жігі ажырамайтын мүшелі сыбаға. Ең алғашқы таныстығымыздан бастап тізгін қағыстыра, сөз табыстыра, әзіл жарыстыра өткізген қырық жылдың ішіндегі кездесуіміздің бір де бірінде Тұрсынғазының өнері мен малтүгелдігіне қоса қабат таңданудан еш жазған емес екенмін. Құдай-ау, «құйып қойған қорғасын» демекші, құйып қойған малтүгел және жасандылығы жоқ табиғи малтүгел. Сенбесеңіз, айтайын.

Дәстүрлі әншілердің Әміре Қашаубаев атындағы республикалық тұңғыш конкурсы өтіп жатқан кез. Сол тұста қазаққа біткен әншілердің жайсаңы мен қасқасының бәрі бас қосқан, Алматының аспаны солардың шырқау дауысымен көтеріліп-басылып, ырғағымен тербеліп тұрған шақ. Ащы айқайы құлақтың жарғағын жарады, майдақоңыры

жүректі әлдилейді, нәзік үнділері көңілдің қылын шертеді, екпінділері ес тандыра еліктіреді, ырғақтылары тербетеді. Жас перілердің бәрі де ширығыңқы, сахнаны сілкіндіріп, ширақ басып шығып, бойды шымырлатып-шымырлатып алады да, тыңдаушыны тамсандырып, таңғалдырып кетеді. Қойшы, үш күн қиял-ғажайып әлемнің ішінде жүргендей болдық. Алғау аяқталған кеште Жәнібектің айналасына үйіріле қалғандардың үйіріне қосылып мәдениет министрлігінің аты аңыз жатақханасына беттедік. Мұндағы сауық-сайранның әсерін: әннің шаңы аспандата қағылды – деген сөз ғана жеткізеді.

Таңғы алагеуімде Жәнібек пен Құныпияға кеуделі, кайратты құрым қара шашты, келте мұрын, дүрдік ерін, дабынқара жігіт ілесе шықты. А десе болды аузынан «Жүсекем» (ұстазы Жүсіпбек Елебеков) деген сөз шығады. Дауысы қарлығып, байқауда бабына келмепті. Басын шайқап қойып соған өкіне береді. Әдетімізше Жәнібектің үйіне жастана қонып (үшінші күн қатарынан), таңертең Жәжәңнің қою қызыл шайын ішіп, маңдайымыз тершігенде: «Сенің тамаша әнші екеніңді білемін. Несіне уһілей бересің. Жанболаттың тойында Ләззәттің бетін ашқан сен емессің бе. Дауысың шатырды желпіндіріп жіберген сонда» – деп едім: «Оны қайдан білесің. Өзім қатты ыңғайсызданып қалдым сонда. Қыздың бетін ашқанда бір-ақ білдім» – дегені. Сырына қанық Жәнібек сылқ-сылқ күлді, сыпайы Құныпия жымып қойды. Жөнін сұрағанымда: «Ой, шынында да ұят болды. Өз қарындасымның бетін өзім ашыппын. Ләззәт менің қарындасым емес пе» – дегені. Енді Жәнібекке мен де қосылдым, ол күлкіге өзі де қосылды: «Әй, Тұрсынғазы! Тағы не бүлдірдің? Мынаның көзінше айтпа, бұл әлгі аты шыққан сатирик (әрине, мені де шымшып отырғаны). Осындайларды естісе болды, «Араға» жазып жібереді. Содан кейін әнші Тұрсынғазы емес, малтүгел Тұрсынғазы деген атағың шығып кетеді» – дегені. Малтүгелдің тұқымдарының қожанасырлыққа бергісіз аңғалдықтарын мен де жақсы білетінмін. Әрі құрдас екенбіз. Қарап тұрмай қақпақылдата жөнелдім. Содан басталып кеткен қақпақылым үдемесе, міне, қырық жыл өтті, әлі бәсең тартқан жоқ.

Тұрсынғазының сәбилік мінезіне сол жолы-ақ көзім жетті. Жәнібектің іргесіндегі дүкенде «Орленок» велосипеді

түсіпті. Таптырмайтын қат кезі. Жәнібек қоярда қоймай өз ақшасына сатып алды: «Сұңқарды қуант. Ертең таба алмайсың» – деді. Бір жастағы бала бұл «шайтанарбаға» мінгенше екі-үш жыл керек және бүгін әншілермен серуендейтін күніміз. Оны кім көтереді. Қарап тұрмай: «Мен көтеремін» – дегені Тұрсынғазының. Қойшы, содан бастап Тұрсынғазының арқасына «мінген» әлгі велосипед екі күнде Алматының тең жартысын аралап шықты. Қайда барсақ та арұасына көтеріп алады. Үшінші күні студияға қалдырдық. Сонда бір де бір рет қыңқ десеші. Қоштасарда: «Сұңқардың велосипедін ұмытпа. Менен сәлем айт. Аты жақсы екен» – деп Семейіне кете барды. Ол велосипедті бір айдан кейін Жәнібектің өзі үйге әкеліп беріп, жиырма бес жастағы Тұрсынғазының сәлемін бір жарым жастағы Сұңқарға жеткіздік. Соған осы күнге дейін таңқаламын. Мұндай да аңғал, мұндай да адал, сәби мінезді болсашы. Ана ащы да қуатты зор дауысқа мына сәбилік жараспайтын-ақ сияқты көрінді.

Дағдысыз бір ғадетім, ән естісем болды, сол дауыстың соңынан ілесіп жүре беремін, кейде әншінің бетіне қарамай, ән аяқталған соң бұрылып кете беретінім де бар. Бірақ, үстіңгі дауысы аспанға шарықтап шығып алып төменге түспейтін, астыңғы дауысы жаныңды майда қоңыр мәпелейтін, Тұрсынғазының қазақы (өзімше) дауысы санамның түкпірінде шыңылдап тұрып алды. Ол жылдары филармонияның әншілері «сайда санын, құмда ізін» таптырмайды. Сайын даланың қай қолтығанда, қай сайда жүргені өздеріне ғана мәлім. Гастрольден оралғанда балалары танымай, жатырқап жоламай, сол күйі жатбауыр тартып кеткендері де бар. Әйтеуір, Есмұқан Обаевтің арқасында Тұрсынғазы Керекуден Семейдің облыстық театрына келіпті дегенді естіп, орайы келгенде ұшырастым. Қума рөлдер беріліпті, соның өзіне риза. Негізінен барымташылар мен қаратопай солдаттардың (ақ, қызылы аралас бейнесі) сыбағаға тартылыпты, енді «Майра» музыкалық-драмалық спектаклінде «музыкальный» рөл берілмек екен:

«Әттең, соны нетіп кетпесем болды. Өзім де байқамай қаламын, қалай сөйтіп кететінімді. Әйтпесе, Ес-ағаң менен ештеңе аямайды. Қаңғып жүрген жерімнен бір бөлме үй беріп осында шақыртып алды. Керекуің қазақ әншілерін

адам демейді. Ризамын», – дегені әредік әңгімеде. Шыдамай: «Ей, сенің нетіп жүргенің не? Нені нетіп жүрсің, түсіндірші өзің» – дедім. – «Өй, соны да білмейсің бе, мен әлгі немін ғой. Сол есем пе, әйтпесе Ес-ағаң аямайды рөлді». «Ей, несің? Қылмыскерсің бе, сотталдың ба?». «Жоға! Өй, мен малтүгел емеспін бе». «Ей, болса несі бар. Есағаңның албан екенін, шешесі Каллекидің үйіне Кегеннен сары май әкеп беріп тұратынын мен де білемін. Онда тұрған не бар?». «Ой, оны саған ешкім айтқан жоқ па?». «Сен мұндасың, мен Алматыдамын. Сенің не екеніңді, нетіп жүргеніңді мен қайдан білемін?» – дедім мүжәйімсіп. Әйтпесе, Тұрсынғазының ғана емес, ағасы, Оралханның жан досы Ерғазы Рахимовтың «малтүгелдігін» пьеса етіп қойып беретіндей оқиғалардың куәсі болғаным бар.

«Ендеше саған айтайын. Жүсекең марқұм бізге, әннің сырын ішіңе түсіріп, сыртыңа шығармай айт – деп үйретті. Ал, Есмұхан аға: «Сен сахнада өзің рөлін ойнаған адамның өмірдегі әрекетін өмірдің өзіндегідей етіп сыртқа шығарып шынайы жеткіз. Әйтпесе көрермен сенбейді. Оны «фальш» дейді. Фальш болғанша – бәліш болғаның жақсы» деді. Содан бәліш болмайын деп, образдың ішіне кірдім. Алғашқы рөлім Жансүгіровтің пьесасындағы байға кектеніп жүрген жылқышы болды. Ыза боп кетіп байды қамшымен тартып-тартып жіберетін жері бар. Сөзі жеңіл. Содан адамгершілік жасаған Есмұқан ағаның көңілінен шығайын деп ашулы жылқышының кейпіне келдім де, қолма дырау қамшы алып, ақырып жіберіп, аттап-аттап бардым да байды – Әбілқасым Жаңбырбаев ағамды дойырмен тартып кеп жібердім. Қолым сүйсініп кетті. Әбекең де ыңырсып жіберді. Е, дұрыс істеппін ғой. Екі рет ұр деп еді ғой деп, тағы да қамшымен ұмтыла бергенімде Әбілқасым аға алдыға бір аттап кеп қолымнан ұстай алып: «Болды!» деді ақырын. Бұрылдым да кетіп қалдым. Спектакль біткен соң Әбілқасым ағаның бөлмесіне барсам шешініп жатыр екен. Арқасындағы қамшы тиген ұзын тіліктен қан шып-шып тамып тұр. Аяп кетіп: «Не болды аға?» – деп жетіп бардым. «Саған айтқан жоқ па, саканада шын ұрмайтынын?» – деді. «Жоқ, бәрін де өмірдегідей сендіріп істе деген. Сосын...». «Ештеңе етпейді. Сахнаға үйреніп кетесің» – деді. Ой, ұялғаным-ай, ұят болғаны-ай! Сөйтсем, өзге қулар сипай салады екен. Келесі спектакльге шығарда

Әбілқасым ағам шақырып алды, арқасын қарақотырланып келеді екен. Маған бояған капроннан қамшы өріп әкепті, соны берді...

Жоқ, мұнымен де біткен жоқ. Енді өзім өліп қала жаздадым. Қайым ағамыздың «Сабыржан Ғаббасов» спектаклінде ақтар атқан қызыл әскерді ойнадым. Мылтық тарс ете қалғанда: – Шын өлгендей бол – деген Ес-ағамның ақылы бойынша, аяғымды серпе биік бөренеден шалқалай жығылдым. Басыммен сақнаның еденін тарс етіп жығылғанымды, алдыңғы қатарда отырған көрерменнің «Өлді!» дегені есімде. Көзімді ашсам Ес-ағаң отыр өбектеп, дәрігер жүр дедектеп, сақнаның шымылдығы жабулы. Зал күбір-күбір, гу-гу... «Ажалың жоқ екен, мынаны көрдің бе?» – деді Ес-ағам мен басыммен құлаған жердегі қаннан бір қарыс қиыстау жердегі ұшы шығып тұрған бір қарыс көршегені көрсетіп: – Сен өзің малтүгел емессің бе, осы? Не дейді! Қап білмегенім-ай. Енді сахнаға қайтып шығасың? Жарайды, сені де, мені де құдай сақтады» – деді. Жедел жәрдемдегілер зеңбілмен салып ауруханаға алып кетті. Содан бері енді сахнаға қалай шығарымды білмей жүрмін. Ойнап жүргенде оның өтірік өмір екенін ұмытып кетемін. Сондай аңалдығыма өзім де таңғаламын» – деді. Күлесің бе? Енді, жыламайсың, күлесің, әрине. Ал бұл күлкі ол кезде Тұрсынғазы үшін тәп-тәуір уайым болды. Әйтеуір, Есмұхан ағамыз Каллеки мен Шәкенді көрген есті режиссердің қатарынан ғой. Тұрсынғазыны қолдап осы Тұрсынғазылық деңгейге көтерді.

Сол жолы түнделетіп (түн – артистер мен әншілердің күндізі) бір бөлмелі үйіне бардым. Бусанып, сорпаланып, аяқ-қолын енді жиып отырған Фатима ханум қарсы алды. Әзілім жараса кетіп: «Сонау Керекудің көп қарағайының ішінде жүріп, сені қалай ұмытпай тауып алды, мынау?» – дедім. «Ой, мұның сырына бесінші сыныптан қанықпын. Келеді, қалжыңдайды, әнін айтады, «Күт» – дейді де кетеді. Әскерге кетті, күттім. Оқуға кетті, күттім. Кереку кетті, күттім. Емеуірін жоқ. Содан бір жолы ауылға келгенде: «Мені аласың ба, жоқ па өзі. Әйтпесе, босат басымды» – дедім. «– Өй, мен айта алмай жүрсем, сен қалай оп-оңай айта салдың, ей. Кеттік, ендеше» – деді. – Қой, бұл малтүгел енді кетсе, мүлдем ұмытып кетер – дедім де екі-үш үйден кейінгі

табалдырықты аттай салдым» – дегені. Фатиманың бұл сөзіне қатты сүйіндім, өйткені еруліге қарулы қайтармаса, сөздің атасы өледі. – «Бірақ соның бәрін бір әнмен өтеді. Ақырын айтып бер, Тұрсынға» – деді. Содан бала емізіп отырған Фатиманы бесігімен оңаша қалдырдық та, асүйдің есігін қымтай жауып алдық. Тұрсынғазы сылыңқы дауыспен әндете жөнелді. Сол жолы «Сәби болғым келеді» әнін тұңғыш рет тыңдадым: «Бала деген тәтті болады екен. Фатима босанған соң біртүрлі күйге түстім. Мұқағалидың «Өмір – өзен» жинағындағы «Сәби болғым келеді» деген осы өлеңінің бетін ашып қойып, домбырамды қағып қойып, ыңылдап отыра бердім. Сенің Сұңқарыңды есіме алып мен де ұлымның атын Сұңқар қойғым келіп кетті. Сол-ақ екен, дауысым қалай шығып кеткенін өзім де білмеймін. Сөйтіп осы ән шықты. Ін бе, әуен бе, өзім де білмеймін. Дереу перзентханаға бардым да, Фатима жатқан бөлменің терезесінің алдына барып: «Құс та болғым келмейді, қанатым бар» деп бар дауысыммен айқайлап қоя бердім. Өзгені білмеймін, бәйбішем риза. Бұл менің тұңғыш әнім, қалай екен? – дедім. Қалай болсын, бір айдан кейін Алматыға келді. Келген соң Жәнібектің (Кәрменов) де, Қайраттың (Байбосынов) да, Мақпалдың да (Жүнісова), содан кейін бүкіл қазақтың «Сәби болғысы келіп» шыға келді. Бұл Мұқағали дүниеден озғаннан соңғы оның арманын жеткізген алғашқы ән еді. Қазір де сахнадан кеткен жоқ. Сәби мінезді Мұқағалидың сөзінен де, сәби мінезді Тұрсынғазының әнінен де сәбилік тазалық аңқып тұрады. Сонысымен де ынтызарыңды аударады.

«Сәби болғым келедіден» бастап жүрегіне шабыт құсы боп қонған Мұқағалидың поэзиясы Тұрсынғазының рухын асқақтатып, жанына қуат құйып, бақытын тасытты. Алматыға әр келген сайын «Аягөз, ару», «Бала-ғашық», «Мен сені сағынғанда», «Иек артқан теңізге мүйістейін» сияқты дәстүрлі нақыштағы жаңа әндерін ала келіп, Мақпал бастатқан әнші достарының репертуарын толықтырып отырды. Бір жолы вокзалдан бірден біздің үйге соқты. Байқаймын, қалжыңнан бойын тарта береді. Бұрынғыдай емес әлдебір ой кірген сияқты. Сияқты емес, ойлы. Содан оңашалана беріп: «Ей, екеуміз де отыздан астық. Не бітірдік. Түгіміз жоқ. Ал Мұқағалилар болса дүниенің сырын түбіне жете түсініп, қартайып барамын деп күрсініпті.

Біздің балалығымыз әлі арылған жоқ. Ес қашан кіреді бізге осы. Сенің түрің мынау, орынсыз қалжыңдап, адамның көңілін бұзасың. Осы жолы бір байсалды адам сияқты сөйлесейінші деп келіп ем, оған мүмкіндік бермейсің. Ендеше тыңда мынаны», – деп «Отыздан асып барамын» – деп әндете жөнелді. Мұқағалидың ғана емес, отыздан асқандарың барлығының жан сырын жеткізген, балалықтан арылтқан ән екен. Алдындағы қалжыңыма өзім де қысылып қалдым. Бірнеше қайтара айтқызып, мұң ішіме түсе бергені сол еді: «Жә, қалжыңдағанға сеніп қалдың ба. Сен бірдеме бітіріп жүрсің, бізді айтсаңшы. Келесі келгенде тек Мұқағалидың сөздеріне жазылған әндерімнің жеке концертін ұйымдастырамын. Қарасазға барып, халқының алдына орындап берсем, менің отызға келгендегі бітіргенім сол болады», – деді.

Ол арманына да жетті. Ол концерт «Қазағым-ай» әнімен ашылды. Нарынқолдықтар Тұрсынғазыға ақ батасын беріп, арқаландырып жіберді. Хан Тәңірдің қыранының қанатының суылын естіген Тұрсынғазының дауысы да асқақтап ісі қазақ даласын шарлады. Мәдениет Ешекеев, Болат Сыбанов сияқты аға әншілермен бірге Дауыл Хайруллин, Баян Сағымбаева, Бақыт Үдербаева, Келденбай Өлмесеков, Гүлшат, Қамбар сияқты қатарластарымен еліміздің түкпіріндегі тұйық ауылдарға дейін аралап, өнер сусынымен сусындатты. Жұлдызды жылдардың қанатына мінген Тұрсынғазы барған сайын шарықтай биіктеп, өзінің шырқау биігіне сол баяғы сәби аңғалдығымен көтерілді. Дауысы құлақ тұндырып қана қоймайды, құрышыңды да қандырады. «Қазағым-айды» тыңдап отырып құлағын баса қойған темір ғасырдың темір ақыны Темірханның (Медетбек): «Астапыралла, мұндай өнерді семейліктер қалай ғана алақандарыңның астына басып отырсындар. «Қазағым-ай» деп дауысын жоғары көтергенде менің құлағым емес, жүрегім жарылып кете жазады» – дегені бар. Әннің қайырмасы: «Пай-пай, қазағым-ай» деп шалқи шарықтағанда жүрегіңнің қабы жарылып кете жаздайтыны рас. «Қазағым-ай» демекші, осы «Қазағым-айды» естіген сайын өзімнің бір өрескелдігім еске түседі. «Қазағым-ай» алғаш рет Алматының сахнасына орындалып жатыр. Әннің әлгі тұсына келгенде Тұрсынғазының көзі алдыңғы қатарда отырған маған түсе қалды. Мен тағы да көтере тұс дегендей сұқ саусағымды шошайта қойдым. Екінші тыныс

алғандай жаңағыдан да жоғары көтеріп әкетті. Тамағы ісініп барады. Сол кезде ғана мұның малтүгелдігі есіме түсіп, саусағымды баса қойдым. Содан кейін барып әннің деңгейін баяулата аяқтады. Сөйтсем, менің шошайған сұқ саусағымды ол «дауысыңды көтер» деген белгі деп түсініпті, ал мен оны ұмытып кетіппін. Өзге болса тәп-тәуір ренжір еді. Ал Тұрсынғазы сол баяғы сәби қалпы: «Сен саусағыңды түсіргенше дауысымды соза берейін деп құлшындым. Әй, қиын екен, тамағым жарылып кете жаздады. Бірақ, шыдап кеттім, ә» – дейді жайбарақат күліп. Сол қиналыстың орнын халықтың сүйсінген алғысы, Мұқағалидың сілкінген қыран рухы толтырып жібергені анық. Сәбилік аңғал мінез-ай десеңші.

Сәбилік мінез дегенге сенбейсіз бе, ендеше тағы бір тәмсіл келтіріп, тәпсірімді тәмамдайын. Ол кезде Тұрсынғазы да середек тартып, мен де ес кіріп, Мұхтар Әуезовтің мұражай-үйіне жетекшілік етіп жүрген кезім. Еліміз тәуелсіздік алды. Рух асқақ, бірақ халіміз қалтақ. Айлап жалақы көрмейміз. Ауылды жер бидай қуырып жеп отырған. Шығармашылық иелерінің алды базарға шығып, таксист боп кеткен. Мен болсам Мұқаңның жүз жылдық мүшелтойына орай мұражайды қалай қалпына келтіремін деп шақшадай басым шарадай боп жүрген кез. Түс әлетінде мұражайдың есігін айқара ашып Тұрсынғазы кіріп келеді. Құшақтаса кеттік. Қолын көтеріп қалғанда байқадым. Екі қолында екі шиша сыра. Өзге әріптестердің көзінше қысылғанымды сездірмедім. Әй-шәй жоқ, шишалардың ауызын ашты да біреуін менің алдыма қойды да, біреуін өзі ұрттап-ұрттап жіберіп: «Ей, іш андағыны. Семейден саған әдейі әкелдім. Өзің білесің, ақшаны көрмегенімізге қанша болды. Таңертең бір бауырым бір қызметім үшін бір уыс ақша әкеп берді. Санасам, Алматыға ұшақпен келіп, ұшақпен қайтып кетуге дәл жетеді екен. Артығына екі шиша сыра келеді екен. Қой, үйге апарып қай жыртқығымды жамаймын. Одан да Алматыға барайын да, мына екі шиша сыраны Тұрсынмен бөлісіп ішейін де, қайтайын – деп, осылай қарай тартып кеттім. Қазір сағат үште Семейге қайта ұшамын. Міне, билетім» – деп қарап тұр «малтүгелім». Ал бұған не дейсің, күлейін десең – қысып тұрған заман мынау, күлмейін десең – істеп тұрғаны мынау. Көз жасын жұтқандай боп, бірақ рақаттана

әзілдесіп әлгі сыраны тауыстық. «Болдым. Шөлім де қанды, сені де, Алматыны да көрдім. Енді қайтамын» – деп орнынан көтеріле берді. Сенбейін десен: келген және кететін билеті қалтасында тұр. Содан аэропортқа келдік. Ұшақ сәл кешігеді екен. Таяу жердегі Түбітхан апайымның үйіне апарып, жылдамдата қуырдақтатып, Семейіне шығарып салдым. Өзгесін қойшы, дәл осы қылығын «малтүгелдік емес» деп кім айта алады!

Сол сәбилігінен арылмаған күйі Тұрсынғазы да пайғамбар жасынан асты. Міне, тағы да Мұқағалидың өлеңдеріне жазылған отыздан астам әнінің дербес концертін өткізудің қарсаңында. Айырмасы, бұл жолы әнді оның өзі емес, республиканың түкпір-түкпірінен жиылған достары мен шәкірттері орындайды. Ұйымдастырған да сол әнші айналайындардың өзі. Өнер адамы үшін қандай бақыт десеңші. Мұндай бақыт әркімнің маңдайына жазыла бермейді. Мүмкін, Мұқағалидың қыран рухы қолдаған шығар. Мүмкін. Ұзағынан сүйіндірсін қызығынды, қимас дос!

«ӨЗІңДІ АЙТЫП, ХАЛҚЫңДЫ БЕЙНЕЛЕДІң...»

(Ақын досқа ашық сыр. Несіпбек Айтұлы)

Ақын Несіпбек Айтұлының «Тоғыз тарау» атты тарихи дастандар жинағы Қазақстан республикасының мемлекеттік сыйлығына ұсынылып, баспасөзде талқылануға жіберілді. Бұл жинағында ақын тарихи тұлғалардың тағдыры арқылы халқымыздың басынан кешкен ауыр кезеңдердегі толғанысын, қайғы-уайымын, қуаныш-сүйінішін, асқақ рухын тебіреністі тегеурінмен толғайды. «Тоғыз тарау» – еліміздің өткені мен бүгінгісінің арасын жалғастырып тұрған тоғыз тұғыр. «Сардар», «Бердіқожа батыр», «Шақантай» дастандарында Абылай, қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, шапырашты Наурызбай, шанышқылы Бердіқожа, Шақантай сияқты елі үшін еңіреп өткен ерлердің айбынды бейнелерін асқақтата жырлай отырып, олардың арман-мақсаттарын, ой-мүдделерін, ұлағатты өсиеттерін бүгінгі

ұрпақпен үндестіреді. Кейіпкер образдарын Тәуелсіздіктің таңымен нұрландырып, Елбасы шақырған береке-бірлікті, ұлттық тұтастықты, патриоттық ар-намысты ұштастыра жырлайды. Көркемдік тұрғыдан алғанда орындалу деңгейі, жеткізу формасы, баяндау тәсілі, бейнелеу кестесі ерекше. Батырлардың басынан кешкен тебіреністі сәтті дәл таба отырып, сол оқиға арқылы эпикалық кең тыныспен ой толғайды. Елдің тағдырын талқыға салған тарихи оқиғаларды еске сала отырып, соны бүгінгі ұрпаққа аманат етіп тапсырады.

Ал танымдық-философиялық ой желісіне құрылған «Көкала үйрек», «Ерлік пен тектілік», «Кәмей ұшқан», «Түс – елес» дастандарында «Қорқыт сарынын» сар өзегіне зар етіп құйған ұлтымыздың рухани абыздарының тағдырлы тұлғалары шабытпен жырланады. Мұндағы қобызшы Тілеп, әнші Шашубай, аңызнамашы Қондыбай сияқты күрделі тұлғалардың ой иірімі де елдік пен ездіктің, иман мен имансыздықтың, мейірім мен қатыгездіктің, адамгершілік пен қайырымсыздықтың арасындағы мәңгілік күрес үстінде сомдалады. Дастандардың әр шумағындағы туған елге деген ұлы да ыстық махаббат, бірлік пен берекеге шақырған аян-өсиет, ертеңгі күнге ұлттың қандай рухани дайындықпен баратынына деген алаң-аманат жадында жатталып қалады.

Соның ішінде «Түс – Елес» атты философиялық дастан ақынның қырық жылдық шығармашылық өміріндегі көркем ойларын жинақтаған нысаналы туынды. Мұнда парасат иесінің бүкіл адамзатқа қаратыла айтылған арман -парызы көркем тебіреніспен кестеленген.

Ал «Игорь жорығы туралы жыр» атты орыстың көне де күрделі дастаны жатық та көркем аударылған. Сонымен қатар осы шығарманы өзінің эпикалық дастандар жинағына енгізуі – ақынның бүгінгі Қазақстан халқының мұраларына деген құрметін танытады.

Осы орайда біз жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбайдың осыдан 8 жыл бұрын жазған әріптесінің шығармашылығы туралы жазған хатын ұсына отырып, біз де редакция атынан тілек қосамыз.

Сөз дертінің дауасы – сартап тартып қалған сананың сусынын қандыратын сөз ғана екен. Бальзак бейнелеп кеткен «көне кепкен тіршіліктің» заңы солай ма, жоқ, ұлы Абай есіңе

салған «бір уыс топырақтың» бағасы мен салмағын сезіне бастағандықтан да, кексе тартқан сайын «ақылың – ашыған у, ойың – кермек» татып, «Өлең көрден тұрғызатын құдіретті сөзді» (сенің сөзің) іздейді екенсің. Ащы да, тәтті де, сұлу да, ойлы да сөздерді ұштастырып жүреміз. Бірақ, сананан көбесін сөгіп, ақылыңды ашып, жүрек бауырды езілдіртіп, өксігі емін-еркін басатындай мағыналы бір «толық сөзді» – поэзияны сағынасың. Сондай күйді сен де басыңнан кешіріп жалғанның жалғандығын сезіне тұрып:

Аспан мен Жер ортасында біраз ғұмыр кешірдім,
Әлсіреген үміт отын мың жағып, мың өшірдім.
Құркылтайдың ұясындай қалтыраған бұтада,
Жел аударған қара қосты әр төбеге көшірдім.

Орын тимей опық жедім тусыраған түбектен,
Жапалақтай балапанын жар басына түнеткен.
Олақ қатын қолындағы күйген көсеу секілді
Қара шапан тігіп кидім тас қараңғы түнектен...

Атқан таңның сәулесінен ақ орамал бұйырмай,
Өтті қанша қапас күндер қапқа салған бұйымдай.
Алтын өмір жүре берді көз алдымда арзандап,
Қайыршының уысында сылдыр қаққан тиындай...

Арман құсын тұлпар мінген бабам қуып жетпеген
Мен де жетіп жарытпасын ұшсамдағы көкпенен.
Бізді қойып, қасиетті сүйген ұлы Алланың,
Мұхаммедтің омырауы да көз жасынан кеппеген! –

деген сөзбен өзінді-өзің жұбатқан екенсің.

Кексе тартқан кемек ойың бусанып, шараңда шайқалып, бояуы оңған түйсігің оянып: «Зіл батпанның астында жатқан түп қайғың» қозғалыпты. Қозғалмай тұншығып әлі де сартап боп жата берер ме еді. Егерде өткен өміріңді, кешкен ғұмырыңда, маңдайыңа біткен бақ пен сорды саралаған тұста, кей кездері:

Маған салса, тұлпар мінген патшалардың көбінен,
Ақылды-ақ көрінеді Қожанасыр есегі, –

дегенің есіңе түспесе, мұны айтқан сөз иесі адамзаттың ұлы тұлғасы Қожанасырдың есегіне құрмет көрсетуге «күміс ноқта» таба алмай түсінде қаңғып жүрген ақын – Несіпбек – сен еске түсірмесең қайтер едік?!. Шындығында да:

Қара судан қаймақ алып, қамын ойлап құрсақтың,
Күннен-күнге асып түскен бір сатқыннан бір сатқын, –

мынау кең дүниені тарылтып, кер заманға айналдырған, тексіздігін жасырып, тектіліктен дәме еткен мәңгүрттерге ызаланып сенің және әрқайсымыздың:

...Жеті атасы хандық құрған қаптап кеткен қасқалар,
Қызыл табан, қырғыш көтен қалмай кедей баласы.
Талапайға кіргеніңмен отырасың қай таққа?
Бұлтқа өкпеле, күн сәулесі шала түссе байтаққа.
Қазақ атың рас болса, бәсекеден құр қалма,
Ағайының, әне, кетті – ал итінді айтақта! –

демеске амалымыз да қалмаған күнге келіп тұр екеміз-ау!

Басқа шара қайсы? Сенің тіліңе өлеңнің өтін құйып тұрған запыран ойымыздың өресіздігінен, өрісіміздің тарлығынан қонысымыздың құтсыздығын жиылған жоқ.

Қүдіреттің ашып-жұмған алақаны тарылса,
Аймақтай көл сыйып кетер оймақтай – ақ қазыққа,

– деген әуелгі бір әлемнің барлығында.

Ол жаратқан иемнің өлшемі ме, әлде, өзіміздің шаршап-төккен сыбағамыздың жұрнағы ма? Кешегімізді ойлап, бүгінгімізді бойласаң», «көз алдымызға қарауытқан обаларды» елестете отырып:

Тауық құсап жем терген соң іздеп дәннің ірісін,
Басың алтын болсадағы бейшараның бірісің.
Кім разы етер еңірегін елінің,
Бақидасы өлісі мен пәнидегі тірісін? –

деп өзіңе де, еліңе де сауал қоясың. Бұл:

Аш итіне көрсеткені шошқасының тоқтығын,
Есігіңнің көзіне әкеп төксе, дұшпан боктығын.

– дегеніңнің кері ме?

Ой түбіне үңілсек, сөз иесі ақын ашынса – ашынғандай-ақ. Ашындырсаң ашындыратындай да мінездерісіз бар екен-ау.

Сілікпеден сілікпеге ұшырап, сезім-күйіміздің құмығудан арылмағаны несі? Бұған:

Өкінгенмен екі болмас тәңірінің бұйрығы,
Жарлы жұртты жарылқамас патшалардың сыйлығы.
Ақ серкенің мүйізіне бақыт құсы қонар деп,
Күте-күте көпке жетті көк ешкінің құйрығы, –

деген сондай өлшемге сиғысыз марғау шыдамдылығымызбен Алланың қайыры түспейтіндей аңғалдығымыз себеп пе? Ендеше:

...Тонағысы келген кезде аяп қалар кімді жау,
Тасжүректі жібітпейді байбаламдап құр жылау.
Ай тақырда қармағанмен, қолға ештеңе ілінбес.
Қай соқырға таяқ болар жұртта қалған бір бұрау?...

Жұртта қалған иттей ұлыған (Абай) осынау жан күйігі мен ой азабы саған да тыныштық бермепті. Сенің де сананды күні-түні кемірген күйкі күннің аккісі ғой бұл. Ақыл-ойдың топсасы сетінген, соған бергісі еліңнен, арсысы Алландан құрсау іздепсің. Әйтпесе:

Күнім түсіп, қайыр тілеп, алақаным жайғам жоқ,
Жақындасам жатырқама, бездірмей ме бетіме –
демес едің.

Менің де, сенің де көңіліңді жұбататын жалғыз медет Сенім. Жан сенімі мен рухтың қуаты. Сенделген сананың бопсасын бекітетін де сол сенім. Сенімсіздік – адамы тіршіліктегі сеңнің саласына айналдырады. Өйткені, осы кешкен ғұмырда:

Теке қойдық кірменің шыбышын да,
Шашым кетті ұстаған уысында.
Басым кетті сілтеген қылышында.
Тектілердің тұқымы тозып бітті,
Түрме менен көшенің бұрышында.

Ол дертке әзір дауа табылар емес. Әлі де:
Ел тағдырын біреулер шешкенсиді,
Қолын малып отырып жылы суға.
Қалыңдаса көпшігі қопандайды,
Мұршасы жоқ жайыңды ұғысуға.
Жанға жинап жандайшап, туысын да
Түзу жүрген жақсымен суысуда.
Ұлтарағын ұялмай туға байлап,
Ұлық қылды қарақшы ұрысын да.

Иә, кеше ғана есігіне құлып, тошаласына – түрме салмаған, күреңіне күзет қоймаған ел едік. Енді айдай әлемнің алдында қылмыскердің тәуелсіз мемлекетінің бірі ретінде атағымыз жер жарып тұр. Бірақ та, «Тым құрыса кетгің ғой мал баға алмай», – деп Абай айтпақшы, рәкеттер мен рахаттардың елі атанғанымызбен, сол рәкеттердің рақатын алмағанымызға қорланамыз. Қарақшы екеш қарақшы да қазынасын қорасына жиюшы еді. Ал, біздің барымташыларымыз, тағы да Абай айтқандай, «төрден үрген ит құсап», өз елін өзі аңдиды, жатты жарылқайды. Кешегі күнгі «жас қазақтар» елін қорғаумен ажал тапса, бүгінгінің «жас қазақтары» елінің бары мен арын сатып, қорлаумен жүр. Соған ашынғандықтан да:

Үрейімнің күнде ұлиды қаншығы,
Көбейіп жүр жүрегімнің шаншылы.
Қарайғанда қанды ішіме тартамын,
Қайта жұтып жанардағы тамшыны, –
депсің.

Енді, қостағы малдың ізі Коста Рикадан бір-ақ шығып жүр. Сондықтан да:

Құрып кеткір, о, зобалаң қырманы,
Жеті жұттың біз болдық па құрбаны?

Жалғыз атын жығып берген қорадан,
Не күйде екен қара шалым қырдағы? –

деп тек ғана емес, барлығымыз алаңдаймыз.

Алаңдаудың ең азапты түрі – ақылыңның алағызуы. Өзге ұлтты қайдам, ал қазақтың ақылы азапқа түсіп, жаны қысылса – аруақ шақырады, яғни, аруақтар есіне түседі. Соның ішінде кешегі шаһит кеткен жас қазақтардың аруағының алдында бүгінгі жаһит жас қазақтардың құзыры үшін еліңмен қоса күңіреніп:

Сөз айтпаймын мен саған қитығардай,
Тұрмысыңның, қарашы, сыйқы қандай?
Жалғыз үйден аумайсың жау тонаған,
Үрерге иті, сығарға биті қалмай.
...Қай ұшынан білмейсің тартарыңды,
Күнде қиып, қысқарған арқаныңды.
Қорандаған қорыңнан үміт үзіп,
Түгендейсің таудағы арқарыңды.

Немесе:

Қырсық ғұмыр, қыңыр көш кері кеткен,
Қинауменен келесің мені көптен.
Жұрттан қалған жұрнаққа өзін жар бол,
Жүдеу жайлау, сары бел көні кепкен...

... Қарақшылар құтылды жаза көрмей,
Малсыз қалса, кім өлсін қазақ өлмей?
Жер астында аруақтар күңіренеді,
Құлағына құдайдың маза бермей.

Топырақтың тәніне жара шығып,
Талған болып, тас берік көр ашылып,
Елестейді көзіме қалың аруақ.
Малын іздеп жүргендей аласұрып, -

дейсің күрсініп.

Күрсінуін күрсінеміз-ақ, бірақ біз үшін кім сілкінеді?
Кім?

Сонда шабыт шақырып, ақылыңды иітіп, ойыңды
сауғанда табатын жұбанышың қайсы? Жаңағы ақындық

түршігу ме. Енді сенің өзің де өзіңнің сол ойыңнан түршігіп, жаның мен арың байыз таппай, жетім торғайдай шырылдайсың. Ар-ұятың аршылып, жалғанмен, Жаратқанмен жалғыз арпалысасың. Сен де өзіңнің ойданыңмен бетпе-бет қалыпсың. Сенің өмірдің де, өлеңнің де шыңырауының түбіне түсіп, нағыз ақындық шеберлік пен шабыттың жасының суын қанып ішкеніңе сүйіндім де, сонымен бірге әр сөзің тұнық, әрі ащы әсеріне күйіндім. Әрине ақындардың шабытының еншісіне әбілхаят суы емес, жасының кермек суы бұйырғанын білесің. Бірақ ол шабыттың тұнығынан қанып ішкен саған:

Солқылдатып өмірдің сан сауалы,
Жүрегімнен, миымнан қан сауады,
Дүбір салған ішімде дүлей тасқын,
Сыртқа бұзып шыға алмай жар соғады.

Күннен-күнге тарылып ел тынысы,
Сезілмейді тірліктің серпілісі.
Алаң қағып әркімнің көзінде жүр,
Қасқыр тартқан тоқтының қорқынышы...

Қиылғанша жанымды қансыраған,
Көз жасыммен жуармын тамшылаған.
Көрге бірге шұбырып кірсе қайтем,
Қара бала қол жайып нан сұраған?! –

дегізерліктей көрген күніміздің аса үрейлі болғаны жаныңа батады.

Бұл кешегі ашаршылықтың елесі емес. Керсінше, сені мен менің ғұмыр кешіп отырған ғұмырымыздың шындығы. Сол шындыққы көзіміз бен етіміздің ғана емес, арымыз бен ойданымыздың үйреніп алғаны сондай, сол нан сұраған қара домалақтардың ертеңі ерте кесіліп бізбен бірге, мүмкін одан да бұрын шейіт боп кетеді-ау деген ой қаперімізге келмепті. Алла-ай, қандай қорқынышты әрі шынайы жолдар еді. Неткен көнбіс едік? Қандай шарасыз күйге ұшырағанбыз? Рас, ол қара домалақтың әкесі мен шешесі екеуіміз емеспіз. Заманның өзгеруін қалағанымызбен дәл осындай аяусыз тірлікті тілегеніміз жоқ қой. Оны, Жаратқан ием де бізге

жала ретінде жаппас. Дегенмен де... дегенмен де... Дегенмен де, «елім!» деген ағайын-ау, шынымен де:

Көрге бірге шұбырып кірсе қайтеміз,
Қара бала қол жайып нан сұраған?!

...Иә, айтар сөз қайырап жауап жоқ. Жаратқан ием жар болып, бұған өзі жауап бермесе, бізден не қайыр, не қайран?... Ақыл ойымызды соншама шымырлатын отырған сөз иесі сенің өзің де «бұған жауап таба алмай» (Абай сияқты) қиналып, оны «Бір қазына» атты өлеңінде:

Жету үшін өмірдің гүл жазына,
Бәрімізге жетпей тұр бір қазына, –
дейсің де:

Белгісіз ғой аспанда ма, жерде ме,
Жабыла кеп іздемейді ел неге?
Періштенің қалтасында жүр ме екен,
Көрінбейтін көзі тірі пендеге?
Табылмаса тыныштық жоқ төрімде,
Арба сынар, өгіз өліп өрінде.
Әлде мүмкін жасырынып жатыр ма,
Жеті атамның біреуінің көрінде...
...Іздеп табу мүмкін болса ағайын,
Айтқаныңның бәрін істеп бағайын.
Сүйіншіге қиып қылдай жанымды,
Домбыраңның пердесіне тағайын! –

деп салауатпен тең сауын айтасың.

Расында да, дәл осыны айтқан сен – Несіпбек, елінің домбырасының пернесіне айналған ақын дәрежесіне көтерілген екенсің. Енді сол перне басылмаса қазақтың бір сөзі – бір әуені жетпей тұратын қасиетке ие болыпсың. Ол заңды да. Сенің іздеп жүрген қазынаң – мал байлығы емес, жан байлығы. Рухани қазына. Сен «Көр іші – қара қобыз» атты қобызшымен бірге көмілген қобыздың өз иесін тірілте алмағанына қыстығып, қасиетті әуен иесінің өзіне:

...Ұйқыдан қу сүйекті оята алмай,
Ақыры ішін тартып жылайды көр.
Көр іші – қара қобыз күңіренген,
Ешқашан тілдесе алмас тірілермен.

Тылсымның жұмбақ сырын қайдан ұқсын,
Қара құрт қара жердің түбін емген,
– дейсің назаланып.

Бейқабыл құбылыстың жасының тұнығына қанып
ішкен ақыл иесі – ақынның шалқуына шек қойылмаса керек.
Қара қобыздан жұбату таппаған сен енді «Сайтанның өзін
шақырып»:

Сикыңнан шошыр тірі адам,
Кім сенен залал күтпеді?
Пәтшағар, шындап сұранам,
Бар болсаң егер шық бері.
Алайын бір-ау масайып,
Тіліңді бәлкім табармын.
Қашатын мен бе машайық,
Қаныңды ішсем қанармын, –
деп кәрленіп аласың да, ой ұшын одан әрі:

Ойнаған оқты білтемен,
Жаратпас едің сен жар боп.
Бейкүнә досқа сілтеген,
Тұрдың ба жолда қанжар боп.
деп жалғастырып кеп:

Тілімнің үнін төгер ем,
Ішімде тұрсаң жоқ амал! – дейсің.

Міне, Алланың да, Абайдың да адамзатты сақтандырған
сайтанның ұясы қайда жатыр. Сайтан – санаға ұя басқанда
ғана қауіпті. Несіпбек сенің ішің сайтаннан таза екен.
Әйтпесе, оны мойындамас едің. Сол сайтаннан бәріміз таза
болсақ, әлгі бағанағы өзің айтқан «нан сұраған қара бала
бізбен бірге көрге барады-ау», – деп үрейленбес едік. Сенің
сайтанды жекпе-жекке шақырып тұрғандығың – жаныңның,
жан сарайыңның, өлең – өзегіңнің тазалығы. Егер сенің
өлеңіңе сайтан араласса, онда Несіпбек Айтұлы осы күні
атаққа да, лауазымға да, белшесінен батып, мелдектеп
отырар еді. Ақынға атақ та, даңқ та, баршылық та жарасады.
Сені сол жарастықтан кенде еткен:

Менің жұмбақ тағдырым секілді бір,
Тұңғықтың түбіне шеккен кеме, –
деген «жұмбақ тағдырың».

Сен қолдан мұң жасап, жорта уайымдап, жалған жыламайсың. Шындығында да, сенің дертің «түп қайғың» – тағдырдың өзге жүрегіңнің басына құйған запыраны мен шемен боп қатқан шерлі дерт. Ол саған:

Қош-есен бол, кіндік қаным тамған жер,
Кім болғаны сені ұмытса, жалғанда ер.
Жүрегімді жібек жіптей кеміріп,
Өле-өлгенше қара күйе – арман жер...
...Қош, Шәуешек! Қолдан – қолға алмасқан.
Ақ бесігім айықпайтын шаң басқан.
Жасқа толы жанарымда кетті ойнап,
Жүзінен қан тамшылаған Алдаспан! –

дегізген дерт.

Ол атаң Айт жондырған жарық астауды қырық жылдан кейін көріп саған:

Басынан ұшып кетсе ғанибет күн,
Қалмайды осы астаудай зар илеп кім?
Түбіне қырық жамау қарап тұрып,
Өзімнің тағдырымды тани кеттім, – дегізген тағдыр.

Сол тағдырмен тайталасып өскен тасжарған ажалдың да бетіне:

Жұрт еді ғой менсіз де күн көретін,
Өлгенменен ешкім жоқ бірге өлетін.
Қонағым ғой әйтеуір бір келетін, –
деп сабырмен қарайсың. Сөйтіп тұрып тағы да:
Санаумен шыққан күнді, туған айды,
Көз жасы бұл ғасырдың құрғамайды.
Жамайтын өз жыртығын өлермен көп,
Япыр-ау, ел жыртығын кім жамайды? –
деп еліңнің қамын қамыға ойлайсың.

Сенің поэзияң шабыттың шыңырауының түбіндегі жасыңның тұнығына, өлмейтін және өшпейтін сөзін өлтіруге мүмкіндік бермейтін ақындықтың әбілхаят суына суарылған мәңгілік сипатпен қасиеттеніпті. «Есігімнің топсасына керек боп тұр бір шеге!» – деп өзің айтқандай қазақтың өлеңінің

топсасын бекітуге бір шеге керек еді. Сол шеге боп сенің өзің қағылыпсың, енді сен қағылған жердегі қазақ сөзінің топсасы қақтырмайтындай болыпты және оны енді ешкім де суырып ала алмайтынына өздерің куә толық кепілдік етеді. Сол үшін де күйініп жүріп сүйінген, сүйініп жүріп күйінген өміріңнің белгісі – «Рухыңның падишаларымен» мақтап некелескен екенсің. Сенің бұл некең –Мәңгілік неке. Өйткені:

Қатты шықса даусым кейде менің,
Басым қатып, ашынып сөйлегенім.
Бірдің мұңы ұласар мыңға барып,
Өзімді айтып, халқымды бейнеледім, –

деп, өзіңнің шер сөз түйініңді «ажалдан қашқан ақ бөкен» өміріңмен өлеңің арқылы халқыңның жан дүниесі мен ар-ожданын арманшыл рухыңның ақыл-ой азабын тартқан санасын бейнеледің. Сенің өзіңнің «айтамын-ау» деген сөзің қалғанымен, сенің сөзіңде айтылмаған арман қалмапты.

Ей, Тұрсын, бір жүреміз енді қанша?
Сұм ажал ысқырады кер жыланша.
Бойға құт – бұйырғаны тіршіліктің,
Әйтеуір артымызда белгі қалса.

...Қамалып қатар өстік қабырғамен,
Тістесіп тарпа бас сап талағанмен.
Жазылмас жара құрғыр былай шығып,
Қыңсылап қызыл тілмен жалағанмен –

деп көңіліңнің құлазыған тұсында бір толғанған екенсің.

Жан жарасы жазылмас. Алайда өлеңнен өлмейтін ескерткіш құйғаны анық. Сөз дертіне ұшыраған санамның сусынын қандырған «Рухымның падишасы» атты кітабындағы осынау бір тосын жырларына рақмет. Тіршілікте елінің сусынын дәл осындай «аққудың көл жасындай көлге тамған» жасының тұнығымен суара бер, Дос!

Сәлеммен – Тұрсын Жұртбай.

Мазмұны

Бірінші бөлім:

БЕЙНЕТ СУСЫНЫ (Жүйке септігі)

Бірінші тарау. АТАУ: «КІМ?» – ШАБЫТ, «КІНӘМШІЛ КЕЛІНШЕК» НЕМЕСЕ «КӨҢІЛ ҚОШЫ».....	4
Екінші тарау. ІЛК: «КІМНІҢ?» – КЕРЕКСІЗГЕ КЕТКЕН КЕРЕКТІ УАҚЫТЫН ЖҰМСАҒАН ТАЛАНТТЫҢ.....	18
Үшінші тарау. БАРЫС: «КІМГЕ?» – «ҒОМО ПОЭТИКУСКЕ».....	26
Төртінші тарау. ТАБЫС : «КІМДІ?» – НЕГЕ ҚҰМАРТТЫ?.....	34
Төртінші тарау. ТАБЫС 1.«КІМДІ?» – КӨГЕНДЕЙМІЗ?	49
Бесінші тарау. ЖАТЫС: КІЛТИПАН «КІМДЕ?»	55
Алтыншы тарау. ШЫҒЫС: КІМНЕН, НЕДЕН?.....	89
Жетінші тарау. КӨМЕКТЕС: КІММЕН, НЕМЕН?	89

Екінші бөлім

БЕЙНЕТТІ ЗЕЙНЕТ

ЕСІМДЕ, МЕНІҢ, ЕСІЛІМ.....	96
ЕСІЛ.....	102
ҰЛТЫНЫҢ КӨК СЕМСЕРІ	104
БЕГІМ.....	117
ҚАЙЫРЫМНЫҢ ҚОРМАЛЫ.....	138
ӘДІЛЕТ АЛҒАУЫ	144
ҚАЙЫҢНЫҢ БЕЗІ, ҚАЙЫРЫМНЫҢ ӨЗІ ЕДІ	165
ТАҒДЫРЛЫ ТҰЛҒА.....	176
ҚОС ҚАЙЫРЫМ	184
АРДАКҮРЕҢ.....	205
САУСАҒЫ СҮЛҮ СЕРІ.....	226
ЕТБАУЫР	237
ЕЛІНІҢ ЕҢБЕК ТОРЫСЫ.....	264
МІНЕЗДІ ТҰЛҒА	278
АҒАЖАЙ	281
НАҒЫЗДЫҢ НЫҒЫЗЫ	287
КІЛТ	305
«БОЛСА ДА ӨЗІ МЕРГЕН АЗ АТАДЫ...»	312
ЕЛІ ҮШІН ЕЛЖІРЕГЕН.....	318
ЖОҒАЛЫП ТАБЫЛҒАН ДОС.....	321
ОҚЫМЫСТЫ	332
БЕРЕКЕ ИЕСІ.....	338
ТҮЙІН	342
ЖАҚСЫ ДОС.....	351
СҰҢҚАРДЫҢ САМҒАУЫМЕН ӨН ОЗДЫРҒАН.....	358
«ӨЗІНДІ АЙТЫП, ХАЛҚЫҢДЫ БЕЙНЕЛЕДІҢ...»	367

Тұрсын ЖҰРТБАЙ

БЕЙНЕТ СУСЫНЫ...

Редактор Марал ЖЕЛДІБАЙҚЫЗЫ
Қорректор Іңкәр ТОҚТАРХАНОВА
Дизайнер Айкерім БАҚБЕРГЕНҚЫЗЫ
Тех. редактор Мереке ЕСЕНҒҰЛОВА



ИБ № 226

Басуға 11.04.2016 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі “Times New Roman”. Көлемі 20,0 ш.б.т.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 226.

«ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы

